

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# **Мұхтар Әуезов**

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

**2-том**

МАҚАЛАЛАР, ӘҢГІМЕЛЕР, АУДАРМАЛАР,  
ПЬЕСАЛАР

1921–1925

“ДӘУІР”  
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ  
2014

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 Қаз-7**  
**Ә 82**

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанапиянов Б., Қасқабасов С., Қирабаев С., Қонаев Д., Кошанов А., Құрманғали К., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

### **Әуезов М.**

**Ә 82** Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

2-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921–1925. – 480 б.

**ISBN 978-601-294-144-9**

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 2-томында жазушының 1921–1925 жылдар аралығында жазған мұралары қамтылды. Олар: мақалалар, әңгімелер және 1923 жылы жеке кітап болып басылып шыққан “Бәйбіше-тоқал” пьесасы. Жалпы алғанда мұнда жарық көріп отырған еңбектерінің көпшілігі ертедегі газет-журналдарда жарияланғаннан кейін қайтып ешқайда басылмаған. Бұларда қазақ өмірі мен әлеуметтік жай-жағдайларының алуан-алуан қырлары мен сырлары сөз болады: өнер-білім, шаруашылық, мемлекет, ағарту ісі жөніндегі қилы-қилы ой-толғаныстары айтылған. Осылардың барлығы да ұлттық мүдде, ұлттық тұрғыда қарастырылады. Бұл еңбектерден жазушының жиырмасыншы жылдардың басындағы көркемдік ой деңгейі, шығармашылық бет алысы, азаматтық көзқарасының бағыт-бағдары танылады, тұлғалық бітімі күрделеніп, биіктей түседі.

Кітап қалың оқырман қауымға, сондай-ақ ғылыми жұртшылыққа арналған.

**УДК 821.512.122**

**ББК 84 Қаз-7**

ISBN 978-601-294-144-9 (2-том)  
ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014

# Мақалалар







## ҚЫРДАҒЫ ЕЛГЕ

Семей қаласында соңғы өзгеріс<sup>1</sup> болғаннан бері шет облыстардан хабар ала алмай, көп елдің не күйде екенін білмей тұрмын. Қазіргі күнде Семейге келген хабардың көбі Семей маңындағы елдерден келіп отыр. Бұл хабарларға қарағанда, осы күнде қазақ іші дел-сал болған күйде секілді. Кім дос, кім жау екенін айыра алмай отыр.

Қолынан әкімшілік кетуге айналып, табанының астынан тайғанаған уақытта ақтың әскерлері, төрелері өзінің, перделеп жүрген қара жүзін ашты. Олар жүрген жерде таланбаған ауыл, мүлік, мінбеген лау, сойылмаған мал, бүлінбеген шаруа жоқ. Оның үстіне кез келген еркек болса, не жазықсыз дүре салып, не атып, ажары тәуір әйел болса, не күпе-күндіз алып кетіп, не отырған жерінде әке-шеше, туған-туыстарының көзінше масқаралаған, мазақтаған. Әсіресе, Ақмоладан келе жатқан Дутов<sup>2</sup> әскері әм басқа ақтың отрядтары. Қарқаралыны басып, Тобықты ішімен жүргендер де жолшыбай істеген істері қай қазаққа болса да ақтың кім екендігін анық ұқтырды. Қатын-бала ақтар келе жатыр десе, тау-тасқа безіп кететін болып, жаста зәре, үлкенде ақыл қалған жоқ. Қалың ел, жалпақ дала, тау-тас күңіренгендей қаталдық, жазықсыз жұртқа істеген жауыздық кімнің болса да жүрегін мұздатып, ыза мен кекке толтырды. Жас, кәрінің жалғыз тілегі: “Осы жауыздардан қашан құтылар екеміз, қашан тыныштық орнар екен?” – деген ғана болды. Аяғында қашан ақтар Семей маңынан ұзап кетпесе, жаны қалмайтынын біліп, серпіліп қашып, олардан көп елдің іші айықты.

Көп ел енді тыныштық алар ма екенбіз деп тынысы кенуге айналғанда, қызыл әскердің алдыңғы реті барып<sup>3</sup>, осы күнде көп елдің ішін аралап жүр. Ел ішінен келген хабарларға қарағанда, олардың көбі елге жайлы болып, ризалап жүр депті. Бірақ елдің

[...]» дығына қарағанда, бұлардың арасынан да неше түрлі бұзық заттар\*\* табылып жатса керек. Алдыңғы құтылдық па деп отырған ақтардың ісіне тақау істерді бұлардың да кейбіреулері ақтап жүр. Әсіресе, Семейге жақын отырған елдер аса мазасыз болса керек.

“Күн бір жауса, терек екі жауады”, – дегендей елдің осыншама күйзеліп, басынан сырық, малынан құрық арылмай отырған ауыр уақытында лай судан балық аулап жүрген қара жүзділер қазақтың өз ішінен де табылып отыр. Семей маңындағы облыстарға ел талау үшін отряд алып шығып, ойына келген антұрғандығын істеп жүрген адамдардың аты-жөні мәлімденді.

Бұларға еріп жүрген солдаттар да Совет әскерінің атын былғап, өкімет пен елдің арасына іріткі салып жүрген бұзық заттар. Қараңғы ел істің негізін айыра алмайды. Әрқашан көз алдына кез келген шет пұшпақ уақиғалардан ғана сын шығарады, соған қарағанда қазақ ішінің дел-сал болып, кім дос, кім қас екенін айыра алмайтын да қисыны бар.

Бірақ біздің елге айтатын сөзіміз мынау: Совет өкіметінің тәртіпті әскерінің ішінде жоғарыдағы айтқандай істерді істейтін бұзық адам еш уақытта табылмайды. Оны істеушілер – Совет өкіметінің шын жауы. Талай заманнан бері арпалысып, түбін құртам деп келе жатқан зиянды заттары бұл күнге шейін Семей маңында әм Семей қаласының өз ішінде осындай антұрғандықтарды істеп жүрген адамдарға тыю салынбаса, оның, себебі өкіметтің сол залымдарды сүйегендігінен емес, жалғыз себебі, сондай істерді істеп кетіп жүрген адамдардың кім екенін білмегендік. Қазіргі күнде әлгідей адамдардың жауыздығынан жаза тартқан қазақтардың арыздары Семейдегі өкімет орындарының бәрінде де толып жатыр. Өкімет басындағы адамдардың бәрінің де ел ішінде болып жатқан тәртіпсіздікке көзі жетіп отыр. Бірақ арыз беруші қазақтардың ең үлкен қатесі – сол өзі шауып, шаншып кетіп отырған солдаттардың еш бірінің аты-жөнін білмейді. Осымен мұндағы өкімет орындарын да дел-сал қылып отыр. Міне, осы секілді түзу, ақ істің қисынын кетіріп отырған себепті, елге айтатын ақылымыз мынау: кімде-кім ауылына келіп, тәртіпсіздік істеген солдат болса, солардың ізіне түсіп, қай полк, қай ротаныкі, аты-жөні кім, соны анықтап білуі керек. Бұдан соң осындай талаулар бір арада отырған елдерде көп

\* Бұл жердегі бастапқы сөз буыны жойылып, өшіп қалған.

\*\* Бұзық заттар – антұрған телі-тентектер деген мағынадағы сөз.

болса, не сол елдің ауылнай комитеті, не волостной комитетінің<sup>4</sup> атынан алынған нәрселердің бәрінің атын жазып, Семейдің областной революционный комитетіне<sup>5</sup> арыз түсіру керек. Сол алынған нәрсені әдейі іздеуге бір адамды сайлап жіберу керек. Сонан соң әрбір қазақ халқын жем қылмақшы болып жүрген қара жүректердің ініне су құйылады. Ұрлығы көзге көрініп, қоймасы ашылған соң, тиісті жазасын тартады.

Бұл күнге шейін елдің істеп келген істерінің көрсетіп отырған мінездерінің ішінде аса бір кешпейтін жаза жұмыс мынау; жұрттың бәрінің үрейі кеткен, қашан құлап кетер екеміз деп, көрінің аузында қалтылдап отырған, өлім жазасына бұйырылған адам секілді. Сонша қатты қорыққандықтың әсерінен өзін шауып, шаншып кеткен орыс-қазақтардың аты-жөнін айтуға да қорқады.

Онан соң осы күнде қазақ ішінің бірталайында әлі күнге бұрынғы болыс комитеті секілді өкімет орындарының ешбірі жоқ. Сондықтан ел тезінен комитеттерін<sup>6</sup> өздері жиылып, сайлап алуы керек. Ол комитеттерін бекітіп, қолайлы адамдарын отырғызып, қолайсызын шығаруға жақын уақытта Семей уезінің болыстарының бәріне қазақтың оқығандары шығып, сайлау жасайды. Оған шекті жоғарыдағы айтқандай талан-тараж болса, Семей ұлықтарына білдіріп тұру үшін тезінен комитет құрып ала тұру керек.

Ақыры, бұл күнде елге қатты ұқтыратын сөзіміз: қай ел болса да солдаттардан қысымшылық көріп жатыр, бірақ сол солдаттардың аты-жөнін білмегендіктен бәрі де жазадан аман кетіп жүр. Егер ел бірінің аты-жөнін білмесе, білсе де айтуға қорқып отыра беретін болса, басынан сырық, малынан құрық арылмай, осы қорлықты көреді де отырады.

Қазіргі күнде Семейдегі әскер басшылары да<sup>7</sup>, басқа өкімет орындары да түгелімен сол солдаттардың ізіне түсіп отыр. Арамдығы мойнына ауса, ешбір жазадан құтылмайды. Өкімет сол бұзықтарды сүйейді деп ел күнәға батпасын және еш нәрседен жасқанып қорықпасын.

## ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТІ

Кіндік хүкіметтің<sup>1</sup> қазақ халқына автономия береміз<sup>2</sup> деген жарлығын оқып, яки естіп білген қазақтардың осы күні сұрайтыны: “Автономияң қашан болады? Теңдігіміз қашан тиеді!? Ел қатарына қашан кіреміз?” – деген сауалдар болады. Бұл сауалдарға қарағанда, қазақ жұрты қазіргі істеліп отырған істерді, айтылып жүрген сөздерді қанағат қылмағаны.

Өзінің әр түрлі өмір жүзіндегі тілектерін алдына қойып, солардың шешуін сұрағаны. Шаруа тұрмыс жүзіндегі әр түрлі ауыр халдеріне көмек тілегені. Әрине, ол тілектерінің, наразылықтарының ішінде орынсызы да көп шығар. Надандық, қараңғылық және түсінбегендіктер арқасында үстірт қарайтын жерлері де бар шығар.

Тілегінің бәрі де өз аманшылығын сақтап, мемлекет халін, көпшіліктің жәйін ескермегісі келетін де шығар. Ұйткенмен де, көп тілегінің, наразылығының ішіндегі дұрыс жерлерін біз теріске шығара алмаймыз.

Шынында, қазақтың бұл күнгі қызметіне қатысып отырған азамат қазақ елін қай қызметімен қанағаттандырады? Қандай еңбек, қандай өнер, қай ісімен ризалайды? Мен мынаны істегенім жоқ па, мынандай үлгі, пайдалы істі ортаңа орнатқам жоқ па? – деп, қай қызметімен елдің аузын буады? Мен сол сауалдарға жауап таба алмаймын.

Рас, дауласқан кісілер айтар, қазақтың тілегін орындаймын десең, алдымен разверстке<sup>3</sup> малын алғанды тоқтат, қара жұмысқа кісісін алғанды тоқтат, жуанына ауыздық салып, ерік бермегеніңді тоқтат, сонда ғана жағасың, сонда ғана наразылығынан құтыласың деп. Бірақ мен мұны орынды жауап деп білмеймін. Елге бұның бәрін пышақ кескендей қып тастамай-ақ, жартылап орындасаң да жағатының шын шығар.

Елдің, жалшы халінің нашарлығын ойлап, шаруасының күйзелгендігін ойлап, ауыр салықтарды аздап кемітсе, мұқтаж

болып отырған өте қажет нәрселерінен аз ғана берсе, ел үсті-үстіне алғыс айтып, әрі қуанып, әрі риза болып, азаматын мақтап кететіні шын. Бірақ елдің арлы қызметкері болсаң, алдында жауап бергенде жалғыз осы секілді шаншулы мәселелеріне ғана жауап беріп құтылмайсың ғой. Әрі надан, әрі әлсіз, айласыз, көмексіз елге қызмет қылу, басшы болу міндетіне көп мойныға мінген соң оның барлық кемтарына ем іздеу, жетпегеніне жалғасу – азаматтың міндеті. Бұл міндеттен қазақ азаматының партиядағысы<sup>4</sup> болсын, партияда емесі болсын, қайсысы болса да құтылмайды. Бұған себеп: қазақтың надандығы, өзге жұрттан төмендігі, саяси пікірінің оянбағандығы; жалпы тарихи халінің нашарлығы. Осы себептерден қазақ оқығандары социальный революцияны<sup>5</sup> мақсұт қылса да, қазақтың қараңғыда жатқан қалың елінің бір тілегі соңынан қалмайды. Ол тілегі: елді мәдениетке жеткізіп ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру<sup>6</sup>, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінен жетілту. Міне, бұл тілектің бәрі де азаматтың мойнына қарыз. Бұл тілектің дұрыстығын ешкім теріс деп айта алмайды. Егер бұл тілектерді теріс деп, біз бұл міндеттерді атқаруға міндетті емеспіз дейтін азамат болса, ол қазақ жұртының қызметкері емес. Ол елдің басшысы да, уәкілі де емес. Бұл міндеттерді қарызым еді деп, мойнына алмайтын азамат болса, оның қазақ ішінде қызмет қылуында мағына жоқ. Не ол адам қазақ қызметінен шығып, кең байтақта, міндеті аз жерлерде қызмет қылуына керек. Егер оны да істей алмай, не мойнына міндет алмай, жылы орында жайланып отырmaq болса, оған айтар сөз де жоқ. Ол құдайдың берген қонағы. Елдің кішкене қазанына ортақ болып, еріксіз кірген еркелері.

Енді елдің жоғарыда айтқан тілектеріне келейік. Ел тілегі белгілі – ағарту, көзін ашу. Мүмкін қадар шаруасын түзеп, ортасына өнер-білімнің жарығын, үлгісін орнату.

Міне, қазіргі күнде осы тілектерді орындауға уақыт жетіп, кезі келген секілді. Қазақтың автономиясы жарияланып, кіндік хүкіметі іргесін орнатып, ісіне кірісіп отыр. Қазақ азаматтарының іс қылуға жарарлық өнерлілері сол кіндікке жиылып, қызмет басына мініп отыр, ал қазақ даласын билейтін комитеттің<sup>7</sup> сайланып, іске кірісе бастағанына жылдан асты. Осы күнді естіп білген кісінің басына еріксіз келетін сауал: “Ендігі бөгет неде? Неге іс істелмейді, не себептен ойдағы қиял іске аспайды?” – деген болады.

Бұл сауалдарға әлі күнге орынды жауап берілген жоқ және істелген істің де ешбірі көзге көрінген жоқ. Жолына ешбір бөгет жоқ, ашық жолды оқу жұмысын алсақ, өніп кеткен еш нәрсе әлі көзге көрінген жоқ. Не қалада, не қырда мектептің үйі салынсын яки пәлендей үлгілі жақсы мектептер салынсын деген де ниеттер, жобалар естілмейді. Ал ел ішіндегі шаруа жұмыстарына келсек, істелетін жұмыстар бастан асып жатыр. Бұның өзгелері жұмыстарын қоя тұрып, бүгінгі елдің мұқтаж болып отырған істеріне келсек, толып жүрген жігіттерді қолөнеріне үйретіп, елдің мұқтаж нәрселерін жасатып отырса, қазіргі күнде ол да үлкен қызмет болар еді. Міне, осы секілді істердің не жайда болып жатқаны, қандай мақсұттар\* бар екені әлі күнге елге мәлім емес. Сондықтан елдің “қашан қатарға қосыламыз?” – деп сұраған сауалы орынды секілденеді. Көңілге шынымен айтылған сөз секілденеді.

Және осы секілді сауалдарына елдің қайдан жауап алары белгісіз. Кіндік хукіметтің тілі болып отырған газеттерді алсақ, олардың бетінен жартымды хабар алуға болмайды. Жазылған сөздің көбі түпсіз терең мәселеге арналады. Бүгінгі күнде өнімі жоқ ұзақ қиялды шұбатылған жобаға арналады. Кіндік хукіметтің тілінен күткен хабарын ала алмаған кісілер аздан соң оқуға да көңілсіз тартады. Терең пікір, ұзақ сөздердің орны бар. Егер сонымен қатар іс істеліп отырса. Әйтпесе, “мың сіз бізден бір шыж-быж” деушілерге айтарлық дауымыз да қалмайды.

Мінекей, осы сөздерді айтып келгендегі менің ойымдағы пікірім: Қазіргі уақыттағы барлық күшті де, уақытты да, сөзді де бүгінгі күнде өнетін оқу жұмысына, шаруа жұмысына салу керек. Түбінде қазақ жұртының басынан әлденеше төңкерістер<sup>8</sup> өтер. Бірақ іс басында жүрген азаматтардың сол замандардан белгі алып қалмауы ұят. Қолдан іс келетін заманда елдің бір тілегін орындай алмауы – ұят іс, істейтін уақытты сөзбен өткізсек, қараңғы елдің алдындағы міндетімізді сөз деп ұққанымыз, одан басқа жауапқа орын да қалмайды.

*Мұхтар.*

---

\* Мақсұттар – мақсаттар.

## СОТ

(басы 113 номерде)

Енді қазіргі күнде елге жалғыз кез болатын сотқа келейік. Алдымен сотты көп ел қалай ұғады екен соны аламыз. Ең бірінші соттың түбегейлі мақсұтымен, тұтынған жолымен біржолата таныс емес. Ел сотты бір-ақ турадан біледі<sup>1</sup>. Һәм бүгінгі қызметінде бір-ақ түрлі деп ұғады. Ол қызметі не? Ол елдің біріндегі ақысын біріне әперу, еселестіру, ұрыны тыю, қыз, қатынның арызын орындау. Міне, елдің түсінуінше сол қызметі осы. Бұдан басқа сот ел ішіндегі барлық терістікке тез, аңдушы деп ешкім де ұқпайды<sup>2</sup>. Сот елдің түбегейлі тәрбиешісі екен, әділеттік, теңдіктің қарақшысы<sup>3</sup>, қорғаны екен деп ешкім де ойлаған жоқ. Сот басында елге жат бір нәрсе болып көрінеді<sup>4</sup>. Ол уақытта ел соттың не істейтінін, қандай жол тұтынатынын, қандай мінезді жаманшылық деп танып, қандай мінез үшін жазаға кәріфтар қылатынын білген жоқ<sup>5</sup>. Бірақ сот келеді, сот деген шығыпты деген дақпырт хабар елдің бәрінің құлағын тіккізді. Бұл сот қайтер екен, не жұмыс істер екен дегізіп, күткізді. Ел сотты барынша сағынғандай, көптен күткендей, сотсыз көп тәртіпсіздік көргендей болып, шын ниетпен, тілеулестікпен қарсы алғандай болды. Содан бұл күнге шейін соттан ел көңілі қалған жоқ. Ел ішінде мал тартқан\*, жаза тартқан тентек-тебір болмаса<sup>6</sup> көпшілік сотқа риза, Һәм сотқа тілеулес. Сот съездерінде дау көбейтіп, ел ақыны көп алысса, оны мақтайды, сүйсінеді, “хансьездің өзі болды”<sup>7</sup> – дейді. Баяғыда болған пәлен черезвичайный, түлен черезвичайныйлардың заманын айтады, сондағы біткен жұмыстарды айтады<sup>8</sup>. Аяғында келіп, “біздің соттар да сондай жұмыс істеді, содан кем болған жоқ, жақсы болды” деседі.

\* Мал тартқан – күн төлеуші немесе айып төлеуші.

Мінеки, соттың қызметін айтса, ел жоғарыдағы айтқан ақы әперу мен ұры тыюды айтады, соттың жақсылығын айтпақ болса, “Хансөз болды”, баяғы черезвичайныйдан кем болған жоқ дейді, елдің беріп отырған бағасы, әзірге ұғып отырған ұғынысы осы.

Расында соттың міндеті, мақсұты, мақтаны осы ғана ма? Жоқ, бұдан асары да бар ма? Сот ұры тыюды, қыздарға теңдік әперуді ғана қызмет міндет деп санап, ел ақсақалдарынан: бәрекелді, сотым жақсы болды, рақмет деген алғыс алса, сол істегендері жетеді дейміз бе? Осы істегендеріңе де рақмет, бұдан артық бұл күнде не сұраймыз десек дұрыс бола ма? Жоқ менің ойымша ол соттың басына жеткен лайықты баға, қанағат қылатын жұбанышты қызмет емес. Себебі: сот қай мемлекетте, қай жерде болса да тазалықтың, ақтықтың қорғаны, соның аңдушысы, құралы дедік және қай елде болса да адамшылық, әділет, тазалық жолымен тәрбиелейтін сот дедік.

Сол сот бүгінгі қазақ ішінде ашылып отырған біздің сотымыз болса, оның бір күнгі жаманшылықты тыйғаны, мүмкін сол жаманшылықтарды істеп жүрген адамдардан алған бір күнгі мақтаны не нәрсеге тұрады. Негізі нығайған, бағыты түзелген елдің түбегейлі тәрбиешісі болмақ нағыз шын, әділ сот болмақ болса, оған әлгінден мақтан-жұбаныш еш нәрсеге тұрмайды. Оның үстіне қазақ жұрты бұрын қазақ соты дегенді көрген жоқ. Қазақтың өз ауруы, өз емімен емделіп көрген жоқ. Һәм өзі емдемей, жай-жапсарын білмеген ел емдегендіктен бұзылып кеткен мінездері, қалыптары көп<sup>9</sup>. Оларды түзеп, оның үстінде қазақтың өз соты болса ел негізді тәрбие алатындығын Һәм барлық жаман мінездерінен тез тыйылатындығын осы соттар жұрт көзіне көрсетуге міндетті. Жаңа келе жатқан, буыны бекіп бұғанасы қатпаған сот болса да, қызметінің көбі ең болмаса елдің ұғымын өзгертуге жұмсалсын, ең болмаса ел соттың не екенін, шынында да қандайлық мақсұт көздеп, қандайлық қызмет істейтінін ұқсын. Бүгінгі соттар көп жасай ма, аз жасай ма онысы шарт емес. Түбегейлі міндеттер: әлгі ұғымды ел көкейіне қондыру. Шын таза соттың кім екенін, қандай болатынын елге таныту<sup>10</sup>. Осы міндеттерді атқара алмаса, соттардан одан артық бұ күнгі тілекті тарих та тілемейді.

Бұл сөздерге тоқтаған соң, енді соттардың осы жүкті атқару үшін қандай мақсұт қолданып, қандай жолды тұтынуына керек. Сөз соған келеді.



Менің ойымша бұ күнгі соттардың алдында екі түрлі міндет бар. Біреуі, елдің бұ күнгі мұң-мұқтажын орындау, яғни, елдің ішіндегі ұрыларды тыю, жоғалту. Есеге қолы тимей жүрген жылаулардың ақысын әперу, қолын теңдікке жеткізу, ел ішіндегі барлық еркек, әйел болсын, зорлық көрдім дегенге бостандық, теңдік әперу, зорлықшылықтың құрығынан құтқару һәм зорлықшылды тезге салу, тыю бұ күнгі соттардың бәрінің орындап жүрмін деген міндеті. Барлық істеп жүрген мақсұтты жұмыстары. Енді соттың алдында тұрған бұдан басқа екінші міндет бар. Ол кейінгі күн үшін, қазақтың түзелуі үшін, қазақты әділетке, адамшылыққа, тазалыққа, тыныштыққа қиянатсыздыққа үйрететін қызмет.

Заңмен, билікпен елді жақсылыққа, тазалыққа жеткізетін қызмет. Бұл заң қуатына сүйенген, елдің қисығын тезге салатын, дұрысына ерік беретін түбегейлі, бірақ өнімді, ең пайдалы қызмет. Ол қазақты тәрбиелеуге, надандықтан қалған кемшілікті мінезді жоғалтуға істейтін қызметтер. Міне, бұл міндет не судиялардың тобырының ойында жоқ<sup>11</sup> не ойында болса да бұл турасынан істеген өнімді қызметі жоқ, ескерусіз келе жатқан бір жөн және бұл міндет судиялардың көпшілігінің ойына келмейтін жұмыс. Себебі ел ортасынан шығып, күнде келетін арызшының бір-біріндегі ақысын, көрген зорлығы үшін әперетін есесін ойлап, барлық күш пен уақытты соған жіберіп отырған судиялардың келешектегі міндеттерді ойлауға шамасы да келмейді, уақыты да болмайды. Сондықтан судияларға қоятын кінә жоқ. Және бұл секілді түбегейлі негізді жұмыс әркімнің өз ойына келген қиялы мен істей беруіне қиын ел қызметіне ой мен ықыласпен кіріскен кісі ойына келген нәрселердің бәрін бет алды өз білгенінше істей бере алмайды, алдымен бұндай пікірлерін сөйленетін болса, іске асуы қажет болса, не газет жүзінде, не съездерде сынға түсуіне керек. Көпшіліктің мақұл көріп алуына керек.

Әгәр\* ол болмаса іске аспайды, бауы берік болмайды. Сондықтан жоғарыдағы айтылған елді тәрбиелейтін міндеттер турасынан мен өз көңілімдегі пікірді айтпақшымын. Бұл пікір судиялардың сынына беріледі. Елге жақын барып, барлық жақсы мінездерін де, жаман мінездерін де көзбе-көз көріп, солардың

---

\* Әгәр – егер.

әрқайсысына ем іздеп, тереңдеп ойлатып отырған. Ол кісілерге ол пікірдің оң терісі тез көрінеді.

Енді сол айтық пікірімізге келейік. Біздің еліміз тәртіпті, жақсы соттың бақташылығында болмағандықтан, бұрынғы соқтықпалы содырлы мінездерден айырылған жоқ<sup>12</sup>. Әрбір мықты ауыл соттың тілейтіні, алдымен ел ішінің тыныштығы, біреуге біреудің зорлық қылмай жай жүруі болса, біздің елдерде қазіргі күнге шейін бұл мінездер жоғалған жоқ. Ел ішіндегі сотқа тиісті жұмыстардың бәрі де осындай соқтықпалықтан, зорлықшылдықтан шығады. Біреуге жазықсыздан соқтығу, себепсіз біреудің мал-мүлкін тартып алу, оған жауап бермей жуандығына салу, ерте күннен келе жатқан қазақ мінезінің зор кемшілігі. Бұл мінездің ерте күндегісімен қазіргісіндегі айырмыш\* істерінің үлкендік-кішілігінде, яғни қарасында ғана. Болмаса бұрынғы содырлы мінездер ізімен жоғалып кеткен жоқ.

Бұрын бір ру елді, бір ру шабатыны, шаншатыны болса, қазірде бір ауылды бір ауыл яки бір ру ел болып шабатыны бар, ел намысы деп барымта қылып, топтап жылқы алу бар. Бұрын бір елдің бар батыры жиылып неше жұмалық, неше айлық жерге қол болып барып<sup>13</sup>, үйірлеп жылқы алып, жазықсыз елді жебір-жесір қылатын болса, қазір де ауыл арасы, ел арасында түнде-түнде ғана жортып, қой ұрлығын, бірлі-жарымдаған ірі-қараның ұрлығын істейтін де бар. Бұрын бір елді түгелімен аудырып жіберіп, жерін тартып алу болса, қазір де бір елдің ішінде біреуден біреу жер тартып алатын бар. Мінеки, бүгінгі көріп отырған осындай соқтықпалы мінездеріміздің бәрінің ескіден келе жатқан жуан тамыры бар. Ол бұрынғы дағдылықтан, қараңғы надандықтан қалған мінездер. Рас, бұлар осы күнде бұрынғы замандағы мінездеріндей кең, ауданды, көп өріс алған мінез емес. Заман өткен сайын ұсақталып, әлсіреп келе жатқан жайы бар. Бірақ қанша әлсіреді, ұсақталды дегенмен, бұл мінездер қазақтың қазіргідей қаракетсіз отырған күйінде өзінен-өзі құрымайды. Қанша ұсақтаған, нашарлаған болса да, осы қалпымен көп заманға созыла береді, тыю салынып, шек қойылмаса, әлі де талай жылдарға шейін қазақ ішін пәледен, бүліктен арылтпайды. Бұл мінездер сол ерте күндерден бері әуел тез көрді ме? Менің ойымша көрген жоқ. Себебі: ерте за-

---

\* Айырмыш – айырма.

манда, яки қазіргі заманда болсын, бұл мінездер ел ортасының өз тезіне, түскенде белгілі бір-ақ ретпен ғана түсіп отырған. Әрбір жаманшылық іс, зұлымшылық мінез қуылғанда, соның жаманшылығы, зұлымшылығы еске алынып, қуылған жоқ, соқтықпалы, содырлы мінезді жаманшылық деп қуған би болған жоқ, бәрін де елдің бөлінбес-жарылмас қамы үшін ғана қуатын. Не бір елдің, не ел бастаған басты адамның көңілі көншісін деп қана қуатын. Және бір жағынан, сол жаманшылықты тезге салатын билердің өз бастары да осындай зорлықшылдық, содырлықтан аман болмайтын. Сондықтан жаманшылықты шын жаманшылық деп тамырын құрта қимыл қылуға ешкімнің де күші жетпейтін. Бұның үстіне жалпы надандықтың салдарынан, ел ішінің көпшілігі жаманшылықтан жиіркене алмайтын болған соң, жоғарыда айтылған жаман мінездер, бір жағы сол көпшіліктің өзінен қуат, сүйеу алып, арқасын көпшіліктің жаманшылығына, надандығына тіреп, тамырымен құрымайтын. Мінеки, осындай себептермен бұл мінездер әлі күнге құрымай, әлі күнге күшті болып келе жатыр.

Шынында бұл мінездердің орасан кемшіліктері қай жерде көрінеді. Қай орында қай түрде болып айқындалады. Енді соған келейік. Еңбекке салынбаған сахаралы жердегі ел ішінің міндерін алсақ, бәрінде айқын көрінетін бір кемшілік мынау: Ел ішінде біреудің ақысы, “справа” дегенге біреудің жаратылыстағы еркі, билігі дегенге бойсұну, жол беру жоқ”<sup>14</sup>. Бұл мәдениетті жұрттардың бәрінің де бойсұнып, жол берген нәрсесі болса да біздің қазақта әлі күнге бойсұнбақ түгілі әсер берген де жері жоқ. Ел ішінде біреудің хақысы, еркі де бұдан бұрын әуелі сол адамның күші есепке алынады. Ол жұрт ұғатын айырымды, қайраты бар адам болса, оның хақысы табылады. Егер әлсіз, кедей, жіңішке болса оның хақысын іздеп, жуанмен тартысуы мүмкін емес. Ол мазақ болатын нәрсе. Сондықтан біреудің өзіне, не тиісті еркімен істеген ісі үшін еріксіз қылып айып алу, оған көнбей дүре салу, аулын шауып алу, біреудің әлі жоқтығына, қолы аздығына қызығып жерін тартып алу, жесірін тартып алу. Бұл істеген зорлықтарыңа ұран қылып есеп бермей, жауап бермей жылатып кету ел ішінде күнде болып жатқан жұмыс. Осы айтылған істерді нашар, қуаты жоқ кісі істесе, ол көпшілікке күлкі болады. Алғашқы көрген зорлығының кегін алмақ болса, мазақ болады. Ал, әлді кісінің істегенін сөгіс алып, жаманшылық

деп аталудың орнына көбінесе мықтылық, қайтпастық, батырлық деп саналады. Міне, бұл жоғарыда айтқан надандықтың ізі. Бұрынғы тағылық, соқтықпалықтың сарқыты.

Жә! Біз бұны осы сөздің басынан айтып келе жатқанда елдің міні, көпшіліктің қасы деп келеміз. Енді осы мінезді жоғалту үшін сол надандықтан қалған сарқытпен алысу үшін, жалпақ елмен алысу керек пе? Жалпақ елді қуып, салмақты соларға салу керек пе? Жоқ, сол елдің ішінде осы мінездерді көбірек қолданып, өзінің зорлығына, жаманшылығына қамшы қылып отырған адамдарды қуамыз ба?<sup>15</sup> Енді осыған келейік. Менің ойымша ел ішінің жуандарын қуу керек. Себебі: сол айтып отырған жаман мінездердің бәрін барынша жаманшылығына жұмсап, жуандығына сүйеніп, еш нәрседен именбей, үсті-үстіне зорлық, содырлық, зұлымдық істеп отыратын жуандар болады; өзге көпшіліктің істейтін жаманшылықтары бұлардың ісіне астар\* емес, олардікі жуандардың ісінің қасында өткінші, ұсақ, көзге көрініксіз, болымсыз. Және жуандардың істеген ісінің бәрі көп елге үлгі секілді болады. Ол істеген жаманшылықтың бәрі де қолдан келсе, елдің бәрінің істеуіне лайықты секілді көрінетін болады. Бұдан басқа да жуан атаның баласы болып, жуан жерден шыққан ел адамдарының сын көтермейтін сұм жиіркенішті мінездері толып жатыр. Олардың турасынан өзгерістен бергі шыққан газет, журналдардың бәрінде де көп сөздер айтылғанды. Оларға ауызды салып, қолынан билікті алып, жуандығын, кісілігін өшіріп жіберудің өте қажет екендігі, һәм қолға күш келген күні олармен алысу керек екендігі әлденеше рет айтылған. Сондықтан мен бұл турасынан сөзді көп ұзартпаймын. Жалғыз-ақ айтатыным жоғарыдағы елдің бойындағы кемшілікті мінездерді жоғалтпақ болып, енді тәрбиелеу жолына кіріскендерді алдымен осы адамдармен алысып, солардың жуандығының тамырын құрту керек. Әлгі мінездерді қолданатын солар болады. Сондықтан, даусыз, солардың соңына түсу керек. Ол адамдар осы күнде қызметке алынбай, ел ішіндегі дәрежелі орындарға отыра алмай, қақпай көріп отырғандай болса да, әлі күнге ел ішінде маңызы көп. Сондықтан исполкомның да, соттың да жұмысына қарамай, өздерінің бұрынғы істеген істерін істеп жатыр. Бұрынғы жуандық, зорлық, соқтықпалы, зұлымдығы әлі күнге сол қалпында.

---

\* Астар емес – тең емес.

Енді елдің түбегейлі тәрбиесін көздеген сот, ел қамын жеп сотқа алу болуға жараған исполкомдар болса, әрқашан сол жуандардың ісін бермек керек<sup>16</sup>.

Сол аңдып отырған кезде не сотқа, не исполкомға білдірмей, бұрынғы бассыздығына, жуандығына салып, біреуден айып алып, біреуді қорқытып мал төлетіп, біреуді шауып алып, барымта алып отырғанын, яки біреудің зорлықпен жерін алып отырғанын көрсе, сол арада қолға алып, тезге салып, жуандығын басып жіберіп, ісіне қарай жаза тартқызып, не абақтыға жіберіп, не қара қызметке беріп отырса, олардың түзелуі оп-оңай. Егерде осы жолды сот атаулының бәрі де мақсұт қылып тұтынып, өзіне міндет деп санаса, төрт-бес жылдың ішінде сол жуандардың бәрінің де түрі сынып, шоқтығы басылып қалуы анық. Олар өз қолымен зорлық-зомбылық істей алмайтын болады. Бәрі де сот алдында, тез алдында тұрғандай, оның күшіне, әділетіне бас иетін болады. Ал, егер ол жуандар осы айтылғандай болып басылса, артындағы елдің жөнге түсуі тіпті оңай. Жуанын жуасытқан соң соны көріп, ұры да жуасып кетеді. Соттары көп ел үшін қайратын шығындамайды.

Мінеки, егерде осы айтылғандай болып, ел жуаны жөнге салынатын болса, онда соттардың өз мойнындағы міндеттерін атқарғаны, тарихи қызметін өтегені. Бәріміздің де сырттан қылған үмітімізді ақтағаны. Қазақ жұртының келешегіне мықты негіз салып, түбегейлі жақсы тәрбиені бастағаны.

Әзіргі осы айтылған сөздерді әрбір судияның қолдануын тілек қылып, сөзімді тоқтатамын.

*Мұхтар*

## ҚАЗАҚ БӨЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ

Бүгінгі күнде Орынборда отырған<sup>1</sup> Кіндік комитеттен<sup>2</sup> басқа, қазақ губерналарының басында тұрған Губисполкомдардың әрқайсысының жанында қазақ бөлімдері бар.

Бұл бөлімдер кеңес хукіметінің закондарында жоқ болса да<sup>3</sup>, әр жердің тұрмыс жүзіндегі басқалық жаттығының арқасында еріксіз бәс алып отыр<sup>4</sup>.

Губернаның басында отырған исполком мүшелері және әрбір бөлімдерді басқаратын адамдар түгелімен орыс жолдастардан болған соң, олардың қызметі тілін, әдетін білетін орыс жұртының ғана арасында болады.

Олардың қызметінен, ескеруінен қазақ жұрты қақас қалды<sup>5</sup>.

Бұл сөздің шындығына бүгінгі күнде кімнің де болса көзі жеткен.

Қазіргі біз көріп отырған Қазақ автономиясы<sup>6</sup> осы себептен туған.

Және барлық қазақ бөлімдерін де туғызып отырған осы себеп. Сондықтан қазақ бөлімдерінің қай-қайсысын алсақ та, бірінші – хукіметтің тәжірибесін, екінші – ел өмірінің керек қылғанынан туып отыр.

Бұл сөздерге қарағанда, қазақ бөлімдерінің міндеті, қызметі не болатыны әркімге де анық көрінеді. Қазақ бөлімі губерналық, уездік, аудандық болсын, бәрінің де мойнындағы міндет бірақ түрлі. Жалғыз-ақ айырымы істерінің ауданында. Енді осы бөлімдердің міндетіне келсек, қазаққа қатынасатын жұмыстың қай-қайсына болса да кірісетін болады. Кезі келсе қазақ бөлімі шаруа жұмысына араласады, әрқашан азық-түлік жұмысына, оқу жұмысына, жер жұмысына, еңбекшілік жұмысына һәм әкімшілік жұмысына араласады. Осы жұмыстардың бастарында отырған бөлімдер қандайлық іс істеп, қаншалық пайда, зиян келтіріп отыр. Істеген істерінің дұрыстық, терістігі қандай, солардың

бәрінен мезгілімен хабар алып, айырып, біліп, бетін түзеп, ел өміріне жанасатын істерді ғана істеп отыру қазақ бөлімдерінің міндеті.

Және, біз жоғарыда айттық, осы күні солардың басында отырған орыс деп. Олардың қазақ жұртына қызмет қыламын деуіне мүмкін емес. Бірен-саранының қызмет қыламын деген көңілі бола қалса да, қолдарынан еш нәрсе келмейді.

Себебі белгілі: оларға арыз айта барған қазақ жұмысын орындатудан бұрын, әуелі, арызын да ұқтыра алмайды. Арызын әкелген махкәмада\* отырған жолдас нені білмесе “не знаю” деп<sup>7</sup>, қағазын өзіне қайтарып, біресе жан-жағына жалтақтап, аңырып, ол махкәмадан шыға береді.

Қала-қаланың қайсысында болса да осы секілденіп, аңырып, мылқау кісідей болып жүрген қазақтар толып жүреді. Бұлардың шаруалары бір махкәмада емес, сан махкәмада.

Аяғында бұлардың бәрінің айналып келіп табатыны қазақ бөлімдері болады. Әрине, бұлардың жұмысын бастан-аяқ ұғыну, істерінің ретін айтып беріп, беттерін түзеп жіберу тағы да қазақ бөлімдерінің міндеті. Міне, осы айтылған сөздерге қарағанда бір губернада Губисполком барлық бөлімдерімен не қызмет атқарса, сол қызметтің бәрін, қазақ халқына келгенде, жалғыз қазақ бөлімі атқаруға міндетті. Қазақ бөлімінің кіріскені үшін ешбір махкәма не жұмысың бар деп айта алмайды. Себебі: ол сөзді айту үшін әрқайсысы ел тұрмысына лайықты жұмысты өзі біліп, істеуіне керек. Білмесе білетін махкәманың сөзіне құлақ салу қайсысының болса да міндеті.

Рас, бұл айтылған шарттардың бәрін орындап өту қазақ бөлімдеріне қиын. Көп адамның әлінен тысқары ауыр жүк.

Бірақ қайтсе де бұған жол тауып, осы міндеттерді түгелімен атқаратын болу керек. Мүмкін болған жерлерде қазақ жігіттерінің саны көп болса, әр бөлімдерге уәкілдер жіберу керек.

Және ең үлкен шарт, қазақ бөлімдерінің басында отырған адамдар әр бөлім турасынан шыққан жол-жобамен таныс болуына керек. Бұл шарт жалғыз басқарушыға ғана емес, барлық жұмыскерлерге де міндет. Себебі: күн сайын топырлап келетін көп қазақ жұмысын бітіріп алуға келмесе де, ретін, жөнін біліп алуға келеді, оған жалғыз басқарушы емес, кім де болса білген

---

\* Махкәмада – мекемеде.

ақылын айтып, бетін түзеп жіберетін болу керек. Бөлімдердің бір міндеті тура өзіне тиісті жұмыстарды бітіру болса, екінші жұмысы: арыз ұстап жүрген қазақтардың жұмысын әр махкәмаға тез бітірту, жөнін айтып, анығын ұғындыру.

Сондықтан барлық қазақ бөлімдерінің һәм барлық қазақ халқының есіне саламыз: бұл бөлімдер қазақ бөлімінің басқалығынан, жаттығынан туған махкәма болған соң, қазақ қатынасатын жұмыстың қайсысынан болса да жатырқауға жол жоқ. Қандай жұмыс болса да не тиісті мағлұмат беріп, не соңынан жүріп, аяқтату бөлімдердің басын тарта алмайтын міндеті.

Әр бөлімдердің өз арасындағы міндетке келсек, әрбір ауданда, уезде, губернада істеліп жатқан барлық бөлімдердің істерінен, бұлармен жасаған қатынастарынан, шығарған істерінен толық мағлұмат жіберіп, бірімен бірі үзілмей хабарласып тұруына керек. Уақытта істелген істердің бәрінде бір-ақ түрлі бет, жол-жоба болып, барлық жұмыс өнімді, орынды болмақ. Егер мұндай тәртіп болмай, әркім өз ойына келгенін істеп, өзге жерлермен хабарласпаса, ол күндегі істен еш нәрсе шықпайды<sup>8</sup>. Татымды жеміс болмайды. Бөлімдердің жасалғандағы міндеті атқарылмайды. Ел жұмысы көңілдегідей болып орындалмайды.

*Мұхтар*



## ЖАЛПЫ ЖАРЛЫҚ

Барлық аудан халық билеріне<sup>1</sup> тексерушісіне<sup>2</sup> Семей губерниялық халық билері кеңесінің қазақ бөлімінен тығыз жарлық.

Осы күнде әр жердегі билер қазақ ішіндегі қалың мал дауына һәм барлық әйел мәселесіне биылғы октябрьде болған қазақ съезінің қаулысын әйім қылып<sup>3</sup> жүрген көрінеді, сол қаулыны бекілген закон ретінде қолданып, қалың малға берілген малдарды қазынаға түсіріп отырған да жерлері бар. Сондықтан халық билері кеңесінің қазақ бөлімі ол қаулылардың әлі күнге закон болып шықпағандығын һәм әлі күнгі бір тілек секілді сөз болып қана айтылғанын еске салып, сіздерге білдіреді: бұдан кейін қалыңмал турасында ол қаулыны қолданбау керек. Әзірге қолдануға ерте, ол закон болса заң комиссариатынан шығуына керек. Мұндай жұмыстардың турасында қазақ бөлімінің көрсететін жолы – әзірге уақытша Семейдің заң бөлімінің 22-інші октябрь 4759 номерімен жіберген жарлығын қолдана тұру керек.

Губерниялық халық билері кеңесінің  
қазақ бөлімінің бастығы: *Мұхтар Әуезов*

Хатшысы: *Меңғали Түлкібаев*<sup>4</sup>

## НЕ СЕБЕПТЕН?

Семей қаласында 1919 жылдың аяғында Колчак өкіметін қуып<sup>1</sup>, қызыл әскердің ниеттестері төңкеріс жасаған уақытта Семейдің қызметкерлері көзін кіндікке қарай тігіп<sup>2</sup>, күнде хабар күтіп отырушы еді. Сол уақытта алғашқы келген коммунист жолдастардың аузынан: “Қазаққа да автономия беріліп жатыр. Орынборда қазақтың да қызметкерлері отыр” – деген хабарды есітіп, біздің де күннен күнге асығып хабар күтетініміз, көз-құлағымызды тігетініміз Орынбор болушы еді<sup>3</sup>. Ол күндегі біздің тосатынымыз саясат жүзіндегі жаңалық хабарлар болушы еді “Қазақ автономиясы деген шын ба екен, не қызмет істеп жатыр екен, келешектегі қызметке істеген қандайлық қамдары бар екен”, – деуші еді.

Күннен күнге хабар келмей, автономия турасындағы хабар кешіккен сайын, асығып, тықыршып: “Не себептен хабар келмейді, не себепті ешбір істеген істері білінбейді”, – деп таң қалушы едік. Сол секілді бір үміт, бір қауіппен декабрь басынан күткеннен жиырмасыншы жылдың жазының ортасына шейін келіп едік<sup>4</sup>. Бірақ ол күндегі Орынбор үмітті жұбатқаны болмаса, тілекті жұбатқан жоқ. Түрілген құлағымыз еш нәрсеге жарымай, жазға шейін түрулі күйінде болатын. Орынбордың ол күндегі қызметі не еді? Саясат заманының құбылып тұрған уақытында шыққан 254-інші номер декретке сүйеніп, Семей, Ақмоланы сыртынан меншіктеніп, бұндағы бөлімдерге Сибревкомнан артылып келіп<sup>5</sup>, анда-санда бір бұйрық жазу болатын. Ол бұйрықтар Орынборда қазақ хүкіметінің барлығын білдіргеннен басқа еш нәрсені тындырған жоқ. Сибревкомнан, кіндіктен көшпелі ревкомдар келіп хүкіметті сайлап жатқанда қазақтан да бірдеме келер деуші едік. Аяғында ол сенімнің барлығы да далаға кетті.

Осымен жазды күнгі Авдеев бастап келетін комиссияға шейін<sup>6</sup> Семейдің қазағы да, оқыған азаматтары да Орынбор хабарына шөлдеуін қойған жоқ. Бірақ бұған қарсы Орынбор да өз қалпынан ауған жоқ. Қатынаспай, хабар бермей жатуынан айныған жоқ.

Аяғында комиссия келіп қайтты. Жалпы қазақ съезі<sup>7</sup> болады дестік, дайындалдық, уәкілдеріміз барды. Съез болды. Түбегейлі хүкімет сайланды. Иске жарарлық екпін-қайраты бар деген жаңа адамдар іс басына отырды. Төңкерістің толқынды уақыты өтті, жұмыс сабасына келді.

Жә! Енді осы уақытта Семей жайы қандайлық? Көлденеңнен қараған кісі: “Осы күндер жұмыс өзгерген шығар, іс бастаған шығар, қатынас түзелген шығар”, – дер. Бірақ бір ғажабы, әлі күнге өзгерген еш нәрсе жоқ. Семей губерниясының қазақ автономиясына қарауынан бұрын (бізде ол турасынан тырс еткен хабар жоқ) бір Орынбордың өзінде не болып жатқанын да білмейміз. Қазақ хүкіметі не істеп жатыр, ол турасынан бізге келген не Орынбор мекемелерінің бірде-бір жарлығы жоқ, не Орынбордан шыққан газет жоқ. Хүкімет тілі – “Еңбек туының”<sup>8</sup> бұл күнге шейін біздің алғанымыз бірінші ғана номері. Өткен номерде “Еңбек туының” хабары деп жазған оқу құралдары турасындағы хабарды біз Ташкенттің “Ақ жолынан”<sup>9</sup> алып отырмыз. Сонымен қазіргі күнде Орынбор мен Семейдің арасындағы хабаршы Ташкент болып отыр<sup>10</sup>.

Біз осыдан бір жыл бұрын Орынбордан шыққан бір ауыз хабарға қаншалық мағына беріп, қаншалық іс күтсек, әлі күнге сол халдеміз, бірақ қазіргі күндегі айырмыш мынау:<sup>11</sup> былтырғы уақыт төңкеріс уақыты болып, тынышсыздық болып, қызмет істеуге жол болмап еді. Қазіргі күнде жұрттың бәрі де қызметте отыр. Бұндағы жергілікті мекемелердің бәрі де ойындағы істерін істеп жатыр. Біздің ендігі қысылып Орынборға жалтақтап отырғанымыз – іс жүзінде, барлық шаруа жүзінде кейін қалып бара жатқанымыз. Осы күнде Семей губерниясындағы азық-түлік, шаруа, жұмыскер алу, оқу жұмыстарының қайсысын алсақ та түгелімен уақытша істеліп отырған жұмыс секілді. Ешбірінде ұзақ күнге арнап, мықты негізге тіреп істеліп отырған жұмыс жоқ. Сондықтан ісіміздің ешбірінде ел қамына, ел пайдасына жанастырып істеп отырған іс, беттеген бет, бағыт жоқ. Істелген істің бәрі “көшершіліктік” іс секілді. Жалпы мемлекет пайдасын да түзу ойлап, дұрыс атқарып отырған жеріміз жоқ. Себебі

көпшілік мемлекет қазынасын молықтыру үшін ел шаруасын түрлеп, ретке салудың керектігін ұқпайды. Көбінің ұғуынша мемлекетке пайда келтіру – елдің қолындағысын ала берумен табылатын секілденеді.

Мінеки, бүгінгі Орынбордан іс күткендегі Семейдің алдымен қоятын мұны осы.

Орынбор ойлайтын шығар: біз Сибревкомға уәкілімізді жібердік<sup>12</sup>, Семей хабарды содан алады. Шаншулы мәселесі болса сонан шешіледі – деп. Бірақ біз сол уәкілден де толық хабар ала алмаймыз. Себебі – тағы да Орынбордан. Уәкілдің өзіне де хабар шым-шымдап сараң келеді. Негізгі көп мәселелерді өз бетімен шешуі қиын.

Осы айтылған сөздер қазіргі күндегі Орынбор жайын да, Ақмола, Семей жайын да білдірер. Жалғыз-ақ, осынша хабар бермеудің, қатынаспаудың әлі күнге көзге көрінерлік бір істің істелмеуінің себебі не? Біз әлі күнге білмейміз.

## ЕГІНГЕ ДАЙЫНДАЛЫҢДАР

Қазіргі күнде егін саламын деген елдер кез-келген жерден тұқымдық астық, соқа-сайман таба алмайтындықтан һәм ендігі егін салушылар хукімет көмегінсіз іс істей алмайтындықтан, Семейдің губерниялық жер бөлімінде келесі жаздың шаруасына істеліп жатқан қамдарын барлық оқушыға да һәм егінші елдерге де білдірмекшіміз.

Губерниялық жер бөлімінің бұл жұмысы туралы алдымен істеп отырған қаулысы – Семей губерниясындағы елдердің бәрін егін салуға міндетті қылу. Бұл міндет артылмайтындар – жерлеріне егін шықпайтын елдер, не олар қай жерде отырған елдер һәм қай ел екені жер бөліміне белгілі. Бұлардың жеріне егін шықпайтыны бұрынғы шыққан землемерлердің<sup>1</sup> сөзімен һәм ғылыми дәлелдерімен анықталған елдер болады. Міне осындай елдерден басқаның бәріне де белгілі бір мөлшерге шейін егін салу түгел міндет.

Бір болыс елдің салатын егінінің ең кемі қаншалық болады? Оны жер бөлімі көрсетеді. Егер егін салушы елдер сол межеден артық салатын болса, оларға айрықша сый есебінде пұл, шай, ұн секілді нәрселермен көмек берілмекші.

Жер бөлімінің бұдан соңғы ойлап отырған ниеті – егін салушы елдердің бәріне де тұқым беру һәм жетісінше соқа-сайман беру, тұқым берудің қамына жер бөлімдері қазіргі күннен бастап кірісе бастады. Әрбір уездерге арналған тұқымдық астық уездің жер бөлімдеріне осы февральдің 15-не шейін түгелімен беріліп болмақшы. Содан ары қарай уездік жер бөлімдері өз беттерімен елге тарата бастайды. Жер бөлімінің ісі сөзінің ізімен шығатын болса және жол біткенге шейін ел-елге тиісті тұқымдық астықты қолдарына беріп, жерлеріне ерте жеткізіп алатын қылмақшы. Онан соң елге берілетін астық тобымен бір болыс елге бір-ақ беріледі. Оны жер бөлімдерінен алып, елге таратушы во-

лисполкомдар<sup>2</sup> болады. Жеке ауылдарға, старшиндарға<sup>3</sup> әуел бастан бөлініп берілмейді. Тұқым беру турасындағы қазіргі қолданатын жол осы. Ендігі бір жұмыс соқа-саймандар туралы жақында губерниялық жер бөліміне 1500–2000 шамасындай соқа келеді. Бұл да егінші елдерге таратып беруге арналған нәрселер. Жалғыз-ақ, берілгенде волисполкомдардың қолына беріледі және алушылар майын ғана ұстайды. Соқаның басы жер бөлімдерінікі болып саналады. Мезгілінде не бұзылып, не сынып қалған жері болса, түзетіліп берілетін болады. Бұл екі мың соқа ел санына қарағанда көп болмаса да, жылдағы берілетін санына қарағанда, көп деуге болады. Бұрын бір губернияға 400–500-ден артық соқа берілмейтін. Биылғы жылы бұл саймандардың көбі қазақ халқына берілетін қисыны бар. Себебі жер бөлімі бұрыннан егінге бойұсынбай келе жатқан қазақ халқын іске үйретем, қаракетке түсіремін деп отыр. Қазақтың көбінде соқа-сайман жоқ. Орыс егіншілері қазаққа қарағанда бұрыннан сайманы көп. Шаруасы ретті және де жылда келетін саймандардың көбі соларға берілетін. Міне, осы себептерге қарағанда жер бөлімдері қазіргі ойлап отырған ниеттерінен адаспаса, көп соқасын қазаққа беруіне керек. Және де бұл айтылғандардың үстіне губерниялық жер бөлімі Семей губерниясындағы егіншілерді үш жікке бөліп отыр. Бұның біріншісі – дефицитный район<sup>4</sup> (егінді не өзі салмағандықтан, не салса да аз салып, ішерлігін ала алмай өзге жерлерден сатып алатын елдер). Бұл жікке кіретін Семей уезіндегі қыр жақта тұратын елдер секілділер. Екінші жігі – астық разверсткасының<sup>5</sup> елу процентін толтырған елдер. Үшіншісі астық разверсткасының 75 процентін толтыруға әлдері бар болса да, соны толтырмай отырған елдер. Бұл соңғы екі жікке кіретін крестьяндар. Жер бөлімінің бұларды жікке бөліп отырғандағы мақсаты – әрқайсысының ыңғайына қарай беретін көмегін ерте күннен межелеп алу.

Мұндағы бөлімнің қазіргі мақсатына қарағанда, көмектің көбі жоғарыда айтылған бірінші жікке кіретін елдерге берілмекші. Қазақ халқының тұқымнан да, соқа-сайманнан да биылғы жыл өзгеден артық алуына тағы бір дәлел – осы.

Кіндікте болып жатқан съездердің “енді шаруаны түзейміз” деген ұранының арқасында биылғы жылы күштің көбі осы егін жұмысына салынбақшы. Жұрттың бәрі де арысы мемлекетті ашықтырмас үшін, берісі өзі ашықпас үшін жаз шыға егін

жұмысына жұмыла кіріскелі отыр. “Хүкімет тарапынан осы егін жұмысын ойдағыдай қылып аяқтандырып, ретке салып, істерінің бәрін тездетіп бітіріп отыру үшін, посеvком<sup>6</sup> деген бөлімдер ашылып отыр. Посевкомдар губернияда, уездерде де түгелімен болмақшы. Егін салу турасында жұмысы болған кісілердің бәрі де посеvкомдармен сөйлесіп, тиісті көмектерін, мұқтаждарын солардан алады.

Мінеки, қазіргі егінге дайындалу турасындағы біздің білдіретін хабарымыз – осы. Бұдан былай да осы жұмыс турасынан шыққан қосымша, не өзгертілген жолжоба болса, үнемі басып (газетке – *ред.*) тұрмақшымыз. Егін жұмысы қазақ шаруасына ең пайдалы, ең ірі жұмыс болғандықтан, уездерде қызмет қылатын барлық оқыған азаматтарға, егін турасындағы жол-жобамен түгел танысып, посеvкомдармен тізе қосып іс қылу.

Күндегі істеген істерінен мағлұмат алып хабарласып тұру. Екінші, ел-елге осының жайын ерте күннен құлақтандырып тұқымды, соқаны қалайша алудың жөнін ұқтыру һәм волисполкомдар арқылы берілген астық, соқалар ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпейтін қылып, ретке салып андушы болу. Үшінші, қай ел не нәрсе алды, қай ел ала алмай қалды, не себептен алмады, соны біліп тұру. Ала алмаған елдерге осыны әперудің қамын істеу: төртінші, қалаларда қызмет қылатын жігіттердің бәрі де осы жұмысқа жұмылып іс шығару. Канцелярияда отырып қағаз шимайлаумен уақытты ұсақ нәрселерге жоғалтуды қою, бастарын қосып, егін жұмысын бөлісіп алып, барлық күшті соған салу. Бесінші, егін жайындағы жұмыстардың реті қандай болып отыр, соны губерниялық қазақ бөліміне білдіріп отыру. Алтыншы, газетке сөз жазатын жолдастардан сұрайтын өтінішіміз: біреу пәлендей ішік алды, біреу пәлендей тазы ит, қаршыға алды, біреудің көңілінде пәлендейлік жуандық жүр, бірінің көңілінде арамдық жүр деген сөздерді, мүмкін болса, азайтыңқырап, біреудің көңіліндегі күңгіртті болжамай-ақ, көз алдында көрініп тұрған елдің шаруа жайын айтса екен деймін. Әсіресе, осы айтылған егін жұмысы қай ретте болып отыр, қандай жақсылық, қандай кемшіліктері бар, соларды білдіріп отырсаңыздар екен. Бұдан былай сондай хабарларға газет бетінен кең орын берілетін болады. Бүгінгі күнде біздің ең маңызды мәселе деп отырғанымыз – осы.

Қосымша: волисполкомдар жоғарыдағы айтылған ретпен соқаны алғанда, алдымен ең мұқтаж кедейлерге беріп, олардың жұмысы бітуге тақағанда ауыстырып, екінші мұқтаж кісілерге беріп отыруға міндетті. Және исполкомдардың<sup>7</sup> бір міндеті ерте бастан посеvкомға ел ішіндегі егіншілердің саны һәм мөлшері қаншалық тұқымға мұқтаж, қолдарында қаншалық тұқымы бар, соның жайынан мағлұмат түсіруіне керек. Бұл – ең алдымен ескеретін жұмыс. Және исполкомдардың жанынан таза пысық, ел қызметіне ерінбейтін кісілерден волпосевкомдар<sup>8</sup> жасалуына керек.

*Мұхтар*



## ЕСІЛ ҚАРҚАРАЛЫ

Қарқаралы уезі – Семей облысында қызмет қылған орыс-қазақ өр қылығымен ерте таныс болып, белгілі болатын “аты шулы” уездің бірі, ардақты оқушы!

Аты шулы уез бола ма екен? Болса аты шулы кісіге не болат та\* дерсіз, айтқан сөзіме күдіктенерсіз, бірақ азғана сабыр қылып ойлаңыз, түсінесіз.

Қарқаралының қай заманын алайын? Басынан бастасам да, аяғынан бастасам да бәрі бір. Қарқаралы қала болғалы шудан, бәледен, өтірік жала, сұмдықтан аман болған күні жоқ. Патша заманын, төңкеріс заманын алсам да алаңы-ашығы жоқ, үзілмей келе жатқан зұлымдық. Қай жағынан бастайын десем де көз алдыма ақ бас Көлке, Петрушкенің Алексейі, Захарлар, Мимдер, х. ж. лер келеді<sup>1</sup>, оның артынан ұзын құйрық болып, қалпақ киген шешейлер, етегінен ұстаған тұмақтылар келеді... Қарқаралы әңгімесін басынан бастасаң да, аяғынан бастасаң да осы адамдар: “мен мұнда”, – деп алдына келіп, тағзымменен бас иіп тұрады. Әңгіменің алақабы<sup>2</sup> кім екенін ұғасың, қай жағынан бастасаң да осылар шығатынын білесің.

Бірақ біз Қарқаралы әңгімесін бүгін айтқалы отырмыз ғой. Заман өтіп кеткен соң айтты не, айтпады не?.. Сорлы Қарқаралының өткен замандағы әңгімесін естісек...

Қарқаралы кіп-кішкентай болып, қулық-сұмдықты жаңа оқып жүрген күннің өзінде атақты Достоевскийдің кітабына ілінген жоқ па?<sup>3</sup> Қарқаралыдай бұзылған кірлі қала жоқ деп текке айтты деймісің?! Өнеріне сүйсінбегеннен айтат та...

Қарқаралы үлкейгенде қайтті?! Тағы да алдымен ілінді ме? Қазақтың алғашқы қамқор ақыны Ахмет не айтты, естерінде бар ма?

---

\* Болат та – болады.

О да “өнеріне сүйсінген”<sup>4</sup> жоқ па еді. “Хош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған, айдай бер қалса адамың қуылмаған”<sup>5</sup> – ... деген сөздерді өзге уездерге қашан айтып еді? Өзгелер ондай өнерлі болса қазақ жұртты жер үстіне де сыймас.

Қай уез Қарқаралыға пар келеді?..<sup>6</sup>

Пар келу үшін, өнер керек.

Қайсының, қай хукіметтің уақыты болса да бір уезді екі бөліп алып, партия істеуші едік<sup>7</sup>, қайсының бірінді-бірін патша заманы болса, түрікке ақша жиды деп<sup>8</sup>, ақ келсе – қызыл болды деп, қызыл келсе ақ болды деп, өтірік жала жауып, көрсетіп, айдатып байлатушы едік! Партиядан туған араздықты саясат жұмысының төріне айналдырып, дабырайтып, ел-жұртты сабылтып, әбігер қылып, біреуді аттырып, біреуді айдатып, байлату кімде бар? Біреуден кегін алу үшін қалаға келген начальникке<sup>9</sup>, комиссарға<sup>10</sup>, кім болса соған жағынамын деп сый беру, күндіз-түні қонақ қып, пальтосын әперіп, калошын салу<sup>11</sup> кімде бар. Жаман үйреніп есірген ұлықтың төрелігі, иттігі асып, елді езіп отырғанда, жұрттың көзіне қанды жасты ағызып отырғанда сіз ақылдысыз, сіз жәйлі төресіз деп жорғалап отыру кімде бар? Губерниялық махкәмалар сол төренің иттігіне шыдамай губернаға шақыртып, орнынан түсірмек болғанда, бұл кісі бізге жәйлі еді, Қарқаралыда қалдырсаңдар екен деп, приговор<sup>12</sup> жиып беріп, мойнына бұршағын салып тілейтін мінез кімде бар? Губерниядағы қазақ оқығандары қызметке алдырамын десе, оны зорлық, жаулық деп ұғып, әлгі төреге жібере көрме деп жалынып, жалпы етек болатын мінез кімде бар? Сондайлардың өз бастарына қорған болғанына мәз болып, иттігінен жылап отырған елдің халін ұмытқан, беттің арын белбеуге түйген кім? Жауыздық қылған ұлықтардың жәбірлерін губерниялық махкәмаларға білдір десе, қарсы тұр десе сол кісінің өзін көрсететін кім?

Жылап отырған елдің көріп отырған жәбірін айтуға қорқып, өз басының амандығы үшін елді, жұртты құрбан қылып, қалтырап отырған қоян жүрек қорқақ кім?..

Ардақты оқушы, бұның бәрін істеуші кім десең баяғы “жуылмаған Қарқаралының”<sup>13</sup> жойылмаған оқығандары. Бұның бәрін білгің келсе, көзіңменен көргің келсе, Қарқаралыға бар.

“Ревизорды”<sup>14</sup> оқымасаң да, “геройларын”<sup>15</sup> көзіңмен көріп қайтасың.

Көрудің үстіне өзің де Гоголь<sup>16</sup> боласың.

Мінеки, жарықтық Қарқаралының ерекшелігі осы еді. “Аты шулы” деген ат осындай мінездерінен туып еді. Жалғыз-ақ есіл Қарқаралы осы күнде жүдеп тұр. Басына қайғылы күндер туып тұр. Ол не десеңіз: талайдан өзіне лайықты болып кез болған көздің ағы мен қарасындай екі төресі – Метрей, Ваганов губкомның һәм исполкомның бұйрығы бойынша 24 сағаттың ішінде орындарынан қуылып, Семейге айдалып келіп отыр. Бұлардың бірі уисполкомның<sup>17</sup> бастығы, бірі мүшесі еді. Оның үстіне оқығандарды губерния жауынан сақтайтын қорғаны еді, елдегі пәлекұмар, жемқорлардың асқар белі еді. Бұлардың ақсақалды сары тісті бол, тағында ағар деп батасын берген ерлері еді. Олар көзден ғайып болды, өткен күн бір күнгідей болған жоқ.

Енді Қарқаралы не күйге ұшырайды?! Ақ бас Көлке болса қартайды, орнын басқан Метрей болса, орнынан тайды.

Оны жоқтатпайтын ер табылар ма?..

Мектептің орындығында отырып начальникке арызды қалай жазады, жандаралға арызды қалай жазады деп, жасынан адвокат болған оқығандардың орнын басатын ерлер табылар ма?

Әй, неңе табылсын...

Бұл құрыған заман емес пе?..

Есіл Қарқаралы...

*М. Ә.*

## ҚАЗАҚ ИНСТИТУТЫ

Өткен февральдың аяқ шенінен бастап Семейдегі орыс институтының жанынан қазақ институтының бөлімі ашылды<sup>1</sup>. Биылша ашылғаны екі класс<sup>2</sup>. Біреуі дайындайтын, біреуі институттың нағыз өз сабағын бастайтын кластар. Қазіргі күнде осы екі класта оқитын шәкірттердің саны 70 шамалы болды. Институттың бекілуі, оқитын айы (белгіленбегендіктен – *ред.*) һәм оқытушылары мезгілімен табылмағандықтан, табылғаны болса көңілдегідей сайлы болмағандықтан, сабақ өте кеш басталды. Сондықтан биылғы оқуды өнімді, көңілдегідей жемісті болады, оқушылар жартымды білім ала қояды деп сенуге болмайды. Биылғы жылдың олжасы сол институтке негіз салғандық, тәртібін түзгендік. Көзге түсерлік көрнекті жемісті келесі жылғы ісінен күтеміз.

Қазіргі уақытта бұл институт турасынан айтатын сөз құрылған негізі турасында. Бұның аты қазақ институты болса да оқытатын тілі орыс тілі болып отыр. Қазақ тілімен дайындайтын класында ғана оқытады. Одан кейін бірінші кластан бастап орыс тілімен оқылады.

Институтта орыс тілімен оқыту қазақ қызметкерлерінің мақұлдауымен кіріп отыр. Бұл турасында қазақ қызметкерлерінің қолданған пікірі: бірінші төңкеріс заманы туғаннан бері қарай оқу жұмысын көркейтеміз, осыған жұмыламыз дегенмен әлі күнге өнген оқу жоқ.

Қазақтың қай жерін алсақ та өз тілімен оқылып жатқан оқудың ең үлкені мұғалімдік курстарында ғана болады. Бірақ олардан шала мұғалімнен басқа һешкім де шығарғамыз жоқ. Бұның бәрінің себебі амалға, епке келмейтін істерден туып отыр. Қазақта орта дәрежелі мектепке мұғалім болатын тәжірибесі, білімі мол учительдер<sup>3</sup> жоқ, ертеден орта дәрежелі мектепке арналған кітаптар жоқ.

Мінеки, осы амалсыздық, жоқтықтардың бәрі еріксіз бір жол табуды керек қылып отыр. Сондықтан уақытша жол деп біздің алып отырғанымыз осы орыс тілімен оқыту, екінші – орыс тілімен оқыта бастасақ, әрі білім бар, зор тәжірибесі бар молдалар<sup>4</sup> оңай табылатын болады. Оқушылар көңілді болып, көп табылатын болды. Ерікті болып шығатын болды. Үшінші – қазақ тіліндегі оқудың орысы аз болғандықтан, қазақ баласының бір буынын орысша оқытып, тезірек жетілтіп, тереңірек білім беріп, бастауыш мектептердің мұғалімдерін түлету болды.

Төртінші – осы үстіміздегі заманда қазақ тілінде (түсініксіз сөз – *ред.*) оқитын оқудың өте өнімсіз болатынына көзіміз жетті. Себебі: мұғалім қылып сайлайтын оқығандарымыз да, оқушыларымыз да қызметтерінің бір иығын саясатқа сүйеп жүр. Жалғыз оқу жұмысымен тұрған жоқ. Сондықтан оқыту оқуларының да тұрлауы болмайтын болды. Оқуға белгіленген уақыттың жартысы оқумен өтсе, қақ жартысы оқылмай өтетін болды. Оқушылардың көп уақыты бос жүріспен рәсуә болатын болды.

Мінеки, орыс тілін кіргізуге қамшы болған зор себептер осы.

Біздің пікірімізше осы ретпен қазақтың орта дәрежелі мектептерінде қазақ тілімен оқытумен қатар орыс тілімен оқыту да бірталай уақытқа шейін жарыса жүріп отыру керек.

Қазақтың оқыған азаматтарының санын көбейтуге және көбінесе талабы болса да оқи алмай қалған ересек азаматтарды ретке кіргізуге бұл еріксіз қолданатын жол қазіргі күнде біздің институтта жоғарыдағы айтылған шарттардың көбі орындалып отыр. Бірінші класта оқытуға алған учительдердің бәрі де орыстың гимназия<sup>5</sup>, семинарияларының<sup>6</sup> оқытушылары. Оқытуларынан шәкірттер жақсы мағлұмат аларлық тәжірибесі, білімі жақсы учительдер. Дайындайтын кластағы оқу әзірше қазақ тілінде. Ондағы уақыттың көбі орыс тілінде беріледі. Мақсаты: биыл орыс тілін күштеп оқытып, келесі жылдағы орыс тіліндегі сабақтарды ұғатын қылу. Оқу орыс тілінде болған кластағы шәкірттерге әзіргі қойылатын шарт: орысша сөйленген сабақты ұғатын болу, сабақты орысша сөйлеп айтып бере білу, әзірше үлкен шарт деп саналмайды.

Институтта оқылатын сабақтар орыс институтындағыдан басқа: қазақ тілі, қазақ тарихы – бұл орысша оқылады және қазақ әдебиеті. Қазақ тарихын оқытуға ертеден осы мәселені көп қарастырған, толық мағлұмат жиған, қазақ мәселесіне көптен білген, қызыққан кісілер алынып отыр.

Мінеки, Семей институтының<sup>7</sup> әзіргі құрылып отырған қалпы осы. Бұл негізінен аумаса келешекте оқуы өнімді болуына сенеміз.

## ҚАЗАҚСТАН ӨКІЛДЕРІНІҢ ХАБАРЫ

“Қазақ жұртына автономия тие ме, тимей ме?” – деген түйінді кіндік өкіметтің жарлығы 1919 жылдың 10-үйілінде шешсе де, әлі күнге аяғы жерге тимей келе жатыр еді<sup>1</sup>. Түйіннің шешілуі оңай болса да, соны жамап-жасқап қалқайтып іс қылып шығару оңай болған жоқ. Іс болып көзге көріну үшін талай сәт, талай сәрсенбіні<sup>2</sup> керек қылып еді. Жұрттың ойында дәнене жоқ кезде шыға келген автономия хабары талайдың үміті мен қуанышын еліртіп, желіктіріп еді.

Бірақ көпшіліктің күткен ойы іс болмай үміт орнына жел қауып, күдік орнап, желбуаз болғандары да бар еді. Бұл уақытқа шейін Семей, Ақмола қазақтары сол халде келген елдердің бірі болды. Ақмола, Семей облыстары бүгінде Қазақстан автономиясына қарамақ болып отырған елдердің қақ жартысындай болса да, бұл күнге шейін Қазақстан автономиясына тілектен басқа еш нәрсе қоса алмаған һәм ала алмаған, қақпайда, қақас қалған елдің нағыз өзі болды.

Қазақ автономиясы турасындағы жарлықтың шыққанына екі жылдай болып, қазақтың елін билейтін өкімет жасалғанына бір жарым жылдай болғанда, сол автономияға кіретін елдің қақ жартысы елеусіз, ескерусіз қаға берісте қалуы – қаншалық қыйсынды екені жұрттың бәріне мәлім. Қазақстан автономиясы деп ауыз толтырып айтқанымызда бақандай екі облыс далада қалып отырса, автономиямыздың қаншалық маңызы барын көрсетер еді.

Ондағы автономия – Қазақ автономиясы емес, қазақ елінен жасаған ойыншық болар еді.

Бірақ түбінде біздің жұбанышымыз: “Ештен кеш жақсы” – деген мақал ғой. Аяғы не болса да – болғанына қанағаттанамыз, ризамыз.

Сол Қазақстан автономиясына қосылуы (осыдан) екі жыл бұрын шешілген екі облыс Қазақстанға қосылу деген мәселенің кезегіне жаңа ғана жетіп отыр.

Өзгеріс заманындағы іс тез шешіліп, тез іске асады деп мың жерден құлағымызға құйса да, біздің салпылдап келіп жетіп отырғанымыз-ақ осы.

“Қазақ тілінің” өткен сандарында жазылған КирЦИК-тің екі облысты алатын комиссиясы Омбыға келіп отыр. Комиссиясы бастық болып келгендердің көбі КирЦИК-ке мүше болып отырған қазақ азаматтары. Председателі – КирЦИК-тің бастығы Меңдешев<sup>3</sup> жолдас.

Осы комиссияның мүшесі Әбілқайыр<sup>4</sup> жолдас 27 март күні Семейдегі Халел<sup>5</sup> (мен) Нығметті<sup>6</sup> төте сымға шақырып сөйлесті.

Әбілхайыр (дың) сөзіне қарағанда: Сибревком комиссиясының келуін де, хәм облыстарды беру де мезгілді деп тапқан көрінеді. Сибревкомның 26 мартта болған мәжілісінде облыстарды Қазақстан өкілдеріне берудің жобасын жасау үшін арналып кісілер шығарылған. Енді облыстарды беру деген сөз туралы жарықшақ шыға қоятын көрінбейді. Бірақ Сибревкомның ұғуынша: әлі күнге басы ашылмаған мәселе осы облыстардың шегі турасынан болса керек. Сондықтан облыстарды алудан бұрынғы сөз – сол шек турасынан болды<sup>7</sup>.

Сибревкомның әзірге ұсынып отырған жобасына қарағанда, Кереку уезіне қараған Ертіс қаласы барлық ауданымен Сибревкомға қарауына керек.

Ертіс ауданына қазақтың жеті болысы, крестьяннан онға тарта болыс кіреді. Тағы сол Сибревкомның жобасы бойынша Бұқтырма уезі түгелімен Семей облысына кірмек. Ақмола облысы турасындағы Сибревкомның межесі: Омбы уезінен бірнеше қазақ болыстарын шығарып, Сибревкомның қол астында қалдыру. Бұған орайлап Түмен губерниясынан Қызылжарға 13 крестьян болыстарын қоспақшы.

Бұл жобаның көбіне Қазақстан уәкілдерінің пікірі қайшы көрінеді. Әзірге байланған сөз жоқ. Семей облысына қатынасқан сөздер туралы<sup>8</sup> жергілікті шаруа жайларынан мағлұмат керек болғандықтан Халел хәм Губсовнархоздың бастығы Попов жолдастар<sup>9</sup> Омбыға шақырылды.

Бұлардың біреуі Қазақстанның жер комиссариатының, біреуі шаруа комиссариатының уәкілі болып сайланған. Бұл кісілер



жақында Омбыға жүрмекші. Әбілқайыр жолдастың сөзіне қарағанда, Сибревком мен комиссияның сөзі 15-інші апрельге шейін бітпекші.

Осымен облыстарды алуға ендігі бөгет болып тұрған мәселе – осылардың шегі туралы<sup>10</sup>.

Сибревком өзінің көздеген мақсұтын өткізу үшін жоғарыда айтқан Ертіс қаласының ауданы ежелден шаруа жүзінде Омбымен жалғасатын – демекші болса керек. Кіндік өкіметтің<sup>11</sup> жарлықтарында: тұтынған барлық саясатында Қазақ автономиясы ұлт айырмасына, шаруа жақтарына қарай беріледі. Қазақ автономиясы болған соң қазақ жұрты тұтас кіретін болсын деген нұсқалары Сибревкомның жобаларына әсер беретін көрінбейді.

Қазақ автономиясынан крестьян халқын жартылап жырып алмақ болғанында мағына болса да, қазақ болыстарын іле кетуінде қандайлық мағына бар екенін біле алмаймыз. Қазақ шаруасының жалпақ қазақтығынан ала-бөтен болып, крестьян шаруасына жалғас болып кеткені көңілге ертегі секілді көрінеді. Кім біледі, әлде Сибревком автономия қадірін білмейтін қазаққа осындай бөгеулер салып, қиындықпен қолына тигізіп, автономиясын дәмді қылып бермек шығар<sup>12</sup>.

Ол еңбегіне рақмет айтамыз.

## ҚАЗАҚСТАН ЕЛШІЛЕРІНІҢ ХАБАРЫ

Баспахананың жұмысы уақытша тоқтап қалғандықтан, газетіміз мезгілінде шыға алмай, елшілер хабарының көбі кешігіп қалды. Құлағын түріп отырған елдің көбі күнбе-күн күтіп отырған хабарларының көбін қызу үстінде ести алмай дағдарып қалды. Сондықтан хабарлардың қызулы кезі өтіңкіресе де ел құлағына естілуі қажет болған хабарларды қорытып жазбақшымыз.

Қазақстан елшілері Омбыға келіп<sup>1</sup> жұмысқа кіріскеннен бері Семей қызметкерлері Меңдешев<sup>2</sup> жолдаспен екі рет төте телеграфпен сөйлесіп, үш-төрт рет жай телеграм алды.

Жолдас Меңдешев 13 апрельде ең алғашқы сөйлескен жолында Сибревкоммен<sup>3</sup> келіскен сөздерінің қорытындысын айтты және Семей облысының ішіндегі көңіл мен күшті көбірек аударатын уездер жайын айтты.

Бұл жолдағы сөздерінің қысқасы: Семей облысы бұрынғы ескі шегіне<sup>4</sup> уақытша Бұқтырма уезін<sup>5</sup> қосып, түгелімен Қазақстанға қосылатын болды.

Ақмола облысында даулы жері – Омбы уезінің шегі<sup>6</sup>, оның кесігін Мәскеу айтады, одан басқа уездер түгелімен Қазақстанға қарайды, губерниялық кіндігі Қызылжар<sup>7</sup> болады дейді.

Бұл губерниялар 20-шы апрельден бастап Қазақстан ауданына кірген болып саналады. Иелері Орынбордағы КирЦИК<sup>8</sup> бұдан былай тығыз жұмыс болса Омбыдағы елшілермен, асығыссыз жұмыс болса Орынбормен сөйлесесіңдер дейді.

Семей губерниясының қал-жайы турасында Меңдешев жолдастың көп сұрағаны – қыстың қалай өткендігі, жұт қазасына ұшыраған елдердің жайы, оларға беріліп отырған күш-көмек қандайлық, жалпы қазақ шаруасын түзетуге, көтеруге қандайлық көмектер берілді, ел астық алды ма, пұл-шай алды ма, бұл жолда істелген қандайлық шара, қамдар бар – солардың жайынан сұрады.

Меңдешев жолдастың бұдан соңғы көбірек айтқаны Жайсаң уезіндегі<sup>9</sup> қазақтардың жайы болды. Жұрттың көбіне мәлім, Жайсаң уезінің Қытаймен шектескен жерлерін жайлаған қазақ болыстарының көбі кеңес хүкіметінің\* салықтарына киіз туырлықты қазақ болғалы көзіміз көрмеген құқайымыз,\*\* апат, қазамыз деп, ескі әдетіне салып, ауа көшіп, қытай кеткен, бірақ қарық боламыз деп барған кең өріс, шалқар қоныстағы құдандалары бұларды қарық қылудың орнына, айдап барған малдарына өздері қарық болып, мал-мүлкін олжалап, үлесіп алған. Сонымен бал орнына у жұтқан Жайсанның “ауғыштары”\*\*\*\* сендей соғылып, арлы-берлі жосылуда болатын. Бұлардың жай-жапсары Меңдешев жолдасқа мағлұм болған соң, солардың арасына не қылса да күш-көмектің көбін соларға аударып, бұрынғы орындарына орналастыру керек. Кеңес хүкіметінің бағыты, мақсұтымен таныстырып, олардың досы екенін ұқтыру керек, бет алды елеусіз, ескерусіз адастырып жібермеу керек деп, Жайсаң уезінде алдымен іс бастауға тез бұйрық айтты.

Семей облысын Қазақстан ауданына қолма-қол кіргізіп алу үшін комиссия мүшелерінен екі-үш кісі 20-сынан соң жіберілмекші. Бұл кісілер, Ақмоланың губерниялық мекемесі сайланып жатқандықтан, әзірше Семейге келе алмай тұр.

Меңдешев жолдастың пікіріне қарағанда, Ақмоладағы ретпен Семейдің де губерниялық уездік атқару комитеттері өзгеріп, жаңа адамдар сайлануға мүмкін.

Губернияда партия жұмысын және мекеме жұмыстарын алып жүруге лайықты кісілердің кейбіреулерін Меңдешев жолдас кіндіктен ала келген көрінеді.

Губерния Қазақстанға кіруге айналғаннан бастап, Сибревком жергілікті қазына мүліктерін һәм жергілікті қызметкерлерді басқа жерге көшіруді, ауыстыруды тоқтатқан.

Бұл хабарлар алынып, елшілермен қатынас түзелгеннен бері қарай Семейдегі қазақ азаматтары келешектегі іргелі жұмыстар туралы алдын ала жоба жасап, қамданып жатыр. Әзіргі халдарға қарағанда: бұрынғы уездер мен губерния арасында болған алыстық, шалғайлық – барлық партиядағы һәм партия емес азаматтардың басында болған меңзеңдік, ісінде болған

\* Хүкімет – өкімет.

\*\* Құқайымыз – қорлығымыз, жәбіріміз.

\*\*\* “Ауғыштары” – көшіп-қонушылар.

салқындық, салғырттық, әрі-сәрілік тамырымен жоғалмақшы. Ендігі біздің бет қойып отырған мақсұтымыз: етек-жеңді түзеп серпілу, ширау, екпінді іске кірісіп, елеусіз жүрген, қақы, да (түсініксіз сөз – *ред.*) келген қалың елді қолға алу. Сөзді, қыңқылды қойып, етек-жеңді сыбанып, іске кірісу. Іс жүзінде бостандық жемісінің дәмін ел аузына татыру.

Бұл жұмыстар турасындағы жасалған қаулылар, негізгі жолдар газетіміздің келесі нөмерінде жарияланады һәм барлық уездерге телеграмма, почта арқылы жіберіледі.

М. Ә.

## **“ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАРЛАР” (Сын)**

Орынборда биылғы басылған кітаптардың ішінде “Қызыл сұңқарлар” деген Сейфуллиннің бір кітабы шықты. Бұл өзі пьеса. Бірақ бұл күнге шейін пьеса жазған жазушылар кітабына орынды, орынсыз болса да не комедия (күлкі), не драма (қайғылы хал), не трагедия (қанды оқиға) дегендей аттарды қоюшы еді. Соныменен бұл кітаптың негізі, мақсұты, беті бар кітаптан айырылушы еді<sup>1</sup>.

Біздің жазушы кітабын жоғарғының қайсына қосарын білмей дағдарған ба, болмаса, ананың бәрі де өзінің бір-ақ кітабынан табылған ба (дұрысы соңғысы болса керек), әйтеуір пьеса деген жалпақ атты бір-ақ отырғызыпты.

Бұл сөздерге қарап, оқушы шүбәланып жүрмесін, “Қызыл сұңқардың” пьеса екендігінде дау жоқ. Себебі сыртына қазақшаға түсінбесең міне орысшам дегендей қылып, қазақша, орысша да “пьеса” деп қойған<sup>2</sup>.

Ал, кімде болса пьесалығына сендік, қазақтың тілінде жазылған, қазақ өмірінен алынған қазақ пьесасы дейік те қарап көрейік.

Бұл күнге шейін дүние жүзінде жазылған пьесалардың мақсаты, бағыты, неше түрлі болғанымен бәрінің де әдебиет жолында амалсыздан бағынатын бір заңы бар. Ол: пьесаның ішінде сөзімен, мінезімен, ісімен кім екендігі анық көрінетін белгілі типтер шығару<sup>3</sup>. Біреу жақсылықтың үлгісі, біреу жаманшылықтың айнасы, біреу қорқақтықтың, біреу биліктің, біреу ақмақтықтың, біреу қаттылықтың тағы осы секілді көп мінездердің үлгісі болып көрінуіне керек. Сондай мінезімен көрінген адамдар арқылы бүтін бір таптың, бір таптың ішіндегі әр мінезді болып жаратылған адамдардың жақсы жағы да, жаман

жағы да көрінетін болуы керек. Сондықтан пьеса жазушылар әуелі типтерінің жайын ойлайды.

“Қызыл сұңқарды” әуелі осы жағынан алайық: бұнда пікірлері бір болса да мінезімен, сөзімен, анда-сандағы ісімен бірінен-бірі айырылатын жеке-жеке адам бар ма? Қазақтығын, орыстығын былай қойғанда жеке-жеке әр адамның өзіне хас болған мінездерімен көрінетін революционерлер бар ма?

Бұған жауап: “Қызыл сұңқарда” бөлек типтер жоқ, жалғыз Ахметқалидан басқасы бәрі бір-ақ адам, шынында Еркебұлан, Жұмаш, Жағыппар, Лозовой, Нестеров, ауырып қалғаны болмаса Бәйділда түгелімен бірі айтқан сөзді бірі айтатын тұтас бір-ақ адам емес пе? Бәрінің мінезін жиып келсек бір Еркебұланнан табылады, Лозовойдың мінезін алсаң бәрінен табылады. Бәрінің халі бір, пікірі бір, өмірі бір болғанымен де бірі оны ойлағанда, бірі мынаны ойлайды, бірі оны қиял қылғанда бірі басқаны қиял қылатын, сөйлесе ылғи біріне-бірі (бас) шұлғи бермей, дауласатын да жерлері болады. Адам шын өмірін алсақ осындайдан құралады, бір кездескен он адамның бәрі бірден бір уақытта, ой ойлап, бір уақытта бір мінез істеп, бір уақытта бір-ақ нәрсені қиял қылады деу психология заңында бірінші рет қана айтылған сөз. Ол үшін бәйге тисе – біздің Сейфуллин алады. Әйтпесе, бәрі сөйлетіп қойған граммафон секілді, бәрін Сейфуллин бір-ақ қалпына соққан жансыз адамдар. Екінші: бұл пьеса қазақ өмірін көрсете ме, қазақ пьесасы екені таныла ма? Қазақ баласы осы кітаптың ішінде бар ма? Менің ойымша, қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыдағы айтқан әр геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне, оларда қазақтықтан неш бір белгі де жоқ. Бұлардың құр сарнаған сөзінен басқа жайшылықтағы мінезі мен ісі көрінбегендіктен, әдеті мен жайшылықтағы әлді жері, әлсіз жері сезілмегендіктен, тегінде қандай екендігін білу де мүмкін емес. Сондықтан қазақтығын былай қойып, жеке ғана бір адам болғанда да кім екенін білу қиын. Олай болса, пьесаны қазақтікі деп адасудың орны жоқ. Қазақтан кірген, артқы өмірі көмескілеу, бір тип – Ахметқали болса, ол мазақ есебінде көрсетілген. Орынсыз қылжақ сықақтың қол жаулығы болған.

Бәйділданың: “шынына келгенде құдайы мен құмалақ өзі екеуі бірдей! Екеуі де әншейін сорлы жұртты алдауға жасаған былшыл”, – деген сөзінен жоғарғының шындығы көрінеді.

Қазақ өмірін көрсетпек болған ақырғы бөлім, қазақ өміріндегі Сейфуллиннің қиялы болмаса, анық өмірі емес. Қиял турасынан не айтуға болады. Кезі келіп шалқығанда футуризмге де апаратын қиялға біз не дейік. Бірақ пьесаның ішінде қазақ бар ма деген жерде айтатынымыз – барлық пьесаның ішінде Ахметқали мен Еркебұланның шешесінен басқа қазақ жоқ. Кітапта олар да тип болып көрінбейді. Ұзын өмір<sup>4</sup> кітаптың бір-ақ беті (нен) ғана болымсыз сезіледі?

Онан соңғы бір сөз декларацияны сипаттауда. Төртінші бөлімде: “Оң жақта анау биік таулар...” сөзден бастап сол беттің аяғына шейін ойын бөлмесінің сипаты кетеді<sup>5</sup>.

Түгелімен поэтической описание. Пьесаның беті<sup>6</sup>, мақсұты үшін сонша тамылжытпақ болып әйгіленуі неге керек екенін жазушының өзі білмесе, оқушы біз, білмедік.

Тағы бір сөз кітаптың бас геройы Еркебұланның аты туралы: бұл қазақта кез келмейтін ат. Мұнда қойылса – мақсұтпен қойылған болуы керек. Сондағы мақсұт не? Бұл атта мырзалық пен серілік бар. Бұла болып, болпаш болып өскен, ерке жалғыздың сипаты бар, болмаса басы ауған жағына кететін сәйдік<sup>7</sup> сипаты бар. Бірақ бұл атты еш уақытта еңбекшілдің қамқоры, от пен судың азабында жүрген бейнетқорға жабыстыруға болмайды. Ол болмаса, бұл адамның аузынан көбігін ағызып жүрген былшылдығы – бір келістігінен, бұландығынан шыққан ғана уақытша бір мінез болуы керек. Онда негіздің жоқтығы білінеді.

Әйтпесе, бұл кітаптың бәрі бастан-аяқ қазақ әдебиетінің ішіндегі еркелік пен шолжындық шығар. Еркебұлан деген атпен жазушы соны көрсетпек шығар.

Тіпті болмаса бұланның кім екенін білдірмей жұртты сандалтып қуланғанша, өзі көрген кісілерінің шын атын атағаны дұрыс емес пе. Сонда өмірге жақын болмас па еді. Кітаптың шын мақсұты мен мағынасы да ұғылмас па еді?

Осы себептерге қарағанда жазушы келешекте шынын айтар деген үміттеміз. Әзірше кітапта түгел көрінетін бір адам (законченный цельный тип) жоқтықтан, жазушының адам танымайтындығынан бар кісісі тұтасып, бір-ақ кісі болып кеткендіктен, екінші: адамдардың жан сипаты көрінбейтін жарты адамдар болғандығынан, үшінші: Еркебұлан деген ат сияқты неш

бір ойсыз, ақылға симайтын, қисындылық (целесообразность) дегеннен алыс тұрған қалыптарына қарағанда, бұл кітапты өзге жақтарынан сынау орынсыз деп білемін.

Кітаптың бір мақсұты – агитация десек, онда да жоғарғы шарттарды орындап отырып агитация жүргізуге болады. Болмаса мұндайларды желігіп отырған жеңіл қолмен жазып жіберген реклама дейді. Оның ішінде, мақтанып кеткенін байқамай қалатын әңгүдіктік болады.

Әйтпесе, не жазушылықтың, не жан сипатының (психология) адам баласы түгел қолданған заңдарына бағынбай, ауыздығымен алысып кеткен қисынсыздықтарына жоғарғыдан басқа себеп таба алмаймыз.

Өмірінің қызуы мен салқыны жоқ, ойы менен қыры жоқ, ұзақ бейнет, ауыр жаза, өлім қаупі болса да, бір-ақ сөз, бір-ақ іс, бір-ақ мінез, бір-ақ қиялда тұратын он шақты адам болады деп бұл күнге шейін неш кім жазып көрген жоқ. Мұндай жандар болмайды. Сондықтан мұнда өмір жоқ, жан жоқ. Көбінесе шынға қосып бұлдырды аламыштаған пьеса.

Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатыным (мыз) сол: қазақ әдебиетінің жұрнағы болып ішінен орын алуы неғайып. Олай болса қызыл түсті сұңқар көрінгенше бұл кітаптың ішіндегі шала көрінген геройлардың сұңқарлығы да түсініксіз бола тұрар.

“Қызыл сұңқарлар” туралы енді тілейтін тілегіміз: басында да өлі аруақ, тірі достың талайына сый есебінде арналған екен, оның үстіне Орынбордағы жиын сайын жиылушыларға сый деп үлестіріледі – дейді. Баяғының қазағы біріне-бірі сыйға тауыстың бір тал құйрығын бергенде қуанысып алысады екен. Тек мына сыйымыз сол құйрықтай қуантуға жарап, сондай кәдірлі болғай еді.

*Қоңыр*



## ЛӘЙЛӘ, МӘЖНҮН

Бұл өлең арабтың ескі әңгімесінің бірі<sup>1</sup>. Қазақ ортасында дәл әңгімесі жайылмаса да, атағы көп жайылған, бірақ көпшіліктің ұғуына қарағанда бұл бір ертегі сияқты болып көрінуі де мүмкін болғандықтан, алдарақ жәйін түсіндірмекшіміз<sup>2</sup>.

“Ләйлә, Мәжнүн” – араб әдебиетінің ішінде өзінің сұлулығымен, терең мағына, терең фантазиясымен үлкен орын алған ірі сөздің бірі. Сондықтан араб әдебиетін қарастырған Еуропа білгіштерінің көзіне де алдымен көрінетін<sup>3</sup> “Арабстан гауһары” осы болатын.

Бұл өлеңнің ішінде махаббат, ғашықтық деген нәрсенің барып тұрған жақсысы идеальная форма қандай болуы керек, соны көрсетеді. Сондықтан әңгімесі түпсіз терең фантазиядан, мінсіз нәзік сыршылдықтан (лирикадан) құралған. Бұл жақтарына келгенде, бүкіл дүние әдебиетінің ішінен “Ләйлә, Мәжнүн” сияқты әңгімелердің кездесуі оңай емес.

Сол себепті “Ләйлә, Мәжнүнді” оқығанда Еуропаның атакты сыршыл ақыны Генрих Гейне<sup>4</sup> бұл өлеңдегі терең сыршылдыққа таң қалып, шыныменен тамашалаған...

Мінеки, осы секілді себептермен, “Ләйлә, Мәжнүн” қазақ әдебиетінің ішінен орын алсын демесек те, қазақ оқушылары ескі әдебиеттің асыл бір жұрнағымен таныссын деп басып отырмыз.

Бұл өлеңді қазақ тілінде жазушы араб әдебиетімен жете таныстығы бар қазақтың белгілі өлеңшілерінің<sup>5</sup> бірі Шаһкерім Құдайберді баласы.

Бұл Физули Бағдадидің<sup>6</sup> өлеңін қазақ тіліне аударып жазған еді. Соның әңгімесін өзінше өлең қылған.

*Басқарма*

## ОРЫНБОРДАН ТЕЛЕГРАМ

Губисполкомға<sup>1</sup>, копиясы Губком секретарына<sup>2</sup>.

Облыстық партия комитетінің, Қазақстан Орда Атқару Комитетінің<sup>3</sup>, Қазақстан Кіндік кәсіпшілер бюросының<sup>4</sup> уәкілі хисабында<sup>5</sup> 16-ыншы апрельде<sup>6</sup> Семейге, жалпы, оның бір жағында қазақ арасында партия, кеңес, кәсіпшілер жұмыстарын күшейту үшін шығам. Әуелгі жұмыстар: бар кәсіпшілік аудандарындағы қазақ жұмысшыларын<sup>7</sup> ұйымдастыру, жер туралы шыққан декреттерді іске асыру һәм қазақ кедейлерін милицияға кіргізу<sup>8</sup>. Бұл жұмыстарды жүзеге шығару жоғарғы аталған жұмыстармен таныс ысылған қазақ қызметкерлерінің барлығына байлаулы<sup>9</sup>. Сондықтан Губком мен Губисполкомға тапсырылады: тез арада айтылмыш қызметкерлерді аудандардан губернияға шақыртып алу. Әуелгі уақытта 20 кісі керек. Және де мәлімдеймін: Қазақстанның барлық губернияларына уәкілдер жіберіліп, қазіргі уақытта қазақ арасында Кеңес жұмысы жандандырылады. Бұл жұмыс айрықша маусымды болады<sup>10</sup>. Сол себепті оған салқын қарау жарамайтын қылмыс болып саналады.

Номер 157.

Облыстық партия комитеті, Қазақстан Орда  
Атқару Комитеті һәм Қазақстан Кіндік  
кәсіпшілер бюросының уәкілі Әуезов.

Облыстық партия комитеті, Қазақстан Орда Атқару Комитеті һәм Қазақстан кәсіпшілер бюросының уәкілі есебінде Ақмола губерниясына облыстық партия комитетінің мүшесі жолдас Асфандияр Кенжин шығатын болыпты.

## АШЫҚ ХАТ (Семей губерниясындағы қазақ қызметкерлеріне)

“Қазақ тілінің” осы нөмерінде ортақшыл партиясының<sup>1</sup> кіндік комитетінің<sup>2</sup> Қазақстандағы ортақшылдарға жазған бұйрық хаты басылып отыр<sup>3</sup>. Кіндік мекемелерде шығатын бұл секілді хаттар көп бұйрықтың бірі, көп сәлемнің ішіндегі бір сәлем деп қарауына керек емес. Кеңес хүкіметі құрылғаннан бері қарай ортақшыл партиясының кіндігі осы сияқты хаттарды ұсақ республикалардың<sup>4</sup> әрқайсына арнап жазған болатын. Соларға қарасақ, бәрінде де еншісін алып, бөлек болып шыққан ұсақ ұлттар тізгінін қалай ұстап, көшін қалай бастап, отауын қалай тігіп жүргенін сынға алып, дұрыс ісін мақұлдап, терісін жөнге салып отыратын. Бастан аяқ істелген жалпақ ісін қорытынды жасап, келешектегі ісіне нұсқау беріп отыратын.

Қазақстан автономиясы құрылғаннан бері қарай біздің республикада болып жатқан жөн жұмыс, кем-кетікке кіндіктің өз пікірін ашық айтқаны осы жол. Қазақстандағы жалпы кемшілікті, оны емдейтін емді айтып: жазған бірінші хаты осы. Сондықтан бұл хатты жай-жапсарды сұраған жайға ғана сәлем хат деп қарамаймыз. Не кеңестер съезінде, не партия съезінде Қазақстан турасында жасалған белгілі қаулы, негізді жол есебінде тұтамыз. Кіндік хатына осындайлық мағына беріп, маңызды деп санағандықтан Семей орташылдарының губерниялық комитеті барлық уездік комитеттері һәм жергілікті қызметкерлерге өз тарапынан қосымша хат жазып, губерния ішінде шаншулы мәселелер туралы өзінің ем-домын айтып отыр.

Губком хатында көбінесе уездердің орыс қызметкерлерінің кемшілігі, теріс мінездері турасында жазылғандықтан<sup>5</sup>, мен оларды қойып, қазақ қызметкерлеріне біраз сөз арнап айтпақшымын.

Соңғы уақытқа шейін ұсақ республикалардың бәрінде бірдей болса да, әсіресе, Қазақстанда арылмай келе жатқан бір дерт – ұлтшылдық пен ортақшылдық тартысы<sup>6</sup>. Бұл әңгіме кеңес хүкіметі құрылғаннан бері қарай көп сөйленіп келе жатқан сөз болса да, әлі күнге аяғы жерге тиген жоқ. Республика денесіндегі бір дерт болса, емі әлі күнге табылған жоқ. Жергілікті қызметкерлер өз қотырын өзі қасып, осы аурудың емін табайық деп келген күнде де, бірімен бірінің пікірі қайшы өтісіп, кемшілігі қатар түсіп, жарысып келеді. Бірінің ұғуынша, ұлтшылдықты ортақшылдық туғызады, екіншісінің ұғуынша, ортақшылдықты ұлтшылдық туғызады? 78 күнге шейін аяқтамағандықтан, бұл әңгіме қатындардың ұрысына ұқсап барады. “Мен салдақы болсам, сен де салдақысың”<sup>10</sup> – дегеннің кебін киіп отыр. Осындай халдың себебінен, ел ортасында істелетін негізгі ауқымды істердің көбі бір орнынан жылжымай, бір қалпынан аспай отыр. Бұның бәрінің залалы айналып, үйіріліп келгенде (тасы қызған жарысқойлар да қалып отырған жоқ), солардың өзіменен қолына қарап отырған еңбекшіл қалың елде қалып отыр.

Біздің ұғуымызша, өз қотырын өзі қасығанның бір түрлісі осы болады. Сондықтан, бұл күнге шейін қазақ қызметкерлерінің мінезінде болған кемшіліктерді айтып өтпекшіміз. Қазақ қызметкерлеріндегі кемшілік неше тараулы. Бір табы<sup>7</sup> – негізгі мәселелерді өз ойында дәлдеп шеше алмай, арлы-берлі сандалып, шатасып жүрсе, бір табы – көпшілігі күндегі істейтін ісінің бетін дұрыстап айыра алмай, өз жолын өзі білмей, қақтығумен сенделуде жүр. Кешегі пікіріне – бүгінгі ісі, бүгінгі пікіріне – ертеңгі ісі үйлеспейді, пікір жолында қатпаған, нығаймаған былқылдақтығын көрсетіп жүр. Көбінесе саяздық пен тұрақсыздық білініп отыр. Бір күні өте ұлтшыл, бір күні өте ортақшыл. Бір мәселенің тұсында елшіл, екінші мәселеге көпшіл. Шек білмей жөнді айырмайтын, әрбір істің өңін айналдырып кететін қалыпсыздық мол болып отыр.

Бір табының кемшілігі осы болса, ендігі бір табы – өте төменшік. Өзгеріс заманына лайықты болған екпін кеуде жоқ. Маңайындағы жұрттың бәрін жат көріп, бөтенситін мінезі көп. “Қазақтан қаны басқа адам болса – бәрі бірдей дұспан”, – деп ұғынатын, жалпақ қазақтың жауы деп ұғынып, қазақ

қызметкерлерінің бәрін бірдей кінәсі, кемшілігі жоқ, ақжүрек деп ұғынатын шалалық бар. Өзгенің бәрін жат дұшпан деп ұғынғандықтан, ішінен бәріне де қарсы болып, ол қарсылығын тағы да сыртына шығарып айтпай, айналып өз арасында қыңқылдап, ішінен бықып жүрген қызметкерлердің де саны аз емес. Ортаға кіріп, пікірін ашық айтып, қазақтан басқаның бәрі қазақтың дұшпаны дегенді тастап, ұғып – сөз үйлестіріп, келісіп – іс үйлестіріп жүрген жігіттер губерния ішінде өте аз. Жатсыну, жасқанудың арқасында төңкеріс уақытында мұндай қызметкерлер ешбір тәжірибе, үлгі ала алмай, пікірге саяз, іске олақ, құр ғана байбаламшыл жігіт болып жүр. Олардың өндірген де, өндіретін де ісі жоқ.

Іске қатыспай, оңашада – ұлтшыл, кең байтақта – батыр болу, түбінде, қиын жұмыс емес. Бірақ бұл мінез – нәрсіздіктің белгісі, шынына келгенде, олардың елшілдігіне де сенім жоқ. Көбінесе ұлтшылдықты мода есебінде үлгі қылып жүр деу керек. Әйтпесе, ұлтшыл болсаң: тұмсығыңның ар жағындағы жерді көрме – деп, тоты құсша бір сөзден басқа сөзді білме – деп ешкім де айтқан жоқ. Бір жыл өтсе де, он жыл өтсе де бір ұзақ сонар сөзден айырылмай, іс жүзінде дәнеңе істемей жүру баяғыдағы орыс оқығандарының обломовщинесі<sup>8</sup> болады. Қазақ қызметкерлерінің мінезін өзіне тартпай, дәл сынағанда көзге айқын көрінетін орасан мінездер, негізгі кемшіліктер толып жатыр. Қай қазақтың қызметкерін алсақ та, мемлекеттің негізін түсініп, мемлекетшілдіктің рухын бойына сіңіріп алған жоқ. Бәрінің ісінде де шалалық, жарым-жартылық көп, іске сенбейтін сенімсіздік, олақтық көп, белсеніп кіріспейтін жерқорқақтық<sup>9</sup> көп, ісі өнімсіз, пікірі байлаусыз, беті белгісіз.

Россияда болып өткен әр түрлі хукіметтерді былай қойып, қазақ қызметкерлерінің өз қызметін алғанда, бадырайтып санап беретін қандай істері бар? Істеліп қалған азын-аулақ істер болса, сәті келіп, ойда жоқтан кездесіп істеліп отыр. Болмаса, қазақ жігіттерінің мемлекеттің саясаты билеп, мемлекетшіл рухы, беті билеп істеліп отырған дәнеңесі де жоқ. Ондай өнімді істі істей алмайтынын қазақ қызметкерлерінің бәрі де көрсеткен. Бұл сөздерге мысалды алыстан іздеу керек емес, біздің жалпы мінездерімізді көрсету үшін дәлелдер де жетеді. Қазақ ішінде қай заманда болса да бірінші керек нәрсе – оқу десек, сол оқуды ретті қылып қоятын қазақ учительдері<sup>10</sup> қазақ баласын оқытып отыр

ма? Жоқ. Бұл нені көрсетеді? Қазақтың кейінгі үрім-бұтағына ұлт мектебін жасамақшы болдық. Соған қолынан іс келетін жігіттер мектеп құралын дайындап, тиісті кітабын жазды ма? Жоқ. Қазақтың елі кейін қалған екен, оны өрге сүйреу үшін тәртіп пен талмай іс істеу керек екен. Сол тәртіпті түсініп, істің пайдасы үшін көпшілікке бағынып жүретін қызметкер бар ма? Жоқ. Өзге жұрт қызметкерінің жиырмасын бағындыру (...) <sup>11</sup>. Қазақ қызметкерінің тоңқылдақ өкпесі бар, біреу ерегіссе қызметін тастап кететін де өкпесі бар. Мемлекет рухы түгілі болымсыз тәртіп сақтауға, қисынды іске бағынуға да мойыны жар бермейді.

Іс ауыр, қиын болғандықтан талмай ұзақ істеу керек болса, соны түсініп, талмай істеп отыратын қазақ қызметкері бола ма? Жоқ. Себебі, денсаулығы тәтті, қырда жатып тынығуына керек. Кейбір жігіттер жазды жыл сайын қырда өткізіп, күз болып, қыр көңілсіз тартқанда ғана қалаға келіп, сонда да ел үшін жар құлағы жастыққа тимей жүр деп жүрген жоқ па? Бір себептермен қырға шыға алмай, қалада қалатыны болса, ертеңді-кеш уілеп күрсініп: “Мәскеуге... Мәскеуге!..” – деп ыңыранған Чеховтың кәрі қыздарындай <sup>12</sup> “Қыр... Қыр!..” – деп аңсасы құрып жүрген жоқ па?

Бұның бәрі нені көрсетеді? Бірінші, қазақ жігіттерінің қолынан өнімді істің келмейтінін көрсетеді. Пікір, білім жолындағы шалалығын, әлеуметшіл жолындағы жетілмегенін, нығаймағандығын көрсетеді. Сондықтан бізде өркендеп кеткен іс жоқ. Ретке басқан, беті ашылған дұрыс жол жоқ. Қызметке ысылып, тәртіпке бойсынып, қалыпталған қызметкер жоқ. Сондықтан біздің барлық істеріміз “кустарничестводан” <sup>13</sup> асып жүрген жоқ. Ісіміз болса, қазақ қолымен тоқылған шекпен секілді, өзіміздің өнеріміз сол шекпеншінің ғана өнеріндей.

Міне, осы халді қазақ қызметкерлері түсіну керек. Қазақ еңбекшілінің пайдасын шын ойлайтын болса, осы күнде де талай жұмыс істеуге болады. Қазақ жігіттері: “Іс істейтін өрісіміз тар болғандықтан істей алмадық”, – деп айта алмайды. Қайта өрісін ұзақсынғандықтан, жалқаулықтан істей алмай отыр. Бұл даусыз хахикат.

Ұлтшылдық пен отаршылдық тартысы, Ахаң айтқандай <sup>14</sup>, “орыс мәдениеті мен қазақ мәдениеті теңескенге шейін арылмай-

тын ұзақ дерт”. Бірақ, іс жүзінде оның кедергісін әр бір күнде жоғалтып, кемітіп отыруға болады. Сол үшін қазақ қызметкерлері өз кемшіліктерін мойнына алып, теріс мінездерін жоғалтуға тырысу керек. Тәртіпті, ұғымды, ұзақ сонар қызметкер болуға ұмтылу керек. Сол уақытта ғана істеген істен жеміс күтіп, келешекке үміт артуға болады. Бұдан басқа жол жоқ<sup>15</sup>.

*Мұхтар*

## СЕМЕЙДІҢ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ҮШІНШІ КЕҢЕСТЕР ТОБЫНА

Семейдің губерниялық үшінші кеңестер тобы бүгінгі күн ашылып отыр. Бұл сияқты губерниялық топ бұдан бұрын Семейде екі рет болып өтті<sup>1</sup>. Сондықтан губерниялық кеңестер тобы деген сөз – қазақтың құлағына жат сөз емес. Топтың бәрі бір атана болғанымен де, істеген жұмысы, маңызы, мағынасы әр түрлі болмақ. Бұдан бұрынғы болған екі топ маңыз, мағына жағынан карағанда салғастыруға келмейтін екі түрлі маңызда болды. Бұл үшінші топ – олардан көрі де тіпті басқа мағынада болуы керек.

Губерниялық топтардың маңыз, мағыналарын салыстырғанда мен казакқа жұғысы бар мәселелер жағынан ғана қарастырып салмақтаймын. Бірінші: губерниялық кеңестер тобы болған уақытта Семей губерниясы Сібірдің төңкеріс комитетінің қарауында тұрды. Сібірдің төңкеріс комитетінің ұстанған жолы, көздеген мақсаты – губерниясын өзінің қарауында қалдыру еді. Сол мақсатын орындау жолында Семейді билегенде отаршылдық әдісін (саясатын) қолданды. Іс басында отырғандардың бәрі де бұрынғы отаршылдық қаны тамырын кеулегендер, нашарды құлдану (ды), иеленуді өнер көру жолында тәрбиеленгендер болды. Соның салдарынан бірінші губерниялық кеңестер тобында еңбекшіл қазақ елінің дауысы далада қалды. Отаршылдардың айтқаны ғана болды. Губерниялық атқару комитетіне қазақтан жалғыз ғана кісі мүше болып кірді. Бұл орасандық Орынбордағы кіндік қазақ комитетінің бірінші жалпы жиылысында үлкен сөз болды<sup>2</sup>. Семей губерниясы Қазақстанға қарағаннан кейін күшпен сайланған губатком тарқатылып<sup>3</sup>, оның орнына уақытша төңкеріс комитеті жасалды. Отаршылармен Орынбордан келген уәкілдің<sup>4</sup>



арасында үлкен тартыс басталды. Ақырында Орынбор уәкілі еріксіздікпен Орынборға қайтып кетті.

Екінші губерниялық кеңестер тобы шақырылған уақытта губерниядағы қазақ елі өте көңілсіз түрде болды. Губерниялық топ уақытында Орынбордан келген уәкілдің қайтып кетуіне қазақ елінің ренжуде қалған, оның уақытында болған қазақтың лепірген көңілі өте бәсеңдеп, қайтып қалғанын шет жағалатып қазақ уәкілдері білдіріп те жүрді.

Губерниялық атқару комитетінің һәм губерниялық уақытша болған төңкеріс комитетінің істеген қызметтерін баяндағанда, губерниялық атқару комитетінің қазақ елі үшін істеген ешбір қызметі көрінбеуі. Губерниялық төңкеріс комитетінің аз уақыттың ішінде қазақ елінің, рухын едәуір көтергендігі, қазақты өкімет қызметіне жақындатқандығы көрінді. Бұл баяндамаларды тыңдап, қорытынды жасаған уақытта қаулы өткеру үшін топқа екі қорытынды ұсынылды: бір қорытынды – губаткомның жұмысын ұнамсыз тауып, губерниялық төңкеріс комитетінің ұстанған жолын дұрыс табады. Екінші қорытынды бұған қарсы: губаткомның ісін дұрыс тауып, губерниялық төңкеріс комитетінің жолын қата дейді. Осы екі қорытынды топқа қойылғанда<sup>5</sup>, біріншісіне – айырымсыз ылғи қазақ, екіншісіне – айырымсыз ылғи орыс дауыс берді<sup>6</sup>. Көпшілікпен екінші қорытынды қаулыдан өтті. Осы орында<sup>7</sup> бұл күнге шейін орыс пен қазақтың ешбір бірлесе алмағаны көрініп қалды. Қай түрлі топ болса да қазақ өкілдері ала болып, жіктеніп көрген емес. Жалпы қазақ атаулының мұны бір болған соң, ала болуларына ешбір жол жоқ. Екінші топ та, қазақ халқы да хакімдік (тің) бір жақ тізгініне жармасты. Бұрыннан отырған отаршылдардың бұлтарысына Орынбордан дәл сол уақытта келген Авдеев<sup>8</sup> жолдас жол қоймады. Еңбекші қазақтың өзіне тиісті мүшелі орнын берді. Сол екінші топтан бері бұл үшінші топқа дейін болған уақытта, Семей губерниясының қазағы шетке қағылған жоқ. Жұмыстарына бөгет көрген жоқ.

Осы ашылып отырған үшінші топта қазақ елі басқалардан гөрі үлкенірек жауапты, үлкенірек міндетті көтергелі отыр. Дәл осы уақытта: “Хүкімет қазақтікі” – деген сөз құр жазуда ғана емес, іс жүзінде көрініп отыр. Орынбордан уәкілдер үстіне уәкілдер

келіп, Семей губерниясының ауасын жаңартып, жолын түзеп, саралап берді. Қазақ уәкілдері бұл топта ынталы болып, көздерін ашыңқырап, құлақтарын түріп, әр мәселені жете қарап, негізінен шешулері керек. Бұдан былай хүкімет жұмысының бағытына көбінесе еңбекшіл қазақ елі көбірек жауапты екенін естен бір минут шығармасқа керек. Осы ашылып отырған губерниялық топтың жұмысқа бөгет дерлік ешбір сылтауы қалған жоқ. Бұл топ – қазақ елін қатарға кіргізіп, мұң-мұхтажын қарастырады, жалпы шаруашылықтың түзелуіне барлық шараны қолдану жолын көрсетеді деп білеміз.

## АРҚАЛАНУДЫ ҚАЛДЫРУ КЕРЕК

Газетымыздың осы санында жазылып отырған “200 түйе құн”<sup>1</sup> деген сөзде жазушы көбінесе құн алушылардың хакімдік басында жүрген азаматтарды арқалануын көрсетеді. Өзінің көп сөзінде құн алушыларды көпшіктеп, өзі жалтақтаған мінезін көрсетеді. Бұл біреуді арқалану, басқалардың атымен пайдалану деген сөз қазақ елінде арылмай келе жатқан аурудың бірі: бір жұмыс істелсе, біреу тұтқынға алынса, біреу орнынан түссе, біреу орынға мінсе, яки өнер тапса сыртқы қазақ ол жұмыстың бәрін екінші біреуден деп біледі, өзінше, ылғи теріс мағына беріп, жориды.

Бұл жазуды ылғи түпсіз қиял деп айтуға болмағанмен де, көбі құрғақ ой екендігіне шубһа\* жоқ. Бұл бұрынғы надандық жемісі, ру, ата, жерлестіктің қазақ елінде өте күшті болғандығынан қалған жаман мұра. Ілгергі құба қалмақ заманда қазақтың күшті табы нашар тапты шауып алып, құлданып, күнденіп жүрді. Русиаға қарағаннан кейін де бұл нашар әдет қалмады: екі дуан елдің дауын бітіретін төтенше бас қосу да (ширезушайни сиез)<sup>2</sup> һәр елдің “әділ” деген билері өз елінің дауын даулап, арам болса да жатқа сөз бермеуді ойлайтын, руға бөлініп, көпшілікпен бүктеп, нашар рудың ақысын ылғи ғана сіңіріп отыратын.

Міні, сол уақыттан бері келе жатқан осы тарихы жаман әдет осы күнде де өзінің қара ноктасын қазақтың жүрегінде сақтап отыр; бұған мысал етіп осы жазылып отырған Сыбанұлының сөзін көрсетейін; Сыбанұлы барлық жазған сөзінде құн даулаушылардың руынын күшті екенін, олардың сырттан айтқан, қара буралаған сөзін ғана көрсетеді. Бұл сөз хүкімет басындағы

---

\* Шубһа – шүбә.

кісілердің алдына түсіп, олар ана күшті руды жақтады деген сөзді айтпайды. Іс солай болса, бұл Сыбанұлының жазып отырғанын ескі нашар әдеттің ізі ғана деп түсінуге болады, шыңғыс елінде аухалби, аухалтырге һәм басқа да хукімет кісілері тұрғанын біз білеміз. Солардың қайсысына барып Сыбанның сөзі далада қалды екен? Әрине, оған Сыбанұлы жауап бере алмайды. Бұл жұмыс турасында қырдағы жоғарғы көрсетілген хукімет кісілері өз тұстарынан шарасын істемей отырған жоқ. Семейдегі губхалбикенді<sup>3</sup> де хабарландырмай отырған жоқ. Губхалбикеннен алған мағлұматымызға қарағанда бұл жұмысты түбірлеп тексертуге барлық шарасы істелген көрінеді. Жәбір көріп отырған Сыбанұлы осы газетке жазған хабарынан басқа һеш бір орынға білдірмей, құн сұраушыларға мойынсұнып қарап отырғанын өзі айтып отыр. Ал енді бұл жұмысқа кім айыпты?

Әрине, зорлықшылар айыпты, сонымен бірге құрғақ зорлық, өзімшіл билікке бас иіп, мойынсұнып отырған Сыбан айыпты. Сыбан қырдағы дайын тұрған хукімет кеңселеріне шауып барып, неге көмек сұрап алмайды?

Осыны істеп, құн іздеп жүрген Тұрағұлды<sup>4</sup> Сыбанұлы әлде нелік мағына беріп, дәріс оқыған азаматтардың ретіне қосып көрсетеді (кекеп айтса да). Онысы тіпті үлкен қате. Тұрағұл кім? – Ол әншейін қатарлы қыр қазағы, оның ісін басқа қазақтардан айырып қарауға болмайды. Марқұм Абай ақынның қасиетін Тұрағұл мен Мекайылдың<sup>5</sup> айналасынан іздеген үлкен адасқандық. Құнанбай ұлдарының осы істеген қылмыстарын құн, яки барымта деп айтуға болмайды. Құн болса, кісіні өлтірген елден, ауылдан сұралады (Уголовный кодекс 228-ші статья). Барымта болса, ақысына жету үшін алынады (Уголовный кодекс, 229-шы статья). Бұл жұмыс ол екеуінің біріне де келмейді; өлген кісі кімнің оғынан өлді, әлде үш рудың кісісі қатар атты ма, өлтіруде анық кім айыпты? Ол жағы әлі көмескі жатыр. Соған қарағанда бұл жұмысты сылтаумен мал табу үшін жасалған қол кимыл деп түсінуге болады (Уголовный кодекс, 182–186 статьялар). Сыбанның бұл мақаласы газетке жазылып отырылғандағы мақсұт қылмыс істеушілерді ел алдына салып масқаралау, жазасын ауырлату емес, ондай мақсұт бұл сияқты кісілердің қылмысын жариялаумен орындалмайды. Қатарлы ел азаматы болған, ел алдында жауапты саналатын кісілердің қылмысы ғана жоғарғы мақсұтпен газетаға жазылады. Бұл мақаланы жазудағы

басқарманың мақсұты, қазақтың ескі әдетпен адасқан ойда жүргенін көрсету. Бұдан былай сондай ойдың қалуына шара іздеу, арқаланып, сырттан малдануды құрту; Абыралының хабарында да осы мақсұтты көз алдында ұстаған басқарма Майқы мен Бошанға<sup>6</sup> бөлінген Қарқаралы уезінің азаматтарына да ескерту салып өтті (74-ші сан, “Қазақ тілі”, 19 сентябрь 22-інші жыл).

Әлі де болса басқарманың айтатыны: іс басындағы азамат та өте сақ болып, әділет тізгінінен айырылмау керек, арқаланып қылмыс істеушілерге арқа болған азаматтың өзі көз болып, қуғын салу керек, деген сөз болады. Кейбір шолақ ақылды, аз оқулы іс басына мінген азаматсымақтың ескі әдетті қолдануы сезілсе алдын ала тыйым салып, тиісті жазасын тарттыру керек. Сол уақытта ғана арқалану, сырттан малдану өсегі қалады деп білеміз.

## ОҚУҒА ҰМТЫЛАТЫН УАҚЫТ

Оқудың керектігі турасында сөз жазып отырудың керектігі жоқ! Аспандағы күннің барлығына қандай сенім болса, оқудың керектігіне де сондай сенім болған: оқусыз ел – дүниедегі тіршілік жарысына ере алмай жоқ болады. Біз: “Қазақ хүкіметі, қазақ ұлты” – деген сөздің бәрін де оқу таразысымен өлшейміз: оқусыз атақ – өрмекшінің ұясы сияқты бос нәрсе. Қазақтың азаматтары 1917-інші жылы һәм одан бергі уақыттарда оқу жұмысына өте көңіл беріп кіріскен түрде болды. Өткен 21-інші жылдан бері бүгін Қазақстан өлкесінде, оның бергі жағында осы Семей губерниясында қазақтың оқу жұмысы өте көңілсіз халге айланды. Оның себептерін бұрынғы мақалаларымызда көп жазып, елдің алдына салып, пікір жүргіздік<sup>1</sup>. Сол сөз, сол пікір бұл уақытта пікір бойынша қалып отырған түрі бар. Губерниялық уездің оқу бөлімдерінен қазақ азаматтары сытылып шығып кетіп отыр. Мұғалімдердің жараулысы басқа қызметке, басқа кәсіпке ауысып кіріп отыр. Оқу іздеген қазақ балалары құры сандалаққа түсіп жүр. Оқу жұмысын біз газет бетінде ғана емес, уездік, губерниялық топтардың алдында да қозғадық. Неше түрлі әдемі жобаларды өткізіп, қаулылар шығардық: міне, оқу уақыты келіп жетті, дайындық істеген ұлттың мектептері ашылып, балалары оқи бастады, біздің қазақ... (ше)? Бұрынғы көп мектептер азайтылып ықшамдалды: сол ықшамдалған мектептерден қазақ өзінің санына қарай сыбаға алды.

Семей қаласында партшкол ғана ашылып, 80 бала шамасы қазақ балалары оқып отыр. Бұрынғы Семейдегі рабфак жабылды. Институт деген оқу жұрты да қазақтың кісісі жоқ болғандықтан жабылып отыр. Қазірдегі қазақ үшін ашылғалы отырған мектеп орта дәрежелі (педагогический техникум) мұғалімдік жұрты<sup>2</sup>. Қазақ оқытушыларының, азаматтарының жоқтығын еске алып, оқу бөлімі бұл мектепті де керексіз (деп) тапқан

екен. Губерниялық топта қазақ уәкілдері “Кісі табылады, ашу керек” – деген жобаны қуаттап өткізіп отыр. Бұл мектепке әлі шәкірт те келген жоқ, мұғалімдер де келген жоқ. Бұл мектепте оқытуға лайықтанған азаматтар Әлікей Сәтбайұлы, Сейтбаттал Мұстафаұлы, Имам Әлімбиікұлы еді. Сейтбаттал келіп отыр, ана екеуі келген жоқ. Басқа уездерде қаншалық мектеп ашылды, қай дәрежеде болып ашылды? Бізде түсіп отырған мағлұмат жоқ. Елді түзу жолға жетектейтін азаматтар, қазақ елін қатарға кіргізуді мақсұт еткен азаматтар, оқу жұмысын қарастырыңыздар. Оқу жұмысы қасиетті жұмыс екенін, саясатқа құрбан болуға жарамайтын жұмыс екенін неш уақытта көңілдеріңізден шығармаңыздар. Оқу бөлімдеріне қазақ азаматтары кіріп, қазақ мектептерін ретке салулары керек. Жергілікті елдің қазынасынан асыралатын<sup>3</sup> мектептерімізді өңдеп, барлық керектерін табу керек. 20-21-інші жылдардағы елдің орталарына салынбақ болған, кейбіреулері қаланып бітіп қойған, кейбіреулерінің кірпіші дайындалып қойылған мектептерді аяқсыз қалдыруға жарамайды. Оған оқу бөлімдері ие болып, жергілікті қазына есебінен түзеттіріп, мектеп жасап алулары керек. Сол күйінде аяқсыз қалып, жоғалып кетсе, халықтың малы, қанша еңбегі босқа жоғалғанына есеп болады. Ол кешірілмейтін күнә. Мемлекет ішкі жағынан һәм сыртқы жағынан қауыпсыз халге айланып, тишықты, ашаршылықтан құтылды. Ендігі күш салып қарастыратын жұмысымыз – оқу һәм шаруаны түзеп, өнімді арттыру. Губерниялық оқу бөліміндегі һәм уездік оқу бөлімдеріндегі қазақ азаматтарынан оқу жұмысы туралы мағлұмат жіберіп тұруларын айрықша өтініш етеді. Оқу жұмысы не халде екенін біліп отыруды жалпы қазақ елі керек етеді. Сондықтан оқу жұмысын гәзетке жазып, мән-жәйін елдің алдына салып отыруға міндеттіміз.

## К ТРЕХЛЕТИЮ КИРРЕСПУБЛИКИ

Сегодня исполнилось три года со дня объявления Автономной республики трудящихся Киргизии<sup>1</sup>. В истории нашей революции этот день стал днем фактического раскрепощения ранее угнетенных туземных масс Киргизского края от бывшей царской колонии.

В истории же киргизского трудового народа этот день знаменует собой реальное воплощение в жизнь его идеалов и стремлений на пути освобождения от колониального гнета и великодержавной кабалы. Перенеся последние пытки самодержавия, вылившиеся в дикие формы мобилизации киргиз на тыловые работы<sup>2</sup> в 1916 году, и усилившийся режим полицейских держиморд в степи, доходивших до абсолютного попрания всех прав его как народа, трудовая масса кирнаселения<sup>3</sup> в тумане грядущих дней тогда еще инстинктивно чувствовала приближение восходящего солнца свободы над унылыми степями. И в последние дореволюционные годы в сознании обитателей этих полудиких степей уже бродили чаяния о свободе и заветные мечты о далекой “автомонии” (так киргизы произносили слово “автономия”). Начиная с того момента, киргиз своими внутренними переживаниями постепенно втягивался в орбиту революционной жизни. В первые годы революции он уже реагировал всеми фибрами души на все события, происходившие на видимом для него политическом горизонте.

Правда, не все события он понимал правильно потому и представлял себе значение многих из них очень смутно. Некоторые события до слухов степняков доходили в легендарной форме и служили сюжетом весьма распространенных фантастических рассказов где беллетрист-киргиз в качестве полумифических героев выставлял на сцену “большого бека”<sup>4</sup> и “меньшого бека”<sup>5</sup>



как двух противников, борющихся насмерть за идеал, и оба – за народное благо.

Прошло немного времени с тех пор, и мы теперь видим выросшую в дыму и пламени революционных событий, выросшую на наших глазах стройную фигуру молодой республики трудового народа, занявшего уже свое место в семье остальных ранее угнетенных, а ныне точно так же освобожденных национальностей Российской республики.

Его республика оформляется, крепнет на наших глазах и как цельный государственный организм пускает глубокие корни в толщу трудовой массы, устанавливая непосредственную связь и тесное сотрудничество с ней в деле создания своей государственности, близко стоящей к непосредственным интересам и жизненно бытовым особенностям той же самой массы.

В близости этой республики, этой новой государственности, по своему духу, по своим принципам и намеченным задачам к трудовой массе нет сомнения не только у сознательных слоев трудящихся, но даже и у степняка. Справедливость этих слов выясняется не путем теоретических рассуждений и не путем предположительных догадок, а путем несомненных фактов роста политического правосознания, пролетарского чутья и роста симпатии к власти Советов. Вопреки злостной агитации и навеянными ложным мыслям предыдущих контрреволюционных правительств против Советской власти, огромное большинство трудовой киргизской массы судит весьма логично и трезво по тем результатам, которые достигнуты им во времена каждого из этих правительств. И в этом отношении для него является вполне очевидной та огромная разница, которая существует между властью Советской и властью эсеров и остальных контрреволюционеров<sup>6</sup> различных мастей.

Факты существования автономной республики, во главе которой стоят представители этого трудового народа, существование бесчисленных льгот для кочевого населения сообразно хозяйственно-бытовым особенностям при несении государственных повинностей, существование судов, построенных по национальным признакам, точно так же соответственно укладу его жизни, повсеместное мировое привлечение кирбедноты в ряды милиции, в органы административного управления с целью сближения

власти с толщей трудовых слоев, и, наконец, начавшиеся недавно государственные мероприятия по урегулированию земельных отношений киргиз с казачьим и крестьянским населением с целью удовлетворения земельных нужд коренного населения<sup>7</sup> в первую очередь служат прежде всего живой агитацией за Советскую власть и бесспорным фактом о несомненной близости власти Советов к интересам трудящихся всех угнетенных национальностей.

Что значат такие крохи, обещанные Комитетом членов Учредительного собрания и Уфимским совещанием контрреволюционных групп<sup>8</sup>, работавших под лозунгом возврата к черной реакции и возрождения единой неделимой России, в сравнении с перечисленными выше реальными достижениями при Советской власти, – в этом вполне трезво разбирается реалист-степняк. Ему помогает разобраться в этом не наша агитация, а наши действия. Логика прошлых событий и анализ мероприятий сегодняшнего дня раз и навсегда определяют для киргиза его путь, его направление и разрешают для него вопрос, на чьей стороне должна быть его симпатия.

Представшая перед ним дилемма: капитал или труд – была ясна для него. И он ныне уже всецело приобщился к труду.

В этом нет преувеличений, нет восторженного пафоса, это есть объективное изложение действительности нашим языком, языком обыкновенной плебейской прозы, которым мы говорим о всех наших недочетах и достижениях с одним и тем же спокойствием.

## АХАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ

Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады.

Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаңа арналған тұңғыш той<sup>1</sup> – ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі.

Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде. Кешегі күні оқушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестеді. Ахаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманнан бір ай ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз.

Қаламынан туған өсиет-үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді.

“Қазақ” газетінің сүтін еміп өскен<sup>2</sup> бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзын ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде менің есіме “Қазақ” газетінің әндері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, “кедейді шалапқа мас қылып,

байды қымызға мас қылып”, елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда “Қазақ” газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол мұндалап, жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала “Қазақ” газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын.

Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға “Қазақ” газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын. Ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да елі мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. “Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына” түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған “Қазақ” газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң “маса” болып<sup>3</sup> талай ызындап “оятамын” деп ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын. “Қазақ” газетінің сол заманнан бері қарай талай өмірі өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай аз жыл болса да болып өткен уақиғаларына қарағанда көп, заманға жауап ұратын толқынды заманның бірі.

Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қайықтың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын тарихи уақиғалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі – қазіргі жасалып отырған Ахаңның 50 жылдық тойы.

Саясат толқынына түсіп, ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса ілгері басып беті ашылған қазақ жұрты, бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпенен атағысы келеді. Еркін ойды ойлатпай ауыздан шыққан сөзді баққан патша заманында қазақ жұрты қайрат қылған еріне арнаулы сөзін айта алмаса, бүгінгі күнде азаматы 50 жасқа келіп, сақал-шашы ағарған күнде өксікті сөзін айта алады.

Ахаңның атын қазақ даласындағы қазақ баласының естімегені аз шығар! Бірақ Ахаңды туғызған елі жалаң атын естіп қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болғандықтан білгенімізше бала күннен бергі өмірін қысқаша қылып айтып өтпекшіміз.

Ахаң 1873 жылы Торғай облысы, Торғай уезінде Тосын болысында туған, сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ. Ахаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын.

Ахаңның туып-өскен ауылы қыр қазағының ұғымынша ол кездегі Үмбетейдегі іргелі, аталы ауылдың бірі болған. Оның үстіне белгілі батырдың тұқымы болғандықтан Ахаңның жақындарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі мінезді адамдар көбірек шыққан.

Ахаңның әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жолға түсірмей, өнер-білім үйретпекші болып, жас кезінде Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ школына\* берген. Сол школда оқып жүріп, 13-ке келгенде әкесі Байтұрсын үкімет алдында “жазықты” кісі болып, Сібірге айдалып кеткен.

Мұның себебі, Тосын болысының сайлауына шыққан Торғай уезінің начальнигі “кәрі ояз” Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай тобына болысып, соның сөзін қостап, бұларға қиянат қылғандықтан Байтұрсын “кәрі оязды” сабап, басын жарған, Байтұрсынның айдалған себебі осы. Бұл уақиға Ахаңның соңғы кездегі “Анама хат” деген өлеңінде бала күндегі жүрегіне қандай әсер бергендігін көрсетеді:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам, –

дегені сол күнде әкесі көрген бейнеттен қалған белгісі.

Торғайдағы алғашқы түскен школын жастай бітірген соң<sup>4</sup> тағы ілгері оқуды талап қылып, Ахмет Орынбордағы учительдік\*\* школына түскен<sup>5</sup>. Әуелгі школында да һәм соңғы Орынбор школында да сабақтас балалардың алды болып, жақсы оқыған. Учительдік школдан 4 жыл оқып, жасы 19-ға келгенде, 1892 жылы оны да бітірген.

\* Школ – мектеп.

\*\* Учительдік – мұғалімдік.

Ахаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы осы. Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолымен ел ортасына барып, қазақ балаларын оқытпақ ниетімен Ақтөбе уезі Сатпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылнай школға барып, оқытушы болған<sup>6</sup>. Мұнда біраз уақыт болған соң, Қостанай уезінде Әуликөл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған<sup>7</sup>. Әуликөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының уезіндегі екі сыныфтық орыс-қазақ школы<sup>8</sup>. Бұл айтылған үш школда неше жылдан тұрғаны бізге белгісіз. Жиыны үшеуінде төрт жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған<sup>9</sup>.

Ахаңның Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз. Кетуінің бір себебі, қазақтың басқа жерлердегі халжайын көріп-білу болса керек. Омбыға барып, Алекторовпен көрісуі – Ахаңның кейінгі күндегі адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі, Алекторовтың қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсұтын сезген болар. Атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының жағдайының ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған.

Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері – Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға шейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныфтық орыс-қазақ школында болып, артынан городское училищенің оқытушысы болған<sup>10</sup>.

Қарқаралыда тұрғандағы соңғы 4 жыл Ахаңның саясат ісіне белсеніп кірісіп, жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі. Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған<sup>11</sup>. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын.

1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген<sup>12</sup>, ол петициядағы аталған үлкен сөздері – бірінші, жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан. Көпшіліктің оянуына себепші болған. Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ахаңның аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын салып, агитацияның\* ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған. Сол жылдардың ішінде белгілі “Қырық мысал” жазылған<sup>13</sup>. Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі “Қырық мысал” болатын. Бұдан кейін Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінің біріне мәлім бола бастаған. Бірақ сол кезде төңкерістің күні бітіп, патшаның жауыз үкіметі қайта күшейіп, елшілдерге қуғын жасап, қысымшылық жасайтын қанды күндері қайта туған. Қазақ ішінен ежелден елді ұмытып, адамшылық қарызын шенді-шекпенге сатқан құзғын сияқты тілмаштары, өзімшіл надан болыстары бірен-сарандап бас көтерген. Қараңғы үйді бинт қылған “сабаздарға” жем айыратын жер табылған. Олар “Қырық мысалдың” өлендерін перевод\*\* кылып<sup>14</sup>, 1905 жылдағы петиция берген адамның бәрінің атын жиып, үстінен белгілі доностарын\*\*\* жүргізе бастаған<sup>15</sup>. Бұлардың бейнеті көпке созылмай-ақ, аз күнде еңбегі жанған. Қазақтық өзгеріс уақытында түзелуді ойлап, тура бетпен жүрген азаматтарының бәрі де үкіметтің қырын қабағына ілініп, абақтыға түсе бастаған.

Сол доностың арқасында 1907 жылы Қарқаралы қаласында

\* Агитация – үгіт.

\*\* Перевод – аударма, тәржіме.

\*\*\* Донос – сыбыс, өсек-аяң жеткізу.

Аханды 6 жолдасымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң “жазалыларды” Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай айдалып бара жатқанда Ахаңның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі:

Қош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,  
Айдай бер, қалса адамың қуылмаған, –

деген өлеңінен анық көрінеді. Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң бір жарым жылға (административтік ссылқаға) айдау ретімен Орынборға келген<sup>16</sup>. Орынборда сол тұрған жылдарындағы әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен “Масаны” жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны “Маса” болатын.

Бұл кітабы шыққан кезде Уфадағы “Ғалияда” оқып жүрген қазақ шәкірттері<sup>17</sup> тырбанып, талап қылып, қазақша газет шығармақшы болған. Керекті қаржыны елден жиып, өз орталарынан шығарып, газеттеріне шығарушы болуға Аханды белгілеген.

Қазақтың ол кездегі ерте оянған тобының бірі “Ғалия” шәкірттері еді, солардың талабымен кейінгі уақытта атақты болған “Қазақ” газетіне алғашқы негіз салынған. Ахаң шығарушы болып, “Ғалия” шәкірттері көмекші жазушылары болып, Орынбордағы орыс школында жүрген барлық қазақ баласы басқарманың қара жұмысшылары болып, көптеп-көмектеп алғашқы сандарын шығара бастаған. Артынан “Қазақ” нығайып, өзін-өзі алып жүріп кетті.

1917 жылдың төңкерісіне шейін Ахаңның уақыты “Қазақ” газетімен бірге өтті. Бұнда да “Қазақтың” сатылған тілмәштары жасаған доностары аз болған жоқ. Әлденеше рет “Қазақты” жаппақ болған, штраф\* төлеткен<sup>18</sup>, Аханды абақтыға салмақ болған күндері бізге белгілі. Бірақ Ахаңның денсаулығын ойлап, халін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Үкіметтің тілеген штрафын беріп босатып алды.

1917 жылдың төңкерісінен бері Ахаңның істеп жүрген қызметі, жазып жүрген кітаптары, сөздері жұрттың көбіне белгілі болғандықтан одан бергі жайларын көп жазбақшы емеспін. Осы күнде Ахаң Орынборда.

\* Штраф – айыппұл



Басынан кешкен толқынды күндер сақал-шашына ерте күннен ақ кіргізіп, бетіне әжім түсірсе де әзірше дені сау, жас күнінен көңілі сүйген қызметі болғандықтан Орынбордағы қазақ институтының һәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқытушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады.

Бұрынғы оқушыларға белгілі “Тіл құралы”, “Оқу құралдарынан”<sup>19</sup> басқа соңғы жылдарда “Әліппе істерін” һәм қазақша жазған. Бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. Жаңадан алған хабарға қарағанда, былтырдан жазып жүрген “Мәдениет тарихы” деген кітабын осы күнде бітіріпті<sup>20</sup>. Жақында о да басылып шықса керек. Ахаң соңғы жылдардағы уақыттың бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да соған арналған. Сондықтан бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен, жүрекке жылы тәтті өлендерін соңғы жылдары ести алмай жүрміз.

Бірақ Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ.

Әлі күнгі қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр. Бұдан 10–15 жыл бұрын:

Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,  
Кім қалды таразыға тартылмаған? –

деп Ахаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ахаңның ғана ардақты атын атаймыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы.

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

Сондықтан 50 жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ахаңа біздің айтатын сөзіміз: “Ахаң – еңбегі жанған жанның бірі.

Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды”.

Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды, әлі де болса, өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды.

## ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ

Әдебиетті әдебиет тарихы бойынша тексергенде екіге бөлінеді. Бірінші, халық әдебиеті<sup>1</sup>, екінші, жазба әдебиет<sup>2</sup>.

Халық әдебиеті деп бір халықтың мәдениет жүзінде жас болып, оқу, оқыту деген нәрселер болмаған надан шағында сол халықтың арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден бірге қалып айтылып жүрген: өлең<sup>3</sup>, жыр<sup>4</sup>, ертегі<sup>5</sup>, мақал<sup>6</sup>, жаңылтпаш<sup>7</sup>, айырым бесік жырлары<sup>8</sup>, діндар өлеңдер<sup>9</sup>, үлгілі әңгімелер<sup>10</sup>, жын, шайтан, аруақтар туралы айтылған әр түрлі хикаялар<sup>11</sup>, халық дәрігерлігі, олардың жері, сиқырлар, албастылар һәм басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасы халық әдебиетіне жатады<sup>12,13</sup>. Халық әдебиетінде жоғарғыларды кім айтып, кім шығарғандығы, анық иесі мәлім болмайды. Ескі білетін кісілерден кім ұғып жаттап айтса, сол не болып, бірден-бірге тапсырылып жүре береді. Ондай белгілі иесі болмаған сөздер жалпы халыққа ортақ мүлік есебінде қалып отырады. Сондықтан жоғарғы айтылған адамның құлқына, тіршілігіне пайдалы жалпы халыққа ортақ сөздер халық әдебиеті деп аталады.

Жазба әдебиет болса, халықтың әлгі мәдениетке аяқ басып, араларына өнер-білімнің таралған, сөздің қадірі артқан, іштерінен белгілі ақындар, шешендер шыққан шағында, солардың қолымен жазып, яки тасқа бастырып шығарған өлеңдері, үлгілі сөздері жазба әдебиетке жатады.

Жазба әдебиеттің қайраткерлері туысынан талантты болған, маңайындағы көрінген түрлі көрініс, оқиғаларды ашық суреттеп отыратын заманның тілшісі болады. Оқымыстылар бір халықтың келешектегі болатын бағасын тексергенде, алдымен сол халықтың әдебиетін қолға алып қарайды. Бұл халыққа тұлға болатын негізгі ірі нәрсенің бірі сол халықтың әдебиеті деп санайды.

Біздің қазақ-қырғыз халқы әдебиетінің тарихын тексерген шет жұрттың оқымыстылары қазақ-қырғыз халқының әдебиетіне қарап, қазақ-қырғыз халқы өзі тұрғылас халықтардың арасында әдебиетіне бай, басқалардан бұлардың болашағы гүлді, түбінде іргелі ел болады деп ой жүргізетін. Һәм біздің өз жазушыларымыз деп қазақ-қырғыз елінің халық әдебиетін басқа жұрттың, халық әдебиетімен салыстырып, халық әдебиетіне баймыз, болашағымыз гүлді деп жобалап қуанатын. Бірақ біздің халық әдебиетіне баймыз деп ауызбен айтып құр жұбанып, құр қуанғанымыз болмаса, әлі күнге халық әдебиетін жарыққа шығару туралы аса күрделі іс істеп жүргеніміз жоқ. Халық әдебиеті жиналып, жазылып қағаз бетіне түспесе, бірден бірге ауызға тапсырылып жүргенде, қайта жоғалып өшпесе, өнбейді.

Халық әдебиетінің өркендеп дәуірлеген шағы – халықтың шаруасы күйлі, жері кең, үдере көшіп, ен жайлап, сауық-сайран, мереке қызықпен күнелткен көшпелі тұрмыста болған шақтарында болды. Егер халық көшпелі тұрмыстан қалып, отырықшы тұрмысқа айналса, отырықшы халықтың кәсібіне кіріп, еңбекпен күнелтіп, бос жүретін іссіздікті тастаса, бұрынғы ойын-той, сауық-сайран сиреп жоғала бастайды.

Халық бір түрлі тұрмыстан екінші тұрмысқа көшкен соң, бұрынғы тұрмыстың шағында қолданған ғұрып-ғадет, түрлі рәсімдердің бәрі де ескіріп, тотыға бастайды. Осымен қабат бұрынғы сауықшыл кездегі ауыздан ауызға көшіп жүрген өлең, жыр, тақпақ, мақал, айтыс өлеңдер сияқты халық әдебиеті де тотығып, жоғала бастайды.

Екінші, бөгде, көршілес отырған халықтармен кәсіптері бір, қатынасы мол болған соң, олардың салттары да зор әсер беріп, бұрынғы тұрмысы үсті-үстіне тотықтыра бермекші. Кейінгі жаңа буынның жастары жақын, көршілес халықтың салтын әуес қылып қолдана бастайды. Ел арасына сыбайлас көрші отырған халықтың түрлі рәсімдері, өлең-жырлары тарала бастайды. Міне осы ретпен халық бұрынғы кездегі салтынан, қолданып жүрген халық әдебиетінен заман өте-өте бүтіндей тотығады. Ескілікті өлең-жырларды жаңа буын жастары білмейді.

Аздап кәрікұлақты ескі кісілердің ғана жадында қалады. Ондай ескілікті халық әдебиетін әуес қылатын адамдардың өзі де ел арасында сирек қалады.

Қазіргі уақыттағы қазақ-қырғыз халқының жалпы халін алсақ, жоғары айтқандарды тап басады. Шет халықтарымен сыбайлас отырған жердің жаңа буын оқымаған жастары бұрынғы уақыттағы:

Ала бием тай табар,  
Мінсем көңілім жай табар.  
Мен қалқамды сағындым,  
Сәлемімді айта бар<sup>14</sup>, –

деп айтатын ескі халық өлеңдерінің орнына:

Ах-ау не дарит, не шумит,  
Биуаш гуляйт.  
Гуляйт болмасаң черномайт  
Ах-ау не дарит, не шумит.

болмаса:

Люблю, люблю, мамажай,  
Люблю тебе айуажай.  
Черт тебе ох, милый мой,  
Ташкент уезжай.

Міне, осы сияқты іске аспайтын өлеңдер халық арасына сіңіп орын алып, қазіргі күнде бұрынғы тақпақ, үлгілі билер сөзі ел арасында атымен жойылып барады деп айтуға болады. Ел тағдырын қолына алған пысықша атқамінерлер, аздап шала-пұла орысша білетін зақұншік болыстар, олардың бәрі де бұрынғы үлгілі сөзді билердің орнын баспақ түгіл, қазақтың түзу екі сөзінің басын қосып сөйлей білмейді.

Ел арасында халық әдебиетінің көмескілене бастауына екі күшті себеп: соғыс әлегі<sup>15</sup>, ашаршылық апаты болды<sup>16</sup>. “Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама”, – дегендей шаруасы күйзеліп, естен тандырып бас көтерместей қылып кетті. Талас жоқ, қашан да болса халықтың шаруасы күйзеліп, тұрмысы нашарласа, халық әдебиеті көмескіленіп жоғала бастайды. Сондықтан халық әдебиетін жинап, жарыққа шығаруды мақсат қылушылар ел арасында халық әдебиетінің із-түзі бар кезінде жинап қалуға қам қылу керек. Егер салақтық қылып, ермек еткен сияқты оқтын-оқтын үн шығарып, ескі үйреншікті әдетімізге салынсақ, біраз жылдың ішінде халық әдебиетінен жұрдай болуымыз айдан анық.

Ел арасынан халық әдебиетін жинау туралы бұл күнге шейін Түркістан Білім Комиссариатының біраз еңбегі болмаса<sup>18</sup>, жай құрғақ сөзден басқа көзге көрінерлік еш нәрсе де істелген жоқ. Қазақстан мэтбұғатында<sup>19</sup> халық әдебиетін жинау туралы 20-жылы “Еңбек туында”<sup>20</sup> бір мақала һәм 22-жылы “Бостандық туында”<sup>21</sup> бір-бір мақала басылып еді. Одан бері олардың да мэтбұғаты\* халық әдебиеті туралы “жым-жырт” ойлағандай болып жатыр. Енді өткенге салауат, бірақ жұрттылығымызды ашық көрсетіп халық әдебиетін жинаудың шарасына кірісуіміз керек. Меніңше, халық әдебиетін жинауға қолайы бар адамдар оқыған шәкірттер болуы. Шәкірттер жаз елдеріне бара алған жақтарында халық әдебиетін жинап, керекті тауып пайдаланатын, басылып жарыққа шығаратын баспасөз майданына түсетін жерге жеткізуі керек. Және жинаушы шәкірттердің аса күш салып жинайтыны ескі, халық арасына өлеңдері кең тараған ақындардың өлеңдері, олардың өмірі, қай уақытта болғандығы туралы мағлұмат жинауға кірісуі керек. Әсілі ескі әдебиетімізді жинауға жас оқығандарымыз күш көрсетпесе, халық әдебиетімен аз жылдың ішінде ашық қоштасамыз. Мұны оқыған сергек, әдебиеттің қадірін білетін азаматтар еске алуы өте қажет.

---

\* Мэтбұғат – баспасөз.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ (Тарихи-әдеби сын)

Қазақ әдебиетінің осы күнгі қалпымен әм келе жатқан бетімен таныстығы бар адамдардың біздің әдебиет туралы айтатын әр түрлі пікірі бар. Орыс жазушыларының<sup>1</sup> қысқаша сындарына қарағанда біздің ескі, ауызша әдебиетіміз бай, өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасынан айтқанда, қазақтың даласы секілді кең, келешегі көрікті, үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде үлкен өріс алатын әдебиет секілді көрінеді. Бірақ осы жазушылардың айтуына қарағанда, жазба әдебиетіміз әлі іргесі нығаймаған, беті анықталып ашылмаған, белгілі түрге түсіп қалыптанбаған майысқақ, сынғақ әдебиет деп саналғандай.

Бұл мәселе туралы бізде өз жазушыларымыздың бір жерге қойылған пікірі, бір қалыпқа тоқтаған сыны әзірше жоқ. Бірақ өткен күннің әдебиетін еске түсіргенде, ескіліктен сол белгіні қалдырып кеткен адамды ойлағанда, айтылған өлең, жыр, такпақ, мәтелдердің ауыздан шыққан кезін ойлағанда, бәріміз де өткен күннің өнеріне ішімізден бас игендей боламыз, сөзі қалған кісінің атын құрметпен атағандай боламыз.

Сөзінен туатын мағынасын, ішіндегі қайратты рухы, сыртындағы кестесі мен келісімі өзін еріксіз елеткендей болады. Біз ескі әдетімізді сүйеміз, сүюіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз, құрметіміз орынсыз емес. Себебі, әдебиетімізде өзге жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін ұққандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Мұның үстіне жазба

әдебиетте, классические произведенияларде<sup>2</sup>, кездесетін үлгілі мінездер – типтер, ел ішіндегі айрықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар. Бұның бәрі құрғақ сөз болмас үшін, төмендегіше дәлелдерді көрсетпекшімін.

Мысалға қазақ өміріндегі бақташылық салтты көрсететін атақты “Қозы Көрпеш – Баян”<sup>3</sup> өлеңін алайық. Мұнда бақташылықтан адамға жұғатын теріс мінез, сараңдық (отрицательная черта)<sup>4</sup> “тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, үйінде сілкіп салар сырмағы жоқ” Қарабайдың мінезінен көрінеді. Қарабайдың мінезі, әдеті, өміріндегі мақсаты өлеңнен бастан-аяқ көрінеді. Қарабай – Пушкиннің Скупой рыцарының<sup>5</sup> қазақтағы айқын тұрған типі. Бұған қарсы қойылған сол өлеңдегі байдың үлгісі, мінездісі – Сарыбай. Бұл да өлеңде бүтін адам болып көрінеді.

Бұлардан соңғы тағы сол өлеңдегі өзгеше қызық тип – Қодар. Қодарда малшының ең жақсысы қандай болмағы көрінеді, мал бағушы елдің арман қылған бақташысы, қиял қылған қайратты азаматы көрінеді. Бірақ осымен бірге ең мағыналы жері Қодардың пішінінен адам баласындағы ойсыздық, шолақтық, тар ғана бір бетпен, малмен бірге мал болып кеткен білімсіздік, надандық көрінеді. Өлеңші бұл жерде Қодардың пішініне қарап тұрып, қазақ қалпындағы жалпы кемшілікке күлгендігі білінеді. Жасырын мазақ, ащы мысқыл сезіледі. Осы секілді шебер көрсетілген үлгілі типтер “Қозы Көрпеште” біреу ғана емес, әлденеше.

Бұл турасынан айтылатын толық сөзді кейінге қойып, екінші мысалдарға келейік. Қазақ әдебиетінің өрнектілігіне толық дәлелдер батырлар өлеңінде де бар. Қазақ батырлары бәрі бір қалыпқа соққандай барған жерін қырып келіп, жойып келетін, үнемі жолы болып отыратын, хазірет Әли Сейтбатталша<sup>6</sup> батыр емес. Бұларда қазақ мінезі түгел бар деуге болады. Қазақ батырларындағы мақсат – алдыменен қаншыл болу. Бұның мысалы: Қобыланды, Ер Тарғын. Қобыланды – атаны, руды, туысты бел қылған батыр.

“Атадан туған атасыз, атасын сөйлеп не етесіз, анадан туған некесіз, некесін сөйлеп не етесіз...” – дегені қазақтың ұғымы, қазақ тәрбиесінің ісі...

Қора толған қойымды  
Аш бөріге тастадым.  
Азу тісі балғадай  
Жас бөріге тастадым<sup>7</sup>...–



дегені бақташы қазақ батырының сөзі. Қобыланды, алдымен, кара қазақ; екінші, елшіл болып көрінеді. Және жауы қазақ емес, жат болады. Сондықтан бұның жолы болғыш.

Екінші, мұның қарсысындағы – Ер Тарғын. Бұл – қазақтың бірлігі кетіп, азған заманының батыры. Арысы мұсылман, берісі қазақ ішінен жау тауып, ұйытқы бұзған, шепті жарып, шеңбер бұзған батыр. Сондықтан мұның жолы болмайды. Қазақтың жәй сылбыр мінезді салғырт батыры:

Атадан кескекті туған аюмын,  
Кескілеспей басылман.  
Кілегей кара бұлтпын,  
Кенет жаумай ашылман.

Түтедей сүйегім қалғанша,  
Дұспаным, саған бас ұрман,  
Балуан, сұлтан, батыр хан,  
Қыларың болса, қылып қал.  
Күндердің күні болғанда  
Бас кесермін, жасырман<sup>8</sup>...

Әуелі туысынан бастап сөйлейтін тәкаппар, нағыз қазақ бұл сөзінен көрінеді. Қазақ батырының барлығының жайынан айтатын сөз. Бәрі де – өзге батырлыққа айналдырған салқын қанды, дене қайратынан да жан қайратын артық бағалаған батырлар. Сондықтан бұлардың ортасынан орта ғасырдың рыцарына ұқсаған Тарғын сияқты әйелшілі болса, оның жолы болмаған.

Біздің әдебиетіміздің бізге сүйкімді жерлері осындай ірі жерлерінде, ірі қалпымен өзге жұрттікіне ұқсамай, таза қазақтыкі болып шығатындығында. Біздің ауызша әдебиеттің бұдан басқа түрлеріне, ұсақ тарауларына келгенде, алдымыздан көзді қуантып, жайнап шығатын асыл тас сияқты қымбатты бұйымдары басқа жерде де бар.

Сол ауызша әдебиетте қара сөзбен айтылатын аңқаулықтың исі аңқыған қарапайым ертегімен қатар, Сарыарқаның “ақ көде малға шүйгін шөбі, кір жуып, кіндік кескен жері, көлеңкелі ағашы, қоңыр желіне” шейін шеберліктің орамына кіргенін көреміз.

Тайлақтың енді аман бол, қалған елі,  
Арқаның сен де аман бол, қоңыр желі<sup>9</sup>...

Нәзік сезімді әйел заты Ай, Таңсықтың аузына туған елі, өскен жерімен қоштасарда, ел қиялының салған сөзі – осылар. Қазақ

даласында ақындықтың тәтті сұлулығынан қой баққан қотыр тайлы тазша бала, жар басында жарты лашықтағы сақау қатынға шейін құр қалмағандықтан, ел еркесі батыр да, жұрт тұрғысы бір төре де құр болмаған. Сондықтан өлеңмен айтқан билік, жырмен айтқан өсиет, тақпақпен айтқан дау бір кезде “татуды араз, жақынды жат қылуға” жараса, бір кезде іріген елді біріктіріп, іріткішінің шіріген сөзін саф қылуға жараған. Хан, қара, би, төре, аламаншыл батыр, жетекшіл қарашы – бәрі де айырмасыз кестелі, сырлы сөздің қадірін білімге ұстартып, зейіні ашылған европеецтен кем білмеген.

Ескі қазақ баласы, шынында, туған жерде өлеңмен қарсы алынып, өлеңмен шығарып салынатын болған. Бұл қазақ рухына анық сіңген мінез еді. Сондықтан қазақтан шыққан ту ұстар адамдардың бәрі де өмірінде кез келген ірі істердің бәрінің жанынан ақын рухы мінген тұлпары – өлеңменен желдіртіп өткенге ұқсайды.

Ол замандағы қазақтың өміріндегі кез келетін қиын асу, тар кезеңде жорыққа аттанып, жасанған жаудың қарсысына бару болса, Абылайдың<sup>10</sup> үлкен соғысының біріне бара жатып, керей Жәнібектің<sup>11</sup> өзіне берген батасы мынау:

Қарулы мылтыққа жолықтыр,  
Құрсаулы жауға жолықтыр,  
Ел сасқандай,  
Етек басқандай,  
Абылайдың сарт... ашқандай күнге жолықтыр,

деген. Бұл – асау қанды батыр, тайғақ кешу, тар жолда еліне еңбек сіңіруді қиял қылған елшіл аламан сөзі.

Ел өміріндегі үлкен өлім – атақты басшылардың өлімі болса, онда да шамырыққан көңілдің шерін сыртқа шығарушы өлең болған.

Абылай өлім халінде жатқанда айтқан Бұқар жырау сөзі мынау:

Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,  
Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,  
Үш жүздің баласынан үш кісі айтсам,  
Қалар да ма екен, жаның-ай!<sup>12</sup>

Осы бір ауыз өлеңдегі мағына қанша? Мұнда – Абылайдың жауынгерлігі, жолы болып, кезенген жауын көп жеңгендігі, елді билеуге шеберлігі, тентек бұзықты тыя білгендігі, ел ішіне

тыныштық орнатқандығы, сол үшін үш жүздің баласының оған деген тілегі, құрметі түгел көрінбей ме? Аз сөзде көп мағына осыдан артық бола ма?

Әр адамның өз басына кез келген қиын күн – өлім; күні болса, оны да өлеңмен қарсы алып және өлім халіне лайықты зарлы сарынмен ән шығарып кеткен адамдар біреу ғана емес.

Сыбан Сабырбай ақынның<sup>13</sup> өлерде шығарған өлеңі мен әні қазақ даласында әлі күнге даланың мұңлы күйінің бірі болып күңіреніп жүр.

Мінеки, бізге ескі әдебиетімізді сүйгізетін себептер осы айтылған секілді мысалдардан туады.

Рас, өткен күннің әдебиеті біздің сүюімізді тілемейді. Сүюімізбен семірмейді де түрленбейді. Жек көруімізбен жоғалып та кетпейді. Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну – біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын әм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі де мүмкін.

Сондықтан мен бұл мақаланы қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі деп атасам да, бүгінгіні сынға салу үшін ескілікті айтпау, әдебиеттің басын айтпау, бізге атадан қалған дәулетті айтпау лайықсыз болғандықтан туып отыр.

Ескіліктен жоғарыдағы айтылған қысқаша мағлұматпен тоқтап, енді жаңа жазба әдебиетке келеміз.

Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература<sup>14</sup> ретінен қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, үлкен адасқандық болады.

Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды.

Наурызбай мен Тілеуқабақ қызының айтысуы<sup>15</sup>, Біржан мен Сараның айтысуы<sup>16</sup> бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан, жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді.

Тегінде, қазақтағы айтыс өлеңдер – өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түрі.

Айтыс өлеңдерінің ерте күндегілері, ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан – Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан, немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон<sup>17</sup>, Ричардсон<sup>18</sup>, Достоевскийдің<sup>19</sup>, уақыттарында туылған. Орыстардың “Бедные люди”<sup>20</sup> деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман<sup>21</sup> түріндегі өлеңдер.

Сондықтан жазба әдебиеттің әуелгі басына бұл өлеңдер кіруі тиіс. Одан беріде жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай<sup>22</sup>, Алтынсарин<sup>23</sup>, Мәшһүр Жүсіп<sup>4</sup> әм Нарманбеттерді<sup>25</sup> алу керек.

Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жасы кем болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгіні, сарынды еске алу керек. Осы соңғы екі сыпатынан қарағанда, әлгі төртеуі қазақ әдебиетінің көшпелі дәуірінің ақындары деп саналуға тиіс.

Көшпелі деп ауызшадан жазбаға қарай көшкенін айтамыз. Мана сол замандағы ой ойлаған адамдардың ойында болған өзгерісті, сөздерінен туған жаңа күйді айтамыз.

Әдебиеттегі бұл көшпелі дәуір қазақтың жалпы тұрмысындағы, тарихындағы көшпелі дәуірмен жалғасып келеді. Қол ұстасып қатар келді, егіз болып туды деуге болады. Қазақты патша саясаты билеп алған, қол-аяғын байлап бағындырып алған, жерін алып, өзінің төрелерін қазаққа ұлық қыла бастаған, отаршылдық әрекетін күшейте бастаған, дінінен айыра бастаған уақытына келеді.

Сыртқы өмірдің осы сияқты себептерінен қазақтың ойына уайым араласқан, көңілі жабығып, қайғы басқан, сөзінен, өлеңінен, әнінен бұрынғы билік, еркелік, еркіндіктің бәрі де арыла бастап, оның орнын арман, зар-шер, қайғы басқан.

Сондықтан әдебиеттегі көшпелі дәуір де осындай мұңды күйден құралған. Осы ретпен қарағанда Шортанбай жазған “Зар заман”<sup>26</sup> – әдебиеттегі, тарихтағы көшпелі дәуірдің зор айнасы. Бұл өлеңнің ішінде қазақ тұрмысына жанасқан кемшіліктің айтылмағаны жоқ деуге болады. Патша ұлығынан бастап,

қазақтың өз ішіндегі берекесіздігі, бұрынғы мінезден айырылып бара жатқандығы, дінін жоғалтып, жастарының азып бара жатқандығы – барлығы да зарлы сарынмен айтылып өтеді:

Заман қайтып оңалсын,  
Адам қайтып қуансын,  
Жандарал болды ұлығың.  
Майыр болды сыпайың.  
Айырылмайтын дерт болды,  
Кедейге қылған зорлығың.  
Тілімәшті көрдік биіндей,  
Дуанды көрдік үйіндей.  
Абақты тұр қасында,  
Қазылып қойған көрінбей.  
Байлар ұрлық қылады,  
Мал көзіне көрінбей.  
Билер жейді параны,  
Сақтап қойған сүріндей...–

деген жоғарғы сөздерге дәлел.

Осы сияқты ел уайымының бір жыршысы – Нарманбет. Бұл бүгінгі күннің қайғысы қажытқандықтан, өткен күннің қызығын көксейді. Бұл да сол күнгі елдің әдеті болатын:

“Сарыарқа, сарқыраған суық қайда?  
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?  
Найзағай жарқ-жүрк етіп нөсер құйған,  
Көк жасыл кемпірқосақ туың қайда?..”<sup>27</sup>

Бүгінгіге қанағаттанбаудың себебінен бұл күнгі табиғатқа да ырза болмағандық – сол көшпелі дәуірдің сүйегіне сіңген мінезінен туып отыр.

“Сандалтып Сарыарқаны алды мұжық,  
Қолынан келер де жоқ, өнер де жоқ,  
Баласы байғұс қазақ қалды мыжып”<sup>28</sup>.

Айла құрығандықтан ең болмаса қазақты ұрсу да сол заманға хас мінез.

Осы сияқты қайғы, уайымның сарыны Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінде де кездеседі. Бірақ мұнда алдыңғылар сияқты шексіз уайым болса, сонымен араласқан жалпы дертпен ем іздеудің талабы да бар. Аурудың емі мынау деп, ашып айтып бір нәрсені шешіп бермесе де, бірде дінді, бірде оқуды, бірде таза адамшылықты ем қылып ұсына бастаған Алтынсарин.

Көшпелі дәуірдегі ақындардың бәрінің жайынан айтатын сөз – бұлар өз заманының бел баласы. Олардың заманы – қараңғыда сипалап сенделудің, қиналудың заманы. Ел дертіне не нәрсенің ем екенін білмей, бірі дінді, бірі ескілікті жақтап, бірі орыс ұлығын жамандап, бірі қазақты жамандап, түпкі дертті таба алмай, жалпақ адасқан заман.

Сондықтан ол дәуірде күншығыстың, діни дерті – религиозный мистицизм<sup>29</sup> де байқалады, ұлтшылдық та сезіледі, болымсыз өнершілдік те көрінеді.

Бірақ осылардың ешбірі де жеңген емес: бір жерге тоқтаған тілек жоқ, бір қалыпқа түскен бет жоқ. Әр жерде әркім өз ауруымен қиналуда, ыңыранып зарлануда болған.

Мінеки, көшпелі дәуірдің айрықша мінезі – осы. Сондықтан ол мезгіл көшпелі дәуір деп аталады. Бірақ ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі, бұлардың өлеңінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа, тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңбері ішіне кіре бастаған. Абайды әдебиеттің басшысы дегенде, осындай кейінгі дәуірді еске алып айтамыз. Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалық көп. Абай – қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, терең де сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан.

Әдебиетке, өлең-жырға бұрыннан орнаған теріс пікір, теріс ұғымның бәрін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген.

Бұдан соңғы бір үлкен қызметі – қырдағы қалың қазаққа Еуропа мәдениетінің есігін ашқан. Орыстың Пушкин<sup>30</sup>, Лермонтов<sup>31</sup>, Крыловтарын<sup>32</sup> қазаққа танытушы – Абай.

Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып, сезімді қылып айтып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында, бұл тілдің барлық байлығы, орамдылығы, өрнектілігі табылған.

Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш, қырдағы қалың қазақтың осы күйге шейін

сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сырымен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі.

Абайдың өлеңін ішіндегі мағынасы мен беттеген бағыты жағынан қарағанда, көшпелі дәуірдің өлеңдерінен айырылатын жері – мұнда сүлдері құрыған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ, оның орнында қазақ өмірінің кем-кетігін түсінген көзі ашықтық бар, дәлелдеп, ауруын тауып, емін айтқан ширақтық бар. Бұрынғыдай әр нәрсені ем көрген далбасалықтың орнына, Абай қазақтың жасына білім жарығына ұмтыл дейді, кәрісіне малынды дұрыстан бақ дейді, атқа мінген жақсыларына елді іріткіге салмай, адал еңбек қыл, қарызыңды атқар дейді. Қазақтың өміріндегі кемшіліктің қайсысына болса да, Абай өз емін айтып кеткен.

Әдебиеттің зор міндетінің бірі – елдің мінезін түзеу деп білгендіктен, Абай ел ішіндегі көпшіліктің мінезін өлеңменен суреттеп, белгілі типтерді де көрсеткен. “Мәз болады болысың”, “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”, “Болыс болдым, мінеки” деген өлеңдерінің бәрінде де қырдағы әрбір таптың адамдарының мінезін сипаттаған.

Абай өлеңінде кездесетін мұң мен зар болса, ол бұрынғы зардың саркыты емес, өз жүрегіндегі сырын айтқан сыршылдықтың сарыны. Бұл да – Абай өлеңіндегі жаңа түрдің бірі.

Мінеки, бұл айтылған түрлердің бәріне қарағанда, Абай өлеңіндегі беттеген бағыт, құлаққа естілген сарын ненің сарыны екені байқалады. Ол – ашық тілек, айқын ұғымның, здоровый реализмнің<sup>33</sup> сарыны. Әдебиетте жұрттың тілегі айқын көрініп, беттеген беті ашық білінген соң, көшпелі дәуір бітеді.

Абай ол дәуірдің ақыны емес екендігін өз өлеңінде де айтып кеткен. Сондықтан өлеңді бастағанда, ескіліктің акындарымен арбасудан бастайды. Рас, олармен ұрысу Абайдың қақысы шығар, өзін тапқан енесін тепкенге ұқсар-ақ. Бірақ ол ұрысу – ескіліктің бетіне қанағаттанбай, жаңадан бет іздеудің белгісі болатын. Сондықтан ол қатасы Абайға кешіріледі.

Абай бастаған сол реализмнің сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге шейін жол болып келе жатыр. Рас, бұл жолда кейде) бір ағым күшейіп, кейде жалпақ жарысқа ұқсап, бытыраңқылық күшейіп жүрген мезгілдер бар. Бірақ негізгі сарынға келгенде, қазақ өміріне тез боламын деген әдісіне, айналына келгенде, қазақ әдебиеті Абай салған жолдан көп ұзап, өзгеріп кете қойған жоқ.

Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – “Қазақ газеті”<sup>34</sup>. “Қазақ” газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілмен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін<sup>35</sup> өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп, талап қыла бастаған уақытына келеді.

Сондықтан бұл уақыттағы іс пен сөзде тығыз қамның, асығудың ретінде бұдан өзгенің бәрін қоя тұрып, бір саясат әңгімесіне жұмылдырудың, жалғыз соған ғана үңілудің қалпында өтті... “Қазақ” газетінің бетіндегі бағыт пенен тұтынған жол да осы ретпен жүрді. Жазылған ұсақ өлеңдер, әңгімелер, барлық мақалалардың бәрі де қазақты ұйқыдан ояту, сергіту, күшін біріктіру, оқығандарын түзу жолға салу, соларға басшы болу, қазақ ісіне көз-құлақ болуға арналған. Бұл тұтынған жолда “Қазақ” газеті өз міндетін атқарды. Бірақ таза әдебиет көзімен қарағанда, “Қазақ” газетінің заманында қазақ әдебиеті бөлекше түр тауып, өркендеп кетіп еді деп айтуға болмайды. Затында тарихпен салыстырғанда, әдебиет саясат жүзіндегі бір беткей жұмылудың заманында көп жаңа түр тауып кете алмайды. Жаңа түр өзге жұрттың ізіне қарағанда, тұрмыс жүзіндегі қиық-жикылықтың, брожеңиенің мезгілінде көп туады. Сондықтан ол күндегі өте жас әдебиетте жаңа түрлерді іздеу де болған жоқ.

Жұрттың бәрінің сөзіндегі бір сарын жалғыз ұлтшылдық сарыны болатын. Бұл турада ескіден келген тарауы, түрі көп ауызша әдебиетпен салыстырғанда, ол күнгі әдебиет ауданы тарылып, түрі азайып, солақай бірақ бетпен кеткен сияқты...

Бірақ “Қазақ” газетінің кезінде бұл ақындардың бәрі де сол газеттің бетін өздеріне бет қылып тұтынғаны даусыз. “Қазақ” газетінің басшылық дәуірі 1917 жылдың төңкерісіне шейін жүріп келді. Өзгерістің алғашқы жылдары қазақ әдебиетіне айрықша жаңалық кіргізген жоқ. Өзгеріске дейін жүріп келген “Қазақ” газетіндегі сарын бұл жылдарда қалпынан ауған жоқ, бұрынғыдай білініп отырды.

Бірақ бұл жылдардың жаңалығы – әдебиеттің беті өзгермесе де, түрі көбейе бастады. Қазақ тілінде пьесалар, әңгімелер жазыла бастады. Аз уақыт шығып тұрса да, ғылыми, әдеби журнал болып “Абай” журналы азынаулақ түр шығарды. Өзгерістің алғашқы жылдарындағы әдебиет қалпы осы болды. Жазба



әдебиеттің Абайдан бергі дәуірін алғанда, жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді.

Ол жаңалық – жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм)<sup>36</sup> дәуірі. Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение)<sup>37</sup> күйі осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді... Бұдан басқа сезім жағына көбірек көз салған бірен-саран пьесаларда, соңғы жылдардың кішілеу әңгімелерінде бар. Жаңа басталып келе жатқан әдебиет дәуірінің бұл сияқты жұрнақтарында, көбінесе, құлаққа ілінетін күй – сезім күйі. Бұлардың ішінде тіршіліктің суреті, әңгімесі аз болса да, ішкі өмірдің сыры көп, адамды өз ішіне үңілтетін мұң мен шердің сарыны бар. Сыршылдық дәуірі, қай жұрттың болса да әуелгі кезде ескі ертегідегі жын, пері, жалмауыз, жезтырнақ сияқты жаратылысы тұманды, қараңғы заттарды жыр қылумен басталған. Қазақта да осының белгісі көрініп отыр.

Қазақ әдебиетінің бұл күнге шейін жүріп келген жолына қарағанда, жаңа дәуір жаңа үлгінің туатын кезі жеткендей. Жазба әдебиеттің жаңадан түбір тауып, ауданын кеңейтіп, келесі өрнекті дәуірге қарай аяқ басуы осы белгілерден басталса керек.

Қазақ әдебиетінің бұл дәуірі буыны берік, қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық – романтизм дәуірі болады.

Бұл арада біздің әдебиеттің өткен күні туралы айтылатын бір сөз: Абайдан бергі дәуірді орыстың реализм дәуіріндей, толық реализм дәуірі деп айтпаймыз. Ол уақыт қазақ әдебиетінің аяғын апыл-тапыл басып келе жатқан кезі болғандықтан, толық реализм шартын көрсеткен жоқ.

Бұл мақалада ол дәуірде реализм<sup>38</sup> болды деген сөз болса, ол өзге күйдің ішіндегі күштірек болған сарын сол деп айтылған. Әйтпесе, әр нәрсеге арналып айтқан ұсақ өлеңдерден белгілі дәуірді туғызатын ұзақ күй шығады деуге болмайды.

Қазақ әдебиетінің тарихы, бағыты жағынан айтылған осы сияқты азын-аулақ мағлұматқа қарап, барлық жазба әдебиеттің салмағын өлшегенде, қазіргі қалпын бағалағанда айтатын сөз: біздің әдебиет әлі жас, әлі бойы өсіп жетілген жоқ. Өткен күніне қарап, келешегі зор десек, біздің әдебиет келесі күнде шығатын талай тұғырларының біреуіне ғана жаңа-жаңа тырмысып келеді.

Біздің ескі әдебиеттен қалған көп сарын, кең ауданның бәрі де жазба әдебиетке келіп, тарылып азайып отыр. Жазба әдебиет бірбеткейліктен арылса, жаңа арылайын деп, жаңа ғана қайтадан тарауланып, ауданын кеңейтейін деп отыр.

Болмаса ауызша әдебиет жасаған күлдіргі тип – Қодарды, қайғылы (трагический)<sup>39</sup> геройлардың типі – Қозы Көрпеш – Баянды, елдің зар-мұңының тілшісі – Асан қайғыны<sup>40</sup>, еркелік-серіліктің типі – Ақан серіні<sup>41</sup> жазба әдебиет жасады ма? Өлі жасаған жоқ. Бұларды айрықша жан деп (тип деп) ұға білген қазақ кейінгіні де ұға алады, ұрпақ түгілі өміріне үлгі қылып, еліктеуге де жарайды.

Ел ішіндегі бозбала Біржанның ақындығы мен салдығына, Ақанның серілігіне еліктесе, батагөй қария Асан қайғының қайғысына еліктесе, далада еркін өскен ерке қыз Сараның салдығы мен айтысқұмарлығына еліктесе, бұл еліктеудің Чайл-Гарольдке<sup>42</sup>, Печоринге<sup>43</sup> еліктеген орыс жастарының мінезінен қай жері кем? Әдебиеттің қазақ мінезін түзеп, басшы болуына мүмкін екендігі осы белгілерден білінбей ме?

Олай болса, жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек. Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті. Бұл күнге шейін біз саяз жүзіп жүрміз. Қазақ әдебиеті қазақ өмірінің бетіндегі қаймағын жалап жүр. Бұрынғы әдебиеттің ішіне тазша бала менен жалшы, сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап, қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс. Әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін.

*Қоңыр.*

## **ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР** **(Ел әңгімесіндегі Қобыланды – ел қиялының** **ұлы батыры)**

Бұрынғы заманда неше алуан хандық құрған түрік жұрттарының көбінің тойын бірге тойлап шыққан бір ел қазақ елі екені тарих жүзінен белгілі. Нағыз қазақ бірлігі XV ғасырлар ішінде шықты десек те, сол бірлікті жасаған рулардың көпшілігі ертерек заманда болған. Алтын Орда<sup>1</sup>, Қазан хандығы<sup>2</sup>, Ноғайлы<sup>3</sup>, Өзбек<sup>4</sup> бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып, ірі тарихи уақиғаларды бастарынан бірге кешіріскен. Бұл мағлұматтың шындығын жалпы тарих жүзінен бір көрсек, ел қиялы жасаған, ел есінде сақталып қалған ескіліктен екінші рет тағы көреміз.

Кейінгі заманда қазақ бірлігін жасаған рулар бұрын Алтын Орда бірлігінде болған. Осы сияқты тарихи дәуірлердің әрқайсысынан қазақтың бүгінде сақталып келген әдебиетінде айқын із болмаса да, долбар жасатарлық ұлы сүрлеу бар.

Қазақ руларының бұрынғы заманда қоныстасып, оттас болған<sup>5</sup> елдіктердің бәрінің тұсынан алып шыққан ырымы, жүлдесі бар.

Бәрінен де қазақ ескілігінде сақталып қалған белгі бар. Алтын Орда бірлігінің мезгілінен Едіге батыр әңгімесін<sup>6</sup> алып шыққан. Одан бері Алтын Орда бірлігі құлап, жалпы саяси бірлік жоғалған уақытта бұрынғы бірлік көзі жақсы кездей болып ұмытылмай жүреді. Ел көңілінде ашық күнді жақсы мезгілдей ниет бірлігі, тілеу бірлігі жоғалмай жүрген бір кез болады. Сол кездің белгісі сияқты әңгімелер: Ер Тарғын, Шора, Қобыланды әңгімелерінде Алтын Орда құлаған кезде соның екі шегінде екі жаңа хандық жасалады. Бірі – Қазан, бірі – Қырым хандығы<sup>7</sup>. Қазанның ішіне Тама<sup>8</sup>, Қыпшақ<sup>9</sup> кіреді. Қыпшақтың бірлігінде болғандығының белгісі болып Қара Қыпшақ Қобыланды әңгімесі қалған. Одан бері де қазақтың бірталай руы ноғайлымен бірігеді. Ноғайлы

бірлігінде болады. Оның ішінде де Қыпшақ болған. Кейінгі қазақ бірлігіне кірген рулар ноғайлы бірлігінің кезінен Сайын әңгімесін алып шығады.

Ноғайлы-қазақ бірлігін жалғыз Сайын әңгімесі емес<sup>10</sup>, ел аузында сақталып қалған басқа өлең жырлардан да сезуге болады. Соңғы замандарға шейін қазақтың кейбір домбырашыларының ноғайлы-қазақ айырыларда тартылған күй деп шертетін күйлері болса керек. Одан беріде ноғайлы-қазақ айырылардағы өлеңі мынау:

Жылау, жылау, жылау күй,  
Жылаған зарлы мынау күй,  
Қазақ пен ноғай айырылды,  
Қазақ сартқа қайырылды,  
Ноғайлының ну елі,  
Күңіренді, кайғырды.  
Қара Қыпшақ қобыланды,  
Қара орнынан айырды.  
Ел қанаты қайырылды,  
Зор күн туды, зор күндер,  
Кетті күлкі мол күндер.  
Жылау менен қоштасу  
Келер ме қайтып ол күндер, –

деген.

Бұл өлең бұдан неше ғасырлар бұрын болған уақиғаны өлең өлшеуіне бір түсіп алған соң, ел есінің қаншалық жерге сақтап келетінін білдіреді. Сайын өлеңі де сол сияқты бірлік кезінен алып шыққан әңгіменің бірі.

Ноғайлыдан соң қазақ руларының көпшілігі өзбекпен бір болған. Өзбек бірлігінің кезінен Қамбар батырдың әңгімесін алып келеді<sup>11</sup>.

Сонымен қазақтағы батырлар әңгімелерін басынан аяғына шейін анықтап тексеріп қарағанда, бізге тіпті анық қылып тарих бетін ашып береді демесек те, сол ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің барлығының да ұлы суретін нобаймен, тұспалмен көрсеткендей болады.

Рас, біз елдің тарихын ылғи батырлар ертегісінен құрап тізбейміз, бірақ ел аузының ескілікті тарихқа қаншалық жәрдемші болатыны кімге де болса белгілі.

Бұл турада қазақ елінің, ішінде сақталып қалған батырлар әңгімелері бүгінгі ел әңгімесі сияқты ескілігін жоғалтқан түрік

тұқымдарының барлығына да тарихтың жаңа бір бетін ашып бергендей болатын сияқты. Бұрынғы түрік тілдеріндегі ескі сөздерді қарастырған Европа ғалымдарының қазақ елінде ескі заманның сарқыны мен белгілері көп болуға керек деген тұспалдары батырлар әңгімесі сияқты қазақтың ескі жыр, ескі өлеңдерінен аныққа шығып айқындалғандай болады.

Жоғарыда саналған батырлар әңгімелерінің әрқайсысының ішінде тарих ауданына сиярлық шындық қайсы, тарих уақиғаларынан қалған із, сүрлеу қайсы, әрбір әңгімеде ел мінезі, ел қиялы, жалпы ұғымы. Бірлік әңгімесінде де қаншалық дәрежеде күшейіп, қаншалық қалыпқа шейін жететін, көрінетін жерлер аз емес.

Алғашқы жасаған долбарымыз қазақтың тарихын тексеріп жүрген азаматтарға орынды көрінсе, “Таң” журналының кейінгі сандарында өзгелердің жайынан да жалпы ой жүргізбекшіміз<sup>12</sup>.

Менің әзірше қарастырмағым – Қобыланды батырдың әңгімесі. Қобыландының ел әңгімесіндегі мезгілі мен қалпын сынаудан бұрын әуелі Қобыланды жайындағы өзім естіген шынға жуық мағлұматтарды білдірмекшімін.

Ел есінде сақталып келген батырдың, шынында, болған адамнан тарайтын әңгімесі де болады. Кейде жалғыз ғана ел қиялының өзі туғызатын да батыр болады. Қобыландыны әуелі осы жағынан қарастырайық.

Орынбор архивная комиссиясының мағлұматында, Қобыландының бейіті Илецкий Защи́тадан ауылға қарай жүретін қара жолдың үстінде, Қобыланды деген бекет бар<sup>13</sup>, соның жанында Қобыландының бейіті деген бейіт бар дейді. Сол маңайдың қазағы Қобыланды жайынан әңгіме де айтады. Бұл – Қобыландының болған адам екеніне бір дәлел.

Екінші, ақсақалдардың шежіресінде ескіліктен қалған әңгіменің ретінде: Әз Жәнібек пен Әбілқайыр ханның тұстасы болады<sup>14,15</sup>. Қыпшақтың Әбілқайырға жағымды басты адамы – қадірлеген батыры болады.

Әбілқайырға Қобыландымен қадірі тең түсіп жүретін Арғын Дайырқожа кектесіп жүргенінде, далада кездесіп, батыр Дайырқожаны өлтіріп кетеді.

Әбілқайыр Қобыландыны беруге Қыпшақтың наразылығынан қорқып, шыдай алмайды. Үш кісінің құнын алып, біт дегенге Арғын тоқтамайды. Сонымен ноғайлыдан кейінгі заманда қазақ

бірлігіне кірген рулардың көпшілігі айырылады. Жоғарыдағы ноғайлы мен қазақ айырылардағы өлеңі осы тұста айтылған болады.

Қобыланды өлтірген Дайырқожаның әкесі Қыдан тайшы, Қыдан деген өлеңші болады. Ел аузында сақталып қалған ескіліктің бірінде сол Қыдан ақын айтқан өлең деп мына өлең айтылады:

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным  
Сексен асып, таянғанда тоқсанға,  
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным.  
Адасқанын жолға салдың,  
Бұл ноғайлы ұлының.  
Аққан бұлақ, жанған шырақ,  
Жалғыз күнде құрыдық,  
Қара Қыпшақ Қобыландыда,  
Нең бар еді, құлыным,—

деген.

Бұл сияқты ескілікті сөздер Қара Қыпшақ Қобыландының болған адам екенін анық, айқын білдіргендей болады. Затында қазақ ескілігіне кіретін батыр әңгімелерінің көпшілігіндегі батырлар ылғи елдің қиялы туғыза берген адам емес, көбінесе болған адамдардан туатын сияқты. Жалғыз-ақ ел қиялының көтеріп, ірілетіп, әуелгі пішіннен өзгертіп, өңдеп әкететіні бар.

Біз көрген батырлар әңгімелері де сол қалыпты.

Қобыланды әңгімесі – ел қиялының сондайлық қылып көтерген, келістіріп суреттеп, шеберлеп әңгімелеген сөзінің бірі. Шеберлеп әңгімелегені барлық батыр әңгімесінің ішіне кіретін адамдардың мінез-қалпын толық қылып шығарудан, батыр жорығын сұлу қылып жырлауынан білінеді. Тағы да батыр пішініне ел мінезін сыйғызып, ел тілегі мен үмітін батыр өзінің көлеміне шеберлеп сыйғызғанынан білінеді. Қобыланды әңгімесінің әңгімелік жолындағы маңызын, бағасын айтудан бұрын, бұл әңгіме тарих ауданына қарағанда қай мезгілде, қандай тарихи уақиғалардың салдарынан туғанын айтайық.

Жоғарыда Дайырқожаның өлімі үстінде айтылған өлең Әз-Жәнібек, Әбілқайыр ханның заманында, ноғайлы-қазақ бірлігінің тұсында болған делінеді. Қобыланды ол заманның адамы болса, онда XV ғасырдың орта кезінде өмір сүрген болады. Мен қазіргі заманда Қобыландыны не арғы, не бергі замандікі деп дауласпақшы емеспін.

Әдебиет тарихының көзімен қарағанда, біздің алдымыздағы міндет – Қобыландының жорығы. Батырлық сапары тарихтың қай кезіне жақындауға мүмкін, соны тексеріп қарау. Елдің есінде ескіден сақталып қалған әңгімені жалпы тарих шеңберіне сыйғызып көру.

Қобыландының үлкен жорығы Қазан қаласына аттанудан басталады. Ел жыры Қобыландыны Қазан қаласымен соғыстырады.

Қобыландының батырлық әңгімесі ел өлеңінде осы уақиғаның айналасында болады.

Біз ел әңгімесінің осы жерін тарихтың қай кезіне келетінін тексермекшіміз.

Әңгімеде Қобыланды Қазан қаласымен соғысады. Әңгімедегі аталған Қазан қаласы қай Қазан? Бізше, бұл бұрынғы Қазан хандығының астанасы болған бүгінгі Еділ бойындағы Қазан қаласы. Бұның дәлелі әңгіменің өзінен көрінеді. Қобыланды аттанып барған Қазан екі қала екен дейді, бірі – сырлы Қазан, бірі – қара Қазан. Бүгінгі Қазан қаласы XIV–XV ғасырлардың шекарасында екі жерде болғаны рас. Әуелі Қазан XIV ғасырдың аяқ кезінде әуелі “Ғызан” деген судың құятын жерінде балқардан шыққан Алтынбек, Қалымбек салған қала болады. Алтынбек, Қалымбек балқардың Ғабдолла ханының баласы, бұның елдігін Ақсақ Темір ойрандап<sup>16</sup>, өзіне қаратып алғанда, ханның екі баласы Еділді өрлеп кетіп, жоғарғы Қазан қаласын салған, артынан XV ғасырдың бас кезінде Алтын Ордадан бөлінген бірнеше рулар келіп, Еділ бойының хандығын жасайды. Оның астанасы Қазан қаласы болады. Бірақ бұлардың тұсында Қазан қаласы бұрынғы ескі Қазаннан 7 шақырым төмен жерден салынады. Кейінгі уақытта Қазан хандығының астанасы да сол болады.

Мөлшермен есептегенде Қазан хандығы 1430 жылдардан 1552 жылға шейін еркін өмір сүрген, өзгеден елдігі, іргесі бөлек бір хандық болады. Өз бетімен еркін өмір сүріп тұрғанда, Қазанда 14 хан болған. Алғашқысы Махмұт, соңғысы 1552 жылы Иван Грозный Қазан қаласын алған уақытта<sup>17</sup> хан болып тұрған Ядгар. Бұл екі арада болған 14 ханның ішінде біздің әңгімеде аталатын Қазан деген хан жоқ. Бұл ат Қазан қаласының атына ұйқастырып, елдің өз қиялы қосқан ат болуға керек.

Біздің ел әңгімесіне қарағанда, Қобыланды батыр Қазан хандығының құлайтын мезгілінен көп бұрын өлген адам болады.

Бірақ әңгіме Қобыландыны Қазанға аттандырады. Соған келелік. Ел әңгімесі, ел қиялы тарихтың пәлен жыл мен пәлен жыл арасындағы уақиға деп санайтын өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отырады. Тарихта дәлді болып өткен мезгілді ел әңгімесінің кейде білмей шатастыратыны да болады. Кейде әдейі біле тұра бір сүйген мезгіліне, не есінде ұмытылмастай болып нық орнап қалған тарихи уақиғаның тұсына, ертеде болған уақиғаны, кейінгі заманда болған уақиғаны да түгелімен алып келіп, бір жерге басын қосып, үйіп-төгіп қоятыны да болады. Сондықтан көп жұрттың ескілікті әңгімелерінен белгілі бір хан мен патшаның айналасына жиналады. Кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп жиып қояды. Орыс жұртының батырлар ескілігінің барлығының (Владимир Красное солнышко) айналасына жиналғаны сияқты, араб жұртының ескіліктегі әңгіме ертегінің көбі харун Рашид айналасына жиналған сияқты<sup>18</sup>. Бергі заманда көп елдікке бөлінген түрік жұрттарының сондай дәуірі. Алтын Орданың кезі болады. Өзге елдерден іргесін бөлек қылып шыққанда, қазақ ескілігінің көбі Әз-Жәнібек ханның да тұсында болады. Міне, осы сияқты жалпы тарих шеңберінен бөлініп, үзіліп шыққан бір мезгіл өзінің тұсына бұрынғы соңғы замандарда болған ірі уақиғаларды, ірі батыр бағландарды түгелімен жинап алатыны болады. Оны жинайтұғын ел қиялы.

Қобыланды да қазақтың ұлы батырларының бірі. Ұлылық бұның ерекше туысында, ел жақсының туысы туралы өзінің нық орнаған көзқарасынан айырылмайды. Ел қиялы бір сүйген түрінен ауыспайды да, адаспайды. Сондықтан Қобыланды ерекше туыспен туады. Бұның жаратылысына да әулие мен пір аралас ерекше қылып туғызады.

Қобыландының алғашқы жорығы Қазан қаласына аттанудан басталады. Әңгіме Қобыландының Қазанды шауып, егескен жауын жеңіп, жолдағы еске алған жауларына жолшыбай шабуыл жасап, содан қайтып келгенде, өз елінде болып қалған ірі уақиғаға кездесіп, елін шапқан қалмақтың Алшағыр деген батырымен соның елін шауып, кегін алуымен бітеді. Бұл уақиғалар бірінің артынан бірі тізіліп келетін ұзақ әңгіме болса да, барлығы Қобыландының алғашқы батырлығы басталып, алғашқы батырлық жолындағы өзгеше қайратын жыр қылып әңгіме қылумен тоқталады.

Қобыланды бұл әңгімеде ел қорғаны болған, елінің мақтаны, айдыны болған батыр. Қобыландының батырлық мінезін,



батырлық туысын ел әңгімесі өзінше толық қылып, батырдың бүтін пішінін жасап шығарғандай болады. Қобыланды алғашқы жорығының өзінде алыстан тоят іздейді. Ежелден кекті болған алыстағы мықты жауға аттанады. Жауға аттанарда қарындасымен, Құртқамен қоштасқан сөзінде өзін-өзі қайраттандырып, жауландырып шын батырдың тасқындаған бір сөзімен жауап береді.

Қора толған қойымды,  
Аш бөріге тапсырдым.  
Азу тісі балғадай,  
Жас бөріге тапсырдым.  
Тоғай толған жылқымды,  
Жасанған жауға тапсырдым, –

деген сиқты желпінген сөздер, шын батыр аузынан ғана шығатын сөздер болады.

Қобыланды барлық әдетінде батыр әдетін істейді. Ол жалғыз жүріп, шабуылды жалғыз жасайды, қауіпті жау ішінде болса да, еркімен ұйықтап, еркін, салғырт жүреді. Қобыланды әйел тілін алмайды, әйел тілін алу қаншалық жақсы адал досы болса да, азғанмен бір есеп деп біледі. Қобыланды әйел көмегін алғысы келмейді. Дұспаннан дұспандық қана күту керек. Дұспандығына қайратпен ғана жауап қайыру керек деп біледі. Сондықтан дұспан қолынан келген жақсылық пен кеңшілікті қабыл алмайды. Көбіктінің қызы Қарлығаның істемек болған көмегін, беріп тұрған бостандығын сол себепті алмайды. Құртқаның болжал қылып, елінді жау шауып, әке-шешен құл мен күң болып, бізді егескен жаудың мықтысы әкеткен заманда келерсің деген сөзі де Қобыландыға тоқтау болмайды.

Қобыланды жорықта олжа үшін, табыс үшін жүрген, дүние құған батыр емес, ол жақсылық атак үшін жүрген батыр, айдын үшін жүрген қол. Сондықтан жорық жолында не кез келсе де, бағасына, ажарына Қобыланды қарамайды, олжа деген жолдастың бәрі тілегенін алып отырады. Сол ретті қарағанда Қобыландының өзін тілеп, өзінікі болмаққа ізденген Қарлығаны олжа деп алып кетеді. Барлық жолдың олжасы да Қият тобы мен Қараманда болады.

Қобыланды – елдің қиял қылған батыры. Бұл – өз руының мақтаны. Елінің қорғаны. Жаугерлік, тыныштығы жоқ заманда, жағалай шабыс құба қалмақ заманы сияқты аума-төкпе заманда, амандықты, тыныштықты тілеген ел батырды қиял қылған.

Сондағы тілеген, қиял қылған батыры – Қобыланды. Бұл серікке қол алмайды. Елге ауыртпалық түсірмейді. Елдің құр ғана қорғаны емес, өзі де ізденеді, жақындағы түгіл алыстағы жаудан да ізденіп барып, өшін алады.

Қобыландының бір басында әрі басшы батырдың, әрі артынан ерген қолдың да міндеті бар.

Қобыланды сияқты батыры, айдыны болған заманда Қыпшақ елін аларлық жау жоқ. Алса қапыда алады. Қобыланды жоқта, қамсызда, бейбітте алады. Бірақ Қобыланды тұрғанда елге өлім жоқ. Ер тіршілігін сақтаушы бар.

Қобыландыдан соңғы әңгімедегі екінші орын алатын Құртқа. Құртқа – Қобыланды сияқты ерекше туған батырдың теңі болып туған көңілдегідей жақсы жары. Онда жарға лайықты шыдам бар. Тоқтаулы мінезділіктен басқа жарын сыйлаған кең сабыр бар. Ол тілеуі дұрыс. Барлық ой, барлық ниетімен жар жолына барын сарп қылған жолдас. Сондықтан ол Қобыландының келешегін ойлағандықтан, болжал айтады. Қобыландының үйде отырған есі-ақылы – Құртқа. Қобыланды қайрат иесі болғанда, Құртқа – ақыл-ой иесі. Екі жартыдан, екі жақсы сыпаттан құрылған жарастықты бір бүтін өмір – бұл екеуінің біріккен өмірі болады.

Құртқаның өз басына арналған тілегі мен ойы жоқ. Ол – Қобыландының өміріне тілеуі мен қызметін қосып жіберген жан. Сондықтан ол тұспал айтудан гөрі басқа түс те көреді. Түсінде Қобыландыны тауып отырады. Құртқа – елдің Қобыланды сияқты батырға қиял қылып қосқан жары. Көбінесе Құртқа Қобыландыдан есті, тартымды болады.

Қызметі: Қобыландыға Тайбурылды асырап жетілтіп, жолдас қылып беру – Құртқаның өзіне мақсат қылған жұмысы болады. Тайбурыл – Қобыландының Құртқадан соңғы серігі, жолдасы. Тайбурыл – көшпелі елдің батырына арналған ат. Көшпелі елдің қысылғанда сенім қылатын қыл құйрықты жел жетпес, есті серігі. Жорыққа, сапарға шыққанда артта қалған елден де, үйден де жалғыз сүйеніш сезімі аты болады. Сондықтан ол ат құр ғана мінгіш, құр ғана жүйрік, берік болудан басқа есті де болу керек. Сондықтан Тайбурыл керекті жерінде (тіл бітіп) сөйлеп те кетеді. Көтерген қиял Тайбурылды өзге малдан жат қылып, ірілетіп әкетеді<sup>19</sup>. Тайбурылдың бұлай болуына Құртқаның тәрбиесі себеп болады.

Құртқа Тайбурылды баласындай тәрбиелейді. Тайбурыл өзгеден өзгеше тәрбие көрген, Құртқа тәрбиесінен шыққан. Сондықтан өзгеден жат ісін көрсетеді.

## ӘДЕБИЕТ ЕСКІЛІГІН ЖИНАУШЫЛАРҒА

Қазақ әдебиетінің шашылып жатқан жұрнақтарын жинап, арнаулы бағасын беріп, тиісті орын-орнына тарату – бүгінгі күнде қазақ тіліне қызмет қылып жүрген жұрттың барлығына да бір жалпы міндет сияқты.

Шаң басып жатқан ескілікті жинап, басын құрап, көпшіліктің мүлкі қылып беру жалғыз ғана әдебиетті сүйюшіліктен тумайды. Жақын жердегі алдыңғы керегі әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптанып, нығайып өзіне біткен көркі мен күшін жинау үшін керек.

Көрік пен күш жинау елдің ішкі байлығын сыртқа шығарып, бетін ашады. Өткен заманның қадірлілері талайдан келе жатқан кәрі қазақтың бұл күнге шейін көмескі болып келген ақыл, сезім жолындағы бітімін айқын көрсетеді. Талайдан қалыптанған ой тұлғасын көзге елестетеді. Қазақтың өткен күндегі тұлғасы айқындалмай, келешегінің беті ашылмайды. Өткен күннің ұғымы мен нанымы, әдеби мен салты анықталып екшелмесе, алдыңғыға бет түзелмейді. Ирегі мен бұраңы көбейеді. Қай жұрттың қай түрдегі өнерін алсақ та, артындағы қоры жиналмай, алдына қарай заулап кеткен емес. Бұл туралы бүгінгі еңбекшіл әдебиетінің өзін мысалға алсақ та:

“Біздің де артымызда ой тербететін ертегіміз бар, мифіміз<sup>1</sup> бар. Алдымызда зор сеніммен күткен келешегіміз бар, магиямыз<sup>2</sup> бар. Ертегіміз жер-дүниені меңгерген ұлы еңбек ертегісі. Алдымыз сол еңбектің адам қауымын баққа жеткізетін келешегі”, – дейді.

Ескілікті тірілтудің үшінші зор керегі мектеп үшін. Әрбір мектеп нағыз ұлт мектебі болуы үшін екі дінгекке тіреледі. Біреуі сол елдің тілі, екіншісі – тарихы. Осы екі тараудағы білімнен әрбір мектептің бір ұлтқа тиісті болған пішіні құралады.

Қазірде қазақ мектебінде тіл әңгімесі бірінші сатыдағы істі істеп келеді<sup>3</sup>. Жазу мен оқу жолында ана тілінің іргесін нығайтып, соны құрап келеді. Тілге арналған қызмет онымен бітпейді. Бұл тілдің қара қызметін атқарып келе жатқан мезгіліміз. Тіл оқуы жалғыз осы сатысында тұрып қалса, ол қалыптасқан өнер сияқты ақыл, сезім жемісі болып ойға азық бере алмайды.

Тіл оқуына әдебиет заңы, әдебиет тарихы ісін талдау барып қосылған күнде ғана тіл оқуы өнерге, білімге айналады.

Онан соң әдебиет ескілігін түгел тірілтіп, жинап алып талғау жалғыз әдебиеттің өз керегін орындап, жоғарғы айтқан керекке жарай қоймайды. Орыс академигі А. Н. Веселовский:<sup>4</sup> “Қай жұрттың ескілігін алсақ та әдебиет ауданы көпке бірдей кең алқап, оған неше тарау өнердің неше алуан адамдары бір соқпай кете алмайды. Сол көп мергеннің бәрінің де іздеген керегі әдебиеттен аз көп болса да табылып отырады”<sup>5</sup>, – деген.

Шынында, ескі әдебиеттен мағлұматты кім алмайды? Санасақ әдебиетшінің өзінен басқа: тарихшы, шаруа білгіші, тәрбиеші, заң білгіштері, мәдениет тарихшысы, тағы толып жатқан көпшіліктің бәрі де сөзін білсе, әдебиет мағлұматын бере де біледі. Ескі грек, рим жұртының тарих көзі жетпейтін кәрі заманында, құлдық дәуірінде болған елдің салт-санасы қандай түрде болғандығы туралы бірталай мағлұматты Гомер өлеңдері беріп отырғаны көпке мәлім<sup>6</sup>.

Сол сияқты қазақ әдебиеті де құр ғана өлең, жыр болып қоймай, ескі заң, ескі мінез, ескі білім тәжірибені білдірудің үстіне, қазақтың шаруа тіршілігі мен тұрмыс түрінен туатын ұғымын да айқын көрсетеді. Көшпелі салт бақташылық кәсібі қазақ елінің ой-сезімін, мінезі мен ұғымын өзгеден бөлек пішінде қалыптаған. Қазақтың алғашқы өзгешелігінен туатын айқын бөлек, тұлғасы бар. Ерекше біткен ұлы денелі қол батыры, жан батыры болған геройы<sup>7</sup> мен героинялары<sup>8</sup> бар.

Бақташылық кәсібінің дәл өзінен туған шаруа геройы Қодар<sup>9</sup> бұл сөздерге дәлел. Мол денелі алып бақташы бұрынғы жағалай шабыс заманындағы Қобыланды<sup>10</sup>, Тарғыннан<sup>11</sup> кем бағаланбайды.

Бір кезде бар мақтанды батырға беріп:

Таңертең шапса, кешке озған,  
Ылдидан шапса, төске озған,  
Томаға көзді қасқа азбаң, –

десе<sup>12</sup>, Қодарға келгенде сол сияқты қиял қылған қара шаруаның қайраткерін еңбегіне сүйсіне жырлап:

Күнімен құдық аршып, түске шейін,  
Сондай құдық қазады беске шейін,  
Кейінің өз суы бар, кейінде жоқ.  
Меспен тасып толтырар кешке шейін, –

деп<sup>13</sup> жазғы еңбегін айтып өтіп, қысқа келгенде тағы бір қырға мініп кететін Қодарды:

Жылқыға тіпті жайлы Қодар маман,  
Сырт дұшпан бата алмайды ол бір қабан.  
Қодекең шүйгітеді қайдағы отқа  
Жылқысы семіз шықты есен-аман,–

дейді<sup>14</sup>.

Қодар пішінінде қазақтың көшпелі тұрмысынан туатын қиялы мен тілегінің бір жерге жиналған мол денелі жиынтығын көрмеуге болмайды.

Іздеуші, сынаушы болса, қазақ ескілігінен бұдан басқа да талай жаңалықты ашуына күмән жоқ.

Сондықтан осы айтылған неше тараулы керегі мен пайдасын санап келіп, ендігі айтылатын жалғыз-ақ сөз: сол қазақтың жоғалып, ұмытылып, тозып бара жатқан сұлу өнерін<sup>15</sup> қайта жинап, тірілту керек деген ғана сөз болады.

Бұл іс бір-ақ беттегі адамдардың міндеті емес, оқи біліп, жаза білген бар қазақ баласының міндеті. Бұл жолда ең алдыңғы тілекті ел ішінде ескі сөзді білетін кәріқұлақтарға айтамыз.

Жазу білгендері ойында жүрген асыл жұрнақтардың бағасын ұғынып өз бетімен жазса, болмаса жаза білетін баласы, інісі сияқты жастарға жазғызса, не болмаса елге әдейі шығайын деп отырған оқушы, оқытушы жастарға жазғызса, сол іс өз міндетін атқарып, қазақтың елдігіне кәрі қолымен қосқан бір бағалы әлем байлығындай еңбек болар еді. Ел ішіндегі ескі сөзді білетін адамдар жаздың қол бос болатын кең күнінде, даяр жазушыға айтып отырып ұзақ өлең, әңгімелер болса да жазғызуы қиын болмас еді. Сол жұмысты істер еді. Осы үмітті ақтар еді деп сенеміз.

Сондықтан биыл жаз Семейдің техникумынан<sup>16</sup> ел ішіндегі сауатсыздықты жоюға шығатын 100 шәкіртке осы нұсқауды қолданатын жоба қылып беріп, ел ескілігін жинап әкелуді тапсырып отырмыз. Бұл кез шәкірт Семей губерниясының барлық

бұрыш-бұрышына саны жеткенше тармақшы. Талай жерде елеусіз жүрген бағалы сөзді жарыққа салмай, ішінде әкетіп бара жатқан кәрі құлақтарға кездеспекші. Сондықтан күзге қарсы сол шәкірттер арқылы көп қадірлі сәлемдемені қалың елден күтеміз.

Енді қазақ әдебиеті мен тарихына жанасатын ескіліктің қандай түрлерін жинау керек, соған келейік. Бұл туралы Семейдің губерниялық методический кеңесі мен қазақ техникумында жасалған мына нұсқаны ұсынамыз:

#### Әдебиет жайынан жазып алатындары:

1. Алдымен ел ішінде кездесетін барлық батырлар әңгімесі. Бұлардың ішінде әсіресе қалдырмайтындар: “Козы Көрпеш – Баян сұлу”<sup>17</sup>, “Қобыланды”<sup>18</sup>, “Едіге”<sup>19</sup>, “Шора”<sup>20</sup>, “Алпамыс”<sup>21</sup> сияқтылар. Бұларды түгел білуші болса білген жерлерін жазып алу керек. Бұл әңгімелердің өлеңмен айтылуы шарт емес: қара-сөзбен болса да алу керек.

2. Ескі жиында айтысқан атақты ақындардың барлық айтысы. Айтысқан өлеңнің, мысалы, Кемпірбай<sup>22</sup> мен Шөже<sup>23</sup> не салдар айтысы сияқтылар болады.

3. Ескі билердің ру тартысының үстінде, билік үстінде өлең, мәтел, тақпақпен ырғасқан сөздері. Мысалы, Ақтайлақ<sup>24</sup> бидің сөзі, Сабырбайдың<sup>25</sup> Солтабайға айтқан сөздері<sup>26</sup>.

4. Есім<sup>27</sup>, Абылай<sup>28</sup> сияқты көпке белгілі хандар жайындағы тарихи өлеңдер. Кабанбай<sup>29</sup>, Бөгенбай<sup>30</sup>, Ағыбай сияқты<sup>31</sup> бергі замандағы батыр жайындағы жорық өлеңдер.

Осы сияқты атақты адамдардың жақыны арқылы солардың өмірбаянын, өмірінде кездескен белгілі үлкен уақиғаларын алу керек. Мысалы, Наурызбай<sup>23</sup> мен Тілеуқабақ<sup>33</sup> қыздарының әңгімесі сияқты.

5. Қыз ұзатқанда айтылатын өлеңдер: жар-жар, беташар, қоштасу.

6. Салтпен байланысқан сыршылдық өлеңдері: естірту, қоштасу (өлім алдындағы қоштасу, жерге қоштасу, өткен дәуренге қоштасу). Жоктау (хан өлгенде қарашының жоқтауы, қара кісі өлгенде үй ішінің жоқтауы). Бұндай өлеңдердің барлық кездескен түрлерін түгел жинау керек. Кім шығарды, қай заманда, кімге арналғаны жазылу керек.

7. Ақтабан шұбырынды сияқты аума-төкпе заманда басшылық еткен ру геройларының әңгімелері. Сол уақиғаның тұсынан қалған ескі өлең, жырлар.

8. Өзен, өлке, қоныс, мола, көл мен таулар атымен жалғасатын ертегіше әңгімелер (легендалар)<sup>34</sup>.

9. Қалмақ пен қазақ жаулығының тұсынан қалған, не болмаса, жақын рулармен жауласқан кезден қалған ескілікті әңгімелер. Көзкөргеннің баяны (воспоминание)<sup>35</sup>.

10. Қазақтың Бұқар жырау<sup>36</sup>, Шөже<sup>37</sup>, Шортанбай<sup>38</sup>, Жанақ<sup>39</sup>, Кемпірбай<sup>40</sup> сияқты ақындарының өмірбаянына тиісті мағлұматтар: қай рудан, қанша жасқа келіп өлген. Өлгеніне қанша болған. Өміріндегі ірі өзгерістер, әдеті, өлеңді көп айтқан мезгілі, кімдерге, нелерге арнап айтқан өлеңдері бар. Солар жиналуы керек. Бұл ерекше көңіл бөлетін мағлұматтардың бірі. Бұлардан басқа ертегі адамынша аталатын: Асан қайғы<sup>41</sup>, Жиренше<sup>42</sup>, Алдар Көсе<sup>43</sup>, Қорқыт<sup>44</sup> жайларындағы әңгімелер. Солар айтты деген өлең, тапқақ сөздер, өмірбаянына тиісті болатын әңгіме. Ескі атақты билер жайынан да жиналуға керек. Олар: Төле, Бекболат, Шоң<sup>45</sup>, Торайғыр<sup>46</sup>, Қазыбек, Ақтайлақ сияқтылар болады.

11. Атақты бақсылар жайындағы әңгімелер сарыны, күйлерінің аты, жындары жайындағы әңгімелер, жындарының аттары, істейтін міндеттері, бақсының сиынатын көмекшілері.

Одан басқа қазақ әдетіндегі шаманизм сарқыттары: “жұп шырақ”, ақ шашу, аластау, ұшықтау, отқа май құю, айтылатын сөздер тағы осы сияқты сақталып қалған ескі әдеттер.

Наурыз сияқты мейрамға арналған өлеңдер, жарапазан өлеңдері.

1916 жыл уақиғаларымен жалғас туған әңгіме, өлең сияқты сымбатты сөздер.

1917 жыл өзгерісінен бергі уақиғалар туғызған өлең, жырлар, әңгімелер.

## Т а р и х ж а й ы н а н ж а з ы п а л а т ы н д а р ы :

1. Әрбір рудың шежіресі, рудың қазіргі туған жерге қайдан келіп, қандай уақиғалардың есебінен келгендігі. Бұрынғы жер иелері, сол замандағы ру басшысы мен батырлары.

2. Орысқа бағынбай хан билеп тұрған заманды білдіретін әңгімелер. Аға сұлтандар билік сүрген кездің әңгімесі. Бұрынғы шербешнай съездер. Көп ру бас қосысқанда жасалған уақытша ережелер.

3. Руды қаратқан себеп. Кім басшы болған. Алғашқы қараған мезгілдің әңгімелері.

4. Қазақ даласының әр жеріне алғашқы келген переселендер. Алғашқы жер алуы. Ол кездегі қазақ пен келімсектер арасы. Алғашқы қағысулар. Бұл уақиғалардың тұсында рулардан шыққан ерлер.

5. 1916 жылдың сыртқы жайын білетін әңгімелер. Елдің берілгісі келмеген жалтағы, алысқа көшу, басшылары. Қарулы әскермен соқтығысу, соғыс суреттері. Көтерілістің арты.

Міне, осы сияқты жайлардан шама келгенше толық мағлұмат жиналуы керек. Жинаушыға қойылатын шарт: барлық сөз айтушының дәл өз аузынан шыққан қалпында ғана жазылуы керек. Бұл сияқты іс басқа губернияларда да болар. Жаз елге қайтатын шәкірттер мен мұғалімдер арқылы жиналатын мағлұмат аз болмайды, көп болады. Оқушы мен оқытушы – біздегі өзінше көп халықтың бірі. Сондықтан олар арқылы қай губерния болса да дағды қылар.

Біздің қазірде айрықша осы жұмысқа шақыратын жеріміз – Қарқаралыдағы қазақ техникумы<sup>47</sup>. Семей шәкірттері Қарқаралыға бармайды. Ол уезд түгелімен сондағы техникумның міндетінде. Сондықтан осы істі қолданып, күздігүні мағлұмат туралы Семей техникумымен айрықша қатынас жасау керек.



# Әңгімелер





## ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ

С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің, қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. (Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында көлденең созылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанмен, еңсіз кереге сықылды, жалғыз тау. Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ ысқаяқ. Арқалық жадағай, жалғыз қабат болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да, оңынан соқса да паналығы жоқ; азынап тұрады. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай кылып тегістеп тастайды)<sup>1</sup>.

Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда, Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қарағанда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Көруге аса көңілсіз.

Жыл сайын қыс басынан қарлы болып, малға панасы жоқ болғандықтан, бауырын жайлаған ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда, шолақ жұттың құрығынан құтылмайтын. Сондықтан бауырын мекен қылған ел көбінесе кедей болатын. Бұл жерді мекен қылған ел, ерте күннен аталарының, қонысы болғандықтан және басқа ірге аударарлық жайлы жері жоқтықтан, “құдайына жылап” отыра беретін. Бұлардың жалғыз-ақ медеу қылатыны Арқалықтың егіндігі еді. (Бауыр сыртының шымы тұтас көделі жер болғандықтан, үй басының салған бірлі-жарымды бөлтек егіні тәуір болып шығып, ұзақ қысқа қорек қылатыны сол болушы еді)<sup>2</sup>.

Арқалықтың бұл айтылған жайлары оңтүстігін жайлаған Уақпен көршілес үш-төрт болыс елге белгілі болатын. Бұған себеп – Арқалықтың сырт елдер қалаға қатынасатын қара жолдың үстінде болғандығы. Өткен-кеткен керуен ұзақ жолда не көлігі талып шалдығып, не өзі шаршап қажып келе жатқанда қадаулы қоналқалық, не түстіктік жері Арқалық болады.

Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікбай кезеңі деп аталады. Күшікбай – Арқалықты қыстайтын бес-алты ауылдың атасы. Өзі батыр болған адам дейді. Дәл қара жолдың аузында, Арқалықтың бір кішілеу биігінің басында тастан үйген оба секілді жалғыз мола бар. Сол мола Күшікбай батырдікі. Кезең де сол себепті Күшікбай атымен аталған.

Күшікбайдың кім екендігін, басынан қандай дәурен кешкендігін әрлі-берлі етіп жүрген керуеннің көбі білуші еді. Оларға білдіретін заманның шежіресі – дәурені өтіп кедейлік басқан, көңілсіз салқын өмірге түскен кәрілер болатын. Бұдан соңғы білдірушілердің көбі өткен-кеткен керуенге көп сөйлесіп дағдыланған, ауыл иесі болған соң, алдынан ешкім шықпай, жаман әдеттеніп, өтірікшілеу болған адамдар болатын. Бұлардың көбі әңгіме айтудан бұрын, азырақ шарт керек қылушы еді. Алдымен күндізгі мазасыз суық пен қар басқан көңілсіз елсіз даладан құтылған болу керек. Өнбейтін азын-аулақ малдың соңынан жүріп әрі іш пыстырып, әрі қинаған бейнеттен серпіліп, күн бата үйіне келуіне керек. (Екінші, көлігіне, өзіне азық сұрап, шығын шығаратын жат керуен жоқ болсын. Сол кезде үйінде бірлі-жарым көңілі сүйетін, сыйлайтын қонағы болуы керек. Ақсақал мал қоралап болып, жайланып шайын ішіп, қазанаспаның аузында кейде жылтылдап, кейде лапылдап жанып жатқан отты көріп, бұрқылдап қайнап жатқан еттің иісі мұрнына келіп отырғанда, серпіліп әңгіме айтатын)<sup>3</sup>.

Жолдан қажып келіп, тынығып жантайып жатқан салбыраңқы, күңгірт пішінді жолаушылар бастарын көтерсе де, жарым-жартылап қалғи отырып, әңгіме тыңдаушы еді.

Міне осындай көңілді жайдың бірінде өткен күндердің көп әңгімесін еске түсіріп отырып, әңгімеші ақсақал сөз арасында Күшікбайдың тарихын сөйлеуші еді.

(– Күшікбай батыр жиырма бір жасында дүние салған екен. Ерте күннен жортуылға аттанып, Уақтың көп батырларының арасында бұғанасы қатпағандығына қарамай, талай қиын-қыстауда ақыл тауып, қажымай қайрат, ерлік көрсеткен)<sup>4</sup>. Осындай өнерінің арқасында ерте күннен батыр атын алған екен. Соңғы жылдарда көздеген мақсаты қолбасылық болып, аяғында оған да жетіп, егескен елінен кегін алып егер қылып жүргенде шешек шығыпты. Шешек ауыр болып, төсекте қозғала алмай көп уақыт

жатып қалған. Сол кезде Күшікбай ауырып жатыр дегенді естіп, талайдан өшін ала алмай жүрген Уақтың бір батыры жауының жанын ауыртпақ болып белдеуде байлаулы тұрған “қызыл бесті” деген атын тал түсте тартып алып кетіпті. “Пәленше атыңды алып кетті” деген ағайынның жетімсіген сөзін естігенде жаны шыдамай, ауруымен алысып, жылқыдан ат алғызып, жалаңаш етіне бір шекпенді кие салып, жауының артынан қуып кетіпті. “Батырды мұқаттым” деп үйіне келіп, жаңа жайланып, жауы отырғанда: Күшікбай атын ойнақтатып, найзасын түйілтіп, өрт сөндіргендей болып зәрін шашып жетіп келген. Сол бетімен ауылдағы самсаған сары қолға: “Соғысамын, қан төгемін”, – деп әлек салған. Бірақ жиылған елдің ішіндегі басты адамдар: “Уақтың баласы бірін-бірі өлтіріп арандаспасын” – деп, ат-шапан айыбымен Күшікбайдың атын қайырыпты. Батыр еліне қайта қайтқанда ауруы меңдей бастап, атқа әрең жүріп, осы күнгі бейігі тұрған биіктің басына келгенде мұршасы құрып, найзасын тіреп аттан түсіпті. Сонан соң басын оңға қаратуға ғана шамасы келіп, жан тәслім қылған. Артынан ағайын-туғаны жылап барса: шешегінің ауыздарын шекпен қажап, қотырының суы шекпенінің сыртына шып-шып шығып кеткен екен дейді. Батырдың көп мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен моласы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған екен, – деп, бағанағы кәрі әңгімесін тоқтатушы еді.

Бұл әңгімені айтушы адамдар Күшікбайдың кім екенін жұртқа танытқанда, өзінің сол батырдың ұрпағы екендігін көңіліне бірталай қанағат қылып, бойы көтеріліп, көңілі күнгірт өмірдің уайымынан бірталай сергіп қалушы еді (...)<sup>5</sup>.

Январь айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей боялып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған азғана алашұбар бұлттар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ. Күні бойы тыныш болған жел Күшікбайдың бауырында ғана ызғырықтап,

жаңада жауған көбік қарды жаяу борасындатып тур. (Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді)<sup>6</sup>.

Жоғарыда айтылған Күшікбайдан асатын қара жолдың үстіне Арқалықты бетіне алып, қала жақтан бір пар атты келе жатыр. Жайдақ сары шанаға биіктеп салған жеңіл жүгі бар, жақсы киінген екі жігіт. (Сылаң еті бар екі қоңыр ат қажығандығын білдірмей, көшір жігіт божы қаққан сайын ығыса жөнеліп, сары желіп келе жатыр)<sup>7</sup>.

Жолаушының бірінің торғын тысты жаңа түлкі тымағы бар. (Қалың киімнің сыртынан киген мол сұр шапанының жағасы қара барқыт. Аяғында байпағының қонышын барқытпен көмкерген жаңа қара етік. Алғашқы көрген жерден-ақ мынау мырзасы екен дегізгендей)<sup>8</sup>.

(Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұртты, шоқша сақалды сұрғылт беті дөңгелек жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз, қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады.

Бұл жігіт – Ш-тың болысы Ақан мырза)<sup>9</sup>. Қалаға қазынаның алымын салуға барып, жұмыстарын түгел бітіріп, үйіне қайтып келе жатқан беті. Қасындағы Қалтай – ерте күннен жанынан тастамайтын жолдасы. Ақан болыс болғаннан бері қарай атшабар қылып, бұрынғысынан да жақын ұстайтын. Қалтай аса пысық, сөзге ұста, қалжыңқой, әсіресе Ақанның түндегі жүрісіне өте ыңғайлы әрі жылпос, әрі тілді ер жігіт еді.

Ақан күні бойы жолда көп сөйлемей, бір нәрсені қадалып ойлағандай болып отырды. Бірақ түпсіз терең ойдың түйінін шеше алмай отырған кісінің пішініне түскенмен, Ақанның ойы қай жерде жүретіні белгілі еді. Ол көбінесе осындай қадалып ойлағанда, қиялында бір сұлу әйелдің суретін тауып алып, соған пәлендей деп сөйлесіп әзілдесем, сондай қылып құшақтасам, сүйсем деп, соны ермек қылушы еді. Қалтай мырзасының не ойлайтынын білсе де, ерте күннен жалтаң болып өскендіктен, ашуланып қала ма деп қорғалақтап, жанын ауыртатын сөздерді мұндай күйде айтпайтын. Сондықтан Ақан үндемегенде, о да үндемей отырады.

Жолаушылар күні бойы тоңбай келсе де, кешке жақын күн суытынқырап, Күшікбай бауырының ызғырығы қатайған соң тоңази бастады.

(Божы ұстап отырған Қалтай бетін уқалап, кішкене қозғалып, Ақанға қарап: – Батыр-ау, мына Күшікбай “мені өлтірген шешек – осы Ш. қаласы” дей ме? Немене: бір емес-екі емес, ызғырықтайды да тұрады, – деп күлді. Ақан да түсі жадыраңқырап күліп, аз сергіп қалды. Біраз уақыт өткен соң тағы да үндемей күні бойғы әдетпен тұнжыраса бастады)<sup>10</sup>.

Осылай алыс жолдан жалығып, тоңып, ығы кетіп қырындап келе жатқан жолаушыларға Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасы көрінді. Ұзақ жол қажытқан жолаушылар осы болымсыз кішкене сызыққа қарап, қоналқаға келетін үйінің әртүрлі көңілсіз жайларын есіне түсірді. Бұрынғыдан да тұнжырады. Көңілсіздік молайды.

Қанайдың қорасы кезең қасына келгенге шейін жан иесінің мекені екендігін білдірмейді. Иесіз аңырап, ұмытылып қалған бірдеңе секілді. Қорадан жарты шақырымдай жерде басы қарақожа болған кішкене төбешіктің үстінде томпайып жатқан бір үлкен кісінің, бір баланың бейіті бар. Жолаушылар өтіп бара жатып, әлгі бейіттерге қарап, ауыздары күбірлеп, тоңған қолдарын көтеріп, беттерін сипап, бата қылды. Күшікбайдың басынан соққан боран жаңадан шыққан бейітті қармен көміп, қараушының көзінен тез жасырудың қарекетін істеп жатыр. (Иесінің дүниеге келгенін сездіретін ақырғы белгісі – томпиған бейіт аз уақытта жоғалмақ, із бітпек. Таудан аса соққан жел бейіт тұрған төбешіктің басында, әсіресе қатты ызғырықтанады; бейіттің тау жағынан топырағын ұшырып, екінші жағына жалданған қармен басып жатыр. Аз уақытта бейітті түгелімен қар көмгендей. Кейде себелеп, сырғып өтіп жатқан ұсақ қар өзінің мейрімсіз, ырзасыз, бірақ еркін бір куә екендігін білдіріп тұр.

Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрған екі кішкене қора да бейіт секілді мүләйім пішінденген. Тозығы әбден жетіп, ескіргенін төбесі де сездіреді. Қыры кетіп жұмырланған бұрыш-бұрышында үйіліп қалған қорда топырақ, қораның онсыз да аласа бойын жермен-жексен қылып тұр. Жан-жағына үйілген қар, қыс басынан бір күрелмегендіктен, қораның үстіне шығып, біржолата басып алған. Аз күнде қораны көзден жоғалтуға айналған.

Бұл күйден аманырақ болған есіктің ғана алды. Кішкене тар күресіні бар. Қыстау айналасының әлгідей пішінінің үстіне, теріскей жақ бұрышындағы бір қораның төбесі ортасына түсіп, таудан аса соққан боран әлгі тесіктін, үстінде ақ түтетеніп, біресе түгін секілденіп ұйтқып, біресе қиыршықтанған ұсақ қарын ішке себездеп төгіп, қораның ішін толтыруға тырысып жатыр. Тау жақтағы пішенқораның ішінде бір-екі шошақтай ғана тапталған аз пішен бар. Бұнда сауырсын жотасының бәрі қар болған бір арық қызыл торпақ және екі-үш жаман тоқты тұр)<sup>11</sup>.

Қораның сыртынан білініп тұрған осы секілді көңілсіз күйін көрген адам “бишара, мынау қандай сорлының қорасы екен?” деп еріксіз айтқандай. Мұны ойлаған адам үйге кіріп, қораны мекен қылған адамдарды көргенде, әлгі ойының шындығына көзі жетуші еді.

Күндізгі біз көрген жолаушылар күн батып, қой қоралаған мезгілде осы қораның алдына келіп тоқтады. Шанадан түсіп, үстерінің қарын сілкіп болған соң, Ақан мырза қораның сикын көріп, көңілсізденіп:

(– Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай, – деді.

Қалтай атты доғарып жатып:

– Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің, – деді.

Құлағына жайлы хабар тиген соң, Ақан үйге кіруге асыға бастады. Аты доғарылды. Енді қонақтар қараңғы қораның ішіне кіріп, қабырғаны сипалап жүріп есікті тауып алып, үйге кірді)<sup>12</sup>.

Үй – ауызүй, төрүй ретінде салған екі бөлмелі екен. Бірақ ауыздағы бөлме затында үйге арналып салынса да, қазіргі қалпында үйліктен шығып әрі шошала, әрі қораның міндетін атқарып тұр. Үйліктің белгісі терезенің жалғыз әйнегін жапсырып қойған тесіктен және жылтылдап от шығып жатқан бір бұрыштағы кішкене қазанаспадан ғана білінеді. Іші қараңғы. Бұрыш-бұрышында аяздаған қар, қабырғасы кара балшықпен сыланған кір. Төбесіне жапқан сырғауыл қарайған, түгел ыстан қап-қара. Терезе жақтағы бір бұрышында жаңа туған бір қозы және арқасына киіз танып қойған бір арық қызыл торпақ тұр. Төрүйдің іші бұдан гөрі аз көңілдірек. Көп тұрғандықтан май болып кірлеп, қарайып кеткен кішкене тар тесіктен кіргенде, оң жақ бұрышта ешбір сәнсіз, ретсіз үйіле салған үлкен пеш бар. Одан жоғары бояуы көшіңкіреген ағаш төсек. Үстінде іждиһатты



қолмен жиылған сұрғылт түсті көнетоздау екі-үш көрпе, жастық. Есікке қарсы төрде кішкене жұкаяқтың үстінде екі ескі сандық, үйдің қалған жерінде бөтен еш нәрсе жоқ. Төр дегені екі-үш кез ғана жерге жайылған ескі құрым киіз. Соның үстінде бір-екі ескілеу сырмақ. Үй ішінің барлық жасауы осы. Бұл үйдің де қабырғасы көп жылдардан бері сыланбағандықтан, әр жерінен қара балшығы шығып, кір болып, қожалақтанып тұр. Пештің де өнебойы не күйе немесе қожалақ болып, кей жерлерінің кәрнезі сынған – о да тозығы жеткендігін білдіргендей. Оңтүстікке қараған екі көзі жамаулы кішкене терезеге тау желі гуілдеп соғып, әр жеріндегі тесігінен тыстағы суық бу болып кіріп тұр. Көздерінің бәрін қырау басқан, аппақ. Пештің қырында тұрған кішкентай жалаңбас лампының жалпылдап жанған болымсыз жарығы үй ішінің қараңғылығын зорға жеңіп, азғана елпілдеп, күңгірт, қызғылт сәулесін түсіреді.

(Бұл үйдің барлық жаны – үш-ақ әйел. Пештің жанында біріне-бірі тығылып, бүрсііп отыр. Әйелдердің біреуі – сексеннен асқан, кәрілігі әбден жеткен кемпір, екіншісі қырықтың шамасындағы әйел, үшіншісі он үш жастағы қыз. Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетінде ерекше бір қайрат білінеді, еркек пішіндес кесек. Үлкен, жалпақ маңдайлы, қошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды. Тақырлау сұйық қабақтың астынан көрінген кішкене өткір көздері қажыған салқын жанармен жалтылдайды. Маңдайы мен екі ұртына түскен қатпары қалың терең ажымдары өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне куә. Бұл кемпір осы үйдің қазіргі қожасы. Ана әйелдің біреуі – келіні, біреуі – сол келіннен туған немере қызы. Келіннің, пішінінде не жақсылығына, не жаманшылығына айғақ болған орасан белгі жоқ: орта пішінді, орташа жаратылған адам тәрізді. Бірақ бұның пішінінде де өзгеден бөтен бір жаттық бар. Қадағалап қараған кісіге ол көрінетін. Тұңғыық қара көздері бір қараған жерден аумай, ылғи жансыздықпен қарап тұрғанына көзі түскен адам бишараның кім екенін айырушы еді. Ол жаңа арада екі көзінен айырылған су қараңғы еді. Бұл екі әйелге ермек, жұбаныш болып отырған – жас қыз. Ол – сыпайы, нәзік болып өскен Ғазиза: жіңішке сұңғақ бойлы, азғана секпілі бар дөңгелек ақ сұр жүзді Ғазиза. Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ ұяң, жұмсақ

қарайтын қара көзінде және ылғи шытыңған, кірбеңдеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні мұнды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр)<sup>13</sup>.

Бұл баланың уайымы не? Уайымы – осы үйдегі үш әйелге ортақ болған жесірлік, жетімдік. Бұлардың басынан тағдыр дауылы жаңада ғана соғып өткен. Қоранын, алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарынан туған. Бұл әйелдердің қуаныш-қызығы да, үміт-қорғаны да сол суық қабырға еліктермен бірге көмілген. Ол қабырда жатқан – Ғазизаның әкесі Жақып және жаны туысқан жалғыз кішкене бауыры – Мұқаш. Осы бүгінгі кештен бір ай бұрын әкесі мен бауыры қабат жығылып, сүзек болды. Ғазизаның ағам өлсе, күнім не болады деп күндіз-түні бірдей тыным алмай, құдайға құпия сыбырлап, оңаша жерлерде тыста жүріп өксіп-өксіп жылағаны, кемпір әжесінің мойнына бұршағын салып, ата-бабасынын, аруағына жалбарынғаны себеп болмай, екеуі де өлген.

Иесіз қорада қуатсыз, қорғансыз үш әйел құлазып зарлап қалғанда, маңайынан жиылған көрші-қолаңшы ғазиздерінің сүйегін суық қабырға салғанын ойлағанда, әрқашан Ғазизаның жүрегі шаншып, өңі қашып, көзінен ыстық жасы тамшылап кетуші еді.

Бұл бала жасынан көкесінің жалғыздығын, ағайындарының достығы жоқ қаттылығын ойлап, сыртына шығарып ешкімге айтпаса да, сол әкесіне жаны ашып, тілеуін тілеумен өскен. Ол көңілді болған уақытта – бұл да көңілденіп, қуанып отырушы еді. Жасынан сезімді бала зерделілігімен әкесінің жалғыздығын, шаруасының нашарлығын ұғып, соған қолынан келгенше көмек қылғысы келіп тұратынын сезген соң, үй іші түгелімен Ғазизаны әлпештеуші еді.

Бұрын әкесі тартатын ауыртпалықтың бәрі бұл күнде Ғазизаның өз басына түскен. Еркек істейтін шаруаның бәрін өзі істейтін болып, әлі келгенше үйінің барлық шаруасын ұстап тұрған – өзі. Соңғы аз уақыттан бері бұл қызметінің үстіне, тағы үй ішіндегі бар жұмыс масыл болып мойнына мінді. Бұрын тыстағы шаруасына да көмегі тиіп, үйдегі барлық шаруаны жайлап отырған шешесі жиырма күннен бері көзінен айырылып, соқыр болды. Жақыптың тірі кезінде көзі анда-санда ауырып. қалып: “шөп түсті”, “көз ауру болдым.”, “желге аскынып кетті”,–

деп жүре беруші еді. Жақып өліп, көп жылаған соң, сол көзі аз күнде суқараңғы болды. Үй үшінін кайғысы бұрынғысынан да асты. (Жетім-жесірге ес болып отырған кемпір, басынан кара тұман айықпай, үсті-үстіне қайғы жауып, қабат каза көрген соң, құдайға, тағдырға нанған көңілмен бір уақыт шын жалбарынып, назаланып: “Құдай-ау, не күнә сұмдығымнан осындай: казаға душар қылдың? Не жазығым бар еді?” – деп меңіреу дүниеге сұрақ қоюшы еді. Ауыр өксікпен күрсініп, кеудесін жарған уайымның жалынын, ешкімнен жауап қайтпайтынын білсе де, анда-санда дауыстап айтып отырушы еді)<sup>14</sup>.

Ғазиза да екі шешесімен қосылып, жүректерін жеген: қайғыларын сыртына шығарып сөйлескенде, бұрынғы өткен күндерін сағынушы еді. Кемпір оны да еске түсіріп: ол күн де бір дәурен екен ғой, Жақып тірі тұрғанда кімнен кем, кімнен қор едім?! – деп, аһ ұрып алып: ендігіні айтсаңшы, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп отырған деп, – үнсіз жылайтын.

Күндегі әдетпен белгілі уайымның соңында бишара әйелдер отырғанда, ауызүйдің есігі ашылды. Үшеуі бірдей: “бұ кім?–десіп есікке қарағанда, бұлар отырған: үйдің де есігі ашылып, үйге түлкі тымақ, жақсы киімдер киген екі қонақ кіріп келді.

Ғазизаның соқыр шешесі Ғазизаны түртіп, қонақтың кім екенін сұрады. Ғазиза қонақтар келген жердегі таңданған пішінмен ақырын: “Білмеймін, танымаймын!” – деді. Қонақтар киімдерінің қалған қарын қағып, төрге шығып отырған соң, асжаулық әкелгізді. Ақан құран оқыды. Артынан Ақан да, Қалтай да үй ішімен амандасып, кемпірге қарап:

– Құдай ісі сыпайышылық, ақырының қайырын берсін!– деп, жайлап көңіл айтты.

(Үй іші қонақтар алғашқы келгенде таңданса да, артынан пішіндерін, калыптарын көрген соң, жетімдік халдеріне мүмкін болған дәрежеде көңілденіңкіреп, жадырап, шамаларынша серги бастады. Еркектері өлгеннен бері қалған әйелдердің уайымынан босаған шағы осы бөтен кісілер келгенде ғана болатын. Одан басқа уақытта үшеуі үйде оңаша отырғанда жетімдік-жалғыздық та, қорғансыздық-сорлылық та көздеріне айқын көрініп, көңілдерін мұң мен зардан айықтырмаушы еді. Сол ретпен қазіргі қонақтар келгенде де қабақтары жадыраған себебі осы еді)<sup>15</sup>.

Қонақтар шай ішіп, жайланып болды. Кемпір ауыл ақсақалы – басты еркектерше қонақтармен әр нәрсе жайынан жақсы сөйлесіп

отырды. Кемпірдің байсалды сөзімен қонақтарын құрметтегісі келіп отырған ықыласын және қайратты жүзін байқаған соң, Ақан да әр нәрсенің жайынан сөйлесуге жалықпайтын сияктанып отырды. Басында қала жайынан, ел жайынан қысқа-қысқа хабарлар айтып отырған Қалтай еді. Шай артынан екі қонақ көбінесе кемпір сөзіне құлақ салып отырды. Кемпір, қонағы – бір елдің болысы болған соң, оның үстіне сөзінің салмағы бар жуан ауылдың баласы болған соң, екінші, әрлі-берлі өткенде бірде болмаса-бірде сөзім, ісім түсер деп, өзінің баласы өлгеннен бергі жайын білдіріп қоюды ойлады.

Осы оймен өзінің жай-күйін айта бастады. Кемпірдің әңгімесі шешен ұғымды тілмен ұзақ айтылды. Даусын біресе тиісті жерде қатайтып, өнін ажарландырып, біресе ақырындап келіп, аяғын сыбырлап жеке-жеке айтып, ұғымды қылып, барынша көңіл-іждиһатпен айтты. Әңгіме әлпеті өлер алдындағы қоштасып отырып айтқан немесе бір үлкен марқабат күткен кісісіне жаны қысылған уақыттағы үміт, тілек айтқан сөзге ұқсайды (...) <sup>16</sup>. Ақанға қарап, қабағындағы кірбеңі жадырап, сөз бастады:

– Қарағым, біздің хал-жайымыздың шет-жағасын көріп-біліп отырсың ғой, – деп, тағдырдың барлық суығына, зардабына, азабына шыдаған, шыныққан қайратты, сабырлы пішінмен күрсініп алды. – Біз жетім-жесір қалған панасыз бишарамыз. Барлық дүниенің тауқыметін арқалап қалған жас балам – анау. Мен болсам – сарнаған тілімнен басқа түгім қалмаған, қайратым қайтқан, бір аяғым көрде, бір аяғым жерде тұрған қуарған бір кемпірмін. Екі көзін алып, құдайым мүгедек қылып қойған келінім – анау. Өзіне күтуші керек қылып отырған ол – бір сорлы.

Әрі өтіп, бері өтіп жүргенде сондайлық бишаралар еді-ау деп есіне ала жүрсін деп, айтып қояйын деп отырмын. Күндердің күні болып жүдеп-жадап, біреуден зорлық, біреуден қорлық көріп отырған үстіне келсең, көзіңнің қырын саларсын. (...) <sup>17</sup>. Жайымды айтып қояйын: ең болмаса – жылы сөзіңді айтарсың. Бөтен елдің жұмысына не сөз айтам демессің. Сендердің сөздеріңді тастай алатын Уақтың баласы жоқ қой. Бұл арада отырған елде адам секілді адам бар ма? Ұрғашы секілді жыбырлаған ұсақ. Қорыққанына ғана жауап беріп, қорықса ғана айтқаныңды істейтін сұмдар емес пе?! Міне – менің Жақыбым өлгеніне екі

ай болды. Біреуі туысқан болып: бишара, жайың қандай, шаруаң не күйде деп, есіктен карады ма екен? Қайта үйімізге келсе, шетінен тысырайып, жуанымсып келеді. Ылғи жетім-жесір деп қызығып анталап, бір нәрсемізді аузына түсіріп алғысы кеп тұрады. Ұялмағырлар ұялмастан бізді жегісі келіп тұрады. Мен сорлы балам өлгеннен бері солардан көрген зорлығымды айтайын деп отырмын.

Жақып өлді. Одан бір жұма кейін, жығылғанның үстіне жұдырық деп, Мұқашым өлді. Күндіз-түні жылауда болып есеңгіреп отырғанмызда: енді бұл үйдің еркектері кетті, ылғи ұрғашы үй болып отыра алмайды; дүниесін бөліп аламыз; қатындарды әрқайсымыз қолды-қолымызға аламыз деп, балаларымның бет топырағы жасырылмай жатып, суық сөз жүргізді ғой. Баламның тірі күнінде ағайын ішінде жақын көріп, бауырына тартып, қолына түскен азын-аулағының жартысын жырып беріп жүрген жар дегенде-жалғыз сенген Ысмағұл не қылды? “Жақып өлгенде бата қылушыларға мен қойымды сойғамын” деп, Мұқашым қысылып жатқанда, даладан ет таусылса – сойып аламыз ба деп жүрген жалғыз ту қойымды әкетті ғой. Мына келініме: “Шаруаға ие болатын кісімсіп қоқактамасын, одан да Жақыпты жоқтауын білсін, малға не болам деп жүр ме өзі?!” – деп айтады дейді.

Менің балам тірі болғанда соның тіршілігінен аужал алып телміріп отырушы еді. Балақтағы биттің басқа шыққанын көрмейісің? Бұлар үшін қарағым не көрмеді? – дей келіп, қабағын көтеріп күрсініп алып: – сол тірі болса, маңына келе алар ма еді? Бәрінің де... боғын жуып, жақсысын асырып, жаманын жасырып, адам секілді қылып, осы ауылды адам қатарына қосқан сол емес пе еді? Жоқтығына қарамай үйін – базар, түзін – той қылып, думан қылып отырудан босаушы ма еді. Момындығы, биязы сыпайылығы қандай еді, топырағың торқа болғыр, қарағым!

Мына жамандардың ішінде оның тырнағына татитыны бар ма? Жақыбым осы жолы ауырғанда – солардың кеселінен ауырған жоқ па! Менің қайнымның мылжың Дүйсен деген баласы бар ғой. Қатынша жыбырлағаннан басқа, істейтін адам сияқты бір мінезі, бір ісі жоқ. Жаннан асқан дүниеқоңыз. Үйіне бір қонақ қонса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады. Үйіне қонақ қонған күні қатынына тыныштық жоқ: етті көп асасың, мені құртасың деп мыжиды да отырады. Соның үйіне

қыс басында Шұбарадырдың көп ұрыларының біреуі келеді. Мылжың: тамағым жоқ, жатқызатын жерім жоқ деп түн ішінде, боранда қуып жіберген. Ежелден Уақты кісігұрлым көрмейтін; екі сөздің бірінде: “Шауып алам, айып алам!” – деп тұратын (...)»<sup>18</sup>. Өктем елдің баласы бұл қорлыққа шыдасын ба? “Өлмесең – өрем қап” деп далаға тентіретіп жіберген соң, сол түнде келіп, қорасын талқан қылып жарып, төрт-бес семіз қойын, малға мініп жүрген екі атын алып кеткен. Соған өзі іздеп баруға қорқып: “Барсам, тағы атымды алып қояды”, – деп, Жақыпқа келді ғой. “Сенімен ол елдің басты кісілері таныс, сөзінді тастамайды. Менің малымды көрнеу қоя беріп отырамысың?” – деп асылып отырып алды. Жер-жебіріне жетіп ұрсып:

– Құдай сүйер қылығың жоқ. Қазанбұзар үй-тентексің. Кісі ығысатын айдының жоқ, неменесіне жуансисың?! Бір күні болмаса бір күні керек ағайыннан жалғыз жілігінді аяйсың. Жуан болсаң, мықты болсаң, – осы Арқалықтың түбінде өткен-кеткен біреумен ырылдасып неменеге отырсың? Дүниенің астын үстіне аударып, сенің болысыңнан оның ұрысы жуан болып отырған Тобықтыға сенің жол үстінде тұрған жаман лашығың жүк болып па?! “Өтпес жарлық – бойға қорлық” екенін әлі күнге неге білмейсің? – деп, жерден алып, жерге салды (...)»<sup>19</sup>.

Аяғында, мойнына су құйылып: “Өзіңнен басқа сенерім жоқ” – деген соң, әлгі иттің малын іздеп кеткені ғой. Табандаған жиырма күн жүріп, табанынан таусылып бармаған кісі қоймай, аяғында, бар малын алып келді. Ұрысы жуан ауыл екен. Басында ел кісілерінің сөзіне көнбей, “Дүйсен мылжыңның ызасы өткен”, – деп, қасарып болмапты. Сонан соң елдің басшы адамдары: “Мұнымен құда бол, әйтпесе малың тимейді”, – деген соң, мылжыңның 9-10-дағы қызын ұры ауылдың соқталдай бір азаматына бермек болып, сөз байлап, малын алып қайтыпты. Сол ұрымен осы күнде бал жаласқан құда болып отыр. Жақып сол жолда суық өтіп, өңі қашып, қу шүберектей болып келді. Артынан, немене, екі-үш күн өткен соң қатты жығылып, төсек тартып жатып қалды. Аяғы, мінекей – мынау болды. Жә! Сол мылжың осы күнде не істеп отыр де?

Менің балам қолының қысқалығына қарамай, анаған да, мынаған да араласып, ертеңді-кеш қарап отырмай, сауда қылатын еді ғой. Біреуден аткөпір қылып алып, біреуге аткөпір қылып

беріп жүретін. Кімге не беріп жүретінін білеміз бе? Қарағым, кейде сыр қылып, не істеп жүрсің деп саудасының жайын сұрағанда, күліп: “Апа, соны не қыласыз, мен тірі болсам, аштан өліп, көштен қалам деймісіз” деп жүре беруші еді. Бүгін басыма күн туған соң біліп отырмын ғой. Әйтпесе ішкен-жегеннен басқаны біліп пе едік? Жалғыз-ақ өтетінінен бір күн бұрын қолына қағаз-қарындаш алып, есеп-қисабын жазды. Қағазының есеп-қисабын көрсеткенінде, жұрттың айтуынша, бересісіне қарап, аласысы да бар екен. Балам дүние салып жүре берді. Артында қалғанын есептеп отырып, қақ жартысын өзінің жабдығы мен бересісіне шығарттым. Осы күнде қолымызда қалғаны – он шақты тұяқ, екі-үш қана ірі қара. Елдегі аласысын бұл күнде іздеп алар бізде дәрмен жоқ.

Сонда жұртқа беретін бересісін есепке салып төлегенде өз елімнің Мәрден деген пұшығына бермек үш қараның со-масындай борышы бар екен. Әлгі құрғыр ойымыздан шығып кетіпті. Он шақты күн болды, сол келіп, малын сұрап жүр. Біздің қолымызда қалып отырған азын-аулақ малы – мынау. Одан берейік десек, шұбырып кеткелі – біз отырмыз. Қарағымның мойнына қарыз ғып, өзі жинаған азын-аулағын өзінің сауабынан аяйын деп отырғаным жоқ. Жалғыз-ақ дүниесі құрғырдың тарлығы жалтаң көз қылып өлтіріп барады. Елден баламның аласысын жиып алғанша деп сөйлесем, жай-жапсарымды айтсам, пұшық тоқтайтұғын. Бірақ соны маған сөйлестірмей, әлгі Дүйсен деген мылжың бар, тағы толып жүрген Бөрала секілді туысқандарымыз – бәрі бас қосыпты. Сөйлескен сөзі мынау: Мәрден – Тобықтының жуан аулының кісісі, ол ақысын сіңіртпейді. Және ол Жақып үйінің жай-күйін біліп отыр: оларды жылатып еш нәрсе алмайды, түбінде осының пәлесі бізге түседі. Басы аман, малы түгел, Жақыптың отына бірге күйетін жақыны деп бізді ұстайды. Біз бұдан басымызды амандап құтылмасақ болмайды десіпті. Соған жасап отырған айласы не деші? Қарағым, айтуға ауыз бармайтын сұмдық. “Тышқанның өлгені – мысықтың ойнағаны” деп, ендігісі – қалған көзімнің қарашығы – жалғыз Ғазизамды жылатпақ. “Кешегі Жақыптың аруағы лағынет оқымасын, Мәрденді де жылатпайық: биыл бұның қатыны өлген, Ғазизаны соған берейік” деп айтады дейді. Кеселділердің осы сөзін естігенде, мынау отырған балам зарлап қоя берді...

Осы сөзді айтқанда, кемпір маңайындағы жауыздықтың бәрін айқын көріп, өздерінің сол жауыздықтың қолында бір ойыншық болып отырғанын көріп, ызамен көзінің жасы сорғалап ағып кетті.

Ақан мен Қалтай бұл әңгіме айтылып отырғанда жайланып шынтақтап, жантайып жатып, анда-санда көздерін Ғазизаға жіберіп қойып, қадағалап қарап отырды. Кемпірдің сөзін жалықпай тыңдап отырса да, Ғазизаға қарай қалған пішіндерінде көңілдегі бір алаңдық пен іштеріне жасырынған жат ойдың белгісі көрініп тұр. Ғазиза анда-санда ауыз үйге шығып, отты қағыстырып және басқа әртүрлі ұсақ шаруаларды қарастырып келіп отырды. Қонақтар алғашқы келгендегі кейіс Ғазизаның қабағынан әлі жадыраған жоқ. Жалғыз-ақ айырықша сыпайылығы және үндемей ақырын жүріп, биязылықпен істеген істері ішіндегі сырын сыртына шығармай, жасырыңқырап отырды.

Кемпір қызарған көзін сүртіп, әңгімесін қайта қозғады. Ендігі даусы ашулы, қатаң келді:

– Кешегі баламнан қалған жалғыз көзім – бұл жылаған соң, бізде не тақат тұрады. Бұны жылатқан соң, қуарған қу өмірдің не бағасы бар? Сол сөзді айтқызып отырған сұмдарды қарғадым, ұрыстым. Одан басқа біздің қолымызда не тұр? Жыластық, аяғында, сонымен қойдық. Міне: екі-үш күн болды, сол пұшық әлі күнге кеткен жоқ дейді. Енді әлгі мылжыңның қатыны жеңгетай болып жүрсе керек. Менің қарағыма келіп айтады дейді: “Шешелеріңе жаның ашыса, Мәрденге барғаның жөн емес пе? Сен жігіт болып, осы үйіңнің жұмысын басқарып отыра алмассың? Одан да өзін біреуге сүйенген болсаң, сен сүйенгенге шешелерің де сүйенеді ғой”, – деп айтады дейді. Сөзінің қыршаңқысын қарасаңшы! Мен сонда баламды бір пұшыққа бермек пе екем?! Қатынының, мылжыңның өзінің ойы да менің балам көнсе, пұшыққа жетектегіп қоя бермек болса керек. Қасиет бар ма оларда! Кәпірстан болмаса – ойласайшы! Менің үйім – осы ауылдың үлкен үйі. Бүгін сол қарашаңырағының құруға айналып отырғаны – мынау. Құрымағанда, кім қалды? Бұл үйдің жайын ойласа, тұмсығы тасқа тиетіндей болған жоқ па? Ендігі қалған біз қалқылып: “Баламның ізін жоғалтпаймын; орнын сақтап, құранын үзбейміз” десек, соны ұқпайды. Ұқса да өзінің құлқыны



үшін: “Осы айтқаныңды істетпеймін” деп анталап, қолымыздағы азын-аулаққа көзі тұнып, соны бөліп алуға асығады. Әлгі менің баламды ана пұшыққа беріп жібермек болып жүргендегі ойы не деші? Қарағым, бүгінгі дүниеге не болып, қалқып, осы азын-аулақ шаруаны ұстап отырған Ғазиза ғой. “Осыны бірдеме қылып көзден таса қылсам, мына кемпір мен ана көзінен айырылып отырған қатын шаруаны ұстай алмайды; мұнан соң бар малымен, дүниесімен өз қолыма тиеді ғой”, – дейді.

Менің баламның жылағаны оларға не керек? Жақыптың аруағы ырза болмай, күңіренгені не керек?! Қу құлқынын ырза қылса – болады. Мінекей, “һас жаман қасындағысын қарақтайды”, – деген осы. Көрер көзге моп-момын, мүп-мүләйім болып жүрсе де, ол мылжыңның, іші осындай. Кеудесі толған – борсып жатқан бықсыма арамдық. Артынан естідік-ау, қарағым, тағы: “Баласы баруға ырза болса – болады, – деп айтады дейд.– Ол ырза болса, қатындарға сөз салмай, баланы миңгестіріп қашырып жібереміз”, – дейтін көрінеді. Мінеки, қарағым, осы айтылып отырған дұспанның дұспандығын ойлағанда, онсыз да қаңғырып отырған басымыз дал болады. Дүниенің барлық таршылығын ойлағанда, ақылымыз алтыға, ойымыз онға бөлінеді. Осылардың осындай қорлығын ойлағанда осы жерде өле қалғым келеді...

Кемпірдің көзінен тағы да жас моншақтап домалап, алдына түседі.

– Құдайдың менің өз басымнан, менің ұрпағымнан аяған қазасы бар ма? Жасымда шешем өліп, өгей шешенің қолында қалып, жетімдіктің зарын өзім тартып едім. Содан өмірім жылаудан, күйіктен арылған емес. Енді қартайып, төрімнен көрім жуық болғанда құдайдан ертеңгі-кеш тілейтінім: “Жақыбымның жаманатын естіртпе, осының алдында ал!” – деуші едім. Ол тілегімді істемеді, – деп, көзінен бетіне аққан жасын жеңімен сүртіп, мұрнын сінбіріп: – тілеуі құрыған сорлы мен бұл күйік, бұл дертті көргенше, шірісем едім! – деп, сөзін тоқтатты.

Кемпір барлық мұң мен шерін айтып отырғанда бір қалып, бір пішінмен тыңдап отырған Ақан әңгіме біткен соң басын көтеріп алып, кемпірді жұбатпақ үшін аз сөз айтты. Сөзін шала естірлік қылып ақырын айтқан соң, ұғымсыз бірдеме болды. Сезімді адамның жүрегін шаныштырып тіксіндіретін, жұртты мінезінен жирендіретін, түңілтетін көрнеу жауыздықтар, ауыр

халдер Ақанға көп әсер бере қойған жоқ. Жалғыз-ақ сол әңгіменің ішінде болып қорлық көруші, ыза шегуші қайраты-қуаты жоқ сорлы кемпірдің өзі айтқандығы азғана жүрегінің тыныштық, сезімсіз қалпын бұзғандай болып отырды. Бірақ күндегі өмірінде бұл секілді талай жауыздықты көріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен, мына естіп отырған сөзінің бәрі көңіліне таныс, таңғаларлық тамашасы жоқ. Оқып кеткен сабағы секілді болды. Кемпір бәрін айтып жылап, қызы мен келіні ішінен тынып, қайғы жұтып отырған күйін ойлағанда, азырақ сілкінгендей болып: “Осыған жанашырлық-ау!” деп, жүрегін зорлықпен жұмсатайын десе де, аздан соң сезімсіз салқын қалпына қайта барып отырды. (Бұл адамның іші жақсы сезімге жат болып кеткен бір күңгірт дүние сияқты. Өз басына келгені болмаса, бөтен кісінің басына келген ауыртпалық пәле болып көрінбейді. Оның тартқан қасіреті көңіліне қонбайды, сезіміне сіңбейді, тіпті ұғылмайды)<sup>20</sup>.

Бұл сағатта кемпірдің жүзіндегі қалың уайым жүрегінде қандай толқын барлығын көрсетіп тұр. Әңгімесін аузымен тоқтатса да, көңілінде соның аяғын тағы да созып, түкпірлеп ойлап, қайғының қабат-қабат шыңына ақылымен кіріп отыр. Бұл уақытта ойлап отырғаны – өтіп кеткен күн емес, алдында келе жатқан күннің жайы. Кемпір келешекте көзі көретін ауыртпалықтың, қайғының бәрін де көз алдына анықтап келтіріп, ішінен: “Осының бәрін көретінім рас, осындай азап, қасірет тартатыным шын” деп бас иіп отыр. Бірақ адамның жүрегін пішінінен танитын кісі болса, кемпірдің жүзіндегі халді көргенде, еріксіз бұл адамды көңлімен құрметтегендей еді. Дауылдың қара бұлтындай болып, әдейі басына арналып келе жатқан қайғы-қасіретті көріп, соның алдынан айласыз-әлсіз күйде өзінің отырғанын біліп тұрса да, кемпірдің жүзінде үлкен сабыр бар. Күйіп-пісіп жасығандықтан белгі жоқ. Сынбаған ажар, қажымаған қайрат, кек салқын ерлік бар (...) <sup>21</sup>.

Ақан Ғазизаға алғашқы кезде кеп қарауынан әлі күнге танған жоқ. Кемпірдің көзі өзінен ауғанда, оның көзі тек Ғазизада болып отыр. Көңіліне орнаған ойын қараған сайын пішінімен мағыналандырып, Ғазизаға білдірмек те. Бірақ көңілі бұзылып жаманшылықтың бетін көрмеген Ғазизаға ол қарасты ұғуға шорқақ болды. Ол өз пішінімен еш нәрсенің белгісін берген жоқ. Ақан кеп қарағанда ол қымсынып, қысылыңқырап, биязылығын

сақтауды ғана ойлады. Біраздан соң ас пісті. Кемпірдің сыйламақ болып салғызған тәтті-дәмді тәуір еті қонақтардың алдына келді.

Бірталай уақыт өтті. Қонақтар тамағын ішіп жайланып, біраз отырған соң, жатуға ыңғайланып, тысқа шығуға айналды.

Кемпір қонақтарды әуелдегі сый көрген, құрметтеген көңілмен Ғазизаға: “Қарағым, қонақтардың атына шөп керек қой; өзің шам алып бірге шығып, шөп алатын жерді көрсетіп бер”, – деді.

Ғазиза бұрын ойына еш нәрсе келмесе де, Ақанның көп қарағандығынан сол арада сескеніп, біраз үндемей тұрды. Аяғында, шықпасына болмайтын болған соң, шешесінің сөзіне зорға көніп, қонақтардың артынан бұ да шықты.

Ақан Ғазизаның үйінде отырғандағы ажарынан үміттенерлік еш нәрсе көрмеген соң, тысқа шыққанда Қалтайға сыбырлап жасырын бірталай сөз айтты. Қалтай басын изеп, сөзін мақұлдады. Ғазиза бұл оқиғаны көрген жоқ. Артынан біраздан соң Ақан қораның ішіндегі есіктің аузында қалып, Қалтай мен Ғазиза шам ұстап, пішен-қораның ішіне кірді. Пішен-қораның бұл жері қоранын ішінен қатынасатын, жаңада желініп жүрген кішкеме үңгір еді. Барлық кеңдігі бір-ақ кісі сыйғандай, төбесі аласа бір қуыс. Ғазиза шам ұстап ауызда тұрды. Қалтай пішен-қораның ішіне кірісімен шөпке қарамай, үлкен жұмысы ол емес, басқа нәрсе екенін сездіріп, өңі өзгеріп, өтірік күліп қуланып, әдепсіз мінезге түсіп, ойындағы дайындап алған сөздерін сөйлей бастады. Ғазизаның алдында сескенген ойы Қалтайдың не айтпағын сезіп, қатты ашуланып, бір жағынан, намыстанғандай болып, сөзінің аяғын бітіртпестен:

– Сенің ойыңдағы сұмдығыңды білмей тұрмын ба? Аулақ жүр! Мен сенің мазақ қылатын кісің емеспін! – деп, лампыны жерге қойып, жөнеле берді. Қалтай күтпеген сөзді естігенде: басындағы күліп тұрған пішінін жия алмай, оның үстіне аңырайып аң-таң болып, ойына еш нәрсе келмей, біраз тұрып қалды. Ғазиза сол бетімен жүгіріп, екінші қораның есігінен шыға бергенде, есік алдында екеуінің сөзін естіп тұрған Ақан ұстай алды. Ғазизаның әуелде үрейі ұшып кетіп есін жиып алғанша, Ақан көтеріп пішен-қоранын қуысына алып келді. Қалтай шамды өшіріп жіберіп, қораның ішіне қарай кетіп қалды. Дүниені қараңғылық басты.

Ғазизаның үрейі ұшып, жүрегі тулап, есі шыққандай болып, сезімнің бәрі жоғалып, жалғыз-ақ “құтылсам-ау!” дегенді ойлап, қайта-қайта қатты жұлқынып ұмтылды. Сезімі жоқ, қатты ұстаған мықты қол рақым ойлап жібермеді. Еріксіз өз еркіне көндірді. Жалғыз-ақ қараңғы қуыста жалынған, жалбарынған, біресе есі кетіп, жүрегі жаншылып, үзіп-үзіп жылаған дыбыстар келеді. Сезімі жоқ жауыз кара күштің қылған күнәсі мен зұлымдығына қатты тоң жер, суық балшық, көрдей қап-қараңғы дүние куә болды.

Қалтай алғашқы бетімен тоқтай алмай, қақпаны ашып тысқа шықты. Жел күндізгісінен қатайған. Күн алақаншықтап қатты борап түр. Қалтай күресінге таман шығып еді: гуілдеп, екпіндеп соққан қатты жел дедектетіп, бетіне ұсақ қар себелеп ығын кетірген соң, қайтадан қораға кірді. Алдынан ентігіп, беті дуылдап қызарып, жана болған құмарлықтан бұзылған түрмен Ақан шыға келді. Екеуі де сөйлескен жоқ. Бірақ кекілдегі істерін айтыспай-ақ ұғысты (...)<sup>22</sup>.

Ғазиза зорлықтан босанғанда есі ауыңқырап, көңліне дүние дүниелігін жоғалтқандай, өзінен алыстап бара жатқандай болып көрінді. Бұл сезім – бұл уақытқа шейін көңіліне келмеген аса жат бір суық сезім. Биіктен тайғанап құлап келе жатқандағы сезімдей біртүрлі шолақ, ұғымсыз. Не қыларын білмей, өксіп-өксіп жылап, жерден басын көтерген қалпында отырып қалды. Бірталай отырған соң, ептеп есі кіре бастағандай болды. Бірақ есі кірген сайын ойына келген нәрсе өзгеше суық түрде. Әуелі әкесі өлгеннен бергі басына түскен ауыр хал түгелімен көз алдына тез елестеп өтті. Ақырында, соқыр болып, мүгедектеніп отырған шешесі; қартайып қайратынан айырылып, кемтар болып отырған кемпір әжесі есіне түсті. Басында бір ойына келген нәрсе – шешелеріне барлық көрген қорлығын айтып жылап, зарлап жату еді. Артынан әлгілердің әлсіздігін ойлағанда: іші құсаға толып, жас жүрегі жаншылып, бұл күнге шейін көрмеген азабын тартты. Жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп, алақанына салған баласы. Еш уақытта қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытқан емес. Жүрегінде ар-ұят та, жігер-намыс та бірге өскен. Кедейлігінен, қорғансыздығынан басқа міні жоқ, салмақты, таза тәрбиелі бала – бұл күнде сол не көріп отыр?

Әкесі өлгеннен бергі: “Ә, Құдай, біреудің зорлығын, қорлығын көрсетпе! – деп тілеген уыз тілегі қайда кетті? Бұрынғы бейнет, бишаралық былай тұрсын, мынау көрген мазак не? Осынша қорлау, рәсуалау не? Әуелден бергі қазаны көруіне осы қаршадай жас баланың не жазығы болып еді? Бүгінгі өмір бойында құлағы естімеген зорлық, зұлымдықты көруге не жазық қылып еді? Қандай арамдық, не бұзық құлқы болып еді? – Ешбіріне жауап жоқ. Бірақ қайда жүрсе де, артынан көлеңкесіндей қалмай жүрген бір сорлылық, бір жылау.

Осы айтылған сөздің бәрін Ғазиза мұндайлық толық қылып ойламаса да, әрқайсысын көңілмен жүйрік аралап өтті.

Осыны ойлаған сайын, жүрегін ыза керней бастады. Көңілдегі күшті намыс сілкініп оянғандай болды. Барша басынан кешірген жетімдікке, бейнетке, жалғыздыққа, қорлық-мазаққа түгелімен қарсылық ойлады. Өмірінде сыртына шықпаған ашу, ыза, намыс барлық еркін билеп, дуылдап басына бір-ақ шықты.

Қорлық, мазак көрген Ғазизаның көзінен дүниенің барлық қызығы кетті. Жастығына лайық болған үміт, қиялдың бәрі де ойын басқан қараңғылыққа батты, көңіліндегі өмір сүрсем деген оттың ақырғы жалыны сөнді. (...)<sup>23</sup>.

Ғазизаның көңілін бұл қиял кернеген сайын, үйге кіру керексіз бола бастады. Көңілінде қалған таусыншық сезімнің ойлатқаны: енді үйге кіріп қайтемін? Үйде мен көретін не қызық қалды? Бишара болған шешелерім ақырғы қайғымды көрмей-ақ, білмей-ақ қойсын! Қайғылы бір сыр көрге бірге-ақ кетсін дегендей болып, тысқа шықты. Күн әуелгі қалпынша: ақтүтек боп борап тұр.

Біресе өкіріп, біресе гуілдеп, құтырынып ұйтқып соққан қатты жел Ғазизаға: “жүр-жүр!” дегендей болып, дедектетіп алып жүріп кетті.

Ғазиза кетіп бара жатып ойланып артына қарап, бишаралықтың кебінін киген кішкене ескі қорасын көрді. Ұйтқып аспанға ұшқан ұсақ қар жүрген сайын көзінен ол қораны жасырып барады. Үстінен үскіріп соққан қатты жел қарды айналасына төгіп, оны да көмбекші. Бишаралық, иесіздіктің таңбасы басылған ескі лашықтың ішінде Ғазизаның балалығы, еркелігі және қайғысы, қасіреті қалды. О да бірге көмілмек. Барлық жүрегіне жылы жақындары, нәзік қылып өсірген ұясы қалды...

Ғазиза енді суық, қатал табиғаттың еркінде. Өмірінің ақырғы қалған жанары қай жерде, қай уақытта сөнері белгісіз. Суық жел

жұқа киімнің ішіне кіріп, кеулеп, ығын кетіріп, жауратып, ықтыра бастады. Ғазизаның көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы: әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің, арасында отырып зарлау! Дүниеде жетім болып, жалғыз қалғандағы басынан кешірген қасіретін шығару, азабын, дертін айту. (Ғазиза бейітті бетіне алып: “А, Құдай, ендігі бар тілегім – осы көкемнің басына жеткіз!” – деп жүріп кетті)<sup>24</sup>.

Біз Ғазизаны шығарып салып, үйдегі әңгімеге келейік. Ақан әуелгі бетінде тысқа шығып, өзгелерден бұрын үйге кіріп жатып қалды. Бірақ тыста болған әңгіменің немен тынарын білмей, біресе күдіктеніп қорқып, біресе азын-аулақ өкінгендей болып, тынышсызданып, қорғалақтап жатты. Ғазиза келетін уақыт болды. Бірақ көп уақыт өтсе де, келген жоқ.

Аздан соң кемпір де, келін де: Ғазиза кайда жүр деп таңғалыңқырап жатты, аяғында, тысқа шығуға айналды. Сол уақытта атты суарып келіп, шөбін салып жайлап болған Қалтай да үйге кірді. Үйдегілер түгелімен: “Ғазиза кайда?” – деп шу ете қалды. Қалтай саспаған, сезігі жоқ пішінмен: “Бағана кетіп еді ғой, келмеді ме?” – деді.

Кемпір де, келіні де тынышсыздана бастады. Қалтай бұл жұмыстан ерте бастан өз бастарын арашалап қоймақ болып, әуелдегі айта бастаған сөзінің жөнін баптап ұқтырып, бұл бір пәленің боларын алдын ала білгендей дайындап алған сөздерін сенімді қылып айтып шықты: – Мен шөп суырған соң, құдықтың қайда екенін білмей, соны сұрадым. Балаңыз көрсетейін деп, қорадан бірталай жер ертіп шықты. Күн қатты боран болып, суық болған соң, тоңып қалар дедім де, құдықтың бетін біліп алып, үйге қайтарып жіберіп едім. Әлде сонда қораны таба алмай, адасып кетті ме? – деп, аналардан бұрын сезіктенгендей, тынышсызданғандай пішінге мінді.

Кемпір мен соқыр ана шошып: “Қарағым-ай! Үсіп кетер ме екен? Құдай-ай, тағы неге ұшыраттың?” – десіп киініп тысқа шығуға айналды.

Ақан да басын көтеріп, Қалтайға: “Тысқа шық, айналаны қара, айғайлап дабыста, тез бар!” – деді. Әлсіз, кем-кетік әйелдер бірінің артынан бірі ұстап, өндері бұрынғыдан да жаман бұзылып, құдайына қайта-қайта сиынып, Қалтайдың артынан ере шықты.

Түтеп тұрған боран Қалтайдың сөзін шынға шығармақ болып құтырып тұр. Есік пен төрдей жердегі қарайған бұлдырап, жөнді көрінбейді. Ұйтқып келіп бетке жабысқан майда қар көзді ашқызбайды.

Кемпір күннің түрін көріп, назалы дауыспен: “Құдай, тағы төбемнен ұрайын деген екенсің ғой! Қарағым адасты ғой. Ұшып өлді ғой. Аруақтарым, қолдай гөр! Ақсарбас!” – деп баласын шақырып айғайлай бастады. Келіні де сүйенгені тілеуі, зары болып, қорқып тұрды. Қалтай қорадан ат алып мініп шығып, қайта-қайта айғайлап, шаба жөнелді.

Аз жерге бармастан қарасы өшіп, боранмен араласып көрінбей кетті Айғайлаған дауысы аз-ақ жерге естіліп, аздан соң о да үзілді.

(Әйелдер де, дауыстың естілмейтінін білген соң, ішінен зор қауіпке түсіп, зарлап тұрды. Бұлардың бар дәрмені – айғай болғандықтан, қайта-қайта айғайласып еді. Көп уақыт өтті.

– Е, тәңірі, жоқ болды, өлді, – деп, әйелдер зар салып, дауыс айтып, үйге кірді)<sup>25</sup>.

Бұрынғы қайғының бәрінен жаңа қайғы күшті болды. Өлді деуге көңілдері қимай, келер деген үмітті көбірек медеу қылайын десе де, көңілге кіріп қалған қорқыныш жүректерін билеп әкетіп отырды. Терезеге түтеп сокқан қатты жел бір қалпынан ауған жоқ.

Бірталай уақыт өткен соң дүсірлетіп Қалтай келді. Бірақ үйге жалғыз кіріп келген жерде-ақ енді еш нәрсенің болмағанына көздері жете бастады. Қалтай: “Өзім адасып кетіп, ауылды әрең таптым. Еш жерде жоқ”, – деді.

Әйелдер сол түні таң атқанша шам жағып, ұйықтамай отырып, құдайдан тілек тіледі. Сиынды, жылады. Бірақ ешбір көмек берген жоқ. Шыдай алмай зар қаққан сорлыларға қыстын ұзақ түні жылдай болып созылды. Ақырында таң атты.

Қонақтар ерте қамданып, жүруге ыңғайланып жатты. Таңертең де қарап, еш нәрсе таба алмаған Қалтай маңайындағы ағайындарына хабар берген. Тұрып алып, тез қамданған соң, Ақан кемпірдің қақсаған зарына шыдай алмай, аттарын дайындап, жүріп кетті.

Жиылған ағайындары көп іздемей-ақ екі жас бейіттің арасында өлік болып қалған Ғазизаның сүйегін тауып алды. (Үстіндегі

онсыз да жұқа киімдері әр жерге шашылып қалыпты. Ғазизаның шашы азырақ дудырап қапты. Денесінің жартысын қар басқан. Әкесінің бейітіне жабысып, қасіретті өмірдің ақырғы қуатын сол жерде берген екен. Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта жадыраған: ізі қалған жоқ. Балалық жүзінде: “Менде жазық жоқ, мен тазамын”, – деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар)<sup>26</sup>.

Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақ түтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай.



## ҚЫР СУРЕТТЕРІ

– 1 –

Жазғытұрғы, көктемгі мал тегіс ауыз толтырып асауға жарап, көк шөп керегеден келіп, шаруаның қыстың қарынан қатқан табан терісін жіпсітуге жылынған күннің көзі, тырнақтай бұдыр бұлты жоқ. Ашық аспанның алтын тақырында ертеден кешке дейін айналып, жан-жануардың барлығына да жадырап, күлімдеген күйімен керекті кештің көлеңкесіне кірген соң, салбурынның тұманы жерді жарып жаңа шыққан жасыл шөпке жабысып, шыққа шомылдырып, аспанмен жерді ағалмен араластырғандай<sup>1</sup>. Балбыраған бұлттың шығыс жағы жарық жиек алып, кім-кімнен көтере бастап, ел сәл әдемі ұйқыға оранған табиғаттың бетін ашып, оянуға айналған мезгіл еді. Тоқаң да оянып далаға шыға сала, ұйқыда жатқан ауылды “тұрыңдардың” астына алғаны, қой қоздатып көп отырған жерінен қозы аяқтанған соң ілгері қырға қарап қозғалғысы келген ауылдың көптен көшті көрмей, жапырақ-шайырға ішін салып қалған түйелерін таң асыруға, үдеріп көшіп, кешірек қонғандықтан, біраздан бері балаңсып қалған адамдары бірден жүк артқанға бой алдырып, ауыр ұйқыдан өздігінен оянар емес: “қырылғырлар, мұншама ұйқыдан қырылдыңдар ма? Ең болмаса – таң асқан түйелерді түріп жатсаңдаршы” – деген Тоқанның әдепкі айқайына елең еткен ешкім болған да жоқ. Аспан жерге айнала оралған, түнгі тұман ашылуға айналған таң сезімінен сейіле бастап, шығыстан шыққан әуеңің ақ жиегі кетер түннің қара көлеңкесін көтере-көтере ондағы, мұндағыны анық елестетеді.

Табиғатпен бірге мал да оянды. Өре бастады<sup>2</sup>. Кешеден бері от жемей<sup>3</sup> таң асып тұрған жүк артылған түйелер, отқа ұмтылып, кеткісі келіп, тықыршып тұр. Оның үстіне жайылғысы келген бос тайлақ-құнаншалар, өріске бастап баратын үлкендері байлаулы

болған соң, өз беттерінше өре алмай<sup>4</sup>, жүріңдер деп ата-анасының етегінен алған балаларша, тұрған түйелердің бұйдасына оралып, мұрын ауыртып бақыртып болды. Түні бойы аспанды айқалаған кара көлеңкедей қуған ақ жиекті артынан іле-шала шыққан; келетін күннің көш басшысы, жарық сәуленің алтын ұшқындары жержүзін жалай бастады. Ауыл ұйқыда. Шыр айналған аспанның жерге жабысқан жиегі жарып шығып, жылжып келе жатқан күннің көзі шығыстағы бұлттарды қызылға бояп, жерге жарық шашты.

Тұманды түннің шығы сіңіп, балбырап, бас иіп тұрған қаулар, ертеңгі күннің кірпігіндей болып бытырап, жержүзіне тегіс төселген жарық жолдың сәулесіне шомылып, сілкініп; шығып, сығып бойын безей бастады. Аспан, жер енді жарықпен жалғасып, табиғат тегіс тірілді.

Ауыл әлі ұйқыда жатқан жерлерінен тұрып, өруге бет алса да, ерінгендей, бір басып қана қайырылып, керіліп, қасынып, күйсеп, ертеңгі әуеге есінеп тұрған малдардың түрі, ұйқыға беріліп бұйығып жатқан ауылдың жанымен ырғақтасып, жаңа жылжып келе жатқан жылы күннің жарығы түрлендірген табиғаттың көркіне қосылған кестесіне, қораның шетіндегі қоңсы қараша күркенің кемпіріне кейіген Тоқаңның айқайы да араласты.

Белдеуіне байлаулы, адалдан бары – жалғыз саулы інгенін шешіп жіберейін деп жатқан Мамыққа:

– Сен неңе жегісіп ұйықтайсың, кубас, – деді Тоқаң. Ауылдың ортасында шоғырмақтанған қой, қозы, түйе боздап, маңырап ұйықтаған ауылдың артынан жаңа шыққан жас күнді қарсы алып жатқанда, бұл көріктің барлығынан да бетін бұрып, қоңырайған кара күрке ауылдан оқшау тұр. Жанындағы жанды кара – жалғыз жапырық інген мен еңкейген кемпір Мамық – бұлардың барлығының мұнайған түрлері, ертеңгі ызы-қику ауылдан өзге әдет алғызып тұр.

Байдың кейістігіне қайтарып Мамық не дей қойсын. Бұл байқұстың түнгі ұйқысының түгел болмағанына бір ай болса да, бұ күнгі қошаметке болған, өлген баласынан қалған қолындағы жалғыз қарғасы Мұқаш бір кеш бойына байдың қозысын жаяу айдағанда төзе алмай” табаны тиіп, түнімен аяғынан ұйықтай алмай, таң атарда ғана көзі ілініп, мұны жастай жасытқан жарлылығына, жәрдемсіздігіне жылап әрі Мұқаштың аяғын уқалап ұзақ түнді көзінен атқызған Мамық, байдың жалғыз бұл

емес күнде кекететін кейістігіне жиып-теріп бір жауап қайыратын кезі келсе де, қосақтың шетін сауып отырғандығы есіне келіп, үндеуге ауызы бармады.

Күн көтерілді. Ауыл оянды. Шоғырланған қараға ауыл адамдары да араласты. Табиғаттың көзіне тағы тіршілік қосылды. Бір-ак... оқшау күрке өзгерместен кәдімгі қоңыр, күнгірт күйінде қала берді...

Інген үйіріне қосылып, өріске кетті... Мамық бүрісіп Мұқаштың басында отыр... ал, ертеңгі ескен ерке жел күркені де кекетті. Көтерілген күннің қиығы туырлықтың тесігінен түсіп, жатқан Мұқаштың бетін басты. Табиғаттың, адамның бұл үйге де қуанғандығы білінді.

– 2 –

Көк шалғынға көмілгендігі болмаса, тегістігі тақырдай. Қырдың құба жонында қарайған бейнелер, жөнеген көш сағымданып келеді.

Көшкен ел, айдаған мал қара құрымдай көздің жауын жейді. Дала кемесі – түйе аяңымен ұйтқыған көштің алдындағы ұзын бойына ораған қызыл құрлар. Ертеңгі күннің шашыраған сәулесіне шағылысқан, керегелі қоршауларда өрге шапқан бәйге аттарша алысып қатар-қатар, бір-бірімен сөйлесіп, ішкі әңгімелерін айтысып келе жатқан көш бастаған қыз-келіншектер көрінеді.

Ертеңгі салқын да шыдамай жылы көрпе жамылып, бұйығып ұйқыға айналса да алдыңғы көш бастаған жастар әңгімеге айналып, түйенің ауған-қалғанына қарай қоймас деген қауіппен ояу отырған Ырысқан. Анда-санда “айт-айт!” деген кейінгі кен қоршаулардан қылтйып кемпірлер де келе жатыр.

Көштер шаңырақ түйесі созылысып қаз-қатар келеді.

Ертеңгі ескен аз-кем желге желігіп, шайқалған, шалғынды жапырған қалың көштің қадамынан зәулім қоршаулардан карасып, екеу-екеу әңгімелескен, жастардың ыстық сөздері, серіктесе қарақұрымдай қалың көштің көбіндегі қыстырулы қоңыраулардың күлдірлері; жазылап жүк артқан сон анасын ажырата алмай боздаған бота, тайлақтардың дауысына қосылып, кең даланы күңіретіп келеді. Екі қараның біреуі көлемдірек, қозғалмай тұр. Біреуі біресе ілгері жүріп, біресе бұрылып, бір нәрсені айдаған сықылданады. Бұл жұртқа қайтқан тайлақты қайырып келе жатқан атқа мінген еркек қыз.

Бұл асығады... көшке тезірек жетіп, қолын байлаған тайлақты тастап, көшті капталдаған жастардың қым-қыйғаш жарысына жеткісі келеді. Бұл мұншама асықса, қалған көлемді қара қозғалмайды. Төбенің ақ бетіндегі төскейге қозысын иіріп қойып, табанын уқалап отырған Мұқаштың қасында қалған бұл Мамық.

Мамық баласының қасынан кеткісі келмесе де жетегіндегі баспанасын артқан жалғыз сауулы інгені көштегі үйір түйелерінен айырылып тұрғысы келмей, боздап, жұлқынып мазасын алған соң, қасынан жорғамен тайлақ қуып өткен қызға: “Шырағым, мынаны ала кетші” дейді Мамық. Дауыстағанға айналатын қыз ба? Жол азық сұрап жарысатын бозбалаларға<sup>5</sup> барғысы келіп, ол асығып келеді.

Мамық қозының қасынан кеткісі келмейді. Мұқаштың қасына келіп, еңкейіп: “Қарағым, жалғыз өзін шөлдеп өлесің ғой, түйені түріп жіберсем де қасыңда қалайын” деп еді, бала үндемеді.

Оны ыза басып отыр. Өзіндей балалар қозы айдап көштен қалмақ түгіл ат үстінде зек салып бара жатқанда, бұл біреудің қозысының қасында аяғын ауыртып отырған тіршіліктен адам болып тұмағанын-ақ тәуір көріп, бұл реттік кінәсін асырап өсірген үлкен әжесі Мамыққа артып отыр.

“Осы қу кемпір тұқым қылып таратпағанда мен осы күйді көрер ме едім”, – деген ойға көмілді. “Кет, қубас, мені аясаң, бүйтерімді біле тұрып тұқым туар ма едің” деді Мұқаш, жыламысыраған дауыспен Мамыққа қарап... “Кет, керегің жоқ, өлсем өлейін...” деуге-ақ әлі келіп, өксіп жылап та жіберді.

Мамық та жылады...

Төбенің ақ бауыры, көлеңке алып, күңгірттеніп бұлардың уайымына ортақтасты. Шоғырмақтанып көз ұшында кетіп бара жатқан көштің қарасын көкसेп сарнаған сауулы інгеннің дауысымен, бұлардың өксігі ертеңгі жұмсақ желдің жыллуына жолығып, ұзаққа қарап есті.

Мамық көштің соңынан кетті. Анда-санда шөлдейді-ау... өледі-ау... деген үн Мамық аузынан жаспен аралас шығады... Сонда да Мұқаштың қасынан қуғаны бар... Қубас, неге тудың дегені, кемпірдің ендігі қалған күнінің бар қызығы, өзінің барлығының арқасында екендігін өзі біле тұра-ақ Мұқаштың айтқандығы, онсыз да күйін кеміткен кемпірдің есін өртеді. Өксігі ашуға да айналды. Долыланды. Күйді Мамық...

“Жарлыны жаратпау ғой” деп, құдайға тілін тигізіп те алды.

Көздің ұшында шоғырланған көш көрінеді. Көшке тарта желе аяндап боздаумен келе жатқан жапырық інгеннің үстінде ағыл-тегіл болып жасқа жуынған көзі төбенің ауызы алдындағы үйіріне тартпағанда, жолдан жаңылып та қалатын болып жылаған Мамық келе жатыр...

Сәске кезі, сағым бар жерді мұнарлатып Мамықтың күйіне қосылғандай болды, боздаған түйенің, жылаған Мамықтық дауыстары. Еш әңгіме естілмейді, ертеңгі ескен ерке желдің екпінімен алыс жаққа кетті...

– 3 –

Күн түске таянды. Ауыл алдақашан қонған. Аумақтағы үлкен ойпаттың ақала қып жиылған кең көл табанының көк орайына қонған елдің жаны да, малы да өмірлік рақатқа енгендей! Көк көрпеге көмілген көл табанға жапырлатып тіккен жаппалар. Жағалай жатып көк майсаны кешіп жайылған жылқы, түйе. Жүк түсіріп болып, үй тигуге-ақ әлі келіп, ұйқыға енген ауыл табиғаттың төріндегі келісті кесте сықылды.

Бұл сиыққа сай әлі келмей тұрған ауылдың артына келіп, қораның төрінде құрым күркесін қарайтып жатқан Мамықтың пішіні...

Табиғаттың келбетін келтіріп тұрған қара орманның Мамыққа қарасатұғыны кешкі қой келгендегі қосақтың жебе сауымының жарты бақыр сүті, бауырына басқан бір Мұқашты мұнайтуға себеп болған сүт... Шалап құйған мес көзіне түсіп кетіп, кемпірдің, ойына осыны келтірді. “Сен қу тамақ қой, қарағымды қаңғыртып қалдырған” деп, жылап та жіберді. Қарттың қатқан кірпіктері жаспен жібіді.

Ауыл ұйқыдан оянып, шай ішем дегенше, түскі бүгелекпен үйездеген жылқылар өріп, жайылымға шықты. Тоқаң да торшасын төстеп тартып, әлі күнгі көрінбеген қозысын көздеуге кетті. Қозы көрінбейді. Тоқаң төбеге шықты. Қой көрінеді, қозы жоқ.

Тоқаң қойға келді. Қоймен бірге қозыны көріп: “Ойыны осылғырлар ойнаймын деп қозыны жамыратып алдыңдар-ау” деп, Тоқаң қойшыға кейіп зәрін жая келді. Мұқаштың аяғы ауы-

рып, айдай алмай отырған үстіне аңдаусыз келіп қалып, жамырап кетті деп қойшының қайта қайтарғанына, тарс еткізіп қойып қалған Тоқаңның қамшысы байқұстың басын білеудей қылды.

Мұқаш жоқ.

Оның аяғы ауырғанның үстіне ауылға барса, қозының жамырағаны үшін Тоқаңнан таяқ жеймін деген уайым қосылып қалды. Қой сауа алмай қалдық-ау деп қынжылмаса, Мұқаш қайда деген Мамықтан басқа ауылда адам болған жоқ. Мамыққа Мұқаш енді анық өлгендей көрінді. Қорықты, жылады Мамық.

Қалың жас қатпар бетте қайта ақты. Мамық жұртқа, Мұқашқа қайтты.

– 4 –

Жердің жүзін шуаққа шомылдырған жайлы күн. Кезекті кештің көлеңкесіне кіруге күтініп қызылға киінді.

Аспанның батыс беті сары жиектеніп келіп, қызарыңқырап, кара кеуімдене бастады. Жазғытұрғы ылғалды жерден кешкі көтерілген бу шіміркендіріп етіне өткендей болғанмен, желдік жоқ. Тынықтығы зәрін жұмсатады.

Күн батты. Батыстан ілінген қара кеуім жержүзін жалпы жапты.

Қас қарайды. Аспан мен жерді тағы ағалмен араластыратын буалдыр болды. Ұзақты күнге көкті қақ жарып жүрсе де құрышы қанбаған малдар қораға көңілсіз, айдаумен азар оралып келе жатыр.

*М. Әуезов*

## ҚЫР СУРЕТТЕРІ

### 1. КЕШКІ ДӨҢ БАСЫНДА

Жаздың жайлы кеші. Бойды сергітетін қоңыр салқын леп дымқыл тұнық ауада біліне бастаған. Зәрі қайтқан қызыл күн әлсізденіп, таудан асып, ұясына кіріп барады. Жұқалаң, ұзыншақ көп бұлт қызыл сеңдей болып, батар күнді ентелеп қамап тұр<sup>1</sup>.

Қаракөк тұңғиық аспан күнбатысқа тақаған жерінде қызыл торғындай толқынданып, кейбір жерінде қызулы өрттің жалынындай жайнайды. Күннің ақырғы сәулесі түсіп тұрған тау бастары көлеңке басқан қоңыр жердің алтын шатырындай нұрланып, қызғылттанады.

Дөң басы қазіргі уақытта өзгеше көңілді. Кешке жақын у-шуы көбейіп, азан-қазан болған ауылдан шығып, биік сары дөңге көтеріліп келе жатқанда, бойың биікке тарта бергендей болады<sup>2</sup>. Белгісіз үміт күткен қомағай көз айналаны шарлайды. Кейбір жерде көз ұшында аспан төніп жерге қонып, жақындасып, жымдасқандай көрінеді. Кейде жерден көтерілген биік таулар иректеліп аспанға созылғандай...

Күнбатыстан басқа жақтың пішіні сұрғылт тартты. Алыста қарақошқыл тау да бетіне көлеңкедей әжімі жиылып, салқын пішінмен түнергендей.

Ештеп қоңырқай тартқан иесіз дала жеңіл тұманды жамылып сазарғандай. Жым-жырт.

Күн батты. Қызыл шапақтың көрікті ажары мүйнет сайын бәсеңдеп, дүниені қаптаған сұрлықтан жеңіліп барады. Жас баланың үзілген жердегі түсіндей болып, қаны тамған қызыл бетке аз-аздап көкшіл сұрғылт өлім таңбасы араласқанға ұқсайды<sup>3</sup>...

Құлаққа ойдағы ауылдардың үні келеді. Қабат-қабат қалың таулардың арасында иіріліп жатқан жасыл сайдың бойын құлдилап қонған үш-төрт ауыл. Иірім-иірім әр ауылда алқақотан

тігілген қараша үйлердің қалың ортасында бір-бір ақ үй жарық айдың, қара су ішіндегі суретіндей жарқырай түседі.

Аралары жақын. Бәрінің де айналасы неше түлік мал. Кешкі жайылыстары бір-бірімен қосылып жатыр. Әрбір үйдің жер ошағынан будақтап, бықсып шығып жатқан түтіндері кейде аспанға шығып, кейде өлкеге жайылып тарайды... Ауылдардың арасымен жасыл сайды жарып аққан жіңішке өзен. Кейде тура ағып, кейде иіріліп, бұраң-шимай жасайды. Жаңа жамыраған қозылар енелерімен бірге, у-шуынан басылып, ауылдардың екі жағындағы адырларға тырағайлап өріп барады.

Кешкі суға жаңа қайтып келе жатқан топ-топ жылқы ішіндегі түсі айқын қылаңдармен шұбарланып, жасыл шалғынның үстінде пыр-пыр етіп келе жатыр. Шыңғырып тебіскен, үйірін іздеп кісінеген дауыстары кешкі ауадан қатты жаңғырып көтеріліп еді.

Еркектің көбі су жағасында әңгіме құрып, жылқы аралап жүр.

Ауыл кешке өзгеше жанданғандай. Қатын-бала, кемпір-шалға шейін тыста. Әркім әртүрлі шаруамен қарбаласады. Әсіресе малшы-жалшы, қоңсы-қолаңшы біткеннің әбігер-машақаты, әуре-сарсаңы бітер емес. Тек жетіскен үйлерден шыққан қолы бос, еріккен қыз-келіншек екіден-үштен қосылып қалжыңдасып, күлісіп-сыңқылдасып, су жаққа барып, біресе топтанып ойнап, дөң асып кетіп жатыр...

Бұлардың тобынан жырылып қалған сұлу қыз ақ көйлек, қара кемзелімен ауылдың түсін ашып, даланың өзінше бір күйін еске түсіргендей болады<sup>4</sup>. Жұқа қара шапанын ақ білегіне арта салып, бұл да бір дөңнен асып барып, омырау қалтасына бағана асығыс бүктеліп салынған хатты алып оқып отыр<sup>5</sup>...

Өзенді өрлеп<sup>6</sup>, Саршегірдің шабытты кезінде құс ілдірмек болып келе жатқан бозбала судыр қағып, жылжып келе жатқан боз жорғаны қайта-қайта тебініп асығады.

Түрілген суық кабақты анда-санда бір қағып, өзен бойына қадалып келе жатқан Саршегірдің алтындай сары көзі ашумен от бүркіп тұрғандай. Еліріп иек қаққандай болып, анда-санда қылмыңдаған басынан өлімнен де таймайтын, іздегенге жау екені білінгендей.

Басын шайқатып, кекшитіп екі қанатын салбыратып жіберіп, шыдамсызданып отырып, аңшының қолғап киген қолын жем-басарымен, тегеурінімен сығымдап қысып қояды. Бір мезгілде



асығып келе жатқан аңшы тасада отырған екі қаздың тұсына келіп қалып, қайта жалт берді. Жемді көзі шалып қалған Саршегір қолына жаға калды.

Аңшы жылдамдатып кейін шегініп келіп, боз жорғаны қамшылап, дабылды ыңғайлап алып, шаба жөнелді. Бірер секөнттің шамасында қаздарға жақындап келіп, қаршығаны серпіндетіп лақтырып жіберіп, дабылды қағып-қағып қалды.

Дабылдың даусынан шошынып ұшқан қаздар қанаттары судырлап, қарбаласып тік ұшты. Садақтың оғындай суылдап – қыран жөнелді.

Құлшынып жөнелген Саршегір ұшқыр қанатын сыпсып еткізіп екі-үш қаққанда, әлі күнге ұйлығып, жөнеле алмай бара жатқан қаздардың астына жетіп қалды.

Келесі секөнтте Саршегір машинаның айналысындай бір айналыс жасағанда аспандағы үш құстың жарқ-жүрк еткен шапшаңдығы, ұйқы-тұйқы болып жанталасқан қарбаласы көрінді.

Аржағында аңырап тұрған аңшы қабақ, қаққандай уақыт өткенде, бір қазды шалқасынан ұстап сығымдап, төмен қарай созылып келе жатқан Саршегір көрінді. Қыран қазды шұбатып алып түсіп, басып қалды. Аман қалған қаз аспаннан төгіле келіп сабаласа да, Саршегір жемін жіберген жоқ... Әне, аңшы да атын борбайлап шаба жөнелді.

## 2. ТҮНГІ АУЫЛ

Майдың түні. Желсіз тынық ауада тыныштыққа батқан табиғат өлі ұйқыда қалғып тұр. Сүттей жарық, толған ай сағат сайын сызылып, маңдайға (...) қалқып келе жатыр. Қарақошқыл аспанды жымыңдасқан жиын жұлдыздар шашып тастаған күмістей безендіріп тұр.

Аспандағы жарқыраған сұлулар (...) сөлекет жердегі ұйқыға жеңгізіп, томсарып, қалғып тұрған тау-тоғайға наз араласқан қалжыңмен күліп қарап тұрғандай. Айналада қабат-қабат шың, тау, табиғат кәрі көңілінің ауа райын алғандай, түксиген салқын қабағына ескі әжімі жиналғандай ой шыңына батып тұр.

Қара көңіл көлеңке басқан сайларға ай жарығы түспей, түн қараңғылығы басқан теріскей бетті алыстан қара үңгірдей үңірейтіп, тау ішін түнергендей қылып, иесіздендіріп тұр. Бұның

үстіне дүниені басқан ауыр тыныштық, ұзаққа созылған жым-жырттық, мұңмен сызылып төгілген ай сәулесі жүрек қанын қаттырақ соқтырып, көңілде күлімсіреу мен болымсыз үміт, рақат күйін құрғандай болады.

Тауды жарған көк өзекте еркелеп иіріліп, кей жерінде керіле ұйықтап жатқандай әрекеті – көк шалғынның ортасын жарып аққан тілсіз Жіңішке өзені кейде бірқалыпты сарыннан жаңылмай, аспандағы ай-жұлдызбен сырласып, сумаң қағып, өлең айтып жатқандай.

Бірақ бірқалыпты шабыс білмейтін ойнақ мінезі – бірде жүзі жарқылдап күліп, бірде қорланып томсарып аққан қалпынан байқалғандай. Өзен жағасын жағалай шыққан жасыл тоғай желсіз ауада тыныштық алып, дүние намазына ұйып тұр.

Өзек шалғынның шетінде бетке сала қонған ауылдар у-шуынан басылып, іздеген тыныштығына жеткендей болып, тыныш алып, ұйқыда тұр. Түңліктері жабулы, үлкен ақ үйлер(ге) ай сәулесі төгіліп, ақ нұрымен шомылдырып тұрғандай. Үйлер жұмырланып, шаңқиған ақ түсімен өзектің түсін ашып, ұядағы ақ жұмыртқадай жарастығын толтырып тұр.

Алыстан карағанда, жұмырланған үйлердің ұйқыдағы пішімі, жұмыр таудан сырттай бөліскен салқын сыр ішіне бүгіскендей. Ауылдың қотаны толған мал да бейбіт тыныштық алған... ұйқыда.

Рақатты, жарық түнде жайлы тыныштыққа сүйсініп жатқан бірен-саран қой-ешкілердің күйсеген дыбыстары естіледі. Кейбіреулері ұйқысынан оянып, тұра келіп шашалады...

Көп қой қалың ұйқымен жусап жатыр.

Бөлек күй тілемейтін сиырлар да қотанның шеттерінде әр жерге шашылып тынығып жатыр.

Қотанның тау жақ шетіне матастырып тастаған түйелер айқыш-ұйқыш болып шөгіп жатып, кезек-кезек пысылдайды, кейбірі ыңырана-ыңырана жөткірініп пыскырып жатыр.

Ауыл жақтан осы секілді бірқалыпты мал дыбыстарынан басқа анда-санда сергек күзетшінің сарылып жалыққан дауысын салған айтағы естіледі. Тау ұйқыда жатып жаңғырығып жауап қайтарады.

Күзетшінің бір қалыппен созып айтқан, қажып талған айқайында белгілі күй бар сияқты. Күй түн тыныштығының күйіне ұқсайды... Сызылып, жүдеу тартып ағарып келе жатқан таң күйіне ұқсайды.

Бұл әуезінің ішінде де бір тыныштыққа бой ұрған салқындық, кеңдік бар...

Болымсыз мұң-зар араласқан қайғының да сарыны бар...

Бұл айғай түндегі қуаттың біріндей болып шыққан сайын дүние бәрін жыр әуезіне ерітіп, еліктіріп, жаңғырықтыра биік аспанға көтеріп кетіп жатыр.

Адамның әшейіндегі әлсіз даусы табиғаттың дыбыссыз тіліне тіл қосатын мезгілі болса осы болар-ау деген ой көңілге нық орнаған секілденеді...

*Жаяу сал*

### 3. ҚЫСҚЫ ТҮН

Қыстың ұзақ түні. Үлкен таудың ішінде жел гуілдеп соғып, ақ боран ұйтқып ойнап тұр. Қараңғы, тұманды түннің жанды шошытатын суығы қаһарлы. Ашуы келіп, аласұрған қатты дауыл бетіне қарсы қараған затты жерге қаққандай болып, құлшынып тұр. Ысқырып, бұлқынып, жынданып келе жатқан жолында беті кара жартас, жапырағынан айырылған әлсіз ағаш, қарауытқан кішкене кора көрінсе де екпіндеп келіп, кеудесімен соғып, ақ түтек боранның қиыршықтанған ақ тозаңын шашып, беттерін дамыл алмай көміп тұр.

Долы желдің айдауына түсіп, түтіндей болып алақаншықтаған ұсақ қар ұйтқып келіп, қуыс жердің бетін басып жатыр.

Шың тау тентек желдін ашуы мен ойнағына қарап, тұманды ойға батқандай, бас жағы бұлтқа араласып мұнарланып, түнеріп тұр.

Ақ боран көк пен жерді бір-біріне араластырғандай. Аспандағы ай-жұлдыз, жердегі кара-құрадан ешбір белгі жоқ. Айнала аппақ болып тұтасып алған.

Биік тауға екпіндеп ойнап шығып, шың басында өнеріне сүйсінгендей ойнақ салып, етекке қарай ысқырып құлап жөнелгенде, долы дауыл сай бойында жын-перінің күйіне билегендей болады. Ағындап құтырып келіп, жартасқа соғып қорқытпақ болып, көрігін басып гуілдейді. Жер тарпып шаңын аспанға шығарып, ақ көбігін атқытып шабынады. Біресе жабысып келіп құшақтап, жарығына кіріп ысқырып, тербетіп, оятпақшы болады.

Кейде одан өтіп, өзектегі қалтырап жаурап тұрған жас тоғайға келіп, жерге шейін басын игізіп, тәжім еткізіп, арасынан суылдап бұраң қағып, ойнап өтеді.

Кей-кейде бұның бәрін тастап, ұрысайға тығылып отырған кішкене қораның үстіне келіп, ақ түтек болып ұйтқып, ойнағын салып, жержүзінен жоғалтпақшы болады. Суық болып үскіріп, боран болып аласұрып, әлсіз адамға қыр көрсеткендей қаһарланады. Кішкене терезеден көрініп тұрған әлсіз жарық тыстағы дауылдың лебінен қалтырағандай, суықтан бұғып бәсеңдегендей, жарығы да дірілдеп, алакөлеңке болып әлсірейді. Тынымсыз соққан боран ұйытқып, ұйлыққан қар терезенің, төменгі көздерін басып, жоғары таман өсіп келеді.

Кішкене үйдің іші жүдеу. Сарылған сары уайымның таңбасы үй ішіне түскендей. Пештің қырында тұрған жалаңбас лампы үй ішіндегі қараңғылықты зорға жеңіп, жалпылдап, алакөлеңке болып жанып тұр.

Үй ішінің барлық жаны – кураған кемпір мен шал және он шақты жасқа келген ауру бала. Кемпір-шалдың бұдан бір ай бұрын сүзектен өлген келіні мен азамат баласынан қалған жалғыз ұрпағы осы бала еді. Бұ да он шақты күннен бері қарай сүзек болып, қазірде ауруы қатайып, хал үстінде жатыр.

Баланы пештің жанына жатқызып, кемпір мен шал екі жағында бүрсііп, жүдеп, жаны қысылып жатқан жалғыздарына телміріп қарап, сарылып отыр. Жалғыз кабат терезеге екпіндеп келіп соққан қатты дауыл біресе гуілдеп шыдамсызданып, біресе ысқырып әлек салып, біресе дүрсілдетіп ат ойнатқандай болып құтырып, ауру баланы қайта-қайта шошытып оятады. Терезенің тесіктерінен кірген тыстағы суық енді бу болып шығып, үй ішіне тарап тұр.

Бала сағат сайын нашарланып, сөнуге айналған жарықтай төмендеп барады. Кемпір-шал айласы бітіп, әлі құрып, кәрі көздерінен ұлы жастарын ағызып, мойындарына бұршақ салып тілеу тілейді. Сиынбаған аруақ, жалынбаған әулие қалған жоқ. Екеуі де іштегі қайғыны айтыспай ұғып отыр. Орталарындағы жалғыз тірек, жалғыз қанат кеткен соң күндері не болады?

Ержеткен бала мен келін өлген. Жанашыр жан жоқ. Бүгінгі соғып тұрған боран жалғыз бүгін емес, қыстай соққан. Бір жағы, соның салдарынан, бір жағы, баласы ауру болғандықтан, қолдағы азын-аулақ малы күтілмей, бәрі де жұтап таусылған.

Енді аз күнде бұлардың басына келгелі колын созып, төніп аштық тұр. Жалғыз алданышы, жұбанышынан айырылып, ку моладай құлазып қалатын жетімдік, кубастық та бүгінгі күн келгелі тұр. Өлгенше көрмесек екен деген суық пішінін сорлы үйдің ішіне кіргізіп, көрсетіп келеді.

Ендігі өмір не болар? Келесі күн қандай күйге ұшыратар? Белгісіз... Түсі суық... Жылдай созылған ұзақ түн өтпеді... Суық дауыл, ақ боран ашылған жоқ, бұрынғысындай құтырып, шабынып тұр. Зәрлі түн әлсіз жанды жұтқалы жалана берді. Бұл түнмен ауру баланың өмірі жарыса алған жоқ. Аздан соң демі бітіп үзілді. Түнгі боран басқан жалғыз курайдай, айдаһарша аласұрған суық табиғаттың арасында баланың әлсіз өмірі де таусылып, жарығы сөнді...

#### 4. ҚЫСТЫ КҮНГІ ДАЛА

Қалың қарды жамылған ақ дала. Айналада көз тоқтарлық бұдыр жоқ. Ақ кебінге оранған дүние ұзақ ұйқыға батқандай, өлім тыныштығындай зор тыныштық басында бағып ұйықтатып тұрғанға ұқсайды. Тіршіліктің бір белгісі білінбейді. Көзге түсетін жан иесі жоқ. Жержүзін тылсым буғандай; ызғарлы қар, суық аяз тас қылып қатырғандай.

Дала жайылған кебінге ұқсайды. Алыстағы биік жота жымырайған пішінімен тіршілікті көмген молаға ұқсайды.

Аспанды ажарсыз сұр бұлт қаптап алғандықтан, таңертеңнен бері күн көзі көрінген жоқ. Кір басқандай болып, жабырқау тартып түнерген сұр бұлттар кәрі көңілге келген қажыған ойдай болып, қансызданып, жүдеу тартады. Алыстағы көлбеп жатқан жоталар, биік таулар түс ауғаннан бері қарай ептеп қарауытып, мұнарланып келеді. Даладағы күңгірт түс басы биік тауға аз-аздап жайылып жеткендей.

Мұңайып қайғы басқан ұзақ далада көз тоқтайтын қарайған – алыстағы ақ таудың бауырында тұрған жалғыз қора. Көз ұшында қарауытып, нобайы көрінген ауылдан жұлындай болып шығып жатқан жіңішке түтін көрінеді.

Айналасында қарауытқан малы, қыбырлаған жан иесі жоқ. Ызғарлы аяз жан иесінің бәрін де жауратып, жүдеу тарттырып, жылы жайды іздеткендей. Айналадағы жансыздық, өлім ызғары

ауылға да өзінің таңбасын басқандай. Күн екіндіден асып, батуға тақаған. Салбыраған табиғат күннің жансыз жарығынан қажығандай болып, түн тыныштығына қарай ерте бастан бой ұрғандай. Күн батпаса да, аспан қоңырқай тартып қараңғыланып, тау түнеріп, сұрлана бастап, бейуақтың мезгілінде бұлттың түсіне қосылғандай. Аз-аздап жер мен көк жалпақ сұрғылт түске боялып тұтасқандай болды.

Кеш батқаннан бері күншығыстан азырақ жел тұрып, қатандап, жаңадан жауған күпсек қарды сырғанатып, жаяу борасындап тұр<sup>1</sup>.

Ауылдан күншығысқа шығатын жалғызаяқ соқыр жолда ақырын ілбіп келе жатқан жалғыз жіңішке қарайған көрінеді. Қалың қар жүрісіне бөгет болып, қозғалысын өндірмейді.

Келе жатқан – қарайған жаяу екен. Түн жақындағандықтан жүрісін тездетсе де қалың қарға қайта-қайта омбылап, малтығып келеді.

Жетімсіреген елсіз далада жалғыз келе жатқан жаяу – зұлымдық, зорлықтан қашқан жас келіншек – Рәбиға. Бұдан бір жыл бұрын Рәбиғаның күйеуі өлген. Жас келіншек қосағынан айырылған соң, жылау мен қайғыда қаралы жылын өткізген. Күйеуінен қалған жақын туысқан жоқ болатын<sup>2</sup>. Жақында жылын берген соң, бұлардың жамағайыны Жақай Рәбиғаны алмақшы болған. Әменгершілік жолымен, жасы алпысқа келген кәрі шал болса да, Жақай Рәбиғаның иесі болып шыққан.

Шалдың бұл ниетін маңайдағы ағайын, туысқан түгелімен дұрыстаған. Бұл іске қарсылық ойлаған жалғыз Рәбиға әлсіздік жалғыздығынан күш көрсете алмаған. Сондықтан кешегі күні жұрт жиылып, шал мен бұның некесін қиған.

Бірақ шалдын қураған сүйегі, тастай суық денесі Рәбиғаны алғашқы күні-ақ шошытты. Жылы койнына шал кіріп келе жатқанда, жылан кіргендей болып жиренді. Қалтырап тоңды.

Рәбиға сол мүйнетте-ақ келер күннің қайғы-шерін көз алдынан санап өткізді. Сол қайғыдан құтылу үшін, жас денесін суық жыланның зәрінен құтқару үшін, бүгін Рәбиға қашып шыққан еді. Үстіндегі жұқа киімінен суық өтіп келеді. Қарсы алдынан ызғырықтап соққан суық жел ішіне кіріп, икемін кетіре бастағандай.

Мезгілсіз шыққан жас әйелдің алдындағы тілегі – бостандық, ақырғы үміті – жалғыз бауыры Мұқаш.

Рәбиға бұдан бұрын үйімен хабарласқанда, бүгінгі күн бауырына ат әкел деп тапсырған болатын. Соның берген уәдесіне сеніп, үйінен шығып кеткен.

Омбы қарда кебісі қарға толып, жүруге бөгет қыла берген соң, екеуін де шешіп алып, қолына ұстап келеді. Аяғында жалғыз ғана мәсісі бар. Күн кешкіріп түнге айналып, өзі жаурап тоңа бастағандықтан, Рәбиға кезең-кезеңге шыққан сайын бауырын асыға іздеп, алдына қадалып қарайды. Қайғымен түйілген қабағында жанға батқан жалғыздық қорқынышпен араласып білініп тұр. Кеш әбден батып, түн бола бастады. Көз байланып дүние қараңғы тартқандықтан, маңайдағы көп нәрсе көрінбеуге айналды. Боран да мезгіл сайын қатайып, ақ түтек бола бастады.

Аз уақыт өткен соң Рәбиғаның басы айналып, әуелгі бетінен адасты. Жүрегіне жақын жанды іздеп, үмітпен қадалған көзіне карауытып тұрған тобылғы, қарайып жатқан тас та келе жатқан кісі тәрізденіп елестей бастады. Бәрінің де қасына келген сайын үміті дал болды. Аяғында, әлі құрып, бір жерге келіп шынтақтап жығылды.

Құлағына суылдап ысқырып тұрған жел дауысынан басқа таныс дыбыс естілмеді. Өмірмен арпалысқан сорлы әйелдің көз алдына өлім қаупі елестей бастады. Қол-аяғы қатып, үсінуге айналды.

Бір мезгілде құлағына ұйтқып соққан желмен бірге ұлып тұрған қасқыр даусы естілді. Аш қасқырдың ұлуы естілген сайын Рәбиғанын зәресі ұшып, өмірінен күдерін үзді.

Аздан соң есінен әбден адасып жалғыз өзі аласұра бастады. Саушылықта жанына сүйеу керген әке-шешесінің, бауырының атын атап шақырады, күйіп жылайды.

Рәбиға қиналған күйде: “Енді өлдім-ау!” – деп, бойсұна берген уақытта ғана көмегіне сеніп шыққан бауыры – Мұқаш келіп, тауып алды.

Қасына барғысы келіп құшақтап, үлкен сеңсең ішкікті үстіне жауып жылытып, жылай бастағанда, Рәбиғанын есі шала кіріп, ақырын сыбырлап:

– Жалғызым! Сенен басқа сүйенішім бар ма еді?! Неге кешіктің? Мені неге қинадың? – деп дірілдей берді.

Боран үскіріп соғып тұр. Асау жел ащы күйінен жаңылған жоқ, ойнақ салып ысқырып тұр.

Ақ дала меңіреу болып түнеруде. Қайғылы сары бел боран әкеліп тұрған ақ киімін қымтай түсіп, жата берді<sup>3</sup>.

## ҚЫР ӘҢГІМЕЛЕРІ

### 1. СЫБАННЫҢ МОЛАСЫНДА

Ел Көксеңгірдің күнгедейінде. Жайлауда жиын отырған көп ауылдың кешкі жылқылары суға келіп шығып, алды өріске кетіп бара жатқан мезгіл еді. Жаңа жамыраған қойлар дүниені у-шу қылып мазаны кетірген соң, біз ауыл иесі Жортар ақсақалмен әңгімелесіп, құдықтың желке жағындағы тастақ төбенің басына таман аяңдап келе жаттық.

Оңтүстік жақ жазықта жапырлап отырған көп ауыл айнала-сында шұбыртып қыбырлап жүрген малдарымен бірқалыпты жасыл даланың түсін түрлендіріп, көз қуантып тұр.

Көкжиектен асып бара жатқан күн ақырғы алтынды шұғыласымен далаға көрікті нұрын төгіп, ауылдың кешкі қызулы өмірін қызықтандырып тұрғандай. Төбенің басына таман көтерілген сайын, біздің көз алдымыздағы көрініс суреттің ауданы кеңейіп, қыр өмірі өзінің ең дырдулы шағын көзге көрсеткендей болды.

Даладағы мөлдір таза ауадан, сүйкімді суреттен көңілге белгісіз бір үміт кіргендей болады, қиял кезеді<sup>1</sup>. Көңілдің осы шағына не үйлесер еді деп ойлап келе жатқанда, көңіліме бұрыннан есте жүрген бір нәрсе түсті. Ол – қасымда келе жатқан Жортар ақсақалдың ерте замандағы басынан кешірген бір әңгімесін тыңдау еді. Жортар жас шағында осы ортаның айдынды қолбасы, батыры болған. Ол кезде манайдағы ел атағынан шошитын. Тыным-тыныштықты білмеген, барымта, соғыс десе – алағызып қолды-аяққа тұрмайтын қызулы жас болыпты. Жортар мықтылық, батырлығының үстіне, ауызға ілінген найзагер болды десетін. Бұл сыпаттың бәрін мен бұрыннан естігенімнің үстіне, сол батырдың шал болып қартайған түсін көргенде, ұзақтап алысқа кеткен ескі күннің көмескі түсі елестегендейді. Сүйекті



зор денесі апсағайланып, үлкен басы, келбетті түсі салқын сабырмен маңғазданып, туыстағы ірілігін бір көрген кісіге де білдіргендей. Көп бейнет, көп жылдардың ізіндей болып, бетіне түскен қатпарлы терең әжімдері ескі тентек күндердің таңбасы сияқтанады.

Ұзақ жолда ыстық күннен оңандай болып сарғыш тартқан отты көздері, үлкен құлақ, кесек мұрны бұл адамды ескіліктің тірі қалған белгісіндей көрсетеді. Жортар ескінің шын сарқыты деседі. Қасымыздағы екі-үш кісімен дөң басына келіп отырған соң, көңілге алған тілекті айттық.

Ақсақал басында әдепті жылы шыраймен: қарағым, көргеннің көбі көмескі тартып ұмытылып қалды ғой, еске түседі деймісің? – деп аз отырды. Артынан қасымызға отырған Құдайберген ақсақал: “Айтып бер бір әңгімеңді балаларға, енді бізге әңгіме айтқаннан басқа не қалды?” – деп күлген соң, Жортар ақсақал бар әңгімесін айтпақшы болды.

Батырдың ұғымды шешен тілмен айтқан әңгімесі мынау еді:

– Сендерге мен көрген соғысымды, ұрыс-төбелесімді айтпай-ақ қояйын, – деп бастап келе жатып, сары шақшасын суырып: – Өзімнің бір қаты қорыққан жерім болды, соны айтайын – деді.

Біз тыңдауға ыңғайланып, батырдың салқын жүзіне телміріп: “Айтыңыз, айтыңыз!” – дедік<sup>2</sup>.

– Өздеріңдей жас шағым еді – құлағы көрініп, аты естілген пәле болса, іздеп барып соқтығатұғын. Ол кезде “көп қолмен” көшкен елдей шұбатылып кім жүреді дейсің? Ұзақ жорық болса да, көбінше жалғыз-жалғыз аттанатұғынбыз. Аз жүрсек – ай жүреміз, апта жүреміз кейде талай айға шейін жоғалып та кетуші едік. Жортуылға шыққанда көбінесе баратынымыз – өр болатын. Тарбағатайдан асып барып, Қара Керейді, Семіз Найман – Мұрынды торимыз.

Бір жыл күздігүні сол жаққа қарай аттандым. Қарашаның кезі еді. Өрге қарай жүріп, Сыбанның ішіне жеткенімде сол елдің бір Төбет деген батыры есіме түсті. Менімен кездесуге ізденіп жүр дегенді алдында естігенмін.

Далада ұзақ жүріп еріккен соң, қадап шыққан жауым ол бол-маса да, бір шайқасып кетпек болып, бір түнде соның ауылының тұсына келдім.

Сол жылы күз жаңбырлы болған. Түстен бері қарай бір мазасыз жауын дамыл алмай құйып тұрған. Кеш батқан сол күн ашыла ма деп едім – ашылмады. Оның үстіне бір қара суық жел шығып, гуілдеп соғып, мазаны кетіре бастады. Түн көзге түртіп алса көрінбейтін тастай қараңғы еді.

Бірақ бір қасиетім – қысқы ат құлағы көрінбейтін ақ боранда, жазғы тұнжыраған меңіреу қара түнде адасу дегенді білмеуші едім. Іздеген Төбеттің ауылының тұсына дәл келген екем. Аласұрып ұйтқып соғып тұрған жел даусымен бірге сол жел жағымда алыста жатқан қалың жылқының сарынын естідім.

Астымда есік пен төрдей ақ боз атым бар. Өзі алысшыл, төкпеттеп шабатын мықты жылқы еді. Шуу деп салғанда кібіртіктеп шаба алмайтын. Әрберден соң, ұшқыр жылқының бәрі жетпеуші еді. Әлгі атым қатты жаңбырдан жиреніп, жөндеп жүрмей, ығысып келе жатыр еді. Бір мезгілде оскырып тұра қалды. Аттың жалына жатып қарасам, алдымда бір қарайған тұр екен. Біраз жүріп қасына келдім, қарасам – төрт құлақты бейіт.

Бір Сыбанның моласы болса керек. Әлгіге келгенде өзімнен, бір жағынан, суық жел өтіп, бір жағынан, су өткен соң, жаңбыр айыққанша осында тұра тұрайын, күн ашылған соң, Төбетті тауып алармын деп аттан түстім де, жетектеп бейіттің аузына әкеліп, ыққа қойдым.

Шылбырды беліме байлап, өзім моланың ішіне кіріп, төрдегі бір бұрышына барып отырдым. Бейіттің іші тастай қараңғы: көзге түк көрінбейді. Жел гуілдеп соғып тұр. Жаңбыр да басылмайды: сытырлап жауып тұр. Бейіттің ішінде біраз отырып бойым жылынған соң, қамшымды жерге тіреп, соған екі қолыммен сүйеніп, басымды қойып отыр едім, қалғып кетіппін.

Алдында бейіттің іші тіпті қап-қараңғы болып, көрдей азынап тұрған соң, алғашқы кірген жерде кішкене етім сескенип еді. Артынан көзіме бөтен еш нәрсе көрінбеген соң, тынышталып отырдым. Бұрын әркім сондай кезде бейітті жерде жын-пері, жезтырнақ дегендер кездеседі дейтұғын.

Бірақ ол жерде бұның ешбірін де ойыма алған жоқпын. Сөйтіп отырып көзім ілініп кеткен екен, бір мезгілде маған қарсы бір бұрышта бір нәрсе тырс еткендей болып еді, қап-қараңғы меңіреу болып тұрған бейіттің іші жарқырап кеткен сияқтанды. Өзім

ондайда сергек ұйықтаушы едім, көзімді ашып алғанда ұйқым шайдай ашылып кетті.

Әлгінің не пәле екенін біле алмадым, жүрегіме қорқыныш кіре бастады. Бір ойдан, бұл мені айналдырып жүрген шайтан ғой деп ішімнен білген дұғамның бәрін оқып отырмын. Дыбыс шыққан жаққа барып, жөнін білуге де дәтім шыдамады. Төменшіктеп бұққандай болып, көзімнің астымен қарап едім, қараңғы бұрышта бір тіпті үлкен нәрсенің қарауытқан нобайы көрінген сияқтанды.

Бұрынғыдан да шошынып, не қыларымды білмей, отырып қалдым. Сол күйде бір азғантай отырған соң, бір мезгілде әлгі тырс еткен дыбыс тағы шықты. Бейіттің іші әлгіден де жарық болып кетіп артынан бәсеңдегендей болды. Алғашқы кезде қарауға дәтім шыдамай бұғып калып, артынан бәсеңдеген соң, сол жаққа кезім түсіп кетіп еді: құдай көрсетпесін – көзіме өзінің бұрын түсін көрмеген, атын естімеген бір пәле көрінді.

Алғашқы көрген кезде “жалмауыз” дедім. Нобайы адамға ұқсамайды. Қап-қара, тырдай жалаңаш. Бойы еңгезердей үлкен, биіктігі кісі бойы – қолсұғымдай, шашы бұрқырап тұр. Көзіме түскен әсіресе қорқынышты жері – аузы. Ырсиып от болып, тістері аксиып сойдиып тұр екен. Аузынан кәдімгідей от бүркіп тұр.

Әуелгі қараған жерде өзге ешбір жері көрінбейді. Қараңғы бұрышта қып-қызыл от болып жанып тұрған ырсиған ауыз, ақсиған тіс қана көрінгендей болды. “Жалмауыз, не айдаһардың аузы” дедім.

Зәрем кетіп қалды. Сөздің шыны керек, тұрайын десем, буындымды баса алатын емеспін. Тағы екі рет тырс етіп, жарқ-жарқ етті. Бір жолда ақырын қарап едім, тағы да от болып тұрған ауызды көрдім.

Енді ол жаққа қараудан қалдым. Жердің тесігі болса, кіргендей боп басым төмен тұқырып өзім бұғып, бір орнымда қатып қаппын: қозғаларға шамам жоқ. Қашан келіп бассалар екен деп, құр сүлдем отыр. Атым әуелгі жарық шыққанда ішін тартып оскырып, атқып жөнелгенде шылбырды үзіп кетіп қалған.

Ойлап отырғаным ат емес. Қарудан найза мен шоқпарым бар еді. Оның екеуін де, бейітке кірерімде, сыртқа сүйеп қойып кеткем. Жалғыз ғана семсерім бар еді – ол ішімде, қында болатын.

Енді соны алуға да дәрменім келмеді. Қыбыр етіп қозғалсам, бассалатын сияқты қорқып отырмын.

Уақыт сонда түн ортасының мезгілі ғана еді. Жел бұрынғыдай алай-түлей болып соғып тұр. Күн ашылған жоқ, жаңбыр да шелектеп құйғандай болып, сабалап жауып тұр. Өлгі бәленің түсін көрген сайын: “Өлген жерім осы ғой, жапан түзде бір айдаладағы моланың ішінде қаңғырып өлуге жазған екен ғой”, – деп отырдым.

Сөйтiп, зәрeм кетiп отырғанда: әлгi нәрce қыбырлап, маған қарай қозғалғандай болды. Қарауға дәрмен жоқ. Бір суық пәле келе жатқанын тек денем сезді. Иманымды айта бастадым<sup>3</sup>. Бір мезгілде: тырс еткізіп дүниені жап-жарық кып жіберіп, қараңғыда құтырғандай қатты дауыспен ақырып келіп, иығымнан бассалды.

Еңгезердей, қап-қара болып үстіме төніп келе жатқанда, өзіме қарай созылып келе жатқан қолдарына көзім түсіп еді. Қолдарының ұзын салалы қап-қара саусақтары бүркіттің тұяқтарындай болып бүрісіп, тырысып, сіңірі тартылғандай көрінеді. Қапқалы келе жатқан қасқырдың аузындай ырсиып ашылған шеңгел түйіліп келе жатыр екен. Үстіме аюша ақырып келіп қона түскенде, сол шеңгелімен сүйектерімді ұсатады ғой деп отыр едім, жоқ – олай тимеді, тегеуріні қатты болса да, қолы адамның қолы сияқты.

Иығымнан басып келіп, жұлқып сүйреп, әмірлі дауыспен ақырып:

– Киіміңді тастап көрге кір, сен өлдің – деді. Даусы кісінің даусы екеніне әбден көзім жетті. Сонан соң жүрегім орныға бастады. Сүйреуге айналғанда, екі қолынан ұстап, алыса түрегеліп:

– Мен киімімді тастағанда, сен қиетін шығарсың!? Мен туғанда да шешем еркек бала таптым деп қалжа жеген, құдай-ақта! – деп жағаласа кеттім.

Мұнан кейін оның да, менің де үнім өшті. Қараңғы бейіттің ішінде екеуміз шаппа-шап келіп қапсыра құшақтасып, таласқан екі аюдай үн-түн жоқ сіресіп, қатып қалдық.

О да қысты, мен де қыстым; жалаңаш еті басында ұстауға ыңғайсыз болып еді, құшақтап алған соң, жақсы болды. Аздан соң ышқынып келіп, опыр-топыр болып, кезекпе-кезек қайрат қылып алысып кеттік. Байқауымша күші маған соншалық басым көрінбейді. Бір мезгілде қуатымды әбден жиып, жүрегімді

тоқтатып алып, тік көтеріп алып, жерге қойып келіп жіберіп, кеудесіне мініп алдым. Өзіме-өзім сүйсінуім әлей болды! Бағанадан қорқытқанның ызасы үшін: бір қолыммен кеңірегін қысып, қылғындырып, бір қолыммен өкпеден қойып-қойып жіберіп, семсеріме ұмтылдым. Оны жан дәрмен суырып алып, қайнаған ашумен бауыздап жібергелі тамағына алып барғанымда, қараңғы түнде жарқ еткен семсерді көріп:

– Ой, сен Жортармысың? Жұдырығыңнан таныдым ғой! – дегені.

Сол арада дауысынан мен де тани кетіп, семсерімді тастай бердім. Тоғай байындағы Бура – Алтаяқ деген батыр екен. Бұрын жорықта кездесіп бір бақырдан дәм татысқан тату едік. Бағанадан бері қорқып отырған тажалым сол болып шыққаны!

Сөйтсем ол Сыбанды тори келіп, бір күні күндіз елсіз таудың ішінде қарауылсыз бейғам жатқанда, Төбет келіп түсіріп алған екен. Соның қолында бір айдай тұтқында жатып, нақ сол күні түнде қашып шыққан екен. Түн суық жауынды болған соң, киімі нашар, тоңып, әдейі бейітті пана қыла келіпті. Мен келген соң, құдай бір жұмсақ жемді берді деп күш жұмсап айла мен алмақ болып, барлық киімін тастай қойыпты. Бойында қару жоқ. Жалғыз бұйымы: елінен алып шыққан бір сауыт сіріңкесі бар екен. Өлгі бағана тырс етіп, жап-жарық боп кететін уақытта, соны шағып жіберіп, отымен аузына тығып үрлей қояды екен. Менін зәремді кетіріп жүрген ырсиған ауыз сол сіріңкенің кеселінен болып тұр екен. Ол күнде сіріңке қуды кім білген? От керек болса, шақпақ қуды тұтатып алып, жаға қоятынбыз. Сөйтіп мені қорқытып жүрген – жаман сіріңке болып шыққаны деп, – ақсақал мәз болып күліп, әңгімесін тоқтатты.

Бәріміз де ақсақалдың шын күлкісіне қосылып, қошеметтеп күлісіп, қас қарайып қалғандықтан, ауылға қарай жүрдік.

## 2. ТЕКШЕНІҢ БАУЫРЫНДА

Бір жылы июльдің аяқ шенінде жайлауда отырған қалың елден түс ауа шығып, қалаға қарай бес кісі келе жаттық. Бәріміз де салт аттымыз. Қала біздің елдің жайлауынан үш күншілік жерде-тін, ішіміздегі үлкеніміз Сүлеймен мен сол кісінің замандасы Қали

еді. Бұл екеуі бір ауылнай елдің жер жайындағы приговорын\* алып, қалаға арыз бергелі бара жатқан. Біз екі жігіт оқуға келеміз. Бесінші жігіт Бейсембай, бәріміздің атқосшымыз еді.

Ауылдан аттанарда біз тез кетіп қалуға елді қимай, оны-мұныға бөгеліп, ақсақалдардың жүрейік деген мезгілінен кеш шығып едік. Өзіміздің ауылдан шығып алған соң, Сүлеймен ақсақал:

– Бүгін кешке таудың күнгейінде отырған елдің біріне барып түсіп, ас ішіп алып, түн қатып жүріп кетеміз; түнде жүріп таудан асып алған соң, аржағындағы жолдың қиындығы болмайды. Ертең күн қызғанша ойдағы елге де барып қаламыз. Түнде жүрген жүріс адамға да, атқа да жеңіл болады, – деп жол туралы өзінің істеген байлауын бізге білдірді.

Біз үндемей көндік. Бізге ауылдан шығып кеткен соң, қалай жүрсек те бәрібір сияктанып еді. Оның үстіне тау ішімен жарық айлы түнде жүру өз бетінде бір көңілді жүріс болатындай көрінді.

Сол бетпен ымырт жабылып бара жатқанда қалың таудың күнгейінде отырған үш-төрт ауылға келіп, соның біріне түстік. Ақсақалдар күні бойы үй иесімен әңгімелесіп отырды. Біз шай ішіп алған соң, түнқатардың алдында ұйықтап алмақ болып жатып қалдық. Бірақ көпке шейін ұйқы келмеді. Көз алдымнан бүгін шыққан ауылдың жаз бойғы қызығы, жайлаудағы өмірдің көз көрген көп желігі, рақаты бірінен соң-бірі келіп елестеп, ұйқы бермеді. Ақырында, талып шаршағандай болып, ұйықтап кеттім<sup>1</sup>.

Біз оянғанда етті жасап, алдымызға әкеп қойған екен. Үйдің іші алакөлеңке, жеке жаққан шам жоқ, жарық қып тұрған – қазан-ошақ астындағы тезектің оты. Бұл кейде өшуге айналып бәсендеп, кейде жалыны үлкейіп лаулап, жарқырап кетеді.

Үй іші оттың күйіне қарап: біресе – қоңырқай тартып, қарауытып көлеңкеге айналады; біресе – түсі жадырап күлгендей болып көңілденеді.

Шала ұйықтағандықтан, мең-зең болып бойды көтере алмай, ұйқылы көзбен отырып тамақ ішіп алған соң, өзімізді-өзіміз зорлықпен сергітіп, атқа міндік.

Кештен бері отта тынығып, белі көтеріліп қалған аттар, түнгі жүріске өте көңілді сияқтанды. Ығысып, жіті жүріп, қатты аяндап

---

\* Приговор – үкім.

есіп келе жатыр. Ат үсті алғашқы мінген жерде өзінің көңілді желігімен ұйқыны ашып жібергендей болды.

Бүгінгі түн жарық, айлы. Қалғып қана тыныс алған майда түн еді. Көңілге әлдеқайда: тоғайлы, ұйқылы, маужыраған сайда күбірлеп сөйлеп, сұлдер құрып, үзіліп тұрған көздерді еске түсіргендей еді<sup>2</sup>. Түн сондайлық өзгеше демалыстың, жанды сағаттың түні еді-ау! Шіркін, құрбының сондағы тілі тәтті еді-ау! – деген әлсіз арман ойға леп-леп ұрады.

Ауылдан шығып біраз жүрген соң, тау ішіне кірдік.

Біз жағалап келе жатқан жіңішке өзен кейде жағасы ұсақ тоғайлы болып, кейде қалың шалғынды болып, иіріліп, көлденең таудың ішін жарып өтуші еді. Соның жағасындағы жалғызаяқ жолмен бірде шұбырып, бірде қатар жүріп келе жаттық. Жанымызда жіңішке өзен сылдыр қағып, жас жыланша сумандап, нәзік тілмен бір нәрсені былдырлап айтқандай болып, еріп келе жатты. Кей жерде суы кеңейіп алаңға шығып, ай сәулесімен ақ беті жарқырап күлгендей болады. Кей жерде күлкілі жүзі өзгеріп, қоңырқай тартады.

Елсіз шың, ұлы таудың іші жым-жырт. Өзеннің бірсыдырғы сыбырынан басқа, дүниедегі ұйқы тыныштығын бұзған ешбір естілген дыбыс жоқ.

Тау ішімен өзенді өрлеп көп уақыт жүрдік. Сай мен өзен тау ішінен мүйіс жасап иіріліп бұралған сайын көз алдымызға жаңа сурет, жаңа көрік көрініп отырды<sup>3</sup>.

Жалғыз-ақ анда-санда әлдеқайда тау астында жүрген түн құстарының бірқалыпты қатты дауыспен, жүргіншіні шошытқандай болып, қылғынып айтып қалған сұңқылы естіледі. Кейбіреулері қарауытқан ұйқылы қанаттарын жалпылдатып қағып, мезгіл-мезгіл біздің үстімізден өтіп кетіп жатты.

Уақыт түн ортасынан өтіп, таңға жеңіл бір ұйқының шамасындай қалғанда, таудың тең жарасынан өттік. Алдымызда Қоянды тауының ең үлкен биігі – Текшенің қара қошқылданған биік басы көрінді<sup>4</sup>.

Жүретін жолдың азайғанына бәріміз де көтеріліп, серги бастадық. Қатарымызда келе жатқан Сүлеймен ақсақал Текшенің басын көргенде есіне бір әңгіме түскендей болып, бізге бұрылып қарап:

– Балалар, жолдың өзі де қысқарып қалды, сендердің ұйқыларың да келген шығар: мен жол қысқарту үшін бір әңгіме айтайын, – деді.

Біз ықыласпен тыңдайтындығымызды білдірдік.

Сүлеймен ақсақал жас кезінде елдегі көп құрбыларының әуеніне кіріп, ұрлық қылған еді. Ол кезде алысқа топтанып аттанып, бейнетті қиын жол көріп, соғыста болу ескі батырлықтың сарқытындай көрініп, ел ішінде қолы бос жүріп желік іздеген бозбалаға ең қызықты істің біріндей болыпты, тіпті жауынгерлік, өнерлілік саналыпты.

Сүлеймен сол ретпен неше жылдай аты шыққан тынымсыз ұры болып жүріп, артынан тоқтатқан екен<sup>5</sup>.

Біз әңгімесін күтіп келе жатқанда, ақсақал насыбайын баптап иіскеп алып

– Мынау көрініп тұрған Текшенің биігін көрген сайын, жас күнімізде істеген бір тентектік еске түседі.

Көп заман болды. Жылында, кем болса, екі-үш рет топтанып аттанушы едік. Ол күндегі қолбасы Жобалай батыр болатын. Атағы шығып жүрген кезі. Жасы сонда 30–35-тің шамасында. Аттанарда бізге астыртын хабар жібереді: “Пәленше күні аттансын, пәлен жерде табысамыз”, – деп. Айтқан күнінде, хабарын екі қылмай, қуанып аттанамыз. Сонан соң алыс елге кетіп, бір ай, жарты ай жүріп қайтатынбыз.

Бір күні ел жайлауда еді. Бәйгі торы ат деген атым бар. Соны әбден мейіздей қылып қатырып алған кезім еді. Кешке жақын әлгіні суарып: “Енді бір қызығын көрсем-ау!” – деп тұр едім. Құдық басына бір жігіт келіп, Жобалайдан хабар әкелді. “Бүгін түнде не қылса да Текшенің бауырына жетсін. Өзге жұрт сол жерге жиылды. Ертең кездесетін бір жау бар!” – депті.

Ауылдың үлкендері көрсе, жібермейді. Әкемнің дәулеті сол күнде де мол болатын. Сондықтан менің ұрлық қылғанымды барлық ағайын-туысқан иттің етінен жек көретін.

Ұрланып жөнелдім. Болжал жерге жеттім<sup>7</sup>. Жете бере әуелі бір иекартпа кезең бар еді – соған шыға келсем: аттарына ере салып қоя беріп, қарауылсыз-дәнеңесіз, қаннен-қаперсіз жатыр. Көп кісі жиылып қалған екен. Сонан бұларды бір қорқытайын деп қиқу салып: “Қапта-қапта!” – деп тиіп кеттім. Аттары үркіп, жосып шығып кетті. Бірталайы есі шығып бұғып қалды. Келе араласып, бір-екеуін төбеден сойылмен нұқып: “Бас көзді!” – деп жүр едім. Ешқайсысы мені таныған жоқ. Бір мезгілде артыма



қарасам: жалаңаяқ, жалаңбас, қолында басы шәуғімдей ұзын қайың шоқпары бар Жобалай:

– Уә, кәпір-ай, жасанып жатқан топқа жалғыз шабатын сен – Жобалай шығарсың! – деп келіп қалыпты.

Сонан сон мынау бір жерімді ұсатады екен деп шошып кетіп, бетіне қарап күліп жібергенім. Тани кетті. Бәрі де тұрды, жиылып әңгімеге кірістік: қайда барамыз, не істейміз дестік.

Жобалай жайды ұқтырды. Соның алдында бәріміз бірдей кіжініп, өштеніп жүрген жеріміз – Найман ішінде бір Мырзатай дегеннің ауылы болатын. Жазғытұрым сол ауылдың үстімен аржағындағы Керейге Жобалайдың інісі Сыпатай қасында екі жолдасымен аттанып бара жатқанда далада ұстап алып тонап, өлімші қылып сабап; содан бір ай дегенде зорға келген.

Қасындағы жолдастары қашып кетіп, өзін таудың, ішінде елсізде сабап-сабап мыжғылап, елуге айналған соң: “Енді бұл өлді” – деп, бір тасқа тығып кеткен. Артынан бес-алты күннен соң тағы сол жолмен бара жатқан біздің елдің бес-алты кісісі әлгі тастың тұсынан өтіп бара жатқанда ыңырысқан дыбыс естіп, тауып әкелген.

Содан екі айдай қалжа жеп емденіп, зорға дегенде үйге таяқпен кіріп-шығатын болып, ауылда жатқан. Біз сол үшін Найманға кектеніп: “Енді қалай өш аламыз?” – деп тісімізді қайрап жүргеміз.

Жақында Жобалай сол оймен жүргенде бір хабар алыпты: “Мырзатай ауылының бір мырзасының ойдағы бір Матайда қалыңдығы болады екен. Соны көп жасау-жабдықпен ұзатып алып келе жатыр. Бір-екі күнде біздің елдің тұсымен өтеді!”, – депті.

Бізді Жобалай сол үшін жиған екен. Сол хабарды естіген соң, бәріміз де қуанып кеттік. “Енді қашан соқтығар екенбіз?” – деп асығып, шиыршық аттық.

Сонан ақылдасып алып, оларды тоспақ жеріміз – Төбеттің Қызылы болсын деп, соған қарай бет алып жүріп кеттік. Түс ауа сонда келіп орнадық. Төбеттің Қызылынан бір шақырымдай жерде үлкен қара жол бар. Наймандар сонымен жүрмекші. Маңайда ұшқан құстан басқа дым жоқ. Құланелсіз. Екі кісіні кезекпе-кезек қарауылға қойып, өзіміз етектегі бұлақтың басына келіп, ас істеп ішіп жаттық.

Сонымен кеш батты. Екінді мен ақшамның арасы еді. “Келмеді ғой” деп бәріміз де көңілсіз тартып отырғанымызда

биіктің басында қарауылда қарап отырған кісіміз қолын бұлған еткізіп хабар қылды.

Атқа тұра-тұра жүгірістік. Бәрі де ерттеулі, өресімен жүрген. Келіп әп-сәттің арасында мініп-мініп алдық. Санымыз сонда жиырма шақты. Тура бір қолмыз.

Сол арада қарауылда отырған кісіміздің біреуі келді: – Құда-құдағилардың жиырма қаралы кісісі топталып келе жатыр. Бүгін Қызылбұлаққа конатын түрі бар, енді тосып алыңдар, – деді.

Бұл жолда Төбеттің Қызылы деген биік жүргіншілердің бәріне белгілі қауіпті жер болатын. Бұлар сондықтан топтанып келе жатқан ғой. Көптігіне де сеніп келе жатқан шығар дестік.

Бірақ елсіз жерде, иен далада болған соң бұларды ала алмаймыз деген күдік көңілімізге титтей де келген жоқ. Аяғында, күн батып, көз байлануға тақалғанда жүргіншілер біздің қатарымызға келді.

Сонан соң Төбеттің Қызылынан қара жолға қарай шұбатылып баратын бір ұсақ адыр бар еді, соның қабатымен алдын ала салдық. Адырдың шеті тақ қара жолға барып бітуші еді.

Сол жерге келіп: балта сабы екі кезеңнің түбінде қақ бөлініп тұра қалдық. Түрлерімізден адам шошығандай болып кеткен екенбіз: тымақтың құлағын тегіс жымыра байлап алғанбыз; өніміз сұп-сұр; қолда – бір-бір шашақты найза, қара сойыл, ұзын айбалта. Азғантай уақыт қана тостық. Бір мезгілде кәдімгі көшкен елдей ырғалып-жырғалып жайымен келе жатқан қыз-келіншек, бозбалалар. Ден астында тұрып, екі қыздың косылып салып келе жатқан әнін де естідік.

Сонан әбден жақындап, екі-үш арқан бойындай ғана жер қалғанда қиқуды салып, ағашты қағыстырып сатырлатып келіп, тиіп кеп кеттік.

Жер де айқай, көк те айқай болды. Жүргіншілер жер астынан шыққандай болып самсаған сары сары қол қаптап қоя берген соң, есі шығып кетті. Қашуға да шамасы келмеді. Келе араласқанда топырлатып түсіре бастадық. Қару жоқ, сасқалақтап жүргенде бір-екеуінің қолына ғана ағаш түскен екен, қарсылып көрсеткен солар болды. Оның біреуі қыздың жас бауыры екен<sup>8</sup>. Біз өзгесімен айналысып жүргенде, жанды бермек оңай ма, қалыңдық пен құдағидың айналасына келген кісіден төрт-бес кісімізді түсіріп тастапты.

Аяғында, өзгесінің бәрі құлаған соң, немене, – оларды да түсіріп алдық. Күйеу жігіт біреуді алдына салып қуып келе жатқанда, Жобалай артынан келіп қарақұстан қағып жібергенде, аттан тымақша ұшты. Әйелдерін ұрғанымыз жоқ, аттан түсіріп алдық.

Қыз – Матайдың ең бір бай жерінің қызы көрінеді. Алты қанат оқ отау мен он шақты түйеге жасау артып толықсып келе жатқан беті екен. Бір топ қыз-келіншек нөкері бар, қара көз, қызыл жүзді, аққұба қыз. Жасы он тоғыз-жиырманьың шамасына келген. Сұлу пішінінің толықсып тұрған кезі<sup>9</sup>.

Жасау дегеннен көз тұнады.

Біз келіп түсіріп жүргенде еркектерінің бірде-бірі бірауыз сөз айтуға жарамап еді. Бір мезгілде қызының жанында тұрған келбетті семіз ақ бәйбіше:

Әй, жандарым, сендердің де әпке-қарындастарың, алдарыңда тілеулерің бар ғой. Мынау – қойнымдағы алтынымдай сақтаған жалғыз балам еді, бөтен елдің босағасын жаңа аттағалы келе жатқанда, бақытын күйдірмендер, аяңдар! Издегендерің мал, дүние болса, осы әкеле жатқан жасауымның ішінен қалағандарыңның бәрін алыңдар, бірақ бізді бетімізбен қоя беріңдер, – деді.

Сонан соң түсірілгендердің бәрінің атын алып, өздерін топтап иіріп қойып, өзді-өздіміз кеңестік. Арамыздағы кейбіреулер: “Жасауын алып, қоя берейік”, – десті.

Сонда Жобалай тұрып:

Менің іздеп жүргенім әлі дүние ме екен? Олай болса, Найманның жылқысын алудан оңай нәрсе бар ма еді? Мен Мырзатай ауылының өмірінде есінен кетпестей кек алмақшымын. Жасау сөз емес. Алдымен бірнеше күнге дейін тұтқын қылып жатамыз. Қазір бәрінің де көзін таңып, еркектерінің тегіс қолын артына байлап, атқа мінгізіп Текшенін бауырына алып барамыз! – деді.

Бәріміз де осыны мақұл көрдік<sup>10</sup>. Сонымен осы айтқанды істеп, қатын-қыздарды улатып-шулатып, Текше қайдасың деп, ел жатар мезгілде тартып жөнелдік. Келген соң тұтқындарды әрбір жерге отырғыздық. Жүкті түсіртіп, бес-алты күркені тіктік.

Биіктің басына қарауылды мықтап қойдық. Тұтқындардың күндіз-түні көзін шешпейік деп сөз байластық. Жерді таны-масын, түсімізді, атымызды білмесін. Және біреуіне не қылып жатқанымызды екіншісі сезбесін дедік.

Сонымен үш қыз, бір келіншекті бір бөлек қойдық. Қыздың шешесін бұлардан аулақ жерге қасында бір қатынымен бір бөлек қойдық. Көз таңулы, қол байлаулы. Қасында аңдып тұрған жігіттер. Күндіз-түні дүниеде не болып жатқанын ешқайсысы да білмейді. Тамағын ішеді де жатады. Жалынып-жалбарынса да, жыласа да бірде-бірін құлаққа ілмейміз. Естімеген кісі болып, үндемей жүре береміз.

Сонымен, қойшы, төрт күн тұтқын қылып ұстадық. Сол уақытта көрген қызығымыздың ұшы-қиыры жоқ. Ерте бастан екі аппақ күркені өзге жұрт жатқан жерден бөлек бір сайға апарып тіккеміз. Жобалай ұзатылып келе жатқан қызбен сол төрт күндей бір күркені жеке алып, күндіз-түні шықпай жатып алды. Өзгелеріміз калған қыз-келіншекпен мәз болып жаттық. Бізге тиген әйелдер біраздан соң өзімізге үйреніп, қалжыңдасып, ойнап отыратын болды. Анау ұзатылып келе жатқан қыз дүниедегі қайтпайтын қайсар адамның бірі екен. Сол төрт күнде жылаудан көз ашқан жоқ. Жобалайға:

– Менің бақытым күйді. Жарық дүниеге көрінер бетім қалған жоқ. Енді қызық, бақыт маған жоқ. Сондықтан кіммен қарайсаң – сонымен ағар деп, енді ит болсаң да, сенімен қалар едім, бірақ дүниедегі ең-ең жеккөретін адамым, ең қатты дұспаным сенсің. Өзім көрген жанның ішінде барып тұрған жауым сенсің! – депті.

Жобалай: “Сол арада бетімнен отым шыққандай болып ұялдым, бірақ онымен дауласайын ба, үндегенім жоқ!” – деді.

Сөйтіп дәл төрт күн, төрт, түн ертегінің қызығындай қызық көріп, бесінші күн түнде жүктерінің бәрін дәл өздерінде қылып тиеп, бір сабақ жібін алмастан, бұрынғы аттарына өздерін сол байлаулы қолымен, таңулы көзімен мінгізіп, бәріміз бұрынғымызша аттанып, жолына алып барып, беттерін өз елдеріне қарай түзеп қойдық.

Көздері әлі таңулы. Өздері не болғандарын білмейді. Төрт күндей дүниені көрмей әбден мәңгі болып кеткен. Онын үстіне қайда апаратынымызды, жүгін қайтетінімізді ешбіріміз айтқан жоқпыз.

Жобалайдың батырлығынан бұрын, сондай жерде адамның ойына келмейтін қулықтарды табатын айлақестігі бөлек еді. Әлгінің бәрін істеп жүрген соның өзі. Тұтқындарды түгелімен жолдың үстіне қойып, ішінен көзі таңулы бір-ақ кісіні Жобалай жетектеп алып, бізге: “Жүріңдер!” – деді. Бәріміз жүрдік. Бір

дөң асып келген соң, бізді тегіс екінші дөңнің астына жіберіп, жалғыз өзі қалып, әлгі тұтқынның қолын босатып, көзін ашты да:

– Ана жолдастарыңа барып, бәрінін де қолын шешіп, көзін аш. Содан соң жолдарыңмен “құдай” деп жүре беріңдер. Бір сабақ жіптеріңді алғамыз жоқ. Менің, атым – Жобалай. Мырзатайдың ауылы биыл ар жағындағы Керейге бара жатқан менің інімді ұстап алып, өлімші қылған екен. Бұл істегенім – соның кегі. Мырзатай ауылы менің де іргелі ел екенімді білсін!– депті де қоя беріпті.

Сонымен Найман өз бетімен тартып жүре берді. Біз де өз бетімізге кете бердік. Сол енді о заманда болмаған, ел шабысатын үлкен ісі болса да, әлгінің артынан тырс еткен сөз шықпай, өшіп қалды. Өшірген қалыңдық болса керек.

Бағанағы жолдасы барып көздерін ашқан соң, қалыңдық қасындағы жолдас қыздарын шақырып алып, не көріп, не білдіңдер – айт! – депті. Оларға, Жобалай айтпа десе де біздің жігіттердің кейбірі айтып қойған екен: “Қалыңдықты біздің батырымыз алып жатыр”, – деп. Қалыңдық өз жолдастарынан бұны естіген соң, оларға өле-өлгенше бұл сөзді ешқайсың сыртыңа шығарма деп мықтап тапсырып, уәде қылыпты. Сонан соң еркектерге, шешелеріне: “Төртеуіміз бір жаттық, ештеңе көргеніміз жоқ”, – депті.

Сонымен қыздар көрген-білгенін жасырған соң, Найман дүниесі бүлініп-шашылғаннан аман болған соң, неменеге өштессін?

– Олар да бұл турадан сөз қылуды тоқтатып, өздері өшіруге себепші болды, – деп Сүлеймен ақсақал әңгімесін бітірді.

Бұл уақытта таң ағарып атып қапты. Біз тау ішінен өтіп, жазыққа шығып едік.

Әңгіме біткен соң, бұрынғы аяңды қойып, желіп жүріп кеттік.

## ҮЙЛЕНУ

Шілденің ыстық күні. Шаңқай түс мезгілі. Аспан ашық, таза. Төбеге келген қызулы күн жерді ысытып, өзгеше жарқырап, шақырайып тұр. Күшті жарығы қараған көзді ұялтып, еріксіз жұмғызғандай. Күн қызуы жайылған ауа адамды тұншықтырғандай күйіп, шаңытып тұр. Тынысты ауырлатып, бойды мең-зең қылып әлсіреткендей. Бірқалыптан айнымай шыжып тұрған ыстық ауада анда-санда болымсыз ыстық леп білінсе, адам қомағайланып, сол тынышты салқынға қарай бойын созып, бетін төсеп еріксіз ұмтылғандай болады.

Бұл уақытта азғана тыныштық табылса, жалғыз ғана үй ішінен табылғандай. Әсіресе салқыны көп – үлкен ақ үйлер. Есігі түрулі, түңлігін еңкейтіп, терісінен ашқан үлкен үйлерге кіргенде ғана дене аз тыныштық алғандай болады. Жайлауға жаңа жеткен ел жіңішке өзеннің бойына шалғынды жерді қуалап, жағалай қонған. Көз ұшында, сары даланың шетінен жотасы көрініп, иректеліп, созылып жатқан көк тау көрінеді<sup>1</sup>. Одан бергі жер жалпақ ақ көде мен сары селеу. Өзеннің солтүстік жағы ұзын сары адыр. Кей жерде таудың аралары үзіліп кезең болып, кей жерде біріне-бірі қабатталып миқы адыр, бұйрат болады. Өзен осы адырды кенерлеп, таумен бірге айырылып ағады. Сары дала, сары адырдың арасындағы жіңішке өзен екі жағасындағы кек жиектенген шалғынымен, жағалай қонған ақ, ауыл жыбырлаған неше түлік малымен, әр жерден бұраңдап аспанға шығып жатқан көкшіл түтінімен бірқалыпты дүниенің ажарын ашып, сырт көзге көркейтіп тұрғандай. Өзен бойындағы ауылдардың күнбатыс жағындағысы – Байбосын қажының ауылы. Бұл ауыл өзгелерден артығырақ күй іздегендей, өзеннің суы жалпақ, шалғыны мол жеріне қонған. Және, бір жағынан, ешкімді қондырмаған сияқты, өрісті мол қылып, беті ашықта оқшау отыр.

Ауыл – он бір-он екі үй. Бұлардың төртеуі үлкен ақ үйлер. Бірі – байдың өз үйі, екеуі – балаларыныкі, төртіншісі жаңа киізден істелген, сыртын манатпен оюлаған бес қанат ақ отау – ұзатылатын қыздың үйі. Ауылдағы қалған үйлердің көбі кішкене, үш-төрт қанат жыртықтау кара үйлер. Малшы-қосшының үйлері.

Ауылдан екі жүз қадамдай жерге қағылған көгалдағы үлкен желіде амалсыздан жатқан байлаулы құлындардан басқа ірі жылқы жоқ. Бәрі де өзенге түсіп, екі-үш жерге топтанып, үйездеп тұр. Әншейінде шыдамды жылқы дәл бұл уақытта ыстықты шын ауырлап, мең-зең болып тұрғандай. Бұлардың ыстықтан мазасы бір кетсе, ызындап ұшқан, тынымы жоқ көк бас сона, бөгелектен тағы тыныштығы кетіп: суды аяқтарымен шылпылдатып, құйрығымен екі жағын сабаланып, тыным ала алмай тұр. Ыстық-суыққа бірдей шыдамы жоқ сиырлар даладан оқыра қуып келсе, ауылда да тыныштық таба алмай, аласұрып жүр. Анда-санда тыныштық алайын десе де, сәйгелдің бірқалыпты ызыңы естілгенде: көзі аларып, құйрығын шаншып, жан-жаққа бытырай жөнеліп, құтырғандай жосиды<sup>2</sup>. Екі бүйірінен демін алып еңтігіп, танау қағып жүрсе де, күн ыстығы қайтқанша тыныштық алу жоқ сияқты.

Байбосын ауылы кешеден бері қарай күндегісінен көңілдірек. Кеше екінді кезінде келген бес-алты кісі күйеулер ауылдың қызығын молайтып, қыз-келіншек, бала-шаға, бозбалалардың желігін көбейткендей. Бір жағынан күйеулерге амандасуға келіп жатқан жақын ауылдың қыдырмашылары да ауылдағы қара-құраны молайтып, ертеңді-кеш топырды көбейтіп жүр. Байдың келіндері, жақын ауылдың қыз-келіншектері түгелімен таза киімдер киіп, күйеулер отырған ақ отауға ерсілі-қарсылы кіріп-шығып, даурығып, қалжың айтып, дамылсыз күліп, бірін-бірі жұлқылап ойнап, желігіп өтіседі.

Күйеулермен қыдырып келген жұрт та танертеннен қозғалмай отырып, әлденеше тегене қымызды ішіп алып, қызысқан. Бірін-бірі қағытып қалжындасып, мысқылдап күлісіп, кейде қызыл кеңірдек болып болымсызға дауласып та кетеді. Күйеулердің үйі қазіргі сағатта өте көңілді. У-шу, ойын-күлкі, қалжындар әлі басылған жоқ. Көп дырду, күлкі арасында анда-санда домбыраға қосылып, жіңішке дауыспен шырқаған әнші Матайдың маңызды

әні де естіліп қояды. Күйеулердің үстіне кіруге лайықсыз көрген үлкендер ауылдың алдындағы өзен жағасына таман келіп, көк шалғынның үстінде, көйлекшең отырып, салқындап әңгіме құрып отыр. Ауылдың қазіргі ажарына қарағанда және үлкендердің ниетіне қарағанда, бұл күйеулер қадірлі қонақтарға ұқсайды. Бұның бір себебі – күйеу болып отырған Қасым осы елдің көрші болысы – Қызылшіліктің жаңада сайланған “болатком” бастығы болатын. Ел ішінде аталы ауылдың баласы биылғы жылы партия басы болып, елінде атқа мінген жігіт. Өзі пәлендей батыр, өнерлі, өрелі жігіт болмаса да, “ата баласы ғой” деп атасының “аруағын” сыйлап, ел осыны болыс қойған: аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесіннің кері болған.

Күйеулердің бұдан басқа бір сыйлас болатын себебі – бұлардың қасына Қасымды болыс сайлаған нұсқаушы Оспан да ере келген.

Оспан – осы маңдағы үш-төрт болысқа келген сайлаушы. Өзі шала оқыған мұғалім болса да, Қасымның айтуынша, “өнерімен жетілген” деп саналады. Ұлықтықты ұқсата білген, сый-сияпатты тәуір көретін жігіт болғандықтан, Қасым аужайын байқап, әдейі қасына ертіп, қонақ ретінде алып келген. Сайлаушы төренің саяси пікірі қыр тұрмысына үйлеспесе де, “қазақты жақсы көретіндіктен” анау-мынау ойларды былай тастап, бәйбішенің үстіне тоқалдыққа Байбосынның қызын алғалы отырған Қасым досының қасына еріп келген<sup>3</sup>.

Қасымның жасы қырықтың шамасында. Бетінде шешек шалған айқын таңбасы бар – шұбар. Қоңқақ мұрын, бітеу бастау, селдір кара сақалы бар, зор денелі аңсағай жігіт. Кісінің іші-бауырын елжірететін орамды жүйрік тілі болмаса да, Оспанды ылғи “төре” деп сөйлеп, асты-үстіне түсіп, қорыққандай болып күтіп тұрады. Айтқан сөзінің бәрін де “құп!” деп мақұлдап тұратын мінезімен “төреге” жаққан болатын. Оспан бұл мінездерін “қазақтың қонақшылдығы, мырзалығы, кеңдігі” деп сүйген еді. Сайлаушы таңертеңгі шайдан соң енді біраз “гулять” жасау керек деп, қыр кісілерінің бір жерде отыра беретін мінезін өзінше сөгіп, біраз жүріп келуге тысқа шыққан.

Бірақ тыстың ыстығы шыққан жерден жайсыз көрінсе де, қайта кіруді ыңғайсыз көріп, қасына өзінің шабарманы мен



тағы бір-екі жігітті шақырып алып, ауылдағы әрнәрсені бұрын көрмеген кісідей тамашалап жүрді “Төреге” жусап жатқан қой да, оқыралап жүргені сиыр да тамаша көрінді. Желіде жатқан құлынды көргенде “ақжүректігі” ұстап: “Ыстықтап жатыр-ау, байғұстар! Әй, қазақ деген қандай “жестокий!”– деп бірталай ой ойлаған кісі секілденіп бір тұрды. Біраздан соң құрт қайнатып жатқан кемпірге келіп:

– Бұдан не жасап шығарасың, кемпір, ә? – деп күлімсіреп, – “Өндіріс” осы ғой, – деді. Қасындағы жігіттер төренің бар сөзін мақұлдап:

– Біздің қазакеңнің осындай қазақшылығы болады, – деп мысқылмен күліп қойды. Оспан осыдан аз-ақ бұрын құрт ішемін деп жер ошақты жағалап, шешесінің мазасын ала бергенде, басына “таңқ” етіп талай тиген ожауды ұмытып, қазір де сол құртқа кісілік көрсеткендей болып тұрды<sup>4</sup>. Осындай біраз сейіл жасап үйге қайтқанда, бұны тосып отырған күйеу “бір оңаша сөзім бар” деп бұны тысқа шақырды.

Екеуі де тысқа шықты. Ауылдан қырық-елу қадамдай жерге барған соң көгалға жайланып отырып, Қасым сөз бастады. Қасымның айтпағы өз жайы екен. Тымағын көзіне киіп, төмен қарап отырып:

– Төре! Мұнда маған жайсыздау бір әңгіме болып отыр. Бұл Байбосынның қызын мен жаңада айттырғам ғой. Әке-шешелері қызын бермекке ырза болып, бізден бірталай мал да алып қойып еді. Енді бұл уақытқа шейін ай қарап жүрді ме білмеймін, қызы: “Қатын үстіне тимеймін, ырза емеспін, бостандықтың заманы, өзімнің көңілім сүйген кісіге тиемін! Оның жасы да үлкен! – деп айтады дейді. Өлі бұл сөз әкелерінің құлағына тимеген болса керек. Жаңа жеңгесі келіп, осыны айтып кетті. “Сайлаушыға айтамын, басыма бостандық аламын, сотқа барамын!” – деп айтады дейді. Сонымен кеше де, бүгін де біздің қасымызға шақыртсам да келмей отыр: “Бармаймын!” – деп айтады дейді. Ата-анасы батасын айтып, қызын беруге ырза болған. Құйрық-бауыр жесіп құда болғанбыз. Оның үстіне, мінеки – сізге сый көрсетемін деп, әдейі өзіңзді ертіп келіп отырмын. Осыны қалай дейсіз? Қашқанның да, қуғанның да тірегі сізсіз ғой! Арыз беремін деп отырғаны сіз екенсіз. Лайық көрсеңіз, өзіңіз соны сөйлесіп, ақымақтық қылма десеңіз қайтеді? Сіздің сөзіңізге тоқтайды ғой.

Оспан аз ойланғансып отырып, шімірікпестен:

– Жарайды, мен сөйлесейін. Мұнысы қисынсыз екен. Қанша бостандық дегенмен, қазақтың қазақшылығына лайықсыз жұмыстың орны жоқ қой! – деді.

Қасым көңілденіп күліп:

– Төре-ау, тіпті енді декретінде күйеуі келіп отырған қыз да бұзылсын деген бе? Мұнысын қойғызыңыз! – деді. Жігіттер осы ретте сөздерді тағы біраз сөйлескен соң түрегелісіп үйге қарай жүрді.

Оспан сол бетімен барып қызбен сөйлеспекші болды. Қалыңдық бұлар отырған үйге келмегендіктен, пішінін Оспан әлі күнге көрмеген болатын. Төре күйеулердің үйінен өтіп, қыз отырған кіші отаудың жанына тақалғанда, қалтасынан тарағын алып тыста тұрып шашын тарап, қоразданып, қақырынып үйге кірді. Үй оңаша екен. Оң жақтағы биік төсектің алдында, машинамен іс тігіп Қасымның қалыңдығы Жәмила жалғыз отыр. Басында оқалаған қара тақиясы жаңа тараған қара шашына, бетінің ақ түсіне жарасып тұр. Бетінің ұшындағы жұқалаң қызылы, аз ғана күлімсіреп тұрған мөлдір қара көзі, кішілеу қырлы мұрны бір көрген жерден-ақ Жәмиланың сұлулығын білдіріп тұр еді. Орта бойлы, толықтау денесіне киген ақ көйлегі, жасыл пүліш кәмзәлі де ешбір мінсіз болып жарасқан. Оспан қыздың сұлулығына таңқалғандай болып, көрген жерден көңілі құрметтегісі келгендей болды. Бұл төрге шығып отырып амандасқанда, Жәмила аз бұрылып, көзінің құйрығымен қарап, ешбір қымсынбаған пішінмен “шүкір” деп ақырын ғана жауап қайырды. Оспан қалжыңдаған болып, әртүрлі сөздің басын айтып аз отырған соң, келген сөзіне көшті. Қыз мойнын бұрып, таңданған пішінмен жас жігітке қарап отыр. Оспан сөзінің басын ұғымсыз қылып, қайта-қайта бөгеліп сөйлеп, аяғында:

– Ата-анаңыз атастырып қойған екен. Я, оның үстіне, күйеуіңіз – бір елдің болысы, ұлығы. Ендігі тимеймін дегеніңіз лайық бола ма? Я, мен бұл сөзді тастауыңызды сұраймын! – деп қызға қарап себепсізден күлімсірей келіп, ақырында мырс етті. Жәмиланың өңінде жігіттің сөзі әсер бермегендігі білініп тұр. Ол Оспанның сөзін естіп болған соң, ақырын езу тартып күліп, жігіттің бетіне тура қарап отырып:

– Осы өзіңіздің ойыңыздағы сөзіңіз бе? Жоқ, Қасымға еріп келген соң, жолдастығын ақтайын деп айтып отырсыз ба? – деді. Оспан басында не айтарын білмей қысылыңқырап қалып, артынан әлденеден рақымы түскен пішінмен күліп:

– Әйтеуір айттым ғой, әуелі менің сөзіме жауап беріңізші! – деді. Қыз:

– Өзгенің жөні бір басқа. Жалғыз-ақ сіздің жеңтетай болғаныңыз қисынсыз емес пе? Әйелге бостандық әперетін сіздер десек, өзіңіз бұны айтқаныңыз дұрыс па? – деп, кінәлаған кісінің пішінімен Оспанға тағы қарады. Оспан:

– Сіз мені жеңетай деп “обижать” етесіз, мен оныңызға ренжимін! – деді.

Қыз күлімсіреп:

– Олай болса, жөніңізге көшіңіз! Өзіңіздің жастығыңызға, орныңызға, түсіңізге қарағанда, осы сөз лайық па – соны ойлаңыз! – деді<sup>5</sup>.

Оспан бұл сөзге келгенде, біржолата жеңіліп, кінәлі болған кісіше төмен қарады. Қыздың ірге бермеген ашықтығы мен шешендігі жігітті жеңді. Бірақ бұдан төренің көңіліне ашу мен намыс кірген жоқ, қайта қызға қатты сүйсінгендей, ішінен құрметтеп, көңілі басқа жаққа қарай ауа бастады.

Соңғы бір-екі сөз өз көңілін оятып, күтпеген жерден болымсыз үміт туғызғандай болды. Қыздың пішіні, мінезі, барлық сөзі де жігітке әбден жақты. Бұл уақытта Жәмила да “оқыған жігіт” дегенді жаңа көргендіктен, бұған өзгеше көңілмен қарап орысша сәнді киінген киіміне, қызыл шырайлы сүйкімді пішініне айырықша көңіл бөлгендей болды. Жас жігіттің ажарлы пішіні мұның да әртүрлі сезімін оятқандай еді. Енді үміт пен күдіктің арасында алысып отырған шыдамсыз күйеуді ұмытып, сайлаушы “төре” өз әзілінің жарастығын іздей бастады.

Қыздың соңғы сөзінің бетімен бірталай сөйлесіп отырған соң, екеуі біріне-бірі үйір болып, әбден таныс болған кісілердің қалпына келді.

Аяғында, қыз сөзінің көбі Оспанның үмітін әбден нығайтқан соң, қырдағы мүсіні тәуір әйелдің бәріне істеп жүрген дағдылы машығына салып, төре белгілі тілек айтуға ауысты. Көптен қалжыңмен жағалатып айтып отырған сөзінің бетін ашты. Қыз бұл жерде де қысылған жоқ. Көп естіген сөзінің бірі екендігі

жауап ретінде жымыған күлкісінен білініп тұр еді<sup>6</sup>. Енді біразда “ғашық” болуға тақап, жүрегі лүпілдеп, жауабын асығып күтіп отырған жігітке қарап, Жәмила:

– Сіздің сөзіңіз жерде қалмас, бірақ менің айтатын тілегіме өзіңіз де табылыңыз? – деді. Оспан бұл жерде шыдап отыруға шамасы келмей: қыздың қасына барып, қолынан ұстап, бір қолымен мойнынан құшақтап, бетінен сүйіп алды. Қыз болымсыз ғана қымсынып, төмен қарап, ақырын: “Біреу келіп қалады” – дегеннен басқа ешнәрсе айтқан жоқ.

Біраздан соң Оспан орнына қайтып келіп отырып, қыздан оңаша жолығатын уақыт сұрады. Қыз жымыып күліп:

– Айтқаныңыз жаңа, асыққаныңыз не? Әуелі менің тілегімді естіңіз! – деді. Оспан:

– Айта ғой, олай болса, тілегінді, – дегенде:

– Тілегім – біздің жақындығымыз аз күндік жақындық болмасын. Лайық көрсеніз, өмірлік жолдас болайық деймін. Осыны қалай көресіз? – деді.

Оспан бөгелместен байлауын жасап:

– Жәміш! Менің де айтқалы отырғаным осы еді. Енді сөзіміздің байлауы осы болсын, сен – менікі, мен сенікі! – деді<sup>7</sup>.

Осы секілді сөздерден кейін қыз бен жігіт арасында уәде беріскен байлау болған соң, енді қалай қосылудың жайын сөйлесті. Бұл турасынан бірталай сөйлесіп келіп байлағандары: аз күнде елдегі жұмыстарын бітіріп, Оспан қалаға қайтады, сонда жолшыбай келіп Жәмішті алып қашады. Оған шекті Жәмила Қасымға тимеймін деген сөзді айтып тұратын болды. Осымен сөздің аяғын бітіріп, екеуі талай жылдан көрісе алмай, сарғайысып жүрген ғашықтардай, құлаштарын жайып сүйісіп, зорға айырылысты<sup>8</sup>. Бұл оқиғаның артынан Қасым күйеуге Оспан көңіл жұбататын сөз айтып келген жоқ. “Қызды көп сөйлесіп, тәуір-ақ көндірмекші болып айналдырып едім – болмады. Мен енді бабын таба алмадым...” – деп болымсыз сөздермен Қасымды жұбатпақшы болды. Қасым бұл сөздерге сенер-сенбестей болып, үндемей отырып қалды. Сол күні кешке қыздың “тимеймін” деген сөзі бұл өлкедегі ауылдардың бәріне де жайылып қалды. Әке-шешесі қыздың мінезіне ұялса да, зорлық қылуға бата алмады. “Ертең болады”, – деген той жасалмайтын болды. Кешеден желігіп жүрген сауықшыл жастардың бәрі де басылып қалды. Аяғында, сол күні түнде күйеу қасындағы жолдастарымен

ақылдасып, еліне қайтпақшы болды. Қыздың әкелері ағайын-туысқан, жақындарын жиып алып, қызға қайта-қайта кісі салып сөйлескенде, ол көнбеген соң, күйеулерге кісі салды. Біздің қызымыз әзірше бұзылып тұр. Бірақ бізге он бес күнге рұқсат беріңіздер, соған шекті көндіреміз, тентегімізді тиямыз. Он бес күннен соң қайта келіңдер десті. Күйеулер осы сөзді малданып, қайтып кетті.

Арада төрт-бес күн өткен соң, шабарман арқылы қызға берген уәделі түнінде Байбосын ауылының сыртына үш ат жеккен трашпеңкемен келіп, Оспан Жәмиланы күтіп тұрды.

Мұның ойын әлі күнге шейін ел ішінде сезген жан болған жоқ. Жүрісін тіпті сезіксіз қылу үшін Байбосын ауылынан қайтқан соң да ылғи Қасымның ауылында жатқан. Қыздың ауылының сыртындағы табысуға уәде қылған кішкене төбешіктің түбінде ауыл жаққа қайта-қайта телміре қарап, Оспан мен шабарман Жәмиланы сабырсыздықпен күтіп тұр еді. Бірталай ауыр мүйнеттер өтті. Ұйқыда жатқан ауыл жақтан ешбір дыбыс білінбейді. Сабырсыз жігіттердің қадалып қараған көздеріне жұлдыз жарық болып тұрған қараңғы түн де, кейде түрегелген ірі қараның бәрі де келе жатқан кісі секілденіп көрінді. Аяғында, бір сағаттай уақыт өткен соң, жігіттердің сақ құлақтарына бір-ақ рет шылдыр еткен шолпы дыбысы естіліп қалғандай болды. Екеуі де құлағын тігіп ауылға қарады. Аздан соң қараңдап, ақырын сөйлесіп келе жатқан екі кісінің бойы көрінді.

Бұлар алдынан қарсы жүрді. Жәмиланы шығарып салуға жеңгесі Айша ере келген екен. Үстінде ақ көйлегі бар, басына қара шапанын жамылған Жәмила жеңгесін ертіп, жігіттердің қасына келді. Қыз келген соң азғантай ғана сөйлесіп, Айшамен бәрі бірдей қоштасып, қара жолмен жүріп кетті.

Қала бұл жерден жүз шақырым. “Жұрт тұрып құлақтанғанша, біз барып та қаламыз”, – деп, ауылдан ұзап шығып алған соң, атты қатты айдап, қашқындар кете барды. Ел ертеңінде түс мезгілінде қыздың кеткендігінен хабарлана бастады. Байбосын ауылы қыздың кіммен кеткенін білмей дағдарысты. Сол күні кешке бұл хабар Қасым ауылына да жетті. Бұл жұмыс төреден келгенін жұрт ертеңінде ғана білді<sup>9</sup>.

## “ОҚЫҒАН АЗАМАТ”

### I

Суық қыстың орта кезі. Күн түске тақап қалған. Аспанда бұлт жоқ, ашық. Жарығы көз тайдыратын нұрлы күн бүгін жазғы түріне түскендей болып өзгеше жарқырап тұрса да, ызғарлы қар, суық ауа қызуын жоғалтып, жарығына жансыздықтың табын басып тұрғандай.

Жер қарлы. Үш-төрт күннен бері қарай айықпаған шыңылтыр аяз бүгін де сықырлап білініп тұр. Күншығыстан соққан баяу жел суықтың көрігіндей болып, ызғарды көбейте түсті. Кейде сүйкеп өткен салқыны бетті шымырлатып, денені тоңазытады.

Тұрғын халқының көбі қазақ болған Сібірдің кішілеу қаласы қыстың ақ киімін даламен бірге жамылып, жабайы табиғаттың жайлы күйін күйлегендей<sup>1</sup>.

Бар үйдің төбесін күпсек қар аппақ болып басып алған. Кейбір кішкене үйлерді, көп қоймаларды қалың қар жал секілденіп басыпты. Көшенің қары жүргіншілердің табанымен тапталып ысқаяқтанған. Басқан сайын шыныланып сықырлап, кейде шатынағандай болып шытырлайды.

Бұл қала Сібірдегі үлкен өзендердің бірінің сол жағасында орнапты. Ретпен салынған сұлу қала емес. Орта жері болмаса, шеттерінде тәртіп жоқ. Оның үстіне шет-шетіне шашыратып салған қазақтың жер үйлері тәртіпке ұқсаған сиықтың бәрін бұзып, қаланың шеттерін түйенің жыртылған ескі жабуындай жалба-жұлба қылып ыдыратып, тоздырып тұр.

Қаланың ортасында базардан суға қарай түсетін Земский көшесінде қазіргі сағатта жүргіншілер сиреген, иесізденіп тұр. Анда-санда әлдеқандай уақ тері-терсекті пұшпағынан сүйрегіп, қыл-қыбырын арқалап, базарға қарай аяңдап бара жатқан бірен-саран жаяу алыпсатарлар ғана көрінеді<sup>2</sup>. Кейде шанасын сықырлатып, жеккен түйесін божылап, “шүу-шүулеп”

келе жатқан қырдың қоңырқай пішінді қалашылары кездеседі. Бұлардан басқа көзге түсетін көп жүргінші жоқ.

Осындай бірқалыпты күйде бірталай уақыт өткен соң, көшенің төменгі жағынан шығып, базарға қарай беттеп келе жатқан бір шаналы көрінді.

Жеккені – кәшауа шана. Алдына отырғызған көшірі бар. Бұл келе жатқан осы қалада қызметте тұрған оқыған жігіттердің бірі Мейірхан еді. Әлгі көшемен тура жүріп келіп, базарға тақалған жерде оң қол жақта тұрған көк шатырлы кішілеу көк үйдің қақпасына келіп тоқтады. Ат тоқтаған жерде Мейірхан шанадан түсіп, үйге қарай жылдам басып жүріп кетті. Жігіттің пішініндегі томсарған кейісіне қарағанда, қабағы түксиген жүдеулікке қарағанда, бұл келген үйінде бір оқиға болғанға ұқсайды. Мейірхан әуелгі бетімен үй алдына кіріп, содан ішке кіретін есікке тақап қалғанда, алдынан есік ашып, бір жас әйел шықты.

Сәнді киінген сүйкімді пішіні бар жас әйелдің түсінде де әлгіндей кейістің таңбасы бар. Түсінің ажары кетіп, қатты жүдеп, ақсұрланған. Қабағы болымсыз түйіліп, уайымның сызынан шытыңған. Жұмсақ қара көздері кішірейіп, жасанданған. Жиі кірпіктерінде жаңа ғана шыққан көздің жасы білінеді. Мейірхан бұл әйелді көрген жерде тоқтай қалып:

– Немене, Қадиша, қалай? Неғып жүдеп тұрсың мұнша? – деді.

Қадиша түксиген қабағын жазбастан, үмітсізденген пішінмен ақырын:

– Сағат сайын төмендеп барады, білмеймін: жазыла ма, жоқ па?.. Бүгін таңертеңнен сізді “әкеп бер” деген соң әдейі кісі жіберіп едік, – деді де, көзіне мөлтілдеп жас келген соң, төмен қарап кетті. Мейірхан жұбатқан болып, бір-екі ауыз сөз айтты да, үйге кірді.

Кішілеу екі бөлмелі үйдің төргісінде, биік төсектің үстінде қатты ыңқылдап, шыдамсызданып Мақсұт жатыр. Беті ашандап жүдеген. Әншейіндегі ақсұр түсі күреңденіп ісінген. Көзі қанталап, жастанып апты. Қысқалау қою қара мұрты, сұлу қара қасы, қайырған ұзын қара шашы да қатып қалғандай болып, жабысып жансызданған сияқты<sup>3</sup>. Еріндері іштегі қызумен кебірсіп, жарылып, қарауытып қапты. Еті қашып, арыған жіңішке қолдары қазірде дірілдеп, бір жерге орнықпай, ауру кеудесін сипалай береді. Қолдарының түсі сарғыштанған, тырнақтары көкшілденіп қанталап тұр.

Мейірхан жолдасының осы пішінін көргенде ішінен тынып, жүдеп келіп, қасындағы орындыққа зорға отырды. Біріне-бірі қоштасқандай болып, қалың уайыммен аз қарасып отырған соң, Мейірхан күрсініп, Мақсұттың жайын сұрай бастады.

Мақсұт бәсеңдеп қарлыққан даусын қатайтпақ болса да, шамасы келмеді. Сөзіне көбінесе сыбыр араласып, не айтқандары ұғымсыз болды. Мейірхан сөзін ұқпақ болып тындаса да, ешнәрсе ұға алмады. Аздан соң Мақсұт шатасыңқырап, сандырақтай бастады. Сөзінің көбі сау күнінде істеп жүрген қызметі, оқытып жүрген сабағы, тәрбиелеп жүрген қазақтың балалары туралы. Әлсіздікпен сыбырлаған шалажансар сөздерінің арасында: “Балалар... жетім қала... Мен еңбек сіңіре... алмадым... Енді міне!...” – деп, кеудесі мен ішін сипап: “Өзім де екіталайдың үстінде жатырмын!” – деп Мейірханға қолын созып, бұның қолынан ұстап: “Мені сөкпейсіндер ме?... Менде жазық жоқ қой...” – деді де, соның артынан қайтадан шатасты.

Мейірханның көзінде жас толы еді. Аузына жұбатарлық сөз тимеді<sup>4</sup>. Ауру жолдасының көңілі үшін айтқан: “Жазыласың, өлімді ойлама!” – деген сөздері жасып, әсерсіз болып шықты.

Аздан соң төргі үйге Мақсұттың кемпір шешесі мен келіншегі – Қадиша кірді. Қадишаның қолында кішкене баласы бар. Екеуінің ішінде де үміт пен қорқыныш жеңісе алмай алысып тұрған сияқты, сенімсіздік білінеді. Жалғыз баласы Мақсұттан басқа сүйеніші, тілеуі жоқ әлсіз сорлы шешесі көкірегі қайғы-шерге толып, көздері мөлтілдеген улы жасқа толып, жаутандап, қуат-көмек сұрағандай болып, Мейірханға қарай береді.

Мейірхан жұбатпақшы болып, тағы да бір-екі ауыз сөздер айтты. Бұлардың бәріне, Мақсұттың нашар науқасының үстіне, түйін болған нәрсе – бүгін таңертең доктор келіп, ауруды қарап: “Емдеуден өтіп кетіпті, өледі”, – депті<sup>5</sup>.

Сондықтан бәрінің іш күдігі күшейіп тұрған. Шешесі үйге кіргенде Мақсұттың көзі түсіп, апасына біраз қарап жатып, артынан шыдай алмай көзін жұмып, ірге жаққа басын бұрып әкетті. Туысқансыз, жақынсыз жалғыз қалатын сорлы анасының көрер күні қандай болатынын Мақсұт ойлағандай. Аздан соң басын қайта бұрып алып, шешесіне қарап:



– Өзгенікі – өзге-ау, сенің күнің не болады? Сені кімге тастаймын?.. Алдымда өлмедің-ау! – деп басын шайқап жылағандай болып, кемседеп, тағы теріс қарап кетті. Шешесі даусын шығарып жылап жіберді. Қадиша кейінірек тұрып, көзінің жасын анда-санда сығып алып тұр еді.

Осы халде біраз уақыт өткен соң есік ашылып, үйге Мақсұттың тағы бір-екі жолдасы – Жұмағұл мен Ақтан кірді. Бұлар үйдегі суретті көрген соң, біраз сөзбен аурудың жайын сұрасты да, үндемей мұңайып отырып қалды. Мақсұт ірге жаққа қарап жатып, басын бұрмай:

– Қадиша... өлмейді. Бірақ ол сенен туған жоқ... Басы көп, бай төркіні бар. Ең болмаса, соларға кетіп қалады ғой. Сені о да жылатар<sup>6</sup>...

– Неге үйдейсің жарығым, жалғызым?... – деп, қатты жылай бастап еді. Мақсұт:

– Апа, жыламашы, ана үйге баршы... – деп сыбырлап:

– Жүрегімді көз жасың өртеп барады ғой... – деді. Мейірхан мен басқа жігіттер де бұл суретті көру қиын болғандықтан, көзінің жасы жерге тамшылап тұрған кемпірге:

– Жыламаңыз, қиналады ғой... Бара тұрыңыз! – деп, ақыл айтты. Кемпір:

– Жарығым... жата ғой... Жалғызым!.. Қарашығым, жата ғой!.. Мен құрғыр кетейін, – деп, ауыр күрсініп, шығып кетті. Қадиша үндемей тұрып, енесінің артынан бірге шықты.

Мұндай күйге жүрегі сезімді Мейірхан қатты жүдеп отыр еді. Сорлы кемпірдің күйін ойламайын десе де, көңілі еріксіз ілгері қарай басып, келешектің әртүрлі суретін көз алдына елестете бастады. Келген ойы: “Мақсұттың өлетіні рас, кемпірдің сорлы болып зарлайтыны да шын. Мына жас қатын жолдасының рухын сыйлап, бірге қайғы жеп отыра ма? Отырмайды. Бұл және қала қызы... Біреумен кетеді, ә?”, – дегендей ой ойлады.

Кішкене үйдің ішіндегі бұл секілді күдікті ауыр хал көп күндерге созылған жоқ. Еңсесі кеткен ауру күннен күнге төмендеп кетті. Сөніп бара жатқан шырағдан отындай бәсеңдей берді. Бір күні түске таянған мезгілде демалысы жиілеп, кеудесіне сырылдақ пайда болды. Ауру әлсізденді, енді денесін де қозғай алмай, көзін анда-санда ашып-жұмып сұлық жатты<sup>7</sup>.

Баласы бұл күйге жеткен соң, көп өлімді көзі көрген кәрі шешесі жалғзынан күдер үзе бастады. Намазда күндіз-түні

дұғаның орнына жалғызының атын атап, сыбырлап, жалынып тілеуден босаған жоқ еді. Бос отырғандай болып, үй іші оңашаланып жалғыз қалса, көзінен үнсіз жасын ағызып, кейде кемседеп жылап та алады. Тілек пен қайғыдан тозған жүрегі алдында жылжып тақап келе жатқан қауіпті ойлап езіледі.

Бірақ ешнәрсенің көмегі болған жоқ. Көптен күткен қаһарлы ауыр, суық сағат жылжып келіп жетті. Мақсұттың демі бітуге таянып, денесінен жан кете бастады. Бір уақыт аяқ-қолы мұздап, демі біткендей болды... Қасында телміріп қамап отырған жақыны мен таныстары күдерді әбден үзгендей болып еді. Сол халде біраз уақыт өткен соң, Мақсұт қайтадан ақырын көзін ашты. Көзінің қарасы жоғары шығып, аласы көбейген сықылды. Сүзілген суық көзінде мойынұсынып көнгендік бар.

Өз халін шын ұға алмағандай болып, сыбырлап:

– Бармын ба, жоқпын ба?.. – деп аздан соң көзін қайта жұмды. Жұрттың күдігі ұзаққа созылған жоқ. Түсі аз-аздап суи бастап, көзі шала жұмылып, бір араға қадалып қатып қалды... Еріндерінің арасы ашылып, тісі ақсиып, бетіне өлім таңбасы басыла бастады. Кешікпей үзілді... Үй іші у-шу болды... Кемпір халі бітіп, талықсып кетті. Осы халдің бәрін көз алдынан өткізген Мейірхан, Жұмағұл, Ақтайлар да шыдай алмай, бірге жыласты.

Жұрттың бәрі сол күні-ақ Мақсұттың өлімінен хабарланды. Оқыған жігіттер мен қаланың басқа халқы да азаматты шын аяды. Жолдастарының көбі қайғыланып мұнайды... Жұрттың бәрі де:

– Қалада өскен жігіттің адамы осы еді, бишараның шешесі сорлады-ау! – деп, шынымен назаланғандай болды.

Ертеңінде Мақсұттың жаназасын шығаруға көп жұрт жиналып еді. Азаматқа ақырғы қарызын өтемек болған оқығандар, жолдастары түгел жиылып келді. Бәрінін түсі уайымды... Қабақтары салбыраңқы, жүдеу...

Біраз уақыт өткен соң, жиылған жұрт өлікті көтеріп алып, зиратқа қарай жүріп кетті... Зиратқа жеткен соң, ерте бастан қазулы даяр тұрған, қасында үюлі жаңа топырағы бар, азынаған суық көрдің қасына өлікті алып келді. Көп жастар көрге бір-бір қараған соң, шыдай алмай теріс айналып кетісті<sup>8</sup>. Бейіт басында бірқалпынан аумай, құтырған сияқтанып желігіп жүрген молдалар ғана. Бұлар қызылды сезген қарақұстай жанталасып жүр.

Шын рақымсыз, тастай суық адамдар секілденеді. Өліктің үстіне жапқан шапанға, басы мен аяқ жағына салған орамал шүберекке таласады.

Аздан соң Мақсұтты жалғыз қабат ақ кебінге ораған күйінде лақаттап қазған көрдің түбіне апарып салды. Бер жағына бір кірпіштен соң бір кірпішті қойып, телмірген көздерден денесін жасыра бастады<sup>9</sup>.

Осы халдің бәрін де көздерімен көріп тұрған оқығандар бір-бір ауыр күрсініп алып, салбыраған пішінмен үйді-үйлеріне тарасты.

## II

Күндер өтті... Ауыр айлар да жылдай жылжып, біртіндеп өтіп жатыр. Жаз келіп, көк шығып, дүние жасарған. Күн бұрынғы көркіне түсіп, қызуымен жер жүзін жандандырып қуантады. Жапырақтары жетіліп, жазғы жасыл киімін киген ағаштар бір-бірімен мың түрлі тілмен сөйлесіп, сырласа теңселеді.

Жылы күнге қуанып, ойнап ұшқан құстар табиғаттың бір түріне арнаулы мақтау өлең айтып былдырлаған нәзік тілімен қошеметін көрсетіп жүр. Адамның да көңілі көтеріңкі, желігі көбейгендей... Бірақ Мақсұттың үйіне желікті дүние әлі әсерін берген жоқ. Мұңлы кемпірдің шер-уайыммен сарғайған жүзі, қайғымен түксиген қабағы бір қалыпта қатқандай, тасқа түскен таңба секілді. Кешке шейін тыныштықта тұратын кішкене үйдің ішін күрсінгенде кеудесінен шыққан жалын өртеп кеткендей болады. Жас Қадишаны үй ішіндегі ауырлық мойнына байлаған тастай басып, еңсесін көтертпейді. Ол бұл күнде сарылып отыратын ұзақ қайғыдан арылған. Жалғыз-ақ құлазып тұрған иесіз үй, жетімдіктің суреті секілденіп отырған қайғылы кемпір үйге кірген сайын иығын көтертпейтін секілді. Бұл екеуінің ортасында әзірге жамау болып тұрған – Мақсұттан қалған кішкене әйел бала – Жәмила... Қайғыдан кемпірдің көңілі азырақ сергіген уақытта екеуі де баланы ермек қылып, алдарына алып, алданыш еткен болады.

Мейірхан бұл үйге Мақсұт өлген соң көп келген жоқ. Қашқалақтағандай.

Бұрынғы Мақсұттың жолдастарынан осы күнде бұл үйге көбірек келетін – Жұмағұл мен Ақтай. Бұлар әуелгі кезде үйге

келгенде қайғылы болып отырысып, жүре-жүре үйренген соң, аз-аздап әңгіме айтып, кейде Қадишаға онашарақта күлдіргі сөздер айтып та қаралы әйелдердің көңілдерін көтеріп кететін болған.

Соңғы уақытта Жұмағұл жалғыз да болса келгіштеп, әртүрлі әңгімемен Қадишаның көңілін қайғыдан біраз сергітіп кететін болған<sup>10</sup>. Жаратылысында қу, сөзінде шынынан өтірігі көп Жұмағұл соңғы күндерде әңгімені Мақсұт жайынан айтпай, көбінесе өзі көріп жүрген жастық қызықтарын айтқыштай беретін болған. Мақсұт жайын кемпірмен ғана сөйлеседі. Оған да “жақсы бала” болып көріне бастады. Қадиша аздан соң Жұмағұл әңгімесінің артынан елегізіп қалатын болды. Әңгіменің әсері бойына күннен-күнге сіңіп бара жатқандай. Сырты қаралы болмаса, ішінде қаралы көңіл таусылған сияқты. Төсекке жатқан сайын аунап, қызып ұйықтай алмай жатқанда, ойын қайғы билемей, көмескі үміт пен қызу билейтін әдет болды. Ойланса – артын ойламай, алдын ойлауы көбейді. Сол ойлар жиілеген сайын тұрған үйі суықтанып, көңіліне жат тартқандай бола берді. Қазіргі халі: “Қызықты енді көремін, өмір дәмін енді татамын!” – деп сансыз үміт, сансыз қиялды ойлап келе жатқанда, бір қатал қол рақымсыздықпен қатты ұстап алып, әлдеқандай құлап, тозып, қуарған ескі моланың ішіне бекітіп тастап кеткен тұтқын адамның халіндей көрінеді. Мұның бәрі жақында болатын үлкен өзгерістің алдындағы басқыштары еді.

Бір күні Мейірхан қызметтен қайтып келіп, төсегінде жатыр еді. Үйіне қазақша киінген жастау жігіт кірді де, қолына бір кішкене хат тапсырды. Мейірхан ашып оқыды.

“Мейірхан жолдас!

Ертең сағат 12-де біздің тойға кел. Сен естіген шығарсың, мен Қадишаны алатын болдым. Құдай ұрып, сөзіміз осылай болып қалды.

*Жұмағұл”.*

Мейірхан есі шығып аңырып: “Не дейді?” – деп, хатты қайта-қайта оқып, тұрып қалды. Жігіт шығып кетті. Мейірхан басына тас тигендей болып сандалып, әрі-бері аласұрып жүрді де,

аяғында айласы құрып отыра қалып, хаттың үстіне ірі жазумен: “Бармаймын, тойың құрысын!” деп, қысқа түртіндісін қондыра салып, отырып қалды.

Ертеңінде Мейірханның үйіне тойға бара жатқан екі жолдасы кірді. Екеуі де жақсы киінген, ақ жаға салып, иіс май сепкен, тойға бара жатқандай-ақ ажарлы, көңілді.

Мейірхан бұларға: “Бармау керек. Бұл нәрсіздік. Кеше Мақсұттың тойын тойлап, бүгін оның қатыны мен Жұмағұлдың тойын тойламақшымыз ба?” – деп еді, бірақ оған жолдастары болған жоқ. Олар: “Қойшы идеалист болмай! Барамыз да тамаққа тоямыз, кішкене ішеміз, неменесі бар?” – деп, Мейірханның аузын ашырмады. Біраздан соң Мейірхан да отырып-отырып көніп, бәрі де бірге жүріп кетті.

Той қызулы болып жүріп жатыр. Жұмағұл мен Қадиша түк көрмегендей болып құлпырып кеткен. Келген жұрттың бәрі де ешнәрсе болмағандай шын көңілдерімен “құтты болсын” айтып, екі жастың қуанышын қызықтап кетті. Аздан соң ішіп алған жұрттың бәрі де мас болды, у-шу, жыр, айғай, күлкі көбейді.

Қызып, мас болған соң Мейірхан бір кезде түрегеліп, жұрттың бәрін тоқтатып, өзіне қаратып қолына рөмкесін алып:

– Мен сендерді Мақсұт үшін ішуге шақырамын... Жасасын Мақсұттың аруағы! – деді. Жұрттың бірталайы күлді. Жұмағұл мен Қадиша қоса күлді. Бірталайы ойына ешнәрсе алмай, бірге ішіп жіберді. Мейірханды қасындағы жолдастары “тыныш отыр” деп, аяғынан тартып, мазақ қылып күліп, отырғызып қойды. Мейірханның жолдас қарызын өтегені сол еді...

Аз күннен соң Жұмағұл мен Қадишаны қайын атасы Қондыбай қатын-баласымен түгел жиылып келіп, қырға қарай шығарып салды. Жаңа қосылған жастар елдегі Жұмағұлдың үйіне баратын болған. Қоңыраулы тройка Қондыбайдың қақпасынан шылдыр қағып шыққанда, қарсыдағы Мақсұттың үйіне Жұмағұл қомағайланған көзбен қарай түсті.

Мақсұт өлген бөлменің терезесінен сорлы шешесі бұл күйді көріп, екі көзінен жасын өзендей ағызып, телміріп қарап, қадалып отырып қалды.

Жастарды шығарып салған оқыған жігіттер қалжыңдасып, күлісіп, бұл терезенің алдынан бөлек-бөлек болып өтіп жатыр...

Майдың күні. Көк жетіліп, гүл-жапырақ молайған. Жаңа шыққан алкүрең жасыл шөппен дала жасарған. Былтырдан қалған қу шөп азайғандай, анда-санда болмаса, көзге көп ілінбейді Оның орнын қазіргі күнде аласа бетеге, жасыл тарлау, шашыраған жас көде, шашақталған жас сасыр басқан. Жасыл кілемнің түріндей көрікті далада әр жерге шашырап шыққан қызғалдақтың сары гүлдері көз қуантып, жайнап тұр.

Үлкен таудың қолтығындағы жіңішке өзек пен ұзын сайлар да жылдағы сұлу көркіне келіп жаңарған. Жапырағы жетілген жас қайың, өзекті қуалап өскен ұзын тоғай, тасқыны басылмай, сарқырап аққан ойнамалы жүйрік өзен, бойы өсіп, бұрандап толқындаған жасыл шалғын, өзектің екі жағындағы қатарланған биік жартас, өзек бойында ойнап ұшқан жыршы құстар – бәрі жиналғанда, сайды жаңа түскен жас келіншектің отауындай жайнатып, жасартып тұр.

Биыл бұл өлкенің суы да мол еді. Сонау ойда, көз ұшында, жарқыраған – шарасынан суы асып, айнадай мөлдіреп жатқан көл көрінеді. Жағалай жүрген мал шашырай жайылып, көл айналасын шұбарландырып жүр. Жарық күнде шаңқиып көрінген ақ ауылдарды сағым көтеріп, кейбір үйлер жұмыртқадай болып көрінеді. Жайлауға қарай жаңада беттеп көшкен ел Шыңғыс тауынан асып келіп, күнгейде отыр. Ауыл-ауылдың бәрі дырдуы мол, көңілді.

Қыстан мал күйлі шыққандықтан, жазғытұрымғы көкке аз күн ішінде семіріп алған ат-айғыр, ту биелер осы күні міністе. Екі-үш кісінің басы қосылса – жарыс, аударыс, ат сынасу, күш сынасуды ермек етеді. Күнгейге келгеннен бері қарай ауылдың үлкендері: “Құлындар жетіліп қалды, жайлауға қымызсыз барғанның орны жоқ, енді бие байлау керек!” – дескен болатын<sup>11</sup>. Сондықтан биесі бар ауылдар нокта-жіп есіп, саба тігуге қатын-қалашты жиып, науқан қылып жатыр. Сол сияқты камға Жұмағұлдың ауылы да екі-үш күннен бері қарай кіріскен еді. Бірақ Жұмағұлдың шешесі Қамария жас күнінен шаруақорлықты сараңдыққа жеткізген, күтімділікті пайдакүнемдікке жеткізген, мінезі қатты, дүниеге пысық бәйбіше болғандықтан бұл жолы науқанда да қыл-қыбырын көп шығармай, шығындамай, керек нәрселерін тез қамдап алды.

Сондықтан Әміре ақсақал бүгін ауылдың жанындағы көгалға жылқысын иіртіп, бие байлатып жатыр. Желі басында ауыл-үйдегі көрші-қолаңшы, кедей-кепшік болмаса, басқа ауылдардан келген бөтен қыдырмашылар жоқ. Әміре шығын шығаратын қошаметшіні жек көреді. Бұл мінезін білетін ағайын мұның істеген науқандарының көбіне келгіш болмайтын.

Қыс бойы құрық көрмей асаусып қалған ірі жылқылары да, араларындағы асау құлындар да желі басына тұрмай шұбырып жүре бергендіктен ақсақал әуелі қашаған биелердің құлынын ұста деп бұйрық берді.

Ыңғайлы жіңішке құрыққа мықты бауды тағып алып, жылпос жылқышы топтанып ығысып келе жатқан көп жылқының ішінде қақтығып жүрген құлындарға нұсқаған сайын құрығының бауын дәл түсіріп, жас құлындарды бірінің артынан бірін шыңғыртып, тулатып, ұстап байлатып жатыр.

Құрық көрмеген асау құлындардың кейбіреуі құрық тартқанда аспанға шапшып шыңғырса да, жылқышының мықты қолдарының қайта серпіген екпінімен шалқасынан түсіп, тыпырлап қалады. Әміре құлын жығылған сайын: “Бісіміллә!” деп, орнынан ата жүгіріп, жылқышыға: “Мертіктіріп алма!” – деп, құрақ ұшып жүр.

Бие тегіс байланып болған кезде ауылдағы қатын-қалаш бұл елдің бұрыннан келе жатқан ырымын істеп, үйден табаққа салып, күрт-май алып келді.

Әміре үйірі мол айғырларды ұстатып алып, сауырларына айран жақтырып қоя беріп, желі басына топталып жиылып қалған жұрттың ортасына келді. Жас-кәрінің бәрі де қатындар әкелген күрт-майды жабырласып жеп жатыр.

Аздан соң желі басында отырып, жұрт бір-екі күннен бері қарай естіп жүрген әңгімелеріне көшті. Бұл әңгіме қалада Жұмағұлдың қатын алғандығы жайынан еді. Қаладан бұл ауылдың өзіне келген әлі анық хабар жоқ. Бірақ басқа бір ауылдарға келген қалашылар: “Жұмағұл қаладағы Қондыбайдың қызын алды. Жасау-жабдығы барынша мол көрінеді. Бұрынғы күйеуі өлген көрінеді, содан қалған кішкене қызын да Жұмағұл қолына алыпты. Өлген жігіттің бір кемпір шешесінен басқа жақыны жоқ, бір басына бай жігіт екен. Қалада көк шатырлы үйі бар білем. Енді мына кішкене қызды алған соң, сол өлген жігіттің қалған мүлкіне Жұмағұл ие болады деген сөз бар. Қыздың әкесі

Қондыбай “қалған мүлікке менің қызым ие болады” деген сөздің шет-жағасын шығарып та жүрсе керек. Сонымен Жұмағұл “бірақ күнде дүркіреген бай болып шыға келгелі тұр” деген қуанышты хабар дүңкілдеп Әміре ақсақал мен Қамарияға естіле бастаған. Бұлар қуанып өрекіпген кісінің мінезін көрсетпейміз деп, ішінен “шүкірана” қылып, сырт кісінің бәріне:

– Е, алса алсын байдың қызын! Ол немені біз оқытқанда, “ылғи бізден шығын шығара бер, кемпір-шалдың қолындағы азын-аулағын тауыса бер” деп оқытып па едік?!” “Мал тап, бізді асыра!” – деп оқытқанбыз. Осы күнге шейін қара тиын табыс тапқан жоқ. Енді қашан көмегі тиеді бізге? Бұдан былай мал таппаса, үйге де жолатпайық деп жүр едік. Соны естіген ғой! – десіп, іштегі жұбаныштарын сыртына монтаны күйініштің сөзімен шығаратын. Қазірде де желі басында отырған жұрт:

– Жұмағұл келіншегімен бір-екі күнде келеді; солар келгенше, қымызды ашытып қою керек. Бұлар бұл жолы сый болып келеді, күту керек! – десе, кейбіреулер:

– Анау өлген жігіттің дүниесіне ие болып отырған – жалғыз ғана кемпір, оны да ала келсеші! Кемпірге басын күтетін кісі болса болмай ма, оған енді дүние не керек? – деген сөздерді де айтыса бастады. Қамария ешкімге айтпаса да, бұрын ішінен ойлап жүрген есебінің бірі осы болғандықтан:

– Кемпірге менің баламнан артық бала бар ма? Жұмағұл оны асырап-сақтауға жарамай ма, тіпті қолымда тұрсын десе, қолына-ақ берейік Жұмағұлды. Ол кемпірі ақылды болса, енді Жұмағұлды бауырына тартуы керек емес пе? – деді.

Әміре бұл сөздің жарыққа шығып, көп жұрттың талқысына түскенін жаратпады. Сондықтан әншейінде көп қарсы келмесе де, Қамарияны тоқтатып:

– Қойшы, қатын, күнібұрын жоқтан өзгені сөйлей бермей, құдайдың бір жазғаны болар! – деді.

Қырдың дағдылы салтынша қиын сөздің бәрін жарыққа шығарып, оңай сөз қылып сөйлеп отыратын машықпен қазіргі жиылып отырған еркек-ұрғашының бәрі де Әміре мен Қамарияның біріне-бірі айтпай, ақырын құпия қылып ойлап жүрген жайларының бәрін қоңыраулатып, сыртқа шығарып отыр. Бұлардың көз алдарына үлкен байлықтың, салтанаттың да қызықты суреттерін елестетті. Бірақ ішінен тақыс есебі



арылмайтын Әміре көрші-қолаңның бір жағы – тілеулестік, бір жағы – қошеметшілікпен айтып отырған сөздеріне көп желікпеді. Ол сыртына сөз шығармай, жұрттың барлық сөзін үндемей тыңдап отыр.

Осы ретте желі басында бірталай уақыт өткізген соң, жұрт біртіндеп тарай бастап, аяғында бәрі де үйлеріне қайтты.

Арада біраз күн өтті. Күн кешкіріп батуға тақалған уақыт еді. Әміре құдық басында тұрып, кешкі суға келген жылқыны суартып, алдын солтүстік жақтағы ащылы ойға шығартып тұр. Ауыл жақта жаңа жамыраған қозылар у-шуымен дүниені азан-қазан қылып, жаңа ғана қорадан өріп барады. Қамария қой сауып келген қатындарға әмір қылып, есік алдында тұр еді. Қасына қозышы бала шауып келіп:

– Шүйінші-шүйінші, апа! Жұмағұл ағам келіп қалды, – деді.

Бұл сөздер естілген жерде ауылдағы барлық жан ұйқы-тұйқы болып, әбігерленіп қалды. Жұмағұлдың келуін асығып күткендері барлық қарбаласынан білініп тұр.

Өрлі-берлі жүгірісіп сенделген қатындар; шулап секіріп, күліп-ойнаған балалар; құдық басынан жаңа хабарды естіп, ауылға қарай жылдамдатып келе жатқан үлкендер – барлығы да Жұмағұлдың келуін үлкен қуаныш қылған сияқты. Жолаушыларды күткен ауылдағы барлық еркек, барлық қатын-қалаш Әміренің үйінің сыртына шығып, екі жаққа жарылып тұрғанда, ауылға жарты шақырымдай жерде қатты жүріп келе жатқан қоңыраулы тройка көрінді. Ат басын ұстаған жігіт жолаушыларды қарсы алуға шыққан топты көріп, бұрынғысынан да екіленіп алып, тер басқан үш қоңыр атты бишігімен ығыстырып, шаптырып келеді. Бірін-бірі көруге асыққан жақындардың шыдамсыздығы ұзаққа созылған жоқ. Аттардың тұмсығы Әміренің үлкен ақ үйінің сыртына келіп тірелді. Жолаушылар арбадан түсіп болғанша, сағынған жақындар Жұмағұлдың бетінен сүйіп алды. Аздан соң әйелдердің бәрі де Қадишаны жағалап, Қамария сияқты үлкендері оның да бетінен сүйісті. Біраз сөзбен амандық айтысып, хал-жай білген соң, жұрттың бәрі үйге кірді. Сөйлесіп, хал білісіп, арасына қалжың да араласып, күлкі-күбір басталған соң, жақындардың қуанған, сағынған, лүпілдеген жүректерінің бәрі орныға бастады. Жұрт біріне-бірінің көзі қанып үйреніскен

сайын, жаңа келген жастар мен ауылдағы барлық жандардың арасындағы аз үйлеспегендік сезіле бастағандай болды.

Ауылға келерде жазға лайықты барлық таза жақсы киімдерін киіп алып шытырайған жастар қаланың халқына ұқсап, қырға бөтен кісі сияқтанды. Керек десе, Жұмағұлдың сөйлеген сөзінде де “сіз-бізі” көбейіп қалған жат адамның қалпы байқалғандай. Бұл үйлеспегендік әсіресе келін жайына келгенде айқынырақ сезіліп тұр. Келіннің келген жердегі ата-енесіне “Сәлеметсіз бе?” – деп амандасуынан бастап, үйге кірген соң төр алдына күйеуінің қасына отырып, мүйнет сайын онымен сыбырласқаны да қыр тұрмысында ешуақытта болмаған бір өрескелдікті танытқандай болды. Келін затында, өзі оқып үлгі алып, оқымыстылардың қатарына кірген кісі болмаса да, қаладағы мұғалімнің қатыны болып ашылып қалғандықтан, сол оқымысты жұрттың үлгісін машық еткен еді.

Қазіргі сағаттағы үйлеспегендік жаңа келген жастарға соншалық көп байқалмаса да, ауылдағы үлкен-кішінің бәріне де тез сезілді.

Мұндай күйге сезімдірек болып тұратын әйелдер әуелгі жерден-ақ күңкіл шығарып, тысқа шыққанда біріне-бірі сыбырлап күлісе бастады. Үйдегі еркектің бірталайы байқамаған кісі болып сыр білдірген жоқ. Кейбіреулер ғана күліп жүрген қатындарды қағытқан болып, қалжыңмен өздерінің ішіндегі жайларын да сыртқа шығарыңқырап қойысты. Бұл күйдің бәрін, түгел болмаса да, шет-жағалап сезіп отырған Әміре қазақы көңіліне ұнамсыз бірдеме тигендей болып, көп сөйлемей үндемей отырып қалды. Бірақ Қамария екеуінің де түпкі көңілдегі күдіксіз бір жұбанышы бүгінгінің болымсыз кем-кетігін ұмыттыратындай. Сондықтан анау-мынауға қарамай-ақ Жұмағұлды сүюден, сыйлаудан қайтпаған.

Осымен алғашқы келген жердегі азғана алшақтық көп уақытқа созылған жоқ. Бес-алты күн өтіп хал-жайды біліскен соң, бала мен әке, келін мен ене бірін-бірі әбден таныды. Шаруа жағындағы кейбір жұмыстарға келгенде, бірін-бірі жалғыз ғана емеурінмен де ұғысатын болды. Бұларды біріне-бірі соншалық тез жақындастырып жіберген себеп не? Ол – қазіргі бұлардың алдында тұрған үлкен мәселе: мал-мүлік, дүние мәселесі ғой. Соған келгенде, бәрінің де мінезі, ісі түгелімен бір жерден шыққандығында. Малды сүйген қомағайлыққа, сарандыққа,

қанағатсыздыққа келгенде, жас келін кәрі енесінен асып түсті: жас жігіт оқыған десен де, кәрі әкесінен асып түсті, заты, мінез бірлігі “жас-кәрі”, “оқыған-оқымаған” деген айырмыстарға қарамай-ақ, бұл адамдардың басын қосып, бірін-біріне үйлестірді. Аралары мұндай күйге жеткен соң, әрқайсысының ойында жасырын күйде жүрген сөздер ашық айтылатын болып, жарыққа түсе бастады. Қамария екі күннің бірінде:

– Шығынымыз көп, кемпір-шалдың қолындағы мал таусылып барады, көздеріңнің қырын салатын уақыттарың жетті. Қайдан болса да мал табыңдар! – деген сөздерді енді баласы мен келінінің құлағына сіңіре бастады.

Келіні әкелген жасау-жабдық басында үлкен олжа көрінсе де, аздан соң ұмытыла берді.

Енді бұлардың бәрінің көңіліндегі бір-ақ арман – қаладағы кемпір қолындағы мүліктің басын ашуда. Жұмағұл мен Қадиша бұрын бұл жайдан көп сөйлеспейтін болса да, қырға келген соң үлкендерден ашық сөзді үйреніп алып, онаша жерлерде ақылдасып, айла іздейтін болған. Қамария балалары ешкімге ақысын сіңірмейтінін білген соң, бұларға “пәлен-түгенді істе” деп ақыл айтуды қойды. Бірақ ұмытпасын дегендей ғып, кемпір қолындағы мүлікті әр күнде бір рет неғылса да сөз етіп қоятын. Мұны ашық сөз қылуға сылтау таба алмаған күнде Мақсұттың кішкене қызы Жәмиләні алып, соған сөйлеген болып:

– Дүниеге қашан ие боласың? Біздей кәрі әке-шешеңе қашан көмегің тиеді? Кемпірдің қолындағы мал-мүлікті жиып ал! – деп Жұмағұл мен Қадишаның құлақтарын бұрап қояды. Әміре бұл жақтағы әңгіменің көп теріске кетпейтін түрін аңғарған соң, соңғы кезде мал құраудың екінші бір ебін ойлай бастаған. Ел ішінде Әміренің өзімен жасы тұрғылас Жанғазы деген ірі бай бар еді, соған кішкене Жәмиләнің бас-аяғы ұнап кетіп, далада бірге келе жатқанда Әміреге сөз салыпты:

– Мына баласын менің былтырғы туған кенже балама ата-стырып қояйық, соған ырзалығын айтсын, – депті.

– Әміре бұл сөзді өз басы мақұл көріп Жұмағұлға келген соң, Жұмағұл:

– Әзірше мұндай сөзді шығарудың орны жоқ. Мен біржолата жаманатты боламын. Және ертең кемпірмен сөйлескенде де: “Осы жетім баланы жылатпаймын, берсең соның есесін бересің” – деп сөйлескелі отырмын.

Бір жағынан соны айтып отырып, бір жағынан өзіміз сатып отырсақ, ел-жұрттан ұят қой!” – деді.

Әміре Жұмағұлдың әзірше көнбейтін түрін байқаған соң тоқталды. Бірақ баласына:

– Жұрты құрғыр кісіге жақсылық ойлаушы ма еді? Сен мал тауып байып бара жатсаң, көре алмайды. Өне бойы жұрттан қорқамын деп, сыбағаннан құр қалып жүрме, арсыз болмай – абыройлы болмайсың деген! – деп, өмір бойы айтып көрмеген өсиетін баласына енді айта бастады. Бірақ ақсақалдың әуелгі қозғаған әңгімесі көңілдегідей шешілмеді. Ең жақын болғанда, бір жылға шейін тоқтай тұру керек болды.

#### IV

Жастар қырға келгеннен бері екі-үш ай өтті. Жаз ортасы ауып, жұрт егін-пішенге қам қыла бастаған. Дала сарғайып жүдеу тартқан.

Жазғытұрымғы жас иісті жасыл шөптердің орнын сары селеу мен қатаң тартып қуарған ақ көде басқан. Жайлаудағы жақсы қоныс, мол құдықтардың айналасын тоздырған ел бауырдағы күзекке қарай көше бастады. Әміре ақсақалдың ауылы да көп елмен бірге бауырға қарай көшіп келеді.

Жұмағұл мен Қадиша жаздайғы тұрған тұрмыстарына әбден ырза еді.

Жазғытұрым қаладан азын-аулақ жүдеу тартып келген, осы күнде екеуі де оналып семірген. Оның үстіне: ауылда да, жалпақ ел ішінде де жұрттың бәрінен қадірлі болып, қайта-қайта қонақтап, ойын-жиыннан босамай, уақытты көңілді өткізген. Енді бұлар қырдың қызықты уақыты өтіп барады, қалаға қайту керек деп сөз байласып, аз күндерде жүрмекші болған.

Бір күні кешке жастар жүрердің алдында сөзді бір жерге байламақ үшін, үй ішінің азғана кеңесі болды.

Бауырға қарай ығысып көшіп келе жатқан ел жаппалап қонған еді. Ай жарық, түн желсіз тынық. Әр жерге шашырай, үйме-жүйме болып қонған жаппалардың даладағы оттары жарқылдап көрініп тұр. Жер ошақта кейде жалпылдап, кейде лаулап жанған оттар түннің қалың ұйқысымен қалтаң қағып, алысып тұрғандай.

Жұмағұл мен Қадиша өздерінің оңаша күркелерінің ішіне салған құс төсектің аяқ жағында біріне-бірі сүйеніп, қатар оты-

рып, шаруа жайын сөз қылысты. Аздан соң әңгіменің аяғына Қамария да қосылды. Өзге әңгімелердің ішіндегі ең күдікті, қиын сөз Мақсұттан қалған үй мен мүліктің сөзі болғандықтан, Жұмағұл бұл турасынан қазір де ашып ешнәрсе айтпай, көп үндемей отырып қалды. Бұл уақытта Жұмағұл жаратылысындағы тақыстық қулығына салып, бойын бағып отырды. Бірақ өзгелердің сөзін тоқтатқан жоқ. Қадиша мен Қамария бірін-бірі қостап, мүлік турасынан айтылатын сөздің бәрін айтысып шықты. Бұлардың өз ойынша даусыз деп байлағаны: Мақсұтта жақын туысқан жоқ, қалып отырған кемпірдің төрінен де көрі жуық. Оған өле-өлгенше сыйлап, күтіп отыратын кісі болса – болғаны. Мүліктің ендігі иесі – кішкене Жәмилә. Сондықтан әзірше қай жолмен болса да ізденіп отырып, үй мен мүлікті Жәмиләнің атына аудартып алу керек! – деп сөз байласты. Осымен үй ішінің кеңесі бітті.

Елде қалған Әміре, Қамария осы сөзді байлау қылып ұстап қалды. Қадиша мен Жұмағұл қалаға барған соң ізденбекші болып жүріп кетті. Аз күндер өтті. Қырдағы сейілден қайтқан екі жас қаладағы құрбы-құрдас, ағайын-туысқан ортасына қайта келді. Сағынған қайын жұрт жолаушыларды қуанышпен қарсы алды. Қадишаның төркініне түсті. Қадиша мен Жұмағұл қаладағы таныстарының хал-жайларын сұрасып білді.

Тағдырдың тұтқынына түскен қаралы кемпір де Мақсұттың орнында әлі күнге қалқып отыр екен. Оның да жай-жапсарына әбден қанысты. Кемпірді Қадиша тастап кеткен соң, жар дегенде жалғыз жақыны – бір ақсақ бауыры бар екен: соны қасына алып қолғанат қылып, қайғылы өмірінің ақырғы күндерін баяғыша бірқалыпты жылаумен өткізіп отыр екен. “Жұмағұлдар келді” дегенді естіген күні түні бойы үйінде шамын өшірмей зарлап отырып, таңды көзімен атқызыпты. Қадиша келгеннен кейін, Жәмиләні көтеріп барып кемпірдің үйіне кіріп шықты. Барған жерде кемпірдің зар қағып жылағаны, Жәмиләні бауырына тығып, құшақтап қысып, Мақсұтты жоқтағаны Қадишаның қатып қалған көңілін жібіте алған жоқ.

Оның бұл үйде көп отыруға іші пысып, кемпірден тез жалығып, үйіне қайтқысы келді. Сондықтан аз отырған соң баласын көтеріп қайтып келді. Қондыбай Жұмағұл келген соң:

– Енді уақытты босқа өткізбей, таныс жолдастарыңа сөйлесіп, ана дүниелеріңді жиып алыңдар! – деп ақыл берді.

Сонымен Жұмағұл мен Қадиша іске кірісті. Бұлар әр жерге барып сұрастырып ізденіп жүріп, аяғында оқу бөлімінің жанында жас баланың қамын жейтін кеңсені тауып алып, соған арыз кіргізді. Кеңсе қызметкерін жаңылдырып, тез миландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шөмейте сөйлеп, есебін тауып жүр. Ақыры, бұл кеңсе Қадишаның арызын қарастырып, аяғында, Мақсұттан қалған дүние-мүліктің бәрін де: “Жас баласы – Жәмиләға ауысады, содан басқа ие жоқ, ол ержеткенше “опекун” Жұмағұл болады” деп бұйрық берді. Қадиша мен Жұмағұлға бұл жұмыстың тұсында өзге жолдастарымен бірге көмекші болған Ақтай еді. Ол Жұмағұлмен бар сыры, барлық ісі аралас болғандықтан, енді бұлардың бай болып қатарға кіруіне тілеулестігін көрсете бастады.

Ақтай бір уақытта Қадишаны Жұмағұл алуға өзі тілеулес болса да, жаздығүні қырдан келген ағасынан: “Қондыбайдың қызынан артық кімді алушы едің? Соны алып мал-мүлкіне ие болмай, бос сандалып жүрсің. Есеп білмейсің! Сенен Жұмағұл озып кетті...” – деген сөгіс естіген уақытта шынымен өкінгендей де болып еді. Бірақ уақыт өтіп, іс орайлы кезінен кетіп қалғандықтан, енді өзіне Жұмағұлдарға тілеулестікті лайық көрген. Қазіргі уақытта аналарға көмекші болуының себебі сол еді.

Қадиша оқу бөлімінен жоғарыда айтылған бұйрықты алып келген соң, кемпірге Қондыбай кісі салып:

– Құдайдың уақыты осы. Жалғыз өзі бір үйде құлазып отырғаны лайық емес. Ана үй-мүлкін Жұмағұл мен Жәмиләнің атына жазғызып, өзі солардың, қолына кірсін! – деді.

Кемпір бұл сөздерді естігенде басына Мақсұттың өлімімен тең қабат қаза келгендей болып, аузы күбірлеп жалбарынып, жағасын ұстады. Баласы өлгеннен бері қарай бір күн болмаса, бір күн көремін-ау деген зорлық, жетімдік жаңа ғана көз алдына бетпе-бет келгендей болды.

Бірақ Қондыбайдың сөзін әкеліп отырған Дүйсен бұның қайғысын ұқпайтын сияқты. Сол түрін байқаған соң, кемпір бар қуатын жиып алып:

– Мен баламнан, кешегі байымнан, арғы ата-бабамнан қалған мүлікті – туған емес, туысқан емес, дұспан болып отырған Жұмағұлға неге беремін? Менің балам жоқ болса да,

ағайыным бар, Жұмағұл сияқты жатқа кеткенше, соларға кетсін! Ырзалығыммен бір сабақ жіп бермеймін. Қурап қалған сорлы кемпірге зорлық қылмақ болыпсыңдар ғой, көптіктеріңді істей беріндер! – деп, Дүйсенді үйіне қайырды. Бірақ Қадишаның ұлықтан әкеліп отырған бұйрығын естіген соң, және өзінің көмексіз жалғыздығын ойлаған сайын, кемпір есінен адаса бастады. Көріне зорлық-қиянатты сезіп тұрса да, не амал қыларын білмеді. Аяғында құдайға жылап, жалбарынып, “ah” ұрып отырғанда, есіне баласының бұрынғы жолдасы Мейірхан түсті. Сол күні қасына ақсақ бауырын ертіп алып, кемпір Мейірханға келді, жылады. Бәрін айтты. Қадишаның қалған есесі жоқ, Жұмағұлға тиерде төркінінен әкелген барлық мүлкін алып кеткенін де түгел айтты. Баласының достығы үшін жалбарынып, Мейірханнан ақ ісіне көмек сұрады. Зорлықтан қорға деп тілек қылды. Мейірхан дағдылы көңілшектігі ұстап, кемпірдің сөзіне ергендей болды. Зорлыққа ара түсуге уәде қылып, ертең Жұмағұлмен де, басқалармен де сөйлеспекші болды. Кемпір жетімсіреген көңіліне болымсыз сүйеу алғандай болып үйіне қайтты.

Ертеңіне Мейірхан Жұмағұлға жолығып:

– Шіркін, адамшылық қарызы деген бар емес пе? “Оқыған” деген атың қайда?! Пысық жігіт болдың, тегін қатын алдың, үйінен әкелген мүлкін алдың. Өзің де кедей емессің, қатыныңның төркіні – қаланың үлкен байы. Кішкентай қыздың шығынын көтере алмаймын дедің бе? Неменесіне өлгелі отырған кемпірді жылатып, кешегі жолдасың – Мақсұттың аруағын күңіреттің? – деді.

Жұмағұл бұл сөздің бәрін Мейірханның іші тарлықпен, қызғаншақтықпен айтып тұрған сөзі деп санап:

– Бұл жұмысты істеп жүрген мен емес, Қадиша. Мен оны тоқтата алмаймын. Және мұндай болымсыз жұмыс үшін арам дейтін болсаң, айтып қой, сені біз сынайтын да кезек келер! – деп қыр көрсетті. “Оқыған азамат”, “жаңа адам” дегені тек оқыған бай, арсызырақ дүниеқоңыз екенін жаңа ұққан Мейірхан қатты ширығып:

– Байдың баласысың, бай жесірдің байысың, бай қайынға күйеусің... Оқығаныңа емес, тоқығаныңа бақтың ба? Жыланға түк біткен сайын қалтырайды деп, байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны?! Қақаларсың әлі-ақ!.. – деп салды.

Мейірханның бұл сөзі де Жұмағұлға қонған жоқ. Ол “ заң бойынша” іс қылатын болды. Мейірхан сұлдері құрып, жолдасынан түршігіп түңіліп қала берді. Бұл әңгіменің артынан Жұмағұл, Ақтайлар сол күні-ақ “Мейірхан қызғаншақтық қылып жүр” деп, сөзге таңа бастады. Кемпір Жұмағұлдың ниеттерін естіген соң, бір-екі күннің ішінде күйікті ойдың салмағынан езіліп бөлекше ауруға ұрынды. Есі ауып қалып, шатасып сандырақтайтын әдет пайда болды. Әншейіндегі момын жүзіне бұл күнге шейін көрінбеген ашу шыққандай болып, көзі ылғи бір-ақ жерге қадалып, бет ажары суықтанып, қайта-қайта орнынан ата жүгіріп, үй ішіндегі әрнәрсені ұстап:

– Бермеймін, бауыздап кет мені... Ертең... кетемін... Мақсұтыма... апарып беремін! – деп жұлқынып, әрнәрсені бауырына тығып, арпалысып шатаса берді.

Сол күні кешке кемпірдің дүниені бермеймін деген сөзін естіген Жұмағұл қолындағы бұйрық қағазды милицияға алып барып, содан үш солдат алып, Мақсұттың үйіндегі нәрселерді алуға кемпірдікіне келді.

Кемпірдің шатынап, бұзылып отырған көзі мылтық ұстап келіп тұрған солдаттарға түскенде: орнынан жылдам тұрып, ақырын тәлтіректеп барып, әлі кеткен қолдарымен төсектің басынан ұстап:

– Бермеймін... Өлтір... Өлтіріп кет... Өлдім... Мақсұт... құтқар! – деп сылқ етіп шалқасынан жығылып қалды. Жұмағұлдар төрге шығып, бұның қасына келгенде: кемпір бойы сіресіп, көзі жұмылып, жақтары тістесіп үзіліп барады екен.

Тағы бірер секөнт өткенде кемпір демі бітіп үзілді.

Жұмағұл, Қадишаның мұраты орнына келді<sup>12</sup>...



## КІМ КІНӘЛІ?

### I

Жазғы күннің ыстығы қайтып, кеш батуға тақалған. Даланың кешкі салқын желі ауыл отырған өзекте аз-аздап білініп келеді. Күн сары белден асып, ұясына кіруге айналған.

Таудың кешкі көлеңкесі ауыл үстіне түсіп, мүйнет сайын қоюланып келеді. Қоңырқай сұрғылт түсі тұтасып, жер бетіне тарап барады. Қоңыр салқын майда жел жұмсақ демалысымен жан иесін түгел сергіткендей.

Ауыл-ауылдың еркек-ұрғашысы базардағы жұрттай қарбаласып, әртүрлі жұмыспен әбігерленіп, тыста жүр. Кешкі жайылудан қайтқан қой қотанға иірілген соң, бала-шаға даурығып ойнап, қозы ала бастады. Ауыл сыртындағы адырды қаптап, шұбыра құлаған жылқы ойнақ салып шапқылап, құдық басына келе жатыр. Жер ошақтан шыққан түгін көкшіл тұман болып, өлке бойына жайылып барады. Кешкі ауыл көп шулайды, даурығады... Үйлерінен шыққан қолы бос еркектер екі-үш ауылдың ортасындағы құдықтың басына жиналып жатыр. Бұл жұрт құдық басына келіп жатқан жылқыны көріп, жаңа қоныстың малға жайлы, суы мол, шөбі жұғымды болғандығын әңгіме қылысады.

Құдық басындағы жиынға екі-үш ауылдың күндегі жиылатын еркектерінің бәрі жиылса да, бастық сияктанып отыратын Ысмайыл ақсақал бүгін келген жоқ. Ол – құдық басына ең жақын тұрған және мол көгалда отырған бай ауылдың иесі. Бұл ортаның атқа мінген мырзасы да, байы да – сол. Құдық басына ол келмеген соң, көрші ауылдың үлкендері:

– Бүгін Ысмайыл неғып келмеді. Бір жакқа атқа мініп кетті ме, әлде сырқаттанып қалды ма? – деп сұрастыра бастады.

Ысмайылдың үйден шықпай қалған себебін білетін – көршісі Бейсембай. Ол естіп-білген сөзін ақсақалдарға айта бастады. Мұның әңгімесіне қарағанда: жақында күйеуі келеді деп тосып отырған Ысмайылдың бойжеткен қызы Ғазиза бүгін үй ішіне сөз салып, ағастырған күйеуіне тимеймін деген. Қызының сол сөзін Ысмайыл бүгін кешке естіп, үй ішіне ұрсып жатса керек. Құдық басында отырған жұрт Бейсембайдың сөзін естіген соң, бұл әңгіме туралы әрқайсысы өз үйлерінде қатын-қалаштан естіген сыбыстарын айтыса бастады. Бәрі де бірауыздан “заманның азып, жастардың құлқы бұзылғандығын” сөкті. “Бұл күнде қыз ержетсе, әке-шешеге пәле болатын күн болды. Кәпірлерді ерте бастан байға бергеннен басқа жұмыс жоқ” деп, түгелімен Ысмайылдың қартайған жасын, ағарған шашын аяп, “бұзылған қыз” туралы қатал биліктерін айтыса бастады.

Бұл уақытта Ысмайыл қатын-баласының аузын ашырмай ұрсып, естіген сөзіне шыдай алмай қапаланып тысқа шығып, ауылдың бет алдындағы кішкене төбенің басында жалғыз өзі отырған. Күн батып, қас қарайып келе жатқандағы жым-жырт тартқан табиғат өзінің ауыр салқын түсімен қайғы-қападан қажыған кәрі көңілдің күйіне үйлескендей болды. Ысмайылдың дөң басындағы ойы – ішінен шыққан Ғазизаның көз жасына жібіген ой емес. Қайта соның “бала” деген атынан бездіретін, әкелік жүрегін тас қылып мұздатқан суық, қатал ой. Дөң басында малдас құрып отырып, ашулы суық пішінмен күнбатыстағы ақ таңлаққа қарап көзін алмай, қадалып ойлаған ойы:

– Жаратқан! Сенен мен бала сұрағанда, басыма кесел қылып бер деп сұрап па едім? Тырнақтай ақылы жоқ, жын-шайтанның жетегіне ерген есуас қызға ата-бабаның аруағын сындыртып, адамшылық абыройымды жойғызайын дедің бе? Бұл күнге шейін ағайын ортасында шайқалмаған бағымды кетірейін деген екенсің! Осы турадан істеген ісім кінәлі іс болса, жазамды тарттырарсың. Бірақ алақаныма салып өсірген қадірімді білмеген ақылсыз қыздың күйігін көріп күнде өлгенше, бір-ақ күнде балалығынан безермін!.. – деп қатал ойға бекініп, жаратылысындағы асау қаны тасып, сазарып алды. Ауыл қозы алып болған соң, даурыққан дыбыс басылып, тыныштық ала бастады. Жылқы су ішіп шықты. Далада жүрген жұрт үйлеріне тарап барады.

Ысмайыл көз байлана бергенде орнынан тұрды. Ауылға қарай жүруге айналып еді, сол уақытта алдыңғы жақтағы иықтан асып

келе жатқан екі салт атты көрінді. Екі баран атты жолаушының күміс ер-тұрмандары алакөлеңкеде анда-санда жарқылдап келеді.

Ықшам киімі, кішілеу денелеріне қарағанда бұның екеуі де жас жігіттерге ұқсайды. Ысмайыл бұлардың қалай баратынын байқайын деп тосып тұрған уақытта, жолаушылар беттерін Ысмайылдың үлкен үйіне қарай бұрып, тура жүрді. Мінген аттары ұзақтау жүріспен еті қызғандай, кешкі салқынға еліріп басты қайта-қайта шұлғып тастап, қатты аяндап, жайнап келеді.

Аттың желікті аяңы мен кештің жайлы салқынына тамашаланған жігіттер үлкен үйдің жанына аттарының тұмсығы келіп тірелгенше қатты жүрді. Қонақтарды тыста Ысмайылдың кіші баласы – Қасымжан екі-үш жігітпен қарсы алып, үйге кіргізді. Аздан соң тыстағы томсарған пішіні айықпаған салқын түсімен Ысмайыл да кірді.

Келген қонақтар Ысмайылдың құдасы – Өзімбай ақсақалдың қалада оқып жүрген баласы Ісләм екен. Ісләм соңғы екі жылдай еліне келмей, қалада орта дәрежелі мектептің бірін бітіріп, жаңа еліне қайтқан. Сағынған әке-шешесінің үйіне келіп біраз жатып-тұрған соң, бұрын араласып жүретін жақындары болғандықтан, Ысмайылдың ауылына әдейі амандасу үшін қыдырып келген.

Ісләм – қызыл шырайлы, ұзын қара шашы бар, әйел пішінді жіңішке, ұзын бойлы жігіт. Қасындағы жолдасы – өзінің ағайыны, ел ішіндегі жас бозбала Жағыпар.

Ысмайылдың үй іші сыйлас құдасының жақсы көрген оқымысты баласы келген соң, қуанысып хал-жайын сұрап, барынша құрметтеп күте бастады.

Ісләмнің келгенін алдымен қуаныш қылған – жас күнінде бірге ойнап өскен құрбысы Қасымжан. Бұл жастар осыдан төрт-бес жыл бұрын сыйлас болып, бірін-бірі кезек-кезек қонаққа шақырысып, екі ауылдың қоныстары жақындайтын кез келгенде әлденеше күн бірге болып, еркінше ойнап жүретін. Қызықтас болатын.

Ысмайылдың үй іші сол себепті Ісләмға да өз үйіндей көрінетін, үйренген жақын үйі Ісләмді баласы Қасымжанмен бірге шешесі Қалиман да өз баласындай жақсы көріп еркелетіп, күтіп тұратын. Ісләм сабаққа соңғы кеткен жылға шейін жақындықтарының бұл қалыптары өзгерген жоқ-ты. Қазіргі уақытта да біраз отырып сөйлесіп, бір-біріне үйреніскен соң,

бұрынғы жақындықтың өзгермегендігі білініп тұрды. Үй ішінде қазіргі уақытта байқалған азғана салқындық болса, оның себебі – жалғыз Ысмайыл. Ол әншейіндегі бала-шағамен көп сөйлеспейтін суықтығының үстіне, бүгінгі естіген сөзі мен соның артынан ойлаған ойының салдарынан терісі жазылмай, түнеріп отырды.

Қонақтарға әзірленген шай дайын болған уақытта Қалиман қызметкер әйелді шақырып алып, күндізден отауда отырған Ғазизаны “қонақтарға шай құйып берсін” деп шақырта жіберді.

Азғана уақыт өткен соң есік жаққа көзін салып отырған Ісләмнің құлағына ақырын сылдырлап келе жатқан шолпы даусы естіліп, біраздан соң үйге Ғазиза кірді. Үстінде қос етек ақ көйлегі. Сыртынан ұнамды қара кемзел киген. Басында оқалы тақия. Сәнді киімді Ғазиза кіргенде, үйдің ішіне айрықша көрік, жарастық белгісі бірге кіргендей болды. Жастар біріне бірі қысылып қарап, ақырын амандасқанда Ғазизаның ақшыл беті дуылдап қызарып кетті.

Екі жылдан бері қарай жаңа ғана көрген Ісләмға Ғазизаның түсі бұрынғысынан әлденеше рет сұлу болып, үйдің ішіндегі ала көлеңкелеу сәулемен ақшыл жүзі өзгеше нұрланғандай көрінді. Аздан соң қызметкер әйелге шай жасатып, әкесінің төменгі жағынан орын алып, қонақтарға шай құйғызып беріп отырды. Ғазиза жарыққа жақын келіп отырса да, алғашқы келген жердегі өзгеше көркі әлі күнге бетінен кеткен жоқ.

Қонақтар әртүрлі әңгімеге айналып отырып, шай ішіп болған соң, Ысмайыл:

– Балаларды Қасымжанның отауын тазалатып, сонда отырғызындар, еркімен ойнап отырсын, – деп Қалиман бәйбішеге әмір берді. Қалиман келінін жіберіп, үйін тазарттырып, аздан соң қонақтарды отауға шақырды. Жастар Ысмайыл ақсақалдың суық түсінен құтылғанына қуанғандай болып, тысқа асыға шығысты.

Үлкен үйден қонақтар шыққан соң, басқа отырған бірен-саран малшы-қосшылар да шығып, үйдің іші оңашаланып, Ысмайыл мен Қалиман ғана қалды. Күндізден түйілген қабағы айықпай, түнерген пішіні жадырамаған Ысмайыл аз уақыт өткен соң қатынына қырын қарап отырып сөз бастады. Ашулы қатал даусы алдымен Қалиманды кінәлап:

– Қатын, менен бір көресіні көрмейін десең, қызынды тыйып ал! Қызды адам сияқты өсіре алмасың бар, несіне таптың?

Осының оңбай жүргені сенің асырауыңнан. Тәлімің құрғыр, көргенсіз, сенің тәлімің ғой осыған жеткізіп отырған! – деді.

Қалиман қызының мінезін Ысмайылдан бетер жек көріп назаланып жүргенде, байынын бұны кінәлап сөйлеген сөзіне шыдай алмады. Әншейіндегі көнтерлі жүзіне ашу келіп, тамсанып:

– Жаратқаны бар болғыр, не қыл дейді маған! Кімнің қызынан кем қылып өсірдім Ғазизаны? Жаманшылықтың бетін балама көрсеттім бе екен? Кімнің баласы менің баламдай болып өскен екен? Маған келіп ұрынғаны несі?! “Әке” деген атың бар емес пе, айт өзің ақылыңды! Мен білгенімді аяп жүр деймісің? – деп жыламсырай бастады.

Ысмайыл бәйбішенің қыңырлықпен сөйлегеніне бұрынғыдан жаман ашуланып:

– Өсіргенің, асырағаның адыра қалсын! Балаға жақсылық үйрететін ақыл бар ма сенде? Сенің ақылың емес пе осыған жеткізіп отырған? Сенен басқа өзің теңдес кісіде кімнің қызы бүйтіп бұзылып, ел-жұртқа жаманаты шығып еді? Айтшы қәне! Тауып берші! Осы елде сенен ақымақ шеше, сенің қызыңнан антұрған қыз көрдің бе? Айтып бер деймін соны, күдай ұрғыр! – деп қатты зекіді. Қалиман да ашуынан басылған жоқ.

– Бишара-ау, өз балаңды өзің қорлап не болды? Дұспан айтпайтын сөзді өзің айттың ғой. Менің Ғазизамдай кімнің қызы бар екен осы атырапта?! Патшаның, ханның қызы қандай болса, менің балам да сондай. Кінәсі – қатыны өлген кәрі күйеуге бармаймын дейтіні ме? Ол үшін балам жазықты емес. Тіпті қасқабағыңа қарап үндемейін десем де қоймадың ғой, өл де маған!

Бұл сөздерге келгенде, Ысмайыл шыдай алмай ақырып:

– Қысқарт енді! Шығарма үніңді! Бүгінгі күні осы қызыңның осы қылығы үшін қандай қаттылықтан болса да аянбаймын. Ұқтырып айтқан сөзді сен ұғушы ма едің? Қысқасынан айтатыным: егер де осы қызға болысып, бұзылған бетінен қайтармайтын болсаң, алдымен сенен кетпесем өлген әкемнің аруағы атсын, білдің бе?! Ана қызыңды түзу сөзіңмен көндіріп ала алмасаң, “көнбеді” де де – шық! Бүгін сөйлес те арыл! – деп сөзін бітіріп болды да, Қалиманның қалған сөзін тыңдамай тысқа шығып кетті.

Ысмайылдың қатты мінезі Қалиманға белгілі. Талай жылдардан бері қарай мұндай суық сөз айтып көрген жоқ-ты.

Қаталдыққа бекінгендігі шын сияқты, әсіресе “өлген әкемнің аруағы атсын” деген сөзі Қалиманның бойын тітіреткендей. Қалиман шын назаланып, шын күйінді. Өзіне батқан қайғыдан, күйеуіне батқан қайғы қаттырақ тиді. Осы түнде қызбен бар сырын айтқызып сөйлеспек болды.

## II

Бұл мезгілде Исләм жатқан үйінің ұйықтағанын күтіп, шыдамсызданады. Көңіліне келген әртүрлі ойлардан құтыла алмай аунақшиды. Асыққан көңілге уақыт өтпейтін сияқтанады. Үй ішіндегі қараңғылық жанды жегендей ауыр көрінді. Осы халде талай заман өткен соң, орнынан ақырын тұрып, сыртқы киімін жамылып тысқа шықты. Тыстағы жарық ай, тыныштыққа батқан желсіз түн, ұйықтаған ауыл, жым-жырттықпен қалғыған салқын ауа көңілін басып тұрған ауырлықты бір мүйнетте сергіткендей. Есік алдында тұрған бойында жүдеу тартқан айға қарады.

Қотандағы барлық мал ұйқыға батып тыныштық алған. Қой күзеткен сақ төбеттер жүресінен түсіп, дамыл қылып жатыр.

Сарылып мұңға батқан жарық түнде ұйқы жеңген кәрі күзетші де қалың күпісіне оранып жатып, анда-санда қажып қалған даусымен айтақтап қояды. Қалғып тұрған түн тыныштығы жаңғырықпен жауап қайырады.

Исләм шыққан үйдің оң жағында тұрған ақ үй Айшаның отауы. Бұл үй әлі күнге жатпаған. Түндігі жабық болса да, іргесінен жарығы қызарып көрініп тұр. Исләм тыста аз тұрып, ауылдың әбден ұйықтағанын білген соң, Айшаның үйіне қарай тура жүрді. Әуелі есік алдына ақырын басып келіп, жабықтан сығалады. Кішкене лампы жанып тұр. Айша төсек алдында қалғып отыр, Ғазиза ақ жастыққа жантайып жатыр. Қатты жүдеген түсі бір ойға сарылғанын білдіреді. Үйде бөтен кісі жоқ. Исләм есікті ақырын ашып, үйге кіріп келді. Әйелдер ұйқысын ашып, бастарын көтеріп жөнделіп отырысты. Исләм Ғазизаның қасына отырып, аз сөйлесіп хал білісе келген соң, жастардың бұрынғы үйірлігі

қайта басталды. Бұрын бірін-бірі сыйлаған жылы көңіл тағы да қалыбына келе бастады.

Айша Ғазизадан бұрын сөз бастап, күлкі араласқан назбен:

– Бізді ұмыттың, уәденде тұрмадың. Қалаға барып ескі көздерді көрген соң, қыр есіңнен шығып кетті... – деп Ғазизаның көңіліндегі ауыр сөздердің бәрін жеңіл қалжыңмен араластырып айтып, екеуінің алдын ашып берді. Аздан кейін Ғазиза мен Исләмнің беттері ашылып, ашық сөйлесе бастаған соң, Айша жастықты алып жантайып жатып:

– Менен қысылмай арманды сөздеріңнің бәрін айтысып қалыңдар. Күнде мұндай уақыт кез келе бермейтінін білесіңдер ғой! – деп күліп қояды.

Екі жас бұл уақытта шын арманды сөздеріне кірісіп, бірін-бірі ықыласпен тыңдауда еді. Екі жылдан бері қарай бастан кешірген өмірлерін біріне-бірі айтып шықты. Сөйлескен сайын бірталай кінә, бірталай салмақ Исләмға ауды.

Исләм Ғазизаның дәлелді қылып айтқан шешен сөздерін естігенде, бұған деген құмарлығы бұрынғысынан да әлденеше рет арта бастады. Ғазизаның мұның мойнына артқан кінәсінің бәрі де назға толған. Исләм жеңілуін ар көрген жоқ.

– Ғазиза, сенің жүдеген түсінді көріп, маған айтқан кінәңді естігенде, көзімнен жас келеді. Бірақ мен өзімді тоқтатып отырмын. Мені күйдірдің ғой, енді мені жұбатшы! Әлде болса сендікпін деші! – деп қолынан ұстап, Ғазизаны сүюге айналды.

Ғазиза қолын ақырын тартып алып, түсін біразырақ суытып:

– Исләм, мен қайда кетсем де, сізбен бір сөйлесіп кетсем дейтұғым. Сол көңілімде жүрген арманым болғандықтан, бүгін сізбен осы түнде сөйлесіп отырмын. Менің көңілімде бөтен ой жоқ. Бірақ сөзді жұбататын дәрмен де жоқ. Сізді мен күткемін, ол кезде сіз үшін кіммен болса да кетісуге шыдағамын. Бірақ ол күндер өтті...

– Енді маған рақымсыздық қыламысың? Қатемді мойныма алып, аяғыңа келіп жығылып отырғанымда “керексіз болдың, кет” деймісің?

– Кет демеймін. Бірақ бұрынғы күн өтті, соны біліңіз деймін. Бас байланды, құтылмайтын болып шырмалып қалдым. Жаңа

ғана апам келіп сөйлесіп кетті. Айтқанына көніп, айдағанына жүретін болып уәде бердім. Енді мені бұрынғы сөзбен қажамаңыз.

– Ғазиза, кешегі күндегі уәде осылай ма еді? Өзгеге тас болған жүрегің маған ет болып жібіген емес пе еді? Сондағы “сүйдім” деген Ісләмнің мен емес пе едім?.. – деп, шын қайғырған пішінмен Ғазизаның көзіне көп қадалып отырып, жігіт жауап күтті. Ғазиза қарсы алдында жантайып жатқан Ісләмнің шашын қолымен сипап қайырып:

– Ол күн келмесе кеткен емес пе? Абайдың өлеңінде бар емес пе? “Жас жүрек жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс”, – деген сияқты әлін білмеген жас көңіл қызыққа жетем деп ойлаған шығар. Бірақ құдайдың жазуынан артыққа адам жете ме?.. – деп салқын пішінмен есік жаққа қарап, аз ойланып отырып қалды.

Ісләм бұл уақытта барлық сөзден тыйылып, мөлтілдеген қара көзін Ғазизаға қадап, тек жалынғандай қарап отыр еді. Ғазиза аздан соң Ісләмнің телмірген пішініне қарай түсіп:

– Одан да, ертең әлгі күйеу болмысы келеді дейді, – соны көріңіз; солар кеткенше біздің ауылда болыңыз! – деді.

Ісләм күйеу деген сөзді естігенде, көңіліне өлшеусіз қызғаныш кіргендей болып, Ғазизаны бұрынғысынан да қымбат көріп:

– Ертең тұра салысымен кетемін, күйеуіңді көрмеймін! – деді.

Бірақ артынан аз сөйлесіп, келер күнді сөз қылған соң, Ісләм әуелгі сөзінен қайтып, күйеулермен бірге осы ауылда жата тұратын болды. Ісләм әуелгі арынмен қаншалық туласа да, Ғазизаны өз айтқанына көндіріп, бұрынғы өтіп кеткен қызықты күндерін қайтарып алмақ болса да, бұл күнде оның бәрі қолдан келмейтініне көзі жетті. Екеуінің амалсыздан тоқтаған жері:

Енді неге болса да көну керек. Әсіресе Ғазиза әкесінің үйінде отырғанда бұлардың мақсаты орындалмайды. Не болса да, үмітті алдағы күндерге артқаннан басқа, бұл күнде ешнәрсе істерлік дәрмен жоқ.

Сондықтан әзіргі күнде бірінің қайғысына бірі ортақ болып, назаланған, күйінген күндерде бірін-бірі жұбатып тұрыспақшы. Ғазиза күйеуін сүймейтіндігін сол күйеуге де, жиылатын ағайын-туғанға да жасырмай көрсететін болды. Ісләмнің әзіргі тілегі осы. Екеуі күйеу келгенде ылғи бірге отырып, бірге жүретін болып



уәде қылысты. Зорлықпен қол-аяғы байланып, сол күйеудің әйелі болған күнге шейін Ғазиза Исләмнің ықтиярында болмақшы.

Ғазизаның сүйген досы Исләмға істейтін әзіргі жақындығы осы. Көп әңгіменің артынан айрылар жерде айтысқан уәденің байлауы болсын деп, Исләм Ғазизаның ағарып жүдеген бетін екі қолымен қысып, ұзақ сүйді. Ғазиза бұл жолы қарсылық көрсеткен жоқ. Өмір бойы мұндай уақыттарда істеп келген айнымайтын қаттылықтың бәрін бір мүйнетте ұмытып, Исләмді екі қолымен құшақтап, қатты қысып тұрды. Исләмнің Айшанікінен шығарда Ғазизаны құшақтап қысып, көзіне қадалып тұрып, үлкен мағына беріп айтқан ақырғы сөзі:

– Маған бұл күнге шейін істеген қаттылығың жеткен. Ертең күйеуің келген күні сол қаттылықты ұмытуыңды тілеймін, – деді.

Ғазиза жымыып күліп, Исләмға үндемей қарап тұрды. Исләм үмітті көңілмен қадалып, ашық жауап етуін қайта-қайта жабысып сұраған соң, Ғазиза ақырын ғана:

– Кезінде көрерміз... – деді.

Исләм аз да болса жұбанып, үйден шықты. Таң белдеуленіп атып қалған екен. Ай ағарып, жарығы әлсіреп батуда айналған; жұлдыздар сиреген: ағарып атып келе жатқан таңмен бірге бір-бірлеп өшіп жатыр. Тыста біраз тұрып салқындап, жас жігіт бойы сергіген соң үйге кіріп, жолдасының қасына жатып қалды.

### III

Бүгін Ысмайыл ауылы кешке жақын келген құда-күйеулерін қарсы алып жатыр. Керме толған ат. Жер ошақ бастары әбігер. Исләм күйеулер отырған отауда. Ендігі халдің не боларын білмей дел-салда отырған күйінде қонақтармен бірге шай ішті. Отаудағы жігіттер бірталай отырысып, бір-біріне бойы үйренісіп болған кезде тыстан Айша кіріп, төсек алдында отырған Исләмға ым қақты. Исләм Айшаның артынан біраз отырып үйден шыққанда, Айша екінші үйдің жанына шақырып алып:

– Анау шеткі үйде еркем жалғыз. Жаңа барып едім, сені шақырып отыр. Сонда бар! – деді.

Исләм ауылдың сыртын айналып барып, Ғазиза отырған үйге кірді. Қоңыр үйдің ішінде Ғазизадан басқа кісі жоқ. Үйді

жарық қылатын лампы да жоқ. Жанып болған тезектің шоғы өшуге айналған. Алакөлеңке. Ғазизаның мұны шақыртуына шын көңілімен ырза болған Исләм қыз қасына келіп отырып, сүйінгенін айтты. Күндегі жақсы көруінің үстіне, қазірде қызғаныш дерті бойын жеңген Исләм бүгін Ғазиза үшін неге болса да шыдай-тындай.

Ғазизаның қасынан кетпей отырып, қандайлық күйік болса да осымен бірге тартуды ниет қылған. Ғазизаны күйеулер келгеннен бері қарай осы ауылдың барлық жанынан қызғанады. Сол қызғаныш қазір де сүйгені оңаша жерде отырған соң, басына дұрыс ой келтірмеді. Бірақ сезім ғана билей бастады. Бұрынғы еркімен сөйлесетін Ғазизамен қазірде қалтырап, дірілдеп, сөйлесе алмай, себепсіз асығып, тілегі не нәрсе екенін дұрыстап айта алған жоқ. Ғазизаның әдеттегі салқын сөзін естігенде ешбір ойсыз:

– Ғазиза, мен бүгін өмірімде көрмеген қайғыны көріп отырмын. Бұл қайғыдан шығатын жол қиын. Айтқаныма көнбей, мені сүймесең: не сен, не сенің күйеуің, не болмаса мен өлемін! – деді.

Аздан соң от сөнді. Үйде көлеңке. Жарық айдың сәулесі қоңырқай үзіктің жылт-жылт тесіктерінен, ағаш жапырағының арасынан түскен сәуледей әр жерге теңгедей-теңгедей болып дөнгеленіп түсіп тұр.

Исләм үй іші қараңғыланған соң, биік төсектен бір-екі жастық құлатып, Ғазизаны құшағына алды. Исләмнің сөздері күндегіден ерекше болып, бүгінгі сүюі өзгеше ыстық сияқтанған соң, Ғазизаның да жүрегі елжіреп босай бастады. Асау сезімі есінен тандырып, бір суынып, бір күйінген жас жігіт айтар сөзі таусылып, Ғазизаның жұмсақ денесін қатты қысып, қайта-қайта сүйе берді. Ғазиза да жабысып құшақтап, досының дуылдаған қызулы бетінен, дірілдеген ыстық ернінен ұзақ-ұзақ сүйді... Бірталай заман өткен соң жастар ойдағы шерлі сөздің бәрін сөйлесіп болып айырылысатын болды. Ғазиза күйеулер кеткенше бұл ауылдан кетпейтін қылып Исләмнен уәде алды.

Аздан сон Исләм көңілі біраз орнығып тысқа шыққанда, үйдің сырт жағынан тұрып кетіп бара жатқан кісіні көрді. Бұл адамның пішінін көрмегендіктен, кім екенін тани алмаса да, киімінің нобайы бүгінгі кеште Исләм мен Ғазизаның Айша отауынан бірге шыққанын көрген қонақ жігітке ұқсады.

Ісләм бұның білгеніне өкінген жоқ. Күйеулердің жанына келді. Қонақтар тамақ ішіп болған екен. Ет жердің алдында Ісләмді әлденеше кісі жіберіп, таба алмапты. Жұрттың көбіне сый көрініп отырған қонақтың жалғыз өзі жоқ болып кеткені және осынша кешігіп, жұрт тамақ ішіп қойған соң келгені отаудағы жұрттың бәріне сезікті көрінді. Бұл суық жүріс әр біреудің көңіліне көмескі түйін байлады. Сондықтан күйеудің жанындағы қалжыңқой ашық жігіт Сүлеймен Ісләмнің мінезіне бір мысқыл сөз айтып қалмақшы болып:

– Оқыған жігіттермен біз үйлесе аламыз ба? Дүниенің бәрін жіпке тізіп отыратын біздің қазақшылығымыз болады. Оқығандар ондай мінезіміз үшін бізді “өсекшіл қазақ” дейді. Сонымен бірімізді-біріміз жамандап жүре береміз де. Жөн-терісімізді кім тексеріп жатыр? – деп мысқыл қылып отырғанын білдірмек болып, өтірік сылқылдап күлді. Күйеу жолдастың бәрі де Сүлеймен мінезіне қошемет етті: қоса күлісті.

Ісләм бұл мінезге ішінен қатты ашуланып булықса да, тезінен жауап таба алмай, үндемей отырып қалды. Бұған ауыр тиген сөз Жақыпқа да жеңіл тиген жоқ. Ол әсіресе тысқа шығып өзінің жолдастарының бірімен сөйлесіп келгеннен бері қарай көңілді болып отырған көтеріңкі қалпынан өзгеріп, сыртына қатты ашу белгісі шыққандай, томсарып қалды.

Қызыл шырайлы жүзі біресе көкшілденіп, біресе сұрланып, жиі өзгеріп отырған түріне қарағанда, бір ниетті ойлап, сабырсызданып, қыстығып отырғаны білінеді. Жақыптың бұл пішінін байқаған жолдастары басында қаншалық желікті болып көтеріліп отырса да, қазір біріндеп әңгімеден тыйылып, үндемей қалды.

Аздан соң жататын мезгіл болып, қонақтың бәрі тысқа шыққанда, Жақып үйде қалып, жанындағы атқосшы жігітін жіберіп, Айшаны шақыртты. Айша келіп кіргенде, Жақып зорлықпен езу тартып күліп:

– Айша, қайынсіңліңмен бірге сен де үркіп жүрмісің менен? Келсеңші бері! – деп қасына шақырып алды. Айша келіп отырып, күліп:

– Келмей жатып, сынай бастадың ғой, неден түңілдің? Бүгін сен сынай қоятын күн емес сияқты еді ғой, – деп еді.

– Келмей жатып түңілгенім рас. Жат мінезді сендер істеген сон, маған не кінә бар? Менің енді сенен сұрайтыным бүгін не

кылсаң да Ғазизаны маған көрсет. Сенен тілейтін бар тілегім осы! – деді.

Айша бұл сөзге таң қалды.

– Қарағым-ау, елдің ырымын естіп-білмеген кісідей, мұны қалайша айтып отырсың? Қашан келгенінді білемісің?

– Қашан келгенімді білемін. Мені шанышпай-ақ қой. Шынымды айтсам, бүгін сын көтеретін жайым жоқ. Қазақтың ырым-жырымын қоя тұр. Менің мәнді күйеу болғаным, сенің қайынсіңлің мәнді қалыңдық болған күнде жарасат та, “ораза, намаз тоқтықта” емес пе?

– Не деп отырсың өзің, адам айтпайтын сөзді айтып?

– Осы айтып отырғанымның бәрі де қалжың емес, шын сөзім. Менің сөзімді елеп, ескеретін болсаң, шақырып кел! Одан бөтен тілейтін тілегім жоқ. Көңілсіз болса, Ғазиза қайта кетер. Алып келіп менімен сөйлестір! – деді.

Айша бұл сөздің қисынсыздығын айтып, әртүрлі сөзбен Жақыптың көңілін орнықтырмақшы болса да, күйеу жігіт әуелдегі қаттылығына бекіп, алғашқы айтқан сөзінен таңған жоқ. Ғазизаға жеткіз деп ақырғы айтқан тілегі:

– Бүгін менімен келіп сөйлессін. Сөйлесуі өзіне залал болмас. Мен әзірше бір-екі күнге келген қонақпын ғой. Тіпті менің осы ауылға келгенімді жақтырмаса, келіп сонысын айтсын. Әлде оның қызығын бүзбай-ақ, ертең де болса қайтып кетерміз. Бұл жағынан келетін пайда да бар, мұны да ескеріңдер! – деді.

Айша Жақыптың сөзі шын сөз екендігін байқаған соң, алғашқы кездегі қалжыңын қойып, Ғазизаны көнсе, ертіп келмекші болып шығып кетті. Бұл уақытта Жақыптың жолдастары тыста өзді-өзі болып жиылып сөйлесіп тұрғанда, қастарына күндізден Исламнің ізін аңдып жүрген құдағилардың атқосшы жігіті Мұса келді. Бұл кезде жігіттер:

– Әлі осы Әзімханның баласының жүрісін ұққандарың бар ма?

– Соның жүрісі қалай? – деп бірінен-бірі сұрап, сөз қыла бастап еді.

Бірталайы елдерінде Ислам мен Ғазиза турасынан естіген өсектерін тұспалдап айтып: “Сол шын болды, дақ соның өзі!” – десті. Бұлардың жанында біраз тұрып, әнгімелерінің бетін ұғып алған соң, Мұса:

– Ол елдегі сөзді былай қой. Мен бүгінгі әңгімесінің де бәрін білдім! – деді. Жұрт бұл сөзді естіген соң, Мұсаның аузына қарап, естіген-білген әңгімесін жабырласып сұрастыра бастады.

Мұса білгенінің бәрін айтқан жоқ.

– Кезі келер. Бастан аяқ бір ағытармыз. Осы бүгінгі қорлануым елден ерекше. Мына Әзімханның баласы – арам. Қысқасынан айтатыным сол! – деді.

Бұл сөздің артынан жұрттың бәрінің де күдігі шешілді. Мұсаның сөзінде айтылмай қалған істерді әрқайсысы өз көңілімен түрлеп, анықтап түсіне берді. Жігіттердің кейбіреуі шынымен күйінген сияқты. Кейбірі намыстанып қорланған болып, кейбіреулері сыртынан болса да назаланғансып тұрған соң, Мұса:

– Мен бұның шет-жағасын Жақыпқа сездірдім. Енді не қылатынын өзі біледі, – деп азаматтық үлкен бір борышын атқарған кісінің пішінімен үндемей нығызданып тұрып қалды.

Аздан соң “төсек салынды” деген хабарды естіп жігіттердің бәрі де қонақ үйге кетті.

Айша Ғазиза отырған үйге барып сөйлесіп қайтқан уақытта ауыл тегіс жатып еді. Жалғыз Жақып қана үстіндегі барлық киімімен басына жастық салып жантайып, Айшаның отауында Ғазизаның жауабын күтіп жатыр екен.

Айша үйге кіріп:

– Кәне тысқа шығамысың төсек салайын, – деді.

Жақып басын көтеріп:

– Әуелі әкелген жауабыңды айтсаңшы күпті қылмай, күпті қылуларың жеткен жоқ па? – деді күлімсіреп.

Айша:

– Қарағым-ай, тіпті бір үлкен аза шеккен кісі құсамай тұра тұршы! Сен әлденені ойлап отырған шығарсың. Сенің сөзіңді естіген соң, “жұртта жоқ ырымды бастасам да барайын” деп келмекші болды. Қайсың кінәлі екенің білінер. Енді тысқа шық! Төсек салып, мен де кетемін! – деді.

Жақып сыртымен Айшаның сөзіне қанағаттанған кісі сияқтанып:

– Е, ең болмаса, сен ара ағайын болсаңшы! – деп шығып кетті.

Күйеу жігіт тыстан үйге келіп жатқаннан кейін біраз уақыт өткен соң, үйге Ғазизаны ертіп Айша кірді. Қалыңдық пен жеңгесі шымылдықтық сыртында күбірлесіп сөйлесіп тұрып,

аздан соң. Айша шамды өшіріп, Ғазизаны жалғыз тастап шығып кетті. Үйдің іші оңашаланып қалған соң, Жақып бас көтеріп, Ғазизаны қасына шақырды. Ғазиза үндемей төсектің жанына келіп, айтатын сөзін күткендей қарап тұрды.

Жақып Ғазиза жатар деп үміт қылып, бірталай тосып еді, қалыңдық оны істеген жоқ. Аяғында күйеу Ғазизаның көңілінде әлде болса арылмаған қыңырлық барын сезіп, бұрыннан қысылып отырған барлық ашуына ерік беріп, Ғазизаға қатты мінез істемекші болды.

Ғазиза бұл уақытта жаратылысындағы бойына біткен тәкаббарлығы ұстап, күйеуінің қасына келгенмен, ешнәрседен қысылмай, көңіліндегі шын сөзінің бәрін айтпақшы болып дайындалып тұрған.

Жақып үндемей басын көтеріп, Ғазизаның қолынан сүйреп тартып, қасына жақындатып алып:

– Сен мені бүгін Исләмнан айырды деп, ішіңнен жазғырып тұрсың ғой не қылса да. Немене, тіл-аузың байланып қалған кісіше мелшиіп тұрсың? – деді.

Ғазиза бұл сөзге орай көңілдегі тура жауабын тік айтпақшы болса да, азырақ именіп:

– Түу, бүгін түгінді сыртыңа теуіп келген екенсің, жұрттың бәріне де зәрленіп! Бірақ ашуыңмен ешкімнің де зәресін ұшырмасың, кішкене бала жоқ қой көз айналдырғанға қорқатын! – деді.

– Сондағы сенгенің кім? Қимай тұрғаның кім? Соны айтшы! Мені бүгін шақырды деп ұрысқалы келіпсің ғой. Өзің айтшы арманды сөзінді! – деді.

– Маған күніңнің бәрібір. Ертең шақырсаң да басқа болмаспын. Бүгін қандай болсам, ертең де, өмір бойы да сондай болармын. Сені қарқ қылатын қызығым жоқ! – деді.

Жақып бұл сөзден соң Ғазиза туралы бұрынғы естіген сөздерінің шындығына көзі жетіп, енді ашық сөйлеспек болды.

– Сенің қызығың Исләмнің құшағымен бірге кеткен ғой тегі. Нығыздығың мығым көрінеді. Бұл сырынды әкеңе неге айтпадың? Оны да саған айтқызып жүрген ғашық жарың Әзімханның баласы ғой. Маған жаңағы сөзі “тимеймін” деген сөзің ғой. Айтпақ ойыңның бәрін ашып айт! Мен сені бүгін әдейі сөйлесейін деп шақырттым!

– Сонда не сөйлесесің менімен?

– Сөйлесетінім – көңіліңде не ойлаған ойың бар. Соны айт. Екінші, Ісләмға тимекші болып әуре қылып жүр дейді. Сол шын ба, өтірік пе, осыны айт?

– Олай болса, көңілімде ойлайтыным: саған жолдас болғым келмейді. Осы істің бәріне көніп жүрсем – әуелі тағдырдың, екінші, ата-ананың зорлығымен ғана жүрмін. Ісләмді жақсы көретінім рас, құдайдан жасырмағанды адамнан жасырайын ба!? – деді.

Жақып қалыңдығының барлық сөзін естігеннен соң, ойға түскендей болып үндемей отырып қалды. Басына келген ой тәкаббарлық көрсетіп, ірілікпен келген қыздың мінезіне не істесе лайық, соны іздеп еді. Жақыптың ойынша:

Ғазиза Ісләммен істеп жүрген ісінен ұялудың орнына бұған келіп, соның үйреткен сөзін айтып, менсінбеймін деп тұр. Бұлардың ісі – Жақыптың аруағын сындыру, ел-жұртқа масқаралау. “Жақыпты Ысмайылдың қызы менсінбейді, оқыған жігіт Ісләмға кетіпті”, – деген сөзді елге жайғалы отыр. Ысмайыл да, Әзімхан да кеше Жақыптың әкесінің ығында жүретін әлдекімдер. Бүгін Жақыптың тұсында солардың бірінің қызы, бірінің ұлы бұны масқаралап, мазақтап отыр. Бұл қорлықты көтеруге болмайды...

Жақыптың аз ірікілген уақыттағы ойы осы. Қыздың қазіргі істеп тұрған мінезіне қарсы бұның өз байлауы бар.

Сонымен әуелгі қалпынша үндемей тұрған Ғазизаны қолынан ұстап, жаңағы айтып шыққан сөзіне ешбір жауап берместен, әмірлі дауыспен:

– Жә! Ғазиза, қасыма жат! – деді.

Ғазиза бұл мінезді ұға алмай, үндемей тұрып қалды. Аздан соң Жақып қыз қамзолының түймелерін ағытып жатып:

– Бүгін маған еркелегің келген екен. Алғашқы еркелігінді көтермесе бола ма? Енді өзім-ақ шешіндірейін, – деп үстіндегі қамзолын шешіп алды.

Ғазиза қамзолын шешуге қарсылық көрсетпесе де, қасына жатқан жоқ. Бұрынғы қалпында біраз тұрып:

– Мен қасыңа жатпаймын. Әуелі жаңағы айтқан сөзіме жауап бер. Сөйлесейік деп шақырыпсың ғой, мен сөйлесуге келдім! – деді.

Жақып қыздан бұл сөзді естіген соң, бұдан арғы ірілікке шыдай алмай, орнынан ұшып тұрып, Ғазизаның қолынан қатты жұлқып кеудесіне жұдырықтап:

– Сен мені қалай басынасың, емексіткенге асқақтап кеткенің бе? – деп жығып салып жұдырықтап, тепкілей бастады.

Өмір бойында ешбір жаннан мұндай қаттылықты, мұндай тұрпайылықты көрмеген Ғазиза, бір жағынан қорланып, ызаланып, өксіп жылап, бір жағынан қатты ашу қысып, Жақыпты сол мүйнетте барлық жас жүрегімен өлердей жек көріп:

– Өлтірсең де тимеймін! Саған қатын болғанша, қара жерге кіргенім артық! Қасыңа жатуға жиренемін! Қайт дейсің? – деп Жақыптың дамылсыз ұрып жатқан соққысының астында қарсылық сөзінен тыйылмады. Жақып Ғазизаның бұлқынғанына жібермей, орнынан тұрғызбай ұрып:

– Адыра қал! Сені алмасам, мен қараң қалам ғой! Бұл күнге шейін алам десем, сені қыз деп жүрген шығармын. Бүгін сенің қатын екеніңді білген соң, маған да қара тиынға керегің жоқ! – деп тағы да бір екі ұрып, аздан соң Ғазизаны босатып жіберіп, орнына келіп жатып қалды.

Ғазиза денесіне тиген таяқтан өнебойы ауырып, зорға көтерілді. Жылаған бойымен үйден шығып кетпекші болды. Тысқа шығарда киіп келген қамзолы мен шапанын ала шықпақшы болып еді. Жақып:

– Кететін болсаң, өзің кете бер! – деп киімдерін бермей алып қалды.

Ғазиза шыққан уақытта таң жаңа белдеуленіп атып келе жатыр еді.

Таң алдының салқын желі үзіліп-үзіліп ақырын ғана соғып тұр. Ауа дымқыл, салқын. Ай сарылып, жүдеу тартып батуға айналған. Дүниені тегіс тыныштық билеген. Тынысын ішіне тартқандай болып, жым-жырттықпен сазарып тұр. Жұрт тегіс ұйқыда. Ғазизаның көңіліндегі күйіктен, жүзіндегі дамылсыз ағып тұрған ыстық жасынан хабардар болған ешкім жоқ. Ғазиза үйден шыққанда көңілін басқан ауыр сезімдер салмағынан барлық ойы, барлық қуаты жаншылғандай болып, сүлдері құрып, отаудың жанында жылаған бойы тұрып қалды. Жанар оты сөнгендей, жүдеген күйіне тыстағы ұйқы тыныштығы салқын өлім тыныштығына ұқсағандай болады.

Бетінде бір тамшы қан қалмай сұрланып жүдеп, әуелгі тоқтаған жерінде ұзақ уақыт солқылдап жылап тұрды.



Бұл күнге шейін көріп келген әке-шеше зорлығының үстіне бүгінгі түнде ең жеккөрген адамының қорлығы, соққысы өмірдің барлық үмітінен Ғазизаның көңілін суытқан. Бұл қорлық, бұл кемітуді көрген соң, өмірден енді үміт қыларлық несі қалды?

Ішінен шыққан әке-шеше дозаққа салған соң, енді кімнен көмек табады? Кімге жылайды? Кім сүйейді? Осы ойлар басына келгенде, Ғазиза өмірдің барлық тірегінен айрылғанын сезді. Ұйықтаған ауылда жалғыз ояу жан – тыныштық алған дүниенің ортасында жалғыз өзі болғандықтан, Ғазизаның жүрегі жетімсіреп, жалғыз моладай құлазыды.

Осы күйде тағы бірталай заман өткен соң, Ғазизаның денесі қатты тоңып қалтырай бастады. Бұл уақытқа шейін ашумен көз жасына бойын билетіп тұрғандықтан, денесіне салқын желдің жұқа көйлегінен өтіп тұрғанын да ескермеп еді. Және отаудан алғашқы шыққан уақытта жатып қалған үйлердің ешқайсысына барғысы келмей, таң атқанша тыста тұруды жөн көрген.

Ондағы ойы – көңілінің күйігі мен көзінің жасын ешбір жанға білдіргісі келмей жасыру. Аздан соң жылаудан тыйылып, сүлдері құрып, аяғын зорға басып жүріп келіп, үлкен үйге кіріп жатып қалды.

Таңертең Ғазиза ұйқысынан тұрып көзін ашқан уақытта елдің бәрі тұрған екен. Түнде үйге келіп жатқан соң, Ғазиза көпке шейін еті бір қызып, бір тоңып, жөнді ұйқы ұйықтай алмай, көзі ілінсе, түсіне нешетүрлі қорқынышты нәрселер кіріп, қайта-қайта шатасып, мазасызданып жатып еді.

Таңертең ұйқысынан оянған уақытта екі беті албырап, қызарып, денесі ауырлап, басы мен өнебойы қатты ауыра бастады. Әуелі төсектен тұрмақшы болып басын көтергенде, басы сынғандай болып қақ бөлініп денесін жер тартқандай болып әлсірей бастаған соң, қайта жатты.

Аздан соң қасына шешесі келді. Ғазизаның басым ауырып жатыр деген сөзін естіп, күйіп жатқан реңін көрген соң:

– Қарағым, ұшынғанбасың, өнің қалай еді? – деп төсек орнын жайлап беріп, жатқызып қойды.

Ғазиза төсек тартқан науқас болуға айналды. Етінің қызуы молайып, көзі ілінсе шатасып, қорқынышты түстер көріп, дамылсыз сандырақтай бастады. Бұл күні Ысмайыл құда-құдағи-

ларымен келісіп, әкелген малдарына ырза болып, тойын жасамақшы еді.

Ғазизаның сырқатынан ауылдағы барлық жұрт хабарланса да, “әншейін ұшыңған шығар, ештеме етпес” десіп, маңайындағы елдің бәріне хабар жіберіп, болатын тойдың жабдығымен әбігерленіп жүрді. Бұның науқасын елеген жалғыз Исләм ғана. “Ғазиза науқастанып қалыпты”, – деген соң, қасына келіп жайын сұрап, керек болған уақытта сусынын әперіп, көрпесін қымтап жауып, күтіп отырды.

Тойға жиылған көрші елдің көп қатын-қалашы, еркектері де қымызын ішіп, асын жеп, күйеулер мен құдалардың үйін бірінен соң бірі жапырлап басады. Әрбір үйде әнші жігіттерге ән салғызып, даурығып сөйлейді, қалжыңдап күліседі. Әртүрлі ойын ойнап, тойды қызықтап жатқан жұрт. Түс ауа тойға жиылған еркектер тегіс атқа мініп, серке тартып, балуан күрестіріп, ауылдың жанындағы төбенің басында аттылы-жаяулы топтанып жүріп, көп уақыт ойын жасады.

Исләм бұл қызудың бәрінен шетте қалып, ешкімнің желігіне араласпай, көбінше Ғазизаның жанында еді.

Күн кешке жақындағанда жиылған жұрттың бәрі тарай бастады. Ауылда кешке ойын жасамақшы болған ірікті бозбалалар мен бұл ауылға сый қонақ саналатын қыз-келіншектер ғана қалды. Өзге тойшының көбі тарап кетті. Бұл мезгілде Ғазизаның қызуы молайып, сандырағы күшейе түсті. Бұрын шатасқанда бірлі-жарымды болымсыз сөзді ғана айтушы еді. Қазірде әркімнің атын атап шақырып, бірнәрседен шошынғандай болып, көмек іздеп тынышсызданып барады. Ғазизаның жақындары басында науқасын елемесе де, қазірде анық ауру болғанына түсініп, бұның жайын сөз қыла бастады.

Аяғында құдағилар мен күйеу жолдастар да Ғазизаның науқасына сеніп, көп кісі болып қасына келді. Ғазизаның еті қатты қызып, сандырағы молайып жатыр еді. Қасына көп кісі келіп отырған соң, ауырлағандай болып, әртүрлі ұғымсыз сөздерді жиі-жиі сөйлеп келіп, бір мезгілде:

– Исләм жаным!.. Кетіп қалма!.. Осында бол, кетсең қорқамын!.. – деді.

Жұрттың бәрі үндемей таң қалып отырып қалды. Аздан соң Қалиман баласының сөзінен қысылып, әлгі сөзді жадағайламақ болып:

– Исләммен жас күнінде сабақты бірге оқып, үйір болып қалғандығы ғой атын атап жатқаны, – деді.

Бұл сөздің кезінде күйеу жолдастардың қасында отырған Мұса қасындағы Сүлейменді түртіп қойды.

Өзгелермен бірге отырған Исләм Ғазизаның сөзінен қысылған жоқ. Қайта сол сөзіне сүйсінгендей болып, қасына жақындап отырып, қолын ұстап, науқасының жайын сұрай бастады.

Ғазиза кейде Исләмнің сөзіне тура жауап беріп, өзгелердің сөзіне ештеме айтпай, үндемей жатты. Аздан соң қонақтар үндемей отырған күйімен тысқа шығып кетті.

Ғазизаның жанында енесі, Қалиман, Исләм – үшеуі ғана қалды. Күйеу жолдастар жаңағы сөзін жоруға кірісті. Бұлар түндегі Жақып пен Ғазизаның арасында болған әңгіменің көбін күйеу жігіттен естіп еді. Жақып сол жайды айта келіп:

– Өзі есі дұрыс адам сияқты емес, тіпті біреу басын айналдырғанға ұқсайды. Әзімханның баласы сондайдан да тек емес қой деймін! – деген.

Қазірде Ғазизаның “Исләм” деп сандырақтағаны сол Жақыптың сөзін еске түсірді.

Бәрі де: “Әлде осындай бірдеңе болар ма? Әйтпесе есті қыз сияқты еді, осы не қылып осынша ашылып-шашылып кетті?” – десті.

Ақырында, жігіттердің көңіліндегі түйінді Мұса өзінше шешіп берді. Ол Исләмнің барлық жүрген жүрісін айтып келіп:

– Өзге-өзгесінен бұрын, мен кеше сендерге айтпап едім, естіген тағы бір сөзім бар, соны айтайын, – деді. Жігіттердің бәрі де бұның сөзіне құлағын түріп, қасына келді.

– Кеше Исләм мен Ғазиза анау шеттегі қараша үйде көп уақыт оңаша отырды. Әлгі жоғалып кеткенде, сонда болатын. Мен барлық сөзін үйдің сыртынан тындап отырдым. Сөздерінің ыңғайына қарағанда, Исләм қызды қорқытып: “Егерде айтқанымды осы арада істемесең, не сен, не сенің күйеуің, не мен өлемін”, – деді. Содан кейін үндері өшіп қалды. Ол бір ме? Екінші, бүгін қымыз ішіп отырғанда аузынан оқыс шығып қалды, өзі байқамады ғой деймін, бізге отырып: “Осы қыз-келіншектің қайсысына болсын мен дәрі салып бір темекі берсем, артымнан қалмайтын болады”, – деді. Онысы бас айналдыратын дәрі емес пе? Міне осыған қарағанда, мен басын айналдырған деймін, одан басқа дәнеңе де жоқ! – деді.

Жігіттердің бәрі де түгелімен басын шұлғып: ойбай, ендеше, соның өзі болды! Бұның титтей күдігі жоқ. Бәсе, тіпті бұл күнге шейін оны маңына жолатпай келген қыз бүгін күйеуі келгенде тамам елдің ортасында оған не қып жабысып қалды? Мұның осындай себебі бар десті.

Бұл сөз осы түнде-ақ ауылдағы жұрттың көбіне естіліп қалды. Құдалар мен күйеулерге қыз менсінбейді деген аттан мына хабар әлдеқайда жайлы тиді. Сондықтан өсекті өзгелерден бұрын бұлардың өзі хабаршы болып тарата бастады.

Ауылдағы өсек Ісләмнің құлағына да тиді. Бірақ ол естіген жерде бұған қарсы не айла қыларын таба алмады. Және өзге өсектен бұрын, бұған батқан – Ғазизаның науқасы болғандықтан, жұрттың сөйлеп жүрген сөздеріне қарсы ешбір қам қылған да жоқ.

Осы күйде бір-екі күн өтті. Ғазизаның науқасы күннен күнге нашарлай бастады. Халі бітіп, денесін өздігімен қозғай алмайтын болып, ұйқыдан, сусыннан да қалуға айналды. Алғашқы тойы күні аралаған өсек бұл уақытта да бар еді. Ысмайыл ауылындағы жұрттың тегіс құлағына тиіп, маңайдағы көрші елдерге де тарай бастады. Бұл сөзді өзге жұрт пен Қалиман да естігендіктен, сенер-сенбесін білмей күдіктенсе де, Ісләмнің Ғазизаға жақындай бергенін жаратпауға айналды. Ісләм Қалиманның түрін сезіп және ауылдағы еркек-ұрғашының бұған сенімсіз көзбен қарағандай, суық пішінін байқаған соң, Ғазизаның қасына ақырғы жолы келіп, қоштасып, ауылына қайтып кетті. Бұның артынан тағы біраз күн өткен соң, Ғазизаның дерті барынша күшейіп, кісі танымайтын болып, жақындарының күдерін үзгізе бастады. Аяғында бір күні ауыл қозы алып жатқанда, Қалиман құдағиы мен Ғазизаның жанында отырғанда аурудың өңі бұзылып, үзілуге айналып бара жатқанын байқасты. Екі әйел де қатты шошынып, еркектерді шақыртты. Үйдің ішіне көп кісі жиылып келіп, мұңайған пішінмен үндемей отырған уақытта, Ғазиза ақырын көзін ашты. Әлсіреп қуаты құрып, үзілуге жақындағаны жанары сөнуге айналған көзінен білініп тұр.

Қалиман қызының халінен күдер үзіп, аналық жүрегі елжірегендей болып, қыстығып жылап, Ғазизаға тақап келіп:

– Қарағым, саған не болды? Қарағым, не пәлеге ұшырадың? Шошыттың ғой мені! – деп келіп: – Әлде Ісләм бірдеңе етті ме, шыныңды айтшы, сәулем? – деді.

Ісләм деген сөзді естігенде Ғазизаның түсі болымсыз ажарланып, бетіне қан жүгіргендей болып, ақырын ғана: “Ісләм... Ісләм...” – деді.

Отырған жұрттың бәрі біріне-бірі қарасып қойды, үндеген жоқ. Сол түні таң ағарып атып келе жатқанда жас Ғазиза жылап-сықтап мұңайып отырған әке-шеше, ағайын-туғандарының ортасында үзілді. Сұлу түсі ақырғы өлім сағатына дейін қызыл гүлдей жайнаған әдемі көркінен айрылған жоқ еді. Қазірде түсі тастай болып суынып, бетіне көкшіл таңба жайыла бастады.

Ғазиза жақындарына жұмбақ болған өліммен дүниеден қайтты.

Ертең ерте жас қыздың өлімінен жұрттың бәрі де хабарланды. Бұл хабар Ісләмға да жетті. Көп ел “Ғазиза өліпті” деген қайғылы хабармен бірге, “Әзімханның баласы сиқырлап өлтіріпті” дегенді қоса естіді. Келесі күні Ысмайылдың ауылынан жиырма шақырымдай жердегі қыстауға көп жұрт болып жиылып барып, Ғазизаны ертеде өлген аталарының, жақындарының жанына қойып қайтты.

Құдағи, күйеулер біреер күн Ғазизаны жоқтасып, жыласып үйлеріне қайтты.

Ғазизаның тірі күнінде Ісләм турасында шыққан өсек ауыл ортасынан алысқа жайылған жоқ-ты. Ол өлген соң, бұл хабар бұл күнге шейін ел ішінде болмаған жат хабар болып, жайлауда отырған барлық елге естіліп, аз күннің ішінде көрші отырған үш-төрт болыс елдің сабағына жетті. Надан елдің көбін бұл сияқты әңгімеге сендіретін бір себеп – бұл сөздің ортасында мінезі ұғымсыз, жүріс-тұрысы белгісіз оқыған жігіттің болғандығы еді. Мұнан басқа, Ісләмға “жығылған үстіне тағы бір жұдырық” – күйеулер еліне қайтқан соң, жақын жердегі бір поселкеге барып, сонда бал ашатын орыстың бір кемпіріне карта көтерткен екен, ол Жақыпқа: “Келіншегің сиқырдан өлген екен, шашы бар қызыл шырайлы жігіт қастық қылған екен”, – депті. Жақыптың ауылы бұл хабарды да құдасынікіне жеткізіпті.

Бұл сөздің бәрі де дұрыс, анық іс болып, ел ішіне тарап жатты. Ісләм жалпақ елдің аузына алған жалаға ешбір қарсылық көрсете алмайтын, әлсіз жан болды. Қолынан ешнәрсе келмеді. Оның үстіне, ерекше қайғы Ғазизаның өлімі болып, жалғызсырап, әлсіреп, іштегі жара мен тыстағы жала қосылған соң, барлық қайратынан айрылды. Күндіз-түні үйінде жалғыз жатып жылай-

тын болды. Бірақ бұның халін, өзге ел былай тұрсын, әке-шешесі де ұқпады. Исләмнің пішінін көріп, үнемі түйілген қабағына қарап, әкесі де: “Әлде жұрт айтып жүрген өсек шын болар ма?” – деген күдікті ойлай бастады. Бұның түсі де күннен күнге Исләмға салқын тартқан сияқтанды.

Бірақ Әзімхан баласының мойнына бұл айып ауатын болса, оның артынан жұрт аузына кіріп қалған құн сөзі де күшейіп кетер деп, баласының басын арашалауға бел байлады.

Сонымен қасына өз елінің басты кісілерін ертіп, Бісмайылдікіне барып, әрлі-берлі сөйлесіп, бұрынғы жақындықтың арқасында ұғысып қайтты. Қалиман Әзімхан барғанда, қызын жоқтап жылап:

– Исләм жүзіқараның енді жүзін көрмеймін, Ғазиза бауыры емес пе еді? Кімге қастық қылып жүргенін ойласа болмас па еді? – деп барлық ашулы сөздерін айтып жіберіпті. Әзімхан бұл сөзді үй ішіне айта келіп, Исләмді көрінеу жек көрген кісінің пішінімен екі сөздің бірінде кекетіп ұрса беретін болды.

Аяғында Исләм ел ішін қойып, өз ауылына да сыймайтындай болды. Жұрттың бәрінің пішінінен бұны жек көргендік, арам астай жиренгендік көріне бастады.

Бір күні көңілін көтеріп, қайғыдан серпілу үшін, бір жақындарының ауылына барғанда, сол ауылдағы үлкен бәйбіше Бәтимә Исләмді оңаша шақырып алып:

– Қарағым, ұлы сөзде ұят жоқ, саған айтуым лайық болмаса да, бір сөзді айтқалы тұрмын. Сөкпе, былтыр түскен келінім өзіңнің құрбын Жұмақанды менсінбей, әлдекіммен қылжақтап жүр. Суық жүрісін байқап жүрмін, бір күні маскара қыла ма деп қорқамын. Соған әлгі жұрт айтып жүрген емінді істеп түзеп берші! – деді.

Исләм ашуланғаннан не айтарын білмей:

– Басты қатырмашы, тілеуің берсін! – деп жүріп кетті.

Бәйбіше мұның мінезін ұға алмаса да, тегін емес екеніне көзі жеткендей болып, аңырып тұрып қала берді.

Исләм ауылына қайтып келген соң, жалпақ елде бұның халін ұғарлық ешбір жанды көре алмай, бұдан былай бұл ортада тұруды дозақта тұрумен бірдей көрді. Осыдан аз-ақ күн бұрын қаншалық “ел” деп аңсап, сағынып асығып келген болса, енді

сондай асығып жұрт көзінен тез жоғалу керек деп білді. Осы оймен “қалаға қайтамын” деп әкесімен сөйлесіп, бірер күннен соң жалғыз өзгермей қалған мейірімді шешесімен құшақтасып ақырғы жолы сүйгізіп, қасына бір кісіні көшір қылып, қалаға қарай пар атпен жүріп кетті.

Ауылдан ұлы сәскеде шыққан жолаушылар бұрыс та болса, Исләмнің айтуымен Ысмайылдың қорасына баратын жолға түсіп, түс ауа сонда келді.

Июль айының ең ыстық күнінің бірі. Жүргіншілер қораға күн ыстығының әбден күшейіп қызған кезінде келді. Қораның жанына келген соң, Исләм аттарды тоқтатпай, алдыңғы жақтағы сары қабақтың үстіндегі төрт құлақты бейітке қарай жүрді.

Ыстық күннен даланың шөбі тегіс сарғайып қураған. Сары қабақты қаптаған сары көде ескіріп жүдеген кескінімен даланың ұзақ мұнды күйін еске түсіргендей болады, ішті жүдетеді. Ыстық күнге күйіп, жым-жырт болған иесіз далада мәңгілік жалғыздыққа бой ұрып ұмтылған ескі мола құлазып жетімсірегендей. Мұнды дала қайғылы таңбасын жалғыз молаға да басқандай. Жүргіншілер бейіттің жанына келіп тоқтаған соң, Исләм жолдасын тастап, өзі арбадан түсіп, бейіттің ішіне кірді.

Ерте күнде көмілген төрт-бес өліктің қабыры бар екен. Солардың ортасында бейіттің оңтүстік жағында бір өліктің аяқ жағынан Ғазиза қойылған екен. Жаңада үйілген жас топырақ, жас қабырдың сыны әлі бұзылған жоқ. Бас жағында қадаулы сұр тас, соның бауырында анасының қолымен қойылған ескілеу жыртық құран тұр екен.

Есіктен кіргенде Исләм Ғазиза қабырының жанына келіп құлағандай отыра кетті. Құранға қарады, танығандай болды. Ғазизаның кішкене күнінде Ысмайыл ауылындағы молдадан Исләм бәрі оқып жүрген уақытта жас шәкірт қыздың қолында жүретін қызыл тысты құран осы еді. Қазірде бояуы көшіп, тысы қуарған. Ғазизаның суық қабырының үстінде сүйгенінің иісі сіңген кітапты көргенде, Исләмнің көз алдынан барлық өткен күндер зуылдап, жүгіріп өткендей болды.

Жүректі жанышқан ыстық дертпен қолы дірілдеп, құранның бір бетін ашқанда, әуелгі бетінде екі-үш жерде Ғазизаның қолымен жазылған Исләмнің аты тұр екен.

Ісләм жазулы жерді қайта-қайта сүйгенде көзінен жасы ыршып, қолынан құран түсіп қалып, Ғазизаның қабырын құшақтай жығылып, өкіріп жылай бастады.

Ұзақ уақыт сол күйде жылап жатып, көңіліндегі талай шерінен азырақ сейілгендей болып, қабырдан басын көтеріп, зорға дегенде мауқын басты.

Аздан соң ойымен Ғазизаға сансыз “қош-қош” айтып, қабыр жанынан шыққан бір бес жапырақты үзіп алып, қайта-қайта иіскеп, бейіттен шықты. Жылаудан екі көзі қызарып ісіп кеткен екен. Денесі әлсіреп, сүлдері құрығандай болып, зорға келіп арбаға мінді.



## СӨНП-ЖАНУ

...<sup>1</sup> Қоңыр күздің мезгілі, сентябрьдің бас кезі еді. Ел орынға отырған уақытта жарық айлы тыныштығы мол түнде қалың таудың ішімен үш салт атты келе жатты. Жүргіншілер келе жатқан қабат-қабат биіктің арасында жатқан жіңішке өзек кейде тарауланып көп<sup>2</sup> салаға бөлініп, кейде иін тірескен биік тік жартастардың арасынан жалғызаяқ жолдай болып жіңішкеріп, жыланша иіріледі. Қонарлық жерге кешігіп қалып, жетуге асыққан жолаушылар осы өзекті өрлеп желіп келе жатыр. Жарық айлы тынық түнде таудың ішіндегі ұлы тыныштықты бұзып тұрған дыбыс – тастақ жолмен жүріп келе жатқан аттылардың тықыры ғана. Бұдан бөтен ешбір дыбыс жоқ. Табиғат тастай қатқан жым-жырт. Жолаушылардың үшеуі де жас жігіттер. Жақсы киініп, семіз ат мінген бозбалалар еді. Бұлардың екеуі Ырғайлы болысының оқыған жігіттері – Сыздық пен Сүлеймен. Үшіншісі – ел ішінің жігіті, бұлардың жолдасы – Есімжан<sup>3</sup>.

Қазіргі мезгіл елге тегіс ауыр тиген 16-жылдың реквизициясы күшіне әбден келіп, дегенін істетіп жатқан кез болатын. Ырғайлының жігіттері топ-тобымен “прием” жасап жатқан Ақтас бекетіне кеткен. “Алдын алыпты”, – деген хабарлар ел ішіне келіп жатқан. Қалың ел, жалпақ дала басына келген ауыр күннің қайғысынан күңірене күрсініп жылағандай еді. Жалғызынан айрылған кемпір-шал, сүйеніш қылған бауырынан айрылған әпке-қарындас<sup>4</sup> кетер жерінде жаны сүйген жақындарымен қоштасып жылап қалса да, елде болса да, үйде отырып тілеу тілеп болымсыз нәрселерді үміт қылып зарлауда, қайғы-қасіретте еді. “Жақсы атадан” шыққан байжуанның балалары – қолы жетіп оқыған жігіттер елдің бұл күйін көзімен көрсе де, өздерінің бас

амандығына мәз<sup>5</sup>. Және жаңада қырға келгендіктен, ағайын-туысқанды аралап, қыдырып қана жүрген.

Қазіргі келе жатқан беттегі көздеген мақсаттары – қыз көру, қатын алуды ниет қылып жүрген Сыздық еді. Бұл жігіт жаз ортасында үйіне келгеннен бері қарай ағайын-туысқан, жақындары: “Енді қыз көр де, ұнатқан кісінді бізге айт. Келіншек әпереміз”, – деп ел ішінде тәуір деп жүрген екі-үш қыздың атын атаған.

Сыздық ағайындарының сөзіне көнген соң, құрбы-құрдас, тілеулес жақындарының бәрі де әр қыздың атын атап келіп, әсіресе мақтағаны Мақыштың қызы болатын.

Жігіттер екі-үш күннен бері қарай осы мақсатпен бірнеше ауылда болса да, көңілге алған қыздарының кейбірін көре алмай, кейбірін көрсе де ұнатпай, аяғында әзіргі кеште Мақыштың ауылына келе жатқан беті еді<sup>6</sup>.

Бұлар тау бауырындағы жазықта отырған елден түс ауған мезгілде шықса да, жол бойы әңгімелесіп аяңдап жүріп отырып, Мақыш ауылына қоналқалық мезгілден кешігіп қалып еді. Сондықтан тау ішіне кіргеннен бері қатты келе жатқан. Әзіргі жолаушылар жүріп келе жатқан тау – Маралдының Бөктер тауы. Таулардың ай сәулесі түсіп тұрған беттері жарқырап, самаладай болып анық көрінеді. Көлеңке түскен теріскей жақтағы таулар, биік жартастар алыстан қара үңгірдей болып қарауытып, көңілге салқын тыныштық пен болымсыз қауіп сезімін сіңіргендей болады.

Жігіттер Бөктер таудың ішімен бір сағаттай жүрген соң, бұл таудан өтіп бір алаңға шықты. Алдынан Маралдының көлденең созылған үлкен биіктері, қатпарлы қабат-қабат шыңдары көрінді. Айдың жансыз жарығымен сұрғылттанған кең аспанның бір шетін көзден жасырып, Маралдының жотасы қара кошкылданып, тіс-тіс болып көрініп тұр. Үлкен таудың ет бөктеріне бір шақырымдай ғана жол қалды. Жігіттер бұрынғыша қатты желіп, жалғыз аяқ жолмен келе жатқанда, оң жағынан қалың тыныштық, жым-жырттықтың ортасында саңқ етіп үрген иттің даусы естілді. Жүргіншілер әуелгі келе жатқан бетінен жалт бұрылып, ит даусы шыққан жаққа жүрді. Енді біраз бүлкектеп, кішкене төбенің басына шыққанда жарты шақырымдай жерде тұрған ауылдың жерошақтағы бірер оттары көрінді<sup>7</sup>. Ауылдың қарауытқан нобайы да байқалатындай еді. Әсіресе ай сәулесімен шағылысқан ақшыл үйлер айқын көрінді.

Жолаушылар ауылға жақындағанда алдынан көп ит шабаланып үріп шықты. Бұлар ауылға жақындаған сайын, иттер қатты үріп<sup>8</sup>, өршеленіп қонақтар шеттегі ақшыл үйдің сыртына келіп, аттан түскенге шейін басылған жоқ.

Ауылға жақындағанда жас жігіттерге жат көрінген бір нәрсе – бұл ауылдың барлық жаны топталып, шеткі үйдің сыртына жиылып, бұларды күткендей болып тұр екен. Жігіттер бұл халді ұға алмай, жақындап келгенде, еркектермен аралас тұрған әйелдерді де көрді.

Әйелдер үйдің жанында кейінірек тұр еді. Олар келе жатқан қонақтың бөтен кісілер екенін білген соң, үйге қарай тез басып кетіп қалды. Сыздық кетіп бара жатқан екі-үш әйелдің ішінде ақ көйлек киген, басында ноғайша оқалы тақиясы бар жіңішке, сұнғақ бойлы қыздың сыртын көріп қалды. Еркектер бұрынғы қалпында тұрып, жолаушыларды күтіп алды. Бұлардың ортасында бурыл сақалды, жасы елудің шамасына келген келбетті үлкен кісі келген қонақтармен амандасып танысқан соң, жас жігіттерді үйіне ертіп жүрді. Бұл Мақыш ақсақал еді. Ауылдың еркек-ұрғашысы тысқа шығып тұрған себебін Мақыш ақсақал қонақтарға айтып берді. Жалпақ елге келген қайғы бұлардың басын да аман тастаған жоқ екен. Мақыштың ауылынан “паверкеге”<sup>\*</sup> үш жігіт кетіпті. Соның бірі Мақыштың жалғыз азамат баласы екен. Жаңа келе жатқан үш салт аттыны көргенде ауылдың еркек-ұрғашысының бәрі де кеткен жігіттер қайтып келіп қалды ма деп, “а құдайлап” тілеу тілеп, қуанысып тұр еді.

Еткен үміт далаға кеткендей болып, күткен кісілер бөтен кісі болып шыққан соң, ауылдың барлық жаны бұрынғы жүдеген, жабыққан түсіне қайта түскендей болды. Мақыштың дәулеті шағын болғандықтан, үй іші салтанатсыз қоңырқай еді.

Қонақ жігіттерге Мақыш мал алғызып, сол үйдің ішінде қойшы жігітіне сойғызып, өзі жігіттермен әрбір жайды әңгімелесіп отырды. Үйде қонақтар келгеннен бері қарай қозғалмай отырған Мақыштың бәйбішесі жүдеу, сарғыш тартқан түсімен баласының қайғысы батқандығын білдіріп тұр еді. Ешбір сөзге, ешбір жұмысқа араласпай, үндемей отырса да, анда-санда

<sup>\*</sup> “Паверкеге” – бұл жерде солдатқа кету, кара жұмысқа алыну деген мағынада.

әжімді ашаң жүзі сұрланып, қабағы қайғымен түйіліп, ауыр-ауыр күрсініп қояды. Мақыш оқыған жігіттердің жайын ел ішінде естіп жүргендіктен, бұрын таныстығы жоқ болса да жатырқамай, бұларды сыйламақ болған<sup>9</sup> ықыласын білдіріп, іштегі уайымын жеңіп, көңілді болып әңгімелесіп отырды. Мақыштың жұмсақ, ақырын даусынан, әдепті, сыпайы сөзінен жас жігіттерге үлкен құрмет көрсеткендей ниет сезіліп, жаратылысындағы мейірімді мінезділігі де көрінгендей еді.

Жас жігіттер әңгіме арасында есік ашылған сайын жасырын үмітпен жалт-жалт қарап отырса да, көрмек болған кісісі бұл үйге келген жоқ<sup>10</sup>. Қонақ жігіттердің ішінде Сыздық Мақыштың мінезін, сөзін өте ұнатқандай болып, өзгелерден гөрі көбірек әңгімелесіп отырды. Әңгіме қазіргі ел басына келіп тұрған ауыр күннің жайына қарай ауысқан соң, Мақыш ел ішінде, өздерінің айналасында болып жатқан қайғы-қасіреттерді айтып келіп:

– Бұл апаттан басы аман қалған кім бар дейсіз? Қалың қазақ баласы қан жылағандай болып тұр ғой. Бұл күнді құдай өзі жөндемесе, қазақтың елдігі кетті ғой. Кімге сеніп, кімге сүйенері де белгісіз. Бұрын бұндай ауыртпалықтың кезінде басшылық етеді деп үміт қылатыны – оқыған азаматтар болушы еді. (...) <sup>11</sup> Бірақ ел байғұсқа кісі жаға ма? Осы күнде кейбіреулер: оқығандар “қарсылық көрсетпе” деп, кісіміздің бәрін тізгізіп беріп отыр. Ешбір көмегі тиген жоқ. Басшылық етем деп елді бөксе басты қылды. Оқығанның тілін алмаған өзге ел әлі күнге жігіт бермей отыр. Үміт қылып жүрген оқығанымыздан не басшылық көрдік!? – деседі. Ел байғұс бала сияқты ғой. Біреуді жақсы көрсе де – тез жақсы көріп, өкпелеп жек көрсе де – тез болатын, – деді. Сыздық Мақыш ақсақалдың айтқан сөзімен қатар, өзі де көп күйінген кісім болып:

– Рас айтасыз, елге де кінә жоқ<sup>12</sup>. Оқығандардың “елге доспын” деген ниетінен туған ешбір ісін көрмеген соң, өкпелейді, сөгеді ғой. Кісі көп үміт қылған адамы айтқан жерінен шықпаса, көбірек түңіледі. Бірақ біз әлі сыналатын күніміз алдымызда деп білеміз, – деп өзін-өзі іштей-тыстай ақтаумен тоқтады<sup>13</sup>.

Осы сияқты әңгімемен бірталай уақыт отырған соң, қонақтар тамағын ішіп болып, тысқа шығып аттарын жайлатып

келіп, сол бұрынғы отырған үйлеріне салынған төсекке жатып қалды. Бұл күні жігіттердің ойлаған ниеті орындалған жоқ. Қызды ешқайсысы да көре алмады. Бірақ тыста өзді-өзі оңаша болған уақытта Есімжанға: “Таңертең ертерек тұрып, жеңгесімен сөйлесіп, қызды неғылсаң да бізге көрінетін қыл!” – деп тапсырып қойды. Таңертең оқыған жігіттер тұрып, киініп тысқа шыққанда, Есімжан атын жайлаған болып тыста жүр еді.

Күн арқан бойындай көтерілген екен. Таңға жақын жерді басқан тау ішінің тұманы жоғары көтеріліп қалған. Жерді қалың шық басқан; ауа дымқыл, салқын еді. Тыста қоңыр күздің сызы білініп тұрғандай. Жерден көтерілген мұнар күннің жарығын әлсіретіп, жансыздандырып тұр. Мақыш ауылының іргесіне тірелген<sup>14</sup> Маралдының үлкен қара биігі қазіргі сағатта өзгеше түрде тұрғандай. Аласа жерден айығып, жоғары көтерілген мұнар қара биіктің төсін құшақтап, тұманды сәлдедей толқынданып, бас жағына оралып тұр. Қою сұрғылт мұнардан таудың басы көрінбейді. Аспанға өрлеп<sup>15</sup> бұлтпен араласқандай болып, қараушы көзден жоғалып тұр. Жартасты, зор кеуделі, үлкен биік ұзақ түнге созылып сарылған салқын ұйқыдан басын қоршаған бұлт жоғары көтеріліп айыққан сайын, зор қабағын сабырмен ашқандай болып, ұйқылы көзі тұнжырап, етекте керіліп жатқан далаға томсара қалғандай болады<sup>16</sup>.

Жігіттер ауылдың сырт жағында жиырма-отыз қадамдай жерде тұрған Мақыштың ескілеу кішкене қорасына қарай жүріп, Есімжанның көрген-білген әңгімесін сұрады. Есімжан қыздың жеңгесімен сөйлесіпті. Оның сөзінше, жігіттер шай ішіп болған соң қораға келеді. Мақыштың баласының отауы тамға кірген екен, қыз бен жеңгесі сонда отырады. Жігіттер сол уақытта көрмекші. Бұл сөзге екі жігіт те қанағаттанып үйге келді.

Жігіттер шай ішіп болып, жүруге қам қыла бастаған уақытта Мақыш ақсақал мал жайлатуға шығып кетіп еді. Сүлеймен мен Сыздық Есімжанды атқа жіберіп, өздері қораға қарай жүрді. Аздан соң бұлар қораға кірген уақытта, алдынан ұзын бойлы<sup>17</sup>, ашаң жүзді, қара сұрлау келіншек шықты. Бұл Мақыштың келіні Рәбиға еді, Рәбиғаның отауы жалғыз терезелі кішкене там екен<sup>18</sup>. Қонақтар төрге шығып отырғанда, үй ішінде бұлардың көрмек

болып келген қызы Жәмила төсек жиып жүр еді. Жігіттер жас әйелдермен амандасқан соң, қадалып көз алмай қарағандары – Жәмила болды. Жәмила ұзын бойлы, жіңішке денелі, түсі ақшыл, бетінің жұқалау тұтас қызылы бар, қыр мұрынды, қара көз, сүйкімді пішінде, келісті қыз сияқты көрінді. Қадалып, сынай қарап отырған екі оқыған жігіттің көздері Жәмилаға өлгенше ауыр тигендей болды. Ол жігіттерге тура қараған жоқ. Асығыңқырағандай болып, тезірек қозғалып төсек жиып жүргенде екі бетіне ыстық қан дуылдап жүгіріп, қатты қызарып, төменшіктеп ұялғанын білдіріп тұрды.

Жігіттер Рәбиғамен бір-екі ауыз қалжың сөйлескен соң Жәмила төсекті жиып болып, шығуға есікке<sup>19</sup> қарай жүрді. Жеңгесі тоқтатпақ болып күлімсіреп:

– Қайда барасың, отыра тұрсайшы! – деп еді. Жәмила жауап бермей, ақырын күліп, үйден шығып кетті.

Аздан соң жігіттер де тысқа шықты. Аттары ерттеліп болған екен. Бұлар үйге кіріп киініп, бәйбішемен қоштасып тысқа шыққанда, бұл уақытқа дейін төбенің басында жүрген Мақыш ақсақал келіп, қонақтарды аттандырып, бұрынғыдай әдепті, жылы пішінмен қоштасып қала берді.

Жігіттер кешегі келген жолымен ойдағы елге қарай аяндап жүріп кетті. Ауылдан азырақ шыққан соң бір-бір папиросты тартысып, әңгімеге кірісті.

Әуелі біріне-бірі қалжың айтып күлісіп, артынан жаңа көрген қыз туралы пікірлерін сұраса бастады. Мұндай істі көбірек көріп, тіс қаққан Есімжан Сыздыққа:

– Сүлеймен мен менің сөзімнің бұл жерде керегі жоқ қой. Өз көзіңмен көрдің, өз көңіліңмен сынадың, келіншек айттыратын – сенсің айтар сөз сенікі. Күндердің-күнінде жаман айтпай, жақсы жоқ, Мақыштың қызын алып, онымен қас-қабағың жараспай жүрсе, осыны алуыма құрғырлардың<sup>20</sup> сөзі қамшы болып еді деп өкінбесіңе жақсы. Біз өзің бірдеме дегенше үндемейміз. Өзің әуелі ойыңды айт! – деді. Оқыған жігіттер бұның сөзін мақұл көріп күлісті. Сүлеймен де Есімжан сөзінен соң айтқалы келе жатқан сөзінен тоқталып<sup>21</sup>:

– Енді өз ойыңды айтып шық, біз қосатынымыз болса, артынан қоса жатармыз! – деді.

Есімжан бұл сөзді қостап:

– Дұрыс айтады, біздің сөзіміз артынан айтылғаны жөн. Және, Сыздық, саған айтатын бір сөзіміз:

Бұ қыз деген шіркін, өзі, көруге келгенде, шетінен жақсы болып көрінетін. Әке-шешесінің аясында отырған оң жақтағы қыздың жаманы бола ма? Құрғырдын бәрі де жап-жақсы сияктанады. Бір көргеннен кісі қайсысының ішін біліп қояды? Соған қарағанда, көріп алдым дегеннің өзі бос сөз болып шығады. Кісі қатынды әуелі ақылмен ойлап, көңілді бір жерге тоқтатып алып, сонан соң тәуекелмен алады. Әйтпесе әбден мінездес, сырлас болып, таныстығы бар сыр-мінез қызды алады. Қалай болса да, кісіге көңілін бір жерге байлайтын қанағат керек. Сонан соң тәуекел деп бір нәрсеге бекінесің. Жә, енді мына қыз туралы ойыңды айт! – деді.

Сыздық бұл сөздерден азырақ қысылыңқырап, күлімсіреп, өз ойымен ақылдасқандай болып ойланғанда, жаңа көрген сұлу денелі, ақ түсті, бетінің көрікті қызылы бар сүйкімді қыз есіне түсіп, соның сыртқы түсінен көңіліне орнаған болымсыз жылылық сезімі жүрегінде қозғалғандай болды. Бұның өз ішінен ойлап шыққаны:<sup>22</sup> Есімжанның сөзі – күнде айтылатын сақтық сөз. Оны Сыздықтың өзі де айтатын. Бірақ мына қыздың тұсында сондай бірдемені айтып бөгелетін, ойлайтын дәнеңе жоқ сияқты. Қызды Сыздық өз көзімен көрді, сынады. Бұған ұнаған жалғыз ғана түсі емес, қыз үндемесе де, бұл сол сыртқы түстің аржағындағы мінезін де сынады. Әкесі өте есті, мінезді адам сияқты. Жақсы тәрбие, үлгілі әке осындай-ақ болады. Бұлар ауылы мен малы аз нашар адамдар болса да, көптің бірі сияқты емес.

Мінездері, тәртіптері бұрыннан Сыздықтың қиял қылған, шын іздеген кедейлеріне ұқсайды<sup>23</sup>. Сыздықтың алмағы да бай қызы емес, осындай адамшылығы бар: момын, таза мінез, таза жүректі кедей қызы болатын. Сол қыздың ауылы, ауданы, әке-шешесі де және соның бәрінің үстіне, Жәмиланың өзі де көңілдегідей лайықты дәл келген сияқты.

Сыздықтың іздеген қызы осы. Бұған Есімжанша әлденеше түрлі күдікті ойды көбейтіп, қобалжитын ешнәрсе жоқ, тәуекел болса – тәуекел<sup>24</sup>. Осындай ойды ойлап шыққан соң, Сыздық жолдастарына:

– Біздей оқып жүрген жігіттерге қырда жақсы тәрбие алған, мінезі жақсы, адамшылығы бар ел қызын алу керек<sup>25</sup>. Соны

тәрбиелеп адам қылу – міндет! Кісіге шын дос, шынымен бас сыйлайтын, өзіңді құрметтей білетін, жаныңа ауыртпалық түсірмейтін, қабағыңа қарап іс қылатын таза жолдас қыр қызынан шығады дейтінбіз. Соның ішінде әсіресе жақсы тәрбиелі қыз, жақсы мінезді қыз – адал, момын кедей қызы болады дейтінбіз. Мына көрген қыз, өз ойымша, сол сынға толатын сияқты. Алдымен, пішінін алсақ, менің өзіме сұлу сияқты көрінді. Екінші, түсінен сынағанымда мінезі де жаман болмас деймін. Адамшылықты бағалай білетін, еркекке адал дос болатын, жүрегі жылы, махаббатты адам болғандай. Онан соң, әсіресе маған жақсы көрінетіні – әке-шешесі. Барлық сөзі, барлық мінезімен қырда отырып, Толстойдың жолын тұтқан адам сияқты. Толстойдың бір крестьяндар\* ішінен шығатын діншіл, мінезді, бауырмал, рақымды, жылы жүректі типтері болушы еді ғой. Маған Мақыш та сол адамдар сияқты көрінді. Ақыры, мен осы қызды ұнатқандаймын, – деді.

– Ұнатсаң – болды<sup>26</sup>. Менің сөзім – саған бір ой түсірейін, айнытайын деген ой емес, – деп күліп: – қызды көрген жерде жыны ұстап кететін бір қызба бастық болушы еді, сол болмасын, өздерің айтқандай, салқын сабырмен ойланып айтсын деген сөз. Жалғыз бұл жерде емес, тағы да ойланайық. Қатын алу деген оңай жұмыс емес қой. Көп ойлану керек. Оқыған жігітке қатын тастағыш деген елдің жаласы бар. Өз басың бірді, жас күнімде айттырдыңдар деп, түсін көрместен жіберіп отырсың. Сен де сол жаладан аман емессің. Үнемі елдің жаманатына іліне берген де жақсы емес қой. Жұрттың дәме қылған жігіттеріңдер. Ойланған жақсы! – деді Есімжан.

Бұл уақытқа шейін екі жолдасының сөзін тыңдап, үндемей келе жатқан Сүлеймен Есімжанның ендігі айтып келе жатқан сақтық сөзінің бәрін орынсыз көріп:

– Енді қария бола бергеніңді қойшы, жаным! Ойлаған деген осы. Менің ойымша, Сыздықтың айтқан сөзінің бәрі де дұрыс. Қыздың пішіні сұлу болмаса да, сүйкімді жақсы түсі бар. Әкесінің мінезділігі осы өзіміздің бір болыс елге түгел белгілі. Қыздың өзі қатын болуға жарайды. Әуелі туған-туысқаны қайын болуға жарайды. Мен енді осыған тоқтау керек деп білемін! – деді.

---

\* Крестьян – шаруа.



Жігіттер Жәмила жайын біраз әңгіме қылып келіп, аяғында, осы сөздердің бетімен тоқтасты. Сыздық Жәмиланы алуды ниет қылды.

Таудан қайтып, ойдағы елге келген соң бір-екі күн өтті. Жігіттердің Мақыштың қызын ұнатып келгенін жақындарының бәрі білді. Бірақ Сыздықтың шын тілеулес жақындары: “Оқыған жігіттің таңдауы әбден орнықты болсын, басқа қыздармен де сүйген қызын салыстырсын. Өзі әбден толғансын”, – деп, бұрыннан Мақыштың қызымен бірге аты аталып жүрген ел ортасының бір байы: “Жұмақанның қызын да көріндер”, – деп бозбалаларға ақыл берді.

Сыздықтың өзге жолдастары басқа қыздарды да көруге бұрынғыдай ынталы болса да, Сыздық енді әрбір қызды барып көре беруді ыңғайсыз көре бастады. Оның өзінше “интеллигентпін” деген көңіліне қатын алу деген адам өміріндегі ең бір мағыналы, ең бір ірі және ең қызықты іс болса, соған бұның жақындары базардың саудасындағы сарамастық әдетті әкеп сала берген сияқтанды<sup>27</sup>. Үйлену жұмысындағы ыстық сезімді кемітіп, қызығын жадағайлатып жіберетіндей көрінді. Тағы да қыз көруге көңілсіз болған бір себебі – Жәмиланы бір-ақ көріп кетсе де, соның артынан сөйленген сөздің, ойлаған ойдың салдарынан бұның “ыстық қиялы” Жәмиланың суретіне байланып қалған сияқты еді.

Бірақ сүйе жүрсе де, екінші жағынан, көп жолдас, көп туысқанның талқысына көніп, Жұмақанның қызын да көрмекші болды. Арада тағы бір-екі күн өткен соң, бұрынғы жігіттер, қасына тағы бір-екі жолдас ертіп Жұмақандікіне күндіз түстене келді<sup>28</sup>.

Бірақ бұлар Жұмақанның үлкен үйінде көп уақыт отырса да, қыз үстеріне келген жоқ.

Алғашқы келген үйден шығып, қыз отырған үйге барып кіруді ауылда толып жүрген көп кісілердің көзінше ыңғайсыз көріп, Сыздық үйден шыққан жоқ. Аяғында, түстеніп болған соң, жігіттер қызды көре алмай, жүріп кететін болды.

Бұл халге Сыздықтың көңілінде көп наразылық болмаса да, қасына еріп келген жолдастары: “Әдейі келген соң қыздың тым болмаса пішінін көре алмай кетеді деген не? Сыздық көре алмайтын болса, өзге бір-екеуміз көрейік”, – деп Сүлейменді алып, бір-екі жігіт қалып қойды. Сыздық Есімжанды ертіп жүріп кетті. Бұлар Жұмақанның ауылынан шығып, өз елдеріне

карай жүрген соң<sup>29</sup>, жолдағы бір белге шығып, аттан түсіп темекі тартып, кейінгілерді күтіп отырды. Аздан соң Сүлеймендер де қуып жетті.

Бұлар келіп:

– Қыз отырған үйге кіре алмадық. Қысыны келмеді. Сол қыз ба, жоқ ол емес пе – білмеймін, әйтеуір сол үйден шыққан бір қызды көрдік. Оның киімі жүдеу. Кісі қызығатын түк көркі жоқ. Қазақтың шөп желке қызының өзі! – десті.

– Жігіттер басында көрген қыздары қай қыз екенін білмей күдіктенген сияктанса да, артынан Сыздықтар анықтап сұраған соң: “Анық сол қыз! Жұмақан тегінде қызын жаман киіндіреді дейтін. Енді ол қызға алаңдайтын түк те жоқ”, – десті.

Сыздық бұл хабарға көп өкінген жоқ. Себебі бұл соңғы уақытта Жәмиладан пәлен қыз артық дегенге құлақ та қоймайтын<sup>30</sup>. Және көңілінде ондай сөзді ұнатпайтын сияқты да еді.

Осының артынан он шақты күн өткен соң, жігіттер әрбір қызды көріп келіп, аяғында ойланып-толғанып Жәмилаға тоқтағандықтарын үлкендерге білдірді.

Бұл мезгілде күзектегі қосыла қонып отырған елдің бәрі қыстау-қыстауына тарай бастап, ел ортасы бір-бірінен алыстауға айналды.

Қораға қонып орныққанша, күздің жабдығымен ауыл-ауылдың үлкендері әбігер болып: пішен тасу, қораның жыртық-тесігін бүтіндеу сияқты бөгеттер шықты. Сыздық Мақыштың қызын ұнатқан соң, ағайындарына білдірсе де, жақындары Мақыштың ауылына кісі жіберген жоқ. Бұрын жер тарпып жүрген жақындарының енді сабырлы болып қалғанына жас жігіт өз ішінен наразы болып, қыздың үйіне сөз салдыруға асыға бастады. Аяғында, ауыл шаруасы біраз ыңғайланған соң, Сыздықтың әкесі Байсалбай өзінің бір-екі тәуір көретін ағайынына бір жолдасты ертіп беріп, Мақышпен құдалық сөйлесуге жіберді.

Арада төрт-бес күн өткен соң құдалық сөйлескелі кеткен кісілер Мақышпен ұғысып, алып-берісетін малдарының санына да келісіп, қайтып келді.

Мақыштын бұларға айтқан сөзі:<sup>31</sup>

– Мен биылғы жыл жалғыз ержеткен балам солдатқа кетіп жабыққан жылым еді. Қазір көңілдің үміті үзіліп, тірегі сынғандай болып отырған кезі еді. Бүгінгі күні Байсалбай сияқты

інім болып, Сыздық сияқты балам болатын болса, мен құдайдан одан артық не сұраймын?! Бұ да болса, жасымды игені шығар. Мен ырзамын. Мал деген жағына менің айтатын сөзім жоқ. Інім мен балам, мал емес, жақын болсам – бас сүйісіп жақын боламын деп, өзінің берік тұтынған адамшылығына лайық сөздерін айтыпты.

Осымен құдалықтың алғашқы сөзі піскен соң, аз уақыттың ішінде Мақыш пен Байсалбай бас сүйіскен тәтті құда болып, жақындаса бастады. Екеуі де бірінің ауылына бірі қатынасып, сың қонақ болып құрметтесіп жүріп, әрқайсысы бір-бірінің туған-туысқанымен, ауыл-аймақтарымен танысты. Мақыш алғашқы келген жолда Байсалбай қарғыбауын берді. Артынан келген Мақыштың жақындарына қалыңмалын да беріп жатты.

Сыздықтың сезімшіл, қиялшыл көңіліне ғұрып жолымен болып жатқан бұл сияқты істің бәрі де жайсыз тиген жоқ. Қайта өзінше жарастықты, қызықты істей көрініп, әрбіріне ішінен сүйсініп жүрді<sup>32</sup>. Сонымен бірге ендігі асыққаны – қайнына бару, қалыңдығын әбден анықтап көру; көңілінде анда-санда таныс еместік себебінен туатын болымсыз күдікті жоғалту еді.

Биылғы жыл қатын алуды ниет қылып, әуелгі ниеті осындай болып іске асқан соң, Сыздық қалаға қайтатын мезгілі болса да, жүрісті кейінге қалдырып, ел ішінде қала берді.

Бұрын қаладағы сырлас жолдастарына берген сөзі:

– Биыл оқуды бітіргендіктен, күздігүні қалаға қайтып келіп, елге пайда келтіретін бір орынды қызмет қыламын, – деуші еді.

Бұның өзі сияқты жолдастарының бәрі болмаса да, бірен-сараны бұрын, әйтеуір жалпы сөз болса да, “ел қамы” деген бірдемені көп сөйлеп жүргендіктен, ең болмаса бір қызметте отыруды борыш көргендей болып, қалада отырып қызмет қылып жүр еді.

Сыздық бұлармен хат жазысқанда:

– Менің биылғы жылым текке өтуге айналды. Бірақ қатын алу деген де адамның өміріндегі ірі жұмыстың бірі ғой. Биыл қатын алып, ендігі жылы алаңсыз болып кіріспекшімін, – деп өзінің іссіз жүрген күйіне соны дәлел қылып ақталып жазушы еді. Сыздықтың бұл байлауына кейбір жолдастары болымсыз кінә қойғандай болса да, көпшілігі бұның жаңа өмірге қарай басқан қадамын құттықтап.<sup>33</sup>

– Біз жаспыз ғой, алдымызда бізден бұрын сыннан өтетін үлкендер де өз басының қамымен жүр ғой. “Ел қамы” дегенді бәрі де ернінің ұшымен ғана айтады. Шынында өздері ақшаны күреп алып, баюға тырысып жүр. Көпшілігі ашықтан-ашық мына реквизицияға алынған жігіттерден пара алып, осы күнде лықылдаған бай болып кетті. Оған қарағанда, бізге тәубе қылу керек. Осындай тамам ел бұзылып жатқан уақытта, адамшылығымызды аман сақтасақ – о да олжа. Түбінде, біздің сыналатын күніміз алдымызда ғой. Бірақ қырда біржолата отырып қалып, адамшылығыңнан айырылып қалма. Қыр кісіні бұзатын! – деп өздерінше шын тілектес көңілдерін білдіріп тұрды. Сыздық өзін сөгуші дауысты жолдастары жағынан естімеген соң, биылғы жылды қатын алуға беру керек деп бекініп, енді қыс бойы елде қалмақшы болды. Қарлы-боранды ұзақ қыста жабырқау тартып, кірбеңдеген елдің ортасында, ешбір дүниеден хабарсыз меніреу-мылқау болып жатпақ болғандағы Сыздықтың өзіне белгіленген ермегі – жиі-жиі қайындап жүріп, қалыңдығын қызықтау. Ел аралап жүріп, кішкене бала күннен соң көрмеген елдің қыстыгүнгі өмірін көру. Мезгілімен тауға шығып, аңшыларға еру. Содан қолы бос уақытта қисыны келсе, әрине, кітап оқу еді.

Бұл ниеттерінің бәрін ашып айтпайтын. Ел ішіндегі сырт кісілерге: “Қалаға бармаған себебім – денсаулығым нашар” – деп болымсыз бір сырқаттарға жала жабушы еді.

Күздің айлары өтіп, қалың қар түсіп, суық қыс кірген уақытта Сыздық жаратып семіз ат мініп, орысша киімнің бәрін тастап, қысқа лайықты саптама етік, түлкі тымақ, қалың ішік, шапан киіп, қырдың қалпына түсті. Осымен соғым кезі болып, қыстың суығы қатайған уақытқа шейін бұрынғы арман қылып ойлап жүрген, қызықты деген нәрселерінің бәрінің де аз-аздап дәмін татты.

Маралдың тауында қысы-жазы түлкі сияқты аңдар көп болғандықтан, Ырғайлының елінде құс салып, аңшылық құратын салт болушы еді. Сыздық өз ағайындарының ішінде аңшылыққа салынған екі-үш жігітке қосылып, қастарына ел ішінде қызық қуған қолы бос бозбалалардан төрт-бес жігіт ертіп алып, Салбурынға қостап шығып, көп таудың қия жартастары, терең құздары, үскіріп соққан қатты желі, алай-түлей болған ақтүтек

борандары, жер-көкті қаптаған ызғарлы қары және соның бәрінің ортасында таңертеңнен кешке шейін салпылдатып жүрген аңшылықтың бейнетті жүрісі аз күннен соң Сыздыққа ауыр тиіп жалықтырғандай болды<sup>34</sup>. Аңшыларға күнде еріп отыратын үнемі жолдас бола алмай, көп күндерде қостан шықпай жатып алатын болды. Іші пысып жалықты. Сондықтан төрт-бес түлкі алған соң, өз айтуынша, “Салбурынның қызығына қанып” елге қайтты.

Соғым кезі болғанда бұрыннан тағы бір арман қылған сияктанып, көруге қызығып жүрген нәрсесі – қоста жүрген жылқышылардың өмірі болушы еді. Соғымшылармен бірге өз елдерінің қосына барып, онда да біраз күндер жүріп қайтты. Отардағы жылқышының тұрмысынан Сыздықтың тапқан ең үлкен қызығы – қостың ішінде өткізген кейбір түндер еді. Қыстайғы жаққан отпен іші ысталған, іргесі көмулі қостың ішінде “төбе қызар” қылып мол отынды жағып қойып: айналасында арқаларына қалың киімдерін жамылып, жағалай қақтанып отырып, буы шығып қайнап жатқан етті күтіп, қос ішіндегі үлкен-кішінің айтқан әңгімесі Сыздықтың көңіліне қызықты кездей көрінді. Онан соң жылқышылардың молқолдығы, тамаққа мырзалығы өзгеше сияктанды<sup>35</sup>. Күндіз-түні бірдей қосқа келген кісі болса: аяздап тұрған етті балтамен шапқылап әкеліп, үнемі асулы тұрған үлкен қара бақырға салып, не шыжылдатып қуырдақ қуырып, не ет асып жатады. Қос ішіндегі көңілді көрінген өмір осы еді. Қостан шығып, бірге келген жолдастарымен өрісте жүрген қалың жылқының ішіне барғанда отардағы тұрмыстың жабырқаңқы, жүдеу жағын көргендей болды. Арықтап, жүні ұзарып, түсі кіртііп жаздыгүнгі сергектігінен айрылған жылқылар аппақ болған мұңлы ұзақ далада ақырын қыбырлап жүріп, қалың қарды жабыққандай болып тебіндеп жатқан түрлерімен ішті пыстыратын ауыр суреттей көрінді. Жайылып жатқан жылқының шетінде құрығын шошайтып алып жүрген жылқышылардың да үсік шалған беттері күңгірттеніп, қайғылы даладағы жалғыздық, жүдеулікті еске түсіргендей көрінді. Сыздық бұл жүрісінің бәрін де әрқашан өзін осыншалық бейнетке өз ықтиярымен салып жүрген әлдеқандай романтикалық поэманың қаһарманындай көрсе де, аяғында, барлығынан жалығып елге тез қайтуға асықты. Бұрыннан көрсем деп жүретін, бұған айрықша ертегіше қызығы

бар сияқтанатын қалыптың көбін көрді. Бірақ ешбірінен байлаулы қызық таба алған жоқ. Бәрі де әңгіме қылып айтуға жақсы, бір-екі рет көруге жақсы. Бірақ соңына түсіп салынатын, үнемі арылмайтын қызығы бар ермекті таба алмады<sup>36</sup>.

Енді ойына алған ермегі – күзден бері көңілінде сүрдей қылып сақтап жүрген ыстық қиялының дегеніне жету. Қайнына барып, көңілінің жаңа сүйеніші – жас қалыңдығын қызықтау еді. Қайнына бару ниетімен қыс ортасына жеткен соң, бір күні екі жолдаспен кеңесіп сөз байлап, ауылдың үлкендерінен тиісті рұқсатын алып, қайнына жүрді. Ел салтына лайықты әдет-ғұрыптың бәріне әрі ойша мойындап, әрі соңы бір үлкен романтикалы күйдей ыстық көріп, Сыздық бұл жолы ұрын баратын болған<sup>37</sup>. Сондықтан қасына құрбыларынан басқа, екі-үш үлкен кісілер де еріп барды. Оқыған жігіт қайнына келгенде өлгенше мәнерлі күйеу болып сызылмаса да, алғашқы келген күндерінде жас қыздарды балдыз қылып, қатындардың кейбірін жеңге қылып, үлкенін шеше қылғандай болып құрметтеп, сыпайылықпен отырды<sup>38</sup>. Алғашқы күні қалыңдықты бұлардың қасына әкелген жоқ. Ертеңінде маңайдағы елді жиып, Мақыш той қылды. Жиылған көрші елдердің қыз-келіншектері Мақыштың өзі сияқты кедейлеу ауылдың әйелдері еді. Сондықтан Сыздық әуелде оларды қорашсынбаса да, жанындағы Сүлеймен сықылды шала оқыған жігіттер және салтанатты сүйетін байшыгеш бозбалалар келген әйелдермен көп қызықтас бола алған жоқ<sup>39</sup>. Ойын ойнаса – Сыздықтың көңілі үшін ғана ойнағандай болып, әйелдермен көп әзілдесіп жақындаспай, бойларын алысырақ ұстап, азырақ тәкаббарлықпен отырғандары да байқалғандай болды.

Сыздық бұл күйді түсінді. Бірақ ешкімге сыр берген жоқ. Жолдастары көңілсіз болған соң, енді біразда бұның өз көзіне де көбі ажарсыз болып көріне бастаған қыз-келіншектерден күйеудің өзі де жалығып, көбінесе үндемей отырды. Бұлардың ендігі күткендері қалыңдық қана еді. Оны күйеулердің жанына кешкі шайдың алдында ғана алып келді<sup>40</sup>.

Сыздық Жәмиланы әуелгі көргеннен кейін не сұлу, не сүйкімді – әйтеуір түсі жақсы деп көңіліне байлаған болса да, артынан тағы бір анықтап түсін әбден көруге асығып еді.

Қыз жанындағы бір-екі келіншекпен, тағы бір-екі қызбен үйге кіргенде, басына жамылған қара шапаны бар екен. Сонымен бетін

бүркеңкіреп, түсін шала көрсетіп, Сыздықтың төменгі жағынан келіп есікке таман қырындап, күйеу жігітке сыртын бере отырды.

Шай ішіп, ет жеген уақыттарда Жәмила сол қалпынан түзелмей, күйеу жолдастарына да, күйеуге де бетін дұрыстап көрсетпеді. Сыздық ішінен қалыңдығының бұл мінезін қисынсыздау көріп, әлденеше рет соған қарап қалжыңдап, не бір нәрселерді сұраса да, қалыңдығы бұған бұрылып қараған жоқ. Сұраған сөздеріне ашық жауап бермей, ұялғандай болып<sup>41</sup> төмен қарап, жымыып күліп, не болмаса, естімеген кісідей болып, үндемей отырып қала берді.

Жәмиланың бұл кештегі мінезі Сыздықтан басқаларға да ыңғайсыз көрінді. Бірақ көпшілігі ішінен: әдеп сақтап ұялғаны ғой, беті ашылмаған ғой деп, кешірімді болғандай еді. Азғана салқындық жалғыз ғана Сыздықтың көңіліне орнап кетпей тұрды. Жәмиланың өте ұялшақтық қылып төменшіктеп отырғанын қасында отырған қыз-келіншектері де лайықсыз көріп, кейбірі оған бойы үйренген әдетін істеп, қылжақ қылғандай пішінмен соқтығып-қақтыға сөйлейді. Жәмила соларға да жауап бере алған жоқ. Құр ғана ұялып күліп қояды. Қалыңдығының бұл мінезінің бәрі де аяғында Сыздыққа шын күдікті ойлататындай болып, көңілсіз ой түсіре бастады. Асығып, аласұрған қиялға, қызылды-жасылды болып қуантып жүрген үмітке, жылылықпен атын құрметтеген жүрекке қалыңдығының қазіргі қалпы ешбір үйлеспейтін сияқтанды. Жәмила бұған әдептілік, сыпайылықты тіпті орынсыз жуастыққа, жасықтыққа жеткізген отсыз адам сияқты<sup>42</sup> көрініп қалды. Бірақ бұл ойдың бәрі – байланған, нығайған ой емес, көңілдің бір кезі туғызып отырған нәрсе сияқтанған соң, Сыздық ешбіріне бекіген жоқ. Бұл кеште көңілсіздеу болып, үндемей баяу отырды. Түні бойы ұзақ уақыт бірге отырғанда бір-ақ мезгіл ғана Сыздық Жәмиланың бетін қырынан көріп қалды. Бірақ бұл көргеніне өзі сенбегендей болды. Бұл қалай? Жәмиланың қазіргі жүзі бұрынғы Сыздық ойлап жүрген түске тіпті ұқсамайды. Бұрын Сыздық ақ деп ойлап жүрсе, қазірде шикіл-сары сияқты. Бетінің қызылы бұрын жұқалаң ұнасымды, ақшыл қызыл сияқты еді, қазірде тұтасқан, қаны шыққан, ең ұнамсыз жалпақ қызылдай көрінеді. Денесі бұрын жіңішке, сұңғақ сияқтанса, қазірде жуан, жауырынды,

икемсіз, ешбір нәзіктік белгісі жоқ, сүйкімсіз сияқтанады. Сыздық өз көзіне сенбегендей болып: “Әлдекім болып шықты ма, немене?” – деп күдіктенгенде, көңіліне “таңдаған тазға жолығады” деген мақал айнымайтын шын ақиқат сияқтанып сап ете түсті.

Қыз екінші айналып қараған жоқ. Осы күйде көп уақыт отырған соң жататын мезгіл болып, жұрттың бәрі тысқа шықты.

Жәмиланы бұрын көрмеген Сыздықтың кейбір жолдастары көруге асығып, танысуға ынтық болған сияқтанып еді. Қазір де бәрі де қызды көріп тысқа шыққанда, Жәмила жайынан бірде-бір ауыз сөз айтқан жоқ. Бұл турада үндеген кісінің болмауы Сыздықтың көңіліне тағы да түсінікті сияқтанды<sup>43</sup>.

“Жолдастарым ұнатпады. Сондықтан үндемей тұр ғой”, – деп бұрынғысынан да жасып төменшіктей бастады. Көңіліне: “Адастым ба? Шынымен жар таңдағаным үшін тазға жолықтым ба? Неше жылдай қиял қылып жүріп, өмірлік жолдас деп аңсағаным қырдағы көп кедейдің қатынының біріндей қызықсыз бір қыз болып шықты ма?” – дегендей күдікті сауалдар келді. Бұл арада өз бойындағы ет пен терінің арасындағы “кедейшілдікке” де ызамен қарап алды. Бірақ бір сәтке осындай көңіл күйлерін бастан кешіргенмен, Сыздық оған да көп бой ұрған жоқ. Аз уақытта артынан бұның бәрін орынсыз көріп өзін-өзі жұбатады<sup>44</sup>:

– Мен әлі Жәмиламен сөйлескенім жоқ қой. Ақылын, мінезін білгенім жоқ қой. Тіпті түсін де дұрыстап көргенім жоқ қой. Мен түңілетін не болып қалды? – деп, өзінің күдікшілдігін ішінен сөгіп, көңілі азырақ тыныштанғандай болып, үйге кірді.

Үй оңаша еді. Оң жаққа ақ шымылдықты құрып, соның ішіне Сыздық пен Жәмилаға жеңгелері төсек салыпты. Сыздық жатқан соң, екі қатын Жәмиланы алып кіргізді де, шамды өшіріп, шығып кетті.

Үйден жұрттың бәрі кетіп, шам өшкен уақытта Сыздықтың көптен іздеген қараңғылығы мен тыныштығы үйдің ішіне орнағандай болды. Жалғыз тау ішінің қатты желі Мақыштың кішкене қорасының үстіне келіп екпіндеп соғып, құтырғандай қатулы дауыспен ысқырып, аласұрып тұр. Сыздық жатқан үйдің кішкене терезесіне гуілдеп үріп дамыл алмай ысқыра кеп, үскірік соғып тұрған дыбыс білініп тұрды.



Жәмила жұрттың бәрі кетіп, үй іші оңашаланса да, бір орнында қозғалмай, үндемей тұрды.

Сыздық бұның ендігі мінезін анық жаратпаған кісідей болып, ішінен: “Не қылсаң да еркін”, – деп, үндемей жата берді. Бірталайдан соң Жәмила шымылдықтың ішіне кіріп, тағы біраз тұрып, артынан көп уақыт әрлі-берлі қозғалып, киімдерін зорға дегенде шешіп болып, Сыздықтың қасына келді.

Сыздық бұл уақытта да қозғалған жоқ. Байқамаған кісі сияктанып, шалқасынан жата берді. Аздан соң Жәмила бұның жамылып жатқан көрпесін ашып қасына келіп жатты. Жәмиланың қазіргі қозғалысы да кексе қатындардың қозғалысындай. Ешбір нәзіктік жоқ. Икемсіз, сөлекет сияқтанды.

Сыздық бұл уақытқа шейін қазақтың күйеуге істейтін әдеттерін, ырымын сыртынан тегіс жақсы көріп, өзгеше жарастық, жылылық, сыпайылықтың белгісі бар деп қиялдап жүрсе, қазіргі сәтте түкке тұрмайтын құр ғана надандық, қараңғылықтың салдары деп сезінді. Ешбір сезім жоқ топастан туған бояу екен деп санай бастады. Сезімтал жігіт өз ойын бұл бетпен өрістете бастағанда, қалыңдық күйі жүдеңдей берді.

Күні бойы ұялған болып майысып, түзу жауап бере алмай қызырып, қысылып отырған қалыңдық енді қараңғы түн болды деп, дүниедегі еркек пен ұрғашының арасындағы ең жасырын, ең қиын іске өзі келіп отыр. Ендеше, тіпті қазақ әйеліндегі сыпайылық, әдептілік, майысқан мінезділік сырттан көрінетін ғана бір жансыз сурет<sup>45</sup>. Шынында, олар қысырақтың айғырына бола матастырған жас байталдай, илегенінің бәріне көніп, өз ықтиярымен ешнәрсені тілей алмай, істей алмай, жүн болып баратын намыссыз, жігерсіз, отсыз деп бір түңілді<sup>46</sup>. Сонымен қатар Сыздық қазіргі уақыттағы өз халін сол тілсіз мылқау ұрғашы малдың жанына матастырылған бір сыңарындай көрді... Ел салтынан жігіттің нәзік қылды жүрегін жиренткендей болды<sup>47</sup>.

Бірақ, бір тәуірі, бұл ойлар да көңілінде ұзақ тұрған жоқ. Аздан соң қасында жатқан қыздың жұмсақ еті денесіне тиіп, қызуы білініп, Жәмиланың толық жұмсақ санына бір-екі рет қолы тиген соң, Сыздықтың бойына ыстық қан тулап ойнап, жүгіре бастады. Осының алдында бірер мүйнет бұрын басына келген салқын ой енді аласұрып құтырған ыстық, соқыр сезімге жол беріп, жоғала бастады.

Сыздық көзін жұмып, қызулы құмарлық теңізіне барлық ой, барлық сезімімен батып кеткендей болды. Қалыңдығын қатты қысып құшақтап, жабысып сүйіп, қытықсыз араласып кетті...

Бірталай уақыт осы күйде жатып ыстық құмарлық сабасына түсіп салқындаған кезде күйеу мен қалыңдықтың ұзақ әңгімесі басталды.

Тағы да қыздың сөзінде бұл күткен ақылдылық өте сезімділіктің айрықша тұрған белгісі жоқ. Бұның сөздері ел ішіндегі көп әйелдердің әдеттегі сөздері, дағдылы жауабы сияқтанды. Қалыңдығын сағынған күйеудің алғашқы күні осылайша өтті.

Таңертең тұрғанда Сыздық қалыңдығының түсін анықтап көрді. Дәл түсі күздігүні көрген түстей болмаса да, кешегі кешкі көрген түске де ұқсамайды. Жәмила таңғаларлық сұлу да емес. Еркекті ертіп кеткендей сүйкімді де емес, бірақ мінеп сөгетін пішінсіз де емес. Орта пішінді қыз екен. Барлық жүзінде ең артық жері – алаңсыз тұңғиықтау келген ажарлы үлкен қара көздері еді. Сүйкімді көзі мен бетінің қызылы қырдың сынынша Жәмиланы “сұлу әйел” дегізгендей болса да, әйелдің әрқилысын көріп, көп талғап үйренген Сыздыққа Жәмиланың түсіне берген жұрттың бағасы артықша мырзалық сияқты көрінді.

Таңертең тысқа шыққанда қалыңдығы турасынан қандай ойға байланғанын күйеудің өзі де анық білген жоқ еді. Неше түсті көмескілеу сезімдер көңілінен елестеп өтсе де, өз бойынан анық білген нәрсесі – қалыңдығынан құмар болып сүйетін, ғашық болғандай болып елжірейтін түрдің жоқтығын байқады.

Оның ойынша, “ғашықтық” дегенді бұл турада ауызға алуға болмайды. Себебі – ол сезім көп уақыт ынтық болып жүргенде, қол жеткізбейтін бөгет көп болғанда, әйел жағынан бірде үмітті жылы жауап естісе, бірде тәкәббар, салқын жауап естіп жүрсе, сондай кездерде көп сынның артынан туады<sup>48</sup>.

Сыздық болса – көп бейнеттен соң барып қолына тиетін әйелдің ең үлкен қызығын әуелі көрген жерде-ақ, таныс болмай, бір-екі ауыз сөзді сөйлеспей-ақ көріп-біліп қойды. Сондықтан бұл арада бір орнықты, ұнасымды сезім жайында сөйлеу мүмкін емес деп білді.

Бірақ жолдастарына айтқаны: “Мінезсіз емес көрінеді. Ақылы да дұрыс, есті адам сияқты. Қазақ қызының ортасында қатын

болуға жарайтын адам деген сынымыз көп адасқан сын емес екен!” – деді.

Жолдастары бұл жайдан көп сөзге кіріп тартысқан жоқ: “Өзің ұнатсаң – болады. Қалыңдық күйеуге жақса, кісі онан артық не тілейді? Не болса да, қайырлы болсын!” – десті. Осы ретпен Сыздықтың қайнында тағы да төрт-бес күн жатып, жас жігіттер еліне қайтты. Қайнынан кетерде қалыңдық турасынан ойлаған Сыздықтың ойы жолдастарына ақырғы айтқан сөзі сияқты болды.

Сол күйде оқыған жігіттің көптен асығып жүрген шыдамсыздығы басылып, көңілінде өзіне бір тыныштық орнатқандай болып, еліне келді.

Сыздық бір барып қайтқан соң, арада бір-екі ай өтсе де, қалыңдығына енді тағы баруға асыққан жоқ. Жәмила жайынан бұрынғыдай көп сөйлеу, көруге асығу енді бұдан естілмейтін болды. Жолдастарымен қанша бірге болып ойнап-күліп, бір жерге түстеніп, бір жерге қонып қызықтасып жүрсе де, Жәмиланың аты ешбір уақытта аталмайтын болды. Жастар бұл туралы ішкі жайды үндемей жүріп түйіскендей еді<sup>49</sup>. Осындай күйде жүргенде Сүлеймен күздігүні өздері барған Жұмақанның елі жағына тағы да барып қайтып, Сыздықтарға бір жаңа хабар алып келді. Ол хабары: Сүлеймен Жұмақандікіне барып қонып, қызын көріпті. Күздігүнгі бұл жігіттердің көргені – Жұмақанның өз қызы емес, жанындағы малшысының қызы екен.

Жұмақанның қыз, келіндері жас жігіттердің қыз көргелі жүргенін алдын ала естіп, бұлар келгенде үстіне әдейі келмей, өздері қисынын тауып келсін деп, отырып қалған екен. Аяғында, қыз көретін жігіттер атқа мініп, кетуге айналғанын білген соң, малшысының қызын әдейі шығарып: тым болмаса, жігіттерді сен көріп қал, оларды біз де сынап отырайық деп жіберген екен.

Сүлеймен:

– Бұл қыз осы ортадағы барлық әйелден сұлу, келбетті, киімі өте сәнді, келісті қалыңдық екен, – деп өзі әңгімесіне қызып, ендігі сөздерінің ыңғайсыз екенін<sup>50</sup> байқамай – керегі не, күздігүні қара басып көре алмаппыз. Қазірде Шұбыртпалы Садықтың баласы айттырмақ болып сөз байлап қойыпты! – деді.

Бұл сөзді<sup>51</sup> Сыздықпен бірге естіген жігіттер әңгіменің бетімен тегіс өкінгендей болып әрқайсысы әртүрлі сөз айтып өздерін кінәлап, бармақтарын шайнады.

Сыздық іштей бұл жердегі кінәнің бәрін өз мойнына алса да, сыртына ешнәрсені шығармай, үндемей отырып қалды<sup>52</sup>.

Қыс өтіп, жазғытұрымғы кез болғанға шейін Сыздық қайнына тағы бір рет барып келді. Көңілде өзгеріп кеткен жаңа мінез, я орнай қойған түбірлі, орнықты жаңа сезім де байқалмады. Үйлену мәселесінде қате болса – жалғыз өз мойнында болғандықтан бірде-бір ауыз сөзбен сыр білдіруді лайықсыз көрді.

– Енді не болса да, сол Жәмиланы аламын, қатын қылып көремін! Кейінгі күні немен тынатынын көре жатармын! – деп тезірек алуға бекінді. Өйткені қайындап, қызықтап жүре берем деуге, өзге себептен бұрын, Мақыштың кедейлігі, ауылының ажарсыздығы, көрнексіздігі де жас жігіттің көңілін жалықтырғандай болды. Әсіресе сол ауылдың күйеуі болған болып, адамдарын өзіне жақын кісімісітіп, емексітіп жүргендігін де өз бойынан төмен істей санап бастады<sup>53</sup>.

Аяғында, жиі келуді тоқтатып жаз ортасында бір-ақ келіп, он шақты күндей ағайын-туысқандарымен қайнында жатып, қалыңдығын өз ауылына алып қайтты. Бұдан бұрын, жазғытұрымғы уақытта Сыздық қырда жүргенде 17-жылдың февраль өзгерісі болған хабарын естіп, қалаға барып қайтып еді. Бұл барған уақытта қаланың тұрмысы қайнап жатқан қызулы базардай екен. Қаланы басқан ылғи жуан болыс, даңқы шыққан қажы, ел ұстаған пәленше-түгенше дейтін ақсақалдар екен.

Сыздық жолдастарының ортасына келіп, болып жатқан оқиғалардан толық мағлұмат алды. Бұрын “өзгеріс” деген аты болмаса, одан басқа жайынан Сыздық өзінің ешбір нәрсені естімеген, білмегендігін, өзгеріс дегеннен хабарсыз екендігін байқады. Бірақ бұл күй жалғыз бұның басында емес, бірсыпыра қазақ оқығанының басында бірдей бар екен<sup>54</sup>.

Оқығандардың үлкен-кішісінің бірталайында төре болып, қазақтың қалың ішіне барып көріну және әртүрлі жұмыстарды сылтау қылып, жаздың қызықты кезінде елде болу мақсаты да бар еді. Бұлар өзгерістің сыртқы түрін толық түсініп, соның қалпына кірген кісілер сияктанса да, ішінде қолдарына тиген кісілікті қазақ ұғымына жанастырып, шын төрелікше<sup>55</sup> ұстамақ сияқты. Бұрынғы қиял қылып жүрген көрнектілік те естерінен шықпаған сияқты еді. “Ұлт бақыты, ел қызметі” деп сол күндерде жаттап ап,

ел жуандарымен бірге ауыздарынан тастамайтын сөздерін оңды-солды айта жүріп, осыны өз көңілдеріндегі жасырын тілекпен де жарастырып, келістірмекші болғандай түрі бар еді<sup>56</sup>. Ежелден төрешіл, бақшыл болып үйренген ел жуандары оқығандардың әлгіндей ауруын жарастықты істей көріп жүрді. Ал бұл дертке шалдыққан “оқыған” дегеннің көбі ылғи адвокат, тілмәш деген сияқты ескі шенді төрелер еді.

Жастан шыққан қызметкерлер бұлар арасында әзірше бірен-саран ғана болатын. Қазақ оқығандарының бұл жаңа тобы атар таңның жас жасағы боламыз деген ниетте көрінеді<sup>57</sup>.

Сыздық қалада болып жатқан істің бәріне көзі қанған соң, жолдастарымен сөйлесіп ұғысып, әзірше қызметке кірмейтін болып еліне қайтты. Мұның жолдастарына берген уәдесі: қатын алып, жаздай тұрып, күздігүні алаңсыз болып біржолата қалаға келу болды. Осы бетпен елге келіп, жаз ортасы тақаған мезгілде өз ауылына келіншегін алып келді.

Байсалбай ауылы отырған жайлауда жиыла қонған ел көп еді. Өзгерістің артынан былтырғы жыл солдатқа алынған жігіттер елге топ-тобымен қайтып келіп<sup>58</sup>, жиі-жиі той жасалып, ат шауып, дырдулы жаз болып жатыр еді. Сол қызулы кезең үстінде, бұл ортаның үміт қылып жүрген оқыған жігітінің үйі түсетін болған соң, көрші елдің бәрі де көңілді болып, тойын қызықтасты. Жаңа түскен жас келінді күндіз-түні ауылға жиылып жатқан қыз-келіншек, қатын-қалаш қамап, өз бетіне қызықтап жатты. Бірақ Сыздыққа бұл желіктің бәрі де көңілді әсер берген жоқ. Әсіресе қалыңдығы отырған үйге келгенде, Жәмиланың барлық отырыс-тұрысы әлі күнге төменшіктеп, бұғып ұялғаны бұған ыңғайсыз тиіп, көп отырмай шығып кетіп жүрді. Жәмила өзін сынап жүрген көп қатын, қыздың ішінде өзін ұстай білмей, не өте жасық, ұялшақ адам сияқтанып, не болмаса, жұрт көзіне сөлекет, айырықша үлгісіздік көрсеткендей болып, Сыздыққа өз мінезімен көңілсіздік түсіргендей болды.

Жәмиладан басқа көрші елдердің<sup>59</sup>, жақсы ағайындардың қыз-келіндері өзін еркімен ұстап, қалжың айтса да, бір іс істесе де жарастықпен, нәзіктікпен істегендей көрінеді. Жәмиланың үлгісі бұлардан көп төмен сияқтанды. Бұл әйелдердің бірен-саран

сұлу қыз, жақсы келіншектері Сыздықтың бұрыннан ойнап-күліп, қызықтас болып жүрген адамдары еді. Қазірде Сыздық солардың қалжыңына да жөндеп жауап таба алмай, сөйлесуге де ыңғайсызданып, көңілсіз тарта береді<sup>60</sup>.

Той күні және оның артында көп қатын-қалаштың жиылған күндері Сыздыққа ең бір ыңғайсыз ауыр күндер сияқты болып өтті. Осымен Сыздық келіншегінің жанында тұрып, жазды түгелімен елде өткізді.

Бұл уақыттарда Сыздықтың көзінде Жәмила бұрынғысындай жасық, төменшік, үлгісіз, сөлекет адам сияқты болып қала берді. Күйеуінің бұған берген бағасы осы тәрізді болғанын байқаған соң, Жәмила ешнәрсенің жөнін де оған шешіліп сөйлемейтін болды. Сыздықтың ылғи кінәлап сөйлейтін таусылмас сындарын үндемей тыңдайды да аяқсыз тастап жүре береді.

Сөйткен сайын Сыздық бұның күндегі отырыс-тұрысынан, барлық қыбыр еткен қозғалысынан қате тауып, өзінше қисынсыз, икемсіз істерді толассыз көре беретін болды. Осы қалыппен жаз өтті<sup>61</sup>. Шырмауықтың сабағындай созылып-айналып, күннен күнге дүниені сұрландырып, жүдетіп, күз жетті. Сол мезгілде Жәмиланың жерік бола бастағаны білініп, үй-іші, ауыл-ауданы қуаныш қылып жатты. Сыздық бұл оқиғаға қуанарын да, күйінерін де білмеді. Жас жігіт келіншегінің қасына қалыпты бай болып жатып-тұрып жүрсе де, тегінде келешек ұзақ өмір қай күйде өтеді, қандай өзгеріске ұшырайды, Жәмиламен тұрмысы қандай болады – оның ешбірін де анықтап ойлап, ашық бір байлауға келген кісі сияқты емес еді. Күндер өтіп жатыр<sup>62</sup>. Алдыңғы күн белгісіздің тұманымен қоршалған. Оны Сыздық білуге мүмкін емес. Сондықтан Сыздық бір үйдің иесі болса да, ойымен бірнәрсеге бекініп, бірқалыпқа тоқтаған жоқ. Қатын алмаған күніндей, өзін-өзі бос деп ұққандай болып, бұрынғы ойсыз<sup>63</sup> жүрісімен жүріп жатты. Осымен жолдастарына берген уәделі күні жеткен соң Жәмиланы ауылына тастап<sup>64</sup>, өзі қалаға жүріп кетті. Қалаға келіп жайланып тұрып, жолдастарының арасына бұрынғыдай кіріп араласқан соң, Сыздық жаратылысындағы зиректігі сөзшеңдігінің арқасында сол жастардың арасындағы көрнекті жігіт бола бастады.

Аздан сон Сыздық та көппен бірге өзінің өміріне қанағаттанып, істеп жүрген ісіне ырза болған кісі сияқтанды. Бұл кезде қырдағы тұрмыс, қырдағы жаңада алған жас келіншегі Сыздықтың

көңілінен ұмытылғандай еді<sup>65</sup>. Қыр жайынан сөз болғанда, елде көрген көрікті суреттерді жақсы әңгіме қылып айтып жүрсе де, дәл өзінің үй ішіндегі тұрмысы жайынан, алған келіншегі мен алдыңғы өмірінің не болатыны жайынан ешбір нәрсе ойламаған сияқты еді. Оны ойлаудың орнына<sup>66</sup>, қаладағы қазақтың я татардың оқыған қыздарымен, жас келіншектерімен желікті жүріс жасап, жиі ішкілікке, жастардың күндегі ойын-жиынына араласып жүрді...<sup>67</sup>

Осымен қазіргі күндер қызылды-жасылды қызықты уақыттай болып байқаусыз өтіп жатты. Жазғытұрымғы уақытта Сыздық елден хабар алып, Жәмила еркек бала тауыпты дегенді естігенде салқын түспен тыңдап: “Осылай болып па еді?” – деді де жүре берді<sup>68</sup>. Естіген хабарымен жалғас көңіліне ешбір бөтен ой келген жоқ. Бұл хабардың келген уақыты Сыздықтың бірқалыпты жүрегіне ыстық оттай болып бір күшті сезімнің жаңада кірген кезі еді. Мұндай сезім қазіргідей күшімен бұрынғы уақытта Сыздықтың көңіліне келмеген де сияқты еді<sup>69</sup>. ...Қазірде бұл өзін күн сайын сынап жүрген сияқтанады. Күнде жүрегін жаншып, тыныштығын алған күшті сезім толқынына бойын жиып алмақ болады. Бірақ барлық ерік-қуатынан айрылғандай. Күйрек жүрек қос қанаты майырылып құлағандай жас жігіттің ендігі тыныштығын алып, жүрегіне жаңа дерт орнатуға кінәлі болған адам бір орыс әйелі – Лосовская деген еді. Екатерина Павловна Лосовская оқымысты, тәрбиелі адам еді<sup>70</sup>. Осыдан 7–8 ай бұрын Екатерина жас күйеуі өлген соң, өз еңбегімен тамағын асырамақ болып, бір мекемеге қызметке түскен.

Бұл әйел жазық ақ маңдайлы, үлкен қаракөк сұлу көзді, түзу мұрынды, бетінде қызылы бар<sup>71</sup>, айрықша сүйкімді кісі еді. Қою ұзын қара шашын әрқашан бұйралап, желке жағына түйіп жүретін. Лосовскаяның Сыздықтың айтуынша, адамның көзін тартып ықыласын аударатын жері – дөңгелек толықшалау денесі еді. Үлпілдеген жұмсақ етті сұлу денесі жеңіл басып<sup>72</sup>, жылдам жүрген кезінде Сыздықтың көнілінше, маңайында бақыт, махаббат желін естіріп кеткендей болушы еді. Сыздық бұл әйелмен бір жолдасы бастық болып отырған мекемеде таныс болып, алғашқы көрген жерде құмарлықпен ұнатып еді. Екі-үш айдай кейде сылтау тауып, кейде сылтаусыз-ақ сол мекемеге келіп, ұнатқан әйелімен қалжыңдасып, әңгімелесіп кетуші еді. Соңғы кездерде Сыздықтың сұлу түсі, әдепті мінездері, сезімшіл,

шыншыл тілі Екатеринаға да ұнағандай болды. Сыздық мекемеге келген сайын бұның бетіне дуылдап қан жүгіріп, болымсыз нәрседен қысылғандай болып, бірқалыпты нәзік күлкімен қарсы алатын еді.

Ақырында, бұл өзінің оңаша тұратын үйіне Сыздықты шақырған соң, жас жігіт үйіне әлденеше рет барып, он бес-жиырма күндей соңына түсіп салынып кетіп жүрді. Бірге театрға барып, жаз шыққан соң, жарық айлы түндерде қолтықтасып сейіл құрып жүріп, ұзақ уақыттар әңгімелесуші еді. Сөйтсе де қалаған тілекке<sup>73</sup> жеткенше, Сыздыққа бұл уақыттардың бәрі де үміт пен күдіктің кезек жеңісіп, алысып жүрген күні болғандықтан, шыдам жетпейтін ең ыстық, ең ауыр күндері болды. Жалғыз-ақ әр күні түнде айрылар уақытта әйел мен жігіттің екеуі де бірін-бірі кимағандай боп ұзақ уақыт қарасып тұрып қалатыны, сөйлесіп ашылмағаны болмаса, екеуінде де бір туысқан сезімнің барлығын білдіргендей еді. Ақырында бір күні апрельдің аяқ кезінде жарық айлы, тыныштығы мол түнде екі жас Екатерина үйінің тұсындағы өзен жағасына таман келе жатты. Екеуінің үстінде де жаңа киген жазғытұрымның жеңіл киімдері бар. Қолтықтасып, біріне-бірі ығысып, жақындасып, иықтары ақырын сүйенісіп, аяқтарын жайлап<sup>74</sup>, ілбіп басып, шалажансар дауыспен күбірлесіп, сөйлесіп келе жатыр еді. Аздан соң өзеннің жағасына жетті. Бұлар келген жерде өзен жағасы биік жартас болып біткен еді. Мезгілсіз кеш уақытта келген жастар жартастың үстінде тоқтап тұрып, алдарына қарады.

Жаңада тасыған үлкен өзен әлі күнге айықпаған ашумен ешбір дыбыссыз бүктетіліп, қоңырқай тартып, сұрланып қатты ағып жатыр. Төбеге келіп тұрған толған айдың суға түскен сәулесі кейде айнаға түскен жарықтай созылып жарқырап тұрып, кейде өзен толқынымен шұбартып дірілдеп кетеді. Күліп тұрған жас сұлудың бетіндей болып жайнап төгіліп, су бетіне жайылып кетеді.

Қаланың дағдылы шуы басылғандай. Өзеннің бір жақ жиегінде қоңырлау түспен құлазыған далада әр жерде жарқырап, жылтылдап жанып жүргіншілердің оты көрінеді.

Маужыраған ұйқылы түн, желсіз тынық болса да, үлкен өзеннің дымқыл салқын лебі жартастың басында білініп, жастардың денесін жайлы тынысымен тоназытып тұр.



Сыздық күйімен қарағанда: түн – ұйқы, тыныштық, меңіреулік түні емес; ыстық сезім, нәзік қиял түні еді.

Жігіт жүрегі табиғаттан көмескі қуат алды. Бұл іштегі толқыннан сұрланған; ақ түсімен айға қарсы тұрып, алдындағы сүйгеніне бұрын айтып бітірмеген сөзінің аяғын:<sup>75</sup>

– ...Тілегіме ықыласыңызды аударасыз ба? Мен қайғылымын, дертімді ұғасыз ба? – деп бітірді. Әйел басын ақырын ғана жоғары көтеріп, бұның көзіне қарап тұрып:

– Неліктен дерттісіз, қайғыңыз не? Мен бастан-аяқ ұққаным жоқ! – деді.

Сыздық қасына жақындап келіп, қолынан ұстап:

– Сіз мені ұққыңыз келмейді. Түзу жауаптан қашасыз! – деді.

– Түзу жауаптан қашу әзірше менің ойымда жоқ. Бірақ менің жауабым сіздің сауалыңыз сияқты бытыраңқы екені рас. Оған кінәлі мен емеспін... Сіз сөзіңізді ашық айтпайсыз! – деп азырақ кінәлаған түспен жігітке қарады.

Бұл сөзге келген кезде Сыздық бір ниетке бекінген кісінің түсімен:

– Ойлай болса: мен сізге ғашықпын, сізді алғашқы көргеннен бері жүрегімді жеген дерт осы. Менің шын махаббатымның тілегіне табыласыз ба, мен сүйгендей сіз мені сүйесіз бе? – деді.

Әйел аз үндемей жігіттің пішініне қарап тұрып-тұрып:

– Мен сіздің ақылыңызды, мінезіңізді жаратамын, құрметтеймін. Жүрегімде сізге деген бір сезім бар сықылды. Бірақ оның аты не екенін білмеймін... Өз жүрегімді бұл турада әлі сынап, тексеріп болғаным жоқ! – деді.

– Мені көптен білесіз, сүйетінімді де көптен сезгенсіз, сондықтан әлі күнге өзіңізді білмеймін дегенге сенбеймін. Сіз онда мені сүймеймін деген сөзіңізді неге айтпайсыз? – деді...<sup>76</sup>

– Сіз мені неге ондай сөзбен қинайсыз? Өзіңіз ұқсаңыз болмай ма?..

– Мен қиналмай тұрмын ба? Менің халіме ем болатын ашық бір сөзіңізді неге айтпайсыз? – деп аз тұрып, қасына келіп, иығына иығын тақап тұрып, бетіне таман иіліп:

– Сүйгенім, айтыңызшы байлаулы сөзіңізді! Мен дерттімін, қинамаңызшы! – деді.

Екатерина бұл сөздің кезінде Сыздықтың көзіне өзінің сұлу көзінің оты өшкендей болып тұнжырап, үлкен мағыналы жұмсақ түспен қарап тұрып:

– Менің көңілімде өзіме ұғымсыз бір сезім бар. Сол әлде сіздің тілегіңіз шығар, – деп ақырын дауыспен: ғашықтық әлде сол шығар! – деді. Бұл сөзге келгенде, Сыздық ғашығын асығып тез құшақтап, сабырмен тосып тұрған аузынан ұзақ сүйіп тұрып қалды.

Екеуі бұдан соң барлық сөзден тыйылып, барлық дүниені ұмытып, өткен уақытты сезбегендей болып, қайта-қайта біріне-бірі қысылып, жабысып ұзақ-ұзақ үндемей сүйісіп тұрды.

Нәзік бітімді сұлу әйелдің нешетүрлі жарастықты сәнмен бұралып, құшағына кіріп, елбіреп келіп сүйгені, мойнына құшағын артып нәзіктенген қозғалысы Сыздықтың көңілінен дүниедегі барлық әйелді ұмыттырғандай болды. Барлық сүйюлердің ішіндегі бұның іздеген шипасы осы екен. Осы түрдегі толқын екен. Ол өзін-өзі жаңа ғана тапты.

Аяғында, бір сағаттай уақытты үндемей сүйісумен өткізген соң, аяндап үй жаққа қарай жүрісті. Үйге қарай жүргенде ғашығын құшақтап келе жатып, Сыздық:

– Неге үндемейсіз? Біз сөзден неге тыйылдық? – деді. Әйел жас жігіттің еркіне көніп, әлсіреген дауыспен:

– Адам өмірінде барлық шешен, сұлу сөзден өзінің мағынасымен артып кетіп үндетпейтін көрікті мүйнеттер болмай ма? Бізді билеген сол мүйнет шығар! – деді.

Бұл кешпен бірге Сыздықтың жаңа бақыт күні туғандай болып, соның еркіне барлық уақытын, барлық үміт-мақсатын беріп, түнді-түнге қосып жүріп жатты.

# Ауқармапар





## ЖЕРДІҢ ЖАРАТЫЛЫСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕР

### ТАУЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ

Бір жылы Солтүстік Кавказдағы бір немістің отарына таман кешке жақын жақындап келе жаттым. Жеккен аттарымыз болдырып қалып еді. Арт жағымыз талай шақырым жерге созылып жатқан дала еді. Біздің арбамыз жүріп келе жатқан почтаның шаңды жолы ен далада ұзын сұр жыландай болып айырылып жатты. Жол біздің артымызда әлдеқайдағы алысқа созылып, көкжиекке жеткендей еді. Алдымызда отардың кішкене үйлерінің көз-көз болған қызыл шатырлары көріне бастады. Оның ар жағында иректеліп созылған асқар таулар көрініп тұрды. Бірінен бірінің басы асып қарлы биіктер ақ бұлттар көк жібектің үстіне асылып тұрған сияктанды. Мен алыста тұрған көк тауларға қарағанда, жарқыраған сиқырлы биіктері өзіне көңілімді тартқандай болды.

Менің оң жағымда күн төмендеп, қып-қызыл дөңгелек болып, жазық далаға батып бара жатты. Арба мен аттан түскен ұзын көлеңке бізбен бірге жүгіріп отырды. Көлеңке ұзарып, кештің қоңырқай түсіне араласып, бір-бірлеп жоғалып жатты.

Аздан соң күннің көрініп тұрған жалғыз шеті де жоғалып, қалың таулардың қарлы басы алтынды қызғылт түспен бояла бастады. Жалпақ дала кеш қараңғылығының күңгірт құшағына кірген уақтында, күннің ақырғы шұғыласы таудың ағарған басында көрікті түспен ойнап, бәсеңдеп ұшып бара жатыр еді.

Отарға жақындап келгенде менің көңіліме көрікті суреті мол тау мен артта қалған мұңлы ұзақ даланың арасындағы үлкен айырмасы байқалғандай болды.

Ертеңінде жатқан үйімнің терезесінен асқар таудың ұлы шынжырын тағы көрдім. Бірақ бұл кеше кештегі көрген тау сияқты емес. Қазірде таудың жотасы жарық күннің сәулесімен жарқырап,

көкшіл-сұрғылт аспанда айқын көрініп тұрды. Таудың ақ жотасынан төмен сұрланып жартасты таулар көрінді. Одан төмен қалың тоғай басқан қарауытқан беті көрінді. Әрине, таудың өзі өзгерген жоқ еді. Өзгерген оған түсіп тұрған жарық пен содан көрінген суреттер ғана еді. Суреті кешегіден қазірде тіпті басқа сияктанып тұрды. Таулар да өз суретін теңізше өзгертеді. Бұл өзгеру оның көркін, түсін көбейтеді. Бірақ бұдан басқа жай өзгерсе де таудың өзі өзгеретіні де бар. Табиғатта өзгермей қалатын ешнәрсе жоқ.

Тауды өзгертуге алдымен еңбек қылатын оның бетінде ағып жатқан сулар. Су оны езеді. Бетіндегі құм, топырақты ағызады. Сол ағызған нәрселерімен таудың ішіндегі алаптарды толтырады. Сумен бірге тауды өзгертетін – ауа. Бұл есте су мен ауаның ынтымағы күшті. Біріне бірі үлкен көмектес. Ауа судың жалықпайтын серігі, жәрдемшісі.

Судың әлі жетпейтін Жерде ол ылғи өз көмегін дайын қылып тұрады. Мәселен, су жолында кездескен үлкен тас болса, оған судың әлі келмеген уақытта дымқыл ауа ол тасты жұмсатады. Тас жарылады. Оның жарығына содан кейін барып су кіреді. Суықта сол су қатады да әлгі жарықты ұлғайтады. Бөтелке толған суды аузын мықтап бекітіп, суыққа шығарсақ, су қатуға айналғанда бөтелкені сындырады. Сол сияқты су қатуға айналғанда су қатты тасты да сындырады. Осылайша таудағы қиыңып жартас су мен ауаның күшінен жеңіле бастайды.

Жартас бір заманда қаншалық майыспайтын мықты сияктанып тұрса да, уақыты келгенде құлап талқан болып, орнында үйілген ұсақ тас кен қалады<sup>1</sup>. Бір заманда ол ұсақ тасы да жоғалады. Ол ұсатылып-ұсатылып барып қиыршық болады. Оны су қағып ағызып әкетеді.

Рас, бұл өзгеріс өте жай болады. Бірақ су мен ауа тынықпайды. Олар өз ісін демалыссыз, мезгілсіз істейді. Тауды күйретеді. Жер жүзін тегістейді. Егерде олардың қызметіне басқа бөгет болмаса, барлық құрғақты бара-бара дастарқанның үстіндегі тегіс қылып шығар еді.

## ШАШЫРАНДЫ ТАСТАР

Сумен таудың бәрі оңай бөліне бермейді. Таста: жар, қабат, тесік көп болса, жаңбыр суы кіретін жол болса, тас ауаның әсерінен тез өзгеретін болса – тау сол уақытта оңай бұзылады.

Ондай таулардың беттері толған я ұсақ, я кесек тастар болады. Бұл тастар сумен жұмырланбаған, үштері үшкір болады. Ондай жерді шашыранды тастар, я қорым дейді.

Мен сондай шашыранды тастарды көп көрдім. Тау басына шыққанда солардың үстімен де шыққан жерлерім болды. Кей жерде бұл тастар өте ұсақ қиыршық тас болып, ілгері басқан аяқты кейін тайғызып, сырғанатып отырады. Егер таудың беті тік болса, бір жерден домалаған тас басқа тастарды ертіп, секіріп, қарғып, жайдақ жерге жеткенше домалайды. Кей уақытта шашыранды тастар үлкен де болады. Ондайлардың сұлу болып кездесетіні де бар. Бізде, Қырымның оңтүстік жағында сондай тастар көп. Ішіндегі ең сұлуы “хаус” – шашыранды тас. Бұл теңіз жақ күнгейде Аюдақ тауының жанында<sup>2</sup>.

Қырым тауларының биіктері теңізге тіп-тік биік жартас болып, асылып тұрады. Оңтүстік жағадағы жолмен келе жатқанда күн жарығымен шағылысып тұрған, кейде қызыл, кейде сұр түсті тас қабырғалардың көркіне көз қуанғандай болады. Бір жақта биік аспанға созылып кеткен сұлу жартас, екінші жақта теңізге қарай созылған егіс. Бұның бәрі толған бау, бақша, жемістер. Осы жерлерге су құлатқан тастар домалап анда-санда келіп жатады. Кей уақытта бұл тастардан тас өзен құралғандай болып, жартастан теңізге шейін созылып жатады. Кейбір үлкен тастар теңіздің ішіне де түсіп, түбіне кетіп жатады.

Осы күнгі Петроградта көшеге жайған тастардың бәрі де бұрынғы “Фин” тауларының бөлімдері еді<sup>3</sup>. Табиғаттың өзі жартастарды сындырып, ұсатып, солардан көшеге жаятын жұмыр тастарды жасап шығарды. Фин жартастары әншейін тастан, яки (тау жынысы) граниттен құралған болатын. Петроградтағы Айса шіркеуінің басқыштары<sup>4</sup>, биік дуалдары сол граниттен жасалған. Нева өзенінің жағасына қалаған тастар, бұрынғы крепост (қорғандар) және байтақтың көп үйлерінің іргелері де сол граниттен жасалған. Сол керектерге жаратқан тастар мықты болса керек еді, шынында, ондағы қызыл гранит мықты тас. Бірақ сол да ауаның әсерінен аз-аздап өзгереді.

Бұдан басқа граниттің өзге түрлері де бар. Олар ауаның әсерінен тез өзгереді. Граниттің сондай бір тұқымын финдер “Раффакиби” дейді, біздіңше шірік тас деген сөз. Олар үй

салудың керегіне жарамайды. Себебі ауаның салдарынан тез өзгеріп, жұмсарып, ұсатылып кетеді.

Әрине, сырт жағй жел қақты болған тасты жұрттың бәрі де көрген шығар. Сол тастардың сыртында жұмсақ қабыршақ болады. Бір нәрсені тигізсе тез үгіледі. Тастың қатты, мықты заты сол қабыршақтың астында болады.

### **ТАУ ЖЫНЫСЫ МИНЕРАЛДАН ЖАСАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ. СУ МЕН АУАНЫҢ БІР ТАУ ЖЫНЫСЫНАН ЕКІНШІ ТАУ ЖЫНЫСЫН ЖАСАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ**

Жұмыр тастың бірін алып, сындырып, ішіне қарайық. Алдымен көрінетін нәрсе: қолымыздағы үлкен тас кішкене ұсақ тастардан, ұсақ ұрықтардан құралғаны білінеді. Ол ұсақ ұрықтың да бәрі бірдей емес. Сіздің қолыңызға қызыл гранит түскен болса, соның ішіндегі қызыл қиыршықтармен аралас жүрген жылтырауық сұрғылт тас та, өте ұсақ жарқыраған кара тастың да қиыршығы, ұрығы көрінеді, сол әрбір ұрықтың бәрі де өз бетінде жеке минерал. Қолындағы үлкен тас яки тау жынысы сондайлық бір жерге құралған әртүрлі минералдан жасалған.

Граниттің ішіндегі қызыл минерал, сахара шпаты, жылтырауық сұрғылт ұрық, хрустигі, ал ұсақ кара ұрық слюданікі болып шығады<sup>5</sup>. Сахара шпаты граниттің түсі де соның түсіне қарай болады. Егер ол қызыл болса, гранит те қызыл, ол ақ болса, гранит сұрғылт болады. Осы сияқты сахара шпаты басқа көп тау жынысының да ішінде болады. Тау жынысы бұзылғанда алдымен сол сахара шпаты бұзылып өзгереді. Одан өзіне ұқсамайтын екі түрлі зат шығады. Біреуі – су ішінде тұз секілді болып іріп кететін зат, екіншісі суда ерімейді. Бірақ ұсақталып, үгіліп кетеді. Судың екпінді ағыны болса, бірге ағып кетеді. Жер үстіндегі су да, аспаннан жауатын жаңбыр да соны жуып-шаудың әрекетінде болады.

“Тамшы тас теседі” деген мақалды естіген шығарсыздар. Бір тамшының артынан бір тамшы биік жерден дамылсыз бір жерге тамып тұрса, астында қандай қатты тас болса да ояды. Терең шұңқыр жасайды. Рас, тасты тесу, ою үшін ондай тамшының көп тамуына керек. Жеке бір тамшының қызметінің бізге білінбейтіні рас, ондай ойылған тастарды кейде ескі үйлердің шатырларының астынан көруге де болады. Оларға талай жылдар тамшы тамған болады. Сол тамшылар граниттің ішінен барлық сахара шпа-



тын жуып, айдап шыққан болады. Бірақ егерде сахара шпаты жоғалған болса, барлық тау жынысы да, гранит та бөлінеді, слюда, хрустик бөлімдері тау жынысында тоқтамайды. Соның артынан тау жынысы да бітеді.

Бұл өзгеріс өте жай болады. Көпке созылады. Байқалмайды. Аз-аздап сахара шпаты жоғалады. Біртіндеп кварц, слюданың ұрықтары жоғалады<sup>6</sup>. Бірақ табиғат уақытты білмейді. Граниттен жасалған бір жартастың бүлініп күйреуіне бұрын мың ғасырлар өтер, бірақ өйткенмен сол жартас бүлінеді. Су сахара шпатын әкеткендей слюданың қиыршықтарын да әкетеді. Кварцтың ұрықтарын да әкетеді. Жаңбырдың тамшыларынан бұлақтар, өзендер құралады. Сол өзендер граниттен жаңбыр тамшысы айырған бұйымдарды алып кетпек.

Және сол тастан жасалған лайды өзен суы қайда апарады? Мұны білу үшін қатты жаңбырдың артынан су шайып кеткен жылғаны қараңыз. Оның түбін ұсақ таза құм басқанын көресіз. Сонын бетін шұқысаңыз астынан кесегірегін табасыз. Су жылғадан аққанда құмның ұсағын да, кесегін де бірге ағызған. Жаңбыр саябырлағанда су ақырын ағады. Сол уақытта кесек құмдар отырып қалады. Жаңбыр біржола тоқтағанда ұсақ құмдар отырады.

Бұлақ кішкене өзеннен қаттырақ ағады. Кішкене өзен ірі өзеннен қаттырақ ағады. Кішкене өзендерден үлкендері құралады. Су жай аққан сайын ұсақ лай түбіне отырады. Сондықтан ағыны қатты өзеннің түбінде ірі құм болады да, ағыны жай суда ұсақ құм болады. Сонымен өзен суының басқа жерден ағызып шыққан нәрселері түбіне отырады. Сол өзен ағызып келген құм топырақтарды іркінді құм деп атайды.

Жазғытұрым, болмаса күзді күні қар тез ерігенде яки жаңбыр жиі жауғанда әрбір өзенге көп бұлақтар келіп құяды. Олар маңайдағы дала мен тоғайдан жуып ағызып кетуге болған нәрсенің бәрін алып кетеді. Өзен сол нәрселерден лайланады.

Бірақ белгілі уақыт өткен соң өзен суы қайтадан тынық болады. Барлық лайды өзен аяғына таман ағызып барып, іркінді қылып тастап кетеді.

Өзгеден бұрын өзен кварцтің кесектерін тастайды. Жай құм сол кварцтің қиыршықтарынан құралады. Әрбір қиыршық бұрын тау жынысының бірінің ішінде болса, артынан ол тау жынысы үгіліп ағып кеткен соң, қиыршық содан түсіп, сумен ағып кеткен.

Қиыршықтанған соң, су слюданың бөлімін тастайды. Бұның бәрінен алысқа әкететін сахара шпатынан жасалған лай болады. Ол лай кәдімгі өзімізге белгілі топырақ. Ол өте ұсақ, өте жеңіл болғандықтан нағыз тынық, ағынсыз суда ғана жерге отырады. Ондай жерлер теңізде, көлдерде ғана болады.

Сонымен бүлініп қираған граниттен жаңадан үш түрлі тау жынысы шығады: кварц, слюда және топырақ. Ауа гранитті жеке-жеке минералға бөлді. Ал су осылардан тау жынысының екінші ұсақ бір түрін жасап шығарды.

### **ЖЕР ІШІНДЕГІ ҚЫЗУ ЖӘНЕ ЫСТЫҚ СУЛЫ КӨЗДЕР ЖАЙЫНАН**

Дүние жүзінің бәрінде де ескі тау жынысы бұзылып, солардан жаңа жыныстар жасалып отырады. Ауа мен су барлық жерде өз қожалығын жүргізіп, бұрынғы ағызып келген құм мен топырақтың қарасын молайтып үлкейте береді.

Су жер үстін тегістемекші болады. Бар тауды жуып, шайып кетуге шамасы келмейді. Қайта кейде судың өзі әкелген іркінді құмынан жер тағы да тау жасайды. Бір жерде су тауды ерітіп, шайып, бұзып жатса, екінші жерде жаңа тау жасалып жатады. Бірақ ескі таулар да су әрекетінен біржолата талқандалып қалмайды: кейбір таулардың көтерілетіні болады. Сонда бұрынғы жел мен ауа бұзған тау жынысының орнына екінші тау жынысы шығады.

Осымен жер суменен ылғи алысуда болады.

Бұл алысу жер ішіндегі тауды көтеретін, жаңа тау жынысын жасайтын күшті қуат жоғалып біткенше тоқтамайды.

Жер ішіндегі сол қуат немене?

Ол қуат жердің ішіндегі ыстығы. Жердің үсті суып, қызып жылынса, күн қызуымен ғана жылынады. Бірақ жердің іші бұндай емес. Ішінде адам баласы көріп білмеген үлкен қызу бар.

Сондықтан жердің ішіне тереңдеп барған су қызады. Қызуы өте көбейгенде су қайнайды. Аяғында бу болады. Осындай сулардан жерден атқып шығып жататын ыстық көзді бұлақтар жасалады. Егер сол көздердің суы ылғи шықпай, анда-санда

мезгілімен шығып тұратын су болса, ондайды “Арасан” дейді. Арасанның сулары жердің ішінде қайнаған болады.

Егер бөтелкені суық суға толтырып қайнатсаңыз, аздан соң су көбейген сияктанып асып төгіле бастайды. Бұдан ыстық судың суық судан көп орын алатыны білінеді, су ысытса, ауданы үлкейіп кеңейеді дейді. Міне, осы себептен жерге сіңген су да ыстықтан қайнаған соң кеңейіп, таси бастайды. Қызу болса, судан да тез кеңейетін бұйым бар. Ол – бу мен газ. Бірақ жер ішінде бұның бәріне сыя беретін орын жоқ. Су әуелде жер ішіне жарық-жарықпен келсе, қазірде ол жолмен қайта шыға алмайды. Себебі онда су бар. Басқа шығатын жол тағы жоқ. Содан кейін жылыған бу яки қатты қайнаған су жерді түртіп қатты итере бастайды. Су мен будың қайнауы күшті болған сайын итеретін күші де мықты болады. Ақырында сондаймен жиылған күш әбден ұлғайып жеткенде ешнәрсе қарсы тұра алмайтын болады. Жерді жарып, үстіндегі, жарықтардағы барлық суларды ытқытып айдап шығады. Су жер үстінде фонтаннан шыққандай болып шапшып тұрады. Арасан суының шығысы осындай болады.

#### **ЕРІГЕН ТАУ ЖЫНЫСЫНЫҢ ҚҰСУЫ ЖӘНЕ ВУЛКАНДАР ХАҚЫНДА**

Егер суды аузы тығындаулы бөтелкеде қайнатсаңыз, аздан соң судан шыққан бу бөтелкені сындырып кетеді. Ешбір ыдыс будың қуатына шыдай алмайды. Ыдыс қаншалық мықты болып қалың болса, будың да қайнаған сайын қосылатын күші мол болады. Аяғында бу әбден күшейіп келіп, сол ыдысты да сындырады. Жарылған даусы да қатты болады. Сондай жарылу судың буы шығатын жол таба алмағанда жерде де болады.

Жарылудың алдында жер астынан күн күркірегендей болып дүңкілдеген дыбыс естіледі. Кейде жер дірілдейді. Жер астындағы дүңкіл қатайып, жиілене бастайды. Ақырында бу өзіне жол табады. Жер үсті жарылып, судан қайнаған бу ысқырып атқып шығады. Бұл бу жолында кездескен нәрсенің бәрін де алып кетеді. Егер жердің жарығы берік болса, бу жер ішіндегі еріп балқыған тау жынысын да ала шығады. Тау жынысының жер ішінде түрі қандай екені бізге мәлім емес. Бірақ жер үстіне бұлар тас сияктанып шықпайды, еріп балқыған, сұйық от болып шығады. Оны лава дейді<sup>7</sup>.

Әрбір қатты нәрсе орташа қызуға ерімейтін болса, қатты күйдірумен ерітуге болады, сұйық су сияқты қылуға болады. Ал сұйық бұйымның бәрін де бу қылуға болады.

Бір түйір темірді қыздырса әуелі қызарады. Содан қызуды күшейткен сайын ағара бастайды. Жанғандай болып жарқырайды. Қызу тіпті күшейгенде көз қарай алмайтындай аппақ болады. Соның артынан темір ериді. Жарқыраған салмақты бір сұйық бұйым болады. Қызуды соның үстіне тағы күшейтіп тоқтатпай ұстай берсек, сұйық бұйым қайнайды. Одан темір буы деген бу шығады.

Темірді еріткендей тасты да ерітуге болады. Жер ішінде барлық заттар сол еріген күйде болуға мүмкін. Себебі жер ішінің қызуы тау жынысының қайсысын болса да ерітуге жарайды. Және сол тау жыныстары жер ішінен бу айдап шықса, жер үстінде олар от өзен болып ағады.

Сонымен су шайған тау жынысының орнына жер ішінен екіншісі шығады. Осы күнгі тауларды жасап тұрған жыныстардың бірталайы бұрынғы кездерде әлгідей болып жер астынан шыққан.

Олар жердің құсығы сияктанып шыққан, сондықтан құсық жынысы деп аталынады.

Жер астынан шығып келе жатқан бу кейде құсық жынысының түйірлерін аспанға ытқытады. Түнде жарқырап аспанға ұшып бара жатқан, толып жатқан тастар өте сұлу көрінеді. Аспанға созылған будың өзі де от дінгек сияктанып тұрады. Анығында бу жарқырамайды, оған түсіп тұратын сұйық лаваның жарығы болады. Күндіз ол дінгек қара сұр түсті болады. Себебі бумен бірге көп қара құм, күл ытқып шығады. Сол ұсақ қиыршықтың бәрі де қатып қалған лаудың кішкене тамшылары болады<sup>8</sup>. Ұсақ қиыршықтары жиылып аспанда бұлт жасайды. Кесектері қайтадан жерге түседі. Бұлар жерге жаңбыр суындай болып түсіп, аздан соң құсық шыққан жердің айналасында әлгі құмнан, басқа тастардан үйілген төбе жасалып қалады.

Сол төбелер өсе-өсе бір заманда үлкен тау болады, ондай таулар жанартау яки вулкан деп аталады. Басындағы бу шығатын шұңқыр тесігін вулканның кратері дейді. Кратер біздіңше кесе деген сөз.

## ЕСКІ РИМ ПАТШАЛАРЫНЫҢ ГЕРКУРАНУМ, ПОМПЕЙ ДЕГЕН ЕКІ ҚАЛАСЫ ЖОҒАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Вулкан жер үстінде көп, бірақ соның көпшілігі баяғы заманда өзінен бу, лава шығаратынынан тоқталған. Осы күнде олардың түсінігіне қарап бір заманда бу шығатын жол болғандығын білуге болады. Мұндай вулкандардың бірталайын су шайып, жер жүзінен жоғалтып жібергені де бар. Олардан қалған бұрынғы лавадан шыққан, қатып қалған тас өзендер әлі бар. Біз сондай вулкандарды сөнген вулкан дейміз, бірақ олар шын сөнді ме, жоқ уақытша демалыс қылып жатыр ма? Оны білу қиын. Олардың ұйқысы қаншалық ұзақ болса, оянуы сондайлық қорқынышты болады. Мен өзім көрген бір вулкан жайынан әңгіме айтайын: Италияның Неаполь деген қаласынан жиырма шақырым жерде тұратын Везувий деген қара тау бар<sup>9</sup>. Бұл вулкан. Оның бас жағында ылғи бір кішкене ақ бұлт үйіріліп жүреді. Ал түндерде Неапольдан әлі күнге шейін сөнбеген лаваның жарығы көрініп тұрады. Олар таудың жарығы. Олар таудың бетіне жайып тастаған қызыл көмір сияқтанып жатады.

Сол таудың дәл түбінде Италияның Резина деген қыстағы бар. Қыстақтың кейбір жерлері қатып қалған лаваның үстіне салынған. Баяғы ескі заманда дәл осы орында Римнің Геркуранум деген бір бай қаласы болған екен. Ол кезде Везувий қалың ұйқыда болған. Қаланың халқы басына келетін бақытсыздық күнін сезген жоқ еді. Олар қаланың жанында тұрған тауды вулкан деп те ойламаған. Ойлағаны болса сөнген вулкан деп ойлайды. Вулканның беттері толған Рим байларының бау-бақшасы, жаз тұратын үйлері екен. Таудың қақ басында және кратердің түбінде неше жүз жыл өмір сүрген қалың тоғай бар екен. Рим халқы бұл тауын Сүмма деп атайды екен<sup>10</sup>. Мұның кратері тіпті үлкен болғандықтан, өзі жан-жағы тау-таспен қоршалған үлкен-үлкен алқап, шатқа ұқсаушы еді.

Соның ішінде байынан қашқан құлдар, ел талаушы ұрылр жүреді екен. Тақ осы вулкан бір заманда еш күтпеген уақытта ояна бастады. Жер астынан күшті дүңкіл шықты, оның артынан жер дірілдеді. Қаланың неше жылдар аман тұрған үйлері ауытқып құлай бастады. Халық қаласын тастап, таудан алысқа қаша бастады.

Бұл жер сілкіну үлкен қауіптің алдындағы белгісі ғана еді. Ол басылды. Қайтадан тыныштық болды. Қала тұрмысы

бұрынғыдай болды. Осымен тыныштықта он алты жыл өткен соң бір күні жер тағы да дірілдеді. Жер ішіндегі бу шығатын жол іздеп қыса бастағаны белгілі еді. Тағы да бұрынғыдан гөрі қаттырақ дүңкіл естілді. Жер жеңілді. Үлкен қорқынышты болып жарылып, үйілген тастар, биік жартастар аспанға ұшты. Тау басына қап-қара дінгек сияқтанып күл ытқып шықты. Сол күл аспанды, тауды да көзге көрсетпей қойды. Тау айналасы қараңғы түндей болып күңгірттеніп кетті. Күл мен құм таудың бетіне және жақындағы айналаға түсіп, қара көрпедей басып алды, аспанда қалың бұлт шығып, күн жарқылдап, үлкен нөсер кұйды. Осы судан үлкен өзендер ақты. Су күлмен ұласып, бір сұйық қара батпақ болып, үлкен өзендер таудың бетінен аға бастады. Бұл батпақ жолында не кез келсе соның бәрін басып қалды. Соның ағыны Римнің Помпей деген қаласына да жетті<sup>11</sup>. Бұл қала Сұмманың екінші жағында болушы еді. Бірнеше минутта қаланы батпақ тегіс басып кетті. Сұйық батпақ барлық жерге де кіре бастады. Көшелерді, үйлерді басып, қаша алмай қалған адамдарды да өз ішіне батырып жатты. Бұл батпақты өзеннің артынан екінші ең қауіпті өзен келе жатыр еді. Ол еріген лавадан жасалған от өзен еді. Лава ақырын жай ағады. Бірақ өзінің ауырлығы мен ыстығының арқасында жолындағы нәрсенің барлығын күйретеді. Сол лава Геркуранумды батырып, теңіздің дәл өзіне шейін жеткізді.

Құсық тоқталып, көлден жасалған қара бұлтты жел қуып кеткен соң, Рим халқы бұрынғы Сұмманың орнында екінші бір қара тауды көрген. Ескі Сұмманың бір-ақ шеті ғана жаңа таудың солтүстік жақ жағында көрініп қалған екен. Одан басқа теңіз жақтағы шетінің бәрі жоқ болып кеткен: ол тауды әуелгі атылғанда талқандап кеткен екен. Оның орнында кішкене кратері бар, жаңа тау жасалыпты. Бұның да кратерінен ақ бу дінгек сияқтанып аспанға шығып жатты.

### ВЕЗУВИЙГЕ ЖАСАҒАН СЕЙІЛ

Ноябрьдің кезі. Күн ашық жылы еді. Мен бір жолдасыммен Неапольдан шығып, Резина қыстағына таман келе жаттым. Резинаға жетпей-ақ жолда вулкан істеген істің ізін көре бастадық. Вулканнан қалған күл көшенің батпағына араласып, қап-қара

болып жатыр екен. Кей жерде құлап жатқан баяғы заманның ескі үйлері көрінді. Бірталайын лава басқан екен. Резинаға жеткен соң біз жаяу кеттік. Қыстақтың үлкен көшесінен бір қалтарыс көшеге бұрылып, тауға қарай шыға бастадық. Аяғымыздың астында бұрынғыдай қолдан жасалған тас көше емес, қатып қалған лаваның тас өзені еді. Бұл жерде тас көшені табиғаттың өзі адам қолынан шеберірек қылып жасағандай. Везувийдің басына баратын үлкен кара жол бар екен. Біз онымен жүрмей, бакшалардың арасымен төте жолмен кеттік. Аздан соң ескі лаваның өзенінен өттік. Өтіп кеткен көп жылдар бұл өзеннің бетін тегістеп, кей жерлерін топырақ басқан екен.

Үстінде өскен апельсин, хұрманың және басқа жемістердің жуан ағаштары бар екен. Тағы біраз жүрген соң, соңғы заманда шыққан лаваның ішіне кірдік. Бұл лава Везувийдің кратерінен 1872 жылы шыққан екен. Сырты әлі күнге өзгермеген.

Бұның түсі қарағайдың сыртына шығып, қатып қалған қарамай сияқты бұдыр-бұдыр. Лава қатқанда сыртынан қатады. Әуелде сыртқы жұқа қабыршақ қатып іші сұйық күйінде ақырындап-ақырындап жылымжып ағып отырады. Бірақ сыртқы қабық қатуға айналса да жұмсақ болғандықтан және лаваның ішінен шығатын газдардың салдарынан кей жері көтеріліп, қабарып, томпиып, кей жерлері жарылып тұрады. Сондықтан лава қатқанда бұдыр-бұдыр болып, әр жері әр түсті болып қатқан екен. Сыртқы түсі маған бұйраланып, толқындалып тұрған сияқты көрінді.

Бұл толқынның арасымен жүру ауыр болғандықтан, біз аз жүрген соң үлкен жолға шығып, лаваның бір үлкен кесегінің көлеңкесіне отырып дем алып, азғана тамақ жедік.

Бұл жерден бізге барлық Неаполь және айналасы жасыл бақшаға батып тұрған Неаполь қолтығының көгеріп жатқан суын көрдік. Бірталай қызықты суретті көріп, тынығып алған соң ілгері жүрдік.

Лаваның ендігі суреті бұрынғыдан да ерекше болып көрінді. Осыдан төрт-ақ жыл бұрын аққан лаваның өзеніне кездестік. Бұның сырты қап-қара еді. Беті жылтыр болмаса да күнге шағылысып жарқырап жатты. Дәл беті тегіс емес, шұбар еді. Шұбартып қалған лава қатарда шыққан газдардың шұрқ-шұрқ кылып тесіп кеткен жерлері еді. Көбінде үшкір болып шығып

тұрған шеттері бар екен. Мен қолыммен сипап көрем деп екі рет қолымды кесіп алдым. Сондайлық өткір екен.

Бұдан жоғарғы жерде жаңа өзен қара жолды басып қалған екен. Біз енді соның өзінің үстінен өтіп, ар жағында тағы бір жарым шақырымдай жерге баратын қара жолға түспекші болдық.

Біз ілгері жүріп отырып, бұрынғы Сұмма мен Везувийдің арасындағы белең жарыққа шықтық. Содан әлі күнге қатып болмаған лаваның құрғақ жерлерін аттап басып, лаваның дәл өзі шығатын ауызға келдік. Лава кратердің өзінен шықпайды, вулканның төмендегі бір жарығынан шығады екен. Кратерден қазірде түйірленіп бу шығып жатты. Түбіндегі жарық вулканның осы күнгі аузы екен. Содан сұйық от үлкен қызумен құйылып жатты. Бұл жер өте ыстық қызу болғандықтан тұруға қиын болды. Бірақ азғантай ғана от шығып жатқан ауызға қарауға шамамыз келді.

Төменде от өзен ақырын қозғалып ағып, қалың қара батпаққа араласып, жоғалып жатты.

Қайтыста сол жердің бір-екі адамы бізге азғана ақша төлегендігіміз үшін ұзын бақырмен (шелекпен) бір терең тесіктен бізге әлі күнге қатпаған жұмсақ лаваны алып берді. Мен лаваның ішіне бір ұсақ ақшаны батырып тығып, Везувийге барғанымның белгісі қылып сақтап жүрмін.

Везувий оянған кезінде қаншалық қаһарлы болса, Италия халқы бұл вулканын жақсы көреді. Барлық суреттерде алдымен бусанып тұрған Везувийді көресің. Себебі бұл вулкан өзінің күлімен Италия халқын асырап тұр. Маңайдағы егіндік жерді бұл күл жаңартып, жасартып отырады. Және Везувий тауының бетінде ең жақсы жемістердің бау-бақшалары бар.

### **ЖЕР ІШİNДЕГІ ЫСТЫҚ ҚАНШАЛЫҚ**

Ыстық бұлақтар, вулкандар бізге жер ішіндегі ыстық барлығын білдіріп отыр. Егер сол ыстық болмаса адам баласы жердің ішіне де тереңдеп кіріп кетер еді. Ыстық тоқтатып отыр.

Кен қазатын жерлерде жер ішінде талай терең жолдар салынады. Бұл жолдарды шахта яки ошақ дейді. Бұл жолдар кейде тау ішінде, тастың ортасында салынады. Ол да тас үңгірлерге



ұқсайды. Осы сияқты үңгірлерде, тар жолдарда қолында жарық ұстап, әрлі-берлі жұмысшылар, кен қазушылар жүреді. Олар өмірінің тең жартысын жер астында, қараңғыда өткізеді. Бұл ең ауыр жұмыс, көбі ерте қартайып, ерте өледі. Бірақ өлгендерінің орнын екінші кедейлер басады. Сонымен жер астындағы жолдар көбейіп, ұзарудан тоқталмайды. Ошақ, тереңдеген сайын кен қазушылардың жұмысы ауырлай береді. Ауа дем алысқа ауыр болып, ыстық болып, қинай бастайды. Аяғында жер ішінің ыстығы 40 градусқа жететін уақыт болады. Бұл кезде ең мықты деген адамдар бірнеше минут қана тұруға жарайды.

Америкада күміс мол шығатын бір кен бар. Бұрынғы уақытта қазушылар жылына 30 миллионның күмісін табады екен. Бірақ күннен-күнге ошақ төмендеген. Осы күні ең терең ошақтары жер астына бір жарым шақырымдай жерге кірген екен, қазірде сол ошақтарда қызмет қылушылар 10 минуттан артық тұра алмайтын болған.

Кейде мұндай тереңдікке жеткен ошақтарды машинамен қазады. Солай қазатын терең ошақ Германияның Рибнль деген қаласының жанында бар. Тереңдігі екі шақырымдай болыпты. Оның түбіндегі ыстық 48 градусқа жетсе керек. Егер одан арғы жерде осындай болып ұлғайып отырса, жердің дәл ортасындағы ыстық 15 мың градус болуға керек.

Мұндай ыстықтың ішінде ешбір нәрсе шыдауға мүмкін емес. Барлық нәрсе еріп сұйық болумен де тұра алмайды, тұрса у болып қана тұра алады.

Мұнымен біз тұрған жердің іші толған от болып еріген сұйық заттар. Жердің сыртқы қабығы ғана қатқан. Бұл қабық қалың, қатты болғандықтан біз өмір сүріп тұрмыз. Бұл қабықтың қалыңдығы қанша екенін біз білмейміз. Бірақ жердің барлық қарасымен өлшегенде бұл тым жұқа болуға керек.

## **ЖЕРДІҢ САЛҚЫНДАУЫ ЖӘНЕ ПЛАНЕТТЕР ТУРАЛЫ**

Жердің ішіндегі өз қызуы қайдан шықты?

Бұл мәселе туралы көп білгіштер ойланған. Қазіргі уақытта айтатын нәрсеміз: жер заман өткен сайын аз-аздап салқындап келеді. Бұдан былай талай замандар өткенде жерге жаңадан бір қызу қосылмаса жердің әбден салқындап, тоңазып қалатыны даусыз ақиқат. Ол уақытта жер үстінде ыстық бұлақ та, вулкан

да болмайды. Жердің ішіне кірген су қайта шықпайтын болады. Су жер ішінде қатып қалатын болады. Себебі күн қызуы жер ішіне жетпейді, сондықтан арғы іші суық болады.

Аз-аздап барлық су жердің астына кетуге мүмкін. Өзен, көл, теңіздер түгелімен қуарып қалады. Барлық жер суық шел болады, ол уақытта өсімдік те, басқа жан иесі де қалмайды.

Сонымен жердің тағдыры қалай болатындығы белгісіз. Бізге жердің алысқа өтіп кеткен күні қаншалық мағлұмсыз қараңғы болса, алдымыздағы күн де соншалық қараңғы, белгісіз.

Бірақ жер тағдыры турасынан басқа жұлдыздарға, басқа жерлерге қарап, белгілі мөлшер айтуға болады.

Біз бұл арада басқа жерлер деп сөйлеп отырмыз, оның себебі дүниеде дәл осы біздің жер сияқты талай жер бар. Мысалы біздікі сияқты жердің бірі бәрімізге белгілі ай. Айдың жарығы өзінікі емес, күннен алады. Күн біздің жерді жарық қылып тұрғандай айды да жарық қылып тұрады, сондықтан түнде ай бізге жарқырап көрінеді.

Жер сияқты ай да домалақ, доп сияқты. Бұрынғы замандағы адам жерді жалпақ деп түсінген, сондықтан бір жолдан бетінді аудырмай жүріп отырсаң, жердің шетіне жетесің деп түсінген. Олар жердің шеті теңіз болып кетеді екен, су түпсіз дүниеге ағып жатады екен деп білген. Сондықтан теңіздердің жағасынан алысқа жүзіп бара алмайды екен. Қорқатыны түпсіз дүниеге түсіп кетіп, қайтадан шыға алмаймыз деп түсінеді. Барлық жерді үлкен, мол судың ортасында тұрған биік арал деп білген. Бірақ бұл арал не нәрсеге тіреліп тұр, не себепті су түбіне батып кетпейді, оны ешкім де білмеген.

Бұл күнде ол ертегіге ешкім де сенбейді. Жұрттың бәрі жердің домалақ екенін біледі.

Жер судың үстінде тұрған жоқ, су жердің үстіндегі шұқырларда тұрғанын да біледі. Жер су үстінде тұра алмайды. Себебі жер судан ауыр. Және түпсіз теңіз ешбір дүниеде жоқ. Барлық теңіздің түбі бар да, құрғақ жағасы бар. Және бұл күнде біздің білетініміз: бір жерден шығып тура жүре берсек, айналып келіп әуелгі кеткен жеріңнен шығасың. Бірақ бұған екінші жақтан келесің. Осы күнде адам баласы кемемен, пароходпен жерді

әлденеше айналып жүр. Жерді айналып шыққан жиһанкездердің әңгімелері жұрттың көбіне мәлім.

Біздің жердей айда да тау мен дала бар. Кейде айдың жарық болған түнінде бетіне қарасаңыз, жерінің сұрғылт, қоңырқай болып, теңбілденіп тұрғанын көреміз. Бұл қоңырқай жерлер күн жарығы аздау түсіп тұрған далалар. Ағарып тұрған жерлері биік таулар.

Бұрынғы уақытта айдың сұрғылт жерін теңіз деп түсінген екен. Ол осы заманда қате пікір болып шықты.

Айдың үстінде су да, бұлт та, ауа да жоқ, онда өмір жоқ. Не өсімдік, не жан иесі жоқ шөл. Егер ай бізге жақын тұрса, тауын да, даласын да көруге болар еді. Бірақ алыстан барлық нәрсе кішкене болып, нашар көрінеді. Сондықтан ай да нашар көрінеді.

Егер жерден айға қарай сапар шеккен жан болса, ол ең жүйрік отарбаға мініп, дамылсыз жүргенде, жарты жылда жетер еді. Айдың алыстығы сондайлық, сондықтан кішкене көрінеді.

Бұдан басқа планет деп аталатын жерлер бізге айдан да әлдеқайда алыс тұрады. Сондықтан олар тіпті кішкентай көрінеді.

Оларды түнде ғана көруге болады. Себебі олар да ай секілді жарықты күннен алады. Түнде планет те жұлдыз сияқты көрінеді<sup>13</sup>. Бірақ айырмасы: жұлдыздар күн сияқты өзі жарқырайды, жұлдыздардың алыстығы болмаса олар да күн сияқты жарық болар еді.

Дүрбімен қарамаған уақытта планетті жұлдыздан айыру қиын. Үйтсе де көп жұлдыздың ішінде жарығы дірілдемей, бір қалыптан айнымай жарқырап тұрған жұлдыз болса, ол планет болады. Сондай жерлер біздің жерден үлкендігі кем болмаса да бізден өте алыс болғандықтан талайы ең үлкен дүрбімен қараса да көрінбейді.

Планет кіші болса, тез суынады. Үлкен пештің ішіндегі қызу көп уақыт тұратыны сияқты үлкен планеттердің де салқындауы жай болады.

Мәселен, ай біржолата салқындап қалған. Біздің жердің ішінде әлі күнге бітпеген қызу бар. Ал үлкен планеттердің бәрінде әлі жер қабығындай қабық та жасалған жоқ. Әлі қызуы күшті, от күйінде. Үлкен дүрбімен қарағанда солардың бетінде әлі күнге қатпай ағып жүрген тас өзендерді көреміз. Солардың ағыны, түсінің өзгергені бізге білініп тұрады. Бір заманда біздің

жердің үсті де сондай болған. Содан неше мың жылдар өткенде сырты салқындап, қабық біткен.

### **ЖЕР ҮСТІНЕ ТАУ ҚАЙДАН ШЫҒЫП, ҚАЛАЙША ӨСКЕНІ ТУРАЛЫ**

Жер қабығы көпке шейін ыстық болған. Сондықтан ол кезде тау да, теңіз де болмаған. Жер үстіне тоқтаусыз жауған жауындар ыстық жерге түсе салысымен бу болып, қайта аспанға кетіп жатқан. Сондықтан ол заманда жер үстінде ылғи қалың қою бұлт айықпай тұрған болу керек. Осы күнгі жер үстіндегі барлық өзен, көл, теңіздер, ағып жүрген сулар ол заманда ылғи бу болып жердің айналасында жүрген. Барлық ауа моншаның ішіндегі жылы буға толғандай болу керек және ауа да бұл күнгіден тіпті басқа болған. Оның ішінде неше түрлі газдар болған. Осы күнгі вулканның кратерінен шыққан судың буында қандайлық газдар болса, ондағы ауада да сондай болған.

Жер ауасы өсімдік пен жан иесіне залалды заттардан кейіннен тазарған. Бұлттың ішінде болған су бір есептен жылы киім сияқтанып жердің салқындауын кешендеткен. Бірақ жерге түскен жаңбыр суы аз да болса қызуды әкетіп отырған. Сонымен жердің салқындауы қалай да болса, күшейе берген. Салқындауға айналған сайын сырты да өзгере бастаған. Мұны оңай ұғу үшін мысалға бір қыздырған домалақты алайық. Соның сыртына жапсырылған жұқа, қатты қабық болса, аздан соң домалақты салқындата бастасақ қарасы кішірейіп, тартыла бастайды. Сонда сыртындағы қабық домалақтан айырыла алмайтын болғандықтан онымен бірге тартылмаса да бұрынғы қалпында қалмайды. Ол да жиырылып, қатпарлана бастайды. Түсі күнге кептірген алманың сыртқы түсіндей болып, қуырылып қалады. Алманың іші семгенде қабығы да қуырылады. Қуырылатын себебі ол алманың өзі сияқты болып кішірейе алмайды. Міні, жердің қабығы да сондай болған. Қабық қатая бастаған соң-ақ жиырылып, қатпарланып, кей жерлері жарыла бастаған. Жарылған жерінен вулканнан шыққан лавадай болып қайтадан еріген ыстық зат шыққан. Ол да салқындап қатқан. Сонымен жер қабығы қалындап, қатпары көбейе берген.

Сол қатпарлар біздің жер үстіндегі алғашқы жасалған таулар болатын. Бұл таулар бізге қаншалық үлкен көрінгенмен, барлық жердің қарасымен салыстырғанда апельсиннің үстіндегі болма-

шы қыртысы, қатпары ғана сияқты болады. Сондықтан таулар жердің қатпары ғана болады. Сол себепті таулар қатарланып созылады. Сол себепті бір жер биік тау болса, екінші жер аласа жазық болады.

Жер суыған сайын қатпары көбейіп, тауының да саны молая берген.

Жердің салқындауы әлі тоқталған жоқ. Сондықтан тау жасалуы да тоқталған жоқ. Тау жасалуы тоқталмаса, су жердің бетін тегістеп жауып кете алмайды.

### **ҚҰРҒАҚ ПЕН СУДЫҢ АЛЫСУЫ ТУРАЛЫ**

Құрғақ пен судың алысуы ертеде басталған. Бұл алысу жер үстіне қабық біткеннен бері қарай созылып келеді. Бұрын жаңбыр суық су болып кетіп отырса, жер үсті құрғаған соң, өзендер, ағын сулар қаптаған. Судан шығып тұрған ешбір арал болмаған. Бұл жағасы жоқ, ыстық сулы теңіз болып, үстінде үйіріліп ылғи ақ бу жүрген жер суға орын бергісі келмесе де аяғында су жеңіп, басып алған.

Су мезгілімен қайнап, азайып отырса да, жаңа жауатын жаңбыр молайтып отырған. Теңіздер тереңдеген. Ол уақыттағы аспаннан аққан сел өте күшті болған. Жер жеңілгендей болып, судың астында қалған. Барлық дүниеде бұлқынып, қайнап жатқан су болған.

Бірақ бұл жердің судан әбден жеңілгені емес еді. Жер күшін жиып келіп, сілкініп жиырыла бастаған, бүктетіліп үйірілген толқындардың астынан көтеріліп жердің қатпарлары шыға бастаған. Жаңбыр қаншалық сел болып құйса да оларды жеңе алмаған. Теңіз сулары алғашқы тауды сонда көріп, толқындары алғашқы жағаға сол уақытында соғыла бастаған, жаңа шыққан тасты құлатпақшы, ерітпекші болған, бірақ таулар бұған қарамай өсе берген. Саны көбейген. Көп жерлерден суды айдап орын алған. Сонымен алғашқы жерлер шыққан. Су жол беріп, саба-сына түсе бастаған.

### **ТЕҢІЗ ЖАСАҒАН ІРКІНДІЛЕР, ТАС БОЛЫП ҚАЛҒАН ЖАНУАРЛАР, ӨСІМДІКТЕР ҒӘМ ЖЕР ҚАБЫҒЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ**

Құрғақ көтеріліп шыққаннан бері қарай су шайып, жердің сыртын аз-аздап өзгерте бастады. Үлкен жерлер шыққан соң,

жауған жаңбырдың суынан өзендер жасалып, сол құрғақта аға бастады. Олар ағызуға, ерітуге көнген нәрсенің бәрін ағызды. Олардың жұмысы – талмайтын жұмыс, солардың әкелген заттарынан теңіздер екінші тау жынысын жасай бастады. Жаңа жыныстар ескілерін басып, үлкейіп жатады. Жаңадан түскен жыныстар ескінің үстіне іркіліп түсіп отырады. Сондықтан мұның бәрін іркінді деп атайды.

Қазіргі заманда барлық жерді сондай теңіздердің іркінділері басқан. Су жерді түгелімен батырып жібере алмаса да іркінділерімен басқан. Бұл іркінділердің қалыңдығы кейде жүз, кейде мындай кез де болады. Мұның қалыңдығы бізге баяғыдан бері қарай қаншалық көп замандар өткенін білдіреді.

Сол іркінді болып отырып қалған жердің ішінде кей уақыттарда бұрынғы заманда көміліп қалған жануарлардың, өсімдіктердің таусыншығы табылады. Сол ретпен балықтың, бақа, шаянның, құстың, аңдардың сүйектері әлденеше рет табылған; бұл таусыншықтар бұрынғы уақытта бор сияқты, известь сияқты қатты заттардың арасына түскендіктен өздері де қатайып, тас болып қалған. Сондықтан оларды “тас болғандар” деп атайды.

Жоғарыда айтқандай теңіз іркіндісі осы күнгі біз тұрған жерлерді де басқан. Бір заманда бұл жерлерде су болған, бұлардың құрғақ болып шығуына талай-талай заман керек болған. Құрғақтың кейбір жерлері әлденеше рет судан шығып, әлденеше рет қайта батқан, жер қабығы толқынданып, қозғалып тұрған, ол қозғалуы осы күнге шейін де басылған жоқ. Кей жері ақырын көтеріліп, жоғарылап, кей жері ақырын төмендеп келеді, бұл қалыпты болса неше мың жылдар өткенде осы күнгі біз тұрған жер суға айналып, теңіздердің түбінен жаңа жерлер шығуға мүмкін. Тауды жарған жер ішіндегі күш жердің барлық қабығын да қозғайды. Бірақ ол қозғалыс өте жай болғандықтан, білгіштер талай жылдар зерттеумен ғана зорға білген.

Сол зерттеумен қазірде бізге мағлұм болып отырған нәрсе: Россияның барлық солтүстігі көтеріліп келеді. Кей жерлерінде жүз жылдар шамасында жеті вершоктай көтерілгені бар<sup>14</sup>. Бірақ көп жерінде бұдан да жай көтеріледі.

## ЖЕРДІҢ ТАУ ЖАСАЙТЫН ҚЫРТЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Теңіз іркіндісі биік таулардан да табылғаны бар. Бұдан таулар да бұрын теңіздің түбі болып, артынан көтеріліп, тау болып шыққаны білінеді. Қазіргі таулардың көбі сол іркінділердің қатпарлануынан жасалған. Таулардың бәрінің де іші қыртыс болады. Бұлардың кейбірінің түсі бөлек, кейбірінің өзгелерінен заты бөлек болады. Қыртыстардың түрі бірінің үстіне бірін салып, екіншісі жанынан қысып тұрған әр түсті қағаздарға ұқсайды. Солардың затына қарап, тас болғандарына қарап әрқайсысының әр заманда, әртүрлі себеппен жасалғанын білуге болады.

Мәселен: кейбір қыртыста тас боп қалған су хайуандары кездесе, екіншісінде тас болған құрғақтың хайуандары табылады, соның үстінде үшінші қыртыстан тағы да су хайуандары шығады. Мұның алғашқысы қазіргі құрғақ су түбінде болғанда жасалған, екінші құрғақ судан көтеріліп шыққанда жасалған, үшіншісі қайта батқан кезде жасалған.

Бұл қыртыстар кейбір құлап жар болған жерлерден қарағанда сұлу болып көрінеді.

Петроградтың маңайында Юпофка деген кішкене өзеннің екі жағы терең жар болып, теңіз іркіндісінен жасалған қыртыстарды жарып ағады. Сол өзеннің ең төменгі жиегінде көк балшықтан қалың қыртыс көрінеді. Одан жоғары жасыл құмайт, одан кейін топырақпен араласқан құм, одан жоғары қап-қара болып жатқан “жанатын сланец” қыртысы<sup>15</sup>. Олардың әр жағы тағы сондай сор, жасыл сары қыртыстар.

Тауда қатпар қаншалық көп болса, қыртыстардың толқыны да сондай көп. Таудың сұлулығы да арта береді. Альпі, Кавказ сияқты үлкен тауларда<sup>16</sup> кейде екі қыртыстың бойына бірі қарсы келіп, тіресіп тұрғанын көреміз. Бұндайда олар бірінің үстіне бірі шығып кетеді. Кейбір қыртыс майыса алмайтын заттардан жасалған болса, жарылып тайып кетеді, ол уақытта қатпар мен қыртыстар былығып араласып кетеді.

Бұлардың былығып араласып жатқан түріне қарап, осының бәрін қозғап, шайқап, араластырып жүрген күштің қаншалық ірі күш екендігіне таң қаласың.

## ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ ЖЕР ІШІНДЕ ТАС КӨМІР БОЛЫП КЕТЕТІНІ ТУРАЛЫ

Жануар мен өсімдіктің таусыншығы жердің барлық қыртысында, барлық іркіндінің бәрінде бірдей қала бере алмайды. Мәселен: ұсақ құмның ішінен ондай нәрселер табылған емес. Ол құмның ішіндегі нәрсенің бәрі ашық ауада жатқандай болып бұзылады. Себебі оған су да, ауа да оңай кіреді.

Үлкен жануарлар, өсімдіктер шіріп, суға ағып, таусылады, із қалмайды. Егер іркінді зат тығыз болса, таусыншықтары аман қалады. Сондықтан известен жасалған іркінділерде таусыншықтары көп табылады. Кей уақытта известің барлық қыртысы толған тас болып қалған жануарлардың таусыншығы болып шығады.

Жануарлардың сүйектері бір жерге жиылғандай, өсімдіктердің де су астында қатты заттары бір араға жиылады. Солардан талай замандар өткенде тасқа ұқсаған ауыр, тығыз тас көмір жасалып шығады. Тас көмірмен үлкен қалаларда пеш жылытады. Үлкен завод, фабрикаларда, пароход, шойын жолдардағы бу шығаратын қазандар астына сол көмірді жағады. Ол көмірден жанатын газ да, тағы басқа нәрселер де жасайды.

Қай жерде тас көмір көп табылса, сол жер бай деп аталады. Себебі тас көмір адам баласына жылу береді, жарық береді, барлық завод-фабрикаларына арзан күш береді. Мәдениетті Европаның ешбір патшалығы тас көмірсіз күн көре алмайды.

Жыл сайын неше миллион пұтын жағып жатса да тас көмірдің кені әзірше мол, аз заманға таусылатын емес, жер баяғы ескі замандарда үстінде өскен өсімдіктің бәрін бізге көмір қылып сақтап қойған сияқты. Сол ретпен тас көмірдің жер ішінде жасалып жатуы осы күнде де тоқталған жоқ.

Тоғай ішімен ағатын өзеннің бәрі де теңізге тоғай ішінен көп қоқым алып келеді. Су жағаға шығып жайылады. Содан соң су үстінде қалқып жүруге жарайтын нәрсенің бәрі ағып жүре береді. Құлап қалған бұтақтар, кейде тамырымен құлаған биік ағаштар да өзеннің ағысымен кете барады. Кейде сондайлық қоқымдардың өзінен жасалатын аралдар да болды. Саяз жерлерде қоқым тоқтайды. Үстін мүк басады. Шөп шығады. Сонымен нағыз жасыл аралға ұқсайды. Бірақ бұларды да ағын су бір күні ағызып әкетеді де теңізге алып шығады. Сібірдегі



үлкен өзендердің бәрінің де теңізге құятын мойнында сондай қоқымдардан жасалған аралдар көп болады. Аяғында су сіңіп кіріккен ағаш ауырлап, түбіне батады. Бір ағаштың үстіне бір ағаш түседі. Жылдар өткенде судың түбінде толып жатқан ағаш, бұтақтар болады. Бұлардың жартысы шіриді, жартысы бұрынғы түрін сақтап қалады.

Міне, осындай затпен неше жүз жыл жиылған ағаштардың үстінде бір уақыттарда іркінді топырақ түсіп, молайып, басып алса, ағаштар аз-аздап өзгереді. Суменен кеуек болып қалған ағаштар ауыр топырақ басқан соң, жаншылып, қысылып, біріне бірі жабысып қалады. Ағаштың өзі ауасыз жерде қыздырғандай болып, жанбастан көмір болып қалады. Тас көмір бара-бара сол көмірден жасалып қалады.

### **АҒАШТЫҢ АУАСЫЗ ЖЕРДЕ ЖАНУЫ ЖӘНЕ КӨЛ\* ГАЗЫНЫҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ**

Ауада қыздырғанда ағаш жанады. Бұған ауаның кейбір бөлімдері қосылып, бірге жанып кетеді. Ал ағашты ауасыз жерден қыздырса, оның барлығы жанбайды, бірақ көмір болады. Бұлайша жанғанда ағаштан көмір де, басқа тағы сұйық заттар да, газдар да шығады. Газ деп ауаға ұқсаған нәрселерді айтады. Газдар көп, бұлардың түсі бір-біріне ұқсаса да, бәрінің бөлек-бөлек сипаты бар.

Мәселен, көмір ауада жанғанда сол екеуінің қосылғанынан қышқыл көмір деген газ шығады.

Бұның исі де, дәмі де жоқ болса да денсаулыққа өте залалды болады. Жұмыртқа шірігенде сасық газ шығады, оның аты “күкірт су туым”. Көшедегі фонарьларда жарқырауық газ жанады. Ол да бір-ақ газ емес, әлденеше газдан құралған болады.

Мінеки, осымен ағаш та шала жанғанда, ауасыз жерде жанғанда осындай араласқан газ шығады. Сондай араласқаннан шығатын газдардың ішінде ең қызығы көлдің түбіндегі шіріп жатқан өсімдіктерден шығатын газ. Оны “көлдің газы” дейді.

Жаздың аяқ шенінде түбі салынды мүк болып қалған көлге бір ұзын ағашты тығып көрсеніз судың бетіне шаңбырақ атып газдар шыға бастайды.

\* Көл – Ғаріп Досмұхамедовтың табиғат тануында батпақ газы дейді.

Рас, бұл “көл газының” таза өзі емес, оның ішінде араласқан қышқыл көмір де және сасық иісті “күкірт су туым” да болады. Бірақ шаңбырақтардың ішінде ең көп газ “көл газы” болады. “Көл газының” таза өзі болса ауада жарық болып, үлкен жалынмен жанады. Егер бұран ауаны араластырып жақса, онда тарсылдап атылып кетеді.

Тас көмірдің бәрінің ішінде сынған жарығы болады. Сол жарықтарда бұрын өсімдіктер көмірге айналған кезде шыққан газдар тұрады. Тас көмірдің ошақтарында көмір құлатып жүргенде сол көл газы кеп жиылып қалады. Көмір ішінен бұл газ шыққан соң ауамен араласады.

Бұл екеуінің араласқан жерінде от жағу қауіпті болады. Ауамен араласқан газ барлық ошақтарға толып тұрғандықтан атылып кетуге мүмкін. Осы ретпен талай күйінішті уақиғалар болған. Кейде сол атылудың күшінен жер сілкініп, ошақтардың төбесі құлап, ішінде жұмыс қылып жүрген көміршілерді талай басып қалған.

#### **ТОРФ (ШЫМТЕЗЕК) ТУРАЛЫ**

Тас көмірдің бәрі бірдей ағаштан жасалған жоқ. Кей жерлерде шөп нәсілді өсімдіктерден жасалғаны да бар.

Дымы көп солтүстікте, онан соң Петроградтың маңайында тоғай ішінің көлі деген көп көлдер бар. Бұлар тасты қыртыс көп болғандықтан жерге сіңе алмай қалған сулардан жасалған. Сол көлдерді жылдан жылға қалың болып басатын мүк болады. Осы мүктен тас көмірлер жасалып жатады. Көңілге бұл сыйымсыз сөз сияқтанса да сол жұмсақ былқылдақ мүктен қатты тас көмір жасалады.

Тоғай көлдерінің бәрінің де жағасы қалың мүк болады. Ол көл суының жағасына ұстаған көкжиектей болып, ашық күнде тынық көлді жасыл шілтерге оралған айнадай қылып көркейіп тұрады. Сол көкжиек ылғи өсіп, кеңейіп отырады.

Аздан соң жағадан шығып, судың бетінде біріне-бірі жабысып, өсе беретін болады. Бара-бара барлық көлдің бетін мүк қаптап алады.

Бірақ бұның астында су болады. Мүктің батпайтын себебі оның бүрі тұтасқан, бірақ киіздей болып жабылады. Және шеттерінің бәрі де жағада тұрады.

Егер сол шеттерін үзіп жіберсе, мүк тұтасымен суға батар еді.

Жылдан жыл өткен сайын сол мүк суды жеңе бастайды. Жыл сайын мүктің үстіңгі жағы өсіп, қалындай береді. Аяғында әбден молайғанда судың түбіне жететін болады. Көлді жеңіп алады. Бұдан мүк көлдері шығады. Бұрынғы уақытта солардың бәрі көл болған, осы уақытта мүк болып отыр. Көлдің бұрынғы суы мүктің ішінде болады.

Әуелгі көзге байқалмаса да оның мүктің тарауларының ішінде жүргені білінеді. Мүкті ұстап алып қысса, су ағады.

Мүк суды өз ішіне сорып алады. Сондықтан жаңбыр жауғанда мүктер ісініп, қабара бастайды. Кейде мүк көлдері шарасынан асып тасығандай болып жататыны осыдан.

Тоғай көлі мүкті көл болған соң, мүк төмен қарай қалындай бере алмайды. Себебі мүктің астыңғы жағы судың түбіне барып тіреледі. Үсті жылдан жылға жасарып өседі. Астындағы мүк шіри бастайды. Үстіндегілердің салмағынан жаншылады. Сонымен бара-бара тығызданып, қатайып торф яки шымтезек деген бір қыртыс жасайды.

Сондықтан ескі мүкті көлдерді торфты яки шымтезекті көл дейді.

Көл қаншалық ескі болса, шымтезек қыртысы соншалық қалын болады.

Кейде бұл қыртыс төрт-бес саржан да болады. Ескі заманда кеуіп қалған көлдерден торфты үлкен қылып ойып алып, соны кептірген соң пешке отын қылып жағады, оның қызуы мол болады.

Петерборға сол торфты Финляндиядан әкеледі. Онда торф көлдері көп, шойын жолдың бойында талайы кездеседі. Вагондардың терезесінен қарағанда кейбір саяздау шұңқырларда торфты қазып алып жатқан қара шекпендерді көресің.

Сондай шұңқырлардың жанында торфтың қара яки күрең түсті кесектері көрінеді. Бұлардың жанында кішкене үй, торф кептіретін сарай және жақындағы бекетке баратын кішкене жол болады.

Бұл торф табушылардың мекені. Солардың жолы.

Торфтың тағы бір пайдасы – оның ішінде нәрсе шірімейді. Торф күлінің ішіне ағаш түссе де, жануар түссе де неше жүз жылдар, не мың жылдар өтсе де соны шірітпей сақтай алады.

Өте ерте заманда жасалған торф көлдері бар. Соның ішінен әлгідей ескіліктің белгілері табылған. Сол белгілерге қарап бұрын бұл жерде қандай ағаш өскен, қандай аңдар жүрген, қандай құстар ұялаған – соның бәрін де білуге болады.

Бір торф көлінің ішінен баяғы заманның бір соғыс кісісін атымен, барлық қаруымен тауып алған. Бұлардың еттері ағып кетіпті, бірақ сүйектері, қарулары неше жүз жылдар өтсе де бұзылмаған. Бұл бақытсыз адам көлден атымен жалдатып өтемін дегенде батып өлген жан болса керек. Ауыр сауыт, ауыр қалқан көлден шығуына бөгет болғанға ұсайды.

Басқа бір жерде торфты қазып, бір саржандай тереңдікке жеткенде ескі Римнің бір көпірін тапқан. Бұл көпір көл үстінен салған жол болса керек. Жолдың ізі де қалған жоқ.

Көпір әбден тозып, көлдің ішіне құлап қалса да біздің заманымызға шейін жоғалып бітпей, аман келген.

#### **ТОРФТЫҢ ТАС КӨМІРГЕ АЙНАЛУЫ, ТАС КӨМІРДІҢ ГРАФИТ, АЛМАС-ТАСҚА АЙНАЛУЫ ТУРАЛЫ**

Ескі торф көлдері заман өткен соң кеуіп, құрғап қалудың үстіне, көбінесе іркінді топырақпен де басылады. Сонан соң бұрынғы көл болған жерде қайтадан ағаш шығып, дала болады. Бірақ жер ішінде, тереңде торфтың қалың қыртысы жатады. Осымен неше мың жылдар өткенде сол торфтан бұрынғы ағаштан жасалғандай болып қалған өсімдіктердің түріне қарап, тас көмір ағашты өсімдіктен шықты ма, шөпті өсімдіктен шықты ма, соның екеуін айыруға болады. Тас көмір қаншалық ескі замандікі болса, соншалық тығыз болып, тасқа ұсай береді. Оның ішіндегі қосымша заттар азайып, таза көмірдің өзі қалатын болады. Көмірлердің түсіне қарап та қайсысы бергі, қайсысы арғы ескі замандікі екенін айыруға болады. Өте ескі көмір қарарак болады. Жаңадан жасалған көмірлер күрендеу, қоңырлау болады.

Тас көмірден жарқырауық газ шығарарда көмірді ауа кірмейтін үлкен пештің ішінде қыздырады, соның артынан “кокс” деген ең таза көмір қалады. Осындай қыздыруда таскөмір адам қолына түспесе де табиғаттың өзінен көретіні де болады. Одан

жарқыраған сұр түсті жұмсақ кокс сияқты бір нәрсе жасалады. Оны графит дейді. Графиттен кәдуескі қарындаштар істеледі.

Жер жүзіндегі графиттің бәрі бірдей тас көмірден шыққан емес те шығар, бірақ соның кем болса, жартысы жоғарыда айтылған жолмен шыққан. Графит таза көмір. Бірақ үлкен қызуда болғандықтан жанатын сыпатын өзгерткен. Көмірдің мұндай болып өзгеруі тамаша сияктанса, бұдан да тамаша өзгеріс те болады.

Жұрттың бәріне белгілі ең қымбаты, ең сұлу тас – бриллиант. Бриллиант деп қырлап сұлулаған алмасты айтады. Бұл өте қымбат бағалы тас. Кейде мұны жерде қазып алады да, кейде қатты тау жыныстарының ішінен айырып алады.

Біз көмір мен графиттың арасында ұқсастық аз да болса бар дер едік. Екеуінің де түсі қара, екеуі де қағазға жұғады. Бірақ көмір мен алмастың арасында ешбір ұқсастық жоқ. Сөйтсе де алмас та көмірден шыққан. Оны пиялаға ұқсатуға болады. Сол сияқты жылтыр. Бірақ ол тас көмірден, пияладан һәм барлық басқа заттардың бәрінен де қатты.

Көмірдің бұлай өзгертін өзгерісін ұғу үшін күкіртпен тәжірибе істеп байқау болады. Күкірт те өзінің түсін өзгертіп, өзінің сипатын тез жаңартады. Бұл өзгеруі тас көмірдің өзгерісінен оңай болады. Күкіртті қай аптектерден болса да тауып алуға болады.

Бір құманға суық су құйып қойыңыз. Сонан соң бір құм шынының ішіне күкіртті салып, құмды оттың үстінде қыздыру керек. Күкірт аз-аздап ериді, сұйық болады. Сол бетімен қайната берсеңіз аздан соң күкірт қайтадан қоюлана бастайды. Түсі қарауытып күреңітеді. Бірақ тоқтамай тағы қыздырсаңыз, ол тағы сұйық болады. Бұл уақытта ауада өзінен өзі жанатындай болады. Сондай болмас үшін ыдыстың бетін бір қақпақпен жауып қою керек. Содан плитадан күкіртті алыңыз да ішінде мұзы бар суық суға тез құйып жіберіңіз. Сонда сіз бұрынғы сары күкірттің орнына қоңыр жылтыр, жұмсақ, қолда былпылдап майысып тұратын балауыз сияқты нәрсені көрсеңіз.

Күкіртте қандай өзгеріс болды?

Күкірт бұрынғы күкірт қалпында қалды. Бірақ қатты қыздырып, тез суытқандықтан оның түсі өзгерді, сыпаты өзгерді. Бірақ сол күкіртті бір жерге сақтап қойсаңыз түсі өзгере бастай-

ды. Ақшылданып содан сарғаяды. Аяғында кәдүескі омырылғыш сары күкірт болады. Сондықтан табиғатта жұмсақ күрең күкірт кездеспейді. Ылғи омырылғыш сары күкірт кездеседі. Алмастың өзінен өзі барып көмір болып кетпесе де, оны да күлдей қылып ұсатып сол күлін қыздырса, оның түсі өзгеріп қарайып, өзі жұмсақ болып, көмір сияқтанады.

### **КӨМІРДЕН АЛМАС ҚАЛАЙ ШЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ**

Алмас дүниедегі ең қымбат тастардың бірі. Сондықтан талайдан бері жұрттың көбі арзан көмірден алмас шығарып алудың айласын барын салып іздеп жүр. Бірақ бұл уақытқа шейін олар алмасты кесек қылып шығара алған жоқ. Олардың көмірден шығарған алмасы өте ұсақ, өте кішкене қиыршық болады. Одан әріні шығара алған жоқ. Тіпті ұсақ болғандықтан мыналарының бағасы жоқ. Сонымен бұл турада табиғат істеген шеберлікке адам өнері әлі жете алған жоқ.

Бірақ табиғаттың сырын білумен бірге біз ол табиғаттың қуатымен пайдалануды да біліп келеміз. Сондықтан бір күндерде сол арзан көмірден кесек алмас шығару да ғажап жұмыс болмайды.

Жұрттың бәріне де белгілі: су ішінде әртүрлі нәрселердің еритіні, су кепкенде сол нәрселердің қайтадан бірігіп кристалданатыны, нәрселердің көбі ыстық судың ішінде суық судан көрі тезірек ериді. Егер ыстық суға сол нәрсені күшті қылып еріткен болса, су салқындағанда кейбір заттары судан бөлініп, кристалдана бастайды.

Бірақ су ішінде барлық нәрселер еріп кетпейді. Пияла, қарамай сияқтылар су ішінде бітеді де ерімейді. Бұлардың еритіні басқа сұйық заттар болады. Су ішінде ерімейтін қарамайды алып, ағаш майына тастасаңыз қарамай қазір еріп кетеді. Қатты нәрселердің бірде бірі де ерімейтін сұйық зат жоқ. Бір сұйық затта бір қатты нәрсе, екіншіде тағы бір қатты нәрсе еритін болады. Біз тас көмірді ерітетін сұйық затты тапсақ, көмір еріп болған соң су түбіне отырғанда кристалданар еді. Сол кристалдан алмас шығару оңай болар еді. Бірақ істің ең қиыны көмір, ешбір сұйық заттың ішінде ерімейді. Онық жалғыз-ақ еритіні от болып еріген сұйық темірдің іші, соның ішінде көмір ериді.

Бұл сұйық зат салқындауға айналғанда қоюланып барып, аяғында қатты болып қатады. Темір мен көмір араласып кетеді. Бұрынғы жұмсақ темір қатты болып, омырылғыш болады. Сондай болған темірдің кейбірін біз “шойын” дейміз. Кейбірін “асыл темір” дейміз. Бұл күнгі біз ұстап жүрген темір нәрселердің бәрінің ішінде де сондай көмір бар.

Көмірдің темір ішіне біржолата сіңіп кетпей қалған бөлімдері темір салқындаған сайын соның ішінде кристалданып, ұсақ-ұсақ графит, алмастың кристалдарын жасайды. Еріткен темір қаншалық көп болып, соның салқындауы қаншалық жай болса, солардың ішінде кристалданатын алмас та соншалық үлкен болады.

Жер шары салқындаған уақытта дүниеде от болып еріген көп темір де аз-аздап күннен күнге жай салқындай берген. Соның ішінде көмір де еріген, сол көмірдің кейбір бөлімдері бұл еріген сұйық заттан бөлініп, алмас болып қалған. Су мен ауа көп-көп замандар өткенде темірді тоздырған, күйреткен, бірақ алмастар өзгермей қалған. Олар бұдан әлденеше мың ғасырлар бұрын қандайлық таза, жылтыр болса, қазірде де сол күйінде қалған.

#### **ЖЕР ҮСТІНДЕГІ ЗАТТАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ, БІР ТҮСТІ ЗАТТАР ҒӘМ ҚЫШҚЫЛТЫММЕН АРАЛАСҚАН ЗАТТАР ТУРАЛЫ**

Өсімдік пен жануарлар жер үстіне пайда болғанына аса көп заман болған жоқ. Жер ыстық болып теңіздердегі судың бәрі суымай тұрған кезде жер үстінде өмір болған жоқ. Өмір сүрген жалғыз жердің өзі ғана. Оның өз ішінде жиі-жиі, үлкен-үлкен өзгерістері болып жатқан. Ол өзгеріс бұл күнде де бар. Бірақ қазірде бұрынғыдай жиі емес. Өзгерістің жүрісі өзгеше жай.

Жер шары суынғанша соның ішінде болған заттардың бәрі де өзгеруде болды. Бұл нәрселердің көбі күшті қызуды көтере алмай, еріген күйде де тұра алмаған. Бұл күнгі көріп жүрген нәрселердің көбі ол күнде жоқ болған. Жердің ол замандағы қызуы қаншалық күшті болғанын біз білмейміз, бірақ бізге белгілі нәрсе: ол уақытта бұл күнгі толып жатқан неше түсті заттардың бәрі бірдей болмаған. Ол күнде болған. Бірақ затты нәрселер, бұл нәрселердің ішіне бөлек жыныс араласпаған, өздері бір-ақ заттан құралған. Сондықтан оларды “бір туысты” заттар дейді. “Бір туысты” заттар көп емес. Бір туысты заттардың бірі

күкірт, таза көмірлер болады. Одан басқа бір туысты заттар деп барлық металдар саналады. Мәселен, темір, қорғасын, цинк, мыс, күміс, алтын, сынап және бұдан басқалардың бәрі де бір туысты нәрселер деп саналады. Қатты жердің көп бөлімі металл болады. Бұл металдардың бәрі де бұрын бірінен бірі бос болған, ешбір басқа нәрселерден қосылмай, оңаша болған. Содан кейін талай ғасырлар өткен соң жердің сыртқы үстінде де, терең ішінде де бір туысты нәрселердің бірімен-бірі қосыла бастаған. Бірімен-бірі қосылған соң олардың түстері өзгеріп, сыпаттары да өзгерген. Екі жердегі бір туысты нәрселерден бір “көп туысты” нәрсе жасалған. Біз егерде мұның ішіне кірген жыныстарды бөліп, айырып алсақ, көп туысты нәрсенің неден жасалғанын білеміз.

Мәселен, кәдімгі өзіміз көріп жүрген су екі газдың қосылуынан жасалған. Бұл екі газды құр ғана араластырсақ су шықпайды. Су шығару үшін бірін біріне сіндіріп, жұтқызып, қосып жіберу керек. Бұл уақытта екі газдың араласуы болып қана қалмайды. Екеуінен сыпаты бөлек, айрықша зат шығады. Оның аты – су.

Кейбір заттар бірімен бірі оңай қосылады. Кейбіреулері қиыншылықпен қосылады. Кейбіреулері тіпті қосылмайды. Тегінде бір түйісті заттардың кейбіреулері ғана, азғанасы ғана, басқа заттардың барлығымен қосыла алады. Ол зат ауаның бес бөлегінің бірі болып тұрған “қышқылтым” деген газ, қышқылтымның басқа заттарға қосылуын таттану яки қышқылдану деп атайды. Бұлардың қосылуынан жасалған жаңа затты “тат” дейді. Мәселен, темір су болса, қышқылтым араласқан соң үстін сары тат басады. Қышқыл көмір, көмірдің таты, известь айрықша бір металдың таты. Егер мыс ақшаны қып-қызыл қылып отқа қызартып, артынан салқындатсаңыз беті қарайып қалады. Бұл мыстың таты, мыс қышқылданады. Қышқылтыммен араласады. Осылайша күкірт жанғанда да күкірттің таты болып, айрықша бір зат шығады. Сонымен барлық бір туысты заттардың бәрінің де өзінше таты болады. Металдар таттанған соң, бұрынғы жылтыр түсінен, көркінен айырыла бастайды. Металл күйінен өзгеріп, кеуектеніп, топыраққа ұсап кетеді. Сондықтан металдардың татын топырақ заты деп атайды.

Мәселен, темірдің таты сары түсті топырақ заты сияқты. Жер салқындаған уақытта металдар алдымен қышқылтыммен



қосылған болса керек. Солар топырақ сияктанып кеткен, олардың бәріде қышқылтыммен оңай қосылады. Басқа заттардың бәрі де сөйтіп таттанған, өзгермей қалғандары азғана болғанға ұқсайды.

### МИНЕРАЛДЫҢ ІШІНДЕГІ МЕТАЛДАР ТУРАЛЫ

Барлық заттар таттанумен бірге тағы өзгерілуден тоқталып қалмайды. Көп нәрселердің татының өзі бірімен бірі қосылады. Бұрын бір түсті заттың қышқылтыммен қосылғанындай енді таттар бір-бірімен қосылады. Осындай қосырудан әртүрлі минералдар шыққан. Бұлардың бәрінің араласуынан жер қабығындағы тау жыныстары жасалған.

Біз минералдың ішінде қандай минералдың барлығын байқаймыз. Бірақ шындап қарасақ металл топырақта, құмда, известе, барлық тастардың ішінде түгелімен бар болып шығады. Рас, көбінен оны айырып алу қиын, металдардың кейбірі басқа заттармен мықтап байланысып қалады. Бірақ қалайда болса, бір металды екінші металдан айырып алуға болады. Кейде бір металды екіншісі айдап шығатыны болады. Оны білу үшін: сірке мен қорғасынның қосылғаны болады. Атын қорғасын қанты дейді. Сонымен аптектен сатып алыңыз. Бұның түсі ақ болады. Азырақ тұзға ұсайды. Бірақ темір затты қорғасынға да, сіркеге де ешбір ұқсастық жоқ болады. Бірақ екі заттың қосылғанында онан да ғажабырақ өзгерістер болады. Сондықтан бұған таң қалу керек емес. Енді сол қорғасын қантының ішіндегі қорғасынның анық бар-жоғын білу керек болса, оны басқа бір металмен айдап шығуға болады. Қорғасынды айдап шығатын металл цинк қорғасын қантының бір бөлімін стаканға су құйып соның ішінде ерітіңіз де бір көлденең таяқтың бетіне жіп байлап, сол жіптің ұшына бір түйір цинк байлап, соны стакандағы судың ішіне кіргізіп, асып қойыңыз. Сол қалінде қозғамай қойсаңыз, бірнеше сағаттан соң бұнда болған өзгеріске таң қаласыз. Бұрынғы бір түйір цинк жоқ болады. Оның орнында жеке бір түп ағаштай болып жарқырап, түптеніп тұрған жапырақтарды көресіз. Бұлар жан-жаққа тарауланып, сұлу болып, жарқырап тұрады. Цинкке ұқсамайды<sup>17</sup>. Анығында бұл цинк емес, қорғасын. Қорғасыннан жасалған түп болады. Ол еріткен судан бөлініп шыққан. Оны цинк айдап шығып, өзі оның орнына сіркемен қосылып кеткен.

Енді стаканыңызда сірке мен қорғасынның қышқылы емес, цинк пен сіркенің қышқылы қалған болады.

Осы сияқты, темірдің мысты айдап шыққанын байқаңыз. Бұл үшін бір көк түсті, жылтыр, қатты мыс купоросы деген нәрсе болады<sup>18</sup>. Соны алыңыз. Мұның ішінде қышқыл күкіртпен қосылған мыс бар. Ол көзге көрінбесе де барлығы хақиқат. Суға сол мыс купоросын қою қылып езіп, соның ішіне әбден тазартылған пышақтың ұшын тығайық. Екі-үш минут сонда ұстап тұрып, қайта суырып алсақ, пышақтың ұшы қызарып, мыс сияқтанып қалғанын көреміз. Бұл мысты темір айдап шыққан.

Сол ретте әлгінің ішінде пышақты ылғи ұстап тұрсаңыз, бірталайдан соң темір пышақ мыс болып шыққанын көресіз.

Мыс купоросының ішіне бір-екі күнге бір темір шегелерді салып қойыңыз. Бір түннен соң сұйық заттың түсі өзгереді. Бұрынғы көк түсінен айырылып, жасыл бола бастайды. Бұл бұрынғы көк түсті мыс купоросының орнына қазірде жасыл түсті еріген темір тұрғандығын білдіреді. Барлық мыс стаканның түбіндегі шегелерге келіп отырған. Олардың үстінен мыс қабығын жиып алуыңызға болады.

Осы ретпен басқа минералдың ішінде болған мысты оңай айырып алады. Әуелі оларды қышқыл күкірттің ішінде ерітіп барып, мыспен қосады. Бұлардың қосылғанынан баяғы мыс купоросы шығады. Оның ішінен мысты жоғарыда айтқан кесек темірді тастап отырып, айырып алады.

### **РУДАЛАР ЫӘМ ОЛАРДЫҢ ІШІНЕН МЕТАЛДАРДЫ ШЫҒАРЫП АЛУ ТУРАЛЫ**

Заводтағы машиналармен ішінен металдар айырып алатын минералдарды руда дейді. Сондықтан темір руда, мыс руда, қорғасын, цинк рудасы дегендер бар. Темір рудалары кейде тұтасқан биік тау болып жатады. Ондай таулар әсіресе Орал тауында көп<sup>19</sup>. Сондықтан баяғы заманнан бері қарай Оралда әлденеше жүз темір заводтары бар. Заводтарда руданы қорытады, шойын мен темірді айырып алады да соларды барлық Руссияға

таратып отырады. Заводтардың айналасында қалың тоғай болса да, биік тау болса да қалалар өсе бастайды. Қаланың барлық жайы үлкен-кішісіне қарамай сол заводтың қызметінде болады. Заводтар соларды асырайды. Кішкене қалалар үлкен сауда қалалары болып, байи бастайды.

Темір заводтарының қызметі қыста, жазда тоқтамайды. Күндіз де, түнде де мұнараға ұсаған үлкен “домна” пештері тоқтамай, үлкен қызумен жанып тұрады. Сонда руданы ерітіп, шойын шығарады. Тарсылдаған машина даусы, жұмысшылардың айқайы, барлығы қосылып, таңертеңнен кешке шейін басылмайтын у-шу болып жатады.

Егер темір рудасы біздің Оралдікіндей жалғыз ғана татпен араласқан болса, оны тазартып, темірді айырып алу оңай. Бұл үшін домна пешіне бір рет үстіне көмір салады, соның үстіне бір қабат руданы салады. Одан тағы отын, оның үстінен тағы руданы салады. Сонымен пештің іші әбден толғанша кезек-кезек отын мен руданы салып қойып астынан жаға бастайды. Астыңғы отын қызған кезде машинамен көрік басады. Сонымен отты қыздырып, лаулатып жандырады. Көмір қатты қызып жанып, ауаның қышқылтымының бәрін көмірге сіңдіріп, өзі таза темір болып қалады. Темір күшті қызудан еріп, ішіндегі көмірінің жартысынан айрылып, шойын болып қалады. Шойын өзінің ауырлығының арқасында төмен қарай ағып, пештің түбінде жиылып қалады.

Ерітіп алған шойынды пештің тесігінен мезгілмен ағызып алып, пештің үстіңгі жағына жаңа көмір, жаңа руданы үзбей салып отырады. Сонымен жұмыс тоқталмай жүреді. Шынында жұмыс тоқтатудың көп залалы болар еді. Себебі жұмысқа кіріскен сайын пешті қайта жағып, қайта қыздырып отыру керек. Оған артық уақыт, артық отын кететін болады.

Бұл мысалдан қыздырған көмірдің темір рудасынан қышқылтымды айырып алатын қасиетін білдіңіз. Басқа металдардың ішіндегі қышқылтымды да осылайша айырып алады. Сондықтан өзге металдарды айырарда да көмірмен пайдаланады.

Кейбір металдар үшін көмірді аса қатты қыздырмаған пайдалы, кейбірі қатты қыздыруды керек қылады. Бірақ бәрінде де қызған көмір қышқылтыммен оңай қосылады.

Сахара шпаты сияқты көп туысты тау жыныстарының ішінде “калий” деген бір қызық металл болады. “Калий” қышқылтым мен көмірден де оңай қосылады. Мысалы: “калийдің” бір түйірін суға тастасаңыз, ол судың ішіндегі бөлімдерін айыра бастайды. Қышқылтымды өзіне тартып алады. Және бұрын қышқылтыммен араласқан екінші газ судан шығып кетеді.

Көп минералдардың татының ішінен қышқылтымды калий оңай айырып алады. Бірақ қыздырған уақытта калий де қышқылтымын көмірге береді.

Калий ең жұмсақ металдың бірі. Оны пышақпен кесуге, балауызша илеуге де болады. Өзінің түсімен, жылтырлығымен ол күміске ұқсайды. Ауада тез қарайып кетеді. Себебі қышқылтыммен қосылады. Содан ауаға калийдің аппақ болып таты шығады.

Өзге металдардың бәрі бірдей калийше қышқылтыммен тез қосыла бермейді. Бұндай металдар көп минералдың ішінде болса да, оларды қосымшасынан айырып алу қиын. Және металл күйінде де ұзақ тұра алмайды. Сондықтан калий мыс, темір, қорғасын, қалайы, күміс, алтын жараған іске жарамайды.

## АЛТЫН ТУРАЛЫ

Өзге металдардың ішінде алғы бір қалыпта тұратын – алтын. Ол ауада да, дымды жерде де бұзылмайды. Сондықтан егер ол қымбат болмаса, бүгінгі темір деп жүрген нәрселердің көбін содан істер еді.

Алтынды әртүрлі тау жыныстарының ішінен айырып алады. Айрықша алтын рудасы болмайды. Басқа тау жыныстарының ішінде ұсақ-ұсақ түйір болып кездеседі.

Неше ғасырлар әртүрлі заттардың түрлі-түрлі болып өзгергені алтынға әсер бермеген. Ол өз басы бөлек, еркін қалған. Таттанған да емес, басқа бір туысты заттармен де қосылған емес. Әуелгі жер қабығы қата бастаған кезде бір тау жынысының ішінде

отырып қалған бойымен осы күндерге шейін сақталып келген. Тау жыныстары одан беріде судан бұзыла бастаған. Алтын да ұсақтанған. Ұсақ құм, ұсақ топырақ болып, солардың арасында көрінбей кеткен. Таудан қатты сулар аққанда, оларды ағызып, жайдақ өзендердің жағасына шығарып кеткен. Сол соңғы отырған жерінде де алтын жарқырап, сұлу күйін жоғалтпайды. Осы күнде өзен ертінділерінің ішінен сондай алтындар көп кездеседі. Кейбіреулер сол қиыршық алтынды жиып, құмнан, басқа минералдан айырып алады.

Алтын шыққан ертінділерді “алтын шашырандысы” дейді, алтын қазып алатын жерді “прииск” дейді. Алтын шашырандысы көбіне Сібірде кездеседі. Барлық орыс алтыны түгелімен Сібірден шығады. Алтын табу үшін бұнда әр жерден келетін кен қазушылар көп болған.

Олар елсіз, иесіз тауды, қалың тоғайларды аралап, бір даладан екінші далаға түсіп, кезіп жүріп, өзен ертіндісін қазып қарап, алтын іздеген.

Алтын табыла салысымен бұрынғы адам, дыбыс естімеген, тағы аңнан басқа еш нәрсені көрмеген елсіздер ұйқыдан оянғандай болып, жандана бастайды.

Шашыранды алтын көп көрінсе, жеңіл табыс таппақ болған байлар шұбырады. Олардың артынан топ-топ жұмысшылары барады. Темір заводтарының айналасындай болып, бұл кішкентай өзендердің айналасында да қалалар салынады.

Ағашты кесіп, жылдамдатып үйлер сала бастайды. Алтынды топырақтан тазартатын “шайқауыш” машиналар жасалынады. Әр жерден шұңқырлар қазып, арықтар жүргізеді. Бір алтын заводының артынан екіншісі шығып, өзеннің жағасы өзгере бастайды. Өзен жағасы көркінен айрылып, бұзылады. Жердің бәрі шұрқ-шұрқ тесік болады. Маңайдағы тоғай өртелген, кесілген, жағаның бәрі үйілген тас болады. Өзеннің бұрынғы мөлдір, таза суы лайланып, сұрланған болады.

Бұнда да шек білмейтін адам (...) пайданы қуып, жанына жем беретін табиғаттың сұлулығын жоғалтады. Оны ойламайды, ескермейтін болады. Бірақ адам баласы әншейіндегі өмірінде байқалмаса да, ауырып тұрған уақытында табиғаттың қадірін

ұғады. Ауырып тұрған адам табиғаттың сұлу көркінен басқа еш нәрсені қаламайтын болады.

Бұл әңгімені оқып шығып, жердің жаратылыс тарихы жайынан біраз мағлұмат алған соң, сіздер де табиғатқа білім көзімен қарап, жаратылыстың сұлулығына ықылас бөлерсіз деймін. Сонда сіздерге: мұнартқан көгілдір тау, жасыл дала, күміс өзен, толқынған көк теңіз сұлу көркімен қызықты, жарастықты көріне бастар. Сіздер де сүйерсіздер деп үміттенемін.

**Пьесапар**









# БӘЙБІШЕ, ТОҚАЛ

Төрт перделі қайғылы хал

*(Драма)*



## ОЙНАУШЫЛАР

Есендік – 55 жастарда.

Қайша – тоқалы, 35-те.

Төлеужан – үлкен баласы (бәйбішеден).

Демеужан – кіші баласы (о да бәйбішеден) 20-да.

Дәмеш – қызы (бәйбішеден), 16-17-де.

Қуатжан – тоқалдың баласы, 20-да.

Бейсембі – партия басы, Есендіктің ағайыны.

Әбділдә – о да партия басы. Бейсембі мен Есендіктің жауы.

Аманбай – Қайшаның бауыры, таз, 25-те.

Байсалбай – Қайшаның әкесі.

Күләш – Төлеужанның келіншегі

Ғазиз – оқып жүрген жас жігіт.

Рақыш – Ғазиздың жолдасы.

Күзетші.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

### *I көрініс*

Есендіктің үлкен үйі. Үйдің іші сәнді жиылған, қаралы. Күләш,  
Дәмеш іс тігіп отыр.

Күләш. Үу-уһ, апам өткенге неше күн болды, Еркем? Есім шығып кеткен ғой деймін, қара басып ұмытам да қалам.

Дәмеш. Жиырма күн болды ғой бүгін. *(Тым-тырыс.)* Уһ, Күләш-ай, осы жүрегі құрғыр бірдеңені сезе ме, жоқ па? Көңіліме апам өлмеген секілденеді де тұрады.

Күләш. Көңлің ғой, қалқам, көңіл қимайды ғой. Апам жарықтық өлімге қиярлық кісі ме еді? *(Аз тым-тырыс.)*

Дәмеш. Маған апамның өлгенінен де жүрегіме қатты бата-тын бір нәрсе бар.

Күләш. Ол не, қалқам?

Дәмеш. Әншейін, апамның соншама алақанына салып еркелеткен қадірін білмеппіз ғой. Сөзі болса, ылғи күндесінді жамандайсың деп тыңдамаушы едік. Іс тапсырса, жүз айтқызбай істемеуші едік. Бір құрбы қылыпмыз да жүріппіз ғой.

Күләш. Еркем-ау, менің де күндіз-түні ойлайтыным осы. Неге отымен кіріп, күлімен шықпадым екен? Неге батасын ала бермедім? – деп бір түрлі өкінем.

Дәмеш. Біз үшін Қайшамен не деспеді. Енді мұның жайлауы жарасып, жері кеңіп отырғаны мынау. *(Аз отырып.)* Апамды осының қайғысы алып жеді ғой. Ұрыспайтын күні болушы ма еді? Апам тыныш отырса да, сөйлесе де соқтығып жағаласудан көз ашты ма? Біздің бәріміз сонда да апамның сөзіне құлақ салдық па?

Күләш. Апам жарықтық кісіге жаманшылық ойлауды білуші ме еді? Бүгін тас-талқан болып отырса да, ертең кіші апамның бар мінезін ұмытып, кешіре беруші еді. “Бұл байғұсқа қылмағаным бар ма еді? Төркініне апартып тастамақшы да болдым. Бүгін

теңессе, құдай көз жасын иген шығар”, – деп, тоқалды шақыртып татуласып қалатын. Өмірі ішінен кегі кетпейтін – мына кісі ғой.

Д ә м е ш. Тоқалдық қулығын кісі сезе ме? Апамды әсіресе күйдіргені – екі-үш жылдан бергі сатылған малдың бар ақшасы тоқалдың қолына жиылғандығы ғой. “Бәйбішенің балалары енші алғанда, малды көп алып кетеді. Осы күннен өз бетіме мал жиям” деп, базаршылар әкелген ақшаны ағамның қолынан талай жұлып алып сандығына салыпты ғой!..

К ү л ә ш. Оны білем ғой. (Тоқтап.) Еркем, есінде бар ма, апамның тағы бір қатты ашуланғаны? Бір күні қалаға мал айдамақшы болып, ылғи Төлеш пен Кенженің тақымына басқан аттарын сатпақшы болды ғой.

Д ә м е ш. Ұмытып қаппын... Ол күнде апамды ұрса береді деп сөккеннен басқаны білуші ме едік?

К ү л ә ш. Апам сонда Атекеме бірталай сөз айтты.

Д ә м е ш. Не деді?

К ү л ә ш. “Менің балаларым момын. Тоқалдың қылығына қарай қылық қылмайды. Бұл үйде тоқал мен баласының алдынан шығатын – жалғыз мен, менің көзім тірі отырғанда балаларымды қақпайлағысы келеді, еш нәрсеге ие қылғысы келмейді. Кешегі есепке алынбайтын тоқал бұл күнде дүниенің бәрін бауырына басып әкетіп барады. Оған сен болыспасаң, тегінде, осының балалардың көңіліне түйін болып байланып жүрмесін. “Біз құмадан туып па едік? Неге еске алып, есепке тұтпайды? Бізді күннен-күнге тоқалға құл қылып барады” деп, өз басыда өкпе салып жүрмесін”, – деді.

Д ә м е ш. Ағам не деді соған?

К ү л ә ш. Атекем басында құлақ қойған жоқ<sup>3</sup>. “Қолында дәнмесі жоқ тоқалмен неменесіне арпалыса бересің? Кешегі күндікте жүрген тоқал емес пе, неменені билеп-төстеп кетті?” – деді де қойды. Ылғи сөйдеп алдаушы еді ғой.

Д ә м е ш. Иә, сөйтіп алдайтынын да біліп отырушы едік қой. Тағы не айтты апам?

К ү л ә ш. Апам әлгі сөзге ашуланып: “Тоқалды өтірік бейшара қылғаныңды қойшы осы. Тоқал бұрынғы тоқал ма? Осы күнде сен ауған соң, есеге қолы жетіп, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып отырғанын кім білмей отыр? Енді ол қатындікі өз бетіне. Жастығынан қорықтың ба, абыройымды ашар деп қаймықтың ба, әйтеуір жалынышты, жалпетек болдың. Онын өзі

бір төбе. Енді баласын да баламнан артық ұстағың келіп отыр ғой. Осынын да білгендік пе? Тоқалдың баласына қай уақытта есе тиіп еді?” – деді.

Д ә м е ш. Мұнысына не жауап берді? Тағы бірдеме деп алдай салды ма? Жок, тоқалдың дауын айтты ма?

К ү л ә ш. Оған айтқан жауабы толып жатыр. Апаммен ұзақ сөйлескенін көргенім сол. Ондағы айтқаны: “Қуатжан тоқалдан туған бала болса, менен де туған. Алды-артында толып отырған інісі жоқ, басы жалғыз. Ертеден қара кешке жетім баладай көзге түрткі ғып отырғанымыз лайық па?! Менің басымда оның қарызы жоқ па? Жас күнінде шешесін қуып, бір жетімсіреттік. Ержеткенде өнер үйретіп, оқу оқытып еркін жүріс жүргіздік пе? Керек десе бір тайды тақымына басқыздық па? Малшының баласы қандай болса, сондай болған жоқ па? Сенің балаларың көрген жақсылықтың, еркеліктің ширегін көрді ме? Енді малға не болып, дүниені басқарып отырса, пысықтығынан отыр. Сенің балаларыңда ол өнер жоқ, не қыл дейсің?” – деді. Сөйтіп, көрінеу тоқалдың сөзін айтты.

Д ә м е ш. Байғұс, бұл сөзді естігенде қайтты екен?<sup>4</sup> Соңғы жылда Қуатжанды сүйеп жүргенде айтатын сөзі осы ғой.

К ү л ә ш. Апам ашуланып, ешбір сөз айтпай отырып қалды.

Д ә м е ш. Әйтеуір апамның айтқан сөзі күннен-күнге болып келеді ғой. Аузына құдай салды ма, немене? “Әй дер әже, қой дер қожа жоқ, бәріңе жетімдікті көрсетер” (*жылап*) деп еді ғой.

К ү л ә ш. Өлім аузында жатқанда<sup>5</sup> табалаған бұл дұшпан не қылмайды дейсің (*күрсініп*). Мен тұрғанда үлкен үйде кім отырады деп, үйге кіріп алып, дүниенің бәрін баурына тығып бара жатқанын көрмеймісің?

## II көрініс

Әбділда, Төлеш кіреді.

Ә б д і л д е. Шырағым, бір дастарқан жайшы. (*Күләш жаяды. Әбділдә құран оқиды, бата қылады.*) Шырақтарым, шешелеріңнің алдынан жарылғасын<sup>6</sup>.

Т ө л е ш (*ақырын*). Айтқаныңыз келсін (*Күләшқа.*) Қымыз әкел.

Ә б д і л д ә . Әй... марқұм Бәтимәм жақсы еді-ау! Дүние шіркін осы ғой – ұшығына жеткізбей бара жатқан. Болмаса, тоқал өліп, Бәтимә қалса да, Есендік өлмес еді ғой. Бәтимә ағайынның анасы еді. Мына тоқал кімнің ажарын сақтайды дейсің?!

Т ө л е ш . Неге, Қайша ағайынды қуар дейсіз бе?

Ә б д і л д ә . Ай, шырағым-ай, қойшы! Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады. Кісі қадірін біліп көрмеген құрдымның қызы – бұл кімді сыйлайды дейсің? Есендікті мұрнын тескен тайлақтай жетектеп алғаны – анау. Әйтеуір момындық жақсы еді ғой деп, бәрін бірдей тоқалға бағынып кете жүрмеңдер!

Т ө л е ш . Бағынғанмен де, не зиян болар дейсің, кімнің ба-сына секіреді беталды.

Ә б д і л д ә . Ой, шіркін, сен де тоқал-тоқал деп, жалтаңкөз болам десеңші. Бірақ мұның мына балаларыма зиян ғой, мейлің.

Қайша кіреді.

### *III көрініс*

(...)<sup>7</sup>

Ә б д і л д ә (*Қайшаға амандасады*). Кәпірдің құлпырып кеткенін қарашы, Бәтимәдан құтылып алып!

Қ а й ш а . Сынап жүреді-ау бұл дұшпан, дұшпандығын тас-тамай. Істесең дұшпандығыңды үйінде істе, менің үйіме келіп шалуыттамай!

Ә б д і л д ә . Адыра қал! Мен сенің үйіңе келіп отыр ма екем? Мына балаларымның үйіне келіп отырмын. Кешегі жақсы Бәтимәнің орнына құран оқығалы келіп отырмын. Есендікпен жау болғанмен, Бәтимәмді ұмытпаймын.

Қ а й ш а . Балалардың үйі жоқ! Бұл – менің үйім, өйтіп бөлшектеме! Дұшпандығың осы емес пе?

Ә б д і л д ә . Дұшпан десең – дұшпанмын. Сенімен дос болған кісі не барқадар табушы еді? Бәтимәнің бет топырағы жасырынбай жатып, “бұл үйдің иесі мен, мен” деп, балалардың жүрегіне жара салып отырған сен жыланнан не жақсылық күтуге болады?

Қ а й ш а . Көлгір дұшпанның сөзін қарашы, балаларға қорған болған кісімсіп отырғанын! Бала айтқанға көніп, айдағанға

жүрсө – балам, ішімнен шыққан Қуат жаннан кем көрмеймін. Егер сендей азғырғыштың тіліне ерсе, түк те жоқ.

Ә б д і л д ә . Кел қысқарт, кел қысқарт. Тілін, тілін кәпірдің шағып алып қарап тұрған!

Қ а й ш а . Тілім сол! Қайтесің: шақты десең – шаққаным (*Балаларға.*) Сендер немене қымыздың бәрін бұған беріп, сөзіне еріп отырғандарың? Керегі жоқ бұның құранының! Күнәлі болса, дұспанның құраны кіпәрәт болмай-ақ қойсын. Бұл дұспан!

Т ө л е ш . Қойшы, Қайша, жоқтан өзгені айтпай!

Ә б д і л д ә . Қуарған! Осы кеше сені Бәтимә ат сауырына<sup>8</sup> мінгізіп, төркініңе апартып тастаймын дегенде, бекер тоқтатқан екем ғой. Мал-басқа иемін деп тұратын аю қатын боларыңды білмедім ғой. Айтқанымә көніп, айдағанымә жүреді дедім ғой, сорлы басым.

Қ а й ш а . Қайт дейсің? Менің де көзім ашылып, есеге ілінгенімді көр – міне. Маған көрсетпеген қорлықтарың бар ма еді? Сенен де көрген жақсылығым жоқ болатын. Құдайдан қорықпай, өтірікті неге айтасың?!

Ә б д і л д ә . Не айтар екен тоқтай тұр?!

Қ а й ш а . Не айтайын, неге қолым жетсе де, өз талабыммен жетті. Өзімнің жігер, намысымның арқасында жетті.

Ә б д і л д ә . Мына балалардың көзінше қояңды ақтартқың келген екен, сорың құрғыр, талабың мен өнерің жас жігітпен қашып кетем деп, Есендікті қорқытып алғаның ба? Екінші айттып отырғаның – бар-жоғыңды беріп, Бейсембіні өзіне қаратып алғаның шығар, ол өнеріңді де білем! Сен ертең де істейсің оны!

Қ а й ш а . Құдайға шүкір, істеймін! Байды да, баланы да, дүниені де билеймін! Ішің күйсе тұз жала, не қыл дейсің? Саған енді ақылдасарым да, жалынарым да жоқ.

Ә б д і л д ә . Жоғал, кәпір, шабалаңбай! Балаларымнан садаға кет! Сенің не істегелі жүргеніңді мен білмейтін шығармын. Бірақ аяғыңды байқап бас! (*Төлешке.*) Шырағым, мені аттандыр, мына кәпір құранды да оқытатын емес қой өзі.

Әбділдә Төлеш шығады.

#### *IV көрініс*

Қ а й ш а . Неге тыңдайсыңдар ол дұспанның сөзін? Күніңе жүз дұспан келсе, бәріне де ұйысың да отырасың, түге. Дұспанның

сөзі жағады-ау сендерге, қасқырдың күшігі құсаған өңшең жат бауыр неме! Сен ендігәрі отырма бүйтіп майысып (*Күләшқа.*) Мауқың басылатын болды ғой, түге!

К ү л ә ш . Біз не жаздық сізге? Әлгі кісімен ұрыспадың дейсіз бе? Апамды сіз ұмытқанмен біз қайтіп ұмытайық?

Қ а й ш а . Жоғал әрі! Күндестен құтылдым ба десем, орнын сен басайын деген екенсің (*Қатты.*) Сен де Есендіктің қатыны ма едің?!

Дәмеш, Күләш шығып кетеді. Бейсембі, Есендік, Төлеш, Қуатжан кіреді. Қайша отырады.

### *V көрініс*

Есендік (*Бейсембіге*). Кәне, енді еліңнің жайын айтшы? Сайлау жақындаған сайын, елдің таразысына қарап қыпылдайсындар ғой.

Б е й с е м б і . Қыпылдаудан кім аман қалар дейсіз?

Е с е н д і к . Әйткенмен отқа жақынның қолы күйеді, бәрімізден де сен бұрын қобалжисың ғой.

Т ө л е ш . Әбділдә құрдасыңыз да “бір старшын, екі старшын” деп жүрген көрінеді.

Е с е н д і к . Оны қойшы, партия болмаса. Арқамды күн шалмайды дейтін Әбділдә елдің бүлінгенін тілемесе, нені тілейді? (*Бейсембіге*) Өзге ел қалай?

Б е й с е м б і . Елдің бәріне де сыпсың сөз кірген көрінеді (*Қымыз келеді.*) Жәркенің жігіттері: “Елді алдық” деп, есіріп жүр. Қанша сенің бауың берік болатынын кім біледі? Біз әлі қозғалғанымыз жоқ. Жаңа ғана жан айласын қылып, қыбырлай бастағанымыз осы.

Е с е н д і к . Жәркенің жігіттері кім-кімді алдық дейді екен?

Б е й с е м б і . Олар 11 старшыннан – 2 старшын Жәрке, 3 старшын Бәйке, 5 старшын Қоскені алдық деп отыр<sup>9</sup>. Ендігі майданның үлкені осы өздеріңнің алтыншыларында болады, Әбділдәнің базары көтеріліп тұр. Алтыншы жеңіп берсе, ол шарыққа шықты.

Е с е н д і к . Біз мына бес старшынға сенімдіміз бе? Осының өзі жарықсыз тап басып тұра ма?

Б е й с е м б і . Бауырыңа тартып, бойынды көрсетпесең, олардың бірі де тұрмайды. Баяғыдан партияның ісі мәлім емес



пе? Партияның тауқыметін көретін кісі алдымен белсеніп өзі шығуға керек. Өзің бұғып жатып, алдыма сен түс дегеніңе кім жүреді? Алдымен бой көрсеткен кісі соның жақсылығына да, жамандығына да жалғыз не болады. Әншейінде біз тәуірсіміз. Атаның аруағы бар, бәйбіше баласы деген атағымыз бар, басымызға үйірілген дос бар – осының бәріне қарасаң, алдымен біз белсеніп шықпасақ болмайды.

Е с е н д і к. Бізден басқа да жақсы деп жүрген бар ғой. Солар неге бір жолша бастамайды.

Б е й с е м б і. Бізден басқалар болғанмен, олардың артынан ел ермейді. Бастасаң – өзің баста. Өзіміз сықылдыларға бағындырма! Тастай алмай жүрген кісілігіміз жоқ депті. Мұнысы дұрыс. Біз бұлай жатсақ, ел іші жарылады. Әркім әр айғырдың үйіріне сіңіп жүре береді. Бірақ сонда орын таба алмай, қаңғырып қалатын біз боламыз.

Е с е н д і к. Шығын да көп шығады ғой енді бұған.

Б е й с е м б і. Бұл қалыпта көп шыға қоятын көрінбейді. Ел сорлы бақтың құсы емес пе, біреудің басына байыздап отырма? Болымсыз жем шашсаң, талайы-ақ теріп кетейін деп отыр. Әр жерден тамырын ұстап байқап жүрміз.

Т ө л е ш. Әуелі қанша шығарамыз дейсіздер?

Б е й с е м б і. Отыз ат, мың сом ақша<sup>10</sup>. Кәне, осының қаншасын көтересіндер? Бүгінгі сендермен сөйлесейін деп келген сөзімнің бірі осы?

Қ а й ш а. Шығын-шығын деп келесің де отырасың, неменен бар осы? Не балама берген кісілігің жоқ. Болсаң өзің боласың. Елден үйірлеп алып жатқан малдан тым болмаса бір тайдың теңі қылып, өзің біліп әкеліп те бермейсің. Бір емес, екі емес, шығыннан басқа айтарың бар ма осы?

Б е й с е м б і (*жыммып күліп*). Шығыннан басқаны неге айтпаймын, айтамын, тұра тұр.

Қ у а т ж а н. Осы партияны істемесе болмай ма? Кімді кім жеп жатыр? Мал-басқа есе қылмай, жалпы жайдақтап, құл құрықтап бір тауысады. Болыстықтың не қызығын көрдік? Алған жалуанасы\* қонақасыға да жетпейді.

Е с е н д і к. Партияға берген мал құмға су құйғанмен бірдей екені рас қой. Не бағасы жоқ қулар құлындағы сақау, құнандағы тісеуін айтып бұлданады да отырады. Жалынасың,

\* Жалуанасы – жалованиесі (еңбек ақысы).

барыңды тығындайсың. Байлау-матау жоқ, ол қу ертең айтқан жерінен табыла ма, жоқ па? (*Тым-тырыс*). Білмеймін, әйтеуір жау деп жүргеніміз де өзіміздің туысканымыз. Қызғанып жұлысатынымыз да солар. Екі арада жем айырып жүрген – ылғи жат, ылғи бағасыздар.

Қ у а т ж а н. Партия еріккеннің салдары ғой. Әйтеуір шығын шығатын болса, сол жеңген жаққа қиналмай-ақ берсек болмай ма? Біздің берген малымыз басқа жұрттыкіндей қайтып та алынбайды.

Е с е н д і к. Партияға берген мал арам мал ғой әйтеуір.

Қ у а т ж а н. Партияға беретін малымыз жоқ. Келер пайдасы болмаған соң, арам тер болып неміз?..

Б е й с е м б і (*жарыса көтеріліп Қуатжанға*). Қысқарт енді, сен, сөзіңді! Мен саған сынатқалы келіп отырмын ғой, тегі ісімді. Ел талқысын бір көрсем, сендердің талқыңды екі көрем ғой, тегі. Сендерге мен жалыныштымын ғой, тегі. Бұл не деген санасыздық? Қыс бойы тоқалдың баласы Жәркемен қосылып, Еркенің бойын шауып аламын деп аласұрып шықты. Еркенің көлденең аққан суын шаба ма? Жағасындағы ағашын шаба ма? Ұзында өшті, қысқада кекті қадаған жауын шабады. Жауы кім? – Сені мен мен. Оның ішінен жаман-жақсы болса да анама қараған кара шаңырақтың иесі сенсің, ауыртпалық сендерге түседі.

Е с е н д і к. Біздің не жазығымыз бар оларға? Не кінә қояды солар?

Б е й с е м б і. Сенің жазығың жоқ болса – менің де жазығым жоқ. Тоқалдың баласы болса – туысканым. Туысқандықтан басқа жат мінезді көрсе – айтсын. Туысқан ол түгіл, бөтен Жәркеге де жазығым жоқ. Қызының қойнынан шыққаным жоқ. Ерінің құны, нарының пұлы жоқ. Неге мал малданасың, неге кісі боласың? – дейді. Бұл зорлық емес пе? Жәрке кешегі менің әкемнің қарашасы болатын. Тоқалдың баласы затсыздығын қылып отыр. Атамның аруағын жауға қосылып жоғалтқысы келеді. Еркек болсаң – атаңның аруағына қыз. Жоқ, заман келді; енді Жәркенің қарашысы біз боламыз десендер, оларыңды айтыңдар! Малдан туыпсыңдар ғой, малдың құлы болғанда, Жәркенің құлы болу қиын ба?!

Е с е н д і к. Білмеймін, аяғын өздерің білесіңдер. Енді мал-басқа иеміз деп отырған сендерсіңдер, айтыңдар сөздеріңді.

Бейсембі. Жүрсендер, ешкімге тауқымет артпайсыңдар. Менің қолқама жүрмей-ақ қойыңдар. Түбінде мен өз басым үшін саспаймын. Мен Жәркеге барсам да, сол тоқалдың баласынан кем орын алмаймын. Бірақ сен сықылды туысқанымды, жана-шыр досымды жылатады, сонысы батады. Жат ағайын айдының жоқ, артында жалғыз досың жоқ. Қолыңда қыруар малың бар. Түбінде жем болсаңдар – сендер боларсыңдар. Әбділдә-ақ тауысады сендерді (*Тым-тырыс*). Еске алынып, есепке тұтылмай, Керей, Уақтың келімсегіндей Жәркенің біреуіне қоңсы қонып жүрерсіңдер.

Төлеш. Біздікі әншейін қара жарыс қой, бише-аға! Әйтпесе сіздің айтқаныңыздан қайда кетеді дейсіз. Бабаның жолын сіз қуғанда, көзі тірі отырған әкенің жолынан біз неге адасайық. Мал-басқа біздің де иелігіміз жоқ.

Қайша (*Бейсембіге*). Барыңды айтып тауыстың ғой өзің. Шығыннан басқаңды айтшы кәне.

Бейсембі. Шығыннан басқа сендерге айтқалы келген сөзімнің бірі мынау: бұны әнеугүні Қайша мен Есекеңе шет-жағасын айтқанмын. Осы елдің партиясы қырық құбылып, жүз толқып келгенде алтыншының таразысына қарайтын көрінеді. Баяғыдан алтыншының қалпы осы. Әбділдәнің бойын өсіріп жүрген де сол. Енді оны бір отамай, көз ашылмайды. Жүнін жығып алып жұрт көзінде бағасын түсірмесең болмайды. Қарын шашы алынбай, асып кетті.

Төлеш. Оны қайтіп аламыз дейсіз?

Бейсембі. Оған мына Қайшаның әкесі Байсалбай да қосылып алып, бір тоқтамады. Енді не қылса да осы Байсалбайды алу керек. Әйтпесе – жеңілеміз. Байсалбайдың сырын тартып жүрмін. Ол: “Үй ішінен үй тігейік, сүйек жаңғыртайық” дейді. Ана Аманбайға Дәмешті сұрайды. Мен оған уәде беріп жүрмін. Бүгін осында келіп сөйлеспекші. Енді осыған сөздеріңді бір жерге қосыңдар. Берген лайық.

Төлеш. Кім біледі, Дәмештің өзі апасы өліп, уайымдап жүр. Жайлап айтып, алдынан өтпесе, жылап ренжіп жүрмесе?

Қуатжан. Ренжуіңе болады. Әуелі өзіне жайлап айтып, ұқтыру керек. Қас-қабағына қарамасақ болмайды.

Бейсембі. Айту керек десеңдер, Байсалбаймен уәделескен соң, Қайша жайлап айтар. Біз енді осы уақытқа шейін апақарындасымыз, балаларымызды сұрап алып, күйеуге беріп көргеніміз жоқ. Керек десе, еркек өзімізге де қатын әпергенде ырзамысың деп сұрап көрген жоқ. Тек баланың бағы болсын.

Есендік. Солай екені рас кой<sup>11</sup>.

Қайша. Қатын үсті болмаса, кәрі күйеу болмаса, кедей болмаса, салт атты, сабау қамшылы болмаса, одан артық қандай күйеу керек? Өзім жайлап ұқтырамын. Ағам келсе, сөздерінді сөйлесе беріңдер.

Бейсембі. }  
Есендік } Дұрыс.

(Байсалбай кіреді.)<sup>12</sup>

## VI көрініс

Қымыз құйылады.

Бейсембі. Ақсақал, Әбділдә досыңның не әңгімесі бар? Қанша туысқанға қақпан құрып жүрмін дейді? Осы күні ғой партиядан басқа тілеуі жоқ (*Тым-тырыс.*) Тілемей де қайтсін... Қақпанды басқалы қыбылжып жүрген ел – анау. Пышағы құйрық үстінде, әншейін “қанды басың бері тарт” деп отыр ғой.

Байсалбай. Ой, шырағым-ай, оның өмірін итке берсін де. Артынан ерген туысқанды қарақтаған соң, не қасиет қалды? Барар жер, басар тауы қалды ма өзінің? Абай жарықтық өзінің ел-жұртқа сыйымсыз бір туысқанына айтыпты ғой:

Соқақ-соқақ жортады көк бөрілер,  
Сонда да жүйрік атқа бөктерілер.  
Табынан бөтен жүрген сорлы жігіт  
Әр жерде жұрт көзіне жек көрінер, –

деп.

Есендік. Әбділдәні қанша жамандасандарда, елді жиіркенте алмайсыңдар, не керек. Қысқа күнде қырық құбылып отырса да, алдауы жетті деп тастап кететін бір адам жоқ.

Байсалбай. Япыр-ай десеңші? Осы менің де Әбділдәмен жолдас болғанымға көп болды ғой. Істеген ісімізде қаяусыз дос

болдым. Соның алғанын зор қылып, қарағанын жер қылмақ болып-ақ жүрдім. Еріп жүріп момынды да, жақынды да жылаттық. Бірақ сол жүрістің бірінде мұның басына сеніп жүрген емеспін. Ал қалайша жүргенімді осы күнге шейін білмеймін.

Бейсембі. Әбділдәнің кісі алғыштығы, бауырына тартып, үйір қылып әкеткіштігі бар-ақ. Бірақ шіркіннің бар жаманы ет-бауыры елжіреп, біреуді туысқан, біреуді дос деп, әсте бойын бере білмейді ғой. Қандай айнымайды-ау деген дос болсын; әуелі бір бәлеге сүнгітіп алып, оны өзі айырып алған кісі болып, досының мойнына есептеп ұпай салады. Сөйтіп жалынышты қылып алады ғой.

Байсалбай. Міне, осы. Бүгін ауыз жаласып отырсаңда, саған арнап қойныңа бір тас тығып отырады. Сен де сырт бересің ғой әлі, сені осымен матайын деп, бір қауіптің жотасын көрсетіп қояды ғой<sup>13</sup>. Әйтеуір ұшығына бір жете алмай-ақ қойдым, не керек.

Қуатжан (*Бейсембіге*). Атқа мінемін деп отыр едіңіз ғой. Мына кісілердің сөзін естіргіп кетсеңізші.

Бейсембі. Иә, енді осыған келейік (*Байсалбайға*.) Аксақал, кешегі сөзіңіз туралы біз үй іші болып кеңесіп, ырзалық білдіргелі отырмыз. Әуелде бас сүйескендікпен бала алып, бала де беріскенбіз. Одан бергі от басы-ошақ бұты өкпе болса, тастасқан жөн. Енді біз қайырлы болсын айтамыз!

Байсалбай. Дұрыс, қарағым. Ат айналып қазығын табады. Төрімнен көрім жуық болып отырған заманда мен араз болып балаларымнан қайда барам? Күйеумен көркейіп, жиенімен жеңкеюге мен де ынтық жанның, бірімін. Араздық шіркін не қасиет береді. Ескі достықты ұмытпағандарыңа рақмет. Тек балалардың өмірі ұзақ болсын! (*Қымыз жиыла бастайды*.)

Бейсембі. Рас айтасыз, бұл дүние бабадан да қалған, атадан да қалған. Бәріміз де түбіне жетпейміз. Татулықтан қызық не бар? Жақынымызбен жатша жұлқысып жүріп, өкініп өлеміз! Не қасиет бар?

Байсалбай. Бәрекелді, қарағым, рас айтасың!

Бейсембі. Ендігі сөзді тағы сөйлесе жатармыз. Бүгін мына Қаумен аулында жиылыс бар еді. Соның жайынан тысқа шығып, бір сөйлесіп алайық.

Есендік. Иә, енді сөздеріңе кірісіңдер.

Бәрі шығады.

## VII көрініс

Қ а й ш а (*жалғыз*). Бұйырса, тағы бір арманыма жеткелі тұрмын. Бейсембі жақындықты ақтайтынын білуші едім. Әзірше айтқан жерінен шығып келеді<sup>14</sup>. (*Күлімсіреп.*) Шіркін, өзгені былай қойғанда да, Есендіктің мал-жанын соған билетіп отырғаным жоқ па? Алдынан шығатын тірі жан жоқ. Кешегі Бәтимәнің заманында мұндай болып па еді? Осының бәрін о да есептер (*Түрегелін.*) Есептесең – есепте, мен де ұтыла қоймаспын. Менің арманым дүние емес, басымның кегі болатын. Іздегенім есем болатын. Оған қолым жетпесе<sup>15</sup> мен Есендікке қатын да болып жүрмес едім (*Аз тұрын.*). Рас, әуелі қызбен сөйлесейін. Ол неме көнбейді ғой. Бұған не айла бар? (*Ойлан.*) А-а-а, қыз қайда екен өзі? (*Шақырады.*) Дәмеш, ә Дәмеш!

Дәмеш кіреді.

## VIII көрініс

Д ә м е ш. Немене?

Қ а й ш а. Мұнда келші, қарағым! Отыршы мына араға! Әкең, ағаларың маған сенімен сөйлес деп кетті. Жасың болса жетіп қалды. Сен бізге бала көрінгенмен, жұрт көзіне бойжеткен қыз болдың. Кеше менің әкем Бейсембіге, ағаңа кісі салыпты: “Әуелден бас сүйескен жақын едік, бұрынғы сүйегім ескіріп барады. Қайтадан сүйек жаңғыртайық, мына Аманбайға баласын берсін”, –депті. Бұған не айтасың?

Д ә м е ш<sup>16</sup>. Апам болса, мені Аманбайға берем деп ешкім айтпайды ғой (*жылап.*) Жетім дегендері ғой. Әйтпесе, менің теңім Аманбай ма еді?

Қ а й ш а. Аманбайдан артық кімге тиесің? Күйеу таңдайын деген ойың бар ма еді? Оның маскара екенін білмегенің ғой. Қыз ержеткен соң борыш болады. Әке-шешенің қарызы – ертеден құтты орнына қондыру. Балалық қылма, қарағым.

Д ә м е ш. Менің ырзалығымды сұрайтын болсаңдар, Аманбайға өлсем де тимеймін. Әуре болмаңдар.

Қ а й ш а (*ойланып*). Мейлің енді. Сені зорлайтын әке-шеше жоқ. Мен айт деген сөздерін айттым. Ағаларыңның өкпесін өзің көтерейін дегенің ғой. Бермей-ақ қой дейін (*Шығады.*).

## *IX көрініс*

Дәмеш (*жалғыз*). Қайшаның қақпайына көне берсем, мені біреуге күн қылып беруден де тайынбас. Неге көнейін.

## *X көрініс*

Ғазиз кіреді. Дәмеш түрегеледі.

Ғазиз. Неге тұрдың, Дәмеш, үріккен кісіше? Мен әлде мезгілсіз уақытта келдім бе?

Дәмеш (*күліп*). Неге үркейін, кісі үркетін кісі ме едіңіз сіз?

Ғазиз. Үрікпей жүрген де мінезің белгілі ғой. Құрғақ қасық ауыз жыртады. Құр сөзбен жұбатуың жеткен жоқ па осы?!

Дәмеш (*күліп*). Түңілген кісіше сөйлейсіз ғой. Неден қажыдыңыз?

Ғазиз. Мен еш нәрседен түңілмеймін. Түңілетін кісі үш жылдай хат жаза ма? Мен әлі күнге үміттімін. Тас бауыр ет болып жібімес пе екен деп күтіп жүрмін. Тек түңілдірме (*Күліседі.*) Игіліктің ерте-кеші жоқ.

Дәмеш. Сіз менің сөзімді бұрмаламаңыз. Сізбен сөйлесу қиын ғой осы. Қашан сөйлессеңіз де сөзіңіздің арты бір түйінге әкеп соқпай тұрмайды. Игілігіңіз не?

Ғазиз. Игілік әр адамға әр түрлі. Менің күтіп жүрген игілігім бір басқа.

Дәмеш. Сіздің игілігіңіз не? Шыныңызды айтыңызшы?

Ғазиз. Менің күтіп жүргенім – әнеугі хатымның жылы жауабы (*Күледі.*)

Дәмеш. Тағы хатыңызға сұрау салып жүрсіз бе? (*Күліп.*) Өзіңіз беріп, өзіңіз сұрау салуыңыз қалай?

Ғазиз. Хатымның өзін сұрап жүргенім жоқ. Соның бұйымтайын сұраймын.

Дәмеш. Одан артық сұрарыңыз бар ма?

Ғазиз. Бір тілегімді қабыл қылмай тұрғанда, тағы бір тілек айтар не шамам бар. Мен бермейді деп қорқам. Сұрайын: қай тілегімді берер едің?

Дәмеш. Өзіңіз қай тілеуімді бермейді деп қорқасыз? (*Ғазиз түрегеліп қасына барып, қолынан ұстайды.*) Ақырын, біреу келіп қалмасын. Кәне, айтыңызшы?<sup>17</sup>

Ғазиз. Менің жүрегімнің түкпіріндегі шын тілегім:

өзіңнің басыңды сұраймын (*Түріне қарап, қолынан ұстап тұрып.*). Осыған не айтар ең?

Дә м е ш . Олай болса, сол тілегіңізді сұраңыз.

Ғ а з и з . Шын ба?.. Уағда ма?

Дә м е ш . Бұныңыз қабыл болады (*Қызарып күліп.*) Уағда.

Ұзақ сүйіседі.

(Ш ы м ы л д ы қ)<sup>18</sup>

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### *I көрініс*

Төлештің отауы. Дәмеш жалғыз.

Дә м е ш (*хат оқиды*). “Қалқам, энеугіден кейін жолыға алмадым. Сағындым. Көңілімнің жалғыз жұбанышы – “уағда” деген бір ғана сөзің. Мақсұтым – бұрынғы. Өз көңілің қалай? Не ойлаған ойың бар? Үйлерің Байсалбаймен құда болып қойды ғой” (*Аңырып.*) Бұл өтірікті кім айтты екен? (*Оқиды.*) (“Ырза емеспін деген сөзді айта алмадың ба? Іс мұндайға айналған соң, салақтық етуге болмайды<sup>19</sup>. Біздің де қам қылуымыз керек. Саған енді бір жолығып ақылдасайық. Мына Рақыштан жауабыңды айтып жібер. Қош. Ғазизің!” (*Аз тұрып.*) Не дейді, Құдай-ау!.. Шын ба, өтірік пе?

Рақыш кіреді, отырады.

### *II көрініс*

Р а қ ы ш . Оқып болдың ба, Дәмеш? Не жауап айтасың?

Дә м е ш . Рақыш-ау, мұнша өтірікті қайдан үйренгенсіздер?

Р а қ ы ш (*аңырып*). Е-е, мына Құдай не дейді? Қалқам-ау, қай арада өтірікші болып қалыппыз?!

Дә м е ш . Осы құда болыпты дегенді кім айтты сіздерге?

Р а қ ы ш (*күліп*). Е-е, тәңірі, мынаны айтады екен ғой. Оған өтірікші болар ма екенбіз?



Дә меш (*күліп*). Болар ма екенбіз дейсіз-ау, болып отырып. Ол рас болса, мен неге білмеймін? Маған Қайша арамдық қылса, Күләш айтса керек емес пе? Әлі күнге маған бір ауыз сөз айтқан кісі жоқ. Бұларыңыз бекер.

Рақыш. Өзің басынан бір ауыз сөз естіген жоқпысың? Жоқ, бүгінгі болған істі білгем жоқ деймісің?

Дә меш. Басында сұрағанын естігемін. Онда ырза емеспін, мені қажамандар деп, бәрін де қойғызғамын. Сіздер жұрттың өсегіне малданып жүрсіздер.

Рақыш (*байсалданып*). Менің сөзіме нансаң қайтеді, бала, осы?..

Дә меш. Жарайды, ұялғаныңызға көрінсін.

Рақыш. Апыр-ай, Дәмеш-ай, енді көңіліңді жыртпайын деп, сонша білмегенсіп қашып едім болмадың ғой. (*Дәмеш аңырады.*) Осы қарғыбауын әкеп отырса, құда бола ма, болмай ма? Анау үйдің жанына бір түйе, бір ат әкеліп байлап отырған кісі кім болушы еді?

Дә меш (*өңі бұзылып*). Қойшы!.. Не дейсіз?.. (*Аз тоқтап жылап.*) Өлген жалғыз апам емес! Маған жаны ашитынның бәрі өлгені де, бәрінің де жау болғаны ғой<sup>20</sup>.

Рақыш. Қалқам, бұл жаулықпен істеген іс деймісің? Қазақ болған соң, қазақшылығы болмай тұра ма?

Дә меш (*жылап*). Жоқ мен қорғаны жоқ жан екемін. Қарсы айтар жауабы жоқ сорлы екем.

Рақыш. Олай деме, Дәмеш. Қорғаның неге жоқ болады? Өзге қорғамаса, біз қорғаймыз. Қазақ қай қызын ырзалығымен беруші еді? Бәрі де өлмейтін күнін өзі көріп жатқан жоқ па? Өзің ойлан, Ғазиз не дейді? Біз осыны естіген соң, әдейі өзіңмен ақылдасайық деп отырмыз.

Дә меш (*жағын таянып қатты ойланып отырып*). Рақыш, бұл рас болатын болса, Ғазизге сәлем айтыңыз!

Рақыш. Мақұл, айтам, қалқам!

Дә меш. Менің мұнда сенерлік кісім жоқ екенін көзіңіз көрді ғой. Ендігі менің жалғыз сенетінім Ғазиз. Сөйлесемін десеңіздер,

ертең кешке үйдің артындағы тоғайдың түбіне ел жатқан соң келіңіздер.

Р а қ ы ш. Дұрыс, енді сөздің қысқасы осы. Өзің уайымдама. Дәнеңе де ете алмайды бұлар. Не қылушы еді, тәңірі.

Д ә м е ш. Әй, білмеймін... әйтеуір келсеңіздерші.

Р а қ ы ш. Құп, ал енді мен жүрейін. Қош бол, қалқам. (*Шығады.*)

### III көрініс

Д ә м е ш (*жалғыз*). Құдай-ай, бұл не деген қорлық. Күләштікі не? Кімге ақылдасамын? (*Жылайды. Күләш кіреді.*)

### IV көрініс

К ү л ә ш (*бата алмай, ақырын қасына келеді, теріс қаран*). Естіп қойды ма әлде? Естісе, маған өкпелейді ау айтпадың деп! (*Дәмешке.*) Қалқам, неге жылап отырсың, Еркем?

Д ә м е ш (*үндемей отырыңқырап*). Не қылушы едің, неменеге сұрайсың? Сүйсініп тұрмысың?

К ү л ә ш. Сәулетайым-ай, не дейсің? Маған неге сонда қатты сөйлеп отырсың? Бір нәрсеге өкпелейсің ғой өзің. Айтшы, қалқам! (*Қасына отырады.*)

Д ә м е ш. Аңқаусымай-ақ қой. Апамды сен де ұмытқан екенсің. Өтірік мәдірлеп жүр екенсің ғой. Маған өзгенікінің бәрінен сенікі батты ғой (*Жылап.*) Сенен басқа кімім бар еді? Қайтіп ұмытып, қайтіп жаулық ойладың?

К ү л ә ш. Сәулем, жаулық ойласам, жер жұтсын? Не жазып-пын мен, кеселді айтшы, сәулем? Әлде кіші апаң бірдеме деп от тастап кетті ме?

Д ә м е ш. Қайша емес, оған кінәлі болмай-ақ қой.

К ү л ә ш. Енді кім?<sup>21</sup>

Д ә м е ш. Өзің де біліп отырсың, несіне сұрайсың, күйдіргің келе ме? Бәрің амалдасып, Аманбайға мені бермек болыпсындар ғой. Осыны білмедің бе сен? Білдің, білсең де айтпадың. Қастығың осы емес пе?

К ү л ә ш. Сәулем-ай, құдайшылыққа, осы сөзді Төлеш маған таңертең айтты, бүгін қалың мал әкеледі деп<sup>22</sup>. Мен аузыма келгенді айтып ұрыстым, Еркем жылайды, ырза болмайды деп! Оған сен білмейсің, ырза, әнеугіде кісі салғамыз. Өзі көнген, – деп аузымызды аштырмай қойды.

Д ә м е ш. Не дейсің? Құдай-ай, мен кімге айтыппын. Ол өздерінің өтірігі. Мені Төлеш өйтіп алдамай-ақ қойсын (*Аз отырып.*) Ал неге таңертеңнен бері айтпадың сен?!

К ү л ә ш. Қалқатайым-ау, айтуға бата алмадым, жылайды-ау, ренжиді-ау деп (*Жылап.*) Әйтпесе, сені жылатып, жаулық ойлап, мені не құдай атыпты? Жаңа жылап отырғаныңды көргенде, жүрегім тас төбеке шықты. Кеселділердің ішінде жасырысқан кісі болып мен де кетемін-ау деп.

Д ә м е ш. Маған дұспан – тоқал емес, Төлеш екен ғой.

К ү л ә ш. Оған не деп өкпелесең де, өкпең сияды. Есінен неге айырылып жүр өзі?

Д ә м е ш. Қарғыбау әкеп отырғандары рас па?

К ү л ә ш. Қарғыбау түгіл, қалың малын да әкеліп отыр. Сәулем-ау, сорақысының бәрі де шығып жатыр. Енді несін жасырайын шоқ беріп, шоқ ал деп айтып жіберіпті кіші апам. Жаңа естідім: баласы сонымен айдап келіп отыр жаңа.

Төлеш, Демеужан кіреді.

### V көрініс

Д ә м е ш (*аз отырып күрсініп*). Екеуің мені кім деп жүрсіндер осы, қас-қабағыма қараймысыңдар, жоқ па?

Т ө л е ш. Қалқам, не дейсің, не нәрсеге ренжідің?

Д ә м е ш. Қайшамен бірігіп не істеп жүрсіндер? Тоқалдың өз басының жаулығы жетпей жүр ме? Бәрің жиылып, садақ қылғандарың мен болдым ба?

Т ө л е ш. Қалқам, өкпеңді анықтап айтшы, мен әлі күнге сен ренжитін іс қылдым деп жүргенім жоқ. Сенің ырзалығыңа қарап жүрмін деп ойлаймын. Қатем болса – бар шығар, айт!

Д ә м е ш.<sup>23</sup> Ырзалығыңмен жүрмін деп аңқаусымандаршы! Мен бала емеспін, апам өлген соң балалықтан айырылғамын.

Т ө л е ш (*Күләшқа*). Сен айтшы-ей, ұқтыршы! Дәмешке менің жазығым үлкен ғой, тегі?

К ү л ә ш. Әлі ұқпай отырсыз ба? Өнеугүні кіші апама айтыпты ғой, Аманбайға ырза емеспін деп. Шешеніздің бұлдыратып жүргенін білмедіңіз бе?

Т ө л е ш. Япыр-ай, не дейді? Құдай-ай, мына Қайша жер өртеді ғой, қайтермін? (*Дәмешке.*) Сәулем, сені шын жылатқан екем ғой<sup>24</sup>. Қайшаның күндестігін ескермеппін ғой (*Құшақтап маңдайынан сүйіп.*) Жаңылған екем ғой.

Д е м е у ж а н. Өзің не қылып жүргенсің? Осы елде Аманбайдай ақымақ адам жоқ. Не қып! Дәмеш ырза болады дедің? Мен жоқта басыңды Қайша айналдырған ба, немене? Таз бауырын әулие қылып, Дәмешке тең қылып отырғаны бізді басынғандығы, асқандығы ғой.

Д ә м е ш. Екеуіңнің де құр сөздеріңе ішім жылымайды. Ойласаңдар болмады ма? Кімнен састыңдар?

Т ө л е ш. Қалқам, менің саған айтар сөзім жоқ. Құдай-ау, қайтемін енді?! Ел болса – партия, малды алып қойып отырмыз.

Д е м е у ж а н. Партияның қара тиынға керегі жоқ. Жұрттың сөзінің тағы керегі жоқ. Қайша шыдатпаса – көреміз. Ана малын қайтарып бер.

Қайша кіреді.

## *VI көрініс*

Қ а й ш а (*Күләш пен Дәмешке*). Не қылып отырсыңдар, екеуің, осы үйден шықсаңдар жеп қоятындай болып. (*Дәмешке.*) Жүр анау үйге! Мына бір қатын ғой жыбырлап сөзуар болып алған.

Д е м е у ж а н. Немене, тағы қырып-жойып келгенің, жұрттың бәрін жайпап?

Қ а й ш а. Тәйт әрі, қырсықпай! Қарсы сөйлегішін өзінің (*Дәмешке.*) Жүр, ей қыз, әулиесімей! Ертең қайның келеді, құда түседі, істейтін іс бар.

Д е м е у ж а н. Қайша, тегінде, тілінді тарта сөйле, Дәмеш бармайды. Қайның деп естіртіп, қуанта қояйын деп тұрған

шығарсың. Жынды бауырыңа тимейді, естіп ал! Ана малын қайтарып бер. Дәмеш сенің бұлдыратқаныңа беріп жіберетін мал емес.

Қ а й ш а. Не оттайсың, өңшең қуарған? Қайтіп тигізбейсің сен? Қыздың иесі сен шығарсың?! Ертең қолынан ұстап жетектетіп жіберейін. Алшы менің қолымнан!

Т ө л е ш. Шаптықпа енді, Қайша! Дәмеш бармайды, Демеужанның сөзі рас. Үндемеген сайын қалай-қалай басынасың? Сенің жаулығың жеткен жоқ па маған? Дәмешті қалайша бұлдыратасың сен? Күннің қызы ма еді ол? Өйтіп қолжаулық қыла алмайсың? Байсалбайдың маған керегі жоқ. Ерегіссе, Әбділдәға жүре берсін.

К ү л ә ш. Тіпті жуас түйе жүндеуге жақсы деп.

Қ а й ш а. Кәне, сендердің айтқандарыңның болғанын көрейін енді! Осы қызды бермесем, атым өшсін!.. Тілдерін шығаруын бұлардың! (*Дәмешке жүгіріп, қолынан ұстап.*) Жүр, кеселді күң!

Д ә м е ш. Бармаймын, аулақ жүр!

Қ а й ш а (*айқайлап*). Ойбай-ай, тілдері шықты ғой мыналардың! Тілдеріңді кесейін мен сендердің (*Ұруға ыңғайланады.*)

Д ә м е ш. Төлеш, тарт мынаны!

Т ө л е ш (*Қайшаны ұстап алып*). Әлі неге құтырдың сен осынша? (*Иығынан жұлып жіберіп, шалқасынан түсіреді.*) Қайтер екен десем, шыдаған сайын төбемді ойып өлтірдің ғой.

Қайша (*жарыса айқайлап*). Ойбай-ай, өлтірді, Есендік, мына күндестің балалары! (*Шаршысын жұлып алып, шашын будыратып.*) Өлдім... өлдім, адыра қалғыр қайдасың! (*Үйден жүгіре шығып, есіктің алдында.*) Көптеді ғой, ойбай!..

Т ө л е ш. Сенен-ақ өлдім ғой, қырғызып ал мені!

Есендік пен Қайша кіреді.

Қ а й ш а. Естідің бе, қуарған, ананың сөзін? (*Есендікті итермелеп.*) Кеселді, өл, ойбай, қолдарыңда!

## VII көрініс

Е с е н д і к (*Төлешке*). Не қылдың-ай, иттен туған?

Т ө л е ш. Мен сенен туғамын, кім жазалы екен әуелі тексер, тоқалдың жасақшысы болмай?

Қ а й ш а. Сенің сақалыңды да талдап жұлғалы тұр. Түрін көрмеймісің, ойбай! (...)<sup>25</sup>

Төлеш. Сен қатындікі жеткен, қысқарт енді!

Есендік (*жерде жатқан шоқпарды алып, Төлешке жүгіріп*). Жоғалт көзінді, жер жұтқыр арам! (*Ұрады.*) Менің қатыныма кім деп қол жұмсайсың? (*Қайша да жүгіріп жүріп ұрады.*)

Демеужан (*Қайшаны жұлып айырып*). Өлтіруші ме едің бәрің бірдей? Тартындар қолдарыңды!

Күләш (*жылап*). Құдай-ай, бұл не деген сұмдық? (*Төлеш шоқпардан ұстасып жүреді.*)

Есендік (*шоқпарды жұлып алып тағы ұрады*). Өлтіремін сені, көзің жоғалтамын, тумай кеткір!

Дәмеш. Аға-ай! Тоқалға болысып, бәрімізді ұрдың ба?

Қайша. Қуарған Есендік, өлтір (*Есендік ұрып жүреді.*)

Демеужан. Тарт енді! Саған қарсы келген бала жоқ. Төлеш, жұлып ал, аяйды деп тұрмысың? (*Жүгіріп, шоқпарға жабысады.*)

Есендік. Иттер, таландар мені де! Бауыздаймын екеуінді де! (*Тағы ұрады.*)

Төлеш. Ай, құдай-ай, өлдім ғой! Неменеге есірдің әлі?!

Шоқпарды жұлып ала береді.

Есендік тартысқанда шоқпар шекесіне тиіп, қан ағады.

Қайша. Сорлы-ай, көзіңді ағызды ғой, басыңды жарып жоса қылыпты ғой (*Есіктен шығып бара жатып.*) Көрдік-ау мынаның баласынан!

Демеужан. Не десең – ол де, кетші үйімнен! Әкеге қол көтермегеніміз Құдайға да, өзімізге де аян.

Қайша (*тыста айқайлайды*). Кеселді малшылар, қайда-сындар, түге? Шақыр Бейсембіні, шақыр елдің бәрін! Есендік, шақырт, қаныңды көрсет, өлтірт, бауыздат, ойбай!!!

Есендік (*қатты*). Шақыр Бейсембіні, ағайындарымның бәрін шақыр, қоңыз тергіземін бұларға, не бауыздаймын!<sup>27</sup>

Дауыс. Бай, қайда бар дейсіз? Құдай-ай, не болды? Бұл не деген сұмдық!

Қайша }  
Есендік } Ұш, шап! Бәрін шақыр!

Қайша. Күндестің балалары бірігіп алып, Есендік пен Қайшаның басын жарды де! Өлтіргелі сабап жатыр де. Ұш, ойбай, ұш.

Бұл уақытта үйдің ішінде Күләш, Дәмеш жылайды. Төлеш, Демеужан түсі суып, томсарып отырады<sup>28</sup>.

### VIII көрініс

Күләш (*жылап тұрып*). Ойбай-ай, не істедіңдер? Бет-аузының бәрін қан басып кетіпті ғой. Қу тоқал-ай, түпке жеттің-ау!

Демеужан. Ағайын жиылсын, біз де айтармыз. Біз мұнша неге сорлы болады екенбіз? Үрейлерің ұшпай-ақ қойсын?

Төлеш. Тоқал дегеніне жетті. Ел-жұртқа не айтамын енді? (*Тым-тырыс.*) Жә, енді не айтарымыз бар? Келетін ағайын тілімізге нанады, сөзімізді мақұлдайды деп отырмысың? Тоқалдың табан астына енді әдемілеп түсесің (*Демеужанға.*) Қой, тұр, сен Әбділдәға бар, тез келсін. Менің ендігі жақыным – Әбділдә!

Демеужан (*түрегелін.*) Рас, бұ да ақыл екен. (*Жөнеледі.*)

### IX көрініс

Төлеш (*Дәмешке*). Қалқам жылама, қайт дейсің? Құдайдың қай салғанына көнбейміз? Міне, әке дұшпан болғанын да көріп тұрмыз. Әкені сабаған кісі болып, енді келетін жұрттан не көрер екеміз?

Дәмеш. Кеселді Қайшаның дұшпан екенін жаңа біліп педің, ағатай?!

Төлеш. Ендігінің керегі жоқ. Біз енді бұларменен отаса алар ма екеміз? Тоқал тоздырды ғой!

Күләш. Құдай-ай, өзгеден бұрын, Атекемнің бетіндегі қанды қайтесіндер? Жұртқа не дейсіңдер? Тоқалдың іздегені бір пәле еді. Мұратына жетті, әйтеуір!

Төлеш. Бұл – бұл ма, тоқалдың айтқаны болып отырса, аз күнде әрқайсымыз әр сайда отырамыз, әлі тоқтай тұрыңдар (*Аз тым-тырыс.*) Дүниеде үй ішіндегі дұшпаннан қиын жау бар ма екен? Өз сорыңа арнап асырап отырған үй ішіндегі жылан ғой ол. Қай жағыңнан қайтіп торып отырғанын қайдан білесің? Жатқан төсегіңнен шыға ма? Отырған орның, ішкен асыңнан шыға ма? (...) <sup>29</sup>

Дәмеш. Бұл күнге шейін осыны айтып жүрген апамның сөзін еледіңдер ме? Бүгін басқа тигенде ғана біліп отырсыңдар ғой. Тоқалды асырып жүрген осы момындықтарың ғой.

Т ө л е ш. Елемеді деймісің тоқалдың күндес екенін, дұшпан екенін жас күннен-ақ жүрегімізге сіңген ғой. Біз емес, әке істеген іс болған соң, не шара бар? Енді тоқалдың қуғаны – кегі болса, оған қосылып Бейсембінің қуғаны Есендіктің мал-басын билеу, қайтейік?

К ү л ә ш. Осы рас сөз ғой. Ендеше бұл күнге дейін неге ескерілмеген<sup>30</sup>.

Т ө л е ш. Осы үйдің мал-басының қожасы кім? – Жалғыз Бейсембі, одан соң – Қайша. Екеуінің ойлап жүргені де бұл үйдің берекесі емес, өздерінің мақсаты. (*Тым-тырыс.*) Дүние-ай, айналамыз толған жауыздық, қастық болып кетті-ау! Ылғи дұшпанның арамдығы мен қулығына шырмалып бітіппіз ғой.

Қатын кіреді.

### *X көрініс*

Қ а т ы н (*аз тұрын*). Дәмеш, сені әкең шақыртып жатыр, қалқам. Шақырып кел, қорықпасын, мені сабаса – Төлеш пен Демеужан сабады; Дәмешімді қорқытпаймын, үрікпесін, мен әкесімін. Олардың қасында отырмасын. Бәтімәдан қалған жалғыз исім сол, алып кел, иіскеймін деп жатыр. Барамысың, қалқам? Айт деген сөзін айттым әйтеуір!

Т ө л е ш (*Дәмешке*). Қалқам барғың келсе – бар, заман бұзылса, ондағы күнді көрерміз. Біз болмасақ, сенің жазығың жоқ қой. Тоқал тиетін болса, қайтып келерсің.

Дәмеш пен қатын шығады.

### *XI көрініс*

К ү л ә ш. Мына сөздері рас болса, атекем сендерге кәрін тіге қоймас. Тоқалдың кесірінен болғанын өзі де білмес деймісің?

Т ө л е ш. Енді кәрін тікті не, тікпеді не? Құдайдың бір салғанын көреміз. Бізге де ағайын табылар, қайтеміз.

Әбділдә мен Демеужан кіреді, сәлем беріп амандасады.



### *XII көрініс*

Т ө л е ш. Ақсақал, әңгімені бастан-аяқ естіген шығарсыз. Құдайға да, өзімізге де аян. Қанша сабап жүрсе де, қол көтеріп ұрайық деп ойлағанымыз жоқ. Жалғыз-ақ Қайша “ұр” деген сайын ұра берген соң, қолындағы шокпарды ала берем дегенде, шекесіне тиіп кетті. Сізді құдайшылығын айтсын деп шақырттық. Сізден басқа дос табылады деп отырғанымыз жоқ.

Ә б д і л д ә. Балам, мен бәрін естідім. Тіпті сол төбетті әдейі ұрсаң да, жазықты емессің. Сақалы шошандап, бір көкайыл тоқалдың тіліне еріп, саған неге сойыл ала шабады? Сен құлқұтанамысың? Енді ешкімнен үркіп қорықпа!

Т ө л е ш. Ақсақал, менің ендігі ойлап отырғаным мынау: бүгін жиылған ағайын аузына келгенін сөйлеп, Қайшаның сойылын соғып, біздің еселі сөзімізді тыңдамай кетеді ғой. Одан соң бұл іс біздің бетімізге таңба болып, сүтке тиген күшіктей жексұрын болармыз да отырармыз. Одан да бүгін осылардың қасынан көшіп кетіп, есемді артынан қуып алсам қайтеді?

Ә б д і л д ә (*ойланып*). Бұ да дұрыс сөз екен. Бүгін бұлардың алдында кішірейме. Ертең өзімнің қасыма кел. Содан соң есең кетпейтіні мәлім ғой. Тиіп алсам да алып беремін<sup>31</sup>. Сенің есең кетуші ме еді бұларда (*Қырын қарап*.) Бұл барса, сайлауда жеңемін. Менің іздегенім осы емес пе? Бейсембінің артын ашатын болсам, одан артық не олжа бар?! (*Төлешке қарап*). Бүгінгі осы ақыл дұрыс екен.

Демеужан. Иә, енді осыдан артық амал жоқ<sup>32</sup>. Мұндағы өз басы қастық ойламас деген жақының – әкең болса, ол да көп дұспанның ортасында солардың шокпары болып отыр.

Бейсембі кіреді.

### *XIII көрініс*

Б е й с е м б і (*Әбділдәні көріп, аз ойланып, Әбділдәға*). Біздің сөйлесетін сөзіміз бар. Сен анау үйге бара тұр. Мұнда сен кірісетін жұмыс жоқ. Бұл араға сен килікпейсің.

Ә б д і л д ә. Мен ондай сөзді ұқпаймын. Бәйбіше баласы – менің туысқаным. Оның сөзіне мен кірісемін. Айт билігінді, айт әділетінді, мен көріп отырамын...<sup>33</sup>

Б е й с е м б і. Туысқанымның ісін өзім тексеремін. Жат болып кеткен жауды отырғызбаймын. Жаттың сыншысының керегі жоқ. Бұл үйден шық. Қылқиып іздеп келіп отырғаның пәле ғой тағы.

Т ө л е ш. Әбеңді мен алғызып отырмын. Жүректеріңде құдайшылық болса, қайта осының алдында айтыңдар, мен сөздеріңді есірткелі алдырып отырмын. Бұл кісі шықпайды.

Б е й с е м б і (*Төлешке ашуланып*). Оңбаған, құдай жүзін көрмегір, сенің алдыңғы сұмдығың жетпеп пе еді? Қолың батып әкеңнің басын жарып отырғаның – анау. Қанішер арам болғаның аз болды ма? Енді арамдығыңды қостауға, әділет айтқан кісімен жауласуға мынаны алдырып отырсың ғой. Боқты сүйеу болар саған осы!<sup>34</sup> Пәленің үстіне пәле туғызғың келген екен, сенің бойыңды өшірермін! Жоғалт көзіңді қазір! Сенен айырылған күні өліп қалсам, көрерсің.

Т ө л е ш. Бейсембі, маған ара ағайын болатын болсаң ұрып-ұрыс. Болмаса, әдетіңе тартып, Қайшаның жасақшысы болатын болсаң не қылдың, неге істедің демей-ақ қой! Құдайшылық сөзге нанбайтын жасақшыға берер жауабым жоқ.

Бейсембі (*ақырып*). Сен иттің сөзіне нанбақ түгіл, тыңдайтын да кісі жоқ! Сен арамда не қасиет қалды? Кісі нандырып, шын сөз сөйлейтін немене ар қалды? Осынша істі істеп отырған сенде не иман бар?

Ә б д і л д ә. Сен енді өректімей, қылатыныңды қылшы! Бәрің жиылып тоқалға шокпар болып келіпсіңдер ғой. Жетім-жесір қорғансыздарың – бәйбішенің баласы болыпты ғой. Кәне, сен қорғансыз қылшы осыларды!

Т ө л е ш. Енді маған қылатыныңды қыл! Онан басқа айтар сөзім жоқ. Мен тоқалға жіңішкеріп, астына түсе алмаймын. Бүгінгі күнде тоқал да бір, сен де бірсің.

Б е й с е м б і. Олай болса, кеш қазір! Мен сені көшіргелі келдім. Сенің мұнда елің жоқ екен ғой, еліңді тап! Кет, қазір, жоғал енді, арам! Біз сен кеткенде өліп қалсақ, көрерсің. Сенің арамдығың белгілі. Мына арамды сол арамдыңды қостатқалы шақыртып отырсың ғой. Кет енді.

Ә б д і л дә. Сенсіз-ақ ертең көшкелі отыр. Рас айтасың, мен қостағалы келдім, қостаймын. Есесін алып берем. Қозы бұты – қой саны қылып тентіретіп жіберетін шығарсың.

Б е й с е м б і. Тентіремек түгіл, қоңыз теріп жесін, сен есесін алып берерсің!<sup>35</sup>

Ә б д і л дә. Алып бермесем, көрерсің! Кіші шешенің баласы қылып жібере аларсың! Жіберу соңы қаралас, артыңа қара! Бұл менің істеп отырған ісім.

Б е й с е м б і. Саған еріп жүргенде есе берсем, атым өшсін! Қуарған, ел-жұрттан безген қан шелек! Қырыма салмай жүрген шығармын. Алдымен саған қылармын! (*Бейсембі шығады.*)

Ә б д і л дә. Ендеше басыңа мұның үстіне мың пәле жауғызбасам, менің де атым өшсін! Екі үйіне бір қазан астырармын, тұра тұр! Пәлемен шоқтықтанатынымды көрсетермін!

Ш ы м ы л д ы қ

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### *I көрініс*

Түн. Ауылдың сырты, тоғай. Ойын бөлмесінің бір (бұрышынан боз үйдің бір жақ сырты көрініп тұрады)<sup>36</sup>.

Б е й с е м б і (*жалғыз отырып*). Есендік үйінің шырқы бұзылып барады. Көлденеңнің көзіне сәгісті болатын, өрескел істер көбейіп кетті (*Тым-тырыс.*) Бірақ не қылмақ керек? Барлық дәулет осының қолында. Партия істесең, мұны кірістірмей, іс өнбейді. Кірістіргенде қатарыңа жүруге жарайтын біреуі жоқ. Бастығы Есендік болып, ел келесі былай тұрсын, өз атының басын да алып жүре алмайды. Бәйбіше баласын сүйейін десем, ұстауға ауыр, бетіңді үнемі ұғып отырмайды. Жөн білмейтін олақтығының үстіне, кей уақытта сөзге көнбейтін семіздігі де бар. “Бәйбіше баласымын” деген кеуде бар. Тоқал баласы болса, оның да шаласы көп, дүние көрмеген малқор да ақылы аз (*Тым-тырыс.*) Бірақ мұны ұстау жеңіл. Уысымнан шықпайды. Түбінде атаның дәулеті осында қалған соң, бұл шаңырақта менің үлесім көп қой. Мұндайлық мол дәулетті бұлардың әрқайсысына билеткенше, өз білеуіме керек. Олай болса, енді Қуатжанды ұстайын. Осы партияда жеңсем, болысқа да соны қояйын. Бір

жағынан Есендік, Қайша қолымда болсын. Екінші, ел көзінде жас бала болып жүре берер. Түбінде мұндай шымылдық әрі іске, әрі есепке қолайлы екен.

Қайша шығады.

## II көрініс

Қ а й ш а. Үй ішіне айналып кешігіп қалғаным. Қадір білмейтін жаман қатын деп ұрсып отырмысың әлде? *(Қасына жүресінен отырып, қолын ұстайды.)*

Б е й с е м б і. Ұрысуымды сен көтеремісің. Мен түгілі, байыңа да ерік бермей жүрген қатынсың *(Күледі.)*

Қ а й ш а. Бай деп несіне көлденеңдете бересің бір қортық шалынды! Сенің басың болмаса, мен Есендікке тұрар ма едім?

Б е й с е м б і. Кәпір-ай, өз есебінді ұмытатын күнің болсайшы! Тағы алдағың келіп отыр-ау! Бәріміздің шөкемізге сен отырып жүрсің ғой осы *(Күліп тамағын ұстайды.)*

Қ а й ш а *(күліп)*. Қарағым-ай, оның несін айтасың: Сен де қара жерге отырып жүрген жоқ шығарсың. Екеуміздің бірлігімізден залал көрдім десең, құдайыңа шет боларсың. Біріміздің сырымыз бірімізге мәлім ғой.

Б е й с е м б і. Жә, оспақтамай-ай қой. Өзің осынша пәлені қайдан үйрендің, соны айтшы? Бүгінгі сырың да белгілі ғой. Кінәлі Төлеш емес, сен екенінді біліп отырмын.

Қ а й ш а. Жау айтатын сөзді айтпай отыршы, төрем! Пәлені маған үйреткен не дейсің?

Б е й с е м б і. Немене, айтшы?

Қ а й ш а. Пәлені үйреткен – күндестік. Ағайынға қадірлі, байға сөзі өтімді, ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс, аюдай ақырған төркіні жуан күндесің болса, өзің қайтер еді? Кіші қатын мен болдым, тепкіні көрген – мен. Кеше соның денесі қара жерге кіргенге шейін, азадан бойым сергіген күн болды ма екен?

Б е й с е м б і. Есендікті өзіңе қаратып алған соң да азалы болып жүрдің бе?

Қ а й ш а. Қаратқанмен, не керек, Бәтимәні маған жығып берді ме ол? Бүгін менің сөзімді тыңдаса, ертең онікін тыңдап отырған жоқ па? Былқ-сылқ етіп, Бәтимәнің зорлығы менен өтіп, төркініме жеткен жоқ па? *(Тым-тырыс.)* Жә, енді әлгі сөзді сөйлесейік, Қуатжан қайда жүр? *(Шақырады.)* Қуатжан,

әй Қуатжан, бері келші (*Бейсембіге.*) Ертең ана елден қайтқанда біздікіне қон (*Құшақтап сүйін.*) Сенің үйіндегі майысып тұрған сұлуың да белгілі ғой (*Күледі.*)

Бейсембі. Енді сонымен де күндес болғың келді ме? Ту, са-  
рамас! (*Күліседі.*)<sup>37</sup>

Қ а й ш а (*күліп*). Күндестік бәрібір күндес, неменесі бар?  
“Ортақ өгізден оңаша бұзау артық” деп неге айтты дейсің кеше  
кіші бәйбіше?

Қуатжан шығады.

### *III көрініс*

Қ а й ш а (*Қуатжанға*). Бағанағы сөзді бүгін істегелі отыр-  
мын. Соған екеуіңнің айтар ақылың бар ма? Соны білейін деп  
едім.

Қ у а т ж а н. Оған айтатын сөз болса, Бейсе-ағам айтады да.

Б е й с е м б і. Менің бөтен айтар сөзім жоқ. Қызды әке би-  
леменде, кім билеуші еді? Есекең ырза болса, солай болсын.  
Бірақ ешкімге сездірмей істендер. Байланар сөз байланған.  
Төлеужанның ақымақтығына кім ерік береді.

Қ а й ш а. Дұрыс енді, бұл сөз бітті.

Б е й с е м б і. Қуатжан, сен менімен бірге жүр. Екіншіден,  
елдің біраз сөзі бар еді, енді осы сайлау өткенше ат үстінде менің  
қасымда бол. Елдің сөзін ұстап әдеттене бер. Мен ойлап-ойлап,  
осы сайлауда жеңсем, сені болыс қойғалы отырмын.

Қ а й ш а. Ер, ағаңның қасына, қарағым! Сен болмағанда,  
Төлеужан арам бола ма болыс! Әкеден туған ұл – сенсің.

Қ у а т ж а н. Дұрыс. Олай болса, түн болып қалды, жүрейік.

Б е й с е м б і. Жүр.

Бәрі тұрып киінеді. Біраздан соң домбыраға қосылып салып келе  
жатқан күзетшінің әні естіледі.

### *IV көрініс*

Сарғайып сары белден таң атады,

Ақ құба бидай өңді түн қатады.

(Ойын бөлмесіне шығады.)

...Шыдайды жігіт кайтіп ұзақ таңға;  
Толықсып сары майдай қыз жатады.

*(Ысқырады, айтақтайды.)*

Күзетші. Е-е!.. Бүгін Дәмештің, тамыры келеді. Ғазиз бүгін айт десе де, айтпадым. Маған келер пайдасы жоқ, несіне айтайын жылпыңдап. Өзі де келетін болса, ел жатпай келіп қалар. Беретінін қолыма алып отырып айтпасам, ақысыз-пұлсыз жеңгетай болып азабым не? *(Аз тым-тырыс.)* Дәмешпен тамыр болған жігіттің арманы не екен? Жарайды, оның есесін мен де толық қылып алармын. Ғазиз екі туып бір қалғаным емес *(Айтақтайды. Тоғай жақтан біреу ысқырады. Күзетші селк етіп шошып қалады.)* А-а-а.. Келіп қалды ма? *(Тоғайға қарап, аңырып тұрады.)*

Ғазиз шығады.

*V көрініс*

Ғазиз *(қасына келіп)*. Ел жатты ма? Дәмеш қайда?

Күзетші. Дәмешті әуелі қоя тұр, мырза!

Ғазиз. Немене, айнып қалғанбең, шіркін?

Күзетші. Айнып неге айныын? Өзің нық болсаң, мен айтқан жерімнен табыламын ғой. Жеңгетайлық мығым ба?

Ғазиз. Бөгеліп тұрғаның жеңгетайлық па? Шіркін, ол жағынан күдіктенбе? Ырзалаймын. Өзің айттың ба Дәмешке?

Күзетші. Айту қашпайды ғой. Ел әлі жатқан жоқ. Мені осы арада ырзалашы өзің. Қазір сөйлесіп шығайын.

Ғазиз. Шіркін, нанбадың ғой *(қалтасына қолын салады.)* Жігіт емес екенсің ғой.

Күзетші *(алуға ыңғайланып)*. Жоқ, қалқам, нанамын ғой. Бірақ әншейін бұл арада ала алмасам, іздеп жүре алмаймын ғой деп жатырмын.

Ғазиз. Неменеге ырза боласың? *(Он сомдықты алып шығады.)*

Күзетші. Мырза, құдай білсін, өзің білсеңші. Сіздей мырзаларға пәлен бер деп не айтайын? *(Күліп.)* Әйтеуір ай мен күндей қарындасымды беріп тұрмын ғой.

Ғ а з и з. Мә е н д е ш е! (Ұсынады.)

К ү з е т ш і (ақшаның бір шетінен ұстап). Бұның немене?  
Ақша танымаймын.

Ғ а з и з. Он сом, бола ма?

К ү з е т ш і (қойнына тығып жіберіп). Жарайды, болады.  
Енді мен сөйлесіп шығайын. Қазір шықсын ба?

Ғ а з и з. Қазір шықсын.

Күзетші кіреді.

### *VI көрініс*

Ғ а з и з (жалғыз). Аманбай тазға сүйгенімді беріп жібергенім  
сүйегіме мін емес пе? Байсалбай аулы әрі өзімізге қарсы жау  
(Дәмеш шығады.) (...) <sup>38</sup>

### *VII көрініс*

Ғ а з и з (қарсы жүріп, сүйіп). Қалқам, үйлерің жатты ма?  
Мына тоғайдың түбіне барайық.

Д ә м е ш (үркіп). Ақырын! Тұра тұрыңыз, үй әлі жатқан жоқ.  
Мені қазір босатыңыз. Үйдің іші жатқан соң қайта шығайын.

Ғ а з и з (құшақтап тұрып). Менің бүгін сөйлесейін деп кел-  
ген сөзім көп. (...) <sup>39</sup> Үйден біржолата дайындалып шық (Тоғайға  
таман екеуі құшақтасып жүреді.)

Д ә м е ш. Түһ?.. Жеделдетіп кеттіңіз ғой. Тұра тұрыңыз әлі,  
сүт көп, көмір аз.

Ғ а з и з. Дәмеш, кең жатырсың ғой өзің. Кеше мені үркітейін  
деп пе едің әлде?

Д ә м е ш. Рас, асып-сасып үркіп келіп тұрсыз ғой. Кешеден  
бері дүниенің неше қилы болғанын білдіңіз бе?

Ғ а з и з. Білдім ғой. Бірақ оның түбінен бізге пайдалы не  
шығар дейсің? Қанша араз болысқанмен, әкеден бала кетуші ме  
еді? Қайтадан тағы табысады. Оған біз несіне қараймыз? Кешіге  
берсек, Байсалбай аулы малын беріп, құда түсіп те қояды.

Д ә м е ш. Ол алып кетеді екен деп қорықпай-ақ қойыңыз.  
Төлештер оған беретін емес. Малың қайыртқалы отыр.

Ғ а з и з. Жоқ Дәмеш! Оның – балалық. Төлештер Бейсембі  
мен әкесінен кете алмайды. Одан кете алмаған соң Байсалбайдан

да құтыла алмайды. Байсалбайды құда қылып жүрген Бейсембі. Ол барын салса да, Байсалбайды аламын деп жүрген кісі. Сені бергізіп отырғандағы мақсаты не ғой дейсің.

Дә м е ш. Иә... айта беріңіз.

Ғ а з и з. Бүгінгі күні Төлеш түгіл, Есекең бермеймін десе де көнбейді. Тырнағын бір іліп алды, енді жазылмайды, Бейсембі – осы елдің жуаны. Туысқан болса да, сенің әкелерің одан қорқады. Ел оның қолында. Содыр-сойқанды нелер бүліктер соның артынан жүреді. Сенің әкелерің көнбесе, зорлық қылады.

Дә м е ш. Қайдан зорлық қылады. Қайша мен ағам не айтса, соған ұшып тұрады.

Ғ а з и з. Оны жұбаныш қылмай-ақ қой. Бейсембі сыртқа солай, ол істеп жүрген қулығы. Шынға келсе, көзін алартып, қазір қорқытады. Есекеңдердің ырзалығына ол қарамайды. Сені берерде Байсалбаймен әуелі өзі сөз байлаған жоқ па?

Дә м е ш. Ал аяғында айтып-айтып келіп, өзіңіз бүгін мені алып кетемін дейсіз ғой?

Ғ а з и з. Иә, кетпесем болмайды. Мұнда біз күтетін дәнеңе де жоқ.

Дә м е ш. Енді тұра тұрыңыз, мен ойымдағымды айтайын. Менің кешегі Төлешке өкпелегенімнің бәрі теріс екен. Жазықты кісі – Төлеш емес, тоқал болды. Бүгінгі шатақтың бәрі сонан шығып отыр.

Ғ а з и з (*құшақтан*). Иә... кешегі сенің Рақышқа айтқан сөзің шатақ шығармайтын сөз емес қой.

Дә м е ш. Жарайды, менің көріп жүргенімді оңай дейтін шығарсыз? (*Ғазиз қысып сүйіп тұрады. Күзетші шығады.*)

### VIII көрініс

К ү з е т ш і. Сүйісіп тұрғандарын қарашы, әттең... (*Тамағын кенейді. Ғазиз, Дәмеш шошып айырылысады.*) А-а-а, қорқа ма екесіңдер?! (*Күледі.*)

Ғ а з и з. Айта бер, Дәмеш! (*Күзетші ыңырсып ән салып өтіп кетеді.*)

Дә м е ш. Сонымен енді Төлеш Аманбайға қандай күн болса да бермеймін дейді. Оның үстіне бүгін мынадай жұмыс болып, ағаммен де<sup>40</sup> көргісіз болып отыр. Бәрі мен үшін, менің



жылағандығымнан. Ал енді осындай жұртпен түгел ұстасып отырғанда мен кетіп қалсам, Төлеш не дейді.

Ғ а з и з (*ойланып*). Иә, бұл да қисынды сөз. Бірақ Төлеш өмір бойы кетіп қалады дегенге мен сенбеймін. Ертең-ақ табысады. Сол күні тағы Байсалбайдан айырылыса алмайды. Менің қорқатыным осы жағы.

Д ә м е ш. Ол күнді қоя тұрыңыз. Егер олай болатын болса, сол күнде-ақ қам қылармыз. Бүгін кетсем, тіпті өмір бойы Төлештің бетін көре алмаймын ғой<sup>41</sup>. Мен үшін жанын отқа салып отырғанда, басын тағы бір пәлеге салып кетсем, қарызы менің мойнымда кетпей ме? Онда елдің де бар күнәсі менде болмай ма? Жұрт тіпті өзіңізді сөкпей ме, сондай есі жоқ қызды неге алған деп?

Ғ а з и з (*күліп*). Япыр-ай, сөзің ұтықты болып барады ғой. Мені жеңесің-ау осы сен.

Д ә м е ш. Сізді жеңіп, шешен болмай-ақ қояйын. Бірақ ойланбай баланың ісін істеп, ел-жұртқа сөгісті боламыз ба деп қорқамын (*Бір-бірінің көзіне қарап*.) Ал енді мен үйге барайын.

Ғ а з и з. Біржолата ма? Әлі айтатын сөзім бар<sup>42</sup>. Тез шығатын болсаң, бар.

Д ә м е ш. Бүгінше менің ақылыма көнсеңізші, Ғазиз. Бір жолға жеңілсеңіз де ештеңе етпес. Сізді жеңіп бәйгі алайын деп тұрмағаным өзіңізге аян ғой. Ал үйге барамын. (*Жүреді*.)

Ғ а з и з. Тоқта (*қасына келіп құшақтап*), шығамысың?

Д ә м е ш (*күліп*). Шықпаймын.

Ғазиз. Шықпасаң, жібермеймін. Әдейі ат сабылтып келгенде, тым болмаса, бір түнді қимаймысың. Шық, мен былай тұра тұрамын. Жарай ма?

Д ә м е ш. Жарайды. (*Сүйіседі, екеуі екі жаққа, бір-біріне қарасып кетеді*.)

## *IX көрініс*

Аз уақыт өткен соң, тоғай жақтан Аманбай, тағы екі жігіт бұғып шығады.

1-жігіт (*Аманбайға*). Мынау жатып қалған үй емес пе, Аманбай?

А м а н б а й (*қорқып*). Үйге жақындама! Жүрегім лүпілдеп тұрғанын қарашы. Жатып қалған-ау деймін.

(*Бірінші жігіттің артына бұғып*.) Қайтсақ қайтеді?

1-жігіт. Жынды ма?! Қайтқаны несі, әдейі келіп тұрып?  
Аманбай. Әдейі келді деп, ұстап алса, қайтесің?

1-жігіт. Кәпірдің сағын! Неге келдің ұстап алады десең? Ұстап алса, басынды алар деп тұрмысың? Біреудің қатынына келіп тұрған жоқсың, өзіңнің қалыңдығың.

Аманбай. Жоға, әншейін қалжыңдап. А-а-а... әншейін айтамын.

2-жігіт (*күліп жіберіп*). Шіркіннің қалжыңқойын. Екі асығыс бір қарбаласта қайтайық деген қалжың бола ма екен?

Аманбай. Жарайды, тәлкек қылмандаршы.

1-жігіт. Өзіңе бағанағы барған кісі не деп еді? Ел жатпай келсін деп пе екен?

Аманбай (*жалтақтан*). Не деп еді дейсің бе? Ел жатпай келсін, өзім қызды шығарып тұрып, қолынан жетектетіп жіберемін депті Қайша, әйтпесе ертең көшіп кетеді депті.

2-жігіт. Көшіп кетеді десе, неге қайтайық дейсің? (*Күліп*.) Дәмеш керек емес қой тегі өзіңе. Басқа жерден тапқан сұлуларын да бар ғой, тегі, жылпуырынды неме?!  
Аманбай. Е-е... Қыз табылмайды дейсің бе?

1-жігіт. Мынау үй жатқан жоқ екен. Енді әдейі келген соң, сабыр қылып отыра тұрайық.

Аманбай. Отырсақ отырайық. (*Қонаңдап*.) Бірақ біреу көріп қоя ма деп, қорқып отырмын.

1-жігіт. Қайтесің бұны енді? (*Етегінен басып отырғызып*.) Қонаңдамай, отыршы өзің? (*Тым-тырыс*.) Ой, Қуатжан біле ме екен осыны?

Аманбай (*жалтақтан*). Қуатжан дейсің бе? О да білген-ау деймін.

2-жігіт. Оны қайдан білдің?

Аманбай. Оны қайдан білдің дейсің бе? Бағанағы келген кісі Қуатжан сәлем айтты (*жалтақтан*), бүгіннен қалса, қыздан айырыламыз деп айтты деді ғой. (*Күзетші алыстан айтақтайды. Аманбай шошып, тұра жөнеледі. 1-жігіт етек-тен тартып, жібермейді*.) Жүріңдерші, ой, жүр, қатыныңның керегі жоқ, әбден тіпті...

Қайша шығады.

## Х көрініс

1- жігіт. Ой, антұрған. Әне, Қайша келе жатыр.

Аманбай. А-а-а... (Бұрылып, Қайшаға қарсы жүгіріп.) Қыз қайда? Қыз қайда? Алып жөнелейік, біреу-міреу көріп қоймасын.

Қайша. Тәй әрі, аусарланбай! Не қылып құтырып жүр өзі? Есіл қыз-ай саған қор болған!

Аманбай. Жоға, мен әншейін... қалжың... (Екінші жігітке қарайды.)

1- жігіт (күліп, ақырын). Құдай атсын!

Аманбай. Әншейін ғой...

Қайша. Мына немені неге әкелгенсіңдер өзін елпендетіп?

Аманбай. Не қыл дейсің енді? Өзіңнің берем деген қызыңды сұрағаным ба жазығым?

Қайша. Ой, ісің құрысын, есалаң неме, жынды көбелек секілденбе!

Аманбай. Е-е... Әбден тіпті...

1- жігіт. Оны не қыласың, Қайша! Өзінің үрейі ұшып тұр, дегбірі қашып. Баланы шығарып бере аласыз ба бүгін?

Қайша. Шығарып беремін. Тек әлі үйдің іші жатқан жоқ. Сендердің келгендеріңді білейін деп шықтым. Кішкене тоса тұрындар (Аманбайға.) Адыра қалғыр, сені қыздың теңі екен деп бергелі жүргенім жоқ-ау! Әншейін үйіндегі кемпір-шалдың құрметі ғой. Қарғайын десем – жалғыз, қарғамайын десем – жалмауызсың ғой сен. Және күндестің баласының бойы өспесін деп жүрмін ғой. Сен қор, берсем де айырыласың ғой бір күні. Мен оны білмей жүрмін бе?

1- жігіт. Дәмеш қай үйде еді өзі?

Қайша (жақындап бәрі бір арада тұрып сөйлеседі. Бір жақтан күзетші шығып, ептеп бір жерге тығылып сөзге құлағын салады). Қыз бағанағы жанжалдан кейін өз үйінде отыр еді. Күндіз Қуатжан екеуміз Есендік жіберген кісі қылып, бір қатынды жіберіп, шақыртып алдық. Содан бері өз үйімде. Қазір жатарда тысқа шығайық деп, ерте шығамын. Қол-аяғын байлап алып кетіндер. Кеселді күн не қылмай отыр ол? Бүгінгі шатақтың бәрі сол үшін шыққан жоқ па!? Бүгіннен қалсаңдар – қалғандарың. Қызды алып, ертең аналар көшкелі отыр. Бір

жөнелтіп жіберсем, содан кейінгі дауын көре жатарсыңдар. Тіпті өзіме сермендер (*Күзетші Қайша сөйлеген сайын бас изейді.*)

1- жігіт. Дұрыс. Біз енді тоса тұрайық. Ай, Қайшатай, осы қадірінді де білмейміз-ау біз!

Қайша. Қадір біліп не қыласыңдар, ал бір жерге тығыла тұрыңдар (*Бәрі тарайды.*)

### *XI көрініс*

Күзетші (тамағын кенеп ән салады).

“Ой, қалқа, сен ақ қоян секеңдеген,  
Артыңда мен ақ сұңқар жетем деген,  
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айырылып сен қалқамнан кетем деген?”

Тоқтап сөйлейді.

Бүгін бір майдам соң жасайын ба осы? Тоқалдың қай жақсылығын қимаймын. Бастығы Есендік болып, ала жаздай бір жапырақ ет асатып көрген жоқ. Малшы атаулының бәрін ұрады, ұрсады. Бір күн бүйірін шығарып тойғызбайды. Аяғында бәрі де “ақысы құрсын” деп безіп кетіп жүргені – анау<sup>43</sup>. Өмір бойы малшыға істеп отырғаны осы. Бәрін де күні бітуге таянғанда шыдатпай қуып жіберіп, ақыдан, киімнен түк бермейді. Осының бәрін істеп отырған – Қайша мен баласы. Бұлардан алты ай жазға ішкенім Төлештің бір шайына тұрмайды. Не қыламын? Қой, қазір Төлешке айтайын. (...)<sup>44</sup>

### *XII көрініс*

Аманбай, екі жігіт қайта шығып, жүресінен отырады.

1- жігіт. (*Аманбайға*). Ай, сен тыңдашы, мен бір ақыл айтайын.

Аманбай. Айт! Ақылдарың болса, айта жүрсендерші! Мен сендердің ақылдарыңды үйренбейін деймін бе? Әншейін өздерің тәлкек қыласыңдар.

2- жігіт. Е, сорлы, қайтсін, шынын-ақ айтып тұрған жоқ па?

1- жігіт. Мынау құрдас болған соң, аузына келгенін айтып күле береді ғой, болмаса мен тәлкек қылмаймын сені.

Аманбай. Е-е-е, сені қойшы, сені өзім де білемін ғой (Екінші жігітке қарап.) Мынау ит. (Бірінші жігітке қарап.) Кәне, ақылыңды айтшы.

1 - жігіт. Сен жаңа Қайшаның көзінше ақымақ болып кеткенің не? Өйте берсең, апаңның көңілін қалдырасың ғой.

Аманбай. Жоқ, өзі тіпті дәйім ұрсып жүреді. Содан басқа бір кісі ұрыспайды. Және қай жерде кез келсе, сол жерде сөйлейді де жатады. Жаңағы жердегі ұрысқаны да жөн бе? Сондай жерде ұрысқанмен, түзелем бе?

2 - жігіт. Е-е, Қайшанын өзі де ашуланшақ қой. Аманбайды бөтен кісідей сынап жүреді екен ылғи. (Бірінші жігітті түртіп қойып.) Сондай жерде ұрысқанға кісі түзеле ме екен? Жаушы-жаламда жаңағы ұрысқанына мен де намыстанып қала жаздап, азар шыдап тұрдым (Аманбайды көрсетіп.) Мынау әйтеуір қорықпай-ақ айтысып қалды әбден, “ит ұяласынан қорықпайды” деген ғой.

1 - жігіт. Қоя тұршы оны.

2 - жігіт. Не қояйын? Қайшаның қылығы кісі шыдарлық емес, тіпті. Ол әлі қызды әкелгенде де бірдеме дейді. Көрерсің. Дәмештің көзінше сынайды.

Аманбай. Онысы рас. Бәлем өйтетін болса, мен де аянып қалмаспын.

2 - жігіт. Е, тілінді тартпа! Қызын берсе, малыңа бергелі отыр, неменесі бар?!

1 - жігіт (күліп). Қой оны (Аманбайға.) Мен айтайын ба?<sup>45</sup> Сен қазір Дәмеш келгенде, әлгі мінезінді істеп жүрме! Онда қыздың көңілін осы арада қалдырасың.

Аманбай. Қандай бол дейсіңдер? Өздерің айтыңдаршы, кәне?

2 - жігіт. Айтатыным мынау: қызды өзің сөйлесіп, икемдеп әкет. Біз онымен үйір емеспіз және сен тұрғанда біздікінің лайығы жоқ болады.

Аманбай. Дұрыс, жарайды.

2 - жігіт (көзін қысып). Не айтатыныңды өзің білесің ғой. Әуелі кішкене алдаңқырап алмасақ, ағалары оянып кетсе, бәріміз де қолға түсеміз.

Аманбай. Тек, жаман сөзді айтпашы, құдай-ай, сақтай гөр! (Күзетші айтақтайды, Аманбай селк етіп жалтақтайды..) Осы күзетшіден-ақ жаман қорқып болдым (Жалтақтайды. Екінші жігіт бүйірін қысып қалып шошытады.) Алла-ай! (Етпетінен

*түседі, жігіттер күліседі.*) Кеселді не қылды, кісінің өзі қорқып отырғандай! *(Дірілдейді.)*

2 - жігіт *(күліп)*. Байғұсым бабына келген екен, қарашы тісі тісіне тимей, сақылдап тұрғанын, ақпан – қаңтардағы күйіне келген бурадай болып.

Үйден тықыр шығады. Аманбай қашады. Қайша, Дәмеш шығады.

2 - жігіт *(Аманбайға)*. Құдай ұрғыр, бері кел!

Дәмеш *(қорқып шегінеді)*. Мыналар кім?

Қайша *(қолынан ұстап)*. Үрікпей-ақ қой, ешкім де емес. Әй, бері кел, жынды неме, тағы жындандың ба?

Аманбай. Қайша, сөйлемеші өзің, нең бар менде? Мені осындай жерде түзей аламысың? *(Дәмешке.)* Кәне, жүрейік пе? А-а-а... сөйлесейік кішкене *(Дәмештің қолынан ұстайды.)*

Дәмеш *(қолын қағып)*. Аулақ!<sup>46</sup> Кім сөйлесемін деді сенімен? Неғып жүр өзі?

Қайша. Кеселді Аманбай, құдай алмады ғой сені! Қайтермін енді? *(1-жігітпен сыбырласады.)*

Аманбай. Дәмеш, ұрыспа! Ұрысқан... тырысқанымыз жарай ма? Құдай қосқан соң қайтесің?

Дәмеш. Не деп жүр өзі?<sup>47</sup> Құдай сендей жарымеске қоспай-ақ қойсын! Сенің есіріп жүргенің құдайдың бір уақытысы шығар. Әйтпесе сені үміт қылатын болып па едім мен?

Аманбай. Иә... сонда да... өйткенмен де... жарай ма? Дәмеш, қой... *(Қолынан ұстамақ болады.)*

Дәмеш *(ұстатпай)*. Құтырма енді, аулақ жүр! Тағы бір қастық істегісі келіп жүр екен ғой *(Үйге қарай жүреді.)*

Аманбай *(Қайшаны түртіп)*. Анауың кетіп барады ғой.

Қайша *(артынан жүгіріп ұстай алып)*. Сөйлеме, кеселді қырсық! Не шатып тұрсың бағанадан бері? Қайтер екен десем, асқақтама! Көкірегіңді керме өйтіп? Аз ғана сөйлескенге нең кетеді? Сөйлесіп қана қайтқалы келді, жемейді сені *(Ғазиз, Рақыш тоғай жақтан жақындап келіп отырады.)*

Дәмеш. Естімеймін сөзіңді, сен екенсің ғой тағы. *(Жұлқынады.)*

І - жігіт . Дәмеш, сен балалық қылма. Азғантай ғана мойның бұрып, менімен сөйлесіп кет. Бір ауыз жауаптан қашқанның лайығы бола ма?

Дәмеш (*тоқтан*). Не қыл дейсіңдер? Менімен сөйлесетін жұмыстарың жоқ. Тындамаймын (*Үйге жүреді.*)

Аманбай . Кой, Дәмеш! (*Бірінші жігіт Дәмештің артынан құшақтап ала жөнеледі. Сол уақытта Төлеш, Демеужан, күзетші жылдам басып келеді.*)

Дәмеш . Ойбай!.. Төлеш! Жүгір, ойбай! (*Аманбай, екінші жігіт қосыла жүгіреді.*)

Қайша . Жөнеліңдер, есіріп жүрген бұл кеселді күң!<sup>48</sup>

Төлештер айқайлап артынан жүгіреді. Бірінші жігіттің алдынан, Рақыш, Ғазиз қарсы тұра қалады.

### *XIII көрініс*

Ғазиз (*ақырып*). Қайт, босат, өлесің!

Алтыатарды жігіттің кеудесіне таяйды. Дәмеш босайды. Аманбай бірінші жігітке соқтығып шалқасынан құлайды. Бір жағынан Төлештер жүгіріп келеді.

Дәмеш (*босанып жылап*). Қайша-ай, не деген қуарғансың?

Төлеш (*Аманбайды бас салып*). Кімді басынасың, сен құл? (*Ұрады.*) Байла иттерді, өлтір! (*Көп айқай, дабыр-ду, “өлтір, бауызда”, деген сөздер естіледі. Үш жігітті байлап жатады.*)

Қайша. Тағы келді ғой мына кеселділер. Қуатжан, жүгір, ойбай!

Демеужан (*Қайшаға*). Бәрін істеп жүрген сенбісің тағы? (*Жығып салып ұрады.*)<sup>49</sup>

Қайша . Қуатжан, ойбай-ай... Есендік, өлдім! Өлтір, ойбай, қайдасың?!

Демеужан (*жармаса*). Өл, елден шыққан залым! (*Айқайлап.*) Қан түртіп тұрса, шықсын балаң!

Қайша айқайлайды.

Төлеш (*жүгіріп келіп Демеужанға*). Былай тұршы, осыдан өзім алайын өшімді!

Демеужан (*Аманбайға жүгіріп келіп*). Иттің тұқымы, кім үйретті саған алып қаш дегенді? (*Ұрады.*)

Аманбай (*жарыса*). Ағатай-ай, мен емес едім. Ағатай, ендігәрі жоламаймын!

Демеужан. Кім кел деді саған?

Аманбай. Қайша емес пе? Кел, шығарып берейін, алып қашып кет деген.

Төлеш (*Қайшаға*). Кеселді, қандай қылайын осы арада! (*Буындаырады.*)

Қайша. Ойбай, кеселді, Есендік, өлдім ғой (*Төлешке.*)  
Құдай-ау, Төлеужанның қара сорпасын ұрттат! Құдай!

Төлеш. Есендік құтқарып алар сені менен.

Қайша. Төлеужан, сенің қара сорпанды ұрттамасам, кәпір болайын!

Төлеш. Иә, ұрттарсың!

Дәмеш (*Ғазизге*). Қойғызсаңызшы енді. Өлтірді ғой<sup>50</sup>.

Ғазиз (*Төлешке келін*). Қой, Төлеш, болар енді, өлтіремсің?  
(Айырып алып, Қайшаны алып кетеді.)

Қайша (*кетіп бара жатын*). Сенің қара сорпанды ұрттамасам көрерсің енді!

Дәмеш. Құдай-ау, бұ не деген қырсық? Бұ не деген сұмдық?

Демеужан (*Төлешке*). Мыналарды қайтеміз?

Төлеш. Алып жүр үйге бәрін де! Жазасын ертең берермін  
(*Сүйрейді.*)

Аманбай (*екінші жігітке*). Кеселді иттер, айтпап па едім бағана кетейік деп? Әйтеуір қылдыңдар ма, қырсықтар!

2-жігіт. Е-е, несін айтасың, бәрінен де нақақтан өлген мен бейшараны айтсайшы? (*Бәрін ойын бөлмесінен сүйреп алып кетеді. Үй жақтан дауыс естіледі.*)

Дауыс. Тұра тұр, тоқалдың сойылын соғатын немелері Көрсетермін ертең! (*Күзетші шығады.*)

Күзетші. Есендік қорыққанынан үйінен де шықпай қалды. Қайшаның да жон терісі жазылған шығар. Шоқ, бәлем!<sup>51</sup>

Шымылдық.



## ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

### I көрініс

Төлештің үйі. Күләш, Дәмеш.

Күләш. Еркем-ай, мен бір нәрседен қатты қорқып жүрмін. Зәрем жоқ осы.

Дәмеш. О не? Айтшы?

Күләш. Біздің ауылдың берекесі кетіп барады ғой осы. Әкемен ұрсысып, ел-жұрттан шығып, біздің келіп отырғанымыз – мынау, бөтен болып кеткен бір ауылдың жанына. Аналар болса – ол жақта ойсырап қалып отыр.

Дәмеш. Оның несін айтасың? Бұған кінәлі кім? Бәрі жалғыз тоқалдың ылаңынан. Ағамның<sup>52</sup> бостығынан емес пе? Өз берекесін өзі кетіріп жүрген жоқ па?

Күләш. Одан да бар ғой. Сөйтсе де, апам жарықтық тек емес қой деймін. (...) <sup>53</sup> Мал-бастың, барлық дүниенің құт-берекесі сол кісі еді ғой. Өзі кеткен соң, артындағы дүние тозайын деп, әрекетке ұрынып жүр ме, немене?

Дәмеш. Құдайдың бір салғанын көрерміз.

(...) <sup>54</sup>

Күрсінеді, Ғазиз, Әбділдә кіреді.

### II көрініс

Ғазиз (Әбділдәге). Төлеш қайда кеткен?

Әбділдә. Төлештің қасына он кісі қосып беріп, Есендіктің жылқысын алып кел деп жібердім.

Ғазиз. Не дейді? Қашан кетті?

Әбділдә. Қайтып келетін уақыты болды.

Ғазиз. Ең болмаса, сайлау өткенін күтпей, бұныңыз не?

Әбділдә. Бала, білмейсің, мұндай ірі жұмыстар сайлау үстінде болса, қайырлы болады. Жұрттың, қаны тасқындап тұрғанда сөзімізді қостаушы көп болады.

Ғазиз (күліп). Дұрыс.

Төлеш кіреді.

### III көрініс

Әбділдә (*Төлешке*). Не қылдыңдар, қарағым, жылқы ала алдыңдар ма?

Төлеш. Алмақ түгіл, тағалы тайын қалдырғанымыз жоқ. Желісін қиып, құлындарына шейін алып келдік.

Әбділдә. Бәрекелді, өзіңді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түрінде екен ғой. Мінеки, жарайды енді, “қол болмай жол болмайды” деген. Кезі келгенде қандай бәлеге болса да шыдайтыныңды бір көрсетсең, бар жауың жымдай болып тақымын қысады. Әйтпесе емен де, семен де басынып, оңай қоржын қылып алады.

Төлеш (*күлін*). Әйтеуір осы жолы өзіңіздің шәкіртіңіз болдым ғой. Істе дегеніңіздің бірінен іркілгенім жоқ әлі күнге.

Әбділдә. Бәрекелді, іс осы. Енді маңына жоласыншы Бейсембі. Ол сені мұндай іс қылады деп ойлаған жоқ. Не қорқытып көндірем, не алдап көндірем деді ғой. Ертеден елді менгеріп алып, пәлені көргендігін қылғысы келеді. Бойы өсіп, буыны қатып марқаланғандығын көрсеткісі келеді ғой.

Күләш қымыз әкеледі.

Төлеш, Біз де енді достың достығы қандай, қастың қастығы қандай болатынын білетін болдық қой. Бейсембі не қылып отыр бүгінгі күні? Кімнің пайдасы тиетін болса, соның сойылын соғады<sup>55</sup>.

Әбділдә. Әрине, осындай, өгейлікті көрмесе, туысканнан туысқан неге кетсін? Көрермін енді жайлауы жарасып отырғанын!

Төлеш. Қысқа күнде тізгінді қырық бердім. Ағайын ұйытқысы бұзылмасын, Бейсембінің шиі жазылмасын деп, алдынан бір шыққаным жоқ. Мені неге тоқалға жығып береді?<sup>56</sup>

Әбділдә. Бәлі, менің Есендікке өкпем осы емес пе? Міне, ертең айтысқанда ірге бермейтін сөзің – осы.

Төлеш. Қайша кім осы күнде? Ол сүт үстінде қаймақ. Жұрттың бәрі оны төбесіне көтереді<sup>57</sup>. Мен сол тоқалға бұл күнге шейін жаңғырық болғаннан басқа, не істеп едім? Қарсы тұрсам, төбемді ойып бара жатқан соң қарсы тұрғаным жоқ па? Мен тоқалға жазықты болсам, ағайын-туғанға, Бейсембіге –

түгелімен жазықты болатыным қалай? Орнымнан, малымнан айырылып, кіші шешенің баласы болып кететінім қалай? Неге көтерейін мен мұны?<sup>58</sup>

Ә б д і л д ә . Көтермейсің. Бәрекелді, балта сабынан озбайды. Жат мінезді олар бастаған соң, сен неге тұрасың?

Т ө л е ш . Әйтеуір енді иілер жайым жоқ. Бұл әкелген мал түгелімен өзімдікі. Қолдан шыққан қорамжым, қол жеткен соң алып отырмын. Әбе, менің сізге ұстататын сөзім осы.

Ә б д і л д ә . Дұрыс, шырағым, саған енді мен бір сөз айтайын (*Ғазизді көрсетін.*) Мына бала – бөтеніміз емес, құдай қосса, жақының ғой енді. Сен “ағайын береке айтсын, табыстырсын” деген сөзді аузыңнан шығарма. Ондай сөз жауды бел алдыратын сөз болады<sup>59</sup>.

Т ө л е ш . Әрине, оны айтып бала болыппыз ба?

Ә б д і л д ә . Бүгін тіпті өзге ағайынның саған керегі жоқ. Ел келесі осы<sup>60</sup> қалпында тұрса, Бейсембі өтіп кетеді екен деме? Бүгінгі күні өзі жеңіліп отыр. Бар тіртектесіп тартысып отырғаным – осы алтыншы<sup>61</sup> еді, қандай болды өзі? Дода-дода болған жоқ па?

Ғ а з и з . Алтыншы тоқсан бес үй ме еді осы?

Ә б д і л д ә . Тоқсан бес, бұрын екі қырық бес үйден болып, арадағы бес үй – Байсалбайға таласып едік қой. Бүгін міне – Төлеш келген соң, бұның қайны келді. Демеужан келіп еді, оның қайны келді. Он бес үйді Төлештердің өзі әкеліп отыр. Енді жеңілмеген несі қалды? Өзге старшындарым тападай. Бейсембінің кеудесіне мінгенім емес пе енді?

Т ө л е ш (*Ғазизге*). Сен сайлаудан хабар білдің бе? Қалба болысы сайланып болып қалған жоқ па осы?

Ғ а з и з . Хабар білдім. Сайлаушы келді. Менің жолдасым екен. Бүгін көріп сөйлесіп, жаңа осы үйден аттандырдық<sup>62</sup>.

Ә б д і л д ә . Жылқыда кім бар, бағанағы кісілерің түгел қалып па еді? Осы жылқының артынан қуып келе ме деп отырмын.

Т ө л е ш . Келмейді деуге болмайды. Бағанағы кісілердің бәрін де тастап кеттім. Сөйткенмен ал-бұл болса, дайын отырған лайық болар еді.

Қымыз жиылады.

Әбділдә. Мен таңертең жұрттың бәріне хабар жібергенмін. Бүгін ұрыс болады, дайын отырсын деп, жиылатын шығар бәрі де. (...)<sup>63</sup>

Дәмеш. Ууһ!..

Ғазиз (*Дәмешке қаран*). Қуғын болса, келіп қалатын уақыт болды ғой, ешкім келе қоймас. Олар жығылып отырған жоқ қой.

Төлеш. Олай деме! Тегі, жығылып отырған жақ оғар болады мұндайда. Зорлық көрген кісі сықылданып отыр ғой олар.

Тыстан дауыс естіледі.

Дауыс. Төлеш, Төлеш, ойбай, келіп қалды.

Дәмеш }  
Күләш } Құдай-ай, сақтай гөр!

Дауыс. Төлеш... Бол, атқа мін енді!

Төлеш. Қазір! (*Қамданады.*)

Әбділдә. Ай... жылқы қайда?

Дауыс. Жылқыны ауылға айдап келдік, қуғыншылар кейін келе жатыр.

Әбділдә. Алдынан шығып ұрыс салындар, жолатпандар. Енді неге тұрсың өзің? Шап!

Ғазиз. Мен де барамын (*Қамданады.*)

Күләш. Жасаған ие-ай, сақтай гөр!

Әбділдә. Өліспей, мал берме түге! Бетін қайырмасаң, асып кетеді.

Төлеш. Ой, тәңірі-ай, біз де еркекпіз ғой, не қыла қояр дейсіз?

Әбділдә. Бәсе не қылушы еді, аямаңдар! Ай, Ғазиз! (*Ғазиз тоқтайды.*)

Ғазиз. Немене? (*Төлеш шығып кетеді.*)

Әбділдә. Бұндай жанжалда алды-артыңды болжап алмасаң болмайды. Мына Төлеш бірбеткей тоңғалақ шығар деймін. Сен олай болма!

Ғазиз. Иә, айта беріңіз.

Әбділдә. Жау көп болса, сен мынаның жасақшысы болмай, ара кісі болып: сөйлестірейін, жауап берейін деп, бетін қайтара тұр. Оған шекті біз де артымызды жиып аламыз. Егер аз болса, топылдатып түсіріп алып, тегіс байлап әкеліндер. Онан соң не болса да, көрерміз.

Ғазиз. Дұрыс.

Ә б д і л д ә . Бар. Мен де шығайын, қазір қалған елге хабар беріп, жасақшы жиып барайын (*Екеуі де шығады.*)

#### *IV көрініс*

К ү л ә ш . Еркем-ай, зәрем ұшып тұр ғой. Құдай-ақ, сақтай гөр.

Д ә м е ш (*күрсініп*). Күләш-ай, мен де қорқып отырмын. Тоқалдың анау күні түнде айтқан сөзі жаман еді. Сол сөзі есіме түссе, зәрем кетуші еді. Құдай-ай, қайырын бер! (*Ағаш даусы, “қайт-қайт”, “түс аттан”, “қырамын, жоямын” деген сөздер естіледі.*)

К ү л ә ш (*есікке қарай жүгіріп*). Құдай-ай, не сұмдық болып кетті? (*Есіктен қарап тұрып.*) Ауылға келіп қалыпты ғой. Кеселділер көп екен ғой.

Д ә м е ш (*қорқып*). Жеңешетай-ау, біз қайтеміз? (*Жылайды.*)

К ү л ә ш (*қарап тұрып*). Жасаған-ай, жаман атыңнан сақта! Еркем, бір пәле болды, ұрысып жүр, Тоқалдың баласы да бар екен ғой. Алда-ай, сақтай гөр, жасаған-ай, сақтай гөр!

Д ә м е ш . Тәңірім-ай, өзің қорған бол, өзің сақта!

К ү л ә ш . Сәулем-ай!..<sup>64</sup> Төлешті көздеп жүр, а құдай!.. Ақсарбас! Айттым басымды жолыңа!

Д ә м е ш (*есікке таман жүгіріп*). Құдай-ай, не пәлеге ұшыратасың? (*Мылтық даусы естіледі.*) Алла! (*Кейін қашады.*)

К ү л ә ш . Алла! (*Шошып кейін қашады.*) Сәулем-ай, қарашы!.. Қарашы, зәрем кетті ғой. Жүрегі құрғыр сезеді ғой. Қарашы, сәулем, бар ма, тірі ме? Төлеш!.. Сәулем!.. (*Жылап талықсып төсекке жығыла сүйенеді.*)

Д ә м е ш (*жылап*). Құдай-ай, ақсарбас! Не күйге ұшыратасың?

Дауыс (*тыстан*). Ойбай-ай, бұ не деген сұмдық еді?..

Бауырым-ай!.. Ойбай-ай!.. Түбіме жеттің-ау, тоқал! Ойбай, бауырым!.. (*Ой, бауырымдаған көп дауыс естіледі.*)

Дәмеш (*қатты жылап*). Ойбай-ай, Күләш-ай, құдай ұрды ғой! Әлгі Демеужанның даусы ғой! Ойбай, не болды?

Күләш (*талықсып жылап*). Не дейсің? Не дейсің? Құдай ұрды ма? Бақытым күйді ме? Алғаным! Сәулем!

Әбділдә (*жақындап келіп*). Бейсембі, түбіме жеттің бе, Бейсембі? Қанды шелек-ай, не кегің бар еді? Арыстанымды сұлаттың ба? (*Жылап.*) Бауырым-ай, Төлеш-ай!.. Серігім-ай!

Демеужан. Жалғыз ағекем, бауырым?..

Күләш. Қуатым!.. Не болды? Қорғаным, не болды? Мені неге тастап кеттің! (*Көп жылау, бәрі де ақырын жылайды.*)

Дәмеш. Ағатайым, сүйенішім, жарығым!

Есіктен Төлешті көтеріп алып кіреді. Әбділдә, Демеужан, Ғазиз, тағы төрт-бес жігіт. Дәмеш қарсы жүріп Төлешті құшақтап.

Сәулем-ай, не қылды? Не болды? Кеселді дұспан аялдады-ау! Тағы жылатты-ау!

Күләш (*төсекке сүйеніп тұрып талықсып*). Құдай-ау, не күйге ұшырадым, не пәле туды басыма, жарығым-ай! Қуатым, медеуім-ай!.. (*Әкелген жұрт Төлешті басына жастық салып жатқызады. Төлеш бүйірін басып бүктеліп жатады. Күләш құшақтап жығылып.*) Сәулем, не болдым? Қор болдым ба, зарладым ба?

Әбділдә. Қарақтарым, қойыңдар енді. Төлештен әлі күдер үзгеміз жоқ. Сендер жыласаңдар, ауыр тиеді оған. Тоқталыңдар, өзі күйіп отырған жанды күйдірмеңдер!..

Демеужан (*қасында отырып жылап*). Қалқам, ағатайым, арманда кеттің-ау!

Күләш. Жарығым!.. Қорғаным, зорлық көрдің ғой, жалғыздық көрдің-ау!..

Дәмеш. Ағатай! Не болдық, не күйге ұшырадық?

Төлеш қолын сермеп, бәріне де ишарат қылады.

Ә б д і л д ә. Қойындар деп жатыр. Бірдеме айтқалы жатыр. Қарақтарым, тоқтандар енді (*Төлешке.*) Қарағым, не айтасың?

Т ө л е ш. Уһ-уһ (*Ыңыранып.*) Мені аясаңдар жыламаңдаршы! Ә б д і л д ә. Қарағым, қойдық енді, жыламаймыз.

Бәрі үндемей, ақырын жылап отырады.

Т ө л е ш. Уһ.. Менің күйігім жеткен жоқ па?.. (*Бәрі ақырын солқылдайды.*) Тілеймін, жыламаңдар. (*Жан-жаққа қарап.*) Ғазиз қайда? О да тастап кетті ме?

Ғ а з и з. Мен мұндамын, ағатай!

Ә б д і л д ә. Мінеки, қарағым...

Т ө л е ш. Отыр. (*Тоқтап.*) Аттың, әкем! Шешемді бауыры суық қара жер алды (*Дәмеш жылайды.*) Әкемді қаны суық өгей шеше дұспан алды. Менің жауым – мені қанға былғап отырған. Күндестің баласы... алды...

Д а у ы с (*тыстан*). Қуатым-ай, Төлеш-ай! Мен ит болдым ғой, жаздым ғой!..

Есендік кіреді.

### V көрініс

Есендік. Жаңылдым ғой, миым айналды ғой... Мұндай болады деп пе едім? (*Төлешті құшақтап, маңдайынан сүйеді. Бәрі жылайды.*)

Ә б д і л д ә. Неге келдің, қуарған? Қуарып неге отырмайсың үйінде? Алдап кел деп тағы тоқал жұмсады ғой.

Д ә м е ш (*жылап*). Аға, түбіме өзін жеттің бе? (..) <sup>65</sup>

Т ө л е ш. Мені баласына... атқызған тоқал... Тоқал кім? Ол сенің... қойныңнан... менің шешемнің төсегінен... шыққан шұбар жылан.. (...) <sup>66</sup> (*Қиналып.*) Уү-уһ... Уү-уһ! (*Бүктеліп.*) Әттең, ар-

маным!.. (Түзеліп.) Кегім... Тоқал! Қаныма ортақсың... уһ-уһ...  
ақыретте... Екі қолым жағанда!.. (Сұлық жатады, Есендік иман  
айтады.)

К ү л ә ш (жылап). Өңі бұзылып барады ғой... Сәулем-ай!  
Ә б д і л д ә (бәріне қарап). Қарақтарым, Төлештерің үзілді.

( Ш ы м ы л д ы қ . ) <sup>67</sup>



**ҒЫЛЫМИ  
түсініктемелер**





## ҚЫРДАҒЫ ЕЛГЕ

М. Әуезовтің бұл мақаласы алғаш рет “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 1 қаңтардағы санында жарық көрді. Содан кейін еш жерде жарияланған емес. Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағында тұңғыш рет жарияланып отыр. Мақаланы баспаға дайындағандар – Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев. Бұл кезде Мұхтар Әуезов Семей губерниялық революциялық комитетінің бұратана халықтар бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарып жүрген. Мақала Семей қаласы мен облысын ақгвардияшылардан тазартуға байланысты осы өңірде орын алған өзгерістерге арналған.

1. 5-бет. “Семей қаласында **соңғы** өзгеріс...” – Кеңес өкіметінің қайта орнағанын айтып отыр. Большевиктер дайындаған жұмысшылар мен солдаттардың көтерілісі нәтижесінде 1919 жылғы 30 қарашадан 1 желтоқсанға қараған түні қалада ақгвардияшылардың билігі құлап, өкімет жергілікті соғыс – революциялық комитеттің қолына көшті. Көтерілісшілер ақгвардияшылардың жазалаушы жасағын қарусыздандырды, Семейге орналасқан екінші Дала корпусының штабын басып алды, түрмеден саяси тұтқындарды босатты. 2 желтоқсанда Семейге Е. М. Мамонтов басқарған партизандар полкі, ал 10 желтоқсан күні Қызыл Армияның тұрақты бөлімдері кірді. (Қараңыз: Гражданская война в Казахстане. Летопись событий. А., 1974. С. 317; Покровский С. Н. Разгром иностранных военных интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане (1918–1920 гг.). А., 1967. С. 302).

2. 5-бет. “**Дутов**” – Дутов Александр Ильич (1879–1921) – Орынбор қазақ-орыс әскерлерінің атаманы.

1917–1918 жылдары Оңтүстік Орал мен Орынбор өңірінде қазан төңкерісінің жеңісіне (кеңес өкіметіне) қарсы қарулы бүліктер ұйымдастырды, 1919 жылдан генерал-лейтенант. Азамат соғысы жылдарында Колчак әскерінің құрамындағы Орынбор жеке қазақ-орыс армиясын басқарып, Қызыл Армияға қарсы

соғысты. Колчак әскерлері талқандалғанда өз әскерлерімен Семей облысы мен Жетісуға шегініп, 1920 жылғы наурызда Қытайға өтіп кетті. Дутовты 1921 ж. 7 наурызда Құлжа (Суйдун) қаласында (Шығыс Түркістан) өзі орналасқан штабында кеңес чекистері атып өлтірді. Бұл оқиға Шәкен Айманов түсірген “Атаманның ақыры” кинофильміне арқау болған.

3. 5-бет. **“...қызыл әскердің алдыңғы реті барып”** – 1919 ж. 10–11 желтоқсанда Семейге Қызыл Армияның алғашқы бөлімдерінің келгені туралы болып отыр. Олардың қатарында 228 Карель полкі мен 226 Петроград полкінің батальоны болды. (Қараңыз: За власть Советов. Сборник статей и воспоминаний. Семипалатинск, 1961. С. 109.).

4. 7-бет. **“ауылнай комитеті, не волостной комитетінің”** – 1918 жылғы көктем және жаз айларында құрылған жергілікті билеу органдары. Олардың дені Алашорданың тікелей басқаруында болған облыстық (оның қатарында Семей облыстық) қазақ комитеттерінің жетекшілігімен ұйымдасқан еді және олар азамат соғысы жылдарында қазақ ауылдарында жұмыс жүргізген.

5. 7-бет. **“Семейдің счастной революционный комитетіне”** – 1919 жылы 16 желтоқсанда құрылған Семей облыстық әскери-революциялық комитеті. Оның алғашқы құрамына Скиба, Большаков, А. Бобр, В. А. Курамжин, Неворотов деген большевиктер мен большевиктерді жақтаушылар кірді. 1919 жылы 16 желтоқсаннан 1920 жылы 10 қарашаға дейін оның құрамы алты рет өзгерістерге ұшырады. 1919 жылғы 23 желтоқсанда облревкомның басқару бөлімінің қасында “инородческий” подотдел (“бұратаналар” бөлімшесі) құрылды. Оның жетекшісі болып М. О. Әуезов тағайындалды. Бөлімше жергілікті халық өкілдерін жаңа “революциялық органдарға” тарту шараларын қарастырды, оның басшылығымен бірнеше “уездік информациялық сиездер” шақырылып, қазақ жастары өкілдерінің көптеп қатынасуымен әртүрлі митингілер мен мәжілістер өткізілді. М. О. Әуезовтің 1920 жылы 23 ақпанда облревкомға жолдаған бір баяндамасында осындай мәжілістер өткізу 3 наурызда Семей уезінде, ал облыстың қалған төрт уезінде 20 наурызда жүзеге асатынын көрсеткен. (Қараңыз: Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар советтері (1917–1929 жылдар). А., 1972; Зиманов С. Даулетова С. Исмагулов М. Казахский революционный комитет. А., 1981).

6. 7-бет. **“...ел тезінен комитеттерін”** – ескі ауылдық және болыстық комитеттерді кеңестік негізде қайтадан сайлау (ұйымдастыру) жөнінде болып отыр.

7. 7-бет. “Семейдегі әскер басшылары” – қала мен облыста Кеңес өкіметі қайтадан орнағаннан (1919 ж. 1 қараша) кейін құрылып, іске кіріскен облыстық әскери-революциялық комитет деген сөз.

*К. Нұрпейісұлы,  
Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор*

## ҚАЗАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТІ

М. О. Әуезовтің “Қазақ қызметкерлерінің міндеті” атты мақаласы тұңғыш рет 1921 жылы 14 қаңтарда “Қазақ тілі” газетінде жарық көрді. Жазушы шығармаларының он екі томдық басылымының 11 томының 23–26-беттерінде (1969); жиырма томдық шығармалар жинағының 15 томының 34–36-беттерінде (1984) жарияланды. Толық жинаққа газеттік нұсқа бойынша енгізіліп отыр. Текстологиялық салыстыруды жүргізгендер – Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев.

Семей Губкомының қазақ бөлімінің меңгерушісі ретінде Қазақстанның мемлекеттік аппаратымен ауылдық мекемелерде қызмет атқарған қазақ азаматтарына ақыл-кеңес беру ниетінде жазылған.

1. 8-бет. **Кіндік хүкіметтің** – орталық үкіметтің.

2. 8-бет. **“...қазақ халқына автономия береміз”** – 1920 жылғы 30 тамызда Бүкілроссиялық ОАК мен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі Қырғыздың (қазақтың – Қ. Н.) Автономиялық Кеңестік социалистік Республикасын құру туралы” декрет қабылдады. Әңгіме сол туралы болып отыр.

3. 8-бет. **“...разверстке”** – азық-түлік салғырты (салымы). Азық-түлік салғырты (салымы) азамат соғысы жылдарында кеңес өкіметі жүзеге асырған экономика саласындағы төтенше саясат – “соғыс коммунизм” саясаты дейтіннің негізгі өзегі болды.

4. 9-бет. **“...қазақ азаматының партиядағысы...”** – коммунистік (большевиктер) партиясына мүше болған қазақ азаматтары жөнінде айтылып отыр.

5. 9-бет. **“...социальный революцияны”** – әлеуметтік төңкеріс. Бұл арада социалистік революция мағынасында айтылып тұр.

6. 9-бет. **“елді мәдениетке жеткізіп ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру...”** – М. О. Әуезовтің пайымдауынша, халықтың қолын кең аядағы, терең мазмұндағы мәдениетке

жеткізу, оны өнер-біліммен “құралдандыру” әлеуметтік өзгерістер жасаудың басты жолы болмақ.

7. 9-бет. “...қазақ даласын билейтін комитет” – бұл жерде 1920 жылы қаңтарда Семей губревкомының жанынан құрылған бұратана (қазақ) халықтар бөлімі туралы айтылып отыр.

8. 10-бет. “...төңкерістер...” – Бұл арада “төңкерістер” деген ұғымды М. О. Әуезов философиялық мәнде қолданып отыр. Оның негізі – терең мазмұнды экономикалық, рухани, мәдени “төңкерістерге”, дәлірек айтсақ деген өзгерістерге саяды.

*К. Нұрпейісұлы*

## СОТ

Мақала “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 12 қаңтар күнгі 114-санында жарияланған. “Басы № 113 нөмірде” деген сілтеме бар. “Қазақ тілінің” бұл саны Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің, Ұлттық кітапхананың Ғылым академиясы кітапханасының, сондай-ақ Семейдің қалалық мұрағаттарында жоқ болып шықты. Осы мақаланың және бұдан кейінгі шыққан жарияланымдардың мазмұнына қарағанда, М. Әуезов Семей губерниялық атқару комитетінің казак бөлімінің меңгерушісі ретінде билік, сот, неке заңы, кооператив, ауыл шаруашылық мәселелеріне арнап газеттің әр санында жеке-жеке мақала жазып отырған. Сондықтан да “Сот” дербес шығарма ретінде ұсынылып отыр. Бұрын ешқайда қайта жарық көрмеген. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына араб һарпінен кирилл һарпіне көшіріп, дайындағандар – Бейсенбай Байғалиев пен Санагүл Майлыбаева Көлбайқызы. Ескерту: архив тігінділерінен мақаланың бас жағы табыла қалған жағдайда арнайы қосымша томға толық мәтінімен басылады.

11-бет. “**Ел сотты бір-ақ турадан біледі**” – Бұл сөзбен автор үлкен тарихи мәселені қозғап отыр.

Қазақ даласында хандық билік таратылып, орыс империясының басқару жүйесі кіргізілу кезеңінде үлкен өзгеріске ұшыраған “билер институты” болатын. Мыңдаған жылдар көшпелі қоғамның әлеуметтік-рухани құрылымын мінсіз реттеп келген билер институты өзінің маңыз, міндетінен айырылып, тарих сахнасынан шықты. Бұған үлкен екі себеп әсер етті.

Біріншіден: “Биді” халық дауысқа салып сайлай, оның біліміне, ақылына, адалдығына, шешендігіне бой ұсынып, мойындайтын. Қауым ортасында тегіне қарамай би дәрежесіне көтеріліп, халықтың әділ таразышы, парасаты болып саналатын. “Тура биде туған жоқ” – деген сөз осыдан шыққан.

Екінші: бидің шешімін орындау жүйесі не ханға, не атқамінерлерге бағынышты болмайтын. Сөз құдыреті, дәстүрлі



мәдениет, би мақұлдаған билер кеңесі міне, осылар би шешімін орындатар негізгі құрал еді.

Ресей үкіметі ондаған жылдар дайындалып барып, 1868 жылы Дала облыстарына арналған жаңа сот жүйесін кіргізді. (Временное положение об управлении степными областями 1868 года). Бұл ереженің ең басты ерекшелігі билерді сайлау жүйесін кіргізуі (97, 135-баптар). Ереже бойынша әр болыстан үш жылға төрт адамнан сегіз адамға дейін би сайланды, сайлаудың қорытындысы губернатор жарлығымен бекітілді. Шешкен дауының 10% билік ақы есебінде алу заңдастырылды. Ақылгөй, шешен, заңды жатқа білетін халық өкілдерінің орнына малы көп парақор пысықтар билікке, сот болуға ұмтылды. Халық алдында сайланған билер әдет-ғұрып заңдарын білмейтіндігімен, әділетсіздігімен дәстүрлі құқықтық мәдениетімізді төмендетті. Патша әкімшілігі осы білімсіз билер үшін Арнайы Ережелер шығарды. 1868 жылғы Уақытша ереже мен 1886 және 1891 жылдарда шығарылған заң бойынша қазақтар үш сатылы сотқа тәуелді болды. Осы басқару реформасы “сот” деген сөзді қазақ тіліне енгізді.

Ол үш саты мынадай: Әскери сот, жалпы қылмыстық сот, билер соты. Әскери сот және қылмыстық соттар империялық заңдарды, билер соты әдет-ғұрып заңдарын қолданды. Билер соты құзыры арнайы бабпен шектелді. Енді билер 300 сомнан аспайтын (он бес жылқы, жүз елу кой) дауларды ғана қарауға құқықты болды.

Автордың “Ол қызметі не? Ол елдің біріндегі ақысын біріне әперу, еселестіру, ұрыны тию, қыз, қатынның арызын орындау” – деп, дөп басып айтып отырғаны осы.

2. 11-бет. “**терістікке тез, андушы деп ешкім де ұқпайды**” – Бұл жерде “тез” түзетуші, оң жолға салушы ұғымында берілген. Ал “андушы” деген сөз, қылмыстың алдын алу туралы соттарға жүргізілетін үгіт-насихат жұмысы айтылып отыр. Сондай-ақ прокурор деген ұғымды да білдіреді.

3. 11-бет. “**теңдіктің қарақшысы**” – Бұл арада сот әділ шешімнің жоқтаушысы байға, болысқа бұрмай, істі дұрыс шешетін, ар-ұяттың қарауылы, күзетшісі – деген мағынада қолданылып отыр.

4. 11-бет. “**Сот басында елге жат бір нәрсе болып көрінеді**” – Кеңес заңы әкелген жаңа сот жүйесі құқықтық істермен қоса, ел ішіндегі басқа идеологиялық жұмыспен де айналысты. Бұл арада автор кеңес сотының байларды әшкерелеу, тапқа бөлу,

революция дұшпаны деп әшкерелеу, әйел теңдігін көп әңгіме ету сияқты жаңа сипатын қазақ арасы үрке қабылдағанын айтып отыр.

5. 11-бет. “...**мінез үшін жазаға кәріфтар қылатынын білген жоқ**” – Кәріфтар (кіріптар) сөзі тәуелді, міндетті деген ұғымды білдіреді. Бұл арада істеген қылмысына сай белгіленген жазаны **өтеуге** кіріптар (міндетті), оны еріксіз мойындауы **тиіс**, жазадан құтылмайды – деген мағынада айтылып отыр.

6. 11-бет. “...**мал тартқан, жаза тартқан тентек-тебір, болмаса**” – Бұл арада жазушы: қылмыскерден, жазаланушыдан басқа сот шешіміне риза көпшілікті айтады. “Мал тартқан” – құн төлеуші немесе айып төлеуші.

7. 11-бет. “...**хансьездің өзі болды**” – Отарлау реформасы жүргізілгенге дейін қазақ арасында хандық басқару жүйесі бар еді. Ол кезде жылына бір рет үлкен хан кеңесі, яғни, халық жиыны өтіп тұрған. Онда ру арасындағы даулар, жер мен соғыс мәселелері қаралған. “Күл төбеде күнде кенес” – деген мәтел сол кезде қалыптасқан. “Жеті жарғы” заңы осындай хан кеңесінде – халық жиналысында қабылданған. Халық жадында “хан съезі” үлкен ілтипатпен, әділеттілік таразысы ретінде сақталып қалды.

8. 11-бет. **Баяғыда болған пәлен чрезвычайный, түлен чрезвычайныйлардың заманын айтады, сондағы біткен жұмыстарды айтады**” – 1868 жылғы дала облыстарын басқару туралы Уақытша ереженің 150-бабына байланысты болыс билерінің съезі өткізіліп отырған. Олардың қарайтын ісінің құны 300 сом мен 500 сомның мөлшерінен аспауы тиіс болатын. Уезд бастығының шешімімен (156-бап) уезд билерінің чрезвычайный съезі, облыстық басқарма шешімімен билердің облыстық чрезвычайный съезі өткізіліп отырған. Абай Құнанбаев Қарамолада өткен “чрезвычайный съезге”, тобықтының биі есебінде қатысып, төбе би болып сайланғаны белгілі.

9. 12-бет. “...**Һәм өзі емдемей, жай-жапсарын білмеген ел емдегендіктен бұзылып кеткен мінездері, қалыптары көп**” – Бұл жерде автор: Ресей заңына бағынғаннан кейін бас еркіндігі өз қолынан кеткен халықтың ұлыққа – жалтақ тәуелді, биі – парақор, болысы – жағымпаз болғанын; олардың заңнан, әдет-дәстүрден көрі билік ықпалына мойынсұнғанын, этнос психологиясына қарама-қарсы құқықтық әрекеттердің пайда болғанын айтып отыр.

10. 12-бет. “**Түбегейлі міндеттер: әлгі ұғымды ел көкейіне қондыру. Шын таза соттың кім екенін, қандай болатынын елге**

**таныту**” – Автор ХХ ғасырдың басынан бері Ресей юристерінің арасында көп айтылып жүрген праволық сана, праволық психология мәселелерін сөз етіп отыр. Заңға, үкімет шешіміне деген халықтық көзқарасын өзгертудің, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда соттың алатын орынының, олардың рухани тазалығының, әділдігінің маңызын айтып отыр. Сот түзелмей – ел түзелмейтіні меңзелген.

11. 13-бет. “**Міне, бұл міндет не судиялардың тобырының ойында жоқ...**” – Бұнда тек заңның мәртебелілігі, биліктің әділдігі ғана елді, мемлекетті дұрыс жолға апаратыны айтылған. Ең дұрыс демократиялық жол – заңға бағыну. Қазақ үшін құқық мәртебесі биік болған кезең – билер заманы. Ал, Европадағы үлгі – ХХ ғасырдың басында айтыла бастаған құқықтық мемлекет теориясы. “Заң қуатына сүйенуіміз керек, мемлекет тұғыры осы болу керек”, – деген М. Әуезовтің ойы саясат өрт жалынындай лаулап тұрған кезде айтылған өте батыл ой.

12. 14-бет. “**Біздің еліміз тәртіпті, жақсы соттың бақташылығында болмағандықтан, бұрынғы соқтықпалы содырлы мінездерден айрылған жоқ**” – Патшалық самодержавие тұсында қалыптасқан сот жүйесінің әділетсіздігін, халық өмірі мен сот тәртібінің екі түрлі қарама-қайшы бағытта болғанын айтып отыр. Отарлау пиғылына негізделген сот жүйесінің Қазақ даласына тек әділетсіздікпен зорлықшыл үстемдіктің ұрығын сепкені меңзелген.

13. 14-бет. “**Бұрын бір елдің бар батыры жиылып, неше жұмалық, неше айлық жерге қол болып барып...**” – Әдетте, хан кеңесі мен билер келесі өткен кезде, оған әр рулар қол жиып, қару-жарағын асынып, азық-түлігін қамдап, сақадай сайланып баратын. Бұл, біріншіден, өздерінің күш-қуатын көрсетіп, сес білдіруден туған. Екіншіден, іс шиеленісіп, насырға шапқан жағдайда әр қилы әрекетке дайын тұру мақсатынан шыққан.

14. 15-бет. “**Ел ішінде біреудің ақысы, “права” дегенге біреудің жаратылыстағы еркі, билігі дегенге бойсұну, жол беру жоқ**” – Автор өзінің бұл ойы арқылы үлкен мәселені қозғап отыр. Құқықтық теориялық, философиялық түбірінде екі үлкен бағыт бар; біріншісі – адамға туғалы жаратылыстан берілетін ерік-құқығы (Естественное право); екіншісі – адамға мемлекет тарапынан берілетін құқық (Позитивное право).

Адамның туғаны қандай табиғи құбылыс болса, оның өмірі де, еркі де, меншікке иегерлігі де, заң алдындағы теңдігі де, біреудің қысым-зорлық жасауынан дербес болуы да сондай

табиғи құқық болып табылады. Бұл – жаратылыс құқығын қолдаушылар тарапынан ғана емес, жалпы адамзаттық көлемде айтылып, қолдау тауып келе жатқан мәселе. Дамыған елдің Конституциялары осы жаратылыстық құқық негізінде жасалған.

Ал позитивтік құқықта адамның еркі, меншікке иелігі, теңдігі өз ойының дербестігі мемлекет тағайындаған заңдар арқылы белгіленеді.

Кеңес дәуірінде адамның өмірі, меншігі, ақыл-ойы, еркі, жеке басының дербестігі түгелдей мемлекет пен партияның реттеуі арқылы шешілді. Адамның өмірі түгіл, ойына шейін “мемлекеттендірілді”, яғни, мемлекеттің меншігі есебінде бағаланды. 1921 жылы М. Әуезов: “Адамның өмірі, теңдігі, меншігі, ақыл-ойы дербес болуы керек. Оны жаратылыс, табиғат сыйлаған, оны иемденуге ешкімнің құқы жоқ”, – деп жазуы үлкен ерлік және терең білімділіктің белгісі. 1921 жылы шығарған Кеңес декреттеріне жүгінсек, онда адамның құқығы, меншігі революциялық қажеттіліктің мөлшеріне сәйкес қарастырылған. Адам өмірі, оның ойы, парасаты революциялық сана деңгейінде ғана бағаланатын уақытта Аристотель, Джон-Локк (1632–1704) айтқан ойларды қазақ топырағына сіңіруге ұмтылуы – автордың үлкен демократтық бағыттағы көзқарасын білдіреді.

15. 16-бет. “...жаманшылығына қамшы қылып отырған адамдарды қуамыз ба?” – өктем билік тетігін өз пайдасына пайдаланып отырған, заңды қисық әрекетке жұмсайтын зорлықшыл мінездерді айтып отыр.

16. 17-бет. “Енді елдің түбегейлі тәрбиесін көздеген сот, ел қамын жеп сотқа алу болуға жараған исполкомдар болса, әрқашан сол жуандардың ісін бермек керек”. – Қазақ автономиясы жарияланған соң пайда болған билік құрылымы: Оның негізгі билік жүйесі – ауылдық кеңес, болыстық кеңес, уездік кеңес, губерниялық кеңес, Бүкілқазақтық Кеңестер съезі болып қалыптасқан. Исполком – осы кеңестердің атқарушы тетігі. Бұл арада заңды бұзған, бұзуға ықпалды жуандарды тек сотта ғана емес, атқару комитеттерінде де қарап, жаза қолдану керектігі айтылады.

*Қ. Әбішев,  
заң ғылымының докторы*

## ҚАЗАҚ БӨЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ

Мақала “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 29 қаңтар күнгі 118-санында жарияланды. Бұдан кейін қайтып ешқайда жарық көрген жоқ. Жазушының шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына орай мақаланы араб харпінен кирилл харпіне түсіріп, ұсынғандар – Бейсенбай Байғалиев пен Санагүл Майлыбаева Көлбайқызы.

Мақала Мұхтар Әуезовтің Семей губерниялық атқару комитетінің қазақ бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарып отырған кезде жазылған. Семей губерниясы Сібір ревкомының құрамында болғандықтан да жергілікті ұлт өкілдерін билікке араластырмау үшін осындай басқару жүйесін құрды. Саны басым түсетін қазақ елін мемлекет ісінен шеттетіп, оларды бұрынғы патшалық-отарлау саясаты қолданған әккі тәсілмен билеп-төстеп, “большевиктендіру-орыстандыру” бағытын ұстанды. Кеңес өкіметінің жазалау саясатын барынша тұрпайылықпен жүзеге асырып, қазақ даласын оқу-білімнен, мәдениеттен, ғылымнан, мемлекет билігінен мақұрым қалдыруға тырысты. Семей губерниясын қалайда Ресейдің құрамында қалдырып, оны Қазақ автономиялы республикасына мүлдем жолатпауға барынша күш салды. Сөйтіп, қазақ елін өз бетімен томаға тұйық, тәуелді күйде қалдыру мақсатымен патшалық мемлекет құрылымының ең әккі билік жүйесі – болыстық құрылымды қалдырды.

Губерния, уез бастықтары болып большевиктер, яғни тура самодержавие, тұсындағыдай тек қана орыстар тағайындалды. Ал губерниялық, уездік атқару комитеттерінің жанынан ашылған қазақ бөлімі – тек қана көз бояу үшін ғана жасалған айла-шарғы еді. Ол бөлім жат міндеті – қазақтың ежелгі жесір дауы мен болыстық сайлау туралы мәліметті жиып беру ғана еді. Ешқандай саяси, экономикалық, мәдени, оқу-ағарту, әкімшілік, сот, әскери жасақ, азық-түлік, өнеркәсіп, қаражат, кадр мәселелерін шешуге тікелей құқы жоқ еді. Алайда, қазақ

бөлімі өзінің осындай шектеулі қызмет әрекетіне қарамастан аумалы-төкпелі, төңкерісті кезеңде өте үлкен жұмыстар атқарып, ұлттық мүддені қорғайтын бірден-бір мекеме болып табылады. Олар билік аясының шектеулі болғандығына қарамастан, халықтың тағдыры мен тіршілігіне қатысты кәсіпшілік пен шаруашылық, саясат пен экономика, оқу мен мәдениет, сот пен қаражат салаларына белсене араласып, аса ірі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Қазақ бөлімінің мақсатын түсіндіру – Мұхтар Әуезовтің тікелей міндеті еді.

Әсіресе, 1921 жылдың қаңтар айынан бастап Семей мен Ақмола губернияларының Қазақстанның құрамына кіруі туралы Бүкілқазақ құрылтайының қаулысынан кейін қазақ бөлімдерінің беделі ерекше өсіп, саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық, мәдени шараларды дербес шешуге ұмтылды. Сібір ревкомына қарайтын губерниялардың Қазақстанға қосылуы керектігі туралы талаптар қойып, ел ішінде үгіт-насихат жүргізді. Кей тұстарда Қазақ автономиялы республикасының заңдары мен қаулы-қарарларына сүйеніп, Сібір ревкомы мен губерниялық, уездік атқару комитеттерінің шешімдері мен нұсқауларын орындаудан бас тартты. Міне, М. Әуезовтің “Қазақ бөлімдері” туралы мақаласы осындай шешуші, түйткілді, саяси-әкімшілік атқару тұсында жазылды. Мұндағы басты мақсаты – қазақ бөлімдерінің әрбір қызметкерлері өзінің жұмысына Қазақ автономиясының қаулы-қарарларын басшылыққа ала отырып, бұрынғыдай большевиктік – ұлы державалық биліктің ықпалында кетпей, қазақ ұлтының мүддесін қорғап, дербес іс жүргізуі керектігін жұртқа жеткізу еді. Мұның егжей-тегжейі мақалада толық баяндалған.

1. 18-бет. “**Бүгінде Орынборда отырған**” – Орынбор қаласы 1920–1922 жылдары Қазақ Автономиялы Кеңес Республикасының астанасы болды. М. Әуезов бұл арада: “астана” деген мағынада қолданып отыр.

2. 18-бет. “**Кіндік комитеттен**” – Орталық комитеттен деген мағынаны береді. Ол кезде “Орталық” деген сөзді “кіндік” деп қолданған.

3. 18-бет. “**Бұл бөлімдер кеңес хүкіметінің закондарында жоқ болса да**” – Губерниялық атқару комитеттерінің жанындағы бұратана халықтар (қазақтар) бөлімі – кеңес өкіметінің мемлекеттік қызмет құрылымында жоқ басқару жүйесі Сібір ревкомының шешімімен жергілікті ұлттық наразылығынан сескеніп, амалсыз құрылған билік буыны.

4. 18-бет. “...тұрмыс жүзіндегі басқалық жаттығының арқасында еріксіз бәс алып отыр” – большевиктер кеңес өкіметін тек қана орыс пролетариатының мемлекеті деп түсініп, өзге ұлттарды билікке жолатпады. Сондықтан да М. Әуезов “Қазақ бөлімін” ұлты, тілі, діні орыстарға жаттығына қарамастан амалсыз құруға мәжбүр болғандығын меңзеп отыр.

5. 18-бет. “...қазақ жұрты қақас қалды” – қазақ жұрты шет, елеусіз, ескерусіз қалды деген мағына береді.

6. 18-бет. “...Қазақ автономиясы” – 1920 жылы 4 қазан күні Орынбор қаласында өткен Қазақ өлкелік кеңесінің жалпы құрылтайында Қазақ (Кир. Автономиялы кеңес социалистік республикасы (КАССР) құрылды. М. Әуезов соны тілге тиек еткен.

7. 19-бет. “...не знаю деп” – “білмеймін деп” – иығын көтеріп, менсінбей жауап береді деген сөзді кекесінді мағынамен әдейі орыс тілінде қолданған.

8. 20-бет. “...тәртіп болмай, әркім өз ойына келгенін істеп, өзге жерлермен хабарласпаса, ол күндегі істен еш нәрсе шықпайды” – бұл арада М. Әуезовтің негізгі емеуірін танытып отырғаны: Қазақ Автономиялы Республикасының құрамына кірмей қалған: 1. Сібір ревкомына карасты – Ақмола, Семей. 2. Түркістаннық құрамындағы Жетісу, Сырдария. 3. Астрахань губерниясындағы қазақ аудандарында ашылған қазақ бөлімдерінің ұстанар бағыты мен іс-әрекетінің барлығы бір арнадан шығып, Қазақ республикасына қосылу саясатын ұйымдасқан түрде табанды жүргізу және көзқарастары мен іс-қимыл амалын үйлестіріп отыру – мәселесі. Ауыз бірлігі, топтамасы, жалпы қазақ елінің тұтастығы қалпына келмей, сол баяғы “бөлшекте де билей бер” саясатының құрбаны болып қала беруі сөзсіз еді. Ресей мен Түркістан жағынан мұндай астыртын әрекеттер мен арандатулар белсенді түрде жүргізілді. Оған ұлтының мүддесін қорғап жүрген ұлт-азат рухты азаматтар мен қайраткерлер де алданып, арандалып қалған тұстары болды. Мұны пролетарлық-державалық пиғылдағы большевиктер өте әккілікпен ұйымдастырды. Олар (большевиктер) бұл мақсатына жете жаздап қалды. Өзінің қателігін түсінген қазақ қайраткерлері кейіннен алаш көсемдері ұсынған автономиялық құрылымды жақтап дауыс берді.

*Т. Жұртбай,*  
*филология ғылымының кандидаты*

## ЖАЛПЫ ЖАРЛЫҚ

Хабарландыру мақала “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 5 ақпан күнгі 119-санында жарияланды. Жазушы шығармаларының елу томдық толық басылымына тұңғыш рет енгізіліп отыр. Ұсынғандар – Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев.

Мұхтар Әуезов 1919–1921 жылдары Сібір революциялық комитетіне қарасты Семей губерниялық комитетінің бұратана халықтар бөлімінің (инородческий отдел) меңгерушісі болып қызмет істеді. Кейіннен бұл мекеме губерниялық атқару комитетінің жанындағы қазақ (киргиз) бөлімі деп аталды. Атқару комитетінің жанынан халық билері кеңесі (қысқартып “халбике” деп атаған) құрылып, барлық заң істері соған жүктелді. Қазақ арасындағы дәстүрлі дау-шарлар, таласты мәселелер осы қазақ бөлімі мақұлдаған нұсқауларға байланысты жүргізілді. 1920–1921 жылдардың арасында Семей губерниясында Ресей мен Қазақстанның заңдары қатар қолданылып, түрлі түсінбестіктер, қиындықтар тудырған. 1921 жылдың басынан бастап Семей губерниясы Қазақстанның құрамына енгізілуге тиісті болатын. Үлкен саяси-идеологиялық, ұлттық тартысқа толы шекара мәселесі шиеленісіп тұрғанда Қазақстанның заңына жүгіну Сібрескомның шамына тиіп, оны тоқтату туралы нұсқау берсе керек. Қазақ бөлімінің бастығы ретінде М. Әуезов “қазақ съезінің қаулысын” қолданбай тұра тұруды ескертуге мәжбүр болған. 1921 жылы мамыр айында Қазақстан орталық атқару комитетінің өкілетті уәкілі ретінде келген С. Сәдуақасұлы Сібрескомның Семей губкомын таратып, оны Қазақстанның құрамына қосты. Тамыз айында Семей губкомының төрағасы болып М. Әуезов бекітілді.

1. 21-бет. “...халық билеріне” – халық соттарына деген мағынада.

2. 21-бет. “...тексерушісіне” – тергеушісіне.



3. 21-бет. “...қаулысын әйім қылып” – қаулысын нұсқау етіп. басшылыққа алып – деген мағынаны білдіреді.

4. 21-бет. **Меңғали Түлкібаев** – туған, өлген жылы, толық өмір баяны анықталмады.

*Т. Жұртбай*

## НЕ СЕБЕПТЕН?

Мақала “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 5 ақпан күнгі 119-санында жарияланды. Бұл кезде Мұхтар Әуезов Семей ревкомының қазақ бөлімінің меңгерушісі және “Қазақ тілі” газетінің жауапты шығарушысы болатын. Сондықтан да бұл мақалаға ресми хабар есебінде қарап, өзінің қолын қоймаған және тура сол бетте “Жалпы жарлық” деген өз атымен берілген ресми мақала басылған. Мұхтар Әуезовтің қызмет бабына, саяси өмірге, мемлекеттік құрылымға, науқандық жұмыстарға, сот, егін егу, автономия мәселелеріне арналған мақалалары қаңтар–мамыр айларының арасында “Қазақ тілі” газетінің әр санына үзбей жарияланып тұрды. “Не себептен?” деп аталатын бұл мақала да сол тұстағы қазақ ұлты үшін аса мүдделі болған көкейкесті тақырыпқа арналған. 1920 жылдың тамыз айында Қазақ автономиялы кеңестік социалистік республикасын құру туралы шешім қабылданып, оның территориясы белгіленіп, қазан айында ресми түрде жарияланған болатын. Ондағы шешім бойынша Ресейдің Сібір ревкомына қарайтын Ақмола, Семей губерниялары Қазақстанның құрамына берілуге тиісті еді. Алайда, бұл мәселе тезінен жүзеге аса қоймады. Коммунистік-колонизаторлық пиғылдағы большевиктердің қарсылығына ұшырап, үлкен дау-дамай туғызды. Міне, 1921 жылдық қаңтар айынан бастап Қазақ автономиясына қарауға тиісті Семей губерниясының тағдыры нақты шешілмегендіктен де, қазақ бөлімінің бастығы ретінде М. Әуезов өзінің пікірін газет арқылы ашық білдіріп, қалың қауымға түсінік береді. Бұл мақаладан М. Әуезовтің жеке басына қатысты өмірбаяндық деректерді де аңғаруға болады. Мақаланы жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағына дайындаған ғалым Бейсенбай Байғалиев. Тұңғыш рет кирилл һарпінде жарияланып отыр. Өзге жайлар төмендегі түсініктерде қысқаша баяндалып өтеді.

1. 22-бет. “...1919 жылдың аяғында Колчак өкіметін қуып” – 1919 жылдың желтоқсан айында Семейде кеңес өкіметі орнады.

“Алашорда” үкіметі 1919 жылы көкек айында кеңес өкіметін мойындап, онымен одақтаса қызмет істесуге келісім жасасқан болатын. “Алашорданың” атынан Ахмет Байтұрсынов ресми мәлімдеме жасады және ол революциялық комитеттің мүшесі болып бекітілді. Сондықтан да, “Алашорданың” Семейдегі бөлімінің мүшелері де Колчакты қолдамады. Колчак оларды жаппай жазалауға жарлық берді. Әлімхан Ермеков, Ыдырыс Мұстамбаев, Халел Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов т. б. азаматтар жасырын ұйым құрды. Кеңес өкіметі орнасымен Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермеков Семей ревкомының бұратана халықтар бөліміне қызметке орналасты. Бұл иесіз, биліксіз, жөн-жосықсыз қалған елге жол көрсететін бірден бір дұрыс шешім болатын. Бұл бөлім ел арасында аса маңызды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Әсіресе, оқу-ағарту, шаруашылық саласында көп еңбек сіңірді.

2. 22-бет. “**...Семейдің қызметкерлері көзін кіндікке қарай тігіп**” – Кеңес өкіметі Қазақ автономиясын жариялауға уәде берген еді. Алайда, ол дереу жүзеге аспады. Бұл арада, қазақ қызметкерлерінің сол автономия туралы жарлықты орталықтан асыға күтіп жүргенін мегзейді.

3. 22-бет. “**...көз-құлағымызды тігетініміз Орынбор болушы еді**” – Орынбор – 1920 жылы 30 көкек күні құрылған РК(б)П Қырғыз (қазақ) облысының орталығы болып белгіленген еді. Енді Қазақ автономиясы құрылады деп үміттенген жұрттың көңілінің су сепкендей басылғанын мегзейді. Қазақстанның дербес үкіметінің құрылмағанын айтып отыр.

4. 22-бет. “**бір үміт, бір қауіппен декабрь басынан күткеннен жиырмасыншы жылдың жазының ортасына шейін келіп едік**” – бұл арада 1919 жылдың желтоқсанынан бастап 1920 жылдың тамыз айына дейін Қазақ автономиясының жарияланбағанын мегзейді. 1919 жылы 10 шілде күні “Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитетін құру туралы” декретке, ал 1920 жылы 30 тамыз күні Бүкілроссиялық ОАК мен РСФСР халық комиссарлар кеңесі РСФСР-дің құрамында “Автономиялы Қырғыз (Қазақ) социалистік совет республикасын құру туралы” декрет қабылдады.

5. 22-бет. “**...бұндағы бөлімдерге Сибревкомнан артылып келіп**” – 1920 жылдың 3–11 қаңтарында Ақтөбе қаласында өткен Қазақ совет өлкелік бірінші конференциясының шешімі бойынша “қазақ облыстарын біріктіру туралы” қаулы қабылданған болатын. Соған қарамастан Ақмола, Семей облыстары Сібір

ревкомының құрамында қалып қойды, яғни, Қазақстаннан бөлініп қалды. Сондықтан да, Қазақ өлкелік ревкомының пәрмені мен дәрмені бұл екі облысқа жүрмейтін. М. Әуезов Қазақ автономиясының осы дәрменсіздігін айтып отыр.

6. 23-бет. “**...Авдеев бастап келетін комиссияға шейін**” – Александр Дмитриевич Авдеев кеңес өкіметінің белсенді қайраткері, Қазақ революциялық соғыс комитетінің және РК(б)П қазақ облыстық бюросының мүшесі, 1920–1924 жылдары Қазақ облыстық соғыс халық комиссары. Кейінгі өмірі белгісіз. Жалпықазақ кеңесінің бірінші құрылтайы қарсаңында, Қазақ автономиясы жарияланардың алдында А. Д. Авдеев арнайы комиссияны басқарып, Семейге келді. Ондағы басты мәселе – Семейдің Қазақстанға қосылуы туралы ұсынысты жергілікті жерде талқыға салу еді.

7. 23-бет. “**Жалпы қазақ съезі**” – 1920 жылы 4 қазан күні Орынбор қаласында ашылды. Қазақ автономиялы республикасы жарияланды. Жалпы қазақ құрылтайының шешімі бойынша 1921 жылдың 1 қаңтарынан бастап Семей, Ақмола губерниялары Қазақстанға қайтарылуы тиіс еді. “Не себептен” атты мақаланы жазуының бір түйткілі де сол мәселенің шешілмеуінен еді.

8. 23-бет. “**Еңбек туы**” – Қазақ өлкелік ревкомының ресми басылымы, кейіннен “Еңбекшіл қазақ”, “Еңбекші қазақ”, “Социалды Қазақстан”, “Социалистік Қазақстан”, “Егеменді Қазақстан”, “Егемен Қазақстан” болып жарияланып келді.

9. 23-бет. “**Ақ жол**” – Түркістан республикасының атқару комитеті мен РК(б)П комитетінің ресми басылымы. Қазақ тілінде жарияланып тұрған. Сталиннің жарлығымен жабылды.

10. 23-бет. “**...хабаршы Ташкент болып отыр**” – яғни, Ташкент қаласында шығатын “Ақ жол” газеті арқылы біліп отырмыз деген мағына береді.

11. 23-бет. “**...қазіргі күндегі айырмыш мынау**” – қазіргі күндегі айырмашылық мынау.

12. 24-бет. “**...Сибревкомға уәкілімізді жібердік**” – 1921 жылы қаңтар айында КАССР-нің ресми өкілі территория мәселесін шешу туралы тапсырмамен Омбыға барды. 2 ақпан күні С. Меңдешев пен С. Сәдуақасов Ақмола, Семей, Торғай губернияларындағы жерлерді қазақтарға қайтарып беру туралы декретке қол қойды.

*Т. Жұртбай*

## ЕГІНГЕ ДАЙЫНДАЛЫҢДАР

Мақала тұңғыш рет 1921 жылы 18 ақпанда “Қазақ тілі” газетінде жарық көрді. Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томының 36–40-беттерінде (1984) жарияланды. Шығармаларының толық басылымына газеттегі нұсқамен салыстырылып барып енгізіліп отыр.

Мақалада қазақ ауылдарын отырықшылыққа тарту, егіншілік кәсіппен шұғылдану, оған жасалып отырған жеңілдіктер мен оны пайдаланудың жолдары туралы мәселе көтеріледі. Кеңес өкіметінің жер саясатын түсіндіріп, оны қазақтардың қалай тиімді ұқсата білуі керек екендігі, сөйтіп 1920–1921 жылғы қуаңшылықтық кесірінен төніп келе жатқан ашаршылық қаупінен сақтандырады.

1. 25-бет. “**Землемер**” – кесімді жерді өлшеушілер. Олар жергілікті мемлекеттік басқару органдарының (уездік, болыстық атқару комитеттерінің жер бөлімдерінің) тапсырмасымен ауылдар мен болыстардан егіндік жер талаптарының құнарлы, құнарсыз екендігін және жайылым мен шабындықтың жағдайларын анықтап, тиісті ұсыныстар жасап отырған. Егістіктік көлемі мен онда себілуге тиісті дақылдардың түрлері солардың ұсынысы бойынша жүзеге асырылған.

2. 26-бет. “**Волисполкомдар**” – болыстық кеңестердің атқару комитеттері немесе жергілікті Кеңес өкіметі органдарының басқару жүйесі.

3. 26-бет. “**старшындар**” – Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі ауылнайлар, мақала жазылған 1921 жылғы жағдайда – ауылдық кеңестің төрағасы. Бұл жерде ескі әдетпен “старшындар” делініп отыр.

4. 26-бет. “**Дефицитный район**” – астық өнімдеріне аса зәру аудандар яғни астықтың шығымы аз, құнарсыздығынан одан алынған өнім сол өңірдің тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ете алмайтын өңірлер.

5. 26-бет. “**астық разверсткасы**” – азық-түлік салғырты (са-

лымы) азамат соғысы жылдарында Кеңес өкіметі экономика саласында жүзеге асырған “соғыс коммунизмі” саясатының өзегі. Оның мәні – күзгі жиын-терін болғанда азық-түлік өнімдері түгелге дерлік мемлекет пайдасына алынады, ал оны өндірушіге тұқымдық астық пен өлмес күнін көруге жетер-жетпес қана “сыбаға” қалдырылатын. Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі – 1921 жылы да бұрынғысынша азық-түлік салғырты (салымы) жиналды. Бұл мал басына да салынды.

Азық-түлік салғырты (салымы) 1921 жылғы наурыз айында болған РКП(б)-ның оныншы съезінің шешіміне сәйкес азық-түлік салығымен алмастырылды. Ал азық-түлік салығы сол жылдан бастап енгізілген жаңа экономикалық саясаттың (НЭП) басты құрамдас бөлігі болды.

6. 27-бет. “**посевном**” – (комитет по посеву) – бұл көктемде егін егу науқанына басшылық жасап, соған байланысты барлық жұмыстарды үйлестіріп отырған облыстық, уездік және болыстық кеңестердің атқару комитеттері жанынан құрылған бөлімдер. Посевкомдар өз қызметтерін 20 жылдардың соңына дейін атқарды (ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру жүргізілгенше атқарды).

7. 28-бет. “**исполкомдар**” – болыстық кеңестердің атқару комитеттері.

8. 28-бет. “**волпосевкомдар**” – кеңестердің болыстық атқару комитеттерінің жанынан құрылған егін егу ісіне жетекшілік жасайтын бөлімдер.

*К. Нұрпейісұлы*

## ЕСІЛ ҚАРҚАРАЛЫ

Мақала “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 17 наурыз күнгі санында жарияланды. Сонына “М. Ә.” деп қол қойылған. Бұдан кейін ешқайда жарық көрген жоқ. Кирилл һарпінен көшіріп, мақаланы жазушының шығармалар жинағының елу томдық басылымына дайындағандар – Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев.

Мақала – Семей губерниясын Сібір ревкомынан Қазақ Автономиялы кеңес республикасының құрамына беру туралы қаулыны жүзеге асыру үшін жаппай халықтық қозғалыс жүріп жатқан кезде жазылған. Әкімшілік аймақтардың нақты шекарасы белгіленбегенімен де мемлекеттік құрылымдардың жоспарының шет-жағасы анықтала бастаған болатын. Қарқаралы уезі – Семейге қарайтын. Ақ пен қызыл әскерлерінің тепкісін көп көрген Қарқаралы жұрты кеңес өкіметіне де сене қоймады. Оның үстіне ақ гвардияшылар бүлік те шығарып, большевиктердің біразын қырып тастады. Міне, осы оқиғаның қарсаңында Мұхтар Әуезов Қарқаралыға барып, бүліктің мән-жайын біліп қайтқан болатын. Губерния орталығының алыстығын пайдаланып және большевиктік үгіт-насихаттың шырмауымен жергілікті қара шекпендер Сібір ревкомының құрамында қалу туралы мәселе қозғап, оны ушықтырып жіберді. Қазақтардың өзара бақталастығы да өршіп, уездің берекесі кетті. Мұхтар Әуезов осы жайларды көркемдік тәсіл арқылы сөзіне кекесінді мысқыл араластыра отырып жазады. Жанры жағынан алсақ, “Есіл Қарқаралыда” – мақаладан гөрі фельетон-памфлеттің белгілері, деректік сипаттан гөрі – көркемдік сипат басым. Рушылдық пен тоғышарлықты барынша әшкерелеген. Кейіннен М. Әуезов Қарқаралыға уәкіл болып келіп, Автономияның бір жылдық тойын өткізді. Қарқаралыдағы ру таластары екі-үш жылға созылды. Мәди Бапиұлы, Ғаббас Айтбайұлы іспетті қазақтың біртуар өнер иелері осындай арандатулардың құрбаны болды. “Қарқаралының ортақшыл партиясының уездік комитетінің жауапты секретары

Шаймерден Тоқжігітов (Ә. Досовтың “Тоқжігітов жолдасқа!” атты ашық хатын оқыңыз: “Қазақ тілі”, 1922 жыл, 6 қыркүйек, 66-сан) іспетті большевиктік көзқарастағы қызметкерлер де ел ішінде топ құрып, қалың көпшілікті “алтыбақан алауыз етіп” қойды. Ел болып бірігіп, автономия туының астына бірігетін тұста, осындай берекесіздікке ыза болып, шығармасы тосындау көркемдік тәсілмен жазған дүниесі.

1. 29-бет. “...көз алдыма ақ бас Көлке, Петрушкенің Алексейі, Захарлар, Мимдер, х. ж.-лар келеді” – жазушы бұл арада Қарқаралы қаласы мен оның маңында қоныстанған қара шекпендер (переселендер) мен соларға иек артып, тыңшылық әрекет істеген, 1905 жылғы Патша атына жазылған қазақтардың қарсылық хатын ұйымдастырған А. Байтұрсынов бастатқан халық көсемдерін полицияға ұстап берген “мимдерді” – миссионерлерді, “х. ж.-ларды – татар тілмәштары мен сарт-көпестерді, яғни, тыңшыларды меңзеп отыр.

2. 29-бет. “Әңгіменің алақабы” – “әңгіменің арқауы кім екенін ұғасың” – деген мағына береді.

3. 29-бет. “...Достоевскийдің кітабына ілінген жоқ па?” – Ол Омбыда Семейге жер аударылып келген орыс жазушысы Ф. М. Достоевскийдің (1821–1881) түрмеде жазылған “Өлі үйден жазылған хаттар” атты шығармасындағы суреттерді емеуірін етіп көрсетеді.

4. 30-бет. “...өнеріне сүйсінген” – жазушы бұл арада кекесінмен мысқылдап, қарама-қарсы: “Іс-әрекетінен жерінген” – деген мағынадағы ұғымды нұсқап отыр.

5. 30-бет.

**“Хош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,  
Айдай бер қалса адамың қуылмаған”. –**

Ахмет Байтұрсынов (1873–1937) бұл өленді Қарқаралыдағы тыңшы қазақтар өзін полицияға ұстап берген соң, өзі Семей түрмесіне айдалып бара жатқанда шығарған.

6. 30-бет. “...лар келеді” – тең келеді.

7. 30-бет. “...партия істеуші едік” – бөліп-бөліп алып топ құрушы едік деген мағынада. Бұл арадағы партия – саяси партияны емес, рулық топты, жікті білдіреді.

8. 30-бет. “...түрікке ақша жиды деп” – орыс-түрік соғысы кезінде Ресейдегі мұсылмандар мен түркі ұлттары дінімізді, тілімізді қандастарымызды қолдаймыз деп ел-жұрттан қаржы жинаған. Науан хазірет пен Шаймерден Қосшығұлов іспетті діни қайраткерлер сол үшін қуғынға ұшырап, жер аударылған.



Абайды да 1902 жылы Түркиядан хат алдың, түріктерге көмек қаржысын жидың деп тінту жүргізген. Бұл – пантүркизм, панисламизм деген жалған саяси терминнің қалыптасуына тікелей әсер етті. Ол бағыт – түркі халқы мен мұсылман дінін басып-жаншу үшін әдейі ойластырылған отарлаушылар мен миссионерлердің арандатуынан туды.

9. 30-бет. “...начальникке” – бұл арада патшалық Ресейдегі уез бастығы мен акгвардияшылар мен қазақтардың әскери басшыларын айтып отыр.

10. 30-бет. “комиссарға...” – бұл арада қызыл әскерлердің әскери басшылары мен большевик-белсенділерді меңзейді.

11. 30-бет. “калошын салу” – галошын кигізу.

12. 30-бет. “...приговор” – қазіргі күнде қалыптасқан соттың “үкімі” деген мағына да емес, арыз, домалақ арыз (анонимка) жала, көп адамның қолын қойып берген куәлігі деген ұғымда қолданылған.

13. 30-бет. “жуылмаған Қарқаралының” – осы мақалада берілген 5-түсіндірмеге қараңыз.

14. 31-бет. “Ревизор” – Н. В. Гогольдің паракорлықты әшкерелейтін пьесасының аты.

15. 31-бет. “Геройларын” – кейіпкерлерін.

16. 31-бет. **Н. В. Гоголь** (1809–1852) – орыстың ұлы жазушысы. М. Әуезов оның “Ревизор” пьесасының оқиғасы өтетін шағын қаланы Қарқаралымен салыстырып отыр.

17. 31-бет. “Уисполкомның” – уездік атқару комитетінің.

*Т. Жұртбай*

## ҚАЗАҚ ИНСТИТУТЫ

Мақала тұңғыш рет “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 17 наурыздағы санында жарияланды. Одан кейін қайтып баспасөзде жарияланған жоқ. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына сол газеттегі нұсқасы бойынша енгізіліп отыр. Дайындағандар – Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев.

Сондай-ақ “Қазақ тілі” газетінің жауапты шығарушысы болғандықтан да мақаланың соңына қолын қоймаған, институттың оқу жоспары мен жай-жапсарын жұртқа хабарлау – оның ресми міндеті болатын. Әрі газеттің осы санында “Қазақ институтына” тіркес “Есіл Қарқаралы” атты мақаласы басылған. Зады екі мақалаға “М. Ә.” – деп ортақ қол қойған сияқты. Оның осы мақала авторы екендігін қосымша деректер арқылы да растайды.

1. 32-бет. “**...Орыс институтының жанынан қазақ институтының бөлімі ашылды**” – бұл жерде сөз мұғалімдерді дайындайтын, немесе олардың білімдерін жетілдіретін 3 және 6 айлық курстарды мұғалімдер институтына айналдыру әрекеті жөнінде болып отыр. Жиырмасыншы жылдардың басында мұндай талпыныстар Семей қаласында ғана емес, Қазақстанның басқа облыс (губерния) орталықтарының біразында ашылған болатын. Сондықтан да бұл дәстүрлі ұғымдағы, толыққанды жоғары білім беретін институт екен.

2. 32-бет. “**...екі класс**” – екі курс деген мағынада.

3. 32-бет. “**...учительдер**” – оқытушылар, мұғалімдер.

4. 33-бет. “**...молдалар**” – бұл жерде мұғалімдер деген мағынада.

5. 33-бет. “**...гимназия**” – жалпы білім беретін орта мектеп. Гимназияларда гуманитарлық білім салалары мен табиғаттану пәндері оқытылды. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағанға дейін оның жекелеген қалаларында, соның ішінде Семейде де гимназия болды. Гимназиялар 1918 жылы орталық Кеңес өкіметі жариялаған “Бірыңғай еңбек мектебі туралы ережеге” сәйкес

жалпы білім беретін екінші басқыш мектеп болып қайта құрылды.

6. 33-бет. “**...семинария**” – арнаулы орта оқу орны Семинариялар екі бағытта білім берген. Олардың бір бөлігі бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық оқу орны болса, екінші бөлігі христиандық діни оқу орындары болды.

7. 34-бет. “**...Семей институты**” – осы мақалаға берілген бірінші түсініктемені қараңыз.

***К. Нұрпейісұлы***

## ҚАЗАҚСТАН ӨКІЛДЕРІНІҢ ХАБАРЫ

Мақала “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылғы 21 көкек күнгі 126-санында жарияланды. Мақаланың соңына ешқандай авторлық белгі қойылмаған. Сондықтан да М. Әуезовтің шығармалар жинағының ешқайсысына қосылған жоқ. Жазушының шығармалар жинағының елу томдық толық жинағында тұңғыш рет кирилл һарпінде басылып отыр. Мақаланы араб һарпінен көшіріп, жинаққа дайындағандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

Семей губерниялық ревкомы 1921 жылдын мамыр айына дейін Россияның Сібір ревкомының құрамында болды. Негізінде 1921 жылдың қаңтарынан бастап Қазақ автономиялы республикасының құрамына етуге тиісті болатын. Бұған мойынсынғысы келмеген Сібір ревкомы мен Семей губкомындағы ұлыорыстық, яғни, “коммунистік-колонизаторлық пиғылдағы” большевиктер қатты қарсылық көрсетті. Қазақстанның құрамына кіріп, біртұтас мемлекет құруға ұмтылған қазақ елі ол күнді асыға күтті. Қазақстан мен Сібір ревкомының арасындағы дауды түбегейлі шешу үшін Қазақ автономиялы республикасының жауапты қызметкерлері бірнеше рет Омбыға барып, келісім жүргізді. Семей губревкомының қазақ бөлімінің меңгерушісі ретінде осы кездесулердің барысы мен нәтижесі туралы хабарды М. Әуезов үнемі өзі жауапты шығарушы болып есептелетін “Қазақ тілі” газеті арқылы елге жеткізіп отырған. Мысалы: екіұдай күй кешкен мемлекеттік мекемелер мен ауылдық жердегі қызметкерлерге нұсқау ретінде “Қазақ қызметкерлерінің міндеті” (“Қазақ тілі, 1921 жыл, қаңтар), мен “Қазақстан елшілерінің хабарын” (1921 жыл, № 125) көпшілікке жеткізген. “Қазақстан өкілдерінің хабары” да солардың заңды жалғасы болып табылады. Аты-жөні қойылмағанымен де, жазылу мәнері, сөз қолданып, істің байыбына барып баяндауы және “Қазақ тілінің” өткен сандарында жазылғанындай” – деуі мақала иесінің М. Әуезов екенін толық дәлелдейді. Жазушының

айтар ойы мақалада толық ашылып көрсетілгендіктен де, оны даралап талдап жатуды артық санадық.

1. 35-бет. “**Қазақ жұртына автономия тие ме... деген түйінді Кіндік өкіметтің жарлығы 1919 жылдың 10-үйілінде шешсе де, әлі күнге аяғы жерге тимей келе жатыр еді**” – 1919 жылы 10 шілде күні В. И. Ленин: “Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құру туралы” декретке қол қойған болатын. М. Әуезов соны көрсетіп отыр.

2. 35-бет. “**...талай сәт, талай сәрсенбіні керек қылып еді**” – бұл арада: “сәрсенбінің сәтті күні” деген тұрақты тіркесті сөзбен ойнатып қолданып отыр.

3. 36-бет. “**Председателі – КирЦИК-тің бастығы Меңдешев жолдас**” – С. Меңдешев (1882–1937), көрнекті мемлекет қайраткері. 1920–1935 жылдардың арасында ҚАССР-нің ОАК-нің төрағасы болды.

4. 36-бет. **Әбілқайыр** – Әбілқайыр Досов көрнекті мемлекет қайраткері.

5. 36-бет. **Халел** – Халел Ғаббасов (1888–1930), “Алаш” партиясы мен “Алашорда” үкіметін ұйымдастырушы ірі ұлттық қайраткер, 1922 жылы Семей губерниялық жер бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарды.

6. 36-бет. **Нығмет** – Нығмет Нұрмақов (1895–1937), көрнекті мемлекет қайраткері, 1921 жылы Семей губкомының секретары қызметін атқарды.

7. 36-бет. “**...шек тұрасынан болды**” – шек, шекара, сонда “шекара туралы сөз болды” – деген мағына береді.

8. 36-бет. “**Семей облысына қатынасқан сөздер туралы**” – Семей облысына қатысты сөздер туралы.

9. 36-бет. “**...Губсовнархоздың бастығы Попов жолдас...**” – губерниялық халық шаруашылығы бөлімінің бастығы Попов жолдас.

10. 37-бет. “**...мәселе – осылардың шегі туралы**” – мәселе – осылардың шегі – шекарасы туралы.

11. 37-бет. **...Кіндік өкіметтің**” – орталық өкіметтің.

12. 37-бет. “**...автономиясын дәмді қылып бермек шығар**” – бұл арада: әбден зықысын шығарып, әуре-сарсаңға салып барып бермек шығар деген мағынадағы кекесінмен айтып отыр.

*Т. Жұртбай*

## ҚАЗАҚСТАН ЕЛШІЛЕРІНІҢ ХАБАРЫ

Мақала тұңғыш рет “Қазақ тілі” газетінің 1921 жылдың 1 мамырындағы санында “М. Ә.” деген атпен жарияланды. Содан кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томының 40–42-беттерінде (1984) басылды. Шығармаларының елу томдық толық жинағына газеттегі алғашқы басылым бойынша беріліп, текстологиялық анықтаулар жүргізілді.

Мақалада Ақмола мен Семей облыстарын әкімшілік жағынан Сібірден бөліп алып, Қазақ автономиясы Кеңестік социалистік Республикасына (ҚАКСР), қосу үшін Омбы қаласында келіссөздер жүргізген Сейітқали Меңдешев басқарған Қазақстан делегациясының жұмысы сөз болады.

1. 38-бет. “**Қазақстан елшілері Омбыға келіп**” – ДКСРҚ-сы 1920 жылғы қарашада құрылғанымен 1921 жылдың мамыр айына дейін Ақмола мен Семей облыстары әкімшілік-территориялық жағынан Сібір революциялық Қомитетіне (Сибревкомға) бағынып келді Осы қазақ халқының ата жұртын Қазақ республикасына қайтару мәселелерін шешу үшін 1921 жылғы сәуір айының басында Сейітқали Меңдешев бастаған делегация Сибревком орналасқан Омбы (Омск) қаласына келген болатын.

2. 38-бет. “**Меңдешев**” – Сейітқали Меңдешев (1882 жылы Бөкей губерниясы, Жаңақала ауданында туған, 1937 жылғы саяси репрессияның құрбаны) – Қазақстанның, белгілі мемлекет қайраткері, 1920–1925 жылдары – **АКСҚР-ның** Орталық Атқару Комитетінің төрағасы. Осы қызметті атқарып жүргенде 1921 жылғы сәуірдің басында Омбыға (Омскіге) Сибревкоммен келіссөз жүргізетін қазақстандық делегацияны басқарып келген.

3. 38-бет. “**Сибревкоммен**” – Сибревком (Сібір революциялық комитеті) 1919 жылғы тамыз айында құрылған совет өкіметінің уақытша құрылған, төтенше құқықтарға ие органы.

4. 38-бет. “**Семей облысы бұрынғы ескі шегіне**” – немесе бұрынғы территориясы Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездерінен тұратын.

5. 38-бет. “**Уақытша Бұқтырма уезін**” – Шығыс Қазақстан өңірінде сол кезде Шемонайха, Жоғарғы Үлбі (Верхноульбинск), Глубоковск, Александровск, Риддер болыстары мен Бұқтырма ауданы негізінде құрылған әкімшілік-территориялық құрылым (уезд).

6. 38-бет. “**Омбы уезінің шегі**” – қазақтар мекендеген бірнеше болысын Қазақ Республикасына қосу мәселесі келіссөздер барысында біраз айтыстар туғызды. Түптеп келгенде, бұл мәселе Сибревкомның пайдасына шешілді.

7. 38-бет. “**Қызылжар**” – (Петропавл) қаласы 1921 жылдан 1936 жылға дейін Акмола губерниясының (облысының) орталығы болды. 1936 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының орталығы.

8. 38-бет. “**КирЦИК**” – Киргизский центральный исполнительный комитет. РСФСР-дің құрамында 1920 жылғы 12 қазанда құрылған автономиялы республикамыз әуел баста Қырғыз республикасы атанды. Осыған байланысты осы республиканың Орталық Атқару Комитеті Ресми түрде Қырғыз Орталық Атқару Комитеті (КирЦИК) аталды. Тек кана 1925 жылдан бастап халқымыз өзінің тарихи атымен қазақ аталып, республикамыз Қазақ Республикасы делініп, оның Орталық Атқару Комитеті орысша КирЦИК емес КазЦИК делінетін болды.

9. 39-бет. “**Жайсаң уезі**” – деп отырғаны – Зайсан уезі. (Қараңыз: Нұрпейісов Қ. Қазақстан – республикам менің. А., 1980; За власть Советов. Семипалатинск. 1961).

*К. Нұрпейісұлы*

## “ ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАРЛАР”

(сын)

М. Әуезовтің бұл мақаласы “Шолпан” журналының 1922 жылғы 2–3-сандарында жарияланды. Мақала содан қайтып ешқайда басылып көрген жоқ. Елу томдық академиялық толық басылымға Сұңқар Жұртбаевтың кирилл харпіне көшіруі негізінде жіберіліп отыр.

Мұхтар Әуезов 1921 жылдың қазанында Қазақ АССР кеңестерінің ІІ съезінде КирЦИК-тің президиум мүшесі болып сайланып, Орынборда саяси хатшы қызметін атқарды. Қазақ оқығандарын ұлттық мүдде бағытында қызметке тарту, елді аштықтан қорғау жөнінде тамаша қайраткерлік танытты. Орынбордың саяси ауасы ұнамағаннан кейін Ташкентке қоныс аударып, партия билетін почтаға салып жіберді. Мұның өзі қазақстандықтардың әсіретапшылығынан безінудің белгісі ғана болып қалмай, М. Әуезовті “ұлтшыл, алашшыл” деп атауға негіз болды. Кім не деп жатса да Ташкенттегі қазақ баспасөзінің беті М. Әуезовке ашық болды, өндіріп жазды. Ал орынборлықтар оның еңбектерінен “ұлтшылдық, алашшылдықты” іздеп әуресарсаңға түсті. Оған Мұхтардың үгітті сыны, көркем әңгімелері, зерделі зерттеулері себеп болғанын аңғармасқа болмас.

Сәкен 1920 жылы КирЦИК-тің Президиум мүшесі болып, жерсу және редколлегия комиссияларын басқарғанмен, 1921 жылдың наурыз–мамыр айларында Омбы қаласында Сибревкомнан Семей мен Ақмола облыстарын Қазақстанға қаратқан Төтенше комиссияда белсенді жұмыс істеп, Ақмола губерниясының жаңа құрылымымен әлектеніп, 1922 жылдың 3 маусымында ғана Орынбор қаласына қайтып оралды. Әуелі оқу халық комиссарының орынбасары, 28 шілдеден былай қарай “Еңбекші қазақ” газетінің жауапты редакторы болып тағайындалды. Бұрын тапсырып кетті ме, әлде редактор болған соң жедел дайындады ма, әйтеуір Сәкеннің “Асау тұлпар” атты өлеңдер жинағы, “Бақыт жолына” және “Қызыл сұңқарлар” пьесалары, яғни табаны күректей үш кітабы 1922 жылы баспадан



шықты. Олардың топтаса шығуына Сәкеннің III съезде Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып (1922, желтоқсан) сайлануы септігін тигізгені де даусыз.

Газет редакторы болғанға дейін де, кейін де Сәкен тарапынан тікелей Мұхтар Әуезовке қатысты баспасөз бетінде ілік-шаттыс сөз айтылған емес. М. Әуезов Орынборда белсенді қайраткерлік көрсеткен кезде Сәкен қалада жоқ. Әйтпесе, халық қамы айтылып жатқан кезде міндетті түрде араласар еді, өйткені “Аштардың рухы” дейтін публицистикалық әңгімесінде еліне жаны ашитындығын ашық көрсеткен-ді.

Сәкеннің жалпы алған идеялық бағыты болмаса, Мұхтармен түс шайысқаны сәтті болмағанға ұқсайды. Алайда, пенделік сипатты еш уақытта санаттан шығаруға болмайды. Симпатия мен антипартияның ізі тарихта әрқашан сайрап жатады.

Ташкентте шығатын “Шолпан” журналының 1922 жылғы 2–3-сандарында (1922 жылдың қараша, желтоқсан айларында) шыққан Сәкен Сейфуллиннің “Қызыл сұңқарларына” сын жарияланды. Авторы – Қоңыр. Ол – Мұхтар Әуезовтің сол кезде көп қолданған псевдонимі, бүркеншік аты.

Мақаланың жалпы бағыты қазақ әдебиетінде әлі өркен жаймаған, алғашқы қадамдары ғана жасалып жатқан драматургия саласындағы ізденісті құптай қоюдан гөрі сол кездегі әлеуметтік көңіл-күйдің деңгейінің салқыны сыни ойға қамшы болғанға ұқсайды.

Рас, қазақ әдебиетіне тұлға болуға мүмкіндігі бар Сәкен, Мағжан, Мұхтар шығармашылықтары жайында 1921–1925 жылдар аралығында жарияланған қырық шақты мақаланың ішінде биік эстетикалық талаппен көрінген Қоңырдың осы сыны демегенмен, бірқыдыру өрелі екенін аңғармауға болмайды. Жүсіпбек Аймауытовтың “Мағжанның ақындығы” деген классикалық еңбегіне барар жолдағы белестердің бірі болғаны сөзсіз.

Өзі “Еңлік – Кебек”, “Бәйбіше – тоқал” трагедияларын жазып, едәуір тәжірибе жинаған, драматургияның ішкі заңдылығы мен талаптарын білетін Мұхтардың “Қызыл сұңқарлардағы” көркемдік кемшіліктерді көре білуі, әсіресе диалогтардың олпы-солпылығы, оқиға дамуының солғындығы, іс-әрекеттің аздығы, тіл кестесіндегі жұтаңдық, адам образдарын даралаудың жетіспеушілігі, яғни “кітапта түгел көрінген бір адам (законченный, цельный тип) жоқтықтан, жазушының адам танымайтындығынан бар кісісі тұтасып, бірақ кісі болып кеткендіктен, екінші, адамдардың жан сипаты (психологиясы)

көрінбейтін жарты адамдар болғандығынан, үшінші Еркебұлан деген ат сияқты ешбір ойсыз, ақылға сыймайтын, қисындылық (целесообразность) дегеннен алыс тұрған қалыптарына карағанда, бұл кітапты өзге жақтарынан сынау орынсыз” – деп шорт кесу қаншама көркемдік талаптарынан туып еді десек те, шын тілектестік, жан ашырлықтан ауылы алыс жатқанын аңғармау ағаттық болар еді. “Бәрі де сөйлетіп қойған граммафон секілді. Желігіп отырып жеңіл қолмен жазып жіберген... Оның ішінде мақтанып кеткенін байқамай қалатын әңгүдіктік” сияқты деген сөздерді сыпайылық түгіл сыни сөз саптауға сыйғыза қою қиын. Бұл аз болса пьеса “басында өлі аруак, тірі деген талайларға сый есебінде арналған екен. Оның үстіне Орынбордағы жиын сайын жиылушыларға сый деп үлестіріледі дейді. Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатыным сол, қазақ әдебиетінің жұрнағы болып, ішінен орын алуы неғайбыл” деген үкімді тарих қостай қоймағаны тағы белгілі.

“Бұл пьеса қазақ өмірін көрсете ме, қазақ пьесасы екені таныла ма, қазақ баласы осы кітаптың ішінде бар ма?” деген ең негізгі мәселелерге келгенде М. Әуезов “қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыда айтқан геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне, оларда қазақтықтан белгі де жоқ. Олай болса, пьесаны қазақтікі деп адасудың орны жоқ” деп шорт кесті. Көркемдік талабы қаншама биік болса да, сәуегейлікке жатқыза қою қиын.

Міне, қазақтың екі алыбы әдеби шығарма арқылы бетпбет осылай кездесті. Мұхтардың бұл сынына Сәкен Нәзірге қайтарғандай қолма-қол жауап берген жоқ. Ол міндетті “Сақа” деген бүркеншік атпен “Жыл құсы” деген мақала жазған Таутан Арыстанбеков атқарды. “Сейфуллиннің ең жақсы, зор пьесасы “Қызыл сұңқарларға” келсек, Қоңыр мырзадай “жай бір мақсатпен” қалай болса солай жаза салмаймыз. Бұл пьесаны еңбекшілер табының төңкерісі туғызған, оның геройлары – күллі еңбекшіл тап. Мұны көрмесе не Қоңыр сықылды соқыр болу керек, не төңкерісті жақтырмайтын кісі болу керек. “Қызыл сұңқарлар” қазақ әдебиетінде, тарихта жаңа дәуірді бастады. Бұл дәуір “өзімшіл” емес, “көпшіл” (коллективизм) дәуірі деп аталуы тиіс. Кедейдің даусын естімесендер тарих алдында жауап бересіңдер! “Пьесада қазақ жоқ” деген жанылысқандық. Ондағы геройлар қаншама қазақ болса да өздерінің ескі тұрмысын тастап, төңкеріс жолына басын бағыштап, екінші түрге түскендер”, – деп (“Еңбекшіл қазақ”, 1923 жыл, 2 ақпан, № 5–11) жаңа

әдебиеттің туу жағдайын баяндап, Қоңыр сынына тарата жауап бере келіп: қысқаша айтқанда, “Қызыл сұңқарлар” біздің қазақ әдебиетінде жаңа дәуірді бастады. Бұрынғы индивидуализм, гамлетизмге шоқынып жүргендерге қарсы соғыс ашып отыр. Бұл “Қызыл сұңқарлардың” әдебиет майданында жаңа жол көрсетіп шығуы – Октябрь төңкерісіне байлаулы нәрсе, оны ұмытпасқа керек.

Қоңыр мырза бұл пьесаның қазақ әдебиеті тарихының бетінде орын алуына шектенсе де, біз шектенбейміз. Қазақ әдебиетінің бет алысын ағымға бұрып, жол салған “Қызыл сұңқарлар” сондықтан жыл құсы” деп ой түйді.

Осыдан кейін “Қызыл сұңқарлар” пьесасы әр қалада, әр ауылда қазан төңкерісі тойланар сәтте жастар сахнасына 20–30-жылдары қойылып жүргенін былай қойғанда Жұмат Шаниннің жәдігерлігімен Семейде 1923 жылы, Қызылордада ұлт театрының сахнасында қатарымен бірнеше жыл қойылды. “Қазақ театрының тарихы” атты еңбек: “1926 жылы қойылып, совет өкіметі үшін күрескен қаһармандарға қазақ сахнасында жол сілтеген тұңғыш туынды” (1 том, 28-бет) деп бағалайды.

Бұл сын мақала жарияланып отырғаннан кейін Қоңыр-Мұхтар ойларын тарамдата баяндап жату орынсыз және осы күні Сәкен мен Мұхтар қарым-қатынасын салқындыққа жығып, әсіресе алаш аруағымен ақтау ниеті көрініп жатқан соң бар шындықты айтуға тиістіміз. Сонда ғана жалғыз жазушы тағдыры ғана емес, оның қолынан әр кез шыққан шығармалардың сыры мен қыры ашыла түспек.

1936 жылы қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының сахнасына режиссер М. Г. Насонов “Қызыл сұңқарлар” спектаклін қойғанда тағы да қияс сынға ұшырады, екінші қырынан сыналды. Бұл кезде Мұхтар Әуезов осы театрдың әдебиет бөлімін меңгеріп, спектакльдің идеялық сапасына, көркемдігіне жауап беретін-ді. Сәкен мен Мұхаң және театр ұжымы пьесаны жетілдіріп, сахнаға қойған кезде Мәскеуден бір жансыз келіп: “пьесада қазақ халқының революциялық тарихы бұрмаланып көрсетілген. Пьесаға жүгінсек Қазақстандағы революциялық қозғалысқа қазақ интеллигенті басшылық жасаған. Ол орыс жұмысшысы мен неміс эмигрантына және украинкаға ақыл үйретеді. Сөйтіп, Қазақстандағы революциялық оқиғалардың барысындағы орыс пролетариаты мен большевиктік партияның рөлі бұрмаланған деп тапқанда Қазақ АССР Халық комиссарлары кеңесінің

көркемөнер басқармасының бастығы Ғаббас Тоғжанов пен Өлкелік партия комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі Ғабит Мүсірепов 1936 жылдың желтоқсанында “талқандағыш” мақалалар жазып қостағаны белгілі. Алтыншы қойылымнан кейін спектакль сахнадан алынды. Сәкеннің 1937 жылы 17 қаңтарда қайтарған жауабына қарағанда “жөндесен қайтадан қойылады” деген емеурін білдірілген сияқты, бірақ 1922 жылы қазағы жоқ деген пьеса енді “қазақ интеллигенті бастайды” деген пәлеге тап болып, ақырында “халық жауының” шығармасы болып тұншықты. 1936 жылғы нұсқасы күні бүгінге дейін таптырмай келеді.

Ғ. Тоғжановтың “Қызыл сұңқарларға” қоятын айыбы: “Пьесада бас қаһарман орыс жұмысшыларының өкілі болу керек. Өйткені революцияда көсемдік қылған орыс халқының революцияшыл пролетариаты. Пьеса қаһармандарының ішінде ірі орын алып отырған қазақ – Еркебұлан. Бұл дұрыс емес. Бұл “тарихқа жала” дегенің Сәкен теріске шығарады, тіпті зиянды көзқарас деп есептейді. Біріншіден, пьеса тарих емес, екіншіден, – пьеса Қазақстанның бір аймағында болған оқиғаны көрсетеді, үшіншіден, орыс өкілі басшы болу керек дегеннің өзі қате теория деп санайды. Себебі, Сәкен тілімен айтсақ, “бұл теория – механикашыл-схемашыл теория, саяси теория. Орыс пролетариатының қасиетті интернационалдық рухына үлкен зиянды жала, тарихты бұрмалау, тарихта жала жабу болады” деп бір-ақ кеседі де, етек алып келе жатқан жарамсақтық көзқарасқа ашық қарсы шығады. Осының өзі 1937 жылы өзін-өзі оққа байлап берумен бірдей екенін енді ғана түсініп отырмыз ғой.

Енді хронологиялық баяндауға қайта оралайық. 1922 жылғы Қоңырдың сынына жауапты Сәкен 1927 жылы “қайтарды” деп есептеуге болады. “Тар жол, тайғақ кешу” роман-эссесі 1927 жылы кітап болып шыққанда Мұхтар Әуезов бір-ақ рет аталды. “Бірлік” қоғамының орнына “Жас азамат” серіктестігі құрылар тұстағы талас-тартыста “Семей жастарының өкілі Мұхтар Әуезұлы совет өкіметіне қарсы болған” (1927 жылғы басылым, 188-бет) дегендей ауырлығы батпандай бір ғана сөйлем жазылған. Ол 1936, 1960 жылдардағы басылымдарда қайталанып, 1977 (139-бет), 1988 жылғы (4-том, 158-бет) басылымдарда Мұхтар Әуезовтің аты алынып қалған. Мұндай “жақсылықты” редактор жасады ма, әлде лито алып қалды ма, әйтеуір 1964 жылдан былай қарай Ялымов Шәріптің қырсығынан “Тар жол, тайғақ кешудің” айрықша бақылауда болғаны әмбеге аян.

Тарихи шындықты бұрмаламай жазған Сәкен жалғыз ауыз сөйлемді сынға “жауап” ретінде жіберді ме, әлде болған оқиғаның өңін өзгертпейтін әдеті бойынша жазды ма, ол арасы бізге беймәлім.

Дүние тар ғой. Мұхтардың жан досы Смағұл Садуақасов Қазақстанға шақыртылып, оның орнына Сәкен келді. Ол 1928 жылдың мамырынан 1929 жылдың қыркүйегіне дейін Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының директоры, қазақ жастарының әдеби бірлестігінің жетекшісі болды. Дәл осы уақытта Мұхтар Әуезов Ташкенттегі Орта Азия университетінің аспирантурасына түсіп, әрқилы оқу орындарында сабақ беріп жүрген болатын. М. Мырзахметовтің Ташкент архивінен тапқан дерегіне сүйенсек, Сәкен өз бұйрығымен Мұхтар Әуезовті институт ұстаздығына шақырып, көтеріңкі жалақы тағайындапты. Ташкент басындағы жиын-тойларда, әңгіме-дүкендерде кездеспеді деу қиын, бірақ ешқандай өсек-аяң болмағаны аян. Ондай бірдеме болса, қазақтың “сақ құлағы” жеткізіп, өсірер еді ғой. Сәкен жалпы алаш ағаларының оның ішінде Мұхтардың сот ісіне араласпағаны айдай анық. Тарих деректері адал азаматтық куә болады.

1. 41-бет. “...бар кітаптан айырылушы еді” – басқа кітаптардан ерекшеленіп тұрушы еді – деген мағына береді.

2. 41-бет. “...пьеса деп қойған” – Бұл арада араб және кирилл харпінен екі рет “пьеса” деп жазылғандығын айтып отыр.

3. 41-бет. “...белгілі типтер шығару” – жиынтық бейне, кейіпкер образын даралап беру.

4. 43-бет. “Ұзын өмір...” – бұл сөйлемде баспахананың терілімінен кеткен селкеулік бар. Жалпы, “ұзақ өмірдің көрінісі кітаптың бір-ақ бетінде баяндалған” – деген мағына береді.

5. 43-бет. “...сипаты кетеді” – сипатталады деген мағына береді.

6. 43-бет. “Пьесаның беті...” – шығарманың тақырыбы, бағыты деген мағынада қолданылып отыр.

7. 43-бет. “...сәйдік” – толық ажыратылмаған сөз, сойқан, жеке жүрген адам деген мағына береді. “Салдық” – деген сөз болуы да мүмкін.

*Т. Кәкішев,  
профессор*

## ЛӘЙЛӘ, МӘЖНҮН

Шәкәрім Құдайбердіұлының “махаббат, ғашықтық” деген нәрсенің барып тұрған жақсысы (идеальная форма) қандай болуы керектігін көрсету үшін жазған “Ләйлі – Мәжнүн” дастаны алғаш рет 1922 жылы “Шолпан” журналының қараша, желтоқсан айында шыққан 2–3-сандарынан бастап жарияланып, жалғасы 4–8-сандардан орын алды. Дастан “Ләйлә, Мәжнүн” деген үлгіде, екі адамның есімдерінің ортасына үтір қойылып басылып, оған қоса шағын алғысөз беріліп, “Басқарма” деп қол қойылған. “Басқарманың” атынан түсінік жазған және Шыңғыстауда жатқан Шәкәрімнің дастанын Ташкенттегі “Шолпан” журналының редакциясына өзімен қоса ала барған адам да – Мұхтар Әуезов. Мұны ақынның баласы Ахат Құдайбердиев өзінің естелігінде толық растайды (Қараңыз: Шәкәрім. Шығармалары. Алматы. Жазушы, 1988 жыл. 552-бет). Ондағы түсініктеме бойынша: “...поэматы журнал редакциясына тапсырған да, жариялануына көмектескен де – Мұхтар Әуезов”. Сондықтан да, “Басқарма” деп қол қойған Мұхтар Әуезов екендігі еш күмән тудырмайды. Бұл алғысөз жазушының шығармалар жинағының елу томдық басылымына журналдағы нұсқа бойынша тұңғыш рет кирилл һарпіне көшіріліп беріліп отыр. Дайындаған Сұңқар Жұртбаев.

“Ләйлі – Мәжнүн” дастанын Шәкәрім 1907 жылы жазған. “Шолпан” журналына дайындау барысында Мұхтар Әуезов дастанның: “Біле ме сіздің қазақ ғашық жайын” – деп басталатын сегіз шумақтан тұратын кіріспесін қысқартқан. Ішінара түзетулер енгізген. Сәкен Сейфуллин 1935 жылы бұл дастанды жеке кітап етіп бастырып шығарды. Одан кейін 1988 жылғы шығармалар жинағында толықтай басылды.

Шағын алғысөзде дастанның әлем әдебиетінде алатын орыны мен оның шыққан тегін және ол туралы Еуропа ғұламаларының пікірін қысқаша ғана баяндап өткен. Сондай-ақ “Ләйлі – Мәжнүн” дастанын аударма деп бағалайды. Бұл негізінен

жаңсақ қолданылған сөз. Негізінде, шығыста кең тараған нәзира үлгісінде жазылған Шәкәрімнің төл туындысы екендігі анық. Мұны оқиғаны баяндау, дамыту, бейнелеу барысындағы айырмашылықтардан толық аңғаруға болады.

Таныстыру мақсатымен жазылған алғысөзге “Басқарма” деп қол қоюының өзіндік себебі де бар. Дәл осы санда Мұхтар Әуезовтің алты туындысы қатарынан жарияланды. Олардың соңына: “басқарма атынан – Мұхтар Әуезов”, “Жаяу сал”, “Қоңыр”, “Мұхтар”, “Қоңыр” деп қол қойды. Сондықтан да, шағын кіріспеге өзінің атын үстемелеп қайталамас үшін жай ғана “Басқарма” деп жазған.

1. 45-бет. “...арабтың ескі әңгімесінің бірі” – бұл арадағы “әңгіме” деген сөзді “аңызы” деп түсінген абзал.

2. 45-бет. “...алдарак жәйін түсіндірмекшіміз” – зады “алдарак” сөзі баспаханадан кеткен қате, жаңсақ жазылған сөз сияқты. Өйткені, Ташкенттегі әріп терушілердің дені өзбек емілесін пайдаланатын. Жалпы мағынасы – алдын ала оқиға жайын түсіндірмекшіміз – дегенге саяды.

3. 45-бет. “...алдымен кететін” – баспаханадан кеткен қателік, негізінде: “алдымен көрінетін Арабстан гауһары” – деп жазылуы керек.

4. 45-бет. **Генрих Гейне** (1797–1856) – немістің ұлы ақыны, шығыс поэзиясын ерекше бағалаған, оларға арнап мадақ өлеңін жазған.

5. 45-бет. “...қазақтың белгілі өлеңшілерінің бірі” – бұл арада “өлеңшілерінің бірі” деген сөзді “ақындарының бірі” деп түсіну қажет. Өйткені, Шәкәрім жай ғана жаттанды сөздерді айтатын өлеңші емес, өз жанынан эпикалық дастандар шығарған ақын. Мұхтар Әуезов те дәл солай түсінген. “Өлеңші” деген ұғымды дәл қазіргі мағынада түсінуге болмайды.

6. 45-бет. **Физули Бағдади** (1494–1556) – әзірбайжанның ұлы ақыны, шын аты – Мұхаммед Сүлейменоглы Физули, ал Бағдади деген лақап аты. Бағдади деп өте сирек аталады. Соған қарағанда, Шәкәрім оның Түркия не араб елдерінде қолжазба күйінде тараған өлеңдерімен таныс болса керек. М. Әуезов те соған сүйеніп “Бағдад”) деп жазған сияқты. Физулиді Абай өзіне ұстаз тұтқан.

*Т. Жұртбай*

## ОРЫНБОРДАН ТЕЛЕГРАМ

Жеделхаттың еркін аударма арқылы жасалған нұсқасы “Жетісіне екі рет шығатын Семей губисполкомының һәм РКП комитетінің газеті” – “Қазақ тілінде” 1922 жылғы “сәрсенбі, 26 апрель – айт” күнгі № 30 (191) санында жарияланды. Жеделхат бұрын ешқайда жарияланбаған. Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағында сол газеттегі нұсқасы бойынша басылып отыр. Басылымға ұсынған профессор Қайым Мұхаметханов, араб һарпінен кирилл һарпіне түсірген Сұңқар Жұртбаев.

Көлемі шағын болғанымен де бұл жеделхаттың тарихи мәні ерекше. М. Әуезовтің 1919–1922 жылдардағы кеңес өкіметінің басқару құрылымында істеген қызметі мен ұстанған бағытының негізгі түйіндерін қамтиды және ресми мемлекет қайраткері ретінде берген соңғы уәкілдік нұсқауы. Жеделхаттың астарында жатқан оқиғалардың қысқаша тарихы мынадай:

1920 жылы 4 қазанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық кеңестің I құрылтайының шешіміне сәйкес: 1. Сібір ревкомына қарасты Ақмола, Семей губернияларын; 2. Орал, Астрахань (Бөкей) аймағындағы қазақ жерлерін; 3. Түркістан автономиясына қарасты Жетісу, Сырдария губернияларын Қазақстанның құрамына қайтару туралы қаулы қабылданды. Соның ішінде, Ақмола мен Семей губерниялары 1921 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның құрамына көшуі тиісті болатын. Сібір ревкомы мен Ақмола, Семей ревкомындағы ұлыимпериялық пиғылдағы большевиктер бұған қарсы шығып, бағынудан бас тартты. 1921 жылы 20 мамыр күні Смағұл Сәдуақасұлы бірнеше өкілмен Семей қаласына келіп, Қазақ кіндік өкіметінің орынбасары ретіндегі ресми құқын пайдаланып, Сібір ревкомына қарайтын Семейдің губревкомын таратып, “колонизаторлық-коммунистік атқару комитетінің” орынына Қазақстанның орталық атқару комитетіне және облыстық (Қазақстан) РКП(б) комитетіне қарайтын Семей губерниялық атқару комитетін құрады. Губревкомның төрағасы болып Смағұл Сәдуақасұлы



тағайындалады. Шілде айының 19 күні С. Сәдуақасұлы губерниялық ұйымдастыру жұмысын ретке келтірген соң Орынборға шақыртылады да, оның орнына Мұхтар Әуезов Семей губерниясының төрағалығына сайланады. 1921 жылғы қазанның 4–10 жұлдызы күндері өткен Бүкілқазақтық кеңестің ІІ құрылтайында М. Әуезов Қазақ автономиясы орталық атқару комитетінің жауапты саяси хатшысы болып сайланады. Осы құрылтайда “коммунистік-колонизаторлық саясаттың” беті әшкереленіп, ұлт зиялылары: 1. ұлттық дербес саяси-экономикалық, мәдени дамуды ұстанған А. Байтұрсынов, С. Сәдуақасұлы, М. Әуезов бастаған “ұлтшылдар” және 2. Большевиктік-империялық бағытты ұстанған С. Меңдешев, А. Әйтиев, Ә. Жанкелдин бастаған “ортақшылдар” тобы болып екіге бөлінеді. С. Сәдуақасұлы Қазақстан орталық атқару комитетінің мүшелігіне өтпей қалады. М. Әуезов құрылбайдан кейін қазақ қызметкерлерінің арнайы кеңесін өткізіп, С. Сәдуақасұлының Семей губерниясын Қазақстанға қаратқан іс-әрекетін дұрыс деп тауып, арнайы қаулы шығартады. Сондай-ақ: 1. Аштыққа ұшыраған қыр еліне көмек көрсету; 2. Шовинистік саясатпен қасақана кеңес құрылымынан қуғындалған қазақ қызметкерлерін мекеме жұмысына тарту; 3. Жергілікті жерлерге төтенше уәкілдер жіберу; 4. Ұлы орыстық саясат жүргізген коммунистерді жауапқа тарту; 5. Бұрын заңсыз тартып алынған қазақ жерлерін иесіне қайтарып беру; 6. Келімсектердің жаппай қоныс аударуын реттеу және тоқтату; 7. Қазақ өкілдерінен жасақ қызметіне адамдар тарту туралы қаулы қабылдайды және оны РКП қазақ, обкомының төралқасының бекітуінен өткізеді. Жергілікті жерлердегі қазақ комитеттерінің жұмысын күшейту олардың билігін нығайту және аштыққа ұшыраған Торғай, Орал, Қостанай, Орынбор аймақтарына көмек ұйымдастыру үшін: Семейге – Әуезов пен Досов, Ақмолаға – Кенжин мен Төлепов, Қостанайға – Сәдуақасұлы бөлінеді. 1921–1922 жылы ашаршылыққа ұшыраған бес губерниядағы жағдай туралы Мәскеуге жолданған “Аштарға көмек көрсету комиссиясының” қорытынды есебі бойынша Қазақстанда 3 миллион 353228 адам аштыққа ұшыраған, оның 1 миллион 559 мыңы қырылған. Осыған байланысты М. Әуезов шұғыл түрде Семейге аттанған. Жолсапар куәлігінде:

№ 9. 1922 ж. 3 көкек.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті президиумының мүшесі және саяси секретары М. О. Әуезовтің куәлігі.

Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің атынан Мұхтар Омарханұлы Әуезовке берілген бұл куәлік, оның, Әуезовтің, аталған комитеттің мүшесі және президиумының саяси хатшысы екендігін толығымен растайды.

Куәлікке тиісті ресми адамдардың қолы қойылып, мөрмен бекітілді.

ҚазОАҚ-нің төрағасы  
ҚазОАҚ-нің хатшысы

(*Меңдешев*)  
(*Алманов*)”

деп жазылған.

Бұған қоса М. Әуезовтің жеке басының қауіпсіздігін сақтау үшін жапон винтовкасын алып жүруге берілген рұхсат қағазы тапсырылған.

Сол кездегі саяси-экономикалық ұйымдастыру шараларына және М. Әуезовтің төтенше өкілдікпен Семейге келе жатқанына байланысты “Қазақ тілі” газеті сол күнгі № 30 (191) санында: “Сөзден іске” деген атпен бас мақала жариялаған. Мұнда соңғы жылдардағы басқару ісіндегі берекесіздіктерді сынай келіп:

Қазақстан – Қазақстан болғалы жасағаны – топ еді, жасағаны – сөз еді. Әлгі сөзден жеміс шықпасына көзі жетті ме, тамағы қарлықты ма, жалықты ма, соңғы кезде: “Енді іс қылайықшы!” – деген лепес ауыздарына кіре бастады. Қазақстан хүкіметі тіршілігін білдіруге ниет қылды. Оның бір белгісі – елін баурап алу мақсаты мен губернияға әмірі күшті комиссия жіберу болды. Қостанай, Ақмола, Семей губернияларына өткен ноябрь, декабрь айларында Мырзағалиев жолдас бастатқан комиссия шығып, халқын аралап қайтты. Басқа губернияларда қандай күрделі жұмыс қылғанынан хабарымыз жоқ. Біздің Семейдегі ісі – һар бір маккаманың баяндамасын тыңдау, кемдігін көрсету, жол-жоба нұсқау болды.

“Киркрайдың кең, әмірлі комиссиясы келіпті, көңіліне жақпағандарды орынынан жұлып тастайды”, – деген лақап сөз жүректердің үрейін ұшырды. Бірақ, “күдай оңдап”, Семейде шиі шыққан кісі болмады, “басы қатты болса, түбі тәттіге” айналып, қағаздарын теңдеп, комиссия кетті. Есен-аман қалғандар: “Уһ!” деп, алласына сиына шүкір етті.

Комиссияның келгені теріс болған жоқ: “отаршыл-мотаршыл”, “ұлтшыл-мұлтшыл” адамдар болса, бір желпіндірді, қожайыны бар екенін көздеріне бір көрсетті. Комиссияның кезінде қай маккамаға барсаң да: “Кирдекрет”. “Кирцентр”, “Киркрай”, “кирработник” деген сөздер моды болып жүрді. Оның сарқыншағы әлі де созылып келеді.

Осы санда 19 апрельде алынған Мұхтар Әуезовтің телеграммын басып отырмыз. О кісі де күшті әмірмен келе жатса керек. Қазақстан Кіндігіндегі үш үлкен мақкаманың атынан уполномоченный (уәкіл) болған көрінеді. Телеграммына қарағанда беті қатты: қазақ ішінде советский, партийный һәм кәсіпшілер жұмыстарын күшейтемін дейді; жер туралы шыққан декреттерді орындаймын, яғни, Ертіс бойынан қазаққа жер алып беремін, милицияны қазақ еңбекшілдерінен жасаймын дейді; Бұл жұмыстарды орындау үшін алғашқы уақытта қазақтан 20 шақты қызметкер керек; керекті кісілерді Семейге алдырып қойыңдар депті.

Осы майдың басы кезінде Әуезов жолдас келсе керек.

Әуезов жолдастың мойнына алып келе жатқан міндеті зор. Бұнын бәрі қашаннан қақсап келе жатқан тілегіміз. Ендігі кәп – қалайша іс болып, өмірге асу жағында. Қолында ұзындығы алты құлаш, күштілігі тау құлатқандай мандаты болса да, жергілікті мақкамалар, жергілікті қызметкерлер құшағын жайып қарсы алмаса, тілеуінде – бетінде болып, көмегін көрсетпесе, бір кісі қанша талпынғанмен қолынан һеш нәрсе келмейді; міндетін орындай алмайды. Сондықтан бұл ниеттерді орындау үшін әуелі Әуезов жолдастың білімі, күші, беделі, жігері қандай керек болса, екінші жергілікті қызметкерлердің ынта-жігері, ниеті, талабы сондай керек.

Қазақстан басшыларының сөзден шығып, іске кіріскендігіне зор қуаныш қыламыз, Алдақашан осылай болу керек еді. “Ештен кеш артық”, “қайырымен болсын”, – деп М. Әуезовтің уәкілдігінен үлкен үміт күткен.

Мақаланың соңына “Ж”-деп қол қойған. Бұл сол кезде “Қазақ тілі” газетінің жауапты шығарушыларының бірі болып жүрген Жүсіпбек Аймауытовтың мақаласы екеніне пәленден күмән тумаса керек-ті.

Толық жинаққа енгізіліп отырған жеделхаттың мәтіні “Қазақ тілі” газетінің сол күнгі екінші бетінде “Ішкі хабарлар” деген айдармен “Орынбордан телеграм” деген тақырыппен жарияланған. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған жеделхаттың орыс тіліндегі түпнұсқасы мынадай:

11 апреля 1922 г. Телеграмма Ауэзова М. О. председателю Семипалатинского губернского исполкома и секретарю губкома:

“15 апреля выезжаю в Семипалатинск для проверки деятельности обкома КЦИК Казпрофбюро для усиления партсоветской зпт профессиональной работы как вообще зпт так главным

образом среди казаселения тчк Конкретные первоочередные задачи организация казработчих всех промышленных районов зпт проведение в жизнь земельных декретов и вовлечение казбедноты ряды милиции тчк Практическое осуществление означенных мероприятий тесно связано наличием казработников зпт имеющих опыт указанных отраслях совработы тчк Посему губкому и губисполкому предлагается провести срочном порядке учет означенных работников и вызов в губернию находящихся в районах тчк Требуемое количество работников первое время 20 тчк Сообщаю зпт что усиление совработы среди казахов данный период рассматривается всеми без исключения краевыми учреждениями КССР как первоочередная основная задача тчк Посылкой уполномоченных всех губерний КССР ей придается характер кампании тчк Посему всякое халатное отношение к ней считается недопустимым зпт преступным.

Уполномоченный обкома, КЦИК, Казпрофбюро (Ауэзов)".  
(КР ОМА, 5 қор, 18 тізім, 94 іс, 15 бет).

Жеделхаттың жазылу тәртібіне байланысты емілелік белгілері сол түпнұсқа бойынша беріліп отыр. М. Әуезовтің өмірі туралы ғылыми зерттеулерге бұл жеделхаттың пайдалануы мүмкін екендігін және газеттегі мәтіннің баяндау тұрғысында берілгендігін ескере отырып, жеделхаттың аудармасын қоса ұсынып отырмыз.

“Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасына және губкомның хатшысына!

15 көкек күні КЦИК-тің обкомның және Қазақ кәсіпшілері бюросының өкілі ретінде партия, кеңес және кәсіптік жұмысты жандандыру мақсатымен Семейге аттанамын, басты назардағы жұмысым қазақ тұрғындары арасындағы белсенділікті арттыру. Барлық кәсіпшілік аудандарындағы қазақ жұмысшыларының басын қосу, жер туралы декретті жүзеге асыру, қазақ кедейлерін жасақ қатарына тарту – бірінші міндет. Аталған шараларды жүзеге асырудағы басты тірегім – кеңес қызметінде жүрген қазақ қызметкерлері болмақ. Сондықтан да губком мен губисполком жоғарыдағы қызметкерлердің тізімін жасап, аудандардан губернияға шақырып алу ұсынылады. Алғашқы кезеңдегі қажетті адамның саны 20. Қазақ қызметкерлерімен жұмыс істеу – КССР мекемелерінің кезек күттірмейтін бірінші кезектегі міндеті екендігін, одан ешкімнің де тыс қалмауы қажеттігін ескертемін. КССР губернияларына жіберілген өкілдердің барлығы да шұғыл тапсырманы орындаушы болып табылады.

Сондықтан да оларға немкетті қарау – кешірілмейтін қылмыс есебінде жауапқа тартылады.

КЦИК-тің, обкомның, Казорткэсбюросының өкілі Әуезов”.

М. Әуезов осы сапары барысында Торғайдағы ашаршылыққа ұшыраған елге азық-түлік, мал жинады, кооперативтер, мойынсеріктер, ұсақ кәсіпшілік жұмыстарын, несие алу мәселесін ұйымдастырды. Өзінің тікелей қатысуымен Шыңғыстың сыртында Бақанас өзенінің бойынан кооператив ашты. Канал қаздырып, егін ектірді. Қазақ қызметкерлерін кеңес жұмысына тартты. Сол кезде большевиктер партиясының облыстық комитеті ұлттық зиялылардың орталықтан сыртта жүруін пайдаланып, партиялық тазалау жүргізді және “Алашорда” қайраткерлерін мемлекеттік қызметтен ысырып, Ә. Бөкейханов пен М. Дулатов іспетті көсемдерді қамауға алды. С. Меңдешев, С. Сейфуллин, У. Жәнібеков, А. Әйтиев, С. Шарипов, Ә. Жанкелдин, А. Оразбаева, Ә. Асылбеков т. б. большевиктер Қазақ облыстық партия комитетінің хатшысы Коростылев пен КССР халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Радус-Зеньковичтің ықпалымен алаш қайраткерлерін ашық қудалауға ұшыратады.

Аса күрделі жағдайда жұмыс істеген Мұхтар Әуезов пен Әбілқайыр Досовқа Семейдегі “ортақшыл орыс большевиктері мен ортақшыл қазақ қызметкерлері” қатты қарсылық көрсетіп, олардың пәрменін орындаудан бас тартты. Солардың ішінде Қарқаралы уезінің бастығы Шаймерден Токжігітов ерекше белсенділік танытты. Бұл жөнінде “Қазақ тілі” газетінде Әбілқайыр Досовтың хаты мен “Есіл Қарқаралы” атты сын мақала шықты. Бұған қарсы Шаймерден Токжігітов те жауап жазды. Өздерінің Семейдегі өкілдік қызметтері туралы баяндай келіп, Ш. Токжігітовке екінші қайтара берген жауабында Әбілқайыр Досов:

“Және де менің Қарқаралы (лық) жолдастарға артық қойған кінәм болса көлденең адамдар сынар. Онан сон халық алдында, жіберген мақамалардың алдында да ұялмасақ керек. Есіңізде болсын, августың 6-сында болған губерниялық партия комитетінің пленум тобында кіндіктен келген уәкіл Әуезов, Досов жолдастардың істеген қызметтері туралы мынадай бір ауыздан қаулы қылып отыр: “Кіндіктен келген Әуезов, Досов жолдастың аз уақытта істеген істері осындай ауырлық halде үлкен іс деп білеміз. Орынды, тиянақты деп табамыз” – деп. Және де Орынборда(ғы) облыстық комитеттің көзқарасын ба-

сып отыр ғой. Тегінде, бұл мақалаға қарағанда, Семейге келген уәкілдерден асырып істегені жоқ көрінеді. Аз болсын, көп болсын, не болса да Семейде іс істелгенін тауып отыр”, – деп жазды. “Қазақ, тілі”, 1922, 6 қыркүйек, № 66 (227).

Мұхтар Әуезов большевиктік партияға деген сенімі мен оның жүргізген саясатына қарсылық ретінде қызметке қайтып оралмайды, партия қатарынан шығады да Ташкентке кетеді. Ал Облыстық партия ұйымының хатшысы Коростылев оған: “білімді, бірақ ұлтшылдықтан арылмаған, кеңсе қызметіндегі тәжірибесі бар, бірақ ұлтшылдық пиғылдан арылмаған” – деген мағынада мінездеме жазып береді.

1. 46-бет. “**Губисполком**” – губерниялық атқару комитеті, үкіметтің атқарушы құрылымы.

2. 46-бет. “**Губком секретары**” – губерниялық комитеттің хатшысы, Ресей коммунистік (большевиктер) партиясының орта дәрежелі орындаушы ұйымы, партиялық мекеме.

3. 46-бет. “**Қазақстан Орда Атқару Комитеті**” – Қазақстан Орталық Атқару Комитеті. “Орталық” деген сөзді қазақ мемлекетігінің ұлттық астарын аңғарта “орда” деп аударған.

4. 46-бет. “**Қазақстан Кіндік кәсіпшілер бюросы**” – Қазақстан кәсіпшілерінің орталығының алқасы, ол кезде “орталық” деген сөзді – кіндік деп қолдану ресми дәстүрге айналған.

5. 46-бет. “**Хисабында**” – есебінде, ретінде деген мағына береді.

6. 46-бет. “**16-шы апрельде**” – жеделхаттын түпнұсқасында 15 көкек.

7. 46-бет. “**аудандарындағы қазақ жұмысшыларын**” – аудандағы қазақ еңбекшілерін деген мағынада түсінген абзал.

8. 46-бет. “**...милицияға кіргізу**” – ұлттық жасақ құрамына тарту.

9. 46-бет. “**...байлаулы**” – қатысты, тиісті, міндетті деген мағына береді.

10. 46-бет. “**...айрықша маусымды болады**” – өте тығыз, жедел жүргізіледі, ерекше мән беріледі деген мағынада қолданылған.

*Т. Жұртбай*

## АШЫҚ ХАТ

*(Семей губерниясындағы қазақ қызметкерлеріне)*

Ашық хат “Қазақ тілі” газетінің 1922 жылғы 17 тамыз күнгі 64-санында жарияланды. Содан кейін ешқандай баспасөз беттерінде қайталап жарық көрген емес. Жазушының шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына сол газет бетіндегі нұсқасы бойынша жарияланып отыр. Ашық хаттың араб һарпіндегі нұсқасын кирилл һарпіне түсіріп, жинаққа дайындағандар – Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев.

1922 жылдың көкек айы мен қазан айының аралығында Қазақ автономиялы кеңес республикасының орталық атқару комитетінің, облыстық партия комитетінің және кәсіпшілер одағының орталық комитетінің төтенше өкілетті өкілі ретінде Семей губерниясына келген Мұхтар Әуезов пен Әбілқайыр Досов (мұның егжей-тегжейі осы басылымдағы “Орынбордан телеграм” атты хабарға орай берілген түсінікте толық баяндалған) үлкен мемлекеттік саяси ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Семей революциялық ревкомы Сібір ревкомының құрамына шығып, Қазақстанға қосылды. Бұл Россия мен Қазақстанның арасындағы қарым-қатынасты шиеленістіріп жіберді. Түпкі тегеурінді билік большевиктердің қолында екендігі анық болса да, ұлттық наразылықтан сақтанып, Ақмола мен Семей губерниясын Қазақ автономиясының дәрегейіне беруге мәжбүр болды. Бұған Ленин мен “Алашорда” үкіметінің арасындағы келісім шешуші ықпал етті. Семей губерниясы Қазақстанға қосылғаннан кейін де мамыр мен тамыз айларының арасында ұлы державалық пиғылдағы орыс большевиктері мен қазақ қызметкерлерінің айтысы барған сайын өрши түсті. Міне, сол тұста большевиктердің ықпалындағы кейбір қазақ белсенділері ұлттық мүддені ұмытып, ашықтан ашық Сібір ревкомының жағына шығып кетті. Ел ішіне іріткі салды. Бұл туралы пікір таластары “Қазақ тілі” газетінде үзбей жарияланып тұрды. Қазақ автономиясының Семейдегі ықпалын күшейту, сот, өндіріс,

өкімет биліктері, шаруашылық мәселелері, оқу-білім жүйесі іспетті күрделі істерді ұйымдастырған М. Әуезов пен Ә. Досов өзінің ойларын газет арқылы көпшілік қауымға жеткізіп, автономияның негізгі міндеттерін түсіндіріп отырды. Мәскеудегі орталық та бұл мәселені тез шеше қоймады. Түрлі өкілетті өкілдер мен комиссияларды үсті-үстіне жіберіп, мәселені ушықтырып жіберді. Ақыры 1922 жылдың тамыз айында ғана большевиктер партиясының орталық комитеті арнайы шешім қабылдады. Сөйтіп, Семей, Ақмола уездері Қазақстанның құрамына заңды түрде кірді. Ендігі мәселе 5 қыркүйек күні өтетін Семей губерниясының үшінші кеңесіндегі ресми талқылау мен дауыс салу кезіндегі істің нәтижесіне тіреліп тұр еді. Сондықтан да, қазақ қызметкерлерінің бұл мәселеде бірауызды болуы ауадай қажет болатын. Осыған байланысты “Қазақ тілі” газеті арқылы М. Әуезов қазақ қызметкерлеріне ашық хат жолдап, оларға бағыт-бағдар, жөн-жоба көрсетті. Газеттің 63-санында жарияланған “Нұсқаунамаға” орай өзінің пікірін білдіруді азаматтық парыз деп санаған. Бұдан кейінгі газет сандарында Әбілқайыр Досовтың да мақаласы жарияланды. “Ашық хаттың” басты мақсаты: 1. Қазақ ұлтының автономиялық дербестігін нығайтып, қазақтың тарихи шекарасын қалпына келтіріп, біртұтас мемлекет ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету; 2. Қазақ жерінің бөлшектеніп кетуіне жол бермеу; 3. Ұлы державалық большевиктік орыстандыру саясатына тосқауыл қойып, ұлттық экономикалық-мәдени даму жолын таңдау; 4. Қазақ автономиясы негізінде мемлекеттік басқару жүйесін күшейту; 5. Әрбір қызметкердің азаматтық-отаншылдық сезімін оятып, қазақ елінің іргетасын қалауға белсене атсалысуға шақыру еді. “Ашық хат” түйткілді мәселені шешуге тікелей әсер етпегенімен де орыс большевиктерінің шылауында кеткен біраз қазақ белсенділерінің көзқарасын өзгертуге септігін тигізді. Олардың ара жігін ашып, мәселеге байыпты қарауға назарын аударды. Сондықтан да, бұл “Ашық хаттың” мәтінін жариялауға кеңес өкіметі тұсында тыйым салынды. Сол үшін М. Әуезов талай рет сынға ұшырап, түрмеге қамалды.

1. 47-бет. “...**ортақшыл партиясының**” – деген сөз коммунистік партиясының деген мағынаны білдіреді.

2. 47-бет. **...кіндік комитетінің**” деген сөз – орталық комитеттің деген мағынада қолданылған.

3. 47-бет. “**Қазақстандағы ортақшылдарға жазған бұйрық хаты басылып отыр**” – Ресей коммунистік (большевиктік)



партиясының орталық комитетінің Қазақстан большевиктеріне жазған “бұйрық хаты” “Қазақ тілі” газетінің бұл санында емес, бұдан бұрынғы 63-санында жарияланған. Зады, сол санға арналып жазылған М. Әуезовтің мақаласы бір нөмірге кешігіп барып басылған сияқты.

4. 47-бет. “**...ұсақ республикалардың**” – автономиялы республикалар мен автономиялы облыстар.

5. 47-бет. “**Губком хатында көбінесе уездердің орыс қызметкерлерінің кемшілігі, теріс мінездері турасында жазылғандықтан**” – әңгіме бұл арада орыс большевиктерінің Қазақ автономиясының билігін мойындаудан бас тартып, өз бетінше іс-әрекет жасауға ұмтылғандығы жайында болып отыр.

6. 48-бет. “**...ұлтшылдық пен ортақшылдық тартысы**” – ұлттық мүддені көздеп, Қазақ автономиясын жақтаған қазақ қызметкерлері мен большевиктердің жағына шығып, солардың сөзін сөйлеген қазақ белсенділерінің арасындағы айтыс-тартысты мезгеп отыр.

7. 48-бет. “**Бір табы**” – бір тобы.

8. 49-бет. “**Обломовщине**” – Обломовшылдық. Обломов – орыс жазушысы Гончаровтың “Обломов” атты романының басты кейіпкері. Тоғышар, керенау, сезімсіз, енжар, ынжық адамның бейнесі. Бұл арада “арамтамақ”, тоғышар, надан мағынаны білдіреді.

9. 49-бет. “**...жерқорқақтық**” – қараңғыда қарайғанның бәрінен үркіп, ілгері қарай аттап баспайтын көткеншек мініс атын осылай атайды. Бұл арада – жалтақ, сужүрек, секемшіл адам деген мағынада қолданылған.

10. 49-бет. “**...қазақ, учительдері**” – қазақ мұғалімдері.

11. 50-бет. “**...жиырмасын бағындыру...**” – бұл арада баспахананың қателігінен бір жол түсіп қалған. Негізгі айтайын деген ойы: “Өзге жұрт қызметкерінің жиырмасын бағындырудан қазақтың бір қызметкерін бағындыру қиын” – деген пікір болса керек.

12. 50-бет. “**Чеховтың кәрі қыздарындай**” – А. П. Чехов (1860–1904, орыстың ұлы жазушысы) еліктегіш, сезімтал, әсемқұмар, арманшыл қыз-келіншектерді өзінің пьесаларының негізгі кейіпкері етіп алған. Ірі іс-қимыл жасауға дәрменсіз жандар. Бұл арада қазақтың мүддесін емес өзінің жанының тәттілігін жиі есіне алып, жеке басын күйттеп жүрген жігерсіз, намыссыз, құр қиялшыл қазақ оқығандарын сынап отыр.

13. 50-бет. “**кустарничестводан**” – ұсақ-түйектен,

етекбастылықтан, күйкі тірліктен асып кете алмай жүрміз деген мағынаны білдіреді.

14. 50-бет. “**Ахаң айтқандай**” – Ахмет Байтұрсынов (1873–1937) айтқандай деп түсіну керек.

15. 51-бет. “**...Бұдан басқа жол жоқ**” – “Алашорда” үкіметі мен “Алаш” партиясы және оның көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов: Ресей империясының отарлау саясатының зардабынан қазақ, елі қашан мәдени-рухани тұрғыдан тәуелсіздік алып, биік даму дәрежесіне жеткенде ғана толық азаттыққа жетеді. Сондықтан да қазақ елінің мәдениеті мен ғылымын дамыту керек, – деп есептеді. Мұхтар Әуезовтің емеурін етіп, мысалға алып отырғаны да сол білім мен ғылым, оқу-ағарту мәселесін дұрыс жолға қою. Қазақтың тәуелсіз ел болып қалуына “бұдан басқа жол жоқ”, – деп есептейді.

*Т. Жұртбай*

## СЕМЕЙДІҢ ГУБЕРНИЯЛЫҚ ҮШІНШІ КЕҢЕСТЕР ТОБЫНА

Үндеу-мақала “Қазақ тілі” газетінің 1922 жылғы 6 қыркүйек күнгі 66-санында жарияланды. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымында сол газеттегі нұсқасынан көшіріліп басылып отыр. Дайындағандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

Семей губерниясындағы ұйымдастыру мәселесі жөніндегі төтенше өкіл болып келген М. Әуезов Семей губерниясының кеңесін өткізу мәселесіне тікелей атсалысып, газет арқылы тиісті нұсқау беріп отырды. Кеңесте талқыланатын мәселелер өте жауапты әрі ерекше даулы тақырып еді. Сол үшін де “Ашық хат” жазып, қазақ қызметкерлерін бірлікке шақырған болатын. Қыркүйек айының 5 күні өткен бұл кеңестегі жағдай туралы хабары – М. Әуезовтің Семей губерниясында 5 ай бойы жүргізген еңбегінің болған есебі іспетті еді. Сондай-ақ губерниядағы саяси-экономикалық, ұлтаралық жағдайды талдаған ой тұжырымы да еді бұл. Үшінші кеңестің уәкілдеріне арнаған бұл үндеу-мақаласы М. Әуезовтің мемлекеттік саясат туралы қалам тартқан соңғы көсем сөзі. Бұдан кейін мемлекеттік басқару ісінен мүлдем бас тартып, ғылыми-шығармашылық жұмысқа бет бұрды. Оған республикада қалыптасқан саяси жазалау, партия қатарын тазалау науқаны да кері ықпалын тигізді. Әрі Орынбордағы бүкілқазақтық кеңесте “Алашорда” қайраткерлеріне қарсы пікір ұйымдастырып, орыс большевиктерімен бірігіп кеткен белсенді қазақ қызметкерлерінің үкімет басына сайлануы М. Әуезовтің көңілін қатты алаңдатты. Алайда, ол губерниялық үшінші кеңестің жұмысын ақырына дейін жеткізіп кетті.

1. 52-бет. “**Бұл сияқты губерниялық топ бұдан бұрын Семейде екі рет болып өтті**” – Семейдегі сол екі кеңеске де М. Әуезовтің өзі қатысып, сөз сөйлеп, тиісті ұсыныстар айтты. Губревкомның жанындағы қазақ бөлімінің қызметі мен беделін нығайта түсті.

2. 52-бет. “**Орынбордағы кіндік қазақ комитетінің бірінші жалпы жиналысында үлкен сөз болды**” – Бұл құрылтайға

М. Әуезов те қатысты. Қазақ қызметкерлерінің жалпы жиыналысында ол: 1. Қыр еліндегі ашаршылықтың алдын алу; 2. Отаршыл-большевиктерді қызметтен шеттеу; 3. Қазақ оқығандарын мемлекет ісіне тарту туралы мәселе қойды.

3. 52-бет. “**Губатком тарқатылып**” – бұл арада 1921 жылғы мамыр айында Сибревкомға қарайтын губисполкомның күшпен таратылғаны сөз болып отыр.

4. 52-бет. “**Орынбордан келген уәкіл**” – сөз С. Садуақасов жайында.

5. 53-бет. “**Осы екі қорытынды топқа қойылғанда**” – осы екі ұсыныс дауысқа түскенде – деген мағына береді.

6. 53-бет. “**Айырымсыз ылғи қазақ, екіншісіне – айырымсыз ылғи орыс дауыс берді**” – қазақтардың өзі бірыңғай айырым орыстардың өзі бірыңғай айырым дауыс берді – дегенді білдіреді.

7. 53-бет. “**...Осы орында**” – осы ретте, осы кеңесте, осы отырыста деген мағынада қолданылған.

8. 53-бет. **Авдеев** – Авдеев А. Д. большевик, қазақ облыстық большевиктер партиясы облыстық комитетінің мүшесі, 1921 жылғы Семейдегі екінші губерниялық кеңеске қатысып, қазақ автономиясының мүддесін қорғаған.

*Т. Жұртбай*

## АРҚАЛАНУДЫ ҚАЛДЫРУ КЕРЕК

Бұл мақала Семейде шығып тұрған “Қазақ тілі” газетінің 1922 жылғы қыркүйектің 28-і күнгі санында жарияланған. Бұл басылымға сол газеттегі нұсқасы бойынша беріліп отыр. Баспаға дайындағандар – Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев.

Бұл кезде М. Әуезов Семей қаласында ҚазАткомның ерекше уәкілі міндетін атқарып жүрген. (Толық мағлұматты “Орынбордан телеграм” атты мақалаға берілген түсініктен қараңыз). М. О. Әуезов газеттің сол санында басылған “200 түйе құн” деген мақаланы қолжазба күйінде оқып шығып, пікір білдірген. Мұнда М. О. Әуезов: құн даулауда бұрынғы ескі замандағыдай рудың мықтылығына немесе билік жүйесінде отырған жақынының қолдауына сүйенбей, заңға жүгіну қажеттігін баса көрсеткен.

1. 55-бет. “**200 түйе құн**” – мақала мазмұнына қарағанда Сыбанұлы – М. О. Әуезов талдап отырған “200 түйе құн” деген жариялымның авторы.

2. 55-бет. “**...черезушайни сиез**” – “чрезвычайный съезд” деген орысша сөз тіркесінің “қазақша” айтылуы, яғни төтенше съезд немесе төтенше бас қосу. Кеңес өкіметі орнағанға дейін мұндай съездер көбіне бір уездің, кейде сирек те болса бір облыстың көлемінде шақырылып тұрған. Ондай съездерге, егер олар уездік дәрежеде болса – оны мекендеген болыстардың өкілдері, ал облыстық деңгейде болса – уездердің өкілдері қатынасқан. Оған уездік, кейде облыстық дәрежедегі орыс әкімшілігінің өкілдері қатынасып отырған. Төтенше съездерде жер дауы, жесір дауы, ұрлық пен барымта мәселелері, қоғамдық, тәртіп ісі талқыланып отырылған.

3. 56-бет. “**...Семейдегі губхалбике**” – Семей губерниялық халық билерінің кеңесі.

4. 56-бет. **Тұрағұл** (1876–1934) – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған баласы, ақын, аудармашы. Ол 1917–1920 жылдары Семей өңіріндегі “Алаш” қозғалысына белсене араласып, әртүрлі жауапты қызметтер атқарған.

5. 56-бет. **Мекайыл** – Абайдың Әйгерімнен туған баласы (1884–1931), орысша, арабша сауатты болған, домбыра тартып, ән салған, әкесі Абайдың өлеңдерін түгелге дерлік жатқа білген. 1931 жылы бай баласы ретінде ұсталып, атылып кеткен.

6. 57-бет. **Майқы, Бошан** – Семей облысының Қарқаралы уезін мекендейтін рулардың аттары.

*Қ. Нұрпейісұлы*

## ОҚУҒА ҰМТЫЛАТЫН УАҚЫТ

Мақала “Қазақ тілі” газетінің 1922 жылғы 18 қараша күнгі 84-санында жарияланды. Бұдан кейін ешқайда жарық көрген жоқ. Толық басылымға дайындап, ұсынғандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

1922 жылдың тамыз–қыркүйек айында өткен губерниялық кеңестерде большевиктердің ықпалы күшейіп, “Алашорда” қайраткерлерін үкімет билігінен шеттетіп, оларды партия қатарынан шығарды. Ахмет Байтұрсыновты үкімет құрамына өткізбей тастады. Астыртын контрреволюциялық ұйым ашты деген желеумен Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовты абақтыға жауып, айғақ таба алмаған соң, босатуға мәжбүр болды. Ә. Бөкейханов сол жылдан бастап Мәскеу қаласында мырзақамакта болып, оның Қазақстанға келуіне тыйым салынды. Алаш қайраткерлерінің барлығы оқу-ағарту саласына ауысып, жоғары оқу орындарының маңына топтасты. Саяси жағдай біршама қалыпты деп есептелетін Ташкент қаласына ауысты. Тіпті С. Сәдуақасовтың өзі шет елге барып оқуға өтініш білдірді. Бірақ оны жібермеді. М. Әуезов те Орынборға қайтып оралмады. Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетіне оқуға түсті. Міне, осы кездегі көңіл-күй әуенінің ауанымен жазылған “Оқуға ұмтылатын уақыт” деген мақаласы өзінің алдына қойған мақсатынан хабардар етеді: “Оқусыз ел – дүниедегі тіршілік жарысына ере алмай жоқ болады” деуінде де сондай астар жатыр. Ол өзіне жақсы таныс оқу-ағарту, мектеп саласындағы селқостық пен енжар тіршілікке ренжіп: “Қазақ оқу жұмысы өте кепілсіз халге айналды. Оның себептерін бұрынғы мақалаларымызда айтқанбыз”, – деп өзінің бұрын жарияланған “Оқу ісі”, “Қазақ оқығандарына ашық хат”, “Бүгінгі зор міндет”, “Қазақ қызметкерлерінің міндеті”, “Қазақ бөлімдері”, “Қазақ институты” т. б. мақалаларындағы көтерілген мәселелерді еске салады. Бұл мақала – Семей жұртшылығына айтып кеткен аманат сөзі екені сөз қолданыстары мен астар-

лы желісінен бірден аңғарылады. Ташкентке барған соң да “Шолпан” журналы арқылы оқу-ағарту саласына көңіл бөлу туралы шағымды пікірлер қозғады. Мақала М. Әуезов Ташкентке жүріп кеткеннен кейін жарияланған сияқты. Бұл оның өзі ұйымдастырып, алғашқы шығарушыларының бірі болған “Қазақ тілі” газетіндегі соңғы мақаласының бірі.

1. 58-бет. “**...елдің алдына салып, пікір жүргіздік**” – елдің назарына ұсынып, пікір білдірдік деген мағына береді.

2. 58-бет. “**...мұғалімдік жұрты**” – мұғалімдер даярлайтын орын.

3. 59-бет. “**...қазынасынан асыралатын**” – қазынадан қамтамасыз етілетін.

*Т. Жұртбай*



## К ТРЕХЛЕТИЮ КИРРЕСПУБЛИКИ

Статья опубликована в газете “Степная правда” (ныне – “Казахстанская правда”) 16 июня 1923 г., перепечатана в журнале “Простор” (1972. № 2), вошла в 20-томное собрание сочинений М. О. Ауэзова (А., 1984. Т. 15). Статья посвящена трехлетию образования Киргизской (Казахской – *К. Н.*) АССР. Об образовании Киргизской (Казахской – *К. Н.*) АССР в составе РСФСР было объявлено на учредительном съезде Советов Казахстана (4–12 октября 1920 г., г. Оренбург) согласно Декрету ВЦИК и СНК РСФСР, подписанному М. И. Калининым и В. И. Лениным 26 августа 1920 г., “Об образовании Киргизской (Казахской – *К. Н.*) Советской Автономной социалистической республики”.

1. 60 стр. – “**...трудящихся Киргизии**” – имеется в виду “трудящихся Казахстана”. До 1925 года в официальной литературе Казахстан назывался Киргизией, а казахи – киргизами. Пятый съезд Советов Казахстана (15–19 апреля 1925 г., г. Кызылорда) вернул казахскому народу его историческое имя.

2. 60 стр. – “**...мобилизации киргиз на тыловые работы**” – мобилизация на тыловые работы казахов и представителей других коренных народов Средней Азии, а также частично Сибири осуществлялась в соответствии с царским указом от 25 июня 1916 г. “О реквизиции инородческого мужского населения”. Реквизированных планировалось использовать в основном для работ по устройству оборонительных сооружений и путей военных сообщений в районах дислокации частей действующей армии. Из Казахстана и Средней Азии должны были реквизировать 400 тыс. человек, в том числе из степных областей Казахстана – более 100 тыс., из Семиречья – 87 тыс. человек. Указ от 25 июня 1916 года явился поводом для начала национально-освободительного восстания казахского народа и коренных народов Средней Азии.

3. 60 стр. – “**...трудовая масса кирнаселения**” – имеется в виду основная масса казахского населения, казахов.

4, 5. 60 стр. – “**большой бек, меньшой бек**” – подразумеваются полумифические герои казахских народных сказок.

6. 61 стр. – “**...властью эсеров и остальных контрреволюционе-**

ров” – имеются в виду местные органы Временного правительства – исполнительные комитеты, подавляющее большинство мест в составе которых занимали представители партии социалистов-революционеров (эсеров) и их сторонники из других мелкобуржуазных партий, а также партии конституционных демократов (кадетов) (см. ниже – “Комитет Учредительного собрания”).

7. 62 стр. – “...нужды коренного населения” – надо понимать “казахского населения”.

8. 62 стр. – “...Комитет Учредительного собрания и Уфимское совещание...” – Комитет членов Учредительного собрания (Комуч, “Самарская учредилка”) – эсеровское антисоветское правительство, образованное из части членов Учредительного собрания в г. Самаре 8 июня 1918 г. после свержения там советской власти. В своем противостоянии советской власти правительство Алаш-Орды заключило союз с правительством Комуча. Уфимское государственное совещание – это совещание представителей антисоветских правительств, политических партий и организаций, состоявшееся в г. Уфе 8–23 сентября 1918 г. В нем участвовали делегации Комитета Учредительного собрания, Временного сибирского правительства. Туркестанской (“Кокандской”) Автономии, правительств Алаш-Орды, Уральского, Сибирского, Оренбургского, Семиреченского, Иркутского и других казачьих войск. 23 сентября 1918 г. Уфимское государственное совещание создало антисоветский орган – “Временное всероссийское правительство”, вошедшее в историю под названием “Уфимская директория”.

*К. Нурпеисов,  
член-корреспондент АН РК,  
доктор исторических наук,  
профессор*

## АХАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ

Мақала тұңғыш рет 1923 жылы “Ақжол” (4 ақпан) және “Тілші” (12 наурыз) газеттерінде жарияланды. Содан алпыс бес жыл өткенде барып, “Қазақ әдебиеті” газетінің 1988 жылғы 23 желтоқсан күнгі санында жарық көрді. Осы басылым Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалиевтің құрастыруымен Ахмет Байтұрсыновтың “Ақ жол” деген атпен шыққан шығармалар жинағына (Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол, 1991, 17–21-беттер) енді. Жазушының елу томдық академиялық толық басылымына алғашқы жарияланғандағы нұсқасы салыстырылып, сол қалпында жіберіліп отыр.

Мақаланың екінші жарияланымы қалың оқушы қауым үшін ерекше жаңалық болып көрінген белгілі тарихи оқиғамен тұспа тұс келді: ол – жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ ұлы ойшыл қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов есімдері мен мұраларының ортаға қайта оралуымен байланысты болды. Осы есімдерді алдымен Қазақстан Республикасы прокуратурасының: “Қазақстандағы Алаш буржуазиялық ұлтшылдық партиясы мен Алашорда үкіметінің басшыларына кешірім жасау туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 4 апреліндегі шешіміне қарамастан белгілі әдебиетшілер М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов 1930 жылы және содан соң 1937–1938 жылдары социалистік заңдылықтың тым өрескел бұзылуы жағдайында негізсіз қылмысты жауапқа тартылып, контрреволюциялық антисоветтік қызметпен айналысты-мыс деген желеумен өлім жазасына кесілген болатын.

Биыл Қазақ ССР прокуроры республика Жоғарғы сотының сот коллегиясына үкімді жоюды және аталған адамдардың әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауы себепті олар жөніндегі істі тоқтатуды талап еткен наразылықтар енгізген еді.

Қазақ ССР Жоғарғы соты наразылықтарды республика прокурорының қатысуымен қарай келіп, оларды толық көлемінде

қанағаттандырды. А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және Ж. Аймауытов жөніндегі істер тоқтатылып, олар ақталды, М. Жұмабаев қылмысты істердің бірі бойынша 1960 жылы ақталған болатын. “КазТАГ” деп аталатын хабарламасы және Қазақстан Орталық Партия Комитетінің олардың мұраларын ақтау жөніндегі шешімі жарияланды. Осы жаңалыққа орай шыққан “Қазақ әдебиеті” (23 желтоқсан, 1988 жыл) газетінде Мұхтар Әуезов үшеуіне де қатыстылығымен көрінді. Мұндағы “Ахаңның елу жылдық тойы” Ахмет Байтұрсынов туралы болса, Мағжан жөніндегі: “Мағжанды сүйемін, Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қарақордалы ауылында туып еуропадағы мәдениетпен сұлулық сарайына оратылып барып жайлауы жарасқан арқа қызын көріп, сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан асып озып ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін” (382-папка, 4-бет) деген ой-толғанысы өзінің “Өз жайымнан мағлұмат” атты өмірбаяндық қолжазбасынан алынып берілді.

Жүсіпбек Аймауытовтың бірінші рет жарияланып отырған өмірбаяндық мақаласы да М. Әуезов архивынан алынды. “Өз жайымнан мағлұмат” сияқты бұл да Смағұл Сәдуақасовтың белгілі қалам қайраткерлеріне жолдаған алты сұрағына орай жазылған. Осы жаңалық тұста М. Әуезов есімінің олармен бірге көрінуі, шынында да, жұртшылық үшін тазалықтың, адалдықтың және сол жандармен ниеттес, бағыттас, үндес, тағдырластығының белгісі сияқты әсер қалдырды.

М. Әуезов бұл мақаласын қазақ зиялылары екі дай болып бөлініп, айтыс-тартыстарының ушығыңқырап тұрған кезінде жазды; осының алдында ғана Орынбордағы билеуші топпен ой-мүдделері үйлеспей қызметі мен партияға мүшелігін тастап, Ташкентке қоныс аударып еді. Қазақ АССР-нің бірінші конференциясында КазЦИК-тің президиум мүшелігіне, оның саяси хатшылығына мақаласының арқауы болып отырған Ахаңның байшылдық-ұлтшылдық пиғылынан тыйылмады деген сылтаумен партиядан шығарылып, наркомдық (оқу-ағарту министрі) қызметінен босатылған жылдың күзінде (қазан, 1921 ж.) сайла-

нып еді. Оның осындағы еңбек жолы да Ахаң сияқты бір жылға жетпеді. Себебі, он сегізінші жылдың басында ұйымдасқан Омбыдағы “Азамат” серіктестігінің Смағұл Сәдуақасов (1900–1933), Ғаббас Тоғжанов (1900–1937), Әбдірахман Байділдин (1897–1931), Қошке Кемеңгеров (1896–1937) сияқты оқыған жастарымен және Алаштың белгілі, белді қайраткерлерімен бір жол, бір бағытта деп білетін Орынбордағылар оны түртпектеп шыдатпады. Ал олардың жолына да, бағытына да оң қарайтын Түркстандағы Сұлтанбек Қожанов (1894–1937), Нәзір Төрекұлов (1892–1937) сияқты тұлғалар осылайша ығыстырылып, шеттетілгендерді бауырларына тартумен болды. Төрт-бес жыл бұрын Алаш үкіметі құрылған кезде Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтар да Нәзір Төрекұловты Торғай облысына шақырып, 1913–1918 жылдар аралығында шығып тұрған “Қазақ” газетінің орнына ашылған “Қазақ мұңы” газетіне жауапты редактор еткен еді. Алаш таратылған соң ол Түркстанға қайта оралды да, республиканы басқарып тұрған кезінде қуғын көрген алаш азаматтарына қолынан келген жақсылығын аянып қалмады. Оның кейбір көрінісін Мағжан Жұмабаевтың: “Жиырма үшінші жылы Ташкентке бардым. Онда оқу-ағарту наркомы Қожановтың көмегімен қазақ оқу-ағарту институтына түстім. Ол оқуға жолдама жазып, жәрдем жасағандар – Төрекұлов Нәзір, профессор Поливанов болды. Орталық баспаға орналастырған да Төрекұлов еді” (Ж. Әлмешұлы, “Нәзір Төрекұлұлы”. 1996, 88-бет) деген сөздерінің өзі-ақ көз алдыға келтіре алады. М. Әуезовтің де Ташкентке ауысуының, одан ары солардың жолдамасымен Ленинград университетіне барып түсуінің астарында осындай сырлар жатты.

А. Байтұрсынов тойының ел-жұртқа танылатындай болып өтуін құптамайтындар, әсіресе, Орынбордағы оқығандар арасынан көптеп табылды, олар мүмкіндігінше бұрып-бұрмалауға тырысып бақты. Дегенмен, сол тұстағы ірі қайраткерлердің көпшілігі Ахаңның қазақ халқы тарихындағы орны мен рөлін шынайы бағалады, мәселен, Мұстафа Шоқай: “Ол – әйгілі қазақ жазушыларының бірі. Ол қандай лагерьді жақтаса да, біздер, қазақ зиялылары оның көзқарастарының мөлдір екеніне күмән келтірмейміз” (М. Шоқай, “Түркстанның килы тағдыры”. 1922 жыл. 104-бет) десе, Түркстанның ойлы азаматтары өздерінің қалай танып бағалайтындарын “Ақжол” газетінің (4 ақпан, 1923 жыл) бетінде: “Қазақ халық болғаннан бері өз бетінше әркімен дәуір сүрген кезі болмай, қонсы халықтарының қол

астына кезекпен қарай-қарай келіп, бастаған хандарының өзара келісе алмаған кесепатынан орысқа бағынып, үш жүз жылдай үзілместен келген Романовтар үкіметінің зұлым саясатының кесірінен жері мен салтынан, тілінен айырылуға айналып бара жатқанын алдымен сезіп, оянған Ахаң еді.

Орысқа жақындасып, Европа тәрбиесін алған қазақ оқығандары өз халқына қарамай, жан бағу дегенді жеңіл көріп, шен қуып, кексеге кіріп, хүкіметке жағынып, “ жақсы адам” атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың қазақтың ішіне барып, бар білгенін қазақ балаларына үйретуге ынта қылып, қазақтың кара тіліне шыр кіргізбей сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ахаң еді.

Ахаң **ұлт матбұғатының көзін ашпағанда, әлдеқашан ескі елдігімізден айрылып, қоңсы кент ағайындардың** біріне табынып, таңбадан **айрылып кететін едік. Қазақтың дыбысына,** сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл хәм **оқу құралдарын** шығарып, қазақтың **жалпақ** тілін талайға үйреткен Ахаң еді. Ұлт қамы дегенді ескерген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ахаң еді...

Ахаңның елу жасқа толғаны туралы қазақтың көп жері білмегендіктен көңілдегідей болмай өтіп отыр. Олай болуға себепкер болған Ахаңның туған жері – Орынбордағы қазақ азаматтарының жерді күн ілгері құлақтандыра алмағандығы. Тойдың болатұғын күнін бұрын сөйлесіп қойғанда, Ахаңның атын білетін екі республикадағы қазақ өмірде есте қаларлық қылып бірге тойлайтұғын еді. Ахаңның халыққа қылған қызметін көрсетіп, тәржіма халін айтып, туған күніне арнап кітап шығару қажет еді. Осы айтылғандар Ташкендегі “Талап” басқармасының ойында бар еді. Сондықтан бұл томды тегіс дайындалып алған соң, жайырақ істелсе деп ұйғарылып еді. Орынбор азаматтарының жедеғабыл қолға алып қалғандығынан көңілге алғандай боп істелмей отыр. Тойды тек телеграммен құттықтауға–ақ мұршамыз келді” деп білдірді.

Орынбор азаматтарының ішінде тойды ұйымдастыру ісінде мейлінше табандылық көрсеткен С. Сәдуақасов еді. Оның ұстазға деген ықыласы, жалпы көзқарас, ел болашағын елестету жөніндегі ой-болжамдары – Қазақстан партия ұйымының III конференциясында (1923 ж. наурыз) қатты сынға ұшырады. Конференцияда дүниежүзілік және азамат соғысы жылдарында бүлінген шаруашылық пен кәсіпорындарды қалпына келтіру мәселесін көтеруді сөз етумен қатар ауыл байлары мен деревня кулактарына үстеме салық сала отырып, кедейлердің тұрмысын түзеу арқылы тап тартысын күшейту жайына көбірек тоқталды. Мұндай жолмен

ауылда әлеуметтік жағдай жасаудың қисынсыздығын, соның ішінде қазақ сияқты ұйыған жұртты кедей мен байға бөліп тап күресін жүргізу – ауыртпалықтан басқа ешнәрсе бермейтінін айтқан С. Сәдуақасов қазақта қанаушы, қаналушы тап бар дегенді мойындамады. 1928 жылы арнайы декретпен байларды тап ретінде жою, мал–мүлкін конфискелеу шараларына да қарсы шықты. Оның ойларының дұрыстығын кейінгі тарихтың өзі растады.

Қазақта мүшел жастардан аман–сау өткенді ырымдау салты болмаса, белгілі бір белеске көтерілген жасты тойлау әдетке айналмағаны белгілі: бұл жаңалықты ағаларының ақыл–кеңесі болу керек – С. Сәдуақасов бірінші болып ел қадірлісі Аханның елу жылдығын атаудан бастады. “Оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі” ретінде бағалайтын М. Әуезов оның “Қазақ” газеті арқылы елдігін жоғалта бастаған халқын ұйқысынан оятып, қайда бара жатқаның сезіндіргенін, отаршылдыққа қарсы салған ұраны көп жүректерге терең ұялағанын, бұларды да жетімсіз көріп, заманынан аса алмағандарды маса болып ызыңдап сергітпек болғандығын және ілім-білімге талай буындарды тәрбиелеуімен де өзіне өзі ескерткіш орнатқандағы қасиеттеріне тоқтала келіп, көкейіндегісін: “Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегін, ілім білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. ...Қаламынан тамған бал – ем болудан айнымайды, әлі де болса өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды” дегендермен тұжырымдады.

1. 63-бет. **“алғашқы шыққан көсемі болған Ахаң арналған тұңғыш той”** – Зиялы қауымның, жалпы елдің үлкені–кішісі демей А. Байтұрсыновты Ахаң деп атаған. Онын сыры ілімі мен білімін, елге, халыққа сіңірген қызметін жоғары бағалап, құрмет тұтуында жатыр.

2. 63-бет. **“Қазақ” газетінің сүтін еміп өскен”** – А. Байтұрсыновтың редакторлығымен шыққан “Қазақ” газеті туралы толық деректі осы басылымның 1–томындағы “Абайдан соңғы ақындар” деп аталатын мақаланың түсінігінен (332-бет) білуіңізге болады.

3. 64-бет. **“ заман ерік бермеген соң “Маса” болып”** –

Ызыңдап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап – сары аяқтары ұзын маса,  
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен қара, яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша,  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,  
Қоймастан құлағына ызындаса?! –

деген өлең жолдарынан басталатын “Маса” атты өлеңдер жинағы 1911 жылы Петербургта басылып шықты. “Ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң маса болып ызындап оятамын” деген ойларының жалғасы әрі қарай өрісін ала береді.

4. 65-бет. **“Торғайдағы алғашқы түскен школын жастай бітірген соң”** – Осындағы орыс–қазақ училищесіне 1886 жылы түсіп, 1888 жылы бітіріп шығады.

5. 65-бет. **“Ахмет Орынбордағы учительдік школына түскен”** – Торғайдағы екі жылдық мектепті бітірісімен осында келіп түседі де, оны 1892 жылы тәмамдайды.

6. 66-бет. **“ қазақ балаларын оқытпақ ниетімен Ақтөбе уезі, Сатпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылнай школға барып оқытушы болған”** – Бұл 1892–1893 жылдарға келеді.

7. 66-бет. **“ Қостанай уезінде Әуликөл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған”** – Мұндағы айтып отырғаны 1894 жылдардың шамасы.

8. 66-бет. **“Әуликөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының уезіндегі екі сыныптық орыс – қазақ школы”** – Мұнда 1895–1896 жылдары қызмет етті.

9. 66-бет. **“ 1896 жылы Омбыда, Ақмола, Семей школарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған”** – А. Е. Алекторов өзінің әріптестері Н. И. Ильминский, Н. П. Остроумовтар сияқты миссионерлік бағытта қызмет етті. Бұлар жөніндегі мағлұматты осы басылымның бірінші томындағы “ Өліп таусылу қаупі” деп аталатын мақаланың түсініктерінен оқып білуге болады.

10. 66-бет. **“ Қарқаралыда әуелде сыныптық орыс – қазақ, школында болып, артынан городское училищенің оқытушысы болған”** – Қазақ совет энциклопедиясы (3-том, 1975, 518-бет) Қарқаралы қаласында революцияға дейін қазақ балалары оқитын үш кластық интернатты училище, төменгі дәрежелі ауыл шаруашылық және қыздардың бастауыш мектептері болды” деген деректі ғана келтіреді. Мақаладағы училище энциклопедияда айтылған 3 кластық интернатты училище болуы мүмкін.

11. 66-бет. **“ Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған”** – Өңгіме сол жылдардағы революциялық қозғалыс туралы болып отыр.

12. 67-бет. **“...кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция**



**(арыз–тілек) жіберген”** – Осы айтылып отырған арыз – тілек Ресей Министрлер кеңесінің төрағасы С. Ю. Виттенің атына жолданады. Қарқаралыда көп адам қатынасқан митингте петицияға он төрт жарым мыңдай адамның қолы қойылады, онда: жер мәселесін әділ шешу, қазақ жұртына өзін-өзі басқару құқын беру талап етілген. Мұны Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов және Ж. Ақбаевтардың ұйымдастырғаны белгілі. Соңынан ұйымдастырушылардың кім екендігі анықталып қуғын да көреді.

13. 67-бет. “**Сол жылдардың ішінде белгілі Қырық мысал жазылған**” – “Қырық мысал” 1909 жылы Петербургта басылып шықты. Мұнда Абай салған соқпақ, Абай жетілдірген аударма дәстүрін жалғастыру бар. Кітап мәні:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Әзірге қолдан келген осы барым.  
Қанағат азға деген, жоққа сабыр,  
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым.

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,  
Күн қайда үздік шығар топты жарып.  
Ат тұрмас аяғында желі болса,  
Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.

Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,  
Естілсе құлағына дүбір барып.  
Әйтпесе арық шауып ондыра ма,  
Жүргенде қамыт басып, қажып-талып, –

деп автордың замандастарына арнаған беташарынан-ақ аңғарылады. Жинақта ол бастан-аяқ орыс мысалшысы Иван Андреевич Крыловтың (1768 – 1844) шығармаларын негізге алған, бірақ, сюжетін сақтағанмен қазақ тұрмысына жақындатып еркін аударды, заман тынысын танытарлық ойларын сыйғызады.

14. 67-бет. “**Қырық мысалдың**” өлеңдерін перевод қылып” – Сөз аудару туралы.

15. 67-бет. “**...үстінен белгілі доностарын жүргізе бастаған**” – Қаралап, ғайбаттайтын шағым–арыз.

16. 68-бет. “**Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң бір жарым жылға (административтік ссылкаға) айдау ретімен Орынборға келген**” – Сөз әкімшілік жер аудару туралы болып отыр.

17. 68-бет. “**Уфадағы “Ғалияда” оқып жүрген қазақ шәкірттері** – “Ғалия” – Оқу мерзімі алты жылдық жоғары білім беретін мектеп. Мұндағы оқу төте оқу – усулжәдитке, яғни жаңа әдіске негізделген.

18. 68-бет. “Штраф төлеткен” – Айып ақша төлеткен.

19. 69-бет. “Бұрынғы оқушыларға белгілі “Тіл құралы”, “Оқу құралдары ” –

1. “Тіл құрал”. 1-бөлім. Фонетика, 2-бөлім. Морфология, 3-бөлім. Синтаксис.

2. “Тіл құрал” оқулығы. Мұнда әрбір ұғымға анықтама берілген, әртүрлі тапсырмалармен жатығу мысалдары ұсынылады.

3. “Оқу құрал”. Хрестоматия, Бұл кітапты Т. Шонановпен бірлесіп жазған.

20. 69-бет. “Жаңадан алған хабарға қарағанда, былтырдан жазып жүрген “Мәдениет тарихы” деген кітабын осы күнде бітіріпті” – Бірақ бұл еңбегі ешқайда жарияланбаған, әлі күнге дейін белгісіз.

*Т. Әкімов,  
филология ғылымының кандидаты*

## ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ

М. Әуезовтің бұл мақаласы Ташкент қаласында шығып тұрған “Жас қайрат” журналының 1924 жылғы 3-4-сандарында жарияланды. Содан кейін жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томында (“Жазушы”. 1984. 42–45-беттер) басылды. Енді елу томдық академиялық толық басылымға сол жиырма томдықтағы нұсқасы алғашқы жарияланыммен салыстырылып, ұсынылып отыр.

Бұл мақаласын М. Әуезов әдебиет тарихын, сонымен қатар ауыз әдебиетін зерттеуге шындап бет бұрған кезінде жазды. “Әдебиет тарихы” деп аталатын зерттеулерінің бірінші кітабы түгелдей дерлік халық әдебиетіне, фольклорға арналды, бұл кітап сол кездерде ашыла бастаған оқу орындарына арналған алғашқы оқулық десе де болады. Сол тұстың деңгей дәрежесімен қарайтын болсақ – жаңалығы, мазмұн салмағы, ділгірлігі жағының өзімен де соңы соқпаққа жол салған еңбек екендігін көрсетеді. Осы тұстарда қалыптасқан терминдер, ұғым–атаулар, танымдар кейінгі тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарында онша өзгеріске ұшырай қойған жоқ, халық әдебиетін сыршылдық салт өлеңдері, батырлар әңгімесі, ел поэмалары, тарихи өлеңдер, ертегілер, айтыс өлеңдері, зар заман ақындары деген тақырыптар төңірегіне топтастырып қарастырды. Шығыс Қазақстандағы Бұхтарма өңірі мен Қытай жерінде тұратын қазақтардың ауыз әдебиетін жинауға экспедиция шығару себеп болады. Өзі сол экспедицияны шығарған қоғамның мүшесі және оның орынбасары болған, соның нәтижесінде ел аузында жүрген әдебиет нұсқаларының көптеген үлгілері мен түрлерін жинастырады.

Бұдан кейінгі жылдарда мұндай жұмысқа Семей қазақ педагогикалық техникумының оқытушылар мен оқушыларын жұмылдыруға да мұрындық болды. Оның бұл әрекеттерінен үлкен зерттеушілігінің үстіне халықтық мұраға деген жанашырлығының шексіздігі көрінеді. Ал осы игі істі қалай жүзеге асыру керектігінің жобасын жасап, оны “Әдебиет ескілігін жинаушыларға” (“Қазақ

тілі”. 1925. 23 көкек) деген атпен мақала етіп те жариялайды. Онда әдебиет жайынан, тарих жайынан нелерді жазып алулары керектігі жөнінде ұсыныстары нақты-нақты көрсетіледі: бірінші – батырлар әңгімесінен “Кобыланды”, “Едіге”, “Шора батыр”, “Алпамыс”, айтыс ақындарынан Кемпірбай, Шөже тағы басқалар, ескі билердің дау, тартыс үстінде өлең, мәтел, тақпақпен ырғасқан сөздері, Есім, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Қенесары, Наурызбай, Ағыбай заманындағы батырлар жайындағы жорық өлеңдер, қыз ұзатқанда айтылатын өлеңдер, салтпен байланысты сыршылдық өлеңдер. Ақтабан шұбырынды сияқты аумалы–төкпелі заманға қатысты өлеңдер, өзен, өлке, қоныс, қалмақ, қазақ жаулығының тұсынан қалған өлеңдер, Бұхар, Шортанбай, Дулат, Жанақ сияқты ақындардың өмірбаянына қатысты мағлұматтар; екінші – әрбір рудың шежіресі, орысқа бағынбай хан билеп тұрған заманды білдіретін әңгімелер, орысқа қарағаннан кейінгі әңгімелер, қазақ жеріне келген переселендердің жер алуы, сондай кездегі қазақ пен келімсектер арасы, туралы әңгімелер 1916 жылдың жайын білдіретін әңгімелер.

Міне, бұларда Қазақстанның солтүстік шығыс аймағын мекендейтін қазақтардың әдеби, тарихи мұраларына қатысты сөз болса, “Халық әдебиеті туралы” мақаласында Қазақстанның оңтүстігіндегі қазақ-қырғыздың халықтық мұралары қамтылады. “Біздің қазақ-қырғыз халқы әдебиетінің тарихын тексерген шет жұрттың оқымыстылары қазақ-қырғыз халқы өзі тұрғылас халықтардың арасында халық әдебиетіне бай, басқалардан бұлардың болашағы гүлді, түбінде іргелі ел болады деп ой жүргізетін. Бірақ біздің халық әдебиетіне баймыз деп ауызбен айтып құр жұбанып, құр қуанғанымыз болмаса, әлі күнге халық әдебиетін жарыққа шығару туралы аса күрделі іс істеп жүргеніміз жоқ. Халық әдебиеті жиналып, жазылып қағаз бетіне түспесе, бірден-бірге ауызға тапсырылып жүргенде қайта жоғалып өшпесе, өнбейді” деген ойларымен қамқорлық, жанашырлық әрекеттерінің сыр-себептерін аша түседі. Негізінен, ол сол бір асыл көріп, жоғары бағалаған дүниелердің бояу-өрнегінен айырылмай тұрғанда жиналуын, хатқа түсуін жөн көрді де, оны шын қолдап қостаушысы, насихатшысы болды.

Бұл мақаладағы қадау-қадау көрініс берген ойлары “Әдебиет тарихында” байыпты пайымдауларымен тереңдетілді, мысалға өлең, жыр, ертегі, айтыс өлеңдері тағы басқалары сияқты жанрлық атаулар жан-жақты сараланды. Осылардың ішінде кейінгі жіктеп жүйелеулерден қалып қойған танымдық ой, тұжырымдары да болды. Бұл зерттеуінде автор батырларды екі жікке бөліп қарастырды:

батырлар әңгімесінің басын ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығарады. Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғайлы, Қырым, Қыпшақ бір жалаудың астында бір ел болып жүргенін айтады. Бірінші жіктегі ұлы батырларға туысы бөлек, орны басқа, елдің басшысы, іргесін бермейтін ұлы қамқоры, ханы болғандарды, кіші батырларға – тыныштық дәуірде өмір сүрген батырларды жатқызады. Едіге, Қобыланды сияқты батырлар бірі періден, бірі керемет иесі әулиеден, әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтудан туғандар, енді бірі пірдің батасы, тілеуімен туып, солардың қорғауымен тіршілік етеді. Кіші батырлар тобына жататындар күші мен ерлігін өз ортасы, айналасындағы араздық, жаулыққа жұмсайды, үйіші туыстың жоғын жоқтайды деп қарады. Бұл ойын зерттеуші кейінгі еңбектерінде әрі қарай жалғастырып, дамытып әкетпеді.

Бұл мақаласында жазушы халық әдебиетінің негізгі ерекшеліктеріне тоқталғанымен, басты назарды оның жиналуына, жариялануына аударады. Бұл үшін оқыған шәкірттерді пайдалану ісін тиімді деп біледі, сондағы тоқтаған тұжырымы: “...ескі әдебиетімізді жинауға жас оқырмандарымыз күш көрсетпесе, халық әдебиетімен аз жылдың ішінде ашық қоштасамыз”.

1. 71-бет. “**Әдебиетгі әдебиет тарихы бойынша тексергенде екіге бөлінеді: бірінші халық әдебиеті**”. Халық әдебиетін сол тұстағы зерттеулерінде ауызша әдебиет, ел ақындығы деп қарастырады Оны: 1. Сыршылдық салт өлеңдері; 2. Әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмасы, тарихи өлеңдер); 3. Айтыс-тақпақ; 4. Ертегі, мақал, мәтел-жұмбақ деген түрлерге бөлді. Ауызша әдебиет үлгілерінің арнаулы шығарушысы жоқ, шығарушысы жалпақ ел дейді.

2. 71-бет. “**...екінші жазба әдебиет**” – Бұл жөнінде автордың өзі: “халықтың мәдениетке аяқ басып, араларына өнер-білімінің таралған, сөздің қадірі артқан, іштерінен белгілі ақындар, шешендер шыққан шағында солардың қолымен жазып яки тасқа бастырып шығарған өлеңдері, үлгілі сөздері жазба әдебиетке жатады” дейді.

3. 4, 5, 6, 7. 71-бет “**...халықтың арасында ауыздан ауызға көшіп, бірден бірге қалып айтылып жүрген: өлең, жыр, ертең, мақал, жаңылтпаш**” –

Өлең – шағын көлемді поэзиялық шығарма, оның түрлері мен жанрлары алуан. Осындағы лирика – саяси лирика, көңіл-күй, махаббат, табиғат, философиялық, толғаныстан тұратын лирикаларға бөлініп жатады. Оның ода, элегия, сонет сияқты түрлері де бар. Қазақтың тұрмыс тіршілігінде қара өлең жиі қолданылады:

Дегенде дүниесін, дүниесін,  
Ойласаң дүниені шығады есің.  
Барында оралыңның ойна да күл,  
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.

Дүние, ойлап тұрсаң, қашқан түлкі,  
Жігіттің қайда калмас жиған мүлкі.  
Төменде жүріп көкке қол созамын,  
Болсын деп көңіл шіркін көтеріңкі.

Дүние өте шығар аққан селдей,  
Жақсының жүрген жері рулы елдей.  
Сермеп қал құлашыңды оңды-солды,  
Болмайды көрген қызық бір күнгідей, –

деген сияқты болып жалғаса береді, жалғаса береді. Той бастар, жар-жар, бет ашар, жоқтау, айтыс өлеңдері қазақ өлеңдерін ерекшелендіріп тұрады.

Жыр – қазақ поэзиясында кең тараған көне жанр, бұл сөздің төркіні ертедегі түрік тілдеріне барып тіреледі. Жырдың, мазмұны мен тақырыбы тұрмысқа, тіршілікке, заман ағымындағы оқиғаларға байланысты көбінесе суырып салу түрінде айтылады. Қазақтың халық поэзиясындағы жыр шумаққа бөлінбей шұбыртпалы еркін ұйқас түрінде болып келеді, бұлардың мағынасы кең әрі терең. Домбыраға қосып, немесе тақпақтап айтылатын өлең де жыр деп атала береді, мұнда терме, тақпақ, толғау жанрлары қамтылады. Бұл атаудың дастан сөзінің орнына қолданылатыны да бар, мазмұн, түр, жанрлық жағынан топтастырып алса батырлар жыры, тұрмыс-салт, лиро-эпос жырлары, тарихи жырлар болып бөлініп жатады. Жыр – фольклорда ғана емес, жазба әдебиетте де кездеседі.

Ертеке – ең алғашқы қоғам дәуірінде пайда болып, келе-келе мазмұны да, сюжеті де, көркемдігі де өзгеріп жетіліп, дамып отырады. Ол ауыз-екі жолмен ұрпақтан ұрпаққа ауысып, бүгінгі дәуірге жетті. Ертегілер қара сөзбен де, өлеңмен де, өсиет, мысқыл, әжуа түрінде де айтылып келді және ол хайуанаттар, тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, аңыз ертегілері болып бөлінеді.

Мақал – өмірлік құбылыстарды типтендіретін, қорытынды шығаратын, түйінді ой, түйінді пікір айтатын поэтикалық жанр. Олар ғасырлар бойы жетіліп, дамып, шымырланып отырады: “Туған жерге туын тік”, “Алтау ала болса ауыздағы кетеді”, “Ауыз – дарбаза, сөз – самал”, тағы тағылар. Кейінгі жазба әдебиетті былай қойғанда, қазақтың ауыз әдебиеті де халықтық мақалға өте бай.

Жаңылтпаш – ауыз әдебиетіндегі жанрдың бір түрі. Сөздер мен дыбыстарды қиындатып, күрделендіріп, қайталап айтады, адамды мүдірмей, тұтықпай сөйлеуге баулиды. Ол: “Қамаштан көріп қалашты, қалашқа Жарас таласты. Бөлінсін десең қалаш тең таласпа Жарас Камашпен” деген сияқты болып келеді.

8. 71 -бет. **“айырым бесік жырлары”** – Бесік жыры “Әлди, бөлпем, ақ бөпем, ақ бесікте жат, бөпем” деген сияқты нәрестені жұбатқанда айтылады. Бұл жырда ананың бүкіл тілек-армандары, перзентінің қалай болмақтығын қалайтындығы көрініс беріп жатады.

9. 71-бет. **“...діндар өлеңдер”** – Діни өлеңдер көбінесе табиғат құбылыстарына сиындан, жалбарыну арқылы мал-бастың амандығын тілеуден туындап жатты. Қазақ арасында, әсіресе, өткен ғасырда дінн хиссалар кеңінен мәлім болды.

10. 71-бет. **“...үлгілі әңгімелер”** – Бұған ертегінің көптеген үлгілері мен Аяз би, Жиренше, Асан қайғы, Алдар көсе сияқты аңыздық тұлғалар жөніндегі әңгімелер жатады.

11. 71-бет. **“...жын, шайтан, аруақтар туралы айтылған әртүрлі хикаялар”** – Бұлардың барлығы қиял-ғажайып ертегілерінде молынан көрініс беріп жатады.

12,13. 71-бет. **“...халық дәрігерлігі, олардың жері, сиқырлар, албастылар һәм басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасы халық әдебиетіне жатады”** – халық дәрігерлігінің жолдары көп, олар шөппен, тәуіпшілік, бақсы-балгерлік жолдарымен де емдеген.

14. 73-бет. –

**“Ала бием тай табар,  
Мінсем көңілім жай табар.  
Мен қалқамды сағындым,  
Сәлемімді айта бар”. –**

Бұл әдетте халық арасында жиі кездесетін өлең түрі. Мұның өзі сиреп бара жатқандығына, оның орнын:

Люблю, люблю, мамажай,  
Люблю тебе айуажай.  
Черт тебе ох, милый мой,  
Ташкен уезжай, –

деген сияқты қойыртпақтардың халық арасына сіңісіп, орын алып бара жатқанына қынжылыс білдіреді. Үлгілі билер сөзі ел арасында атаусыз қалып барады деп уайымдайды.

15, 16. 73-бет. **“Ел арасында халық әдебиетінің көмескілене бастауына екі күшті себеп: соғыс әлегі, ашаршылық апаты болды”** – “Соғыс әлегі, ашаршылық апаты” деп 1914–1918 жыл-

дар аралығындағы Бірінші дүниежүзілік және елдегі азамат соғысының ауыртпалық зардабын айтып отыр, ашаршылық осы соғыс тұстарында белең алған халықтың тұрмыс-күйін бұлардың мәдениетке, ғылым-білімге үлкен тежеу, кедергі болғанын айтып отыр.

18. 74-бет. “Ел арасынан халық әдебиетін жинау туралы бұл күнге шейін Түркістан Білім Комиссариатының біраз еңбегі болмаса” – Бұл істе ғалым-фольклорист Әубәукір Диваев (1856–1933) өлшеусіз қызмет көрсетті. Осы сияқты жекелеген адамдардың ынта-ықыласы болмаса, үкімет тарапынан жеткілікті түрде қолдау көрсетіле қоймаған еді.

19. 74-бет. “Қазақстан мәтбұғатында” – Қазақстан ағартуында деген мағынада.

20. 74-бет. “халық әдебиетін жинау туралы 20-жылы “Еңбек туында” – Бұл газет РК(б)П облыстық бюросы мен Қазақ советтері орталық атқару комитетінің органы. Қазіргі “Егеменді Қазақстанның” 1920–1921 жылдардағы атауы.

21. 74-бет. “22-жылы “Бостандық туында” – Кызылжарда, Солтүстік Қазақстан облысында 1921–1928 жылдары шығып тұрды. Жазушы осы газеттерде халық әдебиетін жинау туралы ойлардың жарияланғаның айтады.

*Т. Әкімов*



## “ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ”

*(Тарихи-әдеби сын)*

Бұл мақала 1922 жылы жазылып, Ташкентте шыққан “Шолпан” журналында (1922. № 2–3, 1923, № 4–5) “Қоңыр” деген атпен басылған. Одан кейін ұзақ жылдар жарық көрмеген, тек 1991 жылы қайта басылған “Әдебиет тарихы” кітабына қысқартылып қосылған. Жазушының шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына бірінші рет кіргізіліп отыр. Мақала тексті сол алғашқы басылыммен салыстырылып берілді. Салыстыруды жүргізген – С. Қирабаев.

Мақала, негізінен, қазіргі дәуірдегі 1917 жыл төңкерісінен кейінгі жылдардағы (С. Қ.) әдебиет дамуы, оның бағыт-бағдары туралы жазушының байқауларына құрылса да, автор алдыңғы кезекте қазақ әдебиетінің өткен мұрасы жайында сөз қозғайды. Бұл тұрғыдан ол қазақ халық әдебиетінің үлгілерін жинап, алғаш пікір айтқан орыс ғалымдарының ой-түйіндеріне толықтырулар жасайды. Ол қазақ әдебиеті тек ауызша шығып тараған, жазба әдебиеті жоқ деген пікірлерге дау айта келіп, “ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Мұның үстіне жазба әдебиетте классические произведеннелерде кездесетін үлгілі мінездер – типтер, ел ішіндегі айрықша топтардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар” – деп жазады. Бұл пікірін “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырындағы Қодар, Қарабай бейнелері арқылы дәлелдейді. Қазақ эпостары – “Қобыланды батыр”, “Ер Тарғын” жырларындағы таза қазақтың мінездерді, ұлттық ұғым-түсінікті елшілдікті бейнелейтін жолдарға, туған жерге деген ынтықтық сезімдердің суретіне назар аударады. Солар арқылы “Қазақ даласында ақындықтың тәтті сұлулығынан қой баққан қотыр тайлы тазша бала, жар басында жарты лашықтағы сақау қатынға шейін құр қалмайтынын” көрсетеді.

Жазушы “Көркем әдебиет (художественная литература)”, “Әдебиет тарихы” деген ұғымдарды айыра қарайды. Шын

мағынасындағы көркем әдебиетті Абайдан бастауға келіскенмен, жалпы әдебиет тарихы “Абайдан көп бұрын басталған” дейді. Әдебиеттің өз міндерін ұғуға ұмтылып, қазақ тұрмысының жайларын сөз өте бастауын тарихи әдебиеттің басы деп қарайды. Ол әдебиетті “көшпелі дәуірді” әдебиеті деп атап, оны қазақ тұрмысының көшпелі дәуірімен байланыстырады. Қазақ жерін бағындырып алған патша саясатының күшеюін “Қазақтың ойына уайым араластырған, көңілі жабығып, қайғы басқан, сөзінен, өлеңінен, әнінен бұрынғы билік еркелік, еркіндіктің бәрі де арыла бастаған” дәуір деп есептейді. Сондықтан көшпелі дәуір әдебиеті “мұңлы күйден құралған” дейді. Бұл дәуірдің көрнекті ақындары есебінде ол Шортанбайды, Ыбырай Алтынсаринді, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын, Нарманбетті атап, бұларды жазба әдебиеттің басы санайды.

Бұл пікірлерді кейін “Әдебиет тарихы” (1927) кітабында автордың толықтырып жазғаны белгілі.

Бұдан соң әдебиеттің өзін көркемдік биіктерге көтерілуін Абаймен байланыстырып, автор ақынның қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық үлгілерін айқын көрсетеді. Оның ақындық бетін “Здоровый реализмге” қосады.

Абай дәуірінен кейінгі қазақ әдебиеті дамуының жаңа бір кезеңін Мұхтар “Қазақ” газетімен, оның басшыларының патша отаршылдығына қарсы күресі саясатымен байланыстырады. Бұл кездегі әдебиет “бөлекше түр тауып өркендеп кете қоймағанымен”, қазақты ұйқыдан оятуға, күшін біріктіруге, қазақ ісіне көз-құлақ болуға үндегенін, ұлтшылдық сарынның күшейгенін айтады. Төңкерістің алғашқы жылдарындағы әдебиеттің де осы бағытпен жүргенін “Абай” журналы материалдарымен негіздейді.

Төңкерістен кейінгі қазіргі әдебиеттің алғашқы беталысын ол романтизмнен, әдебиетте сезімшілдік, сыршылдық дәуірдің басталуы деп қарайды. Оны дәуір ерекшеліктері тудырып отырғанын айтады. Және әдебиет келешегін де осы сарыннан, “мұң мен шердің сарыны бар” романтизмнен күтеді. Реализмнің өрістей алмай отырғанын көрсетіп, “Әр нәрсеге арнап айтылған ұсақ өлеңдерден белгілі дәуірді туғызатын ұзақ күй” шықпайды дейді. Әрине, бұл пікір өз дәуірі үшін маңызды болғанмен, ұлттық әдебиеттің келешегі реализммен байланысты болғанын кейінгі тарихи тәжірибе дәлелдегені даусыз.

Дегенмен, мақалада Мұхтардың әдебиеттің болашағына сеніммен қарайтыны байқалады, ол “жазба әдебиет бір беткейліктен арылса, жаңа арылайын деп, жаңа ғана қайтадан тараулаып, ау-

данын кеңейтейін деп отыр” деп, оның жанрлары мен ізденісінің аумақтанып келе жатқанын көрмей тұра алмаған.

1. 75-бет. **“Орыс жазушыларының”** – Бұл жерде әңгіме қазақ халық әдебиетінің үлгілерін алғаш жинап бастырған, сол жөнінде пікір айтқан орыс ғалымдары жайында болып отыр. Қазақ ауыз әдебиетінің байлығы мен алуан түрлілігі, оны айтушылардың өнері жайлы А. Левшин (“Описание киргиз-кайсацких орд и степей”. Спб. 1832), В. В. Радлов (“Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Дзюнгарской степи”. Спб. 1870. Т. 3) А. Янушкевич (“Күнделікер мен хаттар”. А., 1979), Г. Н. Потанин (“Фольклор в собрании Г. Н. Потанина”, А., 1972), тағы басқалар көп пікір қалдырған.

2. 76-бет. **“Классическое произведение”** – орыс классикалық шығармалары. Оқырман талғамынан өткен үздік туындылар.

3. 76-бет. **“Қозы Көрпеш – Баян”** – “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” деп аталатын халық жыры.

4. 76-бет. **“Отрицательная черта”** – орыс сөзі, ұнамсыз қылықтар

5. 76-бет. **“Скупой рыцарь”**. А. С. Пушкиннің “Сараң сері” атты шығармасының кейіпкері.

6. 76-бет. **“Хазірет Әли Сейтбаттал”** – Хазірет Ғали деп те аталады. Мұсылман дінін орнықтыру жолындағы күрескер. Батыр, Мұхамед пайғамбардың күйеу баласы.

7. 76-бет. “Қобыланды батыр” жырынан Қобыландының жауға аттанар алдындағы сөзінен үзінді. Дәл нұсқасы:

Қорам толы ақты кой,  
Аш бөріге тапсырдым.  
Азу тісі болаттай,  
Жас бөріге тапсырдым.

(Батырлар жыры. А., 1986. 1-т. 45-б.)

8. 77-бет. Сөз ыңғайына қарағанда, бұл үзінді “Ер Тарғын” жырынан алынған сияқты. Бірақ жырдың бізге белгілі нұсқаларында дәл осындай жолдар жоқ. Тарғынның өзін ауру күйінде далаға тастап кеткен ханға айтар сөзі. Онда:

Мен бір аңқау туған бөрімін,  
Көп екен деп саған нек сүйемен.  
Несібемді бір тәңіріден көрермін.  
...Домалатып басыңды алармын,  
Жұртына бүлік салармын, –

деген жолдармен беріледі. (Батырлар жыры. А., 1987. 3-т. 131-б.).

Бұған ұқсас жолдар Махамбеттің Баймағамбетке айтқан сөздерінде кездесетіні белгілі.

9. 77-бет. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырындағы Ай, Таңсықтың елімен қоштасып айтқан сөзінен. Дәл нұсқасы:

Тайлақтың енді аман бол, қалған елі,  
Аман бол қазық ағаш, аққан селі.  
Теруші ем еріккенде ермек етіп,  
Екпе жиде, алма ағаш көлеңкелі.

(Қозы Көрпеш – Баян сұлу. А., 1959).

10. 78-бет. **Абылай** – қазақ ханы (1711–1781). Қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат ету күресін ұйымдастырушы, үлкен әскери қолбасшы, мемлекет қайраткері.

11. 78-бет. **Керей Жәнібек** – Жәнібек Бердәулетұлы, оны Ер Жәнібек деп те атайды, қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің айтулы қаһармандарының бірі, Абылайдың қолбасшы бағыры, шешен, ақын.

12. 78-бет. **Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668–1781)** – қазақтың аса көрнекті жырауы. Абылайдың тұстасы, ақылшысы. Өлең жыраудың Абылай ауырып жатқанда айтқан сөзінен алынған. (Шығармалары. А., 1992. 377–б.).

13. 79-бет. **Сыбан Сабырбай ақын** – Сабырбай (1775–1865) – Ақтайлақ бидің баласы. Аты белгілі ақын. Сабырбайдың Қуандықпен қоштасу хатын Мұхтар “Әдебиет тарихында” келтірген. (А., 1991. 317–б.).

14. 79-бет. **“Художественная литература”** – орыс сөзі, көркем әдебиет.

15. 79-бет. “Наурызбай мен Тілеуқабак қызының айтысуы” – **“Наурызбай – Қаншайым”** атты халық жырының кейіпкерлері. Кеңесарының інісі Наурызбай батыр түнде адасып келе жатып, қой күзеткен Кіші жүз Тілеуқабак елінің қызы Қаншайымға кездесіп, айтысады. Кейін екеуі қосылады. (“Наурызбай – Қаншайым”. Тарихи жырлар. А., 1996. 3–т.).

16. 79-бет. **Біржан мен Сараның айтысы** – Біржан сал Қожағұлұлы (1834–1897) – қазақтың атақты ақын, әнші, сазгері. Айтыстың белгілі шебері. Сара Тастанбекқызы (1878–1916) – қазақтың белгілі айтыскер ақын қызы.

Біржан мен Сараның айтысы қазақ халық әдебиетіндегі өте сұлу, тапқыр айтыс үлгілерінің бірі (“Айтыс”. (үш томдық) А., 1965. 1-т.).

17. 80-бет. **Грандисон** – Ричардсонның “Чарльз Грандисон мырзаның тарихы” (1754) атты романының кейіпкері.

18. 80-бет. **Ричардсон Сэмюэл** (1689–1761) – ағылшын жазушысы. Карапайым адамдар өмірін жазған.

19. 80-бет. **Достоевский** – Федор Михайлович Достоевский (1821–1881) – ұлы орыс жазушысы.

20. 80-бет. **“Бедные люди”** – Ф. М. Достоевскийдің шығармасы. Қазақ тіліне “Бишаралар” деген атпен аударылған.

21. 80-бет. **“Эпистолярный роман”** – Хат түрінде жазылған көркем шығарма. Кейде роман, повестерде хаттарға көп орын беріледі. “Бишаралар” осындай үлгіде жазылған.

22. 80-бет. **Шортанбай** – Шортанбай Қанайұлы (1818–1881) – белгілі қазақ ақыны, зарзаман әдебиетінің көрнекті өкілі.

23. 80-бет. **Алтынсарин** – Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – қазақтың белгілі ақыны, ағартушы–демократ.

24. 80-бет. **Мәшһүр Жүсіп** – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) – қазақтың көрнекті ақыны, фольклор жинаушы.

25. 80-бет. **Нарманбет** – Нарманбет Орманбетұлы (1870–1918) – қазақтың белгілі ақыны.

26. 80-бет. **“Зар заман”** – Шортанбай шығармасының аты. Отаршылдық езгі туғызған заманның зарын жырлаған. Кейін осындай мұңлы–зарлы поэзия түгелден зар заман әдебиеті аталған. Үзінді сол шығармадан алынған (Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. А., 1993).

27. 81-бет. Нарманбеттің “Сарыарқа” деген өлеңінен үзінді. (“Жұлдыз”. 1990. № 2. 157-б.).

28. 81-бет. Сонда. 159-б.

29. 82-бет. **“Религиозный мистицизм”** – орысша, діни таратушылық деген мағынада.

30. 82-бет. **Пушкин** – Александр Сергеевич Пушкин (1799–1837). Ұлы орыс ақыны.

31. 82-бет. Лермонтов – Михаил Юрьевич Лермонтов (1814–1841). Ұлы орыс ақыны.

32. 82-бет. **Крылов** – Иван Андреевич Крылов (1769–1844) – орыстың ұлы мысалшы ақыны.

33. 83-бет. **“Здоровый реализм”** – орысша, айқын, ұғымды реализм деген мағынада.

34. 84-бет. “Қазақ газеті” – 1913–1918 жылдар аралығында Орынборда шығып тұрған қазақша газет. Шығарушысы – А. Байтұрсынов пен М. Дулатов. Газет қазақ елінің тәуелсіздігі мен отаршылдыққа наразылық идеясын көтерген.

35. 84-бет. **“1905 жылдың өзгерісін”** – сөз 1905 жылғы желтоқсандағы алғашқы орыс революциясы жайында болып отыр.

36. 85-бет. **“Романтизм”** – өмір шындығын көтере суреттейтін көркемдік әдіс. Революцияның алғашқы жылдары бірқатар қазақ ақын–жазушылары (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, т. б.) ендігі қазақ әдебиеті сезімталдыққа, сыршылдыққа құрылған романтизм жолымен дамуы керек деп ұққан.

37. 85-бет. **“Рассуждение”** – орыс сөзі, сөйлеу, ойлау, әңгімелесу, бұл жерде бос әңгіме деген мағынада.

38. 85-бет. **“Реализм”** – өмір құбылыстарын бар қалпында, нақтылық белгілерін сақтай отырып, жинақтап бейнелейтін көркемдік әдіс.

39. 86-бет. **“Трагический”** – қайғылы тип деген мағынада.

40. 86-бет. **Асан қайғы** – қазақтың жыраулық поэзиясының басы саналатын, аты аңызға айналған ақын, жырау, ел қамқоры. Туған, өлген жылдары нақты емес.

41. 86-бет. **Ақан сері** – Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913) – қазақтың ақын, әнші, сазгері.

42. 86-бет. **Чайль-Гарольд** – Байронның осы аттас поэмасының кейіпкері.

43. 86-бет. **Печорин** – М. Ю. Лермонтовтың “Біздің заманның қаһарманы” романының басты кейіпкері.

*С. Қирабаев,  
академик*

## “ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР”

*(Ел әңгімесіндегі Қобыланды – ел қиялындағы ұлы батыры)*

Алғаш рет мақала “Таң” журналының 1925 жылғы 1-(119–126 беттері) және 1926 жылғы 2-(115 – 118-беттер) сандарында жарияланды. Содан кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томында (1984 жыл, 45–54-беттер) басылды. Елу томдық академиялық басылымға алғашқы нұсқасымен салыстырылып жіберілді.

Негізінен алғанда бұл эпостық туынды қазақтағы ертеден белгілі қаһармандық жырлардың бірі. Оны көп жағдайда “Қара Қыпшақ Қобыланды” деп те атайды. Бұл жырды ерліктің эпопеясы десе де болады. Эпостың қазақ арасында он бестен астам нұсқасы бар. Марабай, Мергенбай, Біржан, Айсә, Мұрын, Нұрпейіс, Көшелек, Досжан сияқты айтушылардың қай-қайсысының айтуында болсын мазмұны, оқиға желісінде алшақтық сезілмесе де өзіндік ерекшеліктері барлығы анық байқалады. Марабай айтуындағы нұсқасын алғаш жазып алып, оны өзі құрастырған “Әдебиет хрестоматиясына” енгізген Ыбырай Алтынсарин еді. Жырдың үзінділері “Дала уалаяты”, “Туркестанские ведомости” (1889), “Тургайская газета” (1901), “Орынбор оқымысты комиссиясы еңбектерінде” (1910) жарияланды. Біржан Толымбайұлы айтуындағы нұсқасы 1914 жылы Орынбор қаласындағы “Үміт” баспасында басылып шықты. Оны жазып алған Махмұдсұлтан Тұяқбаев. Ал Марабай айтуындағы нұсқасын Ә. Диваев 1922 жылы Ташкентте, Мергенбай айтуындағысы 1943 жылы басылды. Бірақ нағыз ғылыми зерттеушілік ойды алғаш айтқан М. Әуезов.

Бұл мақаласын М. Әуезов өзінің “Әдебиет тарихы” (Қызылорда, 1927 ж. 266-бет) деп аталатын үлкен зерттеулерін жазып жүрген кезінде содан мақалаға лайықтап бастырғандығы көрінеді. Журналдағы басылымын “Қобыланды батыр” (Ел әңгімесіндегі Қобыланды– ел қиялындағы ұлы батыры) деп берген. Кітапта батырлар екі жікке бөлініп қарастырылады: біріншісіне – туысы бөлек, ел қиялындағы орыны, бағалауы жоғары ру басшысы, ел іргесін бермейтін ұлы қамқоры

Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайын, Шора батыр сияқтыларды жатқызады, бұларды Ұлы батырлар дейді; екіншісіне – Кіші батырлар деп Алпамыс батыр, Қобыланды батырларды қосады. Бұл екі жіктеуді мыналармен түсіндіреді: алғашқысындағы сындағы айырмашылық олар бір жағы пері, бір жағы керемет иесі әулиелер мен пірлердің тілеуінен, қорасанға қой айтып, әулиеге ат айтып дегендей ғайыптың себебінен туады және солардың қорғауымен, тілеуімен тіршілік етеді. Екіншісіндегі Кіші батырлар қазақтың тіршілігі тыныш, мамыражай кезіндегі дүниеге келген батырлар болады, былайша айтқанда қазақтың өзінің әдеттегі тұрмыс-тіршілігі қалпында туады, оның үстіне олардың күші өзара араздық, жаулыққа жұмсалады. Ұлы батырлар тобындағы Қобыланды ерлігіне зерттеуші ерекше мән бере қарайды. Ал мақала мен кітаптағы басылымның арасындағы айырмашылықтарға келсек, бірінде бардың екіншісінде жоқ екендігіне көз жетеді.

Әрине, кітаптағы басылым әрі толық, әрі көлемді. Мұнда: “Қобыланды батырдың қысқаша әңгімесі”, “Қобыланды” әңгімесінің мәнісі” деген бөлімдерге бөлген. Жоғарыдағы мақаланы соның екінші бөлімінен ықшамдап алып бастырған, бірақ толық емес. Сондай-ақ мақаланың бас жағындағы эпосқа негіз, арқау болған тарихи жай-жағдайларға шолу жасайтын екі беттей ой-түйіндеулері мен ноғайлы – қазақ айырыларда тартылған күй, мына өлең жолдары кітапта кездеспейді:

Жылау, жылау, жылау күй,  
Жылаған зарлы мынау күй,  
Қазақ пен Ноғай айырылды,  
Қазақ сыртқа қайырылды.  
Ноғайлының ну елі,  
Күңіренді қайғырды.  
Қара қыпшақ Қобыланды,  
Қара орнынан айырды,  
Ел қанаты қайырылды.  
Зор күн туды, зор күндер,  
Кетті күлкі мол күндер.  
Жылау менен қоштасу,  
Келер ме қайтып ол күндер.

Мақала Қобыланды өлтірген Дайырқожаның әкесі Қыдан тайшының “Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным” дегенімен байланысты айтылатын әңгімелер төңірегіне ғана құрылған секілді. Дайырқожамен кектесіп жүрген Қобыланды далада кезіккенде оны өлтіріп кетеді. Мақаладағы көп жолдар, аб-



зацтар бірдей болғанымен, кітаптағы нұсқасы әлдеқайда толықтау, көлемділеу екендігі көрінеді.

Зерттеуші Қобыландыға Әз-Жәнібек, Әбілқайыр замандарында ноғайлы-қазақ бірлігі тұсында болған деп қарайды, бұл – XV ғасырдың орта шамасына келеді. Ол ойды Шәкәрім шежіресі де растайды. М. Әуезов зерттеушілік түйіндеулерін осыларға сүйеніп өрбітеді. Қарап отырсаң Әбілқайырға Қобыланды да, Дайырқожа да қызмет еткен болып шығады.

Жырда Қобыланды соғысуға Қазан қаласына аттанады, онда Қазан деген батырын жеңіп, ат көгіне түсіріп өлтіреді. Жырдағы Қазанды қазіргі Қазан қаласына жақын жердегі Ғазан өзенінің Еділге құйылар тұсында болған еді деседі. Қазан хандығы Алтын Орда әлсірей бастаған тұста құрылғаны белгілі. Оның алғашқы ханы Махмет (1430 жыл), соңғы ханы (Иван Грозный қаланы алған кездегі) Ядгар (1552 жыл) болғандығы белгілі. Осы екі аралықта он төрт хан алмасыпты.

Елуінші жылдардағы зерттеушілер осы эпостағы Қазан қаласына жорықты туысқан халықтың жеріне жасады дегенді айтқысы келмеді ме, қызылбастың, яғни Иранның Ғазан деген қаласы еді деген байламға тоқтады. Ал жиырмасыншы жылдардағы жас зерттеушінің ізденулері таза тарихи шындыққа иек артқандықты танытады. Өзіндік ой-тұжырымдары деректерден алшақтап кетпегендікті арғы төркініне үділе түскен кісінің көзі жете түседі: “батырлар әңгімелерінің әрқайсысының ішінде тарих ауданына сиярлық шындық қайсы, тарих оқиғаларынан қалған із, сүрлеу қайсы, әрбір әңгімеде ел мінезі, ел қиялы, жалпы ұғымы қаншалық дәрежеде күшейіп, қаншалық қалыпқа шейін жететін, көрінетін жерлер аз емес” дейтіні сондықтан.

1, 2, 3, 4. 87-бет. **“Алтын Орда, Қазан хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген”** – Алтын Орда – XIII ғасырдың қыркыншы жылдарынан бастап, XV ғасырдың аяғына дейін өмір сүрді. Бұл, негізінен, Жошы ұрпақтары билеген мемлекет болды. Алтын Орданың құрамында Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Еуропаның халықтары болды. 1223 жылы Қалқа өзенінің бойында орыс князьдарын тізе бүктірген Жошының екінші ұлы Батый (1256 жылы өлді) олардың көп жерлерін басып алды (1236 – 1241). Польша, Венгрияны, Грузияны, Кавказды бағындырды. Еділ бойындағы Сарай қаласын астанасы етті. Үш жүз жылдай бүкіл дүниеге айбынды көрінген Алтын Орданың іргесі осылай қаланды.

Батыйдан кейін Алтын Ордаға Берке (1256–1266), Мөңке Темір (1266–1280), Туда Мөңке (1280–1287), Төле Бұқа (1287–1291), Тоқты (1291–1312), Өзбек (1312–1342), Жәнібек (1342–1358) тағы басқалар хан болды. Осы бір құдіретті мемлекетті билікке таласу әлсіретті.

Токтамыс, Едіге, Ақсақ Темір алауыздықтары осыған әкелді. Мемлекет XIV ғасырдың аяғында бір-біріне тәуелсіз бірнеше аймаққа бөлініп кетті. Мұның бәрі Москва мемлекетінің күш алуына себеп болды. Ақсақ Темірдің соққысы ыдыраушылықты жылдамдата түсті. Орыс тарихшысы Павловтың Ақсақ Темірге орыстар өзіндей етіп алтыннан ескерткіш орнатса аздық етеді (История Туркестана, Ташкент, 1906) дейтіні тегін емес. Одан бері Қазан пен Қырым хандығы, Астрахан, Қазақ, Өзбек хандықтары құрылды.

Қазан хандығы – Еділ, Кама бұлғарларының территориясында (1430–1552) құрылды. Оның құрамында Еділ – Кама бұлғарларынан басқа марилар мен чуаштар, удмұрттар мен мордвалар, башқұрттар болды. Мухаммед Әмин тұсында Қазан 1488 жылдан 1521 жылға дейін Ресейге тәуелді болды. Әмин III Иван қолжаулығына айналды. Оның інісі Шах Әлиді Қырым ханы Сақыгерей құлатып (1521–1524) хан болды, одан соң Сафагерей (1524–1549) тақта отырды. Ол Астрахань және Ноғай ордасымен одақтасты, олардың бұл бағытын Түркия қолдады. 1552 жылы орыс әскерлері басып алды да, кейінгі тағдыры біржола Ресейге қарап қалды.

Ноғайлы – XIV ғасырдың екінші жартысында Еділдің шығысын Үлкен ноғайлы, батысын Кіші ноғайлы биледі. Борис Годунов тұсында (1600 ж.) Ресейге бағынды. Қалмақтардың шабуылынан (1634 ж.) кейін Еділдің батысына ауды. Үлкен, Кіші ноғайлы бірге көшіп-қонып жүрді. Азов маңына, Кубан даласы мен Донның орталығына орналасты. XVIII ғасырдың ортасына шейін Қырым мен Түркияға тәуелді болды. Бухарест бітімшарты (1812 ж.) бойынша ноғайлардың көпшілігі Түркияға көшті.

Өзбек – Сұлтан Мұхаммед (1342 жылы өлген) таққа 1313 жылы отырды. Оның хандығы тұсында Алтын Орда күшейіп, мемлекет нығайды. Москва князы Юрий Даниловичке қарындасын берді де, азаттық алуға ұмтылған Тверь князы Михаил Ярославичке қарсы қойды. 1327 жылы Даниил Калитамен бірігіп, Тверь княздығын таратты, оны Москва мен Суздаль княздықтарының иелігіне бөліп берді. Ол өлгеннен кейін Алтын Орда орталық биліктен айырыла бастады.

5. 87-бет. **“Қазақ руларының бұрынғы заманда қоныстасып, оттас болған”** – “Оттас болған” деп жайылымдарының бірге, ортақ болғандығын айтады.

6. 87-бет. **“Алтын Орда бірлігінің мезгілінен Едіге батыр әңгімесін”** – Атақты билеуші, қолбасы Едігенің (1352–1419) тарихтағы орны, қызметі, іс-әрекеттері бір бөлек те, ол туралы үлкен эпостағы көрінісі, танылуы бір бөлек. Осы айырмашылықтарды “Әдебиет тарихы” деп аталатын кітабында тарағыңқырап айтты.

7, 8, 9. 87-бет. **“Қырым хандығы. Қазанның ішіне Тама, Қыпшақ кіреді”**. Қырым хандығы – Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі Қырым түбегінде пайда болған хандық. Мұнда Дәулет Хажыгерей (1468 жылы өлген), Меңдігерей (1468–1515) сияқты белгілі хандары болды. Қырым әскері 1521 жылы Москваны, 1552 жылы Туланы қоршады. Орыс-түрік соғысында (XVIII ғ.) орыстың жеңіске жетуі Қырым хандығын әлсіретті. Ол 1783 жылдан бастап Россия империясына түгел қарады. Тама – Кіші жүз ішіндегі Жетірудан тарайды. XIV–XVI ғасырларда Шора батыр бастаған Тамалар Дешті қыпшақтағы қазақ, ноғайлы ордасындағы іргелі елдің бірі болды. Қазан хандығы құрамында да белді рөл атқарғандығы көрінеді.

Қыпшақ – ірі тайпа. Қазақ құрамындағыларды алмағанның өзінде ол Еуропада куман, Ресейде половцы деген атпен белгілі болды. Үлкен рулық-тайпалық ел екендігі Махмұд Қашқари еңбектерінде де айтылады. Қыпшақтар басқа халықтар арасында да көп кездеседі, қазақ құрамындағы Орта жүзге жатады.

10. 88-бет. “Ноғайлы-қазақ бірлігін жалғыз Сайын әңгімесі емес” – Ел қорғаушы батырлардың ерлігін баян ететін жырдың бірі – “Ер Сайын”. Осы эпостық жырды В. Радлов өзінің “Түрік халықтарының ауыз әдебиет үлгісі” деген еңбегіне енгізді. Эпос 1922 жылы Ташкентте, 1926 жылы Мәскеудегі Шығыс халықтары баспасында кітап болып шықты. Оның нұсқалары Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларынан да кездеседі.

11. 88-бет. “Өзбек бірлігінің кезінен Қамбар батырдың әңгімесін алып келеді” – “Қамбар батыр” эпосында Ноғайлы дәуірінің (XV) оқиғалары суреттеледі. Қазан, Ташкент, С.-Петербург қолжазбалар қорында жырдың жиырмадан астам нұсқасы бар.

12. 89-бет. “Таң” журналының кейінгі сандарында өзгелердің жайынан да жалпы ой жүргізбекшіміз” – “Таң” Семей қаласында шығып тұрған (1925 жылдың орта кезіне дейін) әдеби журнал. Редакторы Мұхтар Әуезов. Өзінің әңгімелері, әдеби-сын мақалалары журналдың барлық сандарында жарияланды.

13. 89-бет. **“Орынбор архивная комиссиясының мағлұматында Қобыландының бейіті Илецкий Заши́тадан ауылға қарай жүретін қара жолдың үстінде Қобыланды деген бекет бар”** – Илецкий дегені Орынбор, Орал және Ақтөбе облыстарына қарасты жердегі Елек өзені, Жайық алабында. Қобыланды бейіті осы өзеннің Орынборға қарасты бөлігінің бойында.

14, 15. 89-бет. **“Әз-Жәнібек пен Әбілқайыр ханның тұстасы болады”** – Әз-Жәнібек (туған жылы да, өлген жылы да белгісіз). Барақ ханның баласы. 1456 жылы көшпелі өзбектер мемлекетінің ханы Әбілқайырмен билік үшін күресте жеңіледі. Кереймен бірігіп

Моғолстанға қоныс аударады. Есенбұға жақсы қарсы алып, Шу алабынан жер бөліп береді. Өзбек ұлысындағы талас-тартыстан қашқандар Жәнібек пен Керейге келіп паналайды, аз уақыттың ішінде өзбек үшін қауіпті күшке айналады. Осыны көрген Әбілқайыр Моғолстанға жорыққа аттанған жолда кенеттен қайтыс болады (1468). Жәнібек, Керей оның баласы Шейх Хайдарды соғыста жеңіп шығады. Орысхан ұрпақтары Моғолстанға келгендердің қол астына, өте бастайды. Жәнібек іс-әрекет, ақыл-парасатымен Әз-Жәнібек деген атқа не болды.

Әбілқайыр (1412–1468) – Жошы ұрпағы, Дәулет Шайхының баласы, Алтын Орда заманы мен Ақ Орданың ыдырауы тұсындағы хан. Көшпелі өзбектердің мемлекеттік бірлестігін (1428–1429) құрды. Оның немересі Мұхаммед Шайбани Орта Азиядағы отырықшы аймақтардың көп жеріне билік жүргізді.

16. 91-бет. **“бұның елдігін Ақсақ Темір ойрандап”** – Темірлан (1336 – 1405) қолбасшы, әмір, Барлас тайпасынан шыққан, 1370 – 1405 жылдар аралығында билік жүргізді. Ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне көп көңіл бөлді, ол салдырған ғимараттар ғажаптығымен күні бүгінге дейін көздің жауын алады. Соның бірі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмед Иасауи мазары. Ол Иран, Үндістан, Кавказдық көп жерлерін бағындырды. 1388 жылы Алтын Орда ханы Тоқтамыспен шайқаста Хорезмді тұтастай өзіне қаратып алды. Ең өкініштісі 1394–1395 жылдардағы жорығымен Алтын Орданы күйретті. 1405 жылы Отырар маңында Қытайға жорық жасау қамында жүргенде кенеттен дүние салды.

17. 91-бет. **“...соңғысы 1552 жылы Иван Грозный Қазан қаласын алған уақытта”** – Иван Грозный (1530–1584) орыс патшасы. Мемлекетті бір ортаға бағындыруға көп күш салды. 1552 жылы Қазан, 1556 жылы Астрахан хандығын қосып алды. Үлкен ноғай ордасы мен Сібір хандығын да тәуелді етті. Оның тұсында самодержавиялық билеу, крепостнойлық қанау күшейді.

18. 92-бет. **Орыс жұртының батырлар ескілігінің барлығының (Владимир Красное солнышко) айналасына жиналғаны сияқты”** – XI ғасырдағы Владимир Мономах туралы шығармаларында оның басына көп ерлік қасиеті жинақталады. Ылғи жеңістерге жеткен болып көрінеді.

19. 94-бет. **“...көтерген қиял Тайбурылды өзге малдан жат қылып, ірілетіп әкетеді”**. – Бұл жерде жат сөзі бөтен, бөгде емес, ерекше, айырықша деген мағынада қолданылып отыр.

*Т. Әкімов*

## ӘДЕБИЕТ ЕСКІЛІГІН ЖИНАУШЫЛАРҒА

Мақала алғаш рет 1925 жылдың 23 сәуірі күні “Қазақ тілі” (қазіргі “Семей таңы”) газетінде жарияланды. Содан кейін ғалым, профессор Қайым Мұхаметхановтың ұсынуымен “Семей таңы” (1970 жыл, 23 қыркүйек). “Қазақ әдебиеті” (1971 жыл, 15 қаңтар) газеттерінде жарық көрді. Осы жарияланымдар бастапқы нұсқасымен салыстырылып, елу томдық академиялық басылымға кіргізіліп отыр.

Бұл мақаланы жазған кезде Мұхтар Әуезов Семейдегі қазақтың педагогикалық техникумында әдебиет пәнінің оқытушысы болып жүрді және “Таң” журналын шығарушылардың бірі ретінде қызмет істеді. Осы кезде ол көркем шығармалар, мақалалар жазумен бірге журнал, газеттерде халықтың ауыз әдебиеті мұраларын жариялаумен, зерттеу ісімен де айналысады. “Қобыланды батыр” жыры жөніндегі зерттеу мақаласы да осы “Таң” журналында жарияланды.

М. Әуезов Семей губерниялық оқу бөлімінің жанындағы ғылыми-әдістемелік кеңестің мүшесі болған. Содан ба осы кеңестің әдеби мұраларды жинауға арналған жиынын өткізіп, өзі баяндама жасайды. Мақала – жиналыстағы нұсқау бекітілгеннен кейін сегіз күн өткенде “Қазақ тілінде” (1925, 23 сәуір, № 40 (571) жарық көрді. Материалға “Семей техникумы” деп қол қойылған. Оның авторын анықтау үшін Қайым Мұхаметханов архив құжаттарын іздеп жүріп, сол жиналыстың мына төмендегі протоколына кезігеді:

### “ПРОТОКОЛ № 21

### ЗАСЕДАНИЕ МЕТОДИЧЕСКОГО СОВЕТА

15 апреля 1925 г.

П р и с у т с т в у ю т : Шахматов Ф. И., Шнырев Ф. Д., Сытдыков, Иванов С. Т., Моргайлик, Ауэзов, Сироткин, Розенталь, Лаванов, инспектура губОНО: Слесарев, Кидирбаев, Турганбаев.

Начало заседания 6,5 – закрытие 9 ч.

В о п р о с ы :

...Доклад члена методического совета Ауэзова об использовании сил учащихя Кирпедтехникума за летний сезон для сбора материалов по фольклору, по истории киргизского народа.

Тов. Ауэзов возлагает большие надежды, что силами учащихя можно проделать такую работу, какую могли бы выполнить несколько специально снаряженных экспедиций (план заданий с пояснениями прилагается).

Инструкции, даваемые слушателям техникума, утвердить. По части обследования социально-экономической жизни края дополнить их отражением революционного периода в народной поэзии и отметить влияние революции на верования и быт казахского народа. (*Ф. 415, оп. 1, д. 148, се. 13*).

Ғалым мақаланың авторы М. Әуезов екенін осы протоколмен бірге өзінің мынадай дәлелді ойларын да айтады: “Мақаланың ішінде келтірілген мысал-деректердің өзі-ақ мақала авторы Мұхтар Әуезов екенін дәлелдеп бере алады. Бір ғана мысал келтірейік. Мақалада: “Мол денелі алып бақташы, бұрынғы жағалай шабыс заманындағы Қобыланды, Тарғыннан кем бағаланбайды”, – дей келіп: “Қодарға келгенде сол сияқты қиял қылған қара шаруанын қайраткерін еңбегіне сүйсіне жырлап:

Күнімен құдық аршып түске шейін  
Сондай құдық қазады беске шейін.  
Кейінің өз суы бар, кейінде жоқ,  
Меспен тасып толтырып кешке шейін, –

деп жазған еңбегін айтып өтіп, қысқа келгенде тағы бір қырға мініп кететін Қодарды:

Жылқыға тіпті жайлы Қодар маман,  
Сырт дұшпан бата алмайды ол бір қабан.  
Қодекең шүйгітеді қайдағы отқа,  
Жылқысы семіз шықты есен-аман, –

дейді.

Бұл мысалды автор “Қозы Көрпеш – Баян” жырының Бейсенбай ақын Жәнібеков (1858–1918) жырлайтын нұсқасынан алған. Жырдың бұл нұсқасын Мұхтар Әуезов ертеректе, жасы жиырмаға келген кезде өз жерлесінің аузынан жазып алып, тек 1936 жылы жеке кітап етіп бастырған”, – дейді. Және мақала авторы М. Әуезов екенін Қ. Мұхаметханов Бейсембай жырлаған “Қозы Көрпеш – Баян сұлудан” одан басқа ешкім мысал келтіре алмайды деген ойтұжырымдарымен дәлелдейді.

М. Әуезов бұл мақаласы арқылы қазақ әдебиеті мен тарихы, жалпы қоғам үшін үлкен игілікті іске себепші, мұрындық болғандығын таны-

тады. Ол өткендегі халық мұраларының беті айқындалмай, келешегінің жолы ашылмайтынын ұғындырады. Онын айтуынша: “Әдебиетті сүйетін қазақ оқушысына ой, сезім азығын беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптанып, нығайып, өзіне біткен көркі мен күшін жинау үшін керек”. Ескілікті жандандырып көпшілікке, оқушысына жеткізудің пайдасы үлкен, мектеп үшін тіпті пайдалы, нағыз ұлттық мектеп екі негізгі нәрсеге тіреледі: біріншісі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы деп біледі. Осыларды екшеп, түйіндей келіп автор атқарылар істің жоба-жоспарын ұсынады, соларды екі салаға бөліп, нелердің қамтылып, нелерге назарды аударулары керектігі қақты-нақты атап көрсетіледі. Екі саланың біріншісі – әдебиет жайын, екіншісі – тарих жайын жинаушыларға арналған.

Енді түсініктемені керек ететін сөздер мен атаулар, тіркестер:

1. 95-бет. **“Біздің де артымызда ой тербететін ертегіміз бар, мифіміз бар”** – Миф – құдай туралы, батырлар туралы ескі заман халықтарындағы аңыздар, қиял ертегілері.

2. 95-бет. **“Алдымызда зор сеніммен күткен келешегіміз бар, магиямыз бар”**. – Магия – белгілі әрекетке немесе сөзге кереметтей қасиет, күш берушіні айтады. Бұл да діннің алғашқы формасы.

3. 96-бет. **“Қазірде қазақ мектебінде тіл әңгімесі бірінші сатыдағы істі істен келеді”**. – М. Әуезов жалпы тілге қатысты ойлары мен ұсыныстарын алғашқы мақалалары “Ғылым тілі”, “Оқу ісі” тағы басқаларда көтерген. Оны дамытудың жетілдірудің жолдары “өзін үнемі толғандыратындығы, өзге жұрттар жетістігі ойландыратындығымен көрінеді.

4, 5. 96-бет. **“Орыс академигі А. Н. Веселовский: “Қай жұрттың ескілігін алсақ та әдебиет ауданы көпке бірдей кең алқап, оған неше тарау өнердің неше алуан адамдары бір соқпай кете алмайды. Сол көп мергеннің бәрінің де іздеген керегі әдебиеттен аз-көп болса да табылып отырады”**. – Веселовский А. Н. (1838–1906) орыс филологі, әдебиет тарихын зерттеуші, Петербург университетінің процессоры, академик, фольклорист. Еңбектерінің бірінде қазақтың “Ежігелді” деген ертегісін пайдаланғаны бар.

6. 96-бет. **“Құлдық дәуірінде болған елдің салт-санасы қандай түрде болғандығы туралы бірталай мағлұматты Гомер өлеңдері беріп отырғаны көпке мәлім”** – Ежелгі дәуірдің эпик ақыны Гомер (б. з. б. XII–VIII ғ.) “Илиада”, “Одиссея” атты жырлардың авторы. Бұл жырларды Шоқан Уәлиханов “Манас” эпосымен салыстырады.

7, 8. 96-бет. **“Ерекше біткен ұлы денелі қол батыры, жан батыры болған геройы мен героинялары бар”**. – Геройы, героинялары деп қаһарман ер мен әйелдерді айтып отыр.

9. 96-бет. **“Бақташылық кәсібінің дәл өзінен туған шаруа геройы Қодар”** – “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының белгілі кейіпкері. Ол Баянның әкесі Қарабайдың айтқанын екі етпейді, қызғаныштан Қозыны өлтіреді.

10, 11. 96-бет. **“Мол денелі алып бақташы бұрынғы шабыс заманындағы Қобыланды, Тарғыннан кем бағаланбайды”** – Қобыланды – белгілі “Қобыланды батыр”, Тарғын – “Ер Тарғын” жырының қаһармандары.

12. 97-бет.

**“Таңертең шапса кешке озған,**

**Ылдидан шапса төске озған,**

**Томаға көзді қасқа азбан”.** – Бұл

“Қобыланды батыр” жырының ат шабысын беретін суреттемелерінің бірі және осы арқылы батыр бітімі де танылады.

13, 14. 97-бет. **“Меспен тасып толтырар кешке шейін”, “Қодекен шүйгітеді қайдағы отқа, жылқысы семіз шықты есен-аман”.** – Жырда Қодар жағымсыз бейне ретінде сипатталғанымен, оның соншалықты еңбекқорлығы, шаруаға мығым қалпы көрінеді.

15. 97-бет. **“қазақтың жоғалып, ұмытылып, тозып бара жатқан сұлу өнерін”** – Автор бұл жерде ел аузындағы мол мұраны айтып отыр. Жазылып қалмаса, аздан кейін жоғалып, ұмытылып кетуі мүмкіндігіне алаңдаушылық білдіреді.

16. 97-бет. **“Сондықтан биыл жаз Семейдің техникумынан”.** – Бұл айтып отырғаны өзі сабақ берген педагогикалық техникум. Мақаласын да осы техникумның оқушылары мен оқытушылары атынан “Семей техникумы” деп, қол қойып бастырады.

17, 18, 19, 20, 21. 98-бет. **“Бұлардың ішінде әсіресе қалдырмайтындар: “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қобыланды”, “Едіге”, “Шора”, “Алпамыс” сияқтылар”** – “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” – Шамамен XIII–XIV ғасырларда пайда болған деген болжам айтылады, жырдағы адамдар тарихта болған дегенге тіреледі, өйткені Аягөздің маңайындағы зират Қозы мен Баянның зираты делінеді. Осы жырды орыс зерттеушілері И. Н. Березин (1818–1896), И. Н. Ильминский, В. В. Радлов (1837 – 1918) тағы басқалар жоғары бағалайды. Семей өңірінде бұл жырдың Жанак айтуындағы нұсқасын Абайдың айтуымен Бейсембай акын қайта өңдеп жырлайды. Шоқан да жырды Жанактың өзінен жазып алады. Орыс ақыны Г. А. Тввертин (1889–1921) орыс тіліне аударып бастырған.

“Қобыланды батыр” – қазақтың көне қаһармандық жырлардың бірі. Өз құрылымы, өз өзгешелігі бар жырдың Марабай, Мергенбай, Біржан, тағы басқалардың айтуындағы нұсқалары белгілі. Ол кезінде Орынбордағы “Үміт” атты баспаханадан 1914 жылы жеке кітап болып



басылып шықты. В. Радлов қарасөзбен шағын түрін орыс тілінде жариялады.

“Едіге” – Осы жырдың бас қаһарманы Едіге Маңғыт (Маңғытай) әулетінен шыққан Ақ Орданың әмірі Құтлы-Қабаның баласы. Едіге 1396–1411 жылдар аралығында Алтын Орда құрамына енген аймақтарды биледі. Алтын Орда әскерінің қолбасшысы болды. 1410–1412 жылдардағы аласапыран кезінде биліктен айырылып, үкімет басына Тоқтамыстың балалары келді. Заманында ол Руське шабуыл жасаған, Литва князы Витовтың әскерін талқандаған. Ол туралы жыр халық арасында кеңінен белгілі.

“Шора” – Нәрікұлы Шора тарихтағы белгілі адамдардың бірі. Тама руынан, Қазан қаласында тұрған. Қазақ әңгімелерінде ол ұлы батырлардың соңы деп есептелінеді. Карамзиннің тарихында Қазан хандығының белгілі адамдарының бірі ретінде оның аты аталады.

“Алпамыс” – Батырлар жырының ежелден сақталып келе жатқан көркем де, күрделі үлгісінің бірі “Алпамыс” мазмұны жағынан Гомердің “Одиссеясына” деңгейлес. Бұл жыр түркі халықтарының (өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт) көбінде бар, “Қисса-и-Алфамыш” тұңғыш рет 1899 жылы Қазанда басылып шықты. Жыр жөнінде көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізді. Қазақтағы және өзге халықтардағы нұсқаларын салыстырып үлкен еңбек жазған академик В. М. Жирмунский (1891 – 1971).

22, 23. 98-бет. **“Айтысқан өлеңнің, мысалы. Кемпірбай мен Шөже”** – Кемпірбай – Кемпірбай Бөгембайұлы (1834–1895) белгілі айтыскер ақын. Оның Шөжемен, Тезекбаймен, Әсет, Жәмшібай тағы басқалармен айтысқаны ел жадында сақталып қалған. Оның айтыстары алғаш “Таң” журналында, одан кейін С. Сейфуллин құрастырған “Ескі әдебиет нұсқаларында жарық көрді.

Шөже Қаржаубайұлы да (1808–1895) XIX ғасырдағы ең ірі айтыскер ақындардың бірі, “Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ”, – деп дес бермес қуаты барлығын меңзейді. “Қозы Көрпеш – Баянның” ең көркем нұсқасы осы Шөженің айтуымен де белгілі болды.

24. 98-бет. **“Мысалы Ақтайлақ бидің сөзі”** – Ақтайлақ XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың биі, ақыны. Әсіресе шешендігімен аты шыққан. Інісі Түбек те айтулы ақын болған. Оның Солтабаймен, Бопы төремен, Тіленші бимен, Балпықпен, Қанаймен қақтығыстары белгілі. М. Әуезов оның сөздерін “Таң” журналының 1925 жылғы 2-санында жариялады.

26. 98-бет. **“Сабырбайдың Солтабайға айтқан сөздері”** – Сабырбай Ақтайлақұлы (1775–1865) белгілі ақын. Тасыбаймен айтысында:

Ақтайлақтың баласы Сабыр ермін,  
Бәйгеден күнде келген қарагермін.

Қанай төбет елімді екі шапты  
Бәлем, арғын, етінді тірі жермін, –  
деген сөзі бар. Ал Солтабайға мына төмендегі сөздерді айтқан:

Алдияр, біздің ауыл Берікқарада  
Белге соққан жыландай екі арада.  
Тобықты күнде тиіп жылқы алады  
Иесіз иен елде ерік бола ма?  
Шұбарым, арғымағым, арыстаным,  
Сөзге бай ауыздыққа алысқаным  
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,  
Болаттың суын тапқан данышпаным.  
Шұбарым, арғымағым, кермаралым,  
Өз заңынша полковник, жандаралым,  
Кәпір қаулан болғанда мұсылман аз,  
Қайрандап Қазығұрттай жан қаларым.  
Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,  
Арқауылдың жоңындай күн шалғаным,  
Асусыз тау, өткелсіз су келгенде,  
Құйқылжып құларындай жол салғаным.  
Арғын, найман арасы болды бүлік,  
Шұбарым, арғымағым, сары жілік  
Ежел тышқан қыстайды Құндыздыны  
Иен тұр бабан қонған қызыл шілік.  
Солтеке, сеніменен қай төре тең  
Төрени – ақыл, қараны – қайратпен жең,  
Жалды жылқы, құйрықты қой жемеген,  
Хан ием-ай, сол мінезің Жайықтан кең.  
Солтекем бесбайыстың карағындай  
Әлібек, Айтақ қыстайды қара құмды-ай,  
Қолына отты шала ұстап туған  
Жат бауыр қыла көрме Барағымды-ай!..

Осы Солтабай төреге әкесі Ақтайлақ бидің де:

Әуелі бағыра ашылса  
Аққу шомар көлдерге,  
Туысқаны кімнің көп болса  
Үлкен медеу белдерге.  
Қырық кез торғын жатыр ғой  
Ақ сандықтың түбінде.  
Бәрін айт та, бірін айт

Солтанжан-ау, сар қасқа ат тұр ғой белдеуде, –

дегендей сөздері бар. Сабырбайдың қызы Қуандық та, Қуандықтың ұлы Төлеу Көбдікөвтер де есімдерін ел таныған ақындар болды.

27, 28. 98-бет. **“Есім, Абылай сияқты көпке белгілі хандар жайындағы тарихи өлеңдер”**. – Есім – туған жылы белгісіз, 1645 жылдар шамасында дүниеден өтті. Ол туралы “Еңсегей бойлы Ер Есім”, “Есім салған ескі жол” деген сөздер қалды. Тәуекел хан өлгеннен кейін 1698 жылы таққа отырды, ордасы Түркістан қаласында болды. Шығыс Түркістандағы Құшар қаласына жорық жасады, қазақ-қырғыз ынтымағын орнатты. Самарханға дейінгі жерлерді басып алды. Содан бастап Ташкент қаласы мен оның атырабы екі жүз жыл бойы қазақ хандығының билігінде болды.

Абылай (1711 – 1781) – қазақтың ең даңқты хандарының бірі. Ол Әбілмәмбет хан өлгеннен кейін 1771 жылы хан болды. Ресей. Қытай, Бұхар, Жоңғар, Хиуамен қызу қарым-қатынас жасап, Жоңғар хандығы мен Манчжур-қытай империясына қарсы күресте үш жүздің басын біріктіре білді. Орыс мемлекеті мен Қытай арасында алма-кезек дипломатиялық саясат жүргізіп, ептілігімен халық тарихында прогрестік рөл атқарды. Сондықтан болу керек Есім туралы да, Абылай туралы да халық көп жыр-дастандар туғызды.

29, 30, 31. 98-бет. **“Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбай сияқты”** – Қабанбай – XVIII ғасырдағы қазақтың белгілі батыры, найманның Қаракерей руынан шыққан, сондықтан да Қаракерей Қабанбай дейді. Ол Дарабоз деген атқа да ие болған. Бұл кісі жөнінде көптеген жырлармен қатар “Ер Қабанбай” деген дастан да бар.

Бөгенбай (1690 – 1775) – Абылай заманының атақты қолбасшысы, “қанжығалы қарт Бөгенбай” деген атпен белгілі адам. Ол Олжабай, Қабанбай, Малайсары сияқты батырлармен талай-талай жорықтарда бірге болып, жеңіп шыққан. Оның Тұраналы, Тұрымбет деген екі ұлы болды, Тұраналыдан Бапан, одан Сакқұлақ би туды. Бөгенбайды әулие жырау Бұқардын өзі жырға қосқан.

Ағыбай (1800 – 1884) – Арғынның Шұбыртпалы руынан шыққан атақты батыр. Көрегендігі, жолы болғыштығының арқасында “ақжолтай” деген атқа ие болды. Ол Кенесары қолбасшыларының бірі еді.

32, 33. 98-бет. **“Мысалы, Наурызбай мен Тілеуқабақ қыздарының әңгімесі”** – Наурызбай (1822 – 1847) – Кенесарының батыр інісі. Батырлығының үстіне оның өнерлілігі, әншілігі болған. Бұл жерде оның Тілеуқабақ қызымен айтысы туралы сөз болып отыр.

34. 99-бет. **“Өзен, өлке, қоныс, мола, көл мен таулар атымен жалғасатын ертегіше әңгімелер, (легендалар)”** – Қазақта жермен, елмен, өзен-су, тау-таспен қоштасатын, еске алатын өлеңдер көп. Ал

ертегілерде көлжұтарлар мен таусоғарлар жиі кездеседі. Автор мұнда осылар жөніндегі аңыз-әңгімелерді де жинауды айтады.

35. 99-бет. **“Қызкөргеннің баяны (воспоминание)**. – Аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда өткенді, ел, жер, жеке адамдар туралы еске алатын тұстар жиі кездеседі.

36. 37, 38, 39, 40. 99-бет. **“Қазақтың Бұқар жырау, Шеже, Шортанбай, Жанак, Кемпірбай сияқты ақындары”**. – Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668–1781) – Арғынның ішіндегі Қаржастан шыққан ұлы жырау. Тәуке, Әбілмәмбет, Абылай хандар оның көз алдында өтті. Солардың ақылшысы болды. Жырау десе алдымен осы Бұқардың есімі ауызға түседі, оның толғаулары елдікке, бірлікке, ынтымаққа, тұтастыққа шақырған.

Шөже Қаржаубайұлы 23 түсінікті қараңыз.

Шортанбай Қанайұлы (1818 – 1881) – әрі жазып, әрі суырып салып айтатын белгілі ақын. Әдебиетімізде ол “Зарзаман” дастанымен белгілі.

Жанак Сағындықұлы (1770 – 1856) – айтыс ақыны. Кезінде Шоқан “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын осы Жанақтан жазып алған. Халық арасында ол он алты ақынды бір айтыста жеңіп шыққан деген сөз бар.

Кемпірбай Бөгембайұлы (1834–1895) – айтыс ақыны. Ол Шөже, Өсет, Жәмшібай тағы басқа ақындармен сайысқа түскен сөз дүлдүлдерінің бірі. Оның айтыстары алғаш “Таң” журналында, одан кейін С. Сейфуллин құрастырған “Ескі әдебиет нұсқаларында” жарық көрді.

41, 42, 43, 44. 99-бет. **“ертегі адамынша айтылатын Асанқайғы, Жиренше, Алдар көсе, Қорқыт”**. – Асанқайғы XV ғасырда өмір сүрген қазақ ақыны, ойшылы, аңыз кейіпкері. Оның есімі кейінгілерге “Жерұйықты” іздеуімен, ойлы сөздерімен қалды. Асан атына үнемі ел болашағын ойлап мұңға батып жүретіндіктен “қайғы” қосылып айтылатын болған. Тарих деректері оны Ұлы Мұхаммед ханның ықпалды билерінің бірі болған деседі, кейін Керей, Жәнібек хандардың төңірегінде жүрген. Шоқан Уәлиханов Асанқайғыны “көшпенді ноғай-қазақ ұлысының философы” дейді.

Жиренше шешен – қазақ ауыз әдебиетінің белгілі кейіпкері, ақыл, парасат, тапқырлықтың символы. Оның Әз-Жәнібек ханның тұсында өмір сүргендігі айтылады, бірақ бұл сөздік тарихилығын анықтап нақтылай түсетін деректер жоқ.

Алдар көсе – қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері. Айлакер, қу, сөзде де, істе де, ойда да тапқыр жан. Оның мақсаты – пасық байларды, қара ниет ханды, саудагерді, шайтанды алдау, сол арқылы елдің оларға кеткен есесін алып беру.

Қорқыт – даналығымен, күйшілігімен белгілі баба. Оны Қойлыбай, Нысан Абыз сияқты көптеген бақсылар пір тұтқан. “Жыраудың үлкен

пірі Қорқыт ата, бата алған барлық бақсы асқан ата”, – деген сөз содан қалған. Оның шыққан тегі Оғыз тайпасынан екендігі айтылады.

45, 46. 99-бет. **“Ескі атақты билер жайынан да жиналуға керек. Ол Төле, Шоң, Торайғыр, Қазыбек, Ақтайлақ сияқтылар болады”**, – Төле би Әлібекұлы (1663–1756)– Ұлы жүздің төбе биі, “Жеті жарғы” заңын шығарушылардың бірі. Дулаттың Жаныс руынан шыққан тұлға. Ол – Тәуке, Абылай тұсында ел бірлігі, тұтастығы үшін қызмет еткен жан.

Шоң, Торайғыр – “Абай жолында”: “Шоң, Торайғыр деген екеуі бірдей суырылған шешен. Сүйіндік ішінен шыққан қос өркештей адамдар болған. Олар айтты деген нақыл-тақпақ иісі Орта жүзге мәлім”, – деген жолдар кездеседі. Осының өзінен-ақ елге олардың кім екендігі белгілі болғандай.

47. 100-бет. **“Қарқаралыдағы қазақ техникумы”**. – Деректерде сол тұста Қарқаралыда 3 мектеп, 1 училище болғандығы кездеседі” Автордың техникум деп отырғаны мүмкін осы училище шығар...

*Т. Әкімов*

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ, ПОЭТИКАСЫ

Мұхтар Әуезов алғашқы шығармаларының көбін әңгіме түрінде жазды. Көркем прозаның осы шағын түріне жас жазушының айрықша көңіл аударуы, әрине, тегін емес. Әңгіме жанры көлемі шағын болса да, мағыналық сыйымдылығымен жазушының өз идеялық және эстетикалық бағыт-бағдарын айқындауға, өзіндік стиль қалыптастырып, суреткерлік шеберлігін жетілдіруге бірден-бір қолайлы еді. Әңгіме – көркем прозаның ең ықшамды түрі, бірақ жеңіл түрі емес. Оның қиындығы да сол ықшамдылығында, аз сөзге көп, терең мағына сыйғызып, негізінен, бір оқиғаны баяндау арқылы мол өмір шындығын ашып беру қажеттігінде.

Әңгімеде кейіпкерлердік көп болмайтыны, негізгі геройлар екеу-үшеуден аспайтыны да олардың мінез-құлқын, характерін солардың бірнеше нақтылы, бас-аяғы жинақы іс-әрекеттері арқылы ашып беруге үлкен суреткерлік шеберлік қажет екенін аңғартады. Әңгіме көркем прозаның жазба әдебиетінде қалыптасқан түрі, ауыз әдебиетіндегі әңгімелеп айту үлгілерімен тамырлас-жалғастығы болса да, мүлде жаңа, соны жанр. Басты ерекшелігі – қалыптасқан дәстүрлі баяндау тәсілдерінің шеңберінде қалмайтын еркіндігі, творчестволық ізденістерге жол беретіні, әңгіме жанрында тақырып таңдау, өмір шындығын әр жағынан қамту мүмкіндігі шексіз десек, оқиға желісін еркін өрістету, шығарманың композициялық құрылысын неғұрлым ұғымды, ширақ етіп келтіру мүмкіндіктері де мол. Әңгіме жанрының ерекшелігі жағынан сан алуан түрлері болады да, мұның өзі әрқилы суреттеу тәсілдерін қолдануға да жағдай туғызады.

Мұхтар Әуезовтің әңгімелерінен осы жанрды бірден жақсы игергенін, оның өмір шындығын жан-жақты, терең бейнелеу мүмкіндіктерін толық пайдалана білгенін анық байқаймыз. Алғашқы әңгімесі “Қорғансыздың күнін” алсақ, соның өзінен оқырманға естен кетпейтін әсер қалдыра алатын жас жазушының көркемдік шеберлігін көре аламыз.

Ал онан кейінгі жылдарда жазылған “Оқыған азамат”, “Қыр суреттері”, “Қыр әңгімелері”, “Үйлену”, “Сөніп-жану”, “Кім кінәлі?”,

“Ескілік көлеңкесінде”, “Жетім”, “Кінәмшіл бойжеткен”, “Қаралы сұлу” секілді әңгімелердің қай-қайсысынан да жазушының ауыл өмірін, елдің тұрмыс-жайын, әдет-ғұрпын жетік білетіні айқын танылады. Әсіресе Мұхтар Әуезовтің осы кездің өзінде-ақ барған сайын суреткерлік, баяндаушылық шеберлігі арта түсіп, сан түрлі адамдардың мінез-ерекшелігін, психологиясын, ойлау-сөйлеу мәнерін тап басып тани білетін көрегендігі мен сезімталдығы назар аудартады. Сол замандағы қоғамдық өмірде орын алған алуан түрлі мәселелерді – ауыл адамдарының өмір-тұрмысы, күн көрісі, үйлену, семья құру және құдаласу, күйеу келуі, қыз көру сияқты ескі әдет-ғұрыптар, оқыған жігіттердің мінезі, іс-әрекеттері – осының бәрі адамгершілік идеялары – әйелдің бас бостандығы, әділеттілікті жақтау тұрғысынан ашып көрсетіледі. Аталған әңгімелерінде жас жазушының панасыз, қорғансыз адамдардың жанашыры болуға ұмтылып, қайғы-қасіретке душар болған жетім-жесірлердің ауыр халын тебірене бейнелеуінен оның творчествосындағы гуманистік сипаттың пафосы сол кездік өзінде аса күшті болғаны анық байқалады. “Қорғансыздың күнінде” жаны таза, пәк сезімді жас қызға жасалған зорлықтың, қорлаудың жантүршігерлік айуандық екенін қандай әсерлі бейнелесе, басқа бірталай әңгімелерінде де адал, ар-ұяты бар, бірақ қолы қысқа, жоқшылықты, өмір ауыртпалығын көп көрген адамдарды аяныш сезімімен бейнелеп, әділетсіздікті, озбырлықты, дүннеқоңыздықты, пасықтықты жеріне жеткізе әшкерелейді. Осыларды айта отырып, Мұхтар Әуезов әңгімелерінің басты ерекшелігі қандай десек, алдымен айналадағы өмір құбылыстарын бейнелеудегі шыншылдық, реалистік суреттеу әдісін шебер қолдана білетіндігі дер едік. Әңгімелерде баяндалатын оқиғалардың, бейнеленетін кейіпкерлердің бәрі өмірден алынған, сол ортада болатын оқиғалар, іс-әрекеттерді бейнелейтін типтік мінез, типтік характерлер. Әрине, кейбір жайлар әсірелеп көрсетілген. Бірақ, тіпті айналадағы табиғат көріністері – даланың қысы, желі, бораны, айлы түні, тау-тасы – бәрі нақтылы, дәл, анық бейнеленген. Және олар құр жай ғана сурет, адамдар өмір сүретін орта ғана емес, әңгімедегі кейіпкердің көңіл-күйі, қайғысымен үндес келетін, кейде оның тағдырымен ажырамас бірлікте көрінетін дүние болмыстың нақтылы ақиқат белгілері. Поэтика тұрғысынан қарасақ, табиғат суреті көркемдік символ бейне де бола алады, ол қуаныш сезімін де, не қауіп-қатерден қорқыныш сезімін де күшейте алады. Сөз жоқ, жазушының оқиға желісін суреттеуінен күтпеген, оқыс жай-жағдайға тап болып, таңырқағандай әсер алу да кездесе, ол оқырманның сол жағдайды, іс-әрекетті қалай қабылдайтынына да байланысты.

Айталық жас Ғазизаның қорлыққа шыдай алмай, әкесінен, бауырынан айырған аяусыз ажалдың зардабына қоса, сорына кез болған нәпсікөр тажалдың зорлық қылғанына төзе алмай өзін өлімге қиғаны кейбір оқырманға тосын жағдай болып көрінсе, ол оқиғаның мұндай трагедиялық аяқталуын әркім әртүрлі қабылдайтындықтан да болуы мүмкін. Немесе, алты жыл бойы қайғылы болған Қарагөздің төзімі таусылған кезінде басқа емес, өзіне тең келмейтін қойшыны аяқастынан, кенет бауырына тартуы да шығармадағы оқыс шешім болып көрінуі мүмкін. Бірақ алдыңғы жағдай да, бұл да кейіпкердің көңіл күйі, психологиясы жағынан қисынды, әбден дәлелді көрсетілген. Ал оқырманның көңіліне сыймағандай болса, соларды сондайға қимағаннан, яғни оқырманның психологиясына көбірек байланысты дейміз.

Бұл орайда жазушының өмір құбылыстарын, кейіпкерлердің әрекетін бейнелеу ерекшелігін ескеру қажет секілді. Мұхтар Әуезовтің көркемдік стиліне оқиғаны асықпай, байсалды түрде баяндау тән. Оның оқиғаны баяндауында кейде суреттеп көрсету жағы басым да, ал автордың атынан кейіпкердің жай-күйін түсіндіру жағы азырақ болатын кездері де бар. Мұны оқырманға әсері күштірек болады. Оның өзі тебірене сезініп, ойлап, өзінше түсінуіне мүмкіндік туады. Бірақ Мұхтар Әуезов оқиғаны баяндай отырып, әртүрлі жай-жағдайларға, кейіпкерлердің әр қадамының дәлелді болуын құнттап, түсінік беретін тұстары да аз емес. Оқиғаны асықпай баяндаған кезде бұл тәсілді көбірек қолданады. Әсіресе көлемді көркем шығармада (романда) оқиғаларды кейіпкерлердің іс-әрекетін бір арнаға түсіру үшін мұндай авторлық түсінік беру тәсілі жиі қолданылады. Ал Мұхтар Әуезовтің әңгімелері туралы айтсақ, жазушы оқиғаны өмірде болған қалпында баяндағандай етіп көрсетуі жағынан Антон Чеховқа ұқсаса, автордың өзі араласып болған жай-жағдайды түсіндіруге бейімділігі жағынан Лев Толстойға көбірек ұқсайтын сияқты. Әрине, жазушының оқиғаны өз атынан баяндауы бар да, кейде басқа айтушының, айтушы кейпіндегі персонаждың атынан баяндауы бар. Мысалы, “Қыр суреттері” деп аталатын бірнеше әңгіме жазушының баяндап суреттеуі арқылы берілсе, сондықтан оларда табиғат көріністері, кейіпкерлердік хал-жағдайын, көңіл күйін көрсету де мейлінше нақтылы, көрнекті болса, “Қыр әңгімелері” деген топқа жататын екі әңгіме автордың өзі емес, айтушының атынан баяндалады. Айталық “Текшенің бауырында” деген әңгімеде Сүлеймен ақсақал жас күнінде өз көзімен көрдім және қатыстым деп, бір оқиғаны есіне түсіріп, баяндап шығады. Жобалай батыр бастап, жорыққа сайланып шыққан жігіттердің кек алу үшін істедік деген ісі–жасау-жабдығымен қыз ұзатып келе жатқан адамдарды



төрт күн бойы тұтқын қылып ұстағаны. Мұндай жол үстіндегі әңгіменің тыңдаушысын қызықтыру мақсатымен өсіріп, көпіртіп айтылатыны, қоспасы көп болатыны белгілі. Бірақ баяндаудың алғашқы қалпы сақталғандан берілуі сол айтушынын ойлау, сөйлеу ерекшеліктерін, соның түсінігін, ой-өрісін толық, дәл елестету үшін қажет.

Жобалап батырдың, оған ерген жігіттердің кек алу, ерлік істеу туралы түсінігі де болған жайды баяндаушының сөзінен анық аңғарылады. Алыстағы бір ауылдың үстінен өтіп бара жатқанда інісін біреулер ұстап алып, тонап, соққыға жыққан соң, Жобалай соған кектеніп, бірақ жазықты нақтылы кім екенін анықтап білмей, әйтеуір сол ауылдың бір мырзасының қалыңдығын ұзатып келе жатқан адамдарды қолға түсіріп, күш көрсетеді. Жазықсыз жас қызды батырдың өзі оңаша ұстап, ала алмай жүрген өшін содан алады. Қыз сол төрт күнде жылаудан көз ашпайды. Жобалайға: “Менің бақытым күйді. Жарық дүниеге көрінер бетім қалған жоқ... Өзім көрген жанның ішінде барып тұрған жауым сенсің”, – дейді. Жобалай ұялғандай болады.

Жобалайдың жолдастары да қыз-келіншектерді бөліп алып, өз білгендерінше жігіттік, ерлік жасайды. Міне осының бәрін баяндаушы “ертегінің қызығындай қызық көріп” мәз болдық, “сол уақытта көрген қызығымыздың ұшы-қиыры жоқ” деп, қыздырмалап айтады.

Ал “Қыр суреттері” аталған үш әңгімеде шынайы қылқалам шеберінің қолымен салынғандай бедерлі сурет бар. Бірақ бұл суреттер қимыл-қозғалысқа толы жанды суреттер. Бірінші сурет: жаздың бір жайлы кешіндегі ауыл өмірінің сырт көрінісі: өзен жағасында жылқы аралап жүрген еркектер, ойнап-күліп, әзілдесіп жүрген қыз-келіншектер тобынан бөлініп шыққан ақ көйлек, қара камзол кигек сұлу қыз, солардың ішінен әсіресе көз тартатыны – жігіттің қолындағы қыранын ұшырып, қаз ілдіргені.

Екінші сурет: ақтүтек болып, ұйтқып сокқан боранның ызғары кішкене үйдің іргесінен өтіп, долы желдің ысқырығы естіліп тұрғандай. Азамат баласы мен келіні өлген кемпір мен шалдың сүзек болып, демі бітіп, үзілгелі жатқан жас баланың – немерелерінің жанында сарылып отырған қалпы. Осы суретте өзгеріс, кимыл-қозғалыс та байқалмайды. Тек екі бейшараның аянышты халы әбден санамызға сіңгендей. Баланың өмірі таусылып, жарығы сөнді деген соңғы сөздер ғана селт еткізіп, жанашырлық сезіміміз күшейе түседі.

Үшінші сурет: бейуақыт мезгіл, қалың қар, қатты боранда алпысқа келген кәрі шалға тиіп өмірін қайғы-шермен өткізуден бас тартып, қашып келе жатқан жас жесір әйел. Ат әкелмекші болған бауыры оны суыққа тонып, талып жығылып жатқан жерінен тауып алады.

Әйелдің жай-күйін қысқы даланың сұсты, суық көрінісінен де анық аңғарғандаймыз.

“Қалың қарды жамылған ақ дала. Айналада көз тоқтатар бұдыр жоқ. Ақ кебінге оранған дүние ұзақ ұйқыға батқандай, өлім тыныштығындай зор тыныштық басында бағып ұйықтатып тұрғанға ұқсайды. Тіршіліктің бір белгісі білінбейді” деп басталуынан-ақ әңгімеде табиғат көрінісі адамды қоршаған орта ғана емес, кейіпкердің жан дүниесінен елес беретін көркемдік символда екенін байқаймыз.

Әңгіме соңында іздеп тауып алған інісі үстіне сеңсең ішікті жауып, бойын жылытқан соң есі шала кірген әйел бірауыз тіл қатады. Суыққа тонып, есінен әбден адасқан әйелдің ендігі хал-жағдайын жазушы бұдан әрі баяндап түсіндіріп жатпайды. Оны тек әйтеуір тілге келгенінен және тағы соқыр табиғат суретінен сезгендейміз: “Мені неге қинадың, – деп, дірілдей берді.

Боран үскіріп соғып тұр. Асау жел ащы күйінен жаңылған жоқ, ойнақ салып, ысқырып тұр.

Ақ дала меңіреу болып түнеруде. Қайғылы сары бел боран әкеліп тұрған ақ киімін қымтай түсіп жата берді”.

Жазушының суреткерлік шеберлігі, әсіресе кейіпкерлердің мінезін, жан дүниесін суреттеуінен айқын танылады. Алғашқы “Қорғансыздың күні” әңгімесінде кейіпкер бейнесін сипаттаудың бірнеше ұтымды тәсілдері көңіл аударды. Негізгі кейіпкер Ғазизаны жазушы: “Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ, ұяң, жұмсақ қарайтын қара көзіне және ылғи шытыңған, кірбеңдеген қабағында қалың уайымның солған ізі бар. Пішіні мұңды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртында шығып тұр”, – деп, ықшамды түрде мінездейді. Оның күйініш-қайғысын, ой-толғанысын, жанталасқан әрекетін көбінше сырттай қарап баяндау арқылы әсерлі көрсетеді. Өзін сөйлетуі аз. Тек Қалтай Ақанға жеңгетайлық етпекші болып, Ғазизаға сөз айта бастаған кезде ол қатты ашуланып:

– Сенің ойыңдағы сұмдығыңды білмей тұрмын ба? Аулақ жүр. Мен сенің мазақ қылатын кісің емеспін! – дегенінен есті қыздың ұстамдылығы анық байқалады. Бірақ Ғазизаның мінезі – оның жетімдікке, жоқшылыққа төзсе де, қорлық-мазаққа шыдай алмаған адалдық, адамгершілік қасиетінен, ашу-ыза үстіндегі өзін шарасыздықтан өлімге қиған тосын шешімінен толық танылады. Ал Ғазизаның әжесі мүлде басқаша бейнеленген. Жазушының оны тікелей сипаттауы ықшамды ғана, кемпірдің өзін ұзақ сөйлету арқылы бас көтерер адамдарынан айырылып, жетім-жесір болып қалған бейшаралардың ауыр хал-жағдайы туралы көп жайды анық білдіреді.

Кемпірдің айтқан сөздерінен оның өз жай-күйі де байқалса, басқа кейіпкерлердің де мінезі айқындала түседі. Мысалы, Ақан болыстық осы үйдегі жетім-жесірлер тағдырдың салған соншалық ауыр азабын тартып отырғанын естіп-білсе де, көзімен көргендей болса да, ешбір шімірікпестен жас қызға зорлық жасаудан тайынбайтыны оның шектен асқан жауыздыққа бейім екенін айқындай түседі. Болыс атанып жүрген Ақан қыз-келіншек іздесе, қолы жетпейді емес. Жетім-жесір, сүйеніші жоқ адамдар маған не қыла алады деп, соларды зар еңіреткеніне арланбайды.

Тек өз басын, өз пайдасын ойлайтын қаталдықтың, озбырлықтың оқыған жігіттердің де бойынан табылатыны “Оқыған азамат” атты әңгімедегі Жұмағұлдың бейнесі арқылы айқын көрініс тапқан. Ол жесір қалған досының әйелі Қадшаға үйленіп, аяқастынан дайын үй-жай, қанша дүниеге ие болып шыға келеді. Бірақ оны да азынып, өлген жігіттің көрі шешесінің қолындағы мал-мүлікті де ретін тауып тартып алудың қамына кіріседі. Мұны естіген кемпірдің есі ауысып, ауруға шалдығып, ұзамай қайтыс болады.

Оқыған, қалада білім алған жігіттердің типтері әр алуан. Осындай оқыған азаматтың біреуі – “Сөніп-жану” әңгімесіндегі Сыздық.

Ресейде патшаның құлауы нәтижесінде шет аймақтарда да болып жатқан өзгерістердің бегін қалаға барып байқап, естіп білсе де, ол қоғамдық өмірге араласып, орынды қызмет етуге асықпайды, қыз көру, үйленудің қамында ел ішінде жүреді. Бірде аң аулаған жігіттерге қосылып кетіп, соны қызықтап, онан соң отардағы жылқышылардың арасында қос ішінде уақытын өткізеді.

Өзі “әйелдің әрқилысын көріп, көп талғап үйренген” жігіт болғандықтан ба, Жәмиланы жолдастарымен ауылына барып көріп, түрін, түсін, мінезін ұнатқандан болады, бірақ ғашық болып елжіреген сезім тумағанын ойлап, осы таңдауым қалай, ауылдағы ұяң, жасық қыздардың бірі емес пе өзі деген күдік те ойына келе береді. Сөйтіп, тағы барып анықтап көріп, үйленуге бел байлайды. Қыз оңаша отауға кіріп, екеуі жалғыз қалғанда ыстық сезімге бойын жеңдіріп, кейін басқа күйге түскендей болады, қалыңдығының қылығынан, сөзінен өзі іздеген нәзік сезімділікті байқай алмайды. Сонда да, аз-кем ойланып жүріп, “не болса да Жәмиланы аламын, қатын қылып көремін! Кейінгі күні немен тынарын көре жатармын” деп, тезірек үйленуге бекінеді. Жәмиланы алып, жазды келіншегімен ауылда өткізеді де, онан соң өзі қалаға кетіп қалады. Қаладағы ойын-жиындарға араласып жүріп, жесір, жас орыс әйелімен танысып, өзге дүниені ұмытып, жаңа бақытын, нағыз ғашығын енді тапқандай болып, сонымен көңіл қосып жүре береді. Зерек, сөзшең

жігіт ауылды жердегі қыз көру, күйеу келгенде қалыңдығымен оны кездестіру секілді бұрынғы әдет-ғұрыптарға сын кезімен қарайды, өз еркімен үйленген келіншегі Жәмиланың кемшіліктерін көріп, айниды. Бірақ оған ауылда қалған жас келіншегі мен кішкене баламның жағдайы не күйде екен деген ой келмейді. Ескі әдет-ғұрыптардың осал жақтары болатынына жазушы да назар аударып, бір күлкілі жағдайды келтіреді. Таңдауымыз орнықты болсын, тағы біреудің қызын көреміз деп жолдастарымен барғанда, Сыздық өзі қайтып кетіп, еріп барған жолдастары бір қызды көреді. Бірақ ол қыз іздеп барған қыздың өзі емес, жанындағы малшының қызы екенін олар кейін біледі.

Жазушы әйелдің бас бостандығын жақтап, бұл мәселеге айрықша назар аударады. “Үйлену” атты әңгімеде Жәмила ата-анасы атастырып қойған жерге, Қасым болысқа әйел үстіне барудан бас тартып, нұсқаушы болып қаладан келген жас жігіт Оспанды ұнатып, сонымен қашып кетеді. Бұдан қазақ қыздарының күйеуге шығу, семья құруында өзгеріс бар екенін, олар өз таңдауымен өмірлік жар болатын адам табуға ұмтыла бастағанын көреміз. Бірақ ескі әдет-ғұрыптың ықпалы да әлі күшінде.

“Кім кінәлі” атты әңгімесінде жазушы қатыны өлген кәрі Жақыпқа әйел болуға көне алмаған Ғазизаның қайғылы тағдырын бар ықыласымен тебірене суреттейді. Жақыптың айтпақ болған ойыңның бәрін ашық айт деген сөзіне иланып, Ғазиза ішкі сырын бүкпей, ақтарылып, ашық айтып салады: “Олай болса, көңілімде ойлайтыным: саған жолдас болғым келмейді. Осы істің бәріне көніп жүрсем – әуелі тағдырдың екінші, ата-ананың зорлығымен ғана жүрмін. Исләмді жақсы көретінім рас, құдайдан жасырмағанды адамнан жасырайын ба!?” Қыз мені менсінбеді деген сөз тарайтын болды деп өзінше қорланған, жалған намысқа бойын жеңдірген Жақып қызды ұрып-соғып, текпілеп, өлімші қылып, кетіп қалады. Содан қыз ауруға шалдығып, сандырақтап, есі кіргендей болған кезде” жасынан білетін, жақында кездесіп, ынтықтығын білдірген жігіті Исләмға: “Исләм, жаным! Кетіп қалма! Осында бол, кетсең – қорқамын!.. дейді. Мұны естіген жұрт, әсіресе күйеу жағы, Исләм дуалап басын айналдырып қойған екен деген сөз таратады.

Ауыр сокқыдан айыға алмаған жас қыз топастықтың, қара<sup>1</sup> күштің зұлымдықтың құрбаны болады.

Әрине, әлі өз теңіне қосылып, бақыт іздеу дәрежесіне жетпеген қыздар да аз емес. “Ескілік көлеңкесінде” атты әңгімеде жас қыз елудегі шалға қайтыс болған тоқалы, өз әкпесінің орнына қатын үстіне өз ықтиярымен тимекші. Бұл – Жәмешке “ескілік үлгісі әбден жұққандықтан”. Бірақ күйеуі келіп, соның жанында болып шыққаннан кейін: “алғаш рет жар өмірінің шетін, шын пішінін” көрген соң қыздың

көңіл күйіне өзгеріс енеді. Ешкімге, жеңгесіне де сыр бермейді. Жәмештің бұл өзгерген жай-күйін жазушы: “Бірақ ұйқы көрген жоқ. Үндемей күрсінеді, іші у жұтып жібергендей пәре-пәре. Әлдекімің қолы қастықпен ішкізген зәр сияқты”.., “...өксіп-өксіп жылап алды” – деп бейнелейді. Жәмеш сырын ішіне түйіп алып, талай жылдар бойы өзіне құмар болып жүрген жігіт Қабышпен оңаша кездесуге бел байлайды. Жеңгесі Бибіш екеуі осындай ниетпен отаудан шығып, сөз байласқан жерге, ауылдың сыртындағы тоғайға беттегенін әсерлі бейнелейді: “...Жәмештің жүзі дағдылы күйінен өзгеріп, жүдеп, сұрланып тұр еді. Ол күрсінді де, Бибіштің білегін қысып: “Тез жүр, тез!” – деді. Әңгіме осымен аяқталады. Бұдан қыздың тағдыры енді мүлде өзгереді дегендей әсер алмасак та, оның көңіліне қобалжу кіргенін де аңғарғандай боламыз.

Жоғарыда әр қырынан талданған әңгімелерден Мұхтар Әуезовтің бұл саладағы идеялық, көркемдік ізденістері жарқын, өнімді екенін, тақырыбы, жанрлық өзгешелігі, көркемдік стилі, баяндау, суреттеу тәсілдері қай жағынан алсақ та, жаңалығы мол екенін байқаймыз. Жас жазушы қоғамдық өмірді әр қырынан бейнелеуге әңгіме жанрының, онык әр алуан түрлерінің ұтымды, оңтайлы келетін жақтарын көре білген және соны сан алуан адамдардың жан дүниесін, мінез-құлқын, іс-әрекеттерін адалдық, адамгершілік, әділдік секілді биік гуманистік принциптер тұрғысынан бейнелеуде ұтымды пайдаланған. Әңгімелердің поэтикасы, бейнелеу әдістері жағынан алсақ, өмір құбылыстарын суреттеуде, әсіресе кейіпкердің характерін, мінез бітімін ашып көрсетуде жазушы үлкен шеберлік танытады. Портрет пен авторлық сипаттау, пейзаж (табиғат суреті), монолог (кейіпкер сөзі) және диалог (өзара сөйлесуі), кейіпкердің іс-әрекетінің сюжеттік қатығыс арқылы көрінуі, оқиғаны баяндау тәсілі (автордың немесе кейіпкердің атынан) – осының бәрін орнымен, керекті жерінде пайдалана отырып, Мұхтар Әуезов сан алуан адамдардың бейнесін типтік дәрежеге көтере сипаттап бере алған. Жазушының қолданатын көркемдік әдісі жағынан келсек, ол осы жанрда орыс, Еуропа, дүниежүзі әдебиетінде жинақталған құнды көркемдік тәжірибеге сүйене отырып, сан-алуан бейнелеу тәсілдерін өз суреттеу мәнеріне орайлас пайдалана алған, негізінен, реалистік әдісті қолданған дейміз. Реалистік көркемдік әдісті кең мағынасында алып, өмір құбылыстарын жан-жақты, терең танып білу, тексеріп талдау негізінде бейнелейтін көркемдік әдіс деп қарасақ, оған символика да, романтикалық сарын да, басқадай өзге көркемдік әдістерге тән деп саналатын бейнелеу тәсілдері жат емес екені, біздің пайымдауымызша, талас тудырмайды.

Мұхтар Әуезовтің 1921 – 1925 жылдары жазылған әңгімелері оның көркемдік проза саласындағы алғашқы ізденістерінің өте жемісті болғанын айғақтай алады. Олар жазушының суреткерлік шеберлігінің кейін бара-бара шырқау шырға көтерілуіне жол ашқан бастапқы биік белесі болды.

*З. Ахметов,  
академик*

## ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ

Бұл әңгіме 1921 жылы жазылған. “Қызыл Қазақстан” журналының 1921 жылы қосарланып шыққан 3-4-сандарында “Арғын” деген бүркеншік атпен жарияланды. 1922 жылы сыртқы мұқабасына: “Мұхтар Әуезов. Қорғансыздың күні. Жизнь беззащитных, произведение М. Ауэзова. Бастырушы – Қазақстанның облыстық партия комитеті. Оренбург, 1922 г. Типография Губсовнархоза № 1. (Тираж 5000 экз.) – Р. В. Ц.”, ішкі мұқабасына: “Бастырушы – Россия коммунист партиясының Қазақстан аймақтық комитеті” – деген анықтама жазылып, жеке кітап болып басылып шықты. Кітаптың сонына да “Арғын” деп қол қойылған. Бұдан кейін “Қорғансыздың күні” әңгімесі жазушының 1935 жылы шыққан “Ескілік көлеңкесінде” атты жинағында Д. Әбілеу пен Ж.Саин құрастырған “Қазақ әдебиетінің” хрестоматиясында (1940), М. Әуезовтің 1955–1957 жылдары жарық көрген таңдамалы шығармалары жинағының V томында (1956), 1960 жылы жарық көрген “Қараш-Қараш” жинағында, 1967–1969 жылдары жарық көрген Мұхтар Әуезов шығармаларының он екі томдық басылымының I-томында (1967), Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының (1979– 1985) I-томында (1979) және жекелеген жинақтарда жарық көрді. Жазушы әңгіменің желісін сақтай отырып, 1935, 1956, 1960 жылдардағы басылымдарға авторлық өзгерістер енгізіп, түзетулер жасап отырған. 1960 жылғы басылымдағы нұсқасы Бұдан кейін шыққан барлық жарияланымдарға негіз етіп алынды. “Қорғансыздың күні” әңгімесін “Сиротская доля” деген атпен А. Пантиелев орыс тіліне аударды. Ол “Крутизна” (Москва, “Советский писатель”, 1965) “Избранное” (“Жазушы”, 1967), “Племя младое” (“Жазушы”, 1977), “Мухтар Ауэзов. Собрание сочинений в пяти томах, издательство “Художественная литература”, М., 1973–1975” атты жинақтарда орыс тілінде басылып шықты. Орыс және шет тілдеріне аударылған нұсқаларға соңғы басылым негіз етіп алынды. Жазушының шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына бұл әңгіме М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағындағы нұсқа бойынша енгізіліп отыр. Автордың 1960 жылы түзеткен қолжазбасымен салыстырылып бұрын кәте оқылған, түсіп

қалған сөздер қалпына келтірілді, орфографиялық және емле қателері қазақ тілінің бүгінгі талаптарына орай үйлестірілді.

“Қорғансыздың күні” әңгімесі жазушының “сұлу сөздегі” (М. Әуезов) алғашқы қадамы. Оған өмірде болған нақты тарихи оқиға негіз етіп алынған. Тарихи жер аттары сол қалпында сақталған. “Семей қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар... Арқалықтың жолы асатын кезең – Күшікбай деп аталады... Күшікбай кезенінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасының орны” әлі де көрінеді. Ал шығармадағы кейіпкер аттары өзгертіліп алынған. Ондағы Ақан болыс – Шыңғыс елінің жас болысы Біләл Ысқақов, ал кәрі кемпір – Мұхтар Әуезовтің немере апайы Қаптағай, қасіретке ұшыраған жас сұлу Ғазиза – М. Әуезовтің жиеншары болып келеді. Бұл оқиғаның егжей-тегжейі мен өмірлік деректері туралы Ахмет Әуезовтің “Бала Мұхтар” (1967), “Жас Мұхтар” (1977), Ғайса Сармурзиннің “Өмір сабақтары” (1975), “Өнеге” (1977), Тұрсын Жұртбаевтың “Бесігіңді түзе!...” (1997) атты кітаптарында толық мағлұмат берілген.

“Қорғансыздың күні” әңгімесі жазушының көзі тірісінде жарық көрген басылымдарының бәрінде үлкенді-кішілі түзетулер енгізіліп отырған. Түзетулер, негізінен: идеологиялық, көркемдік, стильдік тұрғыдан жасалған. Бұрынғы авторлық текст ретінде берілетін сөздер мүлдем қысқартылған, кей тұстарда сөздердің орындары ауыстырылған сөйлем ықшамдалып, қырналып берілген. Сондай-ақ әуел баста араб һарпінен Кирилл һарпіне түсірілгенде кеткен қателер сол қалпында түзетілмей, кітаптан кітапқа ауысып отырған. Мысалы: 1935 жылғы “Ескілік көлеңкесі” атты жинақтан бастап жиырма томдық шығармалар жинағындағы нұсқаға шейін: “Бұл жігіт – Ш-тың болысы Ақан мырза”, “Мені өлтірген осы Ш. қалашылары дей ме?” – деген сөздер “Ж-нын болысы”, “Ж. қаласы” деп қате басылып келген. Бұл басылымда мұндай жаңсақтықтар түзетіліп, бірінші нұсқа бойынша берілді.

Жазушының шығармашылық әлеміндегі көркемдік ізденістері мен қаламгерлік шеберлігін ұштау жолындағы жауапкершілігін ғылыми тұрғыдан пайымдау мақсатымен әңгіменің алғашқы, 1922 жылғы нұсқасы мен соңғы нұсқасының арасындағы өзгертулер мен қысқартуларды, түзетулерді реттік тәсілмен көрсеттік. Түсініктемеде бірінші нұсқадағы сөздер толық берілді, ал оның өңделген нұсқасын осы басылымның ішіндегі әңгімедегі реттік сан бойынша көрсетілген белгінің тұсындағы жақша ішіндегі текстен оқи аласыздар.

“Қорғансыздың күні”, 1922 жылғы нұсқа:

1. 103-бет. “Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп тұрады. Жол аузында созылып жатқан



көлденең 10–15 шақырымдай. Бірақ ұзыны тәуір болғанмен, еңсіз кереге сықылды жалғыз жал. Не бауыр, не сыртында ықтыртын жоқ. Арқалық жадағай жалғыз қабат болған соң, қыс күнінде жел терісінен сокса да, оңынан сокса да панасы болмайды. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай қылып тегістеп тастайды” (М. Әуезов. Қорғансыздың күні. Орынбор. 1922 жыл. 2-бет).

2. 103-бет. “Бауыр сыртының шымы тұтас көделі жер болғандықтан, үй басының салған бірлі-жарымды жер егіні тәуір болып шығып; ұзақ қысқа қорек қылатұғыны сол болушы еді” (Сонда, 3-бет).

3. 104-бет. “Екінші, көлігіне, өзіне азық сұрап шығындандыратын жат керуен жоқ болуы керек. Сол кезде үйінде бірлі-жарым көңілі сүйетін, сыйлайтын қонағы болуы тиіс. Ақсақал мал қоралап болып, жайланып, шайын ішіп, қазан аспаның өзінде кейде жылтылдап, кейде лапылдап жанып жатқан отты көріп, бұрқылдап қайнап жатқан еттің иісі мұрнына келіп отырғанда серпіліп әңгіме бастайтын” (Сонда, 4-бет).

4. 104-бет. “Күшікбай батыр 21 жасында дүние салған екен. 15–16 жасында жортуылға аттанып, уақтың көп батырларының арасында, буыны бекіп, бұғанасы қатпағандығына қарамай, талай қиын қияда тапқыштық ақыл, қажымайтын қайрат, ерлік көрсеткен” (Сонда, 4-бет).

5. 105-бет. “Көлденең әңгімемен ардақты оқушының ішін пыстырғандығына кешу сұрап, енді айтпақ әңгіменің жөніне келейін. Гинуар айының аяқ кезі...” (Сонда, 5-бет). Бұл қыстырма сөз қысқарып қалған.

6. 106-бет. “Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген, дүние тегіс қызғылт түсті” (Сонда, 6-бет).

7. 106-бет. “Жарау еті бар екі қоныр ат қажығандығын білдірмей, божы қаққан сайын ығыса жөнеліп, сар желіп келе жатыр” (Сонда, 77-бет).

8. 106-бет. “Қалың киімнің сыртынан киген, жағасына қара барқыт ұстаған жана сары малескен шапаны бар, байпағынын қонышын барқытпен көмкерген жаңа қара етігі бар, алғашқы көрген жерден-ақ: мынау мырзасы екен дегізгендей” (Сонда, 7-бет).

9. 106-бет. “Бұл жігіттің жасы 30-дың шамасында, орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұртты, шоқша сақалды. Беті сұрғылт түсті, дөңгелек, жалпақтау. Суық қарайтын, кішілеу, өткір, қиықтау біткен көзінде һам түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Мұрны кішілеу, көз қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын және сонын артынан ергенде, ар-ұяттан айырылып кететіндей еріксіздігін білдіріп тұрады. Бұл жігіт – Ш-тын болысы Ақан мырза” (Сонда, 7-бет).

10. 107-бет. “Божы ұстап отырған Қалтай бетін ұқалап, кішкене қозғалып Ақанға қарап: “Бәтір-ау, мына Күшікбайын: “Мені өлтірген

шешек осы Ш. қалашысы дей ме? Немене, бір емес, екі емес, ызғырықтайды да тұрады”, – деп күлді. Ақан да түсі жадырап, күліп, сергісіп қалды. Біраз уақыт өткен соң тағы да үндемей, күні бойғы әдетпен тұнжырасып отырды” (Сонда, 8-бет).

11. 108-бет “Иесінің дүниеге келгендігінің ақырғы белгісі – томпайған бейіт аз уақытта жоғалмақ. Сонымен бірге әлгі адамның да ізі бітпек. Таудан аға соққан жел, бейіт тұрған төбешіктің басында әсіресе қатты ызғырықтанып, бір жағынан, топырағын ұшырып, бір жағынан, жалданған Кармен көміп, сездірмей кеткен, жансыз денеге қарлық мейірімсіздігін көрсетіп тұр. Аз уақытта бейітті түгелімен қар басқандай. Бейіттің үстінен жаяу борасындап өткен ұсақ қар, айналасын қоршап, сеппелеп сырғанап өтіп жатыр. Өзінің мейірімсіз, азасыз, оның үстіне еркін бір куә екендігін білдіріп тұр. Жалғыз-ақ, өлікке жан ашыр жақынның жүрегі суық табиғаттың ерігінде сондай болып жатқан, жаны туысқан ғазизін ойлағанда еріксіз қысылып езілгендей, өмір – суық, құр ғана алдағыш – дегізгендей. Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрған кішкене ескі қора да бейіт секілді мүләйім пішінге мінген. Тозығы әбден жетіп, ескірген, төбесін де, айналасын қар басқан кішкене. Қыры кетіп, жымырылып, жұмырланған бұрыш-бұрышында үйілген қорда, тапталған топырақ қораның онсыз да аласа бойын жермен жер қылып тұр. Жан-жағына үйілген қар қыс басынан бір күрелмегендіктен қораның үстіне шығып, біржолата басып алған. Аз күнде қораны көзден жоғалтуға айналған.

Бұл күйден аمانырақ болған есіктің ғана алды. Кішкене тар күресіні бар. Қораның айналасының әлгідей пішінінің үстіне теріскей жақ бұрышындағы бір қораның төбесі ортасына түсіп, таудан аса соққан боран әлгі тесіктің үстінде ақ түтектеніп, біресе түтін секілденіп ұйытқып, біресе қиыршықтанған ұсақ қарын қораның ішіне себездеп төгіп, қораның ішін толтыруға тырысып жатыр. Қораның тау жағындағы пішен қораның ішінде бір-екі шошақтай ғана тапталған аз пішеннің ішінде сауырындары бәрі қар болған бір арық қызыл торпақ, екі-үш жаман тоқты тұр” (Сонда, 9-10-бет).

12. 108-бет. “– Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай, осында неге әкелдің”, – деді. Қалтай атты доғарып жатып:

– Үндеме, мен бастағанда жаманшылыққа ұрынушы ма едің өзің? Не оймен әкелгенімді үйге кіргенде білерсін,– деді.

Күтпеген жерде құлағына жайлы, жұбанышты хабар тиген соң. Ақан қуанып, үйге кіруге асыға бастады. Атты доғарып болған соң қонақтар қараңғы қораның ішіне кіріп, сыйпалап жүріп есікті тауып алып, үйге кірді” (Сонда, 10-бет).

13. 110-бет. “Бұл үйдің жаны 3-ақ әйел пештің жанында біріне-бірі тығылып бүрсіп отыр. Әйелдердің біреуі 80-нен асқан, кәрілігі әбден жеткен кемпір, біреуі – 40-тың шамасындағы қатын, үшіншісі-15–16 жастағы қыз. Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетіндегі көрініп тұрған ерлік қайраты әлі де болса жаман еркектердің әлденешесінен артық екендігін көрсетеді: пішіні еркек пішіндес кесек. Үлкен жалпақ маңдайлы, қошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды, суық тақырлау қабақтың астынан көрінген өткір, жіңішке көздері жыланның көзіне ұқсап, кісіге қараған сайын барлық пішіннен аса суық бір қайрат білініп тұрады. Маңдайына һам екі ұртына түскен қатпары, терең үлкен әжімдері өмірінде талай қайғы, талай бей-нет басынан кешіргендігін айқын білдіріп тұр. Бұл кемпір осы үйдің қазіргі қожасы. Ана әйелдің біреуі келіні, біреуі сол келіннен туған жалғыз баласының қызы. Келініміздің пішінінде не жақсылығына, не жаманшылығына айғақ болған орасан белгісі жоқ, орта пішінді, орташа жаратылған адам. Бірақ бұның пішінінде де өзгеден бөтен бір жаттық (бар), қадағалап аз қараған кісіге ол көрінетін. Тұңғыық қара көздері бір қараған жерден аумай, ылғи жансыздықпен қарап тұрғанына көзі түскен адам бишараның кім екенін айырушы еді. Ол жаңа арада екі көзінен айырылған су қараңғы еді. Енді бұл екі әйелге еркек, жұбаныш болып отырған үшінші әйелге келейік. Ол – сыпайы, нәзік болып өскен Ғазиза. Жінішке сұңғақ бойлы, дөңгелек, азғана секпілі бар ақ сұр жүзді, көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін жас қыз еді” (Сонда, 12-13-беттер).

14. 111-бет. “Жетім-жесірге ес болып отырған кемпір басынан қара тұман айықпай, үсті-үстіне қайғы жауып, қабат-қабат қаза көрген соң құдайға, тағдырға нанған көңілімен бір уақыт шын жалбарынып, назаланып сұраушы еді: “Құдай-ау, не күнә сұмдығымнан осындай қазаға дұшар қылдың? Не жазығым бар еді”, – деп шерлі, ауыр өксікпен күрсініп, кеудесін жазған ауыр уайымның жалынын анда-санда шығарып отырушы еді” (Сонда, 14-бет).

15. 111 -бет. “Үй-іші қонақтар алғашқы келгенде танданғандары болса да, артынан пішіндерін, қалыптарын көрген соң көңілденіңкіреп, жадырап, кішкене серги бастады. Бұл үйдің еркектері өлгеннен бері қалған әйелдердің уайымнан босап, көңілдері жадырайтын (кез) осы бөтен кісілер келгенде ғана болушы еді. Одан басқа уақытта үшеуі үйде оңаша отырғанда жетімдік-жалғыздық та, қорғансыздық-сорлылық та көздеріне айқын көрініп, көңілдерін мұң мен зардан айықтырмаушы еді” (Сонда, 15-бет).

16. 112-бет. “Енді кемпірдің сөзіне келейік” – деген авторлық кірістірме сөз қысқартылған (Сонда, 16-бет).

17. 112-бет. Бұл арадағы: “Атаңның жақсы сөзі алты алашқа жеткен асылдың ұрпағысың”, – деген сөз де кейінгі нұсқада сызылып қалған (Сонда, 17-бет).

18. 114-бет. “Құдай мерейін үстем қылып жаратқанның баласы шыдасын ба” – деген сөздер де қысқартылған (Сонда, 19-бет).

19. 114-бет. Бұл арадағы: “Өміріңді осы арада өткізіп келесің, сақалыңды осы арада ағарттың. Жұрттың қайтып шыдап, қайтып мекен қылып отырғанын білмейсің” – деген сөз де кейіннен қысқарған (Сонда, 19-бет).

20. 118-бет. “Бұл адамның іші – жақсы сезімге жат болып кеткен күңгірт дүние, қақпасы жабылған қараңғы қорадай. Сол қараңғылыққа үйреніп, соны қанағат қылған жарты жанды бір нәрсе. Адамның зарына жүрегі елжіреуден қалған. Өз басына келген болмаса, бөтен кісінің басына келген – пәле болып көрінбейді. Оның тартқан қасіреті, көңіліне қонбайды, сезіміне сінбейді, ұғылмайды. Себебі: туысында бірге туған азғана рақымдылық бала күнде аз-аздап көрінсе де, осы күнде ұмытылған. Көңілі жадағайланған, сезімі кірленген” (Сонда, 20-бет).

21. 118-бет. Бұл арадағы: “Осы айтылғандай белгісі бар жүзді көргенде: барлық қазақтың бойындағы сабырлылық, саспайтын түкпірлілік, қиын істердің ретіндегі тапқыштық, іштілік – еске түседі.

Жас басынан дүниедегі істің бәріне сын көзбен қарап, қайғыны да, қуанышты да салқын қанмен қарсы алатын мінез қазақтың тәуір адамының бәрінде бар. Бұндайлық сабырмен араласқан сыншылдық адамды күндегі өмірдің ісінде айлалы, епті, шебер қылмай қоймайды.

Бұл мінез қазақтың осы күнге шейін көрінген мінездерінің ең бағалы, ең маңыздысы һам келешегінде үміттендіретіні де осы. Өлім үстінде жатып өлең мен ән шығарған ақындары, бөлініп-жарылып, біріне бірі өкпелеп, ауғалы отырғанда тауып айтқан бір ауыз өлеңге тоқтаған елдері – сабырлылығын, өмір күресінде өнімді қайраты барлығын көрсетпей ме?

Енді айтылып келе жатқан әңгімеміздің қалғанына келейік” – деген үлкен үзінді кейінгі басылымдарда жоқ. Зады жазушының өзі “Ескілік көлеңкесін” дайындағаннан кейін қысқартқан сияқты (Сонда, 26-27-беттер).

22. 120-бет. “Жауыздық орындалды” – деген сөз кейін сызылып қалған.

23. 121-бет. Осыдан кейінгі: “Аза менен қайғыдан өмірі кесілді, бітті. Ой тұншықтырып, есін аудара бастады” – деген сөз қысқарған (Сонда, 31-бет).

24. 122-бет. Осыдан кейінгі сөйлем бірінші нұсқада: “Һам одан кейін қабірлерін құшақтап жатып өлу болды. Ғазиза бейітті бетіне алып:

“А, құдай! Ендігі бар тілегім осы. Ағамның басына жеткіз”, – деп жүріп кетті. Хош, бишара Ғазиза!..” – деп жазылған.

25. 123-бет. “Ұрғашылар да дауыстың естілмейтінін білген соң ішінен зор қауыпқа түсіп, зарлап тұрды...

– Е, тәңірі, жоқ болды. Өлді, – деп әйелдер үйге кірді”, – деген алғашқы нұсқадағы “қатындар” деген сөзді “әйелдер” деп өзгертіп, сөйлемнің соңын: “әйелдер зар салып, дауыс айтып үйге кірді” – деп түзеткен (Сонда, 33-бет).

26. 124-бет. Бұл үзінді алғашқы нұсқада: “Үстіндегі онсыз да жұқа киімдері әр жерге шашылып, Ғазиза шашы азырақ будырап, денесінің жартысын қар басқан әкесінің бейітіне жабысып, қасіретті өмірдің ақырғы қуатын сол жерде берген екен. Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта да жадыраған, ізі қалған жоқ. Барлық жүзінде “Менде жазық жоқ. Мен тазамын”, – деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар.

Ол ғазабтан, қайғыдан, жауыз зұлымдықтан құтылған. Ол – “әулие”, – деп жазылған.

Соңғы сөйлемді қысқартып, оның орынына: “Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы өмірінің азапты ақ түтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай”, – деген сөзді қосқан.

“Қорғансыздың күні” әнгімесінің алғашқы нұсқасына кейіннен жасалған түзетулер мен қысқартулардың негізгілері осылар. Сондай ақ, ішінара “қатын”, “ұрғашы” – “әйел”, “әйел” – “қыз”, “жер егін” – “бөлтек егін”, “ғинуар” – “январь”, “жарау” – “сылан”, “һам” – “және”, “салына” – “үйіле”, “ағасынын” – “көкесінің”, “қызмет” – “жұмыс”, “күнінде” – “кезінде”, “күрсініп” – “Аһ ұрып”, “сөйлей” – “айта”, “анау” – “мынау”, “кемқор” – “кемтар”, “ойымен” – “көңілімен”, “шағу” – “айту”, “қатын” – “ана”, “гуілдеп” – “түтеп” – деп өзгерткен сөздер де кездеседі.

*Т. Жұртбай*

## ҚЫР СУРЕТТЕРІ

“Қыр суреттері” деген дербес атпен, ешқандай қосымша тақырып қойылмай баспа бетінде жарық көрген бұл әңгіме алғаш рет “Жас қайрат” журналының 1924 жылғы 1-санының 43–48-беттерінде жарияланды. Әңгіменің сонына “М. Әуезов” деп қол қойған. Содан бері жазушының бірде-бір жинақтарына енгізілген емес және өзге де баспасөз беттерінде де қайтара басылған жоқ. Жазушы шығармаларының елу томдық толық басылымына “Жас қайрат” журналындағы бірінші жарияланымы бойынша ұсынылды. Әңгімені кирилл харпіне түсіріп, басылымға дайындағандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

Жазушы “Қыр суреттерін” шығармалар жинағына неге кіргізбеді, ол жағы беймәлім. Оған үш түрлі себеп қана болуы мүмкін. Бірінші: социологиялық тосқауыл, яғни жайлауға көшкен елдің көңілді суреттерін оқыған әсіресе белсенді әдебиетшілердің теріс пікірінен сескенуі. Екінші: әңгіменің қолжазбасының жоғалып кетуі (1930 жылғы тінту кезінде) және “Жас қайрат” журналының тігіндісінің қолына түспеуі. Үшінші: әңгіменің көркемдік сипатына көңілі толмауы мүмкін. Сондай-ақ, осы “Қыр суреттері” циклі бойынша жазылған “Жайлау түні” деген әңгімесі болғандығы туралы кейбір естеліктерде айтылып қалады. Осыған орай, “Жайлау түні” деген әңгімесі осы емес пе екен деп те жорамалдауға болады.

1. 125-бет. “... ағалмен араластырғандай” – ақ түсті бояу, әк тасының немесе ақ сортанды ақтопырақтың ерітіндісінен жасайды.

2. 125-бет. “Өре бастады” – өріске шықты, жайлауға бел алды – деген мағына береді.

3. 125-бет. “Көшеден бері от жемей” – кешеден бері шөп жемен, деген мағынада қолданылып отыр.

4. 126-бет. “Өз беттеріңше өре алмай” – өз беттерімен өріске шыға алмай, жайыла алмай – деген мағына береді.

5. 128-бет. “Жол азық сұрап жарысатын бозбалалар” – жайлауға көшіп бара жатқанда көңіл көтеріп, ойын-сауық құру үшін қыз-келіншектер тобына сусын, құрт-ірімшік сұрағансы сылтауратып баратын дәстүр бар. Жазушы соны меңзеп отыр.

*Т. Жұртбай*

## ҚЫР СУРЕТТЕРІ

“Қыр суреттері” деген ортақ атпен топтастырылған шағын әңгімелер топтамасы “Шолпан” журналының 1922 жылғы 2-3 және 1923 жылғы 4-5-сандарында жарияланды. “Кешкі дөң басында”, “Түнгі ауыл” әңгімелерінің соңына “Қоңыр”, ал “Қысқы түн”, “Қысты күнгі далада” әңгімелеріне “Жаяу сал” деген бүркеншік атпен қол қойған. “Түнгі ауыл” “Жас кайрат” журналының 1924 жылы 1-санында “Қыр суреттері” деген дербес атпен жарияланған әңгімелерден басқасының барлығы да аздаған өзгерістермен 1935 жылы шыққан “Ескілік көлеңкесінде”, 1960 жылы жарық көрген “Қараш-Қараш” жинақтарында қайталанып басылған. Жазушы шығармаларының он екі томдық жинағының 1-томына, жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томына сол “Қараш-Қараш” жинағындағы нұсқа бойынша басылған. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына жиырма томдықтағы нұсқа бойынша енгізілді.

### 1. Кешкі дөң басында

“Қыр суреттері” топтамасының бірінші әңгімесі. “Шолпан” журналының 1922 жылғы 2-3 сандарының 52–55-беттерінде жарияланған., Алғашқы басылым мен кейінгі басылымның арасындағы жазушының өз қолымен түзеп, қысқартып, өңделген тұстарындағы айырмашылықтар мынадай:

1. 131-бет. Алғашқы басылымдағы “Қызыл сенді бұлт батар күнді ентелеп қамап тұр – деген сөйлемді кейіннен “Жұқалаң, ұзыншақ көп бұлт қызыл сендей болып, батар күнді ентелеп қамап тұр” – деп өзгерткен.

2. 131-бет. Бұл арада әуелгі жарияланымдағы: “Дөң басы қазіргі уақытта өзгеше көңілді. Кешке жақын у-шуы көбейіп, азанқазан болған ауылдан шығып, биік сары дөңге көтеріліп келе жатқанда, көңіл жерден кетіп, аспанмен екі ортадан орын алғандай, жоғары жүре бергісі келіп, биіктен-биікке тарта бергендей болады” – деген сөйлемнің соңғы жағын өзгертіп: “... бойың биікке тарта бергендей болады” – деп қысқартып берген. Сондай-ақ кейінгі нұсқада осыдан кейін келетін: “Әншейінде

қиын десең де, онашалық, жалғыздықтың дәл осы уақытта тәтті, жайлы екендігін мойындайсың. Өзіңе-өзің тигендей, еркін қолына келгендей болып сергисің, жеңілдейсің. Менің де көңілімдегі осы халдың шындығына көзімді жеткізбекші болған болып, сары дәнді қаптаған бетегесі мен сары көде оралып, сумандаған салқын желдің лебімен басын изеп, шын-шындайды”, – деген сөйлем мүлдем қысқарып қалған.

3. 131-бет. Осы сөйлемнен кейінгі: “Күн батыстан басқа жақтың пішімі сұрғылт тартып, көңіліне қайдағы бір ой түсіп мұнайғандай. Алыстағы қара қошқыл тау да бейне көлеңкедей әжімі жиылып, салқын пішінмен түнергендей.

Әбден қоңырқай тартқан иесіз дала. Жеңіл тұманды жамылып, мұңлы пішінде сазарғандай... Жым-жырт.

Бірінің иығынан бірі көрініп, қабатталған жақындағы биік сары дәндер күн батқан соң тыныштыққа бойы ауып, шөре тартып құлази бастағандай.

Күн батып болған... Күн батыстағы көрікті, қызыл ажары минут сайын бәсеңдеп, дүниені қаптаған сұрлықтан жеңіліп барады. Жас сұлудың үзілген жердегі түсіндей болып, қаны тамған қызыл бетке аздап көкшіл сұрғылт өлім таңбасы араласқанға ұқсайды”, – деген үзік кейіннен қысқартылып, қысқа-қысқа сөйлемдермен берілген.

4. 132-бет. Бұл арадағы сөйлемдер де қырпап-жөндеуден өткен. Алғашқы нұсқасы былай: “Ауыл кешке өзгеше жанданып, қызықтанып тұрғандай. Үйде отырған жан жоқ... Қатын, бала, кемпіршалға шейін тыста... Әркім әртүрлі шаруамен қарбаласып жүр. Жасыл шөптің үстінде көз қуантатын жарастықпен тұрған ақ үйлерден шыққан қолы бос қыз-келіншек біресе қалжыңдасып, күліп су жаққа барып, біресе топтанып ойнап, дөң асып кетіп жатыр...

5. 132-бет. Бұлардың тобынан жырылып қалған сұлу қыз ақ көйлек, қара камзолымен ауылдың түсін ашып, арқадағы ақ шолпы, қолындағы қос білезіктерін сылдырлатып жүргенде даланың ерке, тәтті күнін еске түсіргендей болады.

Осыдан кейінгі: “Дүние қалың қайғымен жүдегендей жым-жырт болған. Өлім тыныштығындай зор, салқын тыныштығымен мұңды шерін сыртына шығарғандай.

Бірақ бұл қайғы мен шер, бұл мұң әлсіз көздің ыстық жасына, нәзік жүректің аласұрған қайғысына ұқсамайды.

Қайта сол жасты тиятын, сол қайғыны айықтыратын қуат бергендей болады. Белгісіз үміт ойға кіріп, салқын тыныштық бойға сіңіп, табиғаттың шерлі күйімен қосылып, әлсіз нәзік қиялды тербеткендей болады...

Өлген ата-анаңның бейітіне ұқсаған қалың сары дөң жұмырланып,



ішіне бүккен сырын ашқандай. “Мен де жансыз емеспін, менде де өмір бар. Бірақ мендей сабырлы бол”, – дегендей болады...

Тыныштық тауып, өмірге жаңа қуат алған көңілмен етектегі шашылып, жыбырлап жатқан ауылға қараймын” – деген үлкен үзік 1960 жылғы “Қараш-Қараш” жинағындағы нұсқада мүлдем сызылып қалған.

“Жұқа қара шапанын ақ білегіне арта салып, бұ да бір дөңнен асып барып отырып, омырау калтасынан бүктеп салған хатты алып оқып отыр...”.

6. 132-бет. Әңгіменің соңындағы: “Табиғаттан сол жерде алған:

“Сабырлы бол” – деген сабағымды ұмытып, мен де етектегі Саршегірге қарап домалай жүгірдім” – деген сөйлем соңғы басылымдарда қысқарып қалған.

1960 жылғы “Қараш-Қараш” жинағына кірген нұсқада қате оқылған: “жымдасқандай” деген сөз – “сырласқандай”, болып түзетілді.

## 2. Түнгі ауыл

“Қыр суреттері” топтамасының екінші әңгімесі. “Кешкі дөң басында” әңгімесіне жалғаса “Шолпан” журналының 55–57-беттерінде жарияланған. Содан бері жазушының ешқандай жинағына енген емес. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына сол “Шолпандағы” нұсқасы бойынша беріліп отыр. Араб һарпінен кирилл һарпіне көшіріп, басылымға әзірлеген Сұнкар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

## 3. Қысқы түн

“Қыр суреттерінің” топтамасына кіретін үшінші әңгіме. “Шолпан” журналының 1923 жылғы 4-5-санының 42–44-беттерінде жарияланған. Жазушы бұл шағын әңгімені қайта бастыру кезінде көп қырнап, түзеген. Алғашқы нұсқасын толықтай сақтаған. Тек ішінара ғана: “... тұтасып алған”, “тау басында”, “болады”, “суықты сезіп”, “көңіліндегі”, “іштегі”, “көрсетіп тұр”, “ұшырайды”, “жаланып тұр” деген сөздерді – “тұтасып алды”, “шын басында”, “қаһарланады”, “суықтан бұғып”, “іштегі”, “көрсетіп келеді”, “ұшыртар”, “жалана береді” деп өзгерткен. Бұдан басқа түзету жоқ.

## 4. Қысты күнгі дала

“Қыр суреттерінің” соңғы әңгімесі. “Шолпан” журналының 1923 жылғы 4-5-сандарында “Қысқы түн” әңгімесіне тіркестіріліп “Қысқы

күнгі далада” деген атпен 45–48-беттерде басылған. Кейін “Қысқы күнгі дала” деп қана қалдырған. Жазушы кейінгі басылымдарда түзетулер жасап, ішінара кейбір тұстарды қысқартқан. Олар мыналар:

1. 138-бет. Алғашқы нұсқадағы: “Аз-аздап жер мен көк жалпақ сұрғылт түске боялып тұтасқандай. Қысқы күннің қоңырқай кеші барлық табиғатқа өзінің ... түсін жайғандай. Кеш батқаннан күншығыстан шыққан ызғырық жел қатаңдап, жаңада жауған күпсек қарды сырғанатып, жаяу борасындатып тұр” – деген сөйлемдерді ықшамдап, қысқартқан.

2. 138-бет. “Күйеуінен қалған жақын туысқан жоқ болатын” – дегеннен кейінгі: “Жаңада жарынын жылын берген соң” – деген сөз қысқартылған.

3. 139-бет. Әңгіменің соңы кәдімгідей өңделіп, қысқарып, едәуір түзетуден өткен. Алғашқы нұсқадағы жазылуы мынадай: “Осы күйде біраз уақыт өткен соң үсті-басын жұлқып, артынша қиналып, киімдерін лақтыра бастады. Рабиғаның қиналған жаны өлім halіне жеткен уақытында ғана көмегіне сеніп шыққан бауыры Мұқаш келіп тауып алды. Бірақ уақыт өтіп кетіп еді. Қасына Мұқаш келіп, құшақтап жатып жылай бастағанда Рабиғаның есі шала кіріп, ақырын сыбырлап: “Жалғызым, сенен басқа сүйенішім бар ма еді!? Неге кешіктін? Неге мені қинадың?” – деп тіл, аузын қойды. Мұқаш есі шығып, жанталасып үйіне әкетпекші болып қам қылып жүргенде Рабиғаның денесі сіресіп, қол-аяғы домбығып ісініп, демі таусылып, үзіле берді. Боран үскіріп соғып тұр. Асау жел ашы күйінен жаңылған жоқ, ойнақ салып тұрды. Ақ дала меңіреу болып түнеріп тұр. Қайғылы сары бел боран әкеліп тұрған ақ кебінін қымтай түсіп жата берді”.

Әңгіменің сонына “Жаяу сал” деп қол қойған.

*Т. Жұртбай*

## ҚЫР ӘҢГІМЕЛЕРІ

“Қыр әңгімелері” “Шолпан” журналының 1923 жылғы 6–8 сандарының 84–99-беттерінде “Жаяу сал” деген бүркеншік атпен жарияланған. Содан кейін 1935 жылы жарық көрген “Ескілік көлеңкесінде” атты жинақта латын һарпінде, 1960 жылы шыққан “Қараш-Қараш” жинағында кирилл һарпінде басылып шықты. М. Әуезов шығармаларының он екі томдық басылымының 1-томында (117–132-беттерінде), жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томында (78–91-беттерінде) жарияланды. Әңгімені М. Хамраев пен Ф. Моргун орыс тіліне аударған. Ол алғаш рет “Простор” журналының 1963 жылғы 1-санында басылды. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына жиырма томдықтағы нұсқасы бойынша енгізілді. “Шолпан” журналындағы нұсқаны 1960 жылғы жинаққа енгізгенде ішінара түзетулер жасалған. Онда кейбір сөздер мен сөйлемдері өзгертілгенмен, негізгі оқиға желісі сол күйінде сақталған.

Шығарма тарихи деректерге құрылған. Кейіпкерлердің өмірден алынғандығы туралы Сапарғали Бегалиннің “Сахара сандуғаштары” (1976), А. Әуезовтің “Жас Мұхтар” (1977), Т. Жұртбаевтың “Бесігінді түзе!...” (1997) атты кітаптары мен “Мұхтар Әуезов туралы естеліктер” атты жинақта (1997) молынан мағлұмат берілген. “Текшенің бауырында” атты екінші әңгіменің прототипі белгілі қазақ бунтары Тәуке Мұстафаулы Саптаяқов. Бұл туралы Мұхтар Әуезовтің өзінің берген мағлұматтары жоғарыда аты аталған қаламгерлердің еңбектерінде келтірілген.

Жазушының “Шолпан” журналындағы алғашқы нұсқасына кейіннен енгізген өзгертулері онша көп емес. Дегенмен де қаламгердің шығармашылық шеберлігі мен көркемдік шындалу жолынан хабардар ету үшін бірінші нұсқадағы мәтіндерді назарға ұсынамыз.

### 1. Сыбанның моласында

1. 140-бет. “Шолпан” журналындағы нұсқаның 84-бетіндегі: “Даладағы кең таза ауадан, көрікті суреттен көңілге белгісіз болса

да бір қуанышты үміт кіргендей болып, кең даладай, кең қиял сол даланың еркін желінше адам ойында еркі алып тұрғандай еді”, – деген сөйлем кейінгі басылымдарда: “Даладағы мөлдір таза ауадан, сүйкімді суреттен көңілге белгісіз бір өмір кіргендей болады, қиял кезеді”, – деп ықшамдалып берілген.

2. 141-бет. Бұл арадағы сөздер өңделіп, қысқарған. Алғашқы нұсқада мынадай: “Ұзақ жолда ыстық күннен оңғандай болып сарғыш тартқан отты көздері, үлкен құлақ, кесек мұрын бұл адамды ескіліктің тірі қалған белгісіндей көрсетіп, көңілдің өзіне үлкен құрмет тудырғандай болатын. Жортар ескінің шын сарқыты екен. Қасымыздағы екі-үш кісімен дөң басына келіп отырған соң мен ақсақалға көңілге алған тілегімді айттым. Ақсақал басында әдепті жылы шыраймен: “Қарағым, көргеннің көбі көмескі тартып, ұмытылып қалды ғой, еске түседі деймісін”, – деп аз отырды. Артынан қасымызда отырған жұрттын бәрі де менің тілегімді қостап, шалымыздың тұрғыласы Құдайберген ақсақал: “Айтып бер балаларға бір әңгіменді. Енді бізге әңгіме айтқаннан басқа не қалды”, – деп күлген соң Жортар ақсақал бір әңгімесін айтпақшы болды. Батырдық ұғымды, шешен тілмен айтқан әңгімесі мынау еді: – Сендерге мен көрген соғысымды, ұрыс-төбелесімді айтпай-ақ қояйын. Өзімнің қатты бір қорыққан жерім болды. Соны айтайын, – деді. Біз тыңдауға ыңғайланып, батырдың салқын жүзіне телміріп: “Айтыңыз, айтыңыз” – дедік.

3. 144-бет. Бұл сөйлемдер де өңделгеннен кейінгі нұсқа болып табылады. Алғашқы басылымда былай жазылған: “Сөйтіп, есім шыққан күйде зәрем кетіп отырғанда әлгі нәрсе қыбырлап, маған қарай қозғалғандай болды. Иманымды айта бастадым”. Әрі қарай сол текст бойынша жалғаса береді.

Бұлардан өзге елеулі түзету жоқ. Тек: “елестегендей болып еді”, “сияқтанушы еді”, “ығымды”, “жетуші еді”, “еш нәрсе көрінбейді”, “қолсозымдай”, “ұмтылдым” деген сөздер кейіннен – “елестегендей еді”, “сияқтанды”, “мазаны”, “жетпеуші еді”, “түк көрінбейді”, “қолсұғымдай” деп өзгертілген.

## 2. Текшенің бауырында

Бұл “Қыр әңгімелерінің” ішіне кіретін екінші әңгіме. “Шолпан” журналында “Сыбанның моласында” атты әңгімеге жалғаса жарияланған. Мұнда елеулі өзгерістер жоқ. Кейіннен өңделіп, қысқарған тұстардың түпнұсқадағы үлгілері мынадай:

1. 146-бет. “Көз алдымнан бүгін шыққан ауылдың жаздайғы қызығы, жайлаудағы өмірдің көз көрген көп-көп желігі, рақаты бірінен соң бірі

келіп, елестеп еске түсіп, ұйқы бермеді. Ақырында талып, шаршағандай болып ұйықтап кетіппін”.

2. 147-бет. “Бүгінгі түн жарық. Айлы. Қалғып тыныс алған майда түн еді. Көңілге әлдеқайда: тоғайлы, ұйқылы, маужыраған сайда күбірлеп сөйлесіп, бұралып сүйісіп, махаббат, сағыныш қызуымен, бір тоңазып, бір ысып, сұлдер құрып, үздігіп тұрған кездерді еске түсіргендей еді. Түн сондайлық махаббатты демалыстың, бақытты сағаттың түні еді-ау. Шіркін, сұлудың сондағы тілі тәтті еді – деген, әлсіз арман ойға түсуші еді”.

3. 147-бет. “Кей жерде күлкілі жүзі өзгеріп, қоңырқай тартып томсады. Екі жағындағы аласа тоғай ұйқыға батып, тыныштық алып тұр. Қалғып тұрған жапырақтардың шұбартқан көлеңкесі су бетіне түсіп дірілдейді. Суы көп сайдың дымқыл салқыны денені шымырлатып, тоназытқандай болады. Сайдың екі жағындағы қалың биік таулар, өзенмен бірге жарысып келе жатқан иінтірескен қара жартастар, салқын тыныштықтың ортасында әлі мінәжат пен кәрі жүзі томсарып тұрған сопыларға ұқсайды. Дүние қараңғылығына ұқсаған қара көлеңке қайғылы жүздерін түнертіп, қоңырқай тарттырады”.

4. 147-бет. “Алдымызда Қоянды таудың ең үлкен биігі – Текшенің қоңырқай аспанда қарақошқылданған биік басы көрінді”.

5, 6. 148-бет. “Біз әңгімесін күтіп келе жатқанда ақсақал жанынан шақшасын алып, мұрнына насыбайын баптанып иіскеп алып...”.

7. 148-бет. “Ауылдың үлкендері ол күндері көрсе – жібермейді. Әкемнің дәулеті сол күнде де мол болатын. Сондықтан менің ұрлық қылғаным үшін барлық ағайын-туысқанның бәрі де иттің етінен жек көретін. Хабарды алған соң: “А, құдай! Енді ауылдың біреуінің көзіне түспей кетсем екен”, – деп атымды әкеп, өз отауымның тасасына байлап қойдым. Қас қарая салысымен жөнелмекші болып отырмын. Ауыл қозысын алып болды. Ымырт жабылып, қарайды. Сонан соң жалмажан атымды ерттеп жіберіп, жолға керек саймандарымды жиып алып, жүріп кеттім. Ешкім білген жоқ. Түні бойы соқтырып жүріп отырып, таң ағарып атып келе жатқанда осы Текшенің бауырында бір машықты сайым бар-ды, соған жетіп келдім”.

8. 150-бет. “Сол жерге келіп, балта сабы екі кезеңнің түбінде қак бөлініп тұра қалыстық. Түстеріміз сол уақытта бір түрлі суық болып кеткен екен. Тымақтың құлағын тегіс жымыра байлап алғанбыз. Түсіміз сұп-сұр болып кеткен. Қолда шашақты найза, қара сойыл, ұзын айбалта, азғантай ғана уақыт тостық. Бір мезгілде кәдуескі көшкен елдей ырғалып-жырғалып жаймен келе жатыр екен. Ылғи күліп-ойнап, рақаттанып келе жатқан қыз-келіншек, бозбалалардың қасында тұрып екі қыздың қосылып салып келе жатқан әнін де естідік. Содан әбден

жақындап, екі-үш арқан бойындай ғана жер қалғанда кикуды салып, ағашты қағыстырып сатырлатып келіп тиіп кеттік. Жер де айқай, көк те айқай болды. Жүргіншілер жер астынан шыққандан болып самсаған сары қол қаптап қоя берген соң есі шығып кетті. Қашуға да шамасы келмеді. Келе араласқанда топырлатып түсіре бастадық. Қару жоқ, бір сасқалақта бір-екеуінің қолына ғана ағаш түскен екен, қарсылық көрсеткен солар болды. Оның біреуі – қыздың күйеуі, біреуі қыздың жас бауыры екен”.

9. 151-бет. “Кыз – Матайдың ең бір бай жерінің қызы екен. Алты қанат ақ отауымен оншақты түйеге жасау артып, толықсып келе жатқан беті екен. Қыздың басында сәукелесі бар, мінгені судай қара жорға ат. Қасында екі қыз, бір келіншек нөкері бар, қара көз, қызыл жүзді, ақ қыз екен. Жасы 19-дың шамасына келген, сұлу пішінінің толықсып тұрған кезі”.

10. 151-бет. – “Менің әлі іздеп жүргенім дүние ме екен? Олай болатын болса, Найманның жылқысын алудан оңай іс бар ма еді? Мен Мырзатай ауылынан өмірінде кетпестей кек алмақпын. Сондықтан қасақана жасауынан бір жіп алмаймын, 9-10 күнге шейін тұтқын қылып жатамыз. Қазір бәрінің де көзін таңып, еркектерінің қолын тегіс артына байлап, атқа мінгізіп Текшенің бауырына алып барамыз, – деді. Бәріміз де осыны мақұл көрдік”.

*Т. Жұртбай*

## ҮЙЛЕНУ

“Үйлену” әңгімесі алғаш рет “Сана” журналының 1923 жылғы 1-санының 74–82-беттерінде “Жас жүректер” деген атпен жарияланды. Шығармаға “Қоңыр” деп қол қойған. Әңгіменің соңына: “Аяғы бар”, – деп ескертпе берген. 1935 жылы шыққан “Караш-Қараш” атты жинаққа “Үйлену” деген тақырыппен енген. Кейіннен 1960 жылы жарық көрген осы аттас кітапқа да сол басылым бойынша кірген. Алайда әр басылымға кезінде үлкенді-кішілі өзгерістер жасап отырған. Сөйлемдерді стильдік тұрғыдан өңдеген, қысқартқан, жаңадан сөз, сөйлемдер қосқан. Бірақ оқиғаның ұзын-ырғасы мен көркемдік шешімі сол күйінде қалдырылған.

Жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томында (92–99-беттер), жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томында (133–141-беттер) басылды. Елу томдық толық жинаққа соңғы басылым негіз етіп алынды. 1923, 1935 және 1960 жылғы нұсқалар өзара салыстырылды. Олардың арасындағы айырмашылықтар түсініктемеде беріліп отыр. Әңгімені орыс тіліне В. Дудинцев пен Н.Гордеева аударған. Ол М. Әуезовтің Мәскеуде жарық көрген бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (1973) басылды.

“Үйлену” әңгімесі автобиографиялық сыпат танытатын шығарма. Оған М. Әуезовтің жастық шағында басынан кешкен жайлары арқау болған. Бұл жөнінде М. Дәулетбаевтің, М. Әуезованың Ж. Жағыпарованың (“Мұхтар Әуезов туралы естелік”, 1997) естеліктері мен Тұрсын Жұртбаевтың “Бесігіңді түзе!..”, А. Әуезовтің “Жас Мұхтар” (1977) атты еңбектерінде өмірлік мағлұматтар берілген.

Әр басылымдағы (1923, 1935, 1960) айырмашылықтар мынадай: 1. 154-бет. “Жайлауға жаңа жеткен ел жіңішке өзеннің бойына шалғынды жерді қуалап, жағалай қонған. Жіңішке өзеннің оңтүстік жағы іш пыстыратын ұзақ сары жазық. Көз ұшында, сар даланың шетінен жотасы көрініп, иректеліп созылып жатқан көк тау көрінеді”. (“Сана”, 1923 жыл, № 1, 85-бет.).

“Жайлауға жаңа жеткен ел жіңішке өзеннің бойына шалғынды жерді қуалап, жағалай қонған. Көз ұшында, сар даланың шетінен жотасы көрініп, иректеліп, созылып жатқан көк тау көрінеді”. (“Караш-Қараш” жинағы, 1960 жыл, 182-бет.).

2. 155-бет. “Анда-санда тыныштық алайын десе де, сәйгелдің бірқалыпты ызыңы естілгенде көзі аларып, құйрығын шаншып, жан-жаққа бытырай жөнеліп, мазасызданып жүр”. (“Сана”, 85-бет).

3. 156-бет. “Мұның бір себебі: күйеу болып отырған Қасым осы ауылдың көрші болысы, Қызылшіліктік жаңа сайланған “уолисполком” бастығы болатын. Ел ішінде аталы ауылдың баласы, биылғы жылы партия басы болып, елінде алдымен атқа мінген жігіт. Сондықтан өзі балаң батыр, өнерлі болмаса да, атасының әруағын сыйлап елі осыны болыс қойған.

Күйеулердің бұдан басқа сыйлы болатын бір себебі: бұлардың қасына Қасымды болыс сайлаған (инструктор) Оспан да ере келген. Оспан осы мандағы 3-4 болысқа келген сайлаушы төре. Өзі шала оқыған мұғалім болса да өнерімен жетілген, ұлықтықты ұқсата білген, сый-құрметті тәуір көретін жігіт болғандықтан, Қасым аужайын байқап, әдейі қасына ертіп, қонақ ретінде алып келген. Сайлаушы төренің саяси пікірі қыр тұрмысына үйлеспесе де, қазақты жақсы көретіндіктен анау-мынау ұсақ “формальностиді” былай тастап, бәйбішенің үстіне тоқалдыққа Байбосынның қызын алғалы отырған Қасым досының қасына еріп келген”.

4. 157-бет. “Біраздан соң құрт қайнатып жатқан кемпірге келіп: “Бұдан не шығарасың, кемпір? – деп күлімсіреп: “обрабатывающий промышленность” осы ғой”, – деді. Қасындағы жігіттер төренің бар сөзін мақұлдап: “Біздің казекеннің осындай қазақшылығы болады” – деп мысқылмен күліп қойды. Оспан осыдан аз-ақ бұрын құрт ішемін деп жер ошақты жағалап, шешесінің мазасын ала бергенде, басына талай тиген ожауды ұмытып, қазір де сол құртқа кісілік көрсеткендей болып тұрады”.

5. 159-бет. “– Ата-анаңыз атастырып қойған екен. Иә, оның үстіне күйеуіңіз бір елдің болысы, ұлығы, енді “тимеймін” дегеніңіз ылайық бола ма? Мен бұл сөзді тастауыңызды сұраймын, – деп қызға қарап күлімсіреді”. Жәмиланың түсінде жігіттің сөзі әсер бермегендігі білініп тұрды. Ол Оспанның сөзін естіп болған соң, ақырын езу тартып күліп, жігіттің бетіне тура қарап отырып: “Осы өзіңіздің аузыңыздағы сөзіңіз бе? Жоқ, Қасымға еріп келген соң жолдастықты ақтайын деп отырсыз ба?” деді. Оспан басында не айтарын білмей қысылыңқырап, рақымы түскен пішінмен күліп: “Әйтеуір айттым ғой, әуелі менің сөзіме жауап берсеңізші”, – деді. Қыз:

– Өзгенің жөні бір басқа. Жалғыз-ақ сіздің жеңге болғаныңыз қисынсыз емес пе? Әйелге бостандық әперетін сіздер десек, өзіңіз бұны айтқаныңыз дұрыс па? – деп үйір болып қалған кісінің пішінімен Оспанға тағы қарады. Оспан:



– Сіз мені жеңге деп “оскорблять” етесіз, мен мұныңызға ренжимін,— деді.

– Олай болса жөніңізге көшіңіз! Өзіңіздің жастығыңызға, орыныңызға қарағанда лайық па? Жок, басқа жұмыс лайық па, соңы ойлаңыз!”.

6. 160-бет. “Аяғында қыз сөзінің көбі, Оспанның үмітін әбден нығайтқан соң, қырдағы пішіні тәуір әйелдің бәріне істеп жүрген дағдылы машығына салып, төре белгілі тілек айта бастады. Көптен калжыңменен жағалатып айтып отырған сөзінің бетін ашты. Қыз бұл жерде де қысылған жоқ, көп естіген сөзінің бірі екендігі, ашық күлкісінен білініп тұрды”.

7. 160-бет. “Біраздан соң Оспан орнына қайта келіп отырып, қыздан оңаша жолығатын уақыт сұрады. Жымиып күліп:

– Айтқаныңыз жаңа, асыққаныңыз не? Әуелі менің тілегімді естіңіз, – деді. Оспан:

– Айта ғой, олай болса тілегінді...

– Тілегім: біздің жақындығымыз – аз күндік жақындық болмасын. Лайық көрсеңіз, өмірлік жолдас болайық деймін. Осыны қалай көресіз?

– Жәміш! Менің де айтқалы отырғаным осы еді. Енді сөзіміздің байлауы осы болсын. Сен – менікі, мен – сенікі!”.

8. 160-бет. “Осымен сөздің аяғын бітіріп, екеуі талай жылдан көрісе алмай сарғайысып жүрген ғашықтардай құлаштарын жайып, құшақтасып, табысып, сүйісіп, уақытша айырылды”.

9. 161-бет. Әңгіменің соңындағы: “Бәрі де сандарын соғып: “Қап, мынау қаңғырған неме қылып кетті... Бұны оқыған деп... Оқуың бар болғыр... Бұлардық бәрі осы! – “деп қала берді” – деген сөз кейінгі басылымдарда қысқартылып қалған.

Сонымен қатар: “сыртын қызыл манатпен”, “желігіп жүр”, “қалжын қылып”, “шырқап салған”, “болып тұрады”, “батасын айттып”, “қашқанмен”, “жарасып тұр”, “қайтарды”, “оятқандай көрінді”, “сөзінен”, “пішінін”, “айта бастады”, “ертеңгі күн болады”, “сөйлескенге”, “деп”, “уағда қылған”, “тұрады” деген сөздер – “сыртын манатпен”, “желігіп өтиседі”, “қалжындасып”, “шырқаған”, “болып тұрды”, “батасын беріп”, “қашқанның да”, “жарасқан”, “қайырды”, “оятқандай еді”, “мүсінін”, “айтуға ауысты”, “сөздерден”, “ертен болады”, “сөйлескенде”, “десті”, “уәде қылған”, “тұр еді” – деп өзгертілген.

Әңгіменің соңына “Жаяу сал” деп қол қойған.

*Т. Жұртбай*

## “ОҚЫҒАН АЗАМАТ”

Әңгіме 1922–1923 жылдары арасында Түркістан АССР-і Орталық атқару комитеті шығарып тұрған “Шолпан” журналының 1922 жылғы 2-3 және 1923 жылғы 4-5-сандарында жарияланды. Содан кейін латын харпінде басылған “Ескілік көлеңкесінде” (1935) атты жинақта, кирилл харпінде “Жұлдыз” журналының 1957 жылғы 8-санында, “Қараш-Қараш” атты жинақта (1960), Мұхтар Әуезов шығармаларының он екі томдығының (1967 – 1969) 1-томында (1967), жиырма томдық шығармалар жинағының (1979 – 1985) 1-томында (1979) жарық көрді. Қолжазбаның түпнұсқасы сақталмаған. Шығарманың аты алғашқы араб харпіндегі жарияланымында тырнақшаға алынбаған. 1960 жылғы басылымында жазушы әңгіменің кекесінді сыпатына орай “Оқыған азамат” деген сөзді тырнақшаға алып, онын мазмұнына өзгеше емеурін берген. Кейінгі басылымдардың барлығында да 1960 жылғы нұсқа бойынша жарияланып келеді. Әңгіме бірнеше шетел тілдеріне аударылған.

Әңгіменің негізгі желісіне өмірде болған оқиға арқау етілген. Мұхтар Әуезовтің жас шағындағы досы, Семей уезі Кәкен болысының азаматы, “Ес аймақ” ойын-сауық үйірмесінің жетекшісі, “Ел ағасы” пьесасын сахнаға шығарған Сейітқазы Тоқымбайұлының тағдыры арқау болған. С. Тоқымбайұлы Семей жастарының басын қосып, 1918 жылы “Уақ қарыз серіктігін” ұйымдастырды. Осы серіктестіктің қаржысымен “Абай” журналы шығып тұрды. 1921 жылы ақпанында Затонда, “Ел ағасы” спектаклін қойып, суық тиіп, он күн өткен соң қайтыс болды. Ол туралы “Қазақ тілі” газетінде “Күйінішті өлім” (1921 ж., 21 наурыз) деген атпен қазанама басылды. Кейіннен марқұмның әйелі өзінің бір жақсы досына, Шыңғыс болысының оқыған азаматына тұрмысқа шығады. Шешесі қиялданып жүріп қайтыс болады. Бұл оқиғаның өмірлік деректері Ғ. Сармурзиннің “Өмір сабақтары”, “Өнеге”, А. Әуезовтің “Жас Мұхтар”, Т. Жұртбаевтың “Бесігінді түзе!..” атты кітаптарында толық талданған.

1922 жылғы “Шолпанда” жарияланған алғашқы нұсқа мен 1960 жылғы жарық көрген нұсқаның арасында жазушының көркемдік нысанасын байқататындай немесе оқиғаның желісіне әсер ететіндей

елеулі өзгеріс жоқ. Негізінен, стильдік қырнап-жонулар мен ішінара қысқартулар жасалған. Сондай-ақ басты кейіпкердің аты Масғұттан Максұт деп өзгертілген. Шығармадағы негізгі өңделіп, қысқартылған тұстар мыналар:

“Оқыған азамат”. 1922–1923 жылғы “Шолпандағы” нұсқа:

1. 162-бет. Әңгіменің алғашқы нұсқасында бұл арадағы көріністер мынадай қалыпта басылған: “Түссізденген тұңғық көк, мөлдіреп жасарғандай пішінде, жарығы көз тайдыратын нұрлы күн. Жазғы түріне түскендей болып өзгеше жарқырап тұрса да, ызғарлы қар, суық һауа қызуын жоғалтып, жарығына жансыздың табын басып тұрғандай.

Жер қарлы. Үш-төрт күннен бері қарай ажары сынған шыңылтыр аяз бұ күнде сықырлап білініп тұр. Күншығыстан анда-санда лебі сезіліп тұрған жел, суықтың көрігіндей болып, ызғарын көбейтіп тұр. Кейде сүйектен өткен салқыны бетті шымырлатып, денені тоназытады...

Тұрғын халқының көбі қазақ болған Сібірдің кішілеу қаласы, қыстың ақ кебінін даламен бірге жамылып, табиғаттың жалпы күйін күйлеп тұр”.

2. 162-бет. Бұл арадағы сөздердің алғашқы нұсқасы мынадай: “... Қаланың шеттерін жыртылған ескі жабудай жалба-жұлба қылып, ыдыратып, тоздырып тұр.

Қаланың орта жерінде базардан суға қарай түсетін әншейінде көңілді Земский көшеде қазіргі сағатта жүргіншілер сиреген, иесізденіп тұр. Анда-санда бірен-саран теріні бұшпағынан сүйретіп, қыл-қыбырын арқалап, базарға қарап аяндап бара жатқан жаяу алыпсатарлар көрінеді”.

3. 163-бет. Алғашқы стильдік тұрғыдан өңделмеген нұсқасы мынадай: “... Кішілеу екі бөлмелі үйдің төргісінде, биік төсектің үстінде астына салған құс төсегі бар, басында екі-үш ақ жастық бар, қалындау көрпені жамылып, қатты ыңкылдап, шыдамсызданып Масғұт жатыр екен. Беті ашандап жүдеген. Әншейіндегі ақ сұр түсі күрдененіп ісінген. Көзі қанталап, жастанып, шатынағандай. Қысқалау қою кара мұрты, сұлу қара қасы, қайырған ұзын шашы да қатып қалғандай болып жабысып, жансызданып тұр”.

4. 164-бет. Әуелгі нұсқа: “Мені... сөкпейсіңдер ме? ... Менде жазық жоқ қой...” – деп қайтадан шатасты. Мейірханның көзіне жас келді. Ауызына жұбатарлық сөз түспеді”, – делінген.

5. 164-бет. Бірінші нұсқадағысы: “Мейірхан тағы да жұбатпақшы болып бір-екі ауыз сөздер айтты. Бұлардың бәріне Масғұттың нашар науқасының үстіне түйін болған нәрсе – бүгін танертең доктор келіп, ауыруды қарап: “Сары сүзек екен, емдеуден өтіп кетіпті, өледі” – депті”.

6. 165-бет. Бұл арадағы бірінші нұсқадағы сөздер мынадай: “Бұл адамшылық тәрбиесі жоқ қала қызы... Біреумен кетеді-ау. Сол күнге

шейін тірі отырса кемпірдің қайғысы қандай болады?.. Содан үлкен дерт бола ма?.. Жалғыз-ақ құдайдан тілейтінім: осы қатынды алатын кісі Масғұттың жолдасының бірі болмаса екен. Бір танылмайтын жат кісі болса екен. Бүгінгі жүрген жолдасының бірі алса, ол қайғы сорлы кемпірге мынадан жүз қабат болады ғой. Тағдыр енді ең болмаса осы жерде ая, бұл байғұсты”, – дегендей ой ойлады”. Кейінгі басылымда бұл абзац толықтай қысқарған.

7. 165-бет. Бұл арадағы сөйлемдерге стильдік тұрғыдан өзгеріс енгізілген. Әуелгі нұсқадағысы: “Кішкене үйдің ішіндегі бұл секілді күдікті, ауыр хал көп күндерге созылған жоқ. Еңсесі кеткен ауру күннен күнге төмендеп, сөніп бара жатқан жарықтай бәсеңдей берді. Ақырында бір күн түске таянған мезгілде тіл-ауызын қойды. Кеудесіне дем алған сайын сырыл пайда болды. Ауру әлсізденіп, бұрынғыша денесін не қозғай алмай, көзін анда-санда ашып-жұмып, сұлық жатты”.

8. 166-бет. Бұл арада: “Қараңғы көр жұрттың есіне суық елімді түсіргендей болды. Көп жұрт бір қараған соң шыдай алмай, теріс айналып кетісті” – деген сөйлем қысқартылып, өңделіп берілген.

9. 167-бет. Әуелгі нұсқадағы: “Тағы бірнеше минут өткен соң жұрттың бәрі үолі топырақты көрге төгіп, Масғұтты ықыласпен көмді” – деген бір сөйлем кейінгі нұсқада жоқ, қысқартылып қалған.

10. 168-бет. Бұл сөйлем соңғы басылымда өңделіп, қысқарып берілген. Алғашқы басылымдағы сөйлем құрылымы мынадай “Соңғы уақытта Жұмағұл жалғыз да болса келгіштеп, Қадишаның келген сайын көңілін көтеріп кететін ермегі болуға айналған сияқты”.

11. 170-бет. Бұл абзац та өңдеуге ұшыраған. Кей сөздер мен сөйлемдері қысқартылған. Түпкі мәтіні мынадай: “Далада су молайған. Айналада көз ұшында, жарқыраған айнадай шарасынан суы асып, мөлдіреп жатқан көлдер көрінеді. Жағалай жүрген мал, шашырап жайылып, көл айналасында шұбартып жүр. Жарық күнге шағылысып, шалқиып көрінген ақ ауылдарды сағым көтеріп, елестетіп, үйлер жұмыртқадай болып жұмырланып тұр. Жайлауға қарай жаңада беттеп көшкен ел Шыңғыс тауынан асып келіп күнгейде отыр. Ауыл-ауылдың бәрі де үлкен той күніндей көңілді. Қыр тұрмысындағы қызықты жаздың желігіне ел жаңа кірісе бастағандай”. Қыстан мал күйлі шыққандықтан, жұрттың бәрінің мінгені жазғытұрғы көкке семірген ат, айғыр, ту биелер, екі-үш кісінің басы қосылса – жарыс, аударыс, ат сынасу, күш сынасуды ермек қылған. Күнгейге келгеннен бері қарай ауыл-ауылдың үлкендері: “Құлындар жетіліп қалды, жайлауға қымызсыз барғанның орыны жоқ. Енді бие байлауға керек”, – деп сөз байласқан”.

12. 180-бет. Әңгіменің соңындағы: “Жұмағұл, Қадишаның Мұраты қара күшті жұмсамай-ақ орынына келді”, – деген сөйлемді жазушы

қысқартып: “Жұмағұл, Қадишаның мұраты орынына келді” – деп ықшамдап берген.

“Шолпан” журналындағы әңгіменің соңына “Мұхтар” деп қол қойған.

Жазушы бұдан басқа алғашқы нұсқадағы бірен-саран сөздерді өзгертіп, басқа баламасымен ауыстырған, стильдік тұрғыдан қырнап-сырнаған. Бұл сөздер жалпы әңгіме мазмұнына елеулі өзгеріс әкелмегендіктен ол сөздерді салыстырып көрсетуді артық санадық.

***Т. Жұртбай***

## КІМ КІНӘЛІ?

Әңгіме алғаш рет 1923 жылы “Шолпан” журналында жарияланады. Одан кейін бұл әңгіме 1935 жылы басылып шыққан “Ескілік көлеңкесінде” (78–100-беттер) деп аталатын жинақ пен “Қараш-Қараш” (1960 жыл), он екі томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967 ж., 125–146-беттер), “Қилы заман” жинағында (“Жазушы”. 1979, 284–308-беттер), жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томында (“Жазушы”, 1979, 169–193-беттер) жарық көрді. “Шолпан” журналындағы нұсқасы табылмағандықтан, 1935 жылғы “Ескілік көлеңкесінде” жинағындағы басылым, жиырма томдықтағы нұсқасы салыстырылып, елу томдық академиялық толық басылымға жіберіліп отыр. “Ескілік көлеңкесіндегі” басқа әңгімелерді алғашқы жарияланымымен салыстырып қарағанда, бірлі-жарым өзгеріс болмаса айта қоярлықтай түзету, толықтыру сияқты өзгерістер байқала қоймайды. Соған қарағанда “Кім кінәлі?” әңгімесінде де жанарту, жаңғырту процестерінің болмауы мүмкін.

“Ескілік көлеңкесінде” мен 1960 жылғы “Қараш-Қараш” жинағындағы басылымдарды салыстыра қарағанда мынадай айырмашылықтар байқалды:

“Ықшамды киімі” – “Ықшам киімі”, “жас жігіттерге ұсайды” – “жас жігіттерге ұқсайды”, “кетпеген сияқтанды” – “кеткен жоқ”, “кінәлағандай болып” – “кінәлап”, “сондықтан байының” – “байының”, “сөйлеспекші болды” – сөйлеспек болды”, “қарап отырып” – “қарай түсіп”, “Сүйтіп отаудағы жігіттер” – “Отаудағы жігіттер”, “Сен сонда бар” – “Сонда бар”, “Шыдайтындай еді” – “шыдайтындай”, “ниет қылғандай болды” – “ниет қылған”, “қызғанып еді” – “қызғанады”, “Есләмнен уағда алды” – “Ісләмнен уәде алды”, “ұсады” – “ұқсады”, “ашу белгісі шыққандай болып томсарып қалды” – “шыққандай томсарып қалды”, “Айша бұл сөзге таң, қалған пішінмен күліп” – “Айша бұл сөзге таң қалды”, “айтқан сөзі” – “айтқан тілегі”, “анықтап түсінгендей болды” – “түсіне берді”, “тұрған еді” – “тұрған”. “Ертең шақырсаң да жылы ұшырай қалады екен деп ойламай-ақ қой” – “Ертең шақырсаң да басқа болмаспын”, “сөйлеспекші болды” – “сөйлеспек болды”, “мығым

көрінеді ғой” – “мығым көрінеді”, “уағда қылып” – “әуре қылып”, “соны айт?” – “осыны айт?”, – “тепкілеп ұра бастады” – “тепкілей бастады”, “тиылмай жылап жатты” – “тиылмады”, “жол көріп еді” – “жөн көрген”, “күшейе бастады” – “күшейе түсті”, “Сол сөздің” – “Бұл сөздің”, “арбаға отырды” – “арбаға мінді”.

Міне, бұлар 1960 жылғы басылымға енгізген өзгерістер. Енді 1935 жылғы басылымнан қалып қойған сөз-сөйлемдер де кездеседі. Кейде кейбір сөйлемдер ықшамдалған немесе басқалай құрылған.

“Жас әйелдің жүрегі әлденеден қысылып дүпілдегенін, сұлу жүзіне ойнап шыққан ыстық қаны сыртқа шығарып алғандай болды” (81-бет), “Енді ол қаттылықтың бітетін кезі жетті. Мен бүгін тілемесем де” (85-бет), “Сол тілегімді орындайсың деді” (85-бет), “Бұл күнге шейін бақытты үміт қартайған көңілдей болып салқындаған сияқты, көр қараңғылығындай суық қараңғылық басып барады” (90-бет).

Осыларға қарағанда қайта басылымдарында жазушының алшақтық танытатындай жөндеп-өңдеулерге бармағандығы көрінеді. Жас кезінде-ақ шымыр жазуға машықтанған суреткердің туындылары ондайларды қажет етпейтін де еді.

*Т. Әкімов*

## СӨНІП-ЖАНУ

“Сөніп-жану” атты бұл әңгіме тұңғыш рет Ташкентте шығып тұрған “Шолпан” журналының 1923 жылғы 6, 7, 8-сандарында “Заман еркесі” “роман” деген атпен жарияланды. Шығарманың соңына “Аяғы бар. Мұхтар” деп қол қойған. Кейіннен “Сөніп-жану” деген атпен 1936 жылы жарық көрген “Қараш-Қараш”, 1960 жылы шыққан сол аттас жинақтарда өңделіп, қысқартылып, ішінара толықтырылып басылды. Сондай-ақ, жазушы шығармаларының он екі томдық басылымының 1-томына (1967, 100–124-беттер), жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томына (1979, 142–170-беттер) және әр жылдары жекелей жарық көрген түрлі жинақтарға енді. Мұның барлығына 1960 жылғы “Қараш-Қараш” кітабындағы нұсқа негіз етіп алынды. Шығармаларының елу томдық толық жинағына да сол басылым негіз болды. Алайда, “Шолпан” журналындағы алғашқы нұсқасымен салыстырылып, текстологиялық саралаудан өтті. Саралауды жүргізгендер Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев.

Жазушының өзі “роман” деп атағанымен де шығарма толық жарияланбаған. “Заман еркесі” романы жазылды ма, жоқ па, ол туралы нақты деректер жоқ. Тек “Өз жайымнан мағлұмат” атты Смағұл Сәдуақасовқа берген анкеталық жауабында (“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, 382-папка) ертеректе жазылған бір көлемді шығармасының бар екендігін, оның қазір қайда қалғандығын білмейтіндігін тілге тиек етеді. Бұл арада М. Әуезовтің қай шығармасы туралы сөз болып отырғаны көрсетілмеген. Із-түссіз жоғалып кеткен “Сұғанақ сұр” хикаяты ма, әлде, “Заман еркесі” ме? Бұл жағы әзірше беймәлім.

Шығарманың негізгі желісіне жиырмасыншы жылдардағы қазақ зиялыларының басынан кешкен психологиялық қайшылықтар мен сентиментальдық сезім иірімдері арқау болған. Жеке өмірбаяндық сыпат беретін тұстар да бар. Ол туралы толық дерек пен әдеби талдаулар Ғ. Сармурзиннің, Т. Жұртбаевтың, А. Әуезовтің естеліктері мен зерттеу кітаптарында баяндалған. “Сөніп-жану” әңгімесі шет тілдеріне әлі аударылған жоқ.



Жазушы өзінің бұл әңгімесін екі рет – 1936, 1960 жылдары қайтадан өңдеген. Алғашқы нұсқа мен кейінгі нұсқалардың арасында пәлендей елеулі өзгерістер болмағанымен де назар аударарлық жайлар бар. Соның ішінде, ұлт тағдыры туралы толғанатын кейіпкер толғаулары, заман туралы ойлары, ішкі буырқанысты сезімді бейнелейтін тұстары кейіннен қысқартылған. Бұл шығарманың лирикалық әуеніне әсер еткен, кейіпкердің көңіл күйлерін толық ашуға, оның өмірден түңілуі мен сүйінуінің себептерін түсіндіретін, ашатын психологиялық желілерді тереңдете түсуге мүмкіндік бермеген. Ондай мүмкіндіктің тумайтынына көзі жеткен соң, шығарманы аяқтамай, осы арадан үзіп тастауды жөн көруі де мүмкін.

Екі нұсқаның арасындағы негізгі айырмашылықтар мыналар:

11. 205-бет. “Заман еркесінің” басында берілген:

“Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,  
Салқын, қуыс – өмірі ия қараңғы.  
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,  
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды...  
Бала мінез, ойыншы бұрынғылар,  
Аңқау екен, мазактап соны сынар.  
Артқа карап, ақ пейіл шалға күліп,  
Абұйырсыз, атаксыз көрге құлар.

“Абай”, –

деген шығарма эпиграфы кейінгі нұсқада алынып тасталған.

Бұл негізінен Абайдың өзінің төл туындысы емес, орыс ақыны М. Ю. Лермонтовтың “Ой” деген 11 шумақтан тұратын өлеңі. Соның ең бірінші және тоғызыншы шумақтары ғана эпиграф етіп алынған.

2. 205-бет. “Шолпанда” жарияланған нұсқада: “Жүргіншілер келе жатқан қабат-қабат биіктің арасында бұралып жатқан жіңішке жасыл өзек кейде тарауланып көп салаға бөлініп” – деп жазылған. Кейіннен жазушы “бұралып, жасыл” деген сөздерді қысқартқан.

3. 205-бет. “Заман еркесінде”: “... бұлардың жолдасы – Есімжан еді” – деп жазылған.

4. 205-бет. “Заман еркесінде”: “айырылған апа-қарындас”.

5. 206-бет. Бұл сөйлемдерді жазушы кейіннен өңдеп, түзеу барысында жаңадан жазған. 1-басылымдағы мәтіні мынадай: “Оқыған жігіттер елдің бұл күйін көзімен көрсе де, жаңадан қырға келгендіктен ағайын-туысканды аралап, қыдырып жүрген”.

6. 206-бет. Мұндағы “еді” деген сөздің орынына бұрын “болатын” деп жазылған.

7. 206-бет. Бұл араға да түзетулер енгізген. Алғашқы нұсқасы мынадай: “Жігіттер әуелгі келе жатқан бетінен жалт бұрылып, ит

дауысы шыққан жаққа жүрді. Енді біраз бүлкеттеп, кішкене төбенің басына шыққанда жарты шақырымдай жерде тұрған ауылдың тыстағы жарқыраған оты көрінді”.

8. 207-бет. Бұрын бұл сөйлем: “Иттер жолаушылар ауылға жақындаған сайын қатты үріп” – деп басталған.

9. 208-бет. 1-нұсқада: “... бұрын түс таныстығы жоқ болса да жатырқамай, бұларды күтіп-сыйламақ болған”.

10. 208-бет. Кейінгі нұсқада: сөз аяғындағы жалғауларды өзгерткен. Бұрын: “ақырын дауысында, әдепті, сыпайы сөзінде” – делінген.

11. 208-бет. “Бұрын мұндай ауыртпалық кезінде басшылық етеді деп үміт қылатыны – оқыған азаматтар болушы еді” – деген сөйлем кейіннен қысқарып қалған.

12. 208-бет. 1-нұсқада: “Сыздық Мақыш ақсақалдың айтқан сөзіне әбден сүйсінгендей болып: – Рас айтасыз, қазақтың оқығанында күш-қайрат қазіргі заманда жоқ болса да, елді шын көңілімен сүйетін ақжүректік, азаматтық бар” – деген сөз идеологиялық қысымнан сескенгендіктен қысқартылған сияқты. Кейінгі басылымда жоқ.

13. 208-бет. Бұл сөйлем 1-нұсқада былай: “Кісі көп үміт қылған адамы айтқан жерінен шықпаса, көбірек түңіледі ғой. Бірақ әлі сынала-тын күніміз алдымызда деп білеміз, – деді”. Кейіннен сөйлемге сөйлем қосылып, толықтырылған, стильдік түзетулер енгізген.

14. 209-бет. 1-нұсқада: “Мақыш ауылынын іргесінде тұрған”.

15. 209-бет. “1-нұсқада: “Аспанда бұлтпен араласқан...””.

16. 209-бет. Бұл сөйлемдерге жазушы стильдік түзетулер жасап, ішінара қысқартқан. 1-нұсқада былай: “Жартасты, зор кеуделі, үлкен биік, ұзақ түнге созылып сарылған, салқын намаз – ұлы дұғадан басын қоршаған бұлт жоғары көтеріліп, айыққан сайын зор қабағын сабырмен ашқандай болып, ұйқылы көзі тұнжырап, етекте керіліп жатқан далаға қасын түйіп қарағандай болады”.

17. 209-бет. 1-нұсқада: “жіңішке ұзын бойлы”.

18. 209-бет. 1-нұсқада: “кішкене тарлау там екен”.

19. 210-бет. 1-нұсқада: “... шығуға айналып есікке қарай жүрді”.

20. 210-бет. 1-нұсқада: “... алуыма жолдасы құрғырлардың...”.

21. 210-бет. 1-нұсқада: “... айтқалы келе жатқан айтпақ сөзінен”...

22. 211-бет. 1-нұсқада бұл сөздер жоқ, кейіннен қосылған.

23. 211-бет. Бұл сөйлемдер кейіннен түзетілген. Алғашқы нұсқада мынадай: “Бұған ұнаған жалғыз ғана түсі емес, қыз үндемесе де, бұл түстің ар жағындағы мінезін де сынады. Әкесі өте есті мінезді адам сияқты. Жақсы тәрбие беретін әуелгі әке осындай-ақ болады. Бұлар ауылы менен малы аз нашар адамдар болса да өзге кісілерге ұқсамайды.

Мінездері, тәртіптері бұрыннан Сыздықтың қиял қылған, шын іздеген адамшылығы мол кедейлеріне ұқсайды”.

24. 211-бет. Бұл арада: “Осы қызды Сыздық ұнатты” – деген сөз қысқарып қалған.

25. 211-бет. “Біз оқып жүрген уақытта қатындыққа орыс қызы да, ноғай қызы да, тәртіпті, оқыған қазақ қызы да жарамайды. Қырда жақсы тәрбие алған, мінезі жақсы, адамшылығы бар ел қызын алу керек”, – деген сөйлем ықшамдалып, түзеліп берілген.

26. 212-бет. Бұл арадағы “Есімжан” деген сөз қысқартылған.

27. 213-бет. Бұл сөйлемнің әуелгі үлгісі мынадай: “Онын көңіліне қатын алу деген адам өміріндегі ең бір мағыналы, ең ірі және ең қызықты іске бұның жақындары базардың саудасындағы сарамастық әдетті әкеп сала берген сияктанып...” – деп келіп, әрі қарай жалғаса береді.

28. 213-бет. Бұл абзац та өзгеріске ұшыраған. 1-нұсқада: “Бірақ көп жолдас, көп туысқанның талқысына көніп, Жұмақанның қызын да көрмекші болды. Арада тағы бірер күн өткен соң бұрынғы жігіттер қасына тағы бір-екі жолдас ертіп Жұмақандыкіне күндіз келіп түстенді” – деп жазылған.

29. 214-бет. 1-нұсқада: “... өз елдеріне қарай біраз жүрген соң”.

30. 214-бет. 1-нұсқада: “...артық дегенге көп құлақ та қоймайтын”.

31. 214-бет. 1-нұсқада: “Мақыш ақсақалдың бұларға айтқан сөзі”.

32. 215-бет. “Сыздықтың көңіліне жақындық жолымен болып жаққан бұл сияқты істің бәрі де жарастықты, қызықты істей көрініп, әр біріне ішінен сүйініп жүрді” – деген сөйлем кейіннен толықтырылып жазылған.

33. 215-бет. Бұл арада сөйлемдердің ұзын ырғасы қайта құрылып, түзетілген. Кейбір сөздер қысқартылған. Әуелгідегі мәтіні мынадай: “Бұл сияқты жолдастардың бәрі болмаса да, бірен-сараны бұрын “ел қамы” деген сөзді көп сөйлеп жүргендіктен, өздеріне, ең болмаса бір қызметте отыруды борыш көргендей болып, қалада отырып қызмет қылып жүр еді. Сыздық бұлармен хат жазықанда: – Менің биылғы жылым текке өтуге айналды. Бірақ, қатын алу деген де адамның өміріндегі ірі жұмыстың бірі ғой. Биыл қатын алып, ендігі жылы алаңсыз болып кіріспекшімін, – деп өзінің іссіз жүрген күніне жұбаныш қылып, жолдастарының алдында ақталып хат жазушы еді. Сыздықтың бұл байлауына кейбір жолдастары болымсыз кінә қойғандай болса да, көпшілігі бұның жаңа өмірге қарай басқан қадамын құттықтап...” – деп әрі қарай ескі текспен жалғасып кетеді.

34. 217-бет. Бұл сөйлем де қайтадан өңделген. 1-нұсқасы мынадай: “көп таудың аңшылардың тобында бір айдай жүріп қайтты.

Биік шың таудың қия жартастары, терең құздары, үскіріп соққан қатты желі, алай-түлей болған ақ түтек борандары, жер-көкті қаптаған ызғарлы қары және соның бәрінің ортасында таңертеңнен кешке

шейін салпылдап жүрген аңшылықтың бейнетті жүрісі аз күннен соң Сыздыққа ауыр тиіп, жалықтырғандай болды”.

35. 217-бет. Бұл арадағы сөйлемдерге де стилистикалық және мағыналық түзетулер енгізген. Алғашқы нұсқасы: “Іргесі көмүлі кішкене қостың ішінде “төбеқызар” қылып жас отынды жағып қойып, шыртылдап лаулап жанып жатқан үлкен қызулы оттың айналасында арқаларына қалың киімдерін жамылып, жағалай қақтанып отырып, буы шығып қайнап жатқан етті күтіп, қос ішіндегі үлкен-кішінің айтқан әңгімесі Сыздықтың көңіліне қызықты кездей көрінді. Онан соң жылқышылардың молқолдығы, тамаққа мырзалығы өзгеше сияқтанды”:

36. 218-бет. Бұл арада да ықшамдаулар мен толықтырулар жүргізілген. Алғашқы басылымдағы мәтін мынадай: “Сыздық бұл жүруінің бәрінде өзін осыншалық бейнетке ықтиярымен салынып жүрген геройдай көрсе де, аяғында барлығынан жалығып, елге қайтуға асықты. Ой мен қырдағы бұрыннан көрсем деп жүретін айырықша қызығы бар сияқты қалдың көбін көрді. Бірақ неш бірінен байлаулы қызық таба алған жоқ. Бәрі де әңгіме қылып айтуға жақсы. Бір-екі рет көруге жақсы. Бірақ соңына түсіп салынатын, үнемі айнамайтын қызығы бар неш бір ермекті таба алмады”.

37. 218-бет. Бұрынғы нұсқасы мынадай: “Ел салтына лайықты әдет-ғұрыптың бәріне мойындап, Сыздық бұл жолы ұрын баратын болған”.

38. 218-бет. Әуелгі мәтіні: “... сыпайлықпен сыйлап отыратын болды”.

39. 218-бет. Алғашқы нұсқасында: “Сондықтан Сыздық оларды қораш санаса да, жанындағы Сүлеймен сықылды оқыған жігіттер және салтанатты сүйетін бозбалалар келген әйелдермен көп қызықтас бола алған жоқ”.

40. 218-бет. “... ажарсыз, ақылсыз көрінген қыз-келіншектерден өзі де жалығып, көбінесе үндемей отырды. Қалыңдықты күйеулердің жанына кешкі шайдың алдында ғана алып келді”, – деген сөздерге сөз қосылып, толықтырылған.

41. 219-бет. Бұл арадағы “жауап бермей” дегеннен кейінгі “не қысылып” деген сөз қысқарып қалған.

42. 219-бет. 1-нұсқада: “жасықтыққа жеткізгендей отсыз, ауыр адам”.

43. 220-бет. 1-нұсқада: “... Сыздықтың көңіліне жолдастарының мінезі де ұғымды сияқтанды”.

44. 220-бет. Бұл арада да өңделген сөйлемдер бар. Түпнұсқада былай: “Неше жылдай қиял қылып іздеп жүрген өмірлік жолдас деп аңсағаным, қырдағы көп кедейдің қатынының біріндей қызықсыз бір қыз болып шықты ма? – дегендей күдікті сауалдар келсе де, артынан бұның бәрін орынсыз көріп, өзін-өзі жұбатып...” – деп әрі қарай жалғаса береді.

45. 221-бет. Сөз, сөйлем өзгертіліп, тыннан жаңа үстеме бояулар қосқан. Алғашқы мәтін мынадай: “hеш бір сезім жоқ, саяздықтан туған бояу екен – деп санай бастады. Бұл ойды туғызған себебі: күні бойы ұялған болып майысып, түзу сөзге жауап бере алмай қызарып, қиылып отырған қалыңдықтың енді қараңғы түн болды деп, дүниядағы еркек пен ұрғашының арасындағы ең төмен, ең кірлі, қараңғы іске өзі келгендігінен болды. Қазақ әйеліндегі сыпайылық, әдептілік – майысқан мінездік сырттан көрінетін ғана бір жансыз сурет”.

46. 221-бет. 1-нұсқада: “... отсыз жандай көрінді”.

47. 221-бет. Бұл арада: “Бұл ойдың бәрі мәдениеттің сіңірген нәзік сезімдері еді. Соның іштегі азырақ қозғалып, күнкілдеген дауысына құлақ салғанда басына әлгіндей ойлар келіп, ел салтынан сезімді жүрегін жиренткендей болды” – деген сөз қысқарып қалған.

48. 222-бет. 1-нұсқада: “... сондай кездерде көп аңдағандықтың артынан туады”.

49. 223-бет. Бұл арада сөздердің орындары ауыстырылған. Негізгі нұсқада былай басылған: “Сыздық бір барып қайтқан соң, арада бірекі ай өтсе де қалыңдығына баруға асыққан жоқ. Жәмилә жайынан бұрынғыдай көп сөйлеп, көруге асығатындығын енді жолдастарына айтпайтын болды. Жолдастарымен қанша күн бірге болып, ойнап-күліп, бір жерге түстеніп, бір жерге қонып, қызықтасып жүрсе Жәмиләнің аты hеш бір уақытта аталмайтын болды. Жастар бұл турада үндемей жүріп, ішкі жайды түсінгендей еді.

50. 223-бет. 1-нұсқада: “сөздерінің ыңғайсыз, орымсыз екенін ...”.

51. 223-бет. 1-нұсқада: “Бұл әңгімені...”.

52. 224-бет. 1-нұсқада: “Сыздық бұл сөздегі кінәнің бәрін өз мойнына алса да, hеш нәрсені шығармай, үндемей отырып алды”.

53. 224-бет. Бұл арадағы: “маңайындағы жақындарының күнде көріп жүрген көп кедейлердің біріндей көрінгендігі де жас жігіттің көңілін жалықтырғандай болды” – деген сөздер қысқартылған. Содан кейінгі: “Өсіресе, солардың күйеуі болған болып, өзіне жақын кісімітіп жүргендігін де бойынан төмен көре бастады. Олардың ортасына келгенде жасып, төмендеп кететін сияқтанды” – деген сөйлем стильдік өңдеуге түскен.

54. 224-бет. Бұл арада ұлт-азаттық рухына, бостандығына байланысты үлкен бір үзік қысқартылған. Мұның идеологиялық тұрғыдан сәйкессіз деп табылғаны анық. Қысқартылған текстің нұсқасы мынадай:

“Ел рухы көтеріңкі, қуанышты, қазақ оқығандары бас біріктіріп, төңкеріс уақытымен пайдаланып, ұлт ұйымдарын жасап, қуанысып жатқан. Жастар арасында толып жатқан қызықты, үміті үлкен сенішпен іске кіріскен екпінділік бар екен. Сыздық жолдастарының ортасына

келіп, болып жатқан оқиғалардан толық мағлұмат алды. Бұрын өзгеріс деген аты болмаса, неш бір нәрсені естімеген, білмегендігін, өзгеріс дегеннен хабарсыз жүріп неш бір мағлұматы жоқтығын байқады. Бірақ бұл жалғыз мұның басында емес, барлық қазақ оқығандарының басында бірдей бар екен”.

“Сөніп-жанудың” алғашқы нұсқасынан 1960 жылғы нұсқаға кірмей қалған мынадай сөздер бар: “Сондықтан жолдастарымен бірін бірі жұбатып: араласа жүріп үйренеміз, қазаққа теңдік, бостандық әпереміз, құлдықтан, зорлықтан құтқарамыз деген сөздеріміз іске асатын болса, осы заманда ғана асады. Әйтпесе бұдан артық қазаққа келетін игілік жоқ десіп, енді бас алмай іс істемек болған ниеттерін айтысты. Сыздық қалада, жолдастарының тобында жүріп, болып жатқан облыстық съезде болды. Оқығандардың ішіндегі үлкендері мемлекет ісіне төселіп қалғандай болып басшылық етті. Көлденеңнен қарағанда қырдан келген ел кісілері оқығандарды шын ниетімен бастық қылып, өздері артынан еріп, солардың сүйеніші болғандай түрлері бар еді. Бұның бәрі рухты көтеретін өзгеріс күндердегі қуанышты суреттің бірі еді. Сыздық жолдастарының рухына түсіп, қоса қызып желіккендей болды. Бұрынғы уақытта жасалған жастар ұйымының жиылысын шақыртып, сонда өзге жұртқа қызулы сөздер сөйлеп, өзгеріс толқынына салынып, төселе бастады. Жас жігіттердің көбі бұрын Сыздықтан басшылық күткендей болушы еді. Бұл қазірде һәрбір жиында сөйлеп жүрген сөзімен, һәркімге беріп жүрген орнықты ақылымен жолдастыраның бұрынғы үмітін ақтағандай болды. Осымен бір ай шамасындай уақытты қалада өткізген соң оқығандардың көбі сайлау жасамақ болып әр жерлерімен қатынас түземек болып, жер-жерлерге тарай бастады” (“Шолпан”, 1923, 6–7–8).

55. 224-бет. “Шын төрелікше” – бұл сөз алғашқы нұсқада жоқ.

56. 225-бет. “... болғандай түрі еді” дегеннен кейінгі: “Бұл күйден аман кісіні Сыздық өз көзімен қазақ жігіттерінің ішінен көре алмаған сияқтанды. Бірақ бұны сөгүші кісі де шыққан жоқ”, – деген сөз кейінгі басылымдарда қысқарып қалған.

57. 225-бет. Бұл үзік кейіннен қосылған. Бұрынғы басылымда жоқ.

58. 225-бет. Бұл арада: “қайтып, жұрттың бәрі қуанышқа батып”, – деген сөз қысқарып қалған.

59. 225-бет. 1-нұсқада: “... басқа жиылып келген көрші елдердің...”.

60. 226-бет. 1-нұсқада: “... көңілсіз болды”.

61. 226-бет. Бұл арадағы әңгіме мәтіндері үлкен-үлкен қысқартуларға ұшыраған. Әуелгі нұсқадағы толық мәтіні мынадай: “Жәмиланы өз үйіне алып келгенмен, бұрынғы уақыттарда айтатын жалпы өсиеттерін қойып, енді күндегі отырыс-тұрысындағы, сұлық мінезіндегі кемшіліктердің бәрін оңаша жерде есіне салып, мұндайды істеме, адамшылыққа,

есті адамға үйлеспейтін іс, – деп айтқан болды. Сыздықтың ендігі ойы: бұрынғы қатын алмай тұрған уақытта айтып жүрген сөз бойынша Жәмилаға жақсы, жаманды ұқтырып айтып, адамша тәрбиелеу еді. Күзге шейін осы тәлімді үнемі өткізді. Бірақ Жәмилада һәш бір өзгерісті: жақсы, жаманды өз ақылымен айыратын ширақтықты байқай алмады. Ол бұрынғысындай жасық, төменшек, әдеп дегенді ұқпаған, тәрбиесіз, үлгісіз сөлекет адам сияқты болды. Сыздық қатын турасындағы көңілінде жүрген өзінің үлкен тілектерінің бәрін Жәмила үшін кекеткендей болып:

– Бұрын осыны қыр әйелінің ішіндегі ең маңды, ең ақылдысы деп түсініп едім. Бұл олардың алдыңғы қатарына қосылатын адам сияқты түрі жоқ. Енді ең болмаса жібі түзу қатын болуға жараса екен. Көлденең кісі кемшілігін көрмейтіндей болса екен деп, соны тілек қылатын болды. Бірақ Сыздық сол тілегінің өзінде де шек білмей, көп нәрсені тіледі ме, жоқ, Жәмила тіпті жібі бос, бошалаң адам болды ма, әйтеуір Сыздық күндегі отырыс-тұрысынан барлық қыбыр еткен қозғалысынан, қата тауып, қисынсыз, икемсіз істерді көріп отырғандай болды. Осы қалыппен жаз өтті”.

62. 226-бет. “Күндер өтіп жатыр” – дегеннен кейінгі: “Өмір, ай артынан айды айдап, жылжып сырғанап кетіп бара жатыр”, – деген сөздер жоқ.

63. 226-бет. 1-нұсқада: “... бұрынғы ерке, ойсыз...”.

64. 226-бет. 1-нұсқада: “Жәмиладан ауылына, әке-шешесінің қолына...”.

65. 227-бет. 1-нұсқада:

“Жиындарда көбінесе жастар ортасынан сөз сөйлеп шығатын Сыздық болып, кейде ауыр істердің кезі келгенде үлкендерге де қызу беріп сөйлеп, іркілмей, қауіп-қатерден қорықпай іс қылатын отты жігіт сияктанып көріне бастады. Сыздықтың өз көңілінде: бұл жалғыз мен ғана елшіл, әлеуметшілдік болып жүргем жоқ, шын жүрегімен, барлық ойымен, пікірімен бұрынғы сөйлеп жүрген сөздерінің бетімен іс істеп жүрген сияқты болды. Сондықтан бұл өзін де және өзі ұқсаған жастар да елшілдіктің орнаған негізі бар ең саф таза қызметкерлер өздері деп біліп жүрді. Сонымен қалада тұрып, көрнекті орындарға мініп қызмет істеп, үлкендердің тобына араласа бастаған соң бұл бұрынғы бетте алыстан жүріп үлкендер-басшылар деген сөздерден өзгеріп, сол үлкендердің әрқайсысын жік-жік сынап, кемшілігін теріп айта бастады. Шынында, барлық жастардың ұғымынша да, үлкендер деп жүрген үміт қылған адамдардың ішінде талай еңбексіз, бейнетсіз орын алып, мақтанға ілініп жүрген басы артық адамдар көп еді. Мұндайлардың кейбірі: бұрынғы уақытта тілмәш болған, бірақ қазірде соны өзгерістің қаһарманы қылып

жүрген себебі ол бұрынғы тілмәш болған уақытында пара алмаған, бұдан басқа бұрынғы күнде де, қазіргі күнде де қазақ үшін қыбыр етіп, іс істеп, болмаса камын жеп қайғырып, бір ауыз сөз сөйлеген емес еді. Осындай адамдар туралы жастар атынан үлкендердің ішіндегі бастық болып жүрген тазаларымен сөйлескенде Сыздық шынымен назаланып, қазіргі халға қанағаттанбаған кісінің пішінімен: – “Біздің ортамызда үлкен деп сөйлеген – сақалы үлкен, жасы үлкен, патшадан алған шені үлкен дегені болмаса, ақылымен, елге істеген қызметімен, кейінгіге берген пікір жолындағы тәрбиесімен үлкен болған жан бар ма? Осы күнгі адал жақсы қызметкер деп жүрген адамдарымыздың көбінің адалдығы, жақсылығы жаңғыз ғана пара алмағандығында болып шығады. Өзгеріс заманындағы ел басшысына, ұлт қызметкеріне біздің қоятын барлық требованиямыз сол ма екен, наконец олар параны тазалықпен алмады ма, жоқ қорқақтықтан алмады ма? Жандарал оязнойға жақпақшы болып, лакей болып жүріп алмады ма? Оны да анықтап білгеніміз жоқ қой. Солардың бәрі осы күнде іс басында отырғанда, баяғы қалпында мопмомын болып, басқа ұрсаң өлдім, көтке ұрсаң көндім дегеннен басқа не біліп отыр. Бүгінгідей замандарда елдің қызметкерлеріне өзгерістің толқыны, требованиесі бірге өсіп отыратын екпін, жалын керек. Бізге сары түйменің ішінде бір қалпында қатып қалған, мумия вовсе керек емес. Багагөй қария ел ішінде толып жатыр”, – дейтін еді. Соған басты жігіттердің жауабы: – “Қайтеміз, басқа табатын қызметкеріміз жоқ, солардың һәр қайсысының ел ішінде белгілі атағы бар. Біз олар түгіл елдің де барлық жуаны, мырзасымен қол ұстасып істеп отырмыз. Елді сондайлармен ұстамасақ, оқығанның артынан мен оқыған едім дегенге кім ереді. Қазіргі заманда біз ел шеңберін бұзбай, жұртты тұтас қылып ұстауымызға керек қой”, – дейтін. Жастар мен үлкендер арасындағы негізгі әңгімелер осы сияқты болушы еді. Бұндай сөздердің кезінде Сыздық жаңа пікір, жаңа сөздерді тауып айқын, ашық жарқын ой тапқыш жігіт болып көрініп жүрді. Сыздықта өзгеріс толқынына араласып қызметке кіріп істей бастағаннан бері қарай қалыптанған негіз, нығайған пікірі байқалғандай еді. Бұны һәркіммен сөйлескен әңгімесінде көрінуімен бірге істеп жүрген істен де сезіліп жүрді. Сондықтан үлкен жолдастарының арасында да, ел көзінде де үміт қылған жас жігіттің алдыңғы қатардағы бірі болып санала бастады. Оқығандардың бұл заманда елге істеп жүрген қызметінде бұлардың жанын ауыртып қауіпке бас іліндіретін, бойындағы негізін, пікіріндегі салмағын сынайтын іс болған жоқ. Мәккәмәда істейтін болса, бәріне де көңілді төрелік пен әлеуметшілдік тілегін қабат орындайтын қызықты, жылы, жайлы орын болуға айналды. Бұл уақыттағы қазақ жігіттерінің



көпшілігі қызмет қылған орын “земство мәккәмәлері еді” (“Шолпан”, 1923, 6 – 8, 137-139-бб.). (100).

66. 227-бет. “Оны ойлаудың орынына” деген сөзден кейінгі: “жастық желігі мен қызған көңілін басу үшін...” – деген сөздер қысқарып қалған.

67. 227-бет. Бұл арадағы: “Уақытша болса да өзін ырза қылған өмірінің жарастығын, жас жүрегінің күнделік тілегін орындаумен түрлендіріп жүрді” – деген сөйлем қысқарған.

68. 227-бет. 1-нұсқада: “... берді. Бұдан басқа естіген...”.

69. 227-бет. Бұл абзацтың алдында: “Сыздық өмірінде өзінің сұлу пішінімен, әйелге жұғымды, сүйкімді мінезімен көп әйелдің жүрегің билеген, жастықтың көп қызығын көрген болса да, жан-тәнімен сүю, ашық болу деген сөздерге өз жүрегің салқын тұратындай көруші еді” – деген сөйлем бар. Ол кейіннен қысқартылыпты.

70. 227-бет. Осы арадағы: “Салқын қаны сүйген әйелінің тәтті қылығынан, нәзік күлкісінен, жүрекке жылы мінезінен, балқып ерігендей болды. Бұл барлық қиялымен, барлық ықтиярымен, бір-ақ жанға бағынады, бір-ақ тілектің соңына түсіп, соның толқынына батқандай еді. Жас жігіттің тиыштығын алып, жүрегіне сүю дертін орнатуға кінәлі болған адам бір орыс әйелі – Лосовская деген еді. Екатерина Павловна Лосовская орыстың бай, оқымысты, тәрбиелі үйінен шыққан адам еді. Өзі де жақсы тәрбие алған оқымысты адам болатын” – деген сөздер қысқартылып, өңделіп берілген.

71. 227-бет. 1-нұсқада: “беті жұқалаң ақ кызылды...” – делінген.

72. 227-бет. 1-нұсқада: “сұлу денесі ажарлы, ашық түсі, жеңіл...”.

73. 228-бет. 1-нұсқада: “бірақ, қалаған тілекке...”.

74. 228-бет. 1-нұсқада: “аяқтарын жай ақырын басып...”.

75. 229-бет. Бұл екі абзац кейіннен қосылған. Алғашқы нұсқасында былай: “Сыздық ерімді жүрегімен табиғаттың көмескі алып, жүрек толқынынан сұрланып қаны қашқан ақ түсі мен Айға қарсы тұрып, алдындағы сүйгеніне бұрын айтып бітірмеген сөзінің аяғын” – деп келеді.

76. 229-бет. “Жас әйел біраз үндемей тұрып” – деген сөз қысқарған.

Кейбір жалғаулар мен жұрнақтардың алып, қосылғаны түсінікке кірмеді. Олардың шығарма мазмұнына ешқандай қатысы жоқ.

*Т. Жұртбай*

## ЖЕРДІҢ ЖАРАТЫЛЫСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕР

Бұл аудармасын Мұхтар Әуезов жеке кітап етіп бастырған. (Профессор Ю. Вагнер. Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер. Аударған Мұхтар Әуезұлы. Бірінші басылымы. Түркістан мемлекет баспасы. Ташкент, 1924 жыл, 100 б.). Содан кейін аударма 1983 жылы жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томында (205–238-беттер) ғана жарық көрді. Жиырма томдыққа алғашқы басылымы ешбір өзгеріссіз жіберілді. Енді осы академиялық басылымға жиырма томдықтағы жарияланымды алғашқы нұсқасымен салыстырылып, бірлі-жарым сөздер мен әріп қателері түзетіліп ұсынылып отыр.

М.Әуезовтің бұл аудармасының Ташкентте басылуының өзі көп жайдың төркініне ой жүгірттіреді. Осы Ташкент қаласына 1910 жылдың екінші жартысы мен 1920 жылдың ішінде қазақтың оқыған, зиялы азаматтары молынан шоғырланған еді. Жаңадан бой көтеріп келе жатқан Қазақстан Республикасының астанасы етудің іс-шаралары жан-жақты жүріп жатты, осылардың қатарында ғылым-білімді өркендету мықтап қолға алынып, іргелі мемлекеттің алдағы жол-жобалары ойластырыла бастады. Оған жету үшін алдымен ғылым-білімді меңгеріп, мәдениеттілікке көтерілуі керек, сол ғылым мен білімнің дамыған түрі өзге жұрттарда қалыптасқан, ал осыларды елге ұғынықты тілде жеткізудің жолдары қарастырылады. Мұндай үлкен ой, игілікті істің бастамасын “Рассказы о воздухе” (Профессор Ю. Вагнер, Ауа туралы әңгімелер. Аударған Х. М. Смайылов, Бірінші басылымы, Түркістан мемлекет баспасы, Ташкент, 1924 жыл. 77 б.). “Рассказы о том, как устроено и работает наше тело” (Профессор Ю. Вагнер. Денеміздің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер. Аударған Х. Досмұхаметов. Бірінші басылымы. Түркістан мемлекет баспасы. Ташкент, 1924 жыл, 128 б.). “Рассказы о животных” (Профессор Ю. Вагнер. “Жануарлар туралы әңгімелер”. Аударған Абдолла Байтасұлы, Бірінші басылымы, Түркістан мемлекет баспасы. Ташкент, 1924 жыл. 126 б.) деген сияқты көптеген еңбектердің аударылуынан көруге болады. М. Әуезов аудармасы да осындай мақсатпен жүзеге асқан

игі істердің бірі еді. Бірақ өзінің жақсы нәтижелерін бере бастаған, енді енді өрісін жайған қазақтың білімді қайраткерлерінің мақсат-ойлары әрі қарай жалғасын таппай қалды.

Түркістан Коммунистік партиясының VIII съезі Ташкентте 1924 жылдың 4–9 мамырында өтті. Бұл Түркістан КП-ның ең соңғы съезі болатын. Съезге қатысқан 339 делегаттың 133 адамы ғана Түркістанның жергілікті халықтарының өкілдері еді. Бұрынғыдай емес, Орталық Комитеттің құрамына қазақтың белді, белгілі қайраткерлері енбей қалды. Осыдан кейін Түркістан республикасы жеке-жеке республикаларға бөлініп кетті де, бұрынғы басқару орындарындағы белгілі қазақ қайраткерлерін анда-мұнда шашыратып, бастарын біріктірмей жіберді. Өйткені Орталық ұстанған немесе сталиндік саясат сондай білікті адамдары бар елге өз алдына шаңырақ көтерткісі келмеді. Олар үшін бөлшектеп жіберу билеуге де, өкім-өктемдігін жүргізуге де тиімді еді.

М.Әуезов аударған бұл еңбекте таулардың өзгеруі, тау жынысының минералдан жасалынуы, су мен ауаның бір тау жынысынан екінші тау жынысын жасайтыны, жер ішіндегі қызу мен ыстық сулы көздер жайы, еріген тау жынысының құсуы және жанартаулар (вулкандар), бұлардың кейбір қалалар мен елді мекендерді басып қалуы, жер ішіндегі ыстықтың мөлшері, жердің салқындауы және планеталар, жер үстіндегі таулардың қайдан шығып, қандай жолдармен осетіндігі, құрғақ жерлер мен судың ауысуы, теңіз жасаған іркінділер және тас болып қалған жануарлар, өсімдіктер мен жер қабығының қозғалысы, жердің тау жасайтын қыртыстары, өсімдіктер жиынтығының жер ішінде тас көмірге айналатыны, ағаштың ауасыз жерде жануы және көл газдарының пайда болуы, торфтың (шымтезек) жасалынуы, таскөмірдің графит, алмас тастарға айналуы, көмірден алмастың алыну жолдары, жер үстіндегі заттардың өзгеруі, бір түсті заттардың қышқылтыммен араласуы, минералдың ішіндегі металдар, рудалардың ішінен металдарды айырып алу және алтын туралы қарапайым, түсінікті тілде әңгіме болады. М.Әуезов қазақ оқушылары үшін мейлінше ұғымды, жатық түрде жетуі жағын қадағалайды, қазақ ғылымында, бұл кезге дейін қазақ тілінде шыққан кітаптарда әлі қалыптасып болмаған атаулар мен терминдік сөздерді өз бетімен жасауға әрекеттенеді: минералдар мен металдар, химиялық элементтерге қатысты сөздер кезіксе, олар аударма барысында ұғындырылып, сыры, жай-күйі ашылып отырады.

Әдеттегі көп аудармашының бірі емес, бұл еңбекті жазушының аударғандығы көрінеді. Қап тауы деп қазақтың ертегілері мен жыр-дастандарының желісіне арқау болған. М. Лермонтов (1814–1841), Л. Толстой (1828–1911) шығармаларында асқан сүйіспеншілікпен

суреттелінген әйгілі Кавказ бен Италияның Неаполь қаласының маңайындағы Везувий тауларының суреттемелерін бергенде нағыз суреткерлік көз, суреткерлік қабылдаумен жеткізгендігі байқалады: “Менің оң жағымда күн төмендеп, қып-қызыл дөңгелек болып, жазық далаға батып бара жатты. Арба мен аттан түскен ұзын көлеңке бізбен бірге жүгіріп отырды. Көлеңке ұзарып, кештің қоңыржай түсіне араласып, бір-бірілеп жоғалып жатты.

Аздан соң күннің көрініп тұрған жалғыз шеті де жоғалып, қалың таулардың қарлы басы алтынды қызғылт түспен бояла бастады. Жалпақ дала кеш қараңғылығынан күнгірт құшағына кірген уақытында күннің ақырғы шұғыласы таудың ағарған басында көрікті түспен ойнап, бәсендеп ұшып бара жатыр еді... Ертеңінде жатқан үйімнің терезесінен асқар таудың ұлы шынжырын тағы көрдім, көрікті суреті мол тау мен артта қалған мұңлы ұзақ даланың арасындағы үлкен айырмасы байқалғандай болды. Қазіргі таудың жотасы жарық күннің сәулесімен жарқырап, көкшіл сұрғылт аспанда айқын көрініп тұрды”.

Аудармадағы бұл суреттемелерде ғажайып көркем әңгімелер жазған жазушының өзіне ғана тән қолтаңбасы тұр, ол тауды да, даланы да бір мұңдылыққа, кештің көлеңкесіндей қоңыр сырлылыққа айналдырып жібереді. Жалпы ол шұрайлы тілмен таза қазақы ұғымға жақын етіп аударған. Тіл жағынан келгенде породаны – жыныс, торфты – шымтезек деп алғаш қолданған, көптеген сөздердің бұрын айналымға енбеген қазақша баламасын таба білді. Вулканның алғашқы атқылауын – құсық, әркілы заттардың сулар, теңіздер түбіне шөгуін – іркінді дейді, кратерді бір жерінде кесе деп те алады.

Жер бетінде кей замандарда сусыз жер суға, теңіздерге айналып, жазықтарда таулар пайда болып отырған, бұл табиғаттың өзі жасаған өзгерістері. Ал адам қолынан туған өзгерістер де аз емес, оның қойын-қойнауындағы байлықты, асыл заттарды алу мақсатындағы бүлдірушілік әрекеттерді жиі кездестіруге болады. Сол үшін ағаштарды кесіп, ормандарды өртеген, тоғайларды бүлдірген, өзен арналарын қазғылап, бұрынғы көркін адам танығысыз етіп өзгертіп жіберген, мөлдір таза суларын лайлаған. Сөйтіп өзін асырап отырған табиғатқа пайда үшін айтып жеткізгісіз зиян келтіреді. Оның қадірін ауырғанда ғана біледі, оның сұлулығына ауырғанда ғана сұқтанады, ақырғы сәті таянғандай көріп одан басқа ешнәрсені қаламайды, соған қарау үшін тағы да жасай бергісі келеді. Жалпы автор жердің жаратылысы мен толып жатқан бітімдік өзгешеліктерін, қасиеттерін айта келіп оны аялауға, қадіріне жетуге шақырғандай болады.

1. 234-бет. “Жартас бір заманда қаншалықты майыспайтын мықты сияктанып тұрса да, уақыты келгенде құлап талқан болып, орынында

үйілген ұсақ тас кен қалады”. – Бұл жерде автор біздің ұғымымыздағы кенді айтып отырған жоқ, сол қираған, бүлінген тастардың жиыны, үйіндісі қалатынын айтып отыр.

2. 235-бет. “Бұл теңіз жақ күнгейде Аюдақ тауының жанында” – Аюдақ – түрік сөзі, дақ дегені – тау, Қырымның оңтүстігіндегі аюға ұқсас тау осылай атанып кеткен.

3. 235-бет. “Осы күнгі Петроградта көшеге жайған тастардың бәрі де бұрынғы Фин тауларының бөлімдері еді”. – Финляндияның Балтық жағалауындағы онша биік емес таулар. Бұл таулар әртүсті мәрмәр мен кристалдық тақта тас, гнейс, кварциттерге өте бай. Петербург қаласындағы тастар осы жақтан тасылып әкелінді. Қаланың іргесі 1703 жылы Бірінші Петрдің (1672–1725) бұйрығымен қаланды. Осы тастармен безендіру Петрдің заманында-ақ басталды.

4. 235-бет. “Петроградтағы Айса шіркеуінің басқыштары”. – Бұл қаладағы белгілі Исааки соборы, еңселілігімен де, әсемдігімен де көз тартатын ең көрікті ғимараттардың бірі.

5. 236-бет. “Граниттің ішіндегі қызыл минерал, сахара шпаты, жылтырауық сұрғылт ұрық хруститі, ал ұсақ кара ұрық слюданікі болып шығады”. – Осындағы минералдық атауларды сол күйінде берген. Олардың мазмұны текст барысында түсіндіріліп отырады.

6. 237-бет. “Біртіндеп кварц, слюданың ұрықтары жоғалады” – Кварц – тотықтар класының минералы. Ол таза, мөлдір, ашық түсті ақаусыз кристалды асыл тас қатарына жатады. Негізінен кварц дала шпаттары, слюдалары сияқты минералдармен бірге магматекті қышқыл жыныстардың жыныс құраушы минералы ретінде кең тараған.

7. 239-бет. “Бірақ жер үстіне бұлар тас сияктанып шықпайды, еріп балқыған, сұйық от болып шығады, оны лава дейді” – Тау-кен ісіндегі лава көмір қабаттарында көлбей орналасқан қазба. Көмір қазатын машиналар жоқ кезде кеншілер лавада қатар-қатар отырып қол құралдарымен көмір қабатын бұзады. Мұндағы лава геологиялық лава – вулкан атқылаған кезде жер бетіне жайылатын отты сұйық, тұтқыр балқыма, табиғи силикаттардан құралады. Осындай балқыманың жер бетіне жайылып, суынып қатаюынан жаралған құрамы түрліше көпіршікті жыныстарды лава деп атайды.

8. 240-бет. “Сол ұсақ қиыршықтың бәрі де қатып қалған лаудың кішкене тамшылары болады” – Аудармашы бұл жерде лаваны осылай лау деп атаған.

9. 241-бет. “Италияның Неаполь деген қаласынан жиырма шақырым жерде тұратын Везувий деген кара тау бар” – Цицилия мемлекеті ыдырағаннан кейін 1282 жылы іргесі қаланған мемлекеттің орталығы

– Неаполь. Ол Италияның оңтүстік жағалауындағы Тиррей теңізінің шығанағына орналасқан. Оңтүстігі Сорренто тауымен шектеседі, шығысын вулканды тау Везувий алып жатыр.

10. 241-бет. “Рим халқы бұл тауын Сумма деп атайды екен” – Сумма Везувийдің етегіндегі қалың тоғайлы, бау-бақшалы аласа таулар. Мұндағы елді мекендер жер қимылдаудан, атқылаған вулканның ақтарылысынан қирап жоқ болып кетті. Сумманың орнына екінші бір тау пайда болады, кейінгі замандарда ол жерлерге ел қайтадан орныға бастайды.

11. 242-бет. “Соның ағыны Римнің Помпей деген қаласына да жетті” – Помпей Сумманың екінші жақ шетіндегі қала. Бұл Италиядағы көне қалалардың бірі, қазіргі Неапольға жақын Қала б. з. 79-жылы август айында апатқа ұшырады, соған жақын Геркуранумды лава теңізге дейін ысырып барып батырып жібереді.

12. 247-бет. “Егер жерден айға қарай сапар шеккен болса, ол ең жүйрік отарбаға мініп, дамылсыз жүргенде, жарты жылда жетер еді” – Отарба – осы ғасырдың басындағы қазақтың ақындары жырларында жиі кездеседі, поезды осылай атаған. Тіпті бертіңгі белгілі ақындар да өздерінің өлең, поэмаларында отарбаға айрықша орын берді.

13. 247-бет. “Түнде планет те жұлдыз сияқты көрінеді” – Планеталар күнді айналып қозғалатын және күн сәулелерінің шағылысуынан жарқырап көрінетін үлкен аспан денелері. Жұлдыз – қатты қызған газдан тұратын, әрі өзі жарық шығаратын және табиғаты жағынан күнге ұқсас аспан денесі.

14. 250-бет. “Кей жерлерінде жүз жылдар шамасында жеті вершоктай көтерілгені бар” – Вершок – орыстың 4,4 см шамасындағы ұзындық өлшеуі.

15. 251-бет. “Одан жоғары қап-қара болып жатқан жанатын сланец қыртысы – Геологиялық тұрғыдан алғанда ол жанатын зат, сланецтік өндіріс орындары бар.

16. 251-бет. “Альпі, Кавказ сияқты үлкен тауларда” – Альпі – Еуропаның ең биік тау жүйесі, ол – Италия, Франция, Швейцария, Австрия, Германия, Югославия жерлерін алып жатады. Лигури теңізінен Орта Дунай жазығына дейін доғаша иіліп жатыр, Кавказ – Қара, Азов, Каспий теңіздерінің орталығына орналасқан. Оңтүстігі Түркия, Иран жерлеріне шектеседі. Оңтүстік жағында – Колхида, шығыс жағында – Кура-Аракс ойпаттары бар. Мұндағы таудың ең биік жері – Эльбрус 5642 м.

17. 261-бет. “Бұлар жан-жаққа тарауланып, сұлу болып жарқырап тұрады. Цинкке ұқсамайды” – Цинк – қалайы, металдың бір түрі.

18. 262-бет. “...көк түсті, жылтыр, қатты мыс купоросы деген нәрсе болады” – Купорос – металдың күкірт қышқылды тұзы, тотыяйын.

19. 262-бет. “Ондай таулар әсіресе Орал тауында көп” – Орал – Еуропа мен Азияның аралығындағы үлкен тау. Қара теңізден Орск қаласына дейін екі мың шақырымдай созылып жатқан сілемдер. Орыстар толып жатқан қазба байлықты негізінен осы таулардан алды. Темір рудалары мұнда кейде тұтасқан тау болып үйіліп жатты.

*Т. Әкімов*

## “БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ”

*(Жазылу тарихы)*

“Бәйбіше-тоқал” трагедиясы 1918 жылы жазылып, 1923 жылы жеке кітап болып шыққан. Бұл туынды екінші рет 1960 жылы “Қараш-Қараш” жинағына енді де, кейін жазушының он екі, жиырма томдық шығармалар жинақтарында да басылды. Пьеса қазақтың ұлттық театры сахнасына Қызылорда қаласында тұңғыш рет 1926 жылы 7 қаңтарда шықты. Мұның алдында ол Семейдегі сауық кештерінде көрсетілген болатын.

“Бәйбіше-тоқал” трагедиясы Есендік байдың қызы Дәмеш пен келіні Күләштің қоңыр қабак, қам көңіл пішінде төмен қарап, мұңайып отырып айтатын әңімелерінен басталады. Көңіл күйде психологияға қатысты дәлдік, қысқа ремарка бар.

Бірден-ақ көп сырдың беті ашылады. Есендіктің бәйбішесі Бәтима дүние салғалы жиырма күн болыпты; тоқалы Қайшаның бәйбішемен, оның туған балаларымен қаны қас; Есендіктің тоқалға бүйрегі бұрған сыңайы бар: от басы, ошақ бұтының күндестігі емес, мал-мүлікке, дүние байлыққа таласу – бұл шаңыраққа түскен жарықшақтың ең үлкені.

Пьесаның әр пердесі бірнеше көрініске бөлінген. Бірақ сол көріністер арасында пышақ кесті су ағар жоқ, оқиға бөлшектенбес ағын сияқты тұтасып келіп отырады. Кішкентай-кішкентай эпизодтар өзара байланысып, сюжет бірлігін құрайды.

Сәтті экспозиция арқылы тартыс өрнегінің шетін шығарып алған драматург біртіндеп оқиғаға негізгі қаһармандарды ширақ араластыра отырып, мінездерді кескіндейді. “Бәйбіше – тоқал” трагедиясында М. Әуезов, әсіресе, интриганы шебер пайдаланған. Өздерінің түпкі, астарлы мақсаттары үшін Есендікті, оның ұлдары Төлеужанды, Демеужанды, Қуатжанды, тоқалы Қайшаны бір жағынан Әбділдә жем еткісі келсе, екінші жағынан Бейсембінің де табан тіреп, тістесіп, сеніп отырғаны осы үйдің байлығы мен дүниесі. Есендік шаңырағы қос оттың ортасында қалған.

Патша өкіметінің табанына түскен отар ел – қазақ қоғамындағы халық басына кеселді зардабын тигізген сорақы қырсықтардың бірі –



әділетсіз сайлау жүйесі еді. Жалған, сұмырай әдістер арқылы елді алдап, арбап билікті қолға алушылар, әсіресе, сайлау науқаны басталарда өз тобына кісі тарту үшін әрлі-берлі шапқылап, мал шашып пара жегізіп, ала өкпе, қызыл танау болатын. Осы мәселе “Бәйбіше-тоқал” трагедиясында кең қамтылып, жан-жақты суреттеледі. Болыстыққа, билікке таласушылардың қарақан бастарының қамы үшін қисапсыз сұрқиялық жасап, неше түрлі айла-сұмдыққа, қастандық-жауыздыққа баратыны ашылады. Бұл қадамдар ат көпір дүние шашу, мал шығыны, қыруар ақшамен ғана тынбайтын, жеке адамдардың өміріне кедергі-кесел келтіретін, тіпті кей тұста жас ғұмырға да балта шабатын, шығаланды, қылмысты екендігі Әбділдә, Бейсенбілер әрекеттерімен көрсетіледі.

Сөйтіп, пьесаның басынан белең алған Есендік отбасындағы қайшылықтардың өрбіп, өршіп бітеу жараға айналған, ушыққан қалпына екінші ылаң – болыс сайлау алдындағы топ жию, партияласу, бөліну сұмдықтары кимелей қосылады. Қанды қақпанның бір басында – Әбділдә, екінші басында – Бейсембі. Таразының тасы Есендіктің үй-іші қалай қарай жалт береріне байланысты аунап кетейін деп тұр.

Сайлауда қайтсе жеңу ниетін көздеген Бейсембі жаңа адамдар тарту, қол көбейту үшін Есендіктің Бәтимә бәйбішеден туған қызы Дәмешті Байсалбайдың Аманбай деген ұлына беруге, сөйтіп құдалықты билік үшін күрестің мықты бір қаруына айналдырмақ. Қарбалас басталады. Өрмекшідей тор құрған Бейсембі. Сыртқа жонын күйдірейткен Әбділдә. Торға түскен Дәмеш тағдыры бұдан кейін пьесаның жарып шықты әрекет арнасына айналады. Бәйбіше өлімімен тынбай, қайта үдеп, өршіп, өсіп кеткен пәле аумағы зорлық құдалықтан кейін тіпті маздайды. Тоқал Қайша бәйбіше балалары тапа-тал түсте өргеніп кетсе, қыңқ етпейді. Бір шаңырақта күндестіктен туған алауыздық мақсат үшін күресте сол кесепатты өз мүддесіне пайдалану айла-шарғылары, осы орайда арпалысқан Әбділдә, Қайша, Бейсембі, Төлеш характерлері айқын ашылады.

Қайша мен бәйбіше балалары арасындағы әбден асқынған жаулықтың Төлеш өлімімен бітуі – оқиғалардың мінездерге, мінездердің оқиғаларға әсер етуі арқасында пісіп жетілген заңды да табиғи трагедиялық шешім.

Бір айрықша ерекшелік “Бәйбіше-тоқал” трагедиясы “Еңлік – Кебек”, “Қарагөз” трагедиялары сияқты көп өзгерістерге, стильдік жаңғыртуларға түспеген, алғашқы, бір нұсқадағы мәтінін (текстін) сақтаған.

1960 жылғы екінші басылуында бірінші жарияланымдағы Кәрім деген қаһарман мен Ғазиз арасында болатын әңгіме (IV перде, екінші көрініс) алынып тасталған; Төлеужанның Дәмеш пен Ғазизді қосу ту-

ралы өлім аузында жатқанда айтатын тілегі қысқартылған. Бұдан басқа өзгеріс жоқ. “Бәйбіше-тоқал” пьесасында Мұхтар Әуезов бір отбасы шеңберіндегі трагедияны күні өтіп бара жатқан заман қайғысы ретінде суреттеді, ескі қазақ ауылының бір қыртысын қопарып, әлеуметтік-психологиялық шыншыл шығарма тудырды.

*Р. Нұрғали,  
ҚР ҒА-ның корреспондент мүшесі*

## “БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ”

(Қойылу тарихы)

Мұхтар Әуезовтің “Бәйбіше-тоқал” пьесасы 1918 жылы жазылып, алғаш 1923 жылы Ташкентте кітап болып басылып шықтық. Сонан бастап, Қазақстанның түкпір-түкпірінде сахнаға қойыла бастады. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – “Ес аймақ” труппасы пьесаны 1921 жылы 14-наурызда “Семейде болатын губерниялық әйелдер тобына арнап”<sup>1</sup> қойған.

Спектакльде қазақтың өткен дәуірдегі күндестік қырсығынан туған трагедиялық халі көрсетілген. Ойынға қатынасып, роль орындаушы өнерпаздар пьеса кейіпкерлерінің характер ерекшеліктерін сахнада тұрмыстық шындық, натуралистік қаз қалпында бейнелеуге ұмтылған.

Осы ойынға қатысқан мұғалім Ғ. Төребаев сахнада жеке кейіпкерлер бейнесінің, күндестік ылаңынан туған үй ішіндегі қым-қиғаш көріністермен бірге, тұтас спектакльдің қызық болып, көруші қауымға әбден ұнағанын шабытпен әңгімелейді. Әсіресе, тоқал Қайшаның рөліндегі Гүлбаһарам Тәуекелованың, Бейсембі рөліндегі Кенжебек Құлғариннің т. б. ойындары шынайы шыққан. Спектакль туралы баспасөз бетіндегі мақала қорытындысында “сауықтың өте әсерлі болғандығы сондай, драманы жазушы Мұхтар жолдас ойын бөлмесіне (сахнаға – **Б. Қ.**) шақырылып, халыққа таныстырылды” – дейді.

Мемлекеттік театрдың сахнасына “Бәйбіше-тоқал” 1926 жылы 27-қаңтарда Серке Қожамқұловтың режиссурасымен қойылды. Мұнда қазақтың төңкерістен бұрынғы ескі өмірі, феодалдық замандағы жайсыз құбылыстың бірі – көп әйел алушылық, от басына, үй ішіне келетін бітпес дау, бітімі жоқ талас-тартыс суреттеледі. Міне, осы құбылыс сахнада тұрмыс-салттық тұрғыдан көрініс тапқан. Ойынға қатысушылар мен режиссер спектакльдегі өмір болмысына өздері білетін тәжірибеден, ауыл тұрмысының жай-жапсарын қарастыру арқылы келген. Қиялға салып, шығармашылық тапқырлықпен сипатталатын жүйелі көркемдік

<sup>1</sup> Еңбекші қазақ 1921. 29 наурыз.

<sup>2</sup> Сонда.

шешім бұл кездегі театрға әлі келе қойған жоқ-ты. Өмірлік өлшем, отбасылық, этнографиялық дәлділік – қойылым режиссурасының негізі болған.

“Бәйбіше-тоқалды” қалай қойғандығы жөнінде айта келіп, С. Қожамқұлов: “...Шығарма оқиғасы өзімізге қаншама етене жақын, таныс болғанымен, мұндағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың күрделілігі, автордың сөз өрнегі бізден аса үлкен жауапкершілік тіледі, ауыр жүк болды. Сонан соң осы пьесадағы кейіпкерлердің өздері біріне бірі мінездеме беріп, сырын ашып, біздерді тек осындай мінез-құлықта ойнауларың керек деп тұрған жоқ па? Бұл менің алғашқы пьеса қоюым болғандықтан, барлық мүмкіншілікті шығарманың өз бойынан іздедім. Автор ремаркасында көрсетілген әрекеттерді сахнаға бұлжытпай шығаруды ойладым, характерлер де осы әдіспен жасалды”<sup>3</sup>, – дейді. Сонымен бірге, алғашқы режиссерлік жұмысқа Қ. Қуанышбаевтың, Е. Өмірзақовтың, Қ. Жандарбековтердің бірге араласып, бірінің жетпегенін бірі толықтырып, үнемі өзара шығармашылық ынтымақта, достықта болуы – спектакльдің сәтті шығуына тікелей ықпал етті.

Спектакль шағын экспозициядан басталған. Сахнада қаракөлеңке, күнгірт тартқан Есендік бай үйінің көрінісі. Айнала үй жиһаздары, еденге алаша, көрпе төселген. Әрекет орны кәдімгі үй іші деп белгіленген. Шымылдық ашылғанда үстіне қара жамылып, жүздері солғын, жадау тартқан байдың қызы Дәмеш (арт. З. Атабаева) пен келіні Күләш (арт. Ш. Әлібекова) төмен қарап сөйлесіп отырады. Бұл екеуінің әңгімесінен Есендіктің бәйбішесі – Бәтімәнің дүние салғанына жиырма күн толып, сонан бергі үй ішіндегі өзгеріс, Қайша тоқалдың ыланы, берекесіз тірліктен туған жанжал дүние-байлыққа таласу сияқты оқиғалардың сыры ашылады. Баяндау тәсілімен берілген бұл экспозицияда әрекет мардымсыз, шұбалаңқылық, көпсөзділік байқалады. Режиссер мен орындаушылар бұл кемшілікті түзете алмаған.

Есендік отының басынан өрбіген тартыс екі жақ болып қырқысқан қанды оқиғаға ұласады. Мұның бір жағында бәйбішеден туған Төлеужан, Демеужан, Дәмеш, бұларға дем беруші, ағайын арасындағы алауыздықты жеке басының қамына пайдаланып қалу ниетіндегі Әбділдә тұрса, екінші жағында – Қайша мен оның баласы Қуатжан, туысы Бейсембі. Қойылымның тартыс желісі де осы екі топтың қолдаушысы болып жүрген Әбділдә мен Бейсембінің қолында. Демек, бұл екеуі араласпаған жерде тартыс кәдімгідей босаңсып, драмалық әрекет әлсіреп кететін сияқты. Және шығармада көрсетілетін әлеуметтік жағдайдың ушығуы осылардың әрекетінен туындайды. Бұл екеуі ел ішінің талай дау-шарына араласып әккі болып қалған атқамінерлер.

<sup>3</sup> Қуандықов Қ. Серке Қожамқұлов. А., 1966, 21-б.

Қазір бірі тоқалды, екіншісі бәйбішенің “әділ” істерін жақтаған болып, сайлау тұсында, билік орынға таласу барысында әрқайсысы өз дұшпанын сүріндіріп қалуды, жолына кедергі жасап, қолдарынан келген неше түрлі айла-шарғыны істеп бағады.

Міне, осылай өз мақсатын, түпкі есебін түгендеп жүретін Бейсембі бейнесін С.Қожамқұлов шынайы жасаған. Өзінше сыпайы, жүріс-тұрысы салмақты, сәнді киінген Бейсембінің ішкі дүниесін, терең сырын аңғару өте қиын. Ол әр қадамын аңдап басатын, әр сөзін ойланып айтатын, адамына қарай айла-тәсіл қолданатын, басқан жеріне із қалдырмайтын әккі. Көздеген мақсатына тіке тартпай, жан-жағын барлап алып, қарсыласын жүйелі ойымен, нақты топшылауымен алды-артын орап тастайды, амалсыз өз ықтиярына көндіріп алады. Алдағы болатын сайлаудың мән-жайын Есендіктерге батыра айтып, шығасы шығынды мойындарына артып жібереді. Бейсембінің алыстан орағытып келіп: “... түбінде мен өз басым үшін саспаймын... Бірақ, сен сықылды туысқанымды, жанашыр досымды жылатады, сонысы батады. Жат ағайын айдының жоқ, артыңда жалғыз досың жоқ. Қолыңда қыруар малың бар. Түбінде жем болсандар сендер боларсыңдар. Әбілдә-ақ тауысады, сендерді...” деп айтатын сөздерінің астарына ерекше мән берген. Сөз актер аузынан неше алуан мазмұн тауып, бірде ағайынға жаны ашығандық үн тапса, енді бірде үрей ұялатқан. Осы сөзден жүндері жығылып тұнжырап отырып қалған үй ішінен Төлеужан ғана: “Біздікі әшейін қара жарыс қой, биша-аға! Әйтпесе сіздің айтқаныңыздан қайда кетеді дейсіз. Бабаның жолын сіз қуғанда, көзі тірі отырған әкенің жолынан біз неге адасайық...” – деп Бейсембі ойын амалсыз мақұлдайды. Тіпті осы көріністе бәйбіше мен тоқал балаларының арасындағы ырылдасқан керістер екінші планға шегініп, бір сәт ұмыт қалғандай.

Кісі ойын қас пен қабақтан танитын жырынды қу Бейсембі шығын жайын пысық тоқал Қайшаның жақтырмай отырғанын бірден аңғарады. “Сенің де қамынды ойлап отырмын” дегендей Бейсембі оған бар денесімен бұрыла қарап, тамағын кенеп, байсалды түрмен Дәмешті Аманбайға беру жайын көтере сөйлейді. Актер үнемі осылай өз кейіпкерінің әрекет астарын, пиғылын тұспалдап жеткізу арқылы Бейсембінің психологиясына терең үңіледі. Бұл сахналардың бәрінде де Бейсембі Есендік үйінің жанашыры, қамқоршысы, ақылшысы болып көріне отырып, алыста жатқан түпкі ойын сездірмейтін, өз тобының озық адамы түрінде де еркін танылған.

Ал, Есендік үйіндегі жаға жыртғысып, бас жарысқан оқиғадан кейінгі Бейсембі мүлдем бөлек. Осы іске Әбілдәнің араласып жүргенін естіген Бейсембі қанын ішіне тартып алып, сұп-сұр болып кеткен. Оның дауысы да өзгерген, сөзі өктем, қимылы ширақ, ыза мен ашу бар бойында.

Ол жан-жағына ұрлана қарайды. Сақтық сақтап, ізін білдірмейтін әккі алаяқ, өзімен өзі сөйлескенде бір көзін қысып, амал-айласын, “өмірлік философиясын” іштей зерттеп, өлшеп-пішіп отыр. Осы арада көрермен қауым Бейсембінің кім екенін тайға таңба басқандай таниды. Бәйбіше мен тоқал балаларының бәрі бұған “бірдей”, кәдесіне жарағанын жаурынынан қағып, қолтықтап, өзінің ығына жығып алмақшы. Ол ойлана, толғана келіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін: “...мол дәулетті бұлардың әрқайсысына билеткенше, өзім билеуім керек. Олай болса, енді Қуатжанды ұстайын. Осы партияда жеңсем, болыстыққа да соны қояйын. Бір жағынан Есендік пен Қайша қолымда болсын. Екінші, ел көзіне жас бала болып жүре берер. Түбінде мұндай шымылдық әрі іске, әрі есепке қолайлы екен” – деп, бір-ақ кесіп айтады. Осы монологты айтқанда актер дауысы мың құбылып, сөз астарын барынша айқын ашады. Орындаушы жүзі де сөзбен бірге құбылып, ақылына, тапқырлығына риза болғандай пішін білдірсе, енді бірде көз қиығымен алысты шолғандай өз есебін, түпкі ойын тағы бір іштей тексеріп тұрғандай.

С. Қожамқұлов қазақ аулында асқан айласымен, шешендігімен, ақылымен, арам пиғылымен елдің әлеуметтік өміріне, тірлік-тіршілігіне ықпал еткен жуанның жинақты бейнесін жасаған.

Бейсембінің зұлымдығын жұрттан бұрын сезіп, оған қарсы шығатын – Төлеужан. Тоқалдың ылаңына да бой бермей, реті келгенде есесін жібермей тойтарыс беріп, ығыстырып жүрген де осы Төлеужан. Әкесіне бетпе-бет келіп, қанға боялса да, әділет үшін міз бақпайтын да сол.

Бұл рөлдегі Қ.Жандарбеков Төлеужан дүниесін кең зерттеген. Шешесінің қазасынан кейінгі қайғыдан арылмаған Төлеужан спектакльдің алғашқы көріністерінде қимыл-қозғалысы баяу, солғын тартқан жүзінде уайым, қобалжудың ізі бар сияқты. Үй ішіндегі берекесіздік, от басының ылаңы мұны көп ойландырады. Бұрынғы бұйығы жұмсақтық енді Төлеш бойынан бірте-бірте кете бастайды. Тоқалдың өрескел мінезінен, дөрекі әрекетінен дәл-сал болып, үнемі ой үстінде жүретін Төлеужанның шыдамы таусылып, қанды оқиғаға еріксіз итермелейді. Қайшамен алғашқы соқтығысудан кейінгі Төлеужан ызалы да кекті. Қойылым соңындағы Төлеужанның өлімі – оның трагедиялық тағдырының, замана қайшылығының заңды нәтижесі іспеттес.

Спектакль туралы жазылған сында<sup>4</sup> Е. Өмірзақов ойнаған Аманбай роліне аса жоғары баға берілген. Трагедияда өзіндік драматургиялық пайымдау тапқан, әрі оқиғаның бір көрінісі болса да, көрушіні қызықтырып, көтеріп тастайтын осы Аманбай қатысатын сахна. Ел

<sup>4</sup> Еңбекші қазақ. 1926. 31 қаңтар.

өміріне, тұрмыс-салттық құбылыстарға жетік, әсіресе күнделікті тіршіліктің көлеңке жағын көргіш те, суреттеп бейнелегіш, тапқыр Е. Өмірзақов Аманбайды траги-комедиялық бағытта ойнаған. Бұл ержетіп, азамат болғанымен, әлі ештемені танып білмеген, өмірден бейхабар, тірлік дүниесін өзінше барлай алмайтын жан. Сонымен бірге, оның ешкімге зияны да жоқ. Ақылдан кенде, өзі таз Аманбайға Дәмешті айттыру – махаббатқа жасалған зорлықтың сорақысы. Осы жағдайды еске алған Е. Өмірзақов Аманбай бойындағы кем-кетікті қоюлатып көрсеткен. Басында бір тал шаш жоқ таз, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарай беретін қоянжүрек қорқақ, көзі аларып ұясынан шығып кеткен, берекесі қашып дірілдеп тұрған Аманбайдың өмірі қызбен сөйлесіп көрмеген икемсіздігін, ештеменің парқын ойлай алмайтын ақылсыздығын және оның байыбына бара алмайтын дәрменсіздігін Е. Өмірзақов шебер суреттеген. Оның аузынан сөзі түсіп, не айтып тұрғанын басқа түгіл өзі де түсіне бермей, аңқиып аңтарылып тұруы, қойшының “айт” деген дауысы шыққанда орнынан ата жөнелуі, бір жағынан күлкі тудырса, екінші жағынан, Аманбай сияқты күйкі жанның трагедиялық кескінін суреттейтін құбылыс.

Мұның үстіне Аманбайға күйеу жолдас болып еріп шыққан жігіт оған көмектесудің орнына топастығын бетіне басып, мазақ қылуы – нағыз траги-комедиялық дәрежеге көтерілген. Бұл рөлді Қ.Қуанышбаев ойнауының өзі оның сахналық көркемдік сапасына кепіл болған. Осы бір өткінші рөлімен тұңғыш рет сахна алаңына шыққан жас актер талай байдың мырзаларын әжуа, мысқылмен жығып, ел арасындағы күлкішіл қулардың дәстүрін жақсы білетіндігін танытқан. Екі жас таланттың сахнада тұңғыш кездесуі осылай қызықты басталған.

Өткен дәуірдің сорақы құбылысын әшкерелеумен бірге, спектакльдегі ағартушылық бағытты, жаңаның туып, ескіге қарсы шығуын көрсететін – Ғазиз, Дәмеш, Кәрім шығатын сахналар. Шығарманың идеялық желісі де осылардың әрекетімен айқындалмақ. Бұлардың ішінен Дәмеш (арт. З. Атабаева) өз махаббатын батыл қорғайтын, қым-қиғаш, талас-тартыстың сырын ұғып, соның әділ шешімін аңсаған жанның бейнесі болып көрінген. Туған әкеден, өгей шешеден түңілген Дәмеш екі ағасының хал-жайын көбірек ойлайды, солардың дау-шардан жылдамырақ құтылуын көздейді. Сөзі жарасқан өз теңі Ғазизбен бірден кетіп қалмай, артына қарайлай беруі де сол ағаларының тағдыры. Дәмештің сахналық кескінінде байсалдылық, алды-артына ойлана қарайтын, сөзіне берік, мақсаты айқын, махаббатын қорғау жолында өліспей беріспейтін батылдықтан туған өжеттік те айқын сезілген. Дәмеш – феодалдық заманның бұғауын үзіп, махаббат бостандығына

ұмтылған қазақ қыздарының тұңғыш сахналық бейнесі болып есте қалады.

Дәмештің сүйген жігіті Ғазиз оқыған, көзі ашық, зерделі азамат. Пьесаның бір-екі көрінісінде ұнамды сипаттарымен көрінетін Ғазиздің сахналық тұлғасы солғын шыққан<sup>5</sup>.

Сол сияқты ұнамды кейіпкерлер санатындағы Кәрімнің әрекеті мардымсыз, оқиғаға тікелей араласпайды.

Пьесада кішкентай ғана орын берілген қойшы – Әміре Қашаубаевтың тамаша әнімен, Дәмештің зорлық қыспағынан құтылып Ғазизбен қосылуына барынша тілектестік білдіріп қол ұшын берген қарапайым адам бейнесінің сахнада әсерлі шыққанын жоғарыдағы сын мақалада аталып өткен.

Тұтас алғанда, “Бәйбіше-тоқал” – өмір болмысының актуальды мәселесін көтеріп, өткен заманның ұнамсыз құбылыстарын әшкерелеген қойылым.

Осыған орай ұнамсыз кейіпкерлердің әрекеттері мол танылып, сахналық бейнелері де жинақты шыққан. Ал, бұларға қарама-қарсы қойылған ұнамды кейіпкерлер бейнесі жалғыз ғана Дәмештен басқалары пьесада да, спектакльде де солғын, көркемдік сипаты ашылмаған.

Пьесаның драматургиялық олқылықтарын толықтырып, өздерінің шығармалық от қызуларымен өңдеп кетуге режиссер мен орындаушылардың шама-шарқы келмеген. Бұл жөнінде Смағұл Сәдуақасов тап басып айтқан – пьесадағы әрекеттің мардымсыздығы спектакльде де толық көрінген. “... Пьесада қозғалыс, қимыл тым аз. Кейбір жерлерінде екі кісі қимылдамастан жарты сағаттан ары сөйлесіп тұрады, артиске қимыл болмаса, оның айтқан сөздерінің дәмі өзінен өзі кетіп қалады”<sup>6</sup> деген жолдарда сахналық өнердің ерекшелігін аңғарудан туған ой бар.

Сыншы пьесаның екінші кемшілігі – артық кейіпкерлердің болуында дейді. Бұл да дәлелді пікір. Шынында, Кәрім, Байсалбайлар әрекетке араласпайтын, ілеспе кейіпкерлер. Драматургиялық техника, сюжет, архитектуроналық құрылыс жағынан да пьесаның олқылықтары кездеседі. Және шығармада көтерілген мәселе де әлеуметтік жинақтылыққа, философиялық топшылауға көтерілмейді. Сондықтан автор бұл пьесасына қайта оралғанда да күрделі өңдеулер жасамаған. Пьесаның 1960 жылғы басылымында аздаған ғана қысқарту мен жеңіл-желпі әдеби редакция жүргізілген. “Еңлік – Кебек”, “Қаракөздегі” драматургиялық мол өзгерістер, терең редакциялаулар

---

<sup>5</sup> Сонда.

<sup>6</sup> Сонда.



мұнда жоқтың қасы. Тұңғыш қойылымнан кейін “Бәйбіше – тоқалдың” қайтып сахна көрмеуі де осы олқылықтарына байланысты болса керек. Соған қарамастан бұл спектакль қазақ театрының алғашқы қадамында үгіт-насихаттық рөл атқарған, әрі көрермен қауымның кезінде ұнатып қабылдаған қойылымы болған.

***Б. Құндақбайұлы,  
Өнертану ғылымының докторы***

## “БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ”

(Текстологиялық түсінік)

“Бәйбіше-тоқал” пьесасының 1923 жылы баспа бетін көрген нұсқасы мен 1960 жылы жинаққа енген нұсқасының арасындағы айырмашылықтар мен қысқартулар, жаңадан қосылған сөздер мен сөйлемдер негізінен төмендегідей. Ескерту: екі нұсқадағы тексті қатарластыра салыстырып беруді басылымның көлемі көтермейтін болғандықтан әрі текстологиялық тұрғыдан зерттеушілерге пайдалануға қолайлы болуы үшін түсініктемеде тек қана алғашқы Ташкент қаласында кітап болып шыққан нұсқасының тексі ғана берілді. Ал кейіннен жасалған өзгерістер негізгі текстің ішіндегі өзгерістер жақшаға алынып, үстіне сандық белгі қойылды. Сол сандық белгіге қарап қандай айырмашылықтар бар екенін түсініктемедегі тексті салыстыру арқылы анықтауға болады.

1. 269-бет. 1923 жылғы басылымның мұқабасына былай деп жазылған: “Мұхтар Әуезов. Бәйбіше, тоқал. Төрт перделі (драма) қайғылы хал. Қырғыз-қазақ тұрмысынан жазылды. 1918-інші жыл. Түркістан республикасының баспасөз тарату махкемесі. Ташкент 1923 жыл.

2. 270-бет. 1-нұсқадағы кейіпкерлердің саны кейіннен қысқартылған, алғашқы нұсқада мынадай:

### ОЙНАУШЫЛАР:

- 1 – Есендік – 55 жастарда.
- 2 – Қайша – тоқалы, 35 жастарда.
- 3 – Төлеужан – үлкен баласы (бәйбішеден).
- 4 – Демеужан – кіші баласы (о да бәйбішеден, 20-да).
- 5 – Дәмеш – қызы (бәйбішеден), 16–17-де.
- 6 – Қуатжан – тоқалдың баласы, 20-да.
- 7 – Бейсембі – партия басы, Есендіктің ағайыны.
- 8 – Әбділдә – о да партия басы. Бейсембі, Есендіктің жауы.
- 9 – Аманбай – Қайшаның бауыры, таз, 25-ге.
- 10 – Байсалбай – Қайшаның әкесі.
- 11 – Күләш – Төлеужанның келіншегі.

12 – Ғазиз – оқып жүрген жас жігіт.

13 – Рақыш – Ғазиздың жолдасы.

14 – Күзетші.

15 – Жігіт 20-жаста.

16 – Екінші жігіт 25-жаста.

17 – Кәрім. Ел сайлауға келген инструктор.

3. 272-бет. 1-нұсқада: “ Д э м е ш. Ағам не дейді соған?

К ү л э ш. Айнакем басында құлақ қойған жоқ”.

4. 273-бет. 1-нұсқада: “ Д э м е ш. Апам байғұс бұл сөзді естігенде қайтты екен”.

5. 273-бет. 1-нұсқада: “ К ү л э ш. Апам өлім аузында жатқанда табалаған бұл дұшпан не қылмайды дейсің”.

6. 273-бет. 1-нұсқада: “*Әбділдә құран оқиды, бата қылады.* Аллаху ла-илаһһ. Алқайуль алқайм. Латәһ кууза сунаату ла наум. (*Құранды оқып шықты, бата қылады.*) Шырақтарым, шешелеріңнің алдынан жарылқасын”.

7. 274-бет. 1-нұсқада: “Әбділдә амандасады” – деген авторлық нұсқау түсіп қалған”.

8. 275-бет. 1-нұсқада: “Көтіне” – деп жазылған”.

9. 276-бет. 1-нұсқада: “ Б е й с е м б і. Олар 11 старшыннан – 2 старшын Жәрке, 2 старшын Бәйке, 1 старшын Қоске алдық деп отыр”.

10. 277-бет. 1-нұсқада: “ Б е й с е м б і. Отыз ат, 10 мың сом ақша”.

11. 280-бет. 1-нұсқада: “Заман орыстікі болғанмен орысшылды аламыз ба? Тек баланың бағы болсын. Е с е н д і к. Ал орыстың ісі екені рас қой”.

12. 280-бет. 1 нұсқада: “(*Байсалбай кіреді амандасып орын береді*)”.

13. 281-бет. 1-нұсқада: “Бір қауіптің жотасын отырды”.

14. 282-бет. 1-нұсқада: “Өзірше айтқан жерінен шығып жатыр”.

15. 282-бет. 1-нұсқада: “Есепке қолым жетпесе”.

16. 282-бет. 1-нұсқада: “ Д э м е ш. Маған ондай мазақтың керегі жоқ. Апамның бет топырағы жасырынбай жатып бұл қалай қорлағаны. Қ а й ш а . Қарағым, бұл апаң барда айтылып жүрген сөз болатын”.

17. 283-бет. 1-нұсқада: “ Д э м е ш (*қысып*). Ақырын! Біреу келіп қалмасын. Кәне, айтыңызшы?”.

18. 284-бет. 1-нұсқада: “Шымылдық түседі”.

19. 284-бет. 1-нұсқада: “Ырза емеспін деген сөзді айта алмадың ба? Қалқам. Іс мұндайға айналған соң, салақтық қылуға болмайды”.

20. 285-бет. 1-нұсқада: “Өлген жалғыз апам емес екен ғой! Маған жаны ашитынның бәрі өлгені екен ғой, бәрінің де жау болғаны ғой”.

21. 286-бет. 1-нұсқада: “Әлде кіші апаң бірдеме деп от тастап кетті

ме? Айтшы, қалқам. Д ә м е ш. Қайша емес, оған кінәлі болмай-ақ қой. К ү л ә ш. Енді кім, айтшы қалқам?”.

22. 287-бет. 1-нұсқада: “Бүгін қалың малын әкеледі деп”.

23. 287-бет. 1-нұсқада: “ Д ә м е ш. Қалқам ырзалығыңмен жүрмін деп аңқаусымандаршы!”.

24. 288-бет. 1-нұсқада: “Сәулем, сені шын жылатқан екен ғой. Қайшаның күндестігін ескермеппін ғой (*Құшақтап, маңдайынан сүйін.*) Жаңылған екем ғой. Д е м е у ж а н. Өзің не ғылып жүргенсің”.

25. 289-бет. 1-нұсқада: “Түрін көрмеймісің, ойбай?! (*Итерін*)”.

26. 290-бет. 1-нұсқада: “ Дәмеш. Ағай! Тоқалға болысып, бәрімізді ұрдың ба?”.

27. 290-бет. 1-нұсқада: “Қоңыз тергіземін бұларға, не бауыздасамын”.

28. 291-бет. 1-нұсқада: “Әйтеуір тигізер қастығы таусылмайды білем! Қайша бір бәлемен тоқтамайды, оның қуып жүргені кегі. Бәрін де енді-енді ұғып келеміз ғой, кешегі келіншек күнінде апамнан, ағайымнан көрген қорлығының өшін бізден алғысы келіп отыр” – деген сөздер соңғы басылымда қысқарып қалған”.

29. 291-бет. Бұл арада жазушы Дәмеш пен Төлеудің сөзін қосып бір адамның аузынан айтқызады. 1-нұсқада: “Төлеш. Қалқам! Елемеді деймісің. Тоқалдың күндес екенін, дұшпан екені жас күннен-ақ жүрегімізге сіңген ғой. Апаммен сол ұрсысып жүргенде бізге оңай болды деймісің. Жалғыз-ақ, білдірмей жауырды жаба тоқып жүре бердік қой”. (Екі толғауды бір толғау жасаған. – С. Ж.).

30. 292-бет. 1-нұсқада: “Біз емес, әке істеген іс болған соң, не шара бар? Енді тоқалдың қуғаны – кегі болса, оған қосылып Бейсембінің қуғаны Есендіктің мал-басын билеу, қайтейік. К ү л ә ш. Осы рас сөз ғой. Осы күнге шейін олар неге ескертілмеген”.

31. 293-бет. 1-нұсқада: “Одан да бүгін осылардың қасынан көшіп кетіп сөзін есітпей есемді артынан қуып алсам қайтеді?”.

Ә б д і л д ә (*ойланып*). Бұл да дұрыс сөз екен. Бүгін бұлардың алдында кішірейме. Ертең өзімнің қасыма кел. Содан соң есең кетпейтіні мәлім ғой. Тиіп алсам да, қайтсем де алып беремін”.

32. 293-бет. 1-нұсқада: “ Д е м е у ж а н. Иә, енді осыдан басқа ақыл жоқ”.

33. 294-бет. 1-нұсқада: “Құдайшылығыңды айтшы, мен қуарламайын” – деген сөз қысқарып қалған.

34. 294-бет. 1-нұсқада: “Боқты саған сүйеу бола алар осы” деп өзгертілген.

35. 295-бет. 1-нұсқада: “қоңыз теріп жесін, боқты сен есесін алып берерсің!”

36. 295-бет. 1-нұсқада: “бұрышынан бөз үйдің бір жақ сырты көрініп тұрады”.

37. 297-бет. 1-нұсқада: “Ту, сарамес! (*Күліседі.*)”.

38. 299-бет. 1-нұсқада: “Ғ а з и з (*жалғыз*). Дәмеш көнсе, бүгін алып кетейін. Алып кетсем бұлар бізге не қылады. Біздің ауылды оңай қоржын қыла алмас. Қайсысы басып, жаншып кете алады? Көп болса малын алар. Байсалбай ауылы әрі өзімізге қарсы жау. Бәлем, кіммен ұстасып жүргенін білсін. Біздің жақ та осыған сүйінбей бәле – сөкпес. Сүйгенімді алу мен партиядағы жауымды мұқату қабат келсе, ол жерден аяйтын не бар? Жұрттың қолы жетпейтін ерлік пен жуандық осы емес пе? (*Дәмеш шығады.*)

39. 299-бет. 1-нұсқада: “Сен лайық көрсен бүгін де болса, алып кетейін деп тұрмын”, – деген сөйлем қысқарған.

40. 300-бет. 1-нұсқада: “ағаммен де”.

41. 301-бет. 1-нұсқада: “Д ә м е ш. Жоқ ол күнді қоя тұрыңызшы. Егер олай болатын болса, әйтеуір мені бір алып кетіп, осы жұрттың өсегіне қалдырмақшысыз ғой, сол күнде-ақ қам қылармыз. Бүгін кетсем, тіпті өмір бойы Төлештің бетін көре алмаймын ғой”.

42. 301-бет. 1-нұсқада: “Ғ а з и з. Біржолата ма? Мен әлі жеңілгемін жоқ. Әлі айтатын сөзім бар”.

43. 304-бет. 1-нұсқада: “Аяғында бәрі де “ақысы құрсын” деп жүрген күніне ақы алмай безіп кетіп жүргені – анау”.

44. 304-бет. 1-нұсқада: “Бәлемдер бір қиян-кескі болсын. Араз болғаны жақсы емес пе? Қайта сөздерін қостап үйлерінен тамақ ішіп жүрейін тұра тұр”. (*Жөнеледі.*), – деген сөздер қысқартылып кеткен.

45. 305-бет. 1-нұсқада: “Мен айтайын ба саған?”.

46. 306-бет. 1-нұсқада: “Аулақ жүр”.

47. 306-бет. 1-нұсқада: “Д ә м е ш. Кет әрі, не деп жүр өзі?”.

48. 307-бет. 1-нұсқада: “Жөнеліңдер, есіріп жүрген шығар бұл кеселді күн!”.

49. 307-бет. 1-нұсқада: “Д е м е у ж а н (*Қайшаға*). Кесела қатын! Бәрін істеп жүрген сенбісің тағы? (*Жығып салып ұрады.*)

50. 308-бет. 1-нұсқада: “Қойғызсаңызшы енді. Ит болса да шешей ғой. Өлтірді ғой”.

51. 308-бет. 1-нұсқада: “К ү з е т ш і. Талай қызық болды. Есендік қорыққанынан үйінен де шықпай қалды. Қайшаның да жон терісі жазылған шығар. Шық, бәлем!” (*Созыл.*) Міне, майдан соң! Міне, қызыл шеке!

52. 309-бет. 1-нұсқада: “Ағамның”.

53. 309-бет. 1-нұсқада: “Одан да бар ғой”.

54. 309-бет. 1-нұсқада: “IV перденің II көрінісі тұтас қысқартылған. 1923 жылғы басылымда ол былай берілген:

Ғ а з и з (*инструкторға*). Кәрім, менің жолдасым Дәмеш деген кісі мынау болады (*Күліңкіреп.*) Таныстырған деген осы да?

И н с т р у к т о р (*қысылыңқырап*). Ә... ә... жарайды жақсы. Саламатсыз ба, Дәмеш?

Д ә м е ш. Шүкір.

И н с т р у к т о р (*күлін*). Мен де сіздің жолдасыңыздың бірі боламын бұйырса. Қалаға да барасыз ғой. Жақынырақ таныс болармыз (*Күледі. Дәмеш, Күләш та біріне-бірі қарап қысылыңқырап күледі.*)

Ғ а з и з (*аздан соң Кәрімге*). Біздің елдің сиқын көрдің ғой, бұнда да құтырған партия.

К ә р і м. Партиясы жоқ ел бар деймісің?! Қыр тұрмысында біреудің жуан деген айғырлығы қалмай, біреудің жіңішке деген жалтаң көздігі қалмай, елдің бәрі бірдей түсінген харекет кәсіп болмай, байға кедейдің көз сүзіп тұратын телміргіштігі қалмай партия тиыла ма? Жалғыз-ақ осы партиядан оқығандар аман болсын десеңші. (*Әбділда кіреді, амандасады.*)

Ғ а з и з. Оқығандардан партияға кіретін кім бар екен (*Қымыз келеді.*) Қырда тұрғаны болмаса қаладағылар кірісе қоймас. Және түбінде не шықса да қызметте жүргендерден шығады ғой.

К ә р і м. Реті келсе ептеп бәрі де кірісер. Мұның түп себебі қызметте не оқуда жүргендік емес қой.

Ғ а з и з. Кірісуге не себеп бар? Қалада жүріп қызмет қылса жұрттың бәрінен солар жуан емес пе? Кім қорлық-зорлық көрсете алады.

К ә р і м. Себептің бәрі, менің білуімше, қазақ оқығандарының шалалығында.

Ғ а з и з. Қай шалалығын айтасың?

К ә р і м. Шалалық бір жағында емес бар жағында. Қазақ жігіттері білімге шала. Алдымен оқу, іс-пікірі саяз. Елшіл болып қызмет істеп көрген жоқ. Тәжірибесі жоқ. Өзгерістің төңкерістің адамы болып көрген жоқ. Бірдемені құлағы есітсе, кешегі (революциядан) бері қарай ғана есітіп отыр. Ол негізгі білім емес, бояма?

Ғ а з и з. Бүгінгі қызметі үшін бүгінгі хал-жайды білсе болмай ма? Жұрттың бәріне тарих қажет пе? Бұның тарихсыз өмір сүруге болмайды дегенге ұқсайды ғой деймін.

К ә р і м. Жоқ, олай емес, тарих керек емес болса да әр адамды адам қыларлық негіз керек. Кеше патша заманында үйез бен мировойға переводчик болсам деп соны арман қылып, соны қиял қылған оқығандарда немене негіз бар, не білім, не пікір бар. Жетілсем деген тілегінің барып

жеткен жері парашыл төренің болыс ағасы болған соң, онда не кісілік болады? Қазаққа не жүлде әпереді.

Ғ а з и з. Е... қазақ оқығандарының бәрі солар секілді ме, жақсысы да бар емес пе?

К ә р і м. Мен көпшілігін айтам. Бірінен бірі кара үзе де кеткен емес қой. Шеру күні қаралас деген бар емес пе? Осы күні қай жердегі қазақ жігіттерін алсаң да тоқсан проценті әлгідей. Солар осы күнде не істеп отыр? Нені мақсат қылып отыр?

Ғ а з и з. Не істейді?! Әзірше оқығандар елді сынағты, пәлендей қиянат қылды деген сөз естілмейді ғой.

К ә р і м. Қиянаты осы партияға кірісуде қалада тұрып, қызметте жүріп қатарлы интеллигентке ұқсап жүрсе де, солардың ойы мен қиялы қырда жүреді. Жетілген күнде қырға барып, мырза болып, бай болсам дегенді қиял қылады.

Ғ а з и з. Бұнысын сөгуге бола ма? Бұл елді сүйетіндігін көрсетпей ме? Оның түпкі себебі оқығандардың елшілдігінде деп білемін.

К ә р і м. Елшілдік бір оқып адам болып, надан жұрттан озып барып, содан қайтадан елдегі жуан мен мырзаның қалпына келуде болса, *(басын изеп.)* оған тәңір жарылқасын айтайық. Біздің жігіттердің көбі қаладағы кісілікке тоқтай алмай, қырда да атағы жер жарып, айдынынан жұрт ығысып отырса екен дейді. Сондықтан партияға кірісіп, кулық пен сұмдықты қоймай жүрген жуандардың бірін сүйейді. Оның арты елге түсіз залал. Мына Қызылшілік болсын қаладағы оқығандары осындай қылып бүлдіріп отыр.

Ғ а з и з. Осының бәрінде қазақ оқығандарының қырды сүйетіндігі бар. Бұл және басқа жұрттарда бар ма екен?

К ә р і м. Басқа жұрттың қазақ секілдісінде бар. Расын айтасың, онан соң бір оқығанның партияға кіруі жүз жуанның кіруінен залалырақ, себебі ұлық кіріскен соң, кімде болсын белсеніп кіріседі. Сондықтан зорлық та, жуандық қиянат та, өштік пен қастық та әншейіндегіден үш есе артық болады. Өстіп пәлеге өзіміз дем берген соң, қырдағы партия басыларға не сорым?

Ә б д і л д ә *(еңкейген басын көтерін)*. Төреңе құлдық, қарағым, төреңе құлдық *(бәрі күліседі.)* Тіпті талайдағы айта алмай жүрген арманды сөзімді өзің айттың ғой!

Ғ а з и з *(күлін)*. Әбен балта сабы жерден қосылайын деп, бағанадан баспа ғып отыр екен ғой.

Ә б д і л д ә. Қалжыңым емес, шыным осы. 3 болыстың партиясына қаладағы ұлық болып отырған Мұхамеджаның кіріспесе, біз де қойдық партияны. Осы елдің тынымсыз дейтіні – мен. Мен міні өзіңмен байлау

кылдым, жалғыз-ақ ана тентегің Мұхамеджанды тыйшы. Ол мына елдегі жуан достарын тыйсын. Сонда біз сап боламыз.

К ә р і м (күліп). Жуандар тыйылса шын тыйылар ма едіңіз?

Ә б д і л д ә. Өзге жуанды қойып, осы Бейсембіні ауыздықтап, партияға кіргізбеші, тіпті сонда да мен тыйылайын.

Ғ а з и з. Бұл елдің таласына бас болатын Бейсембі екені рас, бағана айтып едім ғой, ол сайлау басында еркін жүрсе, ел бүлінбей отырмайды.

К ә р і м (Әбділдәге). Ақсақал енді Бейсембі тыйылса тыйыламын дегенінді мен уағда қылып ұстадым. Бейсембіні мен тияйын, сізді мына Ғазизге тапсырамын. Осы сізді аңиды. Уағда ма осы, жарай ма?!

Ә б д і л д ә. Болды мен тоқтадым. Ақ жүрегіңнің бірі осы ғой, момындығы болмаса бұ да бір қызметте жүрер еді ғой. Әншейін момындық тазалықпен құр қалып жүр, осы Ғазиз жолдасына-ақ тапсыр.

К ә р і м. Жарайды. Тапсырғаным осы. Ғазиз сен мына ақсақалды бағасың ғой?

Ғ а з и з (күліп). Бағайын, баяғы ақсақал бұзылған күні мен де бұзылам ғой (*Аз тым-тырыс, һәм жиылады.*)

К ә р і м. Жә! Енді мен жүрейін, үйлеріне келген шығар.

Ғ а з и з. Енді кешке біздің ауылға қонақ боласың ғой?

К ә р і м. Барайық дедік қой бағана.

Ғ а з и з. Кешке сайлау үйіне барайын, мен әзірше жүрейін. (*Кәрім шығады.*) (63 – 67-беттер).

55. 310-бет. 1-нұсқада: “Кімнің пайдасы тиетін болса, соның сойылын соғады. Құдайшыл, жақсылардың ісі осы ма!”.

56. 310-бет. 1-нұсқада: “Т ө л е ш . Бейсембінің өзге істеп жүргені де толып жатыр ғой, бірақ соның ішінде осы маған қылғаны көріну құдайдан безгендік емес пе!..”. “Неге қас-қабағыма қарамайды. Тіпті Есендікке шықтым десін, сонда құтыла ма? Есендік не, тоқал не? Мен жығылсам – тоқалға жығылған болам”.

57. 310-бет. 1-нұсқада: “Жұрттың бәрі оны төбесіне көтереді. Айрандай аттап, күбідей пісіп отырсың. Мынауың қалай деп айтатын бір мұсылман жоқ.

58. 311-бет. 1-нұсқада: “Қаңғырып жүре беретін қозы бұты, қой саны, құл-құтаны менмін бе? Неге көтерейін мен мұны?”.

59. 311-бет. 1-нұсқада: “асыратын сөз болады”.

60. 311-бет. 1-нұсқада: “Ел келесі сайлауда осы”.

61. 311-бет. 1-нұсқада: “осы алтыншы старшын”.

62. 311-бет. 1-нұсқада: “Ә б д і л д ә . Балаң сайлаушының басын қайырып алған көрінеді. Бұл өз жұмысын бітіретін. Ғ а з и з. Мені бүгін бір жағынан әдейі ағам жіберіп еді. Жайлары қалай екен? Елдерің шеті бүгін бе екен? Салқындық қылып елін уысынан шығарып алып



жүрмесін деді. Ә б д і л д ә . Иә, дұрыс. Ол жұмысты біз сенің әкеңнен әлдеқашан бұрын ойлаған шығармыз. Құдайға шүкір, мына сақал менен шашты немен ағартты ғой дейсін? (Күледі.)”.

63. 312-бет. 1-нұсқада: “Не екенімен ісі жоқ қайтсем біледі?.. деген сөз қысқарған”.

64. 313-бет. 1-нұсқада: “Тәңірім-ай, сұмдық! Қорған бол, өзің сақта! К ү л ә ш . Сәулем-ай!..”.

65. 315-бет. Бұл арада 1-нұсқадағы мынадай бір үлкен үзік қысқартылып қалған. Т ө л е ш . Ух (Әбділдәга) Әбеке! Қайда? Әкеме ұрыспа. Менің сөйлесетін сөзім бар. Е с е н д і к (жылап). Айт, сәулем! Айт, қуатым. Менде қатын жоқ, сендерден басқа балам жоқ. Сендерді бүйіткен Қуатжан мені қайтып аяйды. Т ө л е ш (жылап). Аға! Мен өлемін. Мені (басын көтеріп алып.) Айтатын ақырғы сөзім, мына... (Демеужан, Дәмешке қарап.) Мыналардың бәрін өздерінің орынына апар... Есесін бер. Екінші тілегім: Ғазиз, Дәмеш! Бері келіндерші – (Екеуі қасына келеді. Қолдарын ұстап.) Мен екеуін қостым (Ғазиз, Дәмеш жылап отырады.) Мен осы Дәмешке жетімдік көрсетпеймін деп өлгелі отырмын ғой. Шешесі өліп, бір жетім болып еді, енді тағы жетімдік зарын өткізбе. Мына Ғазиздан айырма. (Есендікке.) Уағда беремісің. Е с е н д і к . Берем, жарығым, уағдамды. Т ө л е ш (Қолын жайып). Олай болса ықыласыңмен бата бер. Е с е н д і к (Қол жайып бата қылады). Қарақтарым, жастарың ұзақ болсын”...

66. 315-бет. 1-нұсқадағы мына толғаулар кейіннен қысқар-тылған: “Сенің қуатыңды біздің бірлігімізді сорып жүргелі отыр. Сенің әкелік жүрегіңді... менің балалық жүрегімді... мұздатқан суық... Бейсембінің суығы, соның ызғары! Е с е н д і к . Қарағым, жарығым! Ұқтым, менің тірлігімді ұмытқан екем. Мен өлік екенмін. Енді мен кеттім тоқалдан. Кеш, жарығым! Төлеш. Енді арманым жоқ... Ризамын... Әке! Мен қорлықты тоқалдан көрдім... Ондағы кегімді өзің әпер. Осы айтқандарымды істесең кештім (Ұмтылып.). Өзі құшақтап!.. Маған... (жылап) жүрегіне қыс. Қуғында жүріп суып кеттім ғой... Жібітіп жібер... (Құшақтасады.) Есендік (жылап). Жарығым... жалғызым... айырылдым, ғой... жандым ғой... Айтқаныңды орындаймын... (Сүйін) Қуатым.. Төлеш. (Айналага.) Қош!.. (Жығылады.) Есендік (Ақырын). Қош, жарығым, қуатым... (бәрі ақырын жылайды.)

67. 316-бет. 1-нұсқада: “Шымылдық түседі” деп жазылған.

**Б. Байғалиев,  
С. Жұртбаев**

## МАЗМҰНЫ

<b>I. МАҚАЛАЛАР</b> .....	3
Қырдағы елге .....	5
Қазақ қызметкерлерінің міндеті .....	8
Сот .....	11
Қазақ бөлімдері туралы .....	18
Жалпы жарлық .....	21
Не себептен? .....	22
Егінге дайындалыңдар .....	25
Есіл Қарқаралы .....	29
Қазақ институты .....	32
Қазақстан өкілдерінің хабары .....	35
Қазақстан елшілерінің хабары .....	38
“Қызыл сұңқарлар” .....	41
Ләйлә, Мәжнүн .....	45
Орынбордан телеграм .....	46
Ашық хат .....	47
Семейдің губерниялық үшінші кеңестер тобына .....	52
Арқалануды қалдыру керек .....	55
Оқуға ұмтылатын уақыт .....	58
К трехлетию Кирреспублики .....	60
Ахаңның елу жылдық тойы .....	63
Халық әдебиеті туралы .....	71
Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі .....	75
Қобыланды батыр .....	87
Әдебиет ескілігін жинаушыларға .....	95
<b>II. ӘҢГІМЕЛЕР</b> .....	101
Қорғансыздың күні .....	103
Қыр суреттері .....	125
Қыр суреттері	
1. Кешкі дөң басында .....	131
2. Түнгі ауыл .....	133

3. Қысқы түн.....	135
4. Қысты күнгі дала.....	137
Қыр әңгімелері	
1. Сыбанның моласында.....	140
2. Текшенің бауырында .....	145
Үйлену.....	154
“Оқыған азамат” .....	162
Кім кінәлі? .....	181
Сөніп-жану .....	205
<b>III. АУДАРМАЛАР</b> .....	229
Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер. (Ю.Вагнер).....	233
<b>IV. ПЬЕСАЛАР</b> .....	267
Бәйбіше-тоқал.....	269
<b>V. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР</b> .....	317

# ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

## Шығармаларының елу томдық толық жинағы

### 2-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:  
*С. Назарбаева, Б. Қанапиянов*

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*  
Көркемдеуші редакторы *Л. Өтебаева*  
Техникалық редакторы *И. Селиванова*  
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 25,2.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 1246.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі  
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.  
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-144-9



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 4 4 9